



Республикалық оқу-әдістемелік журнал  
Республиканский учебно-методический журнал

№ 8 шығарлым 2023 жыл

Редакцияның мекен жайы:  
Астана қаласы, Кенесары көшесі, 40  
«7 континент» БО, 15 қабат

Журнал ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің  
есебіне қойылған. 2009 жылғы 20 ақпандағы  
№ 9909- Жеке есепке қою туралы куәлік.  
Жазылу индексі-75289



Шымкент қаласы білім басқармасының  
«Оқушылар сарайы» МКҚК



*Қосымша білім және тәрбие*

*Мерейлі мекенге  
80 жыл*

Тел.: 8 (7172) 64-75-87

E-mail: kosymsha20@bk.ru

## Мазмұны / Содержание

Шымкент қаласы Оқушылар сарайының тарихнамасы <b>Мустафаев Б.Н.</b> .....	4	«Өз наурыз» - сурет салу <b>Алтаева Ж.С.</b> .....	101
Оқушылар сарайының бүгінгі тарихы <b>Жумабекова Ф.Т.</b> .....	12	«Әсем гүддер» - жүнмен сурет салу <b>Амирсейтова Ш.К.</b> .....	104
Болашақ кәсіп бүгіннен басталады <b>Макимова П.Қ.</b> .....	14	Статья о творчестве <b>Виткова М.В.</b> .....	107
Қосымша білім беру - жеке тұлғаны дамыту ортасы <b>Тудеметова Г.Б.</b> .....	20	Использование национальных образовательных ценностей в дополнительном образовании <b>Головлёва О.В.</b> .....	109
Шалқар шабыт мекені! <b>Примбетова Р.А.</b> .....	26	Құрақ көпшік <b>Дауренбекова А.О.</b> .....	112
Аула клубы - жарқын болашақ бастауы <b>Кудайбергенова А.М.</b> .....	31	«Қарындаш жәшігі» ілмекпен тоқу <b>Джангазиева У.У.</b> .....	115
Жасөспірімдер арасындағы суицидалды мінез-құлық және оның алдын алу <b>Кудиярова Ж.Р.</b> .....	36	Геометриялық денелерден құралған натюрморт <b>Динисламова С.Қ.</b> .....	117
Әлеуметтік талдаушы – болашақтың мамандығы <b>Асанхан Н.А, Мәдібек С.П.</b> .....	42	Қосымша білім берудегі жаңа технологиялар. «Макраме тоқу» техникасын қолдану <b>Жұмәділ Г.К.</b> .....	119
Қосымша білім беру – болашақ кәсіпке бағдарлау <b>Айтова С.А.</b> .....	44	«Натюрморт в национальном стиле» <b>Ибрагимова Т.С.</b> .....	121
Күнделікті жұмыстан - озық іс-тәжірибеге <b>Асылбекова Ш.А.</b> .....	48	Балаларды ұлттық мәдениет пен қолөнерге баулу <b>Исмаилова А.А.</b> .....	123
Болашақ - бүгінгі істің көрінісі <b>Мырзатай Ж.Ш.</b> .....	51	Методические аспекты развития художественного восприятия на занятиях по декоративно-прикладному искусству <b>Косячкова Н.А.</b> .....	126
Қосымша білім беруден үйірме жұмысын жүргізу <b>Алимбекова Ж.Д.</b> .....	52	Киім дизайны және қолөнер үйірмелерінің қазақтың ұлттық киімдеріне арналған сән көрмесінің сценарийі <b>Қонарбаева А.Ә.</b> .....	130
Балаларды экологиялық сауаттылыққа және мәдениеттілікке тәрбиелеу <b>Алимкудова Н.Т.</b> .....	55	Бейнелеу өнері сабағында жаңа технологияларды тиімді пайдалану <b>Мадиева Г.Т.</b> .....	133
Патриоттық әндердің бала тәрбиесіндегі маңызы <b>Ашимов Т.О.</b> .....	57	Білімді ұрпақ тәрбиелеуде ұсақ қол моторикасын дамытудың рөлі <b>Медеубаева Н.Т.</b> .....	135
Дәстүрлі әнде қазақтың рухы бар <b>Аширбекова П.С.</b> .....	58	Развитие ассоциативного мышления учащихся на примере анализа картин современных казахстанских художников <b>Мутавеева Р.М.</b> .....	136
Семья под названием «Айгүлек» <b>Голобокова Е.В.</b> .....	62	«Мы научим вас рисовать» <b>Павлова М.В.</b> .....	141
Методика преподавания народно-сценического танца в образцовом хореографическом ансамбле «Айгүлек» <b>Каланова Р.М.</b> .....	64	«Войлочная живопись: осенний пейзаж» <b>Плясунова Л.Г.</b> .....	144
Сахна және кейіпкер <b>Қалиев Ж.У.</b> .....	66	«Зимний пейзаж» <b>Рогачёва Н.Ю.</b> .....	146
Өнер майталманымен сұхбаттасу сабағы <b>Касымова Л.Т.</b> .....	71	«Жүннен жасалған текемет» <b>Таджибаева Д.Б.</b> .....	149
Қазақтың қазынасы – киелі домбыра <b>Мадуанова К.С.</b> .....	75	Қазақ халқының қолөнері <b>Турғамбаев Б.А.</b> .....	150
Ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ болашағымыз <b>Оразбаева М.С.</b> .....	77	«Тіл – тұмар – бір шынар» - шеберлік сабағы <b>Усипова Д.А.</b> .....	154
«Жаңа жылдың ғажайыптары» атты жаңа жылдық ертеңгіліктің сценарийі <b>Пералиева Б.Е.</b> .....	80	«Рисование куба» <b>Чеботникова А.В.</b> .....	157
Методический материал на тему «Ритмика» <b>Садыкова А.Б.</b> .....	86	«Изобразительная и декоративно-прикладная грамотность. «Тумар-частичка родной земли» <b>Шимелькова И.Н.</b> .....	160
Қосымша білім беруде балалардың оқу сауаттылығын арттырудағы тиімді әдістер <b>Сейдазимова Б.А.</b> .....	89	«Жақсы деген немене, жаман деген немене?» <b>Абсатова Э.А.</b> .....	163
Баланың рухани жетілуінде тіл дамыту үйірмелерінің рөлі <b>Сипатаева А.К.</b> .....	94	Ашық сабақ тақырыбы: Жомарт күз <b>Ажаркулова А.Ш.</b> .....	165
Ұлттық ою-өрнек «Қошқар мүйіз» <b>Айтөре Ж.Қ.</b> .....	97		
«Тасқа түскен таңба» былғарымен жұмыс <b>Алиева Н.М.</b> .....	99		

## Мазмұны / Содержание

Қосымша білім беру ұйымдарындағы балалардың тілдік қорын театрландырылған қойылымдар арқылы дамыту <b>Айдарова А.Б.</b> .....	167	Тәрбие сағаты: Қазақстандық патриотизм деген не? <b>Турдалы Е.А.</b> .....	234
Ашық сабақтың тақырыбы: «Ас атасы – нан» <b>Айтымбаева А.М.</b> .....	169	«Ынтымағы жарасқан, туған өлкем» <b>Ыдырыс М.А.</b> .....	236
Тәрбие сағатының тақырыбы: «Менің отаным – Қазақстан» <b>Алиева А.М.</b> .....	172	Күй атасы – Құрманғазы <b>Бағынбаев Б.Ж.</b> .....	239
Қосымша білім беру жүйесінің даму үрдістері <b>Ахметова А.И.</b> .....	175	Конкурс «Весёлый час математики» <b>Бапаева Д.Х.</b> .....	242
Берекелі алтын күз <b>Байдиллаева М.С.</b> .....	177	Қосымша білім берудегі балалар әдебиетінің рөлі <b>Бижанова Н.К.</b> .....	247
Открытый урок: Перелетные птицы <b>Байтасова З.У.</b> .....	180	Оригами өнері <b>Демеубаева Л.А.</b> .....	248
Қосымша білім беру: Балалардың бойына патриоттық және еңбексүйгіштік құндылықтарын дамыту <b>Бахбердиева П.М.</b> .....	182	Қол күрес дегеніміз не? <b>Өштай Е.Т.</b> .....	251
«Мен Отанымды қорғаймын» атты әскери-патриоттық жиынның сценарийі <b>Дүйсенов А.Ж.</b> .....	184	Футбол ойыны. «Допқа ие болу әдіс – тәсілдері» <b>Зұлпиебеков М.А.</b> .....	256
Открытый урок: Молочные продукты <b>Дудатбаева Г.Р.</b> .....	185	Мү hobby <b>Кокубаева Э.А.</b> .....	262
Компьютер және интернет арқылы ағылшын тілін үйрену жолдары <b>Жанақова А.А.</b> .....	189	Сайыс сабақ <b>Кубекова Н.А.</b> .....	264
Цифрлық сауаттылық - заман талабы <b>Жанен Ж.Ә.</b> .....	191	Этно-фольклорлық аспаптардың ансамбль орындалуы <b>Кувандықов Г.Т.</b> .....	265
Робот техникасының тарихы мен болашағы <b>Жарасов Т.Ө.</b> .....	193	Балалар шығармашылығының бастауы <b>Күзембаева Г.А.</b> .....	269
Ашық сабақ тақырыбы: «Дос болайық бәріміз» <b>Жорабекова Г.К.</b> .....	195	Қағаздан тақия, сәукеле жасауды үйрену (шеберлік сыныбы) <b>Махамбетова А.Е.</b> .....	271
Тема открытого урока: Домашние животные <b>Жумабекова С.К.</b> .....	197	Ашық сабақ: «Ғажайып сандар» <b>Молданова Б.У.</b> .....	272
«Адал ұрпақпен – жемқорлықсыз болашаққа қадам» <b>Жұмабек А.Т.</b> .....	200	Балалар шығармашылығы <b>Молдашбекова Б.С.</b> .....	274
Ашық сабақ тақырыбы: «Сандар еліне саяхат» <b>Калмырзаева Г.Т.</b> .....	201	«Қызыққа толы жазғы әлем» <b>Мусабекова Ш.А.</b> .....	276
Бала тәрбиесі – болашаққа салынған үлкен инвестиция <b>Максұтова У.У.</b> .....	205	Қосымша білім беруде балалар әдебиетінің рөлі <b>Мусин Б.А.</b> .....	279
Нығайтудағы шынықтыру шараларының маңызы <b>Медетбаева Б.Н.</b> .....	207	«Гүлдер» қалдық материалдан бұйым жасау <b>Надирова Н.К.</b> .....	281
Шығармашылық қабілетін дамыту <b>Молдабекова К.М.</b> .....	208	Қазақ әдебиетінің тарланы - Көмек Құралбек <b>Оразалиева С.Д.</b> .....	283
Технологияларды қолдану <b>Назарбеков Ж.Қ.</b> .....	212	Өлең – сөздің патшасы <b>Оразалиева С.Д.</b> .....	284
Ана тілі айлығы шеңберінде «Ұрпақтар сабақтастығы» жобасы аясында ақын, жазушы Ханбибі Есенқарақызымен кездесу жиынының сценарийі <b>Наширова Г.З.</b> .....	214	«Табиғатым-тағдырым» (тапқырлар сайысы) <b>Оразова Л.Б.</b> .....	285
Қосымша білім беруде ұлттық тәрбие құндылықтарын пайдалану <b>Сапарбаева А.Қ.</b> .....	219	Тіл – тірлігімізнің айғағы <b>Садықова Г.Е.</b> .....	287
Сабақты қызықты өткізудің әдіс-тәсілдері <b>Таскымбаева А.Н.</b> .....	222		
Открытый урок: «Путешествие в мир сказок» <b>Темирбекова Ж.Д.</b> .....	224		
Патриотическое воспитание и спорт <b>Түлегенова Г.Н.</b> .....	226		
Отбасы және қосымша білім беру: Өзара ықпалдастық мәселелері және оның іске асырылуы <b>Турдалиева Ж.К., Султанқұлова М.А.</b> .....	230		



**Меншік иесі** – Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (Астана қаласы)

**Редакциялық кеңес:**

**Шер Р.П.**, редакциялық кеңестің төрағасы, ҚР ОАМ РҚББОӘО директоры

**Гончаров А.С.**, «Қалалық техникалық шығармашылық орталығы» ММ қосымша білім беру педагогі, «Радио және робот техникасы» үйірмесінің жетекшісі.

**Мажитов М.К.**, Қарағанды қаласы ЮНЕСКО Клубы №2 Өнер мектебінің директоры.

**Ерубаева А.Ж.**, Павлодар қаласы, М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайының директоры.

**Оразова Т.Б.**, ЮНЕСКО клубы Балалар көркемсурет мектебінің директоры, Шымкент қаласы.

**Сенгалиев О.Т.**, Ақтөбе қаласы Жас натуралистер станциясының директоры.

**Шығарумен жұмыс жасағандар:**

Бас редактор – Атажанова Л.А.

Жауапты редактор – Досжан Г.Ж.

Дизайн – Хұрмет К.Х.

**Редакцияның мекен-жайы:** Астана қаласы, Кенесары к-сі, 40, «7 континент» БО, 15-қабат.

Тел.: 8 (7172) 64-75-87, e-mail: kosymsha20@bk.ru

**Журнал ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің есебіне қойылған.**

2009 жылғы 20 ақпандағы № 9909-Ж есепке қою туралы куәлік.

**Жазылу индексі** – 75289.

Редакция материалдардағы ақпарат үшін жауап бермейді. Редакцияның пікірі автордың пікірімен әрдайым сәйкес келмейді. Қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Редакция мақалаларды, әдістемелік әзірлемелерді қысқартуға, редакциялауға және қажет болса, әдеби түзетулер жасауға құқылы. Респонденттердің материалдары қайтарылмайды және рецензияланбайды. Редакция хат алмаспайды.

## ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ ОҚУШЫЛАР САРАЙЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ

Мустафаев Бақытжан Нұрқазыұлы – Шымкент қаласы білім басқармасының «Оқушылар сарайы» МКҚК директоры, педагог-зерттеуші



Мектептен тыс мекемелер арасында ұстаздары және жалынды жас қосымша білім беру педагогтерімен танылған Оқушылар сарайына биыл 80 жыл толып отыр.



Шымкент қаласының Оқушылар сарайы - тарихы сонау сұрапыл соғыс жылдары - 1943 жылдан бастау алатын республикадағы байырғы мектептен тыс мекемелердің бірі. Осы жылдар аралығында мекеме облыс және қала балаларының бос уақытын тиімді ұйымдастыру бағытында жүйелі жұмыс атқарып, озық тәжірибелі мекемелер қатарында республикалық қосымша білім беру саласының «Алтын қоры» кітабына енгізілген.

Оқушылар сарайының үйірмешілері республикалық, халықаралық деңгейде өнер, спорт, білім, шығармашылық саласындағы байқау-жарыстарда жеңімпаз атанып, көк Туымызды желбіретіп келеді. өзіндік жұмыс ерекшелігімен, тәжірибелі педагогтерімен танылған Оқушылар сарайына биыл 80 жыл толып отыр.

Республика көлемінде қосымша білім беру саласы педагогтерінің шығармашылық жұмысын қалыптастыру мен дамытуға өзіндік үлес қосып отырған Шымкент қаласы Оқушылар сарайының тарихы сабақ аларлықтай.

Шымкент Ресейге қосылғаннан кейін қаланың солтүстік-шығыс бетінде орыс қоныс аударушылары құрған жаңа қала пайда болады. Бұл қаланың орталығы 1903 жылы салынған шіркеу бағы (қазіргі Кенбаба саябағы) еді. Осы саябақта 1913 жылы Николь соборының құрылысы аяқталды. 1923 жылы собор жабылып, ғимарат халыққа білім беру мекемелеріне берілді.

1943 жылы ғимаратты балаларға беру туралы шешім қабылданып, маусым айында Пионерлер Сарайы пионерлер мен мектеп оқушыларына есігін ашады.

1948 жылы Пионерлер сарайында үш үйірме жұмыс істеді: драмалық үйірме, ұйымдастырған Крюкова Е.М., фото үйірмесі, жетекшісі А.Назаров, кестелеу үйірмесі, оның жұмысын И.Я.Сощина жүргізді. Иза Яковлевна Пионерлер мен



1943 жылғы Пионерлер сарайын ашу туралы Қаулы  
(архив материалдары)



оқушылар сарайында ұзақ жылдар бойы жұмыс істеп, оған әрдайым ризашылық білдіретін қыздардың бірнеше буынына кесте тігу өнерін үйретті. Кестелеу үйірмесінің жұмыстары үнемі облыстық, республикалық көрмелерге қойылып, жүлделі орындарға ие болды. Пионерлер сарайында алғашқылардың бірі болып «Жас гүл өсірушілер» үйірмесі жұмыс істеді. Балалар экзотикалық гүлдер өсірді, сабақтарға арналған бөлмелерді гүлдермен көгалдандырды, пионерлер мен оқушылар сарайының ғимаратының жанында гүлзарлар жасады. Жас ботаниктер үйірмесіне Поддубная

Надежда Васильевна жетекшілік етті. Ол балаларды табиғатты сүйеге, барлық тіршілік иелеріне ұқыпты қарауға үйретті.

1958 жылы Ленин комсомолының 40 жылдығына орай облыстық пионер ұйымдары Кеңесінің Атқарушы комитеті, облыстық еңбек депутаттары Кеңесінің Атқарушы комитеті Облыстық Пионерлер Сарайына Орта Азия мен Қазақстан комсомолының көрнекті ұйымдастырушыларының бірі Ғани Мұратбаевтың есімін беру туралы шешім қабылдады.



«Гүл өсірушілер» үйірмесі (жет.Поддубная Н.В.)

### Оқушылар сарайының әкімшілігі туралы



КИД мүшелері  
“Планетаға ашық аспан  
тілейміз” митингісінде

Көгершіндер барлық  
елге өлем туралы  
балалар сөздерін  
жеткізеді

Өткен ғасырдың 60-ыншы жылдары Пионерлер сарайын Берючинская Раиса Леонтьевна басқарып, директор қызметін атқарды. Мекемеде фото үйірмесі (жет. Ерин Василий Петрович), кестелеу үйірмесі (жет.И.Я.Сощина жұмыс атқарған жылдары 1948-1981 ж.ж.), КИД үйірмесі (жет. Прокопенко Нина Андриановна 1955-1980ж.ж.), авиамодельдеу үйірмесі (жет.А.Ахметов) жұмыс атқарды.

1972 жылы Пионерлер сарайы – Шымкент облыстық пионерлер мен оқушылар сарайы деп аталды. Осы жылдары мекемені Джусупалиева

Алима Раманкуловна басқарды. Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып Цыкунова Антонина Петровна қызмет атқарды.

1980 жылдың қазан айында Облыстық пионерлер мен оқушылар сарайының директоры болып Тулегенова Гульжан Изтлеуовна тағайындалды.

1984-1987 ж.ж. Оқушылар сарайының директоры ретінде Коробко Элеонора Михайловна басқарды.

1983 жылы 19 мамырда қала балалары Пионерлер мен оқушылар Сарайының жаңа ғимаратын сыйлыққа алды. Ол қала орталығындағы мәдениет және демалыс



1983 жылы мамырда Пионерлер мен оқушылар Сарайы жаңа ғимаратқа (бүгінгі қолданыстағы) ауысты



Умаровна қызмет атқарды. 1990 жылдың қаңтар айынан қыркүйек айына дейін директордың міндетін уақытша мекеменің көпшілік-ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Утегенова Гүльсара Абдухалыковна атқарды.

1990-2005 жылдар аралығында Батырбек Рүстемұлы Оңтүстік Қазақстан облыстық Оқушылар сарайының директоры қызметін атқарды. Өміріндегі осы кезеңде аталған тұлға табандылық, өз ісіне берілгендік, патриоттық сезімдерін танытып, осындай қабілеттерінің арқасында Оқушылар сарайын жаппай жекешелендіруден құтқарып, балаларға сақтап қалу үшін сотқа дейін барды. Ал әйгілі мекеме болса, осы күнге дейін қала балаларының игілігі үшін табысты жұмыс істеп келеді.



департаментінің «Ғани Мұратбаев атындағы Оңтүстік Қазақстан облысы Оқушылар сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындарының қосылу жолымен Шымкент қаласы әкімдігінің «Шымкент қалалық балалар мен жасөспірімдер орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны болып құрылды. 2014 жылы Шымкент қаласы әкімдігінің «Шымкент қалалық балалар мен жасөспірімдер орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны Шымкент қаласы білім

саябағында орналасқан еді. Балалар аттракциондары, бассейн мен стадион, екі кинотеатр, облыстық өлкетану мұражайы, облыстық филармония, балалар кітапханасы Пионерлер мен оқушылар Сарайын қоршап, қаланың бұл аймағын халық ең көп шоғырланған ортаға айналдырады.

1987 жылдың маусым айы – 1990 жылдың қаңтар айына дейін Оқушылар сарайын Суюндиқова Шагида Асхатовна басқарды. Оқу-тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары ретінде Каюпова Алла Сергеевна және Динаева Клара



Он бес жыл ішінде Б.Қойшиев облыс көлемінде қосымша білім беру саласын дамыту жолында табысты еңбек етті.

«Шымкент қаласының мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындарын қайта құру туралы» Шымкент қаласы әкімиятының 2005 жылғы 6 сәуірдегі №1183 Қаулысы негізінде Оңтүстік Қазақстан облысы әкімиятының «Шымкент аулалық клубтар бірлестігі», Оңтүстік Қазақстан облысы әкімиятының «Шымкент балалар мен жасөспірімдер орталығы» және Оңтүстік Қазақстан облысы әкімшілігі білім





бөлімінің «Оқушылар сарайы» МКҚК болып қайта құрылды. Романова Наталья Сергеевна 2005 жылы үш мектептен тыс мекеменің қосылуына орай құрылған Шымкент қаласы Оқушылар сарайының директоры қызметін 2020 жылға дейін атқарды.

Н.Романова балалар мен жасөспірімдердің мектептен тыс уақытын пайдалы ұйымдастыру және сауықтыру жұмысына қосқан үлесі үшін «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері» белгісімен, өскелең ұрпақты тәрбиелеуге қосқан шығармашылық үлесі үшін Облыстық славян халықтары этномәдени бірлестігінің Мақтау қағазымен, «Бауырмал» с ы й л ы ғ ы м е н , « Ы . А л т ы н с а р и н » төсбелгісімен, «Құрмет»

орденімен, «Оңтүстік Қазақстан облысын дамытуға қосқан ерекше үлесі үшін» және «Шымкент қаласын дамытуға қосқан ерекше үлесі үшін» төсбелгілерімен марапатталған.

Наталья Сергеевнаның басшылығында «Оқушылар сарайы» МКҚК озық тәжірибелі мекемелер қатарында 2017 жылы республикалық қосымша білім беру саласының «Алтын қоры» кітабына енгізілді.



2001-2022 жылдар аралығында Оқушылар сарайы директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып Купяшаров Ислон Беласарович жұмыс атқарды.

Купяшаров И.Б. білім беру жүйесіндегі жаңа технологиялар, педагог кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау орталығымен бірлесіп тыңдаушыларға және тәлімгерлер, қосымша білім беру педагогтарына арнап «Оқушылар сарайының қосымша білім беру жұмысы жайлы», «Жас ұлан» ұйымының жұмысын жүргізу барысы жайлы семинар-оқулар өткізуге белсене қатысады.

И.Купяшаров жемісті еңбегі үшін республикалық, облыстық және қалалық білім басқармасының, қалалық білім бөлімінің, Шымкент қаласы әкімінің және қалалық

маслихатының мадақтамалары, Құрмет грамоталарымен, 2012 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен, 2016 жылы «Ыбырай Алтынсарин» және 2017 жылы «Ұлағатты ұстаз» төсбелгісімен марапатталды.

### «ГЛОБУС» ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҚ ДОСТЫҚ КЛУБЫ (1959-1999 ж.ж.)



Шымкент облыстық Пионерлер сарайы жанындағы Хо Ши Мин атындағы «Глобус» интернационалдық достық клубы 1959 жылдың қаңтарынан өз жұмысын бастады. Осы жылдар аралығында КИД үлкен және қызықты жұмыс жасап, балалар арасында танымал болды. КИД-те 4-7 сыныптың 120 оқушысы үйірмеде айналысты. Ұлттық құрамы бойынша клуб өз атына сай болды, өйткені, клуб мүшелері орыс, қазақ, украин, беларусь, өзбек, еврей, корей, татар, грек және немістерден тұрды.



## ОҚУШЫЛАР САРАҰЫ - МЕКТЕПТЕН ТЫС МЕКЕМЕЛЕРДІҢ, ӘДІСТЕМЕЛІК-ҮЛЕСТІРУШІ ОРТАЛЫҒЫ



Пионерлер және мектеп оқушыларымен жұмыс - бұл үлкен шеберлікті, білімді және балаларға деген сүйіспеншілікті қажет ететін жауапты іс. Аудандық және қалалық Пионерлер үйлерінің әдіскерлерін оқытуға Облыстық пионерлер сарайының ұжымы үлкен көңіл бөлді. Жыл сайын мекеме базасында және жергілікті орындарда мектептен тыс мекемелердің педагог қызметкерлері және әдіскерлер үшін

5-6 облыстық семинар ұйымдастырылады. Оның бағдарламасында әртүрлі сипаттағы және бағыттағы іс-шаралар болады. Семинардың тәжірибелік бөлігінде орта мектептің дружина кеңесінің отырысы, онда октябрыят топтарының бірінші тоқсандағы жұмысының қорытындысы шығарылады. Семинарға қатысушылар жұлдыздар командирлерінің есептерін тыңдап, Пионер бөлмесін, отряд пен сыныптағы октябрыят қабырғасын безендіру үлгісін көреді.



### ҮЙІРМЕНІҢ, ҮЙРЕТЕРІ МОЛ (1950-2005 Ж.Ж.)



Облыстық пионерлер мен оқушылар сарайының негізгі міндеті - отбасы мен мектепке балаларды тәрбиелеуде, пионерлер мен оқушылардың бейімділігі мен шығармашылық ұмтылыстарын дамытуда көмек көрсететін, облыстың балалары және жасөспірімдерімен оқу-тәрбие, нұсқаулық-әдістемелік жұмыс жүргізетін орталық болып табылды.

Сарайдың оқу-тәрбие жұмысы - бұл үйірмелердегі, клубтардағы, секциялардағы сабақтар, сондай-ақ, пионер-нұсқаушыларды даярлап шығару. Мұнда қоғамдық-саяси, ғылыми-техникалық білім, эстетикалық тәрбие, туристік және техникалық спорт

салалары бойынша түрлі бағыттағы 100-ден астам үйірме жұмыс істеді.

Пионерлер сарайына қарасты «Айгөлек» ансамблі 1946 жылы хореографиялық үйірме базасында пайда болды. Ансамбльдің жетекшісі, педагогі, би қоюшысы Анна Львовна Цандекова еді. Барлық қалалық, облыстық, өлкелік және республикалық байқауларда «Айгөлек» ең жоғары баға - I дәрежелі дипломдар иеленді.

«Айгөлек» ансамблі Мәскеудегі жастар мен студенттердің дүниежүзілік фестивалінде, Мәскеудегі Қазақ өнері мен әдебиеті онкүндігінде, Кремль Съездер





сарайында В.И. Ленин атындағы Бүкілодақтық пионер ұйымының 50 жылдығына арналған мерекелік концертте қазақ республикасының атынан өнер көрсетті. Шымкент Облыстық Пионерлер сарайының «Айгөлек» балалар хореографиялық ансамблі туралы Алматы кинематографистері Қазақ телевидениесінде бірнеше рет көрсетілген «Нағыз іс осындай - Когда дело настоящее» телевизиялық фильмі және «Айгөлек» биі» фильмін түсірді.

1975 жылдан бастап ансамбльдің балетмейстері және бүгінгі таңда көркемдік жетекшісі Каланова Райхан

Муртазаевна болып табылады.

Каланова Райхан Муртазаевна еңбек жолын 1975 жылы «Айгөлек» хореографиялық балалар ансамблінің жетекшісі ретінде бастап, бүгінгі күнге дейін аталған ансамбльдің көркемдік жетекшісі қызметін абыроймен атқарып келеді.

Р.М. Каланованың жетекшілігімен халықтық «Айгөлек» балалар би ансамблінің жас өнерпаздары жыл сайын Түркия, Кипр, Болгария, Испания, Италия, Германия елдерінде Х а л ы қ а р а л ы қ фестивальдердің



лауреаты және Гран при иегері атанып, көрермен көзайымына айналған.

Қазақ өнерінің дамуына және алыс-жақын шетелде танылуына қосқан үлесі үшін Райхан Муртазаевна «Қазақ КСР Халық ағарту ісінің үздігі» төсбелгісімен, «Жылдың үздік хореографы» дипломымен, «Астана» мерейтойлық медалімен, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағы, «Ерен еңбегі үшін» медалі, «Шымкент қаласының Құрметті азаматы» атағын иеленген тұлға.



Концертмейстер ретінде Рахлин Леонид Аркадьевич жұмыс істеді, бір топ ұлдармен бірге Кремень Петр Исакович айналысқан. Олар тату ұжымда КСРО Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты және «халықтық» атағына ие болған ансамбльдің шығармашылық, идеялық, эстетикалық дәстүрлерін сақтау үшін көп күш жұмсады. Осы жылдар ішінде Оңтүстік Қазақстан облысы мен Шымкент қаласының бірде-бір мәдени-бұқаралық іс-шарасы «Айгөлек» балалар хореографиялық ансамблінің қатысуынсыз өткен жоқ.

Халықтық «Айгөлек» балалар би ансамблінің қызметі

көптеген Құрмет грамоталарымен, облыстық білім және мәдениет басқармаларының, қалалық және облыстық әкімдіктің алғыс хаттарымен марапатталды.

1987 жылы Артеkte өткен Дүниежүзілік фольклорлық шығармашылық фестивалінің дипломанты «Балбармақ» домбырашылар оркестрі 1973 жылы

ұйымдастырылды. Оның тұрақты жетекшісі ретінде Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының түлегі Есполова Құлжан Құлсейітқызы жұмыс атқарды.

Ұзақ, жемісті және шығармашылық жұмысы үшін қазақ халық аспаптары оркестрінің ұжымы Қазақ КСР Білім министрлігінің грамотасымен марапатталып, 1987 жылы оркестрге және көркемдік жетекші К.Есполоваға ІІ Бүкілодақтық халық шығармашылығы фестивалінің лауреаты атағы берілді. 1980 жылы Құлжан Құлсейітқызы Есполоваға «Қазақ КСР Халық ағарту ісінің үздігі» атағы берілді.



□ "Балбармақ" домбырашылар оркестрі



□ 1962 жылы ақпанда Облыстық Пионерлер сарайында 50 ұл мен қыздан тұратын Хор капелласы құрылды. Ұжымның ұйымдастырушысы және көркемдік жетекшісі - дарынды хормейстер Александр Владимирович Городов (жұмыс атқарған жылдары 1962-2007ж.ж.), республикалық және бүкілодақтық хор өнерінің байқауларының лауреаты. Хордың репертуары үлкен және алуан түрлі еді.



□ "Детство", "Колокольчик" вокалды топтары 1954 жылдан бастап жұмыс істеді. "Детство" тобын С.А. Меркушев, ал "Колокольчик" тобын Е.И.Меркушева басқарды. Вокалды топтарда бастауыш сыныптың 70-ке жуық балалары қатысты. Репертуарында достық, бейбітшілік, балалық шыр, әзіл ендер және фольклорлық ендер бар.



□ Орыс халық аспаптар оркестрі 1974 жылы құрылған. Мұнда балалар баян, балалық және басқа да музыкалық аспаптарда ойнау өнерін үйренді. Оркестр ұжымы Сарайдың мерекелік іс-шараларына қатысып, зауыт-фабрика ұжымында концерттер берді. Оркестрді ұзақ жылдар бойы А.Сирожено басқарды



□ "Тау туризмі" үйірмесі, жетекшісі Ю. Ю. Гайдаренко, облыстық республикалық жарыстарда тұрақты өнер көрсетіп, жүлделі орын иеледі.

□ «Резерв» өФК-да, жетекшісі Утегенов Ш.А., балалар аскери-спорттық дайындықпен айналысып, жекпе-жек тәсілдерін үйреніп, табиғатқа демалуға шығады.



□ Техникалық бағыттағы үйірмелер



□ Үшкелі аспаптар оркестрі 1976 жылы құрылды. Тұрақты жетекшісі Қазақ КСР Халық Ағарту ісінің үздігі, ерлік ардагері Сафаров Владимир Абрамович. Оркестрде орта және жоғары сынып оқушылары ойнады. Оркестр ұжымы тұрақты, балалар үлкен ырды-жырмен және ымыраушылықпен айналысты. Негізгі топпен қатар дайындық тобы құрылып, оны Марат Фуатович Ибрагимов басқарды.



Шымкент қаласы Оқушылар сарайының тарихи жолы - еліміздің тарихымен астасып жатыр. Қай кезеңде болса да мұнда келген әрбір балаға шығармашылық қабілетін көрсетуге және дамытуға мүмкіндік беру, барлық балаларды ересек өмірге дайындау үшін жағдай жасау мақсаты қойылды. Дарынды әншілер мен бишілер, техниктер мен спортшылар, суретшілер мен ақындар, экологтар мен театр сүйер қауым, туристер мен сәнгерлер, балалар мен жасөспірімдер ұйымдарының нұсқаушылары ретінде өздерінің дара қасиеттерін көрсетуге бар күштерін салғанын тарих беттерінен көреміз!

Жылдар өтіп, қаншама ұрпақтан-ұрпақ ауысса да, Оқушылар Сарайына тағы да жүздеген мың балалар өздерінің талантын ашу, дамыту және шығармашылық шыңына жету үшін келетініне сенімдіміз!

Бақытты балалық шақ жасасын! Оқушылар сарайы жасай берсін! Баршамызға 80 жылдық мерейлі мереке құтты болсын!

## ОҚУШЫЛАР САРАҰЫНЫҢ БҮГІНГІ ТАРИХЫ

Жумабекова Феруза Туралиевна  
Шымкент қаласы Оқушылар сарайы директорының орынбасары



Қазіргі таңда баланың бос уақытын тиімді әрі пайдалы ұйымдастыруға мемлекет тарапынан зор қолдау көрсетіліп отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек. Ұлттың жаңа болмысы білім, ғылым және мәдениет саласын дамыту арқылы қалыптасады. Осы үш бағытты рухани даму саласындағы жұмыстың мызғымас үштағаны деуге болады. Біз ұрпақ тәрбиесіне баса мән беріп, жастарды жақсылыққа жетелеуіміз керек» деп атап өтті. Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры. Адам жанын игілікпен, ізгілікпен қуаттандырып, адами құнды қасиеттермен қанаттандырады. Ал, қазіргі уақыт – өзгермелі әлемдегі жасампаз ұрпақтың дәуірі.

Қосымша білім берудің бала тәрбиесіндегі алатын рөлі зор екені баршаға мәлім. Баланың тәрбиесіне тікелей жауапты тұлғалар – ата-ана

және педагог. Еліміздің барлық өңірлерінде қосымша білім беру мекемелері ашылып, заманауи бағыттағы үйірмелер іске қосылуда.

Қосымша білім берудің мақсаты: баланы түрлі үйірмелерге баули отырып, оған дұрыс тәрбие беру, баланың қызығушылығын анықтау, икемділігіне қарай үйірмені дұрыс таңдау.

Сондықтан, ата-ана баланың бос уақытын пайдалы өткізуіне ықпал етуі үшін, ең алдымен баланың қызығушылығын, қандай пайдалы іспен шұғылдануды ұнататынын, қабілетін байқап, қосымша үйірмелерге дұрыс таңдау жасай алу керек.

Қосымша білім берудің бала тәрбиесіне тигізер әсері, ой-өрісінің дамуына пайдасы орасан зор.

**Біріншіден**, оқудан тыс әртарапты әрекет баланың сабақта мүмкін болмайтын жан-жақты дара қабілетін ашуға ықпал етеді.

**Екіншіден**, түрлі тәрбие жұмысының түрімен айналысу баланың жеке әлеуметтік тәжірибесін жаңдандырып, жетілдіреді, оның адамзат құндылықтарына негізделген білімдерін байытып, қажетті практикалық іскерлігі мен дағдысын қалыптастырады.

**Үшіншіден**, оқушыларда әрекеттің әртүріне қатысты қызығушылығының дамуына, оған белсенді қатысуға деген құлшынысын тәрбиелеуге нәтижелі ықпал етеді. Егерде балада еңбекке деген тұрақты қызығушылық және белгілі бір практикалық дағды қалыптасқан болса, онда ол өз бетінше тапсырманы нәтижелі орындауды қамтамасыз ете алады.

**Төртіншіден**, тек қана баланың өзіндік дара қабілетін ашуға ықпал етпейді, сонымен бірге оқушылар ұжымында өмір сүруге үйретеді. Яғни, оқу, еңбек әрекеттерінде және қоғамдық пайдалы істерді атқаруда өзара ынтымақтастыққа, бір-біріне қамқор болуға, өзін басқа жолдастарының орнына қоя білуге тәрбиелейді.

**Бесіншіден**, жұмысын ұйымдастыру мен өткізуде уақытқа қатысты қатаң шектеу болмайды. Жетекші оның формалары мен әдістерін, құралдары мен мазмұнын және бағытын таңдауда ерікті болады.

Бала бос уақытында түрлі бағыттағы бірнеше үйірмелерге қатыса алады. Және уақыт өте келе өзіне ұнайтын нақты бір үйірмені таңдау арқылы бала болашақ мамандығына алғашқы қадам жасайды.

Бұл дегеніміз баланы үйірме жұмысы арқылы болашақ мамандығын таңдауға бағыт беру. Өз кәсібін сүйген маманның қоғамға тигізер пайдасы мол. Баланы мамандыққа бағыттай отырып, еліміздің экономикалық дамуына ықпал ету жұмысы жүргізіледі.



Бүгінде Оқушылар сарайы қаламыздағы қосымша білім беретін ең ірі мектептен тыс мекеме болып табылады. Үйірмелерге негізінен әлеуметтік аз қамтылған, көпбалалы отбасылардың балалары қатысуға мүмкіндік алады. Үйірмелер әлеуметтік-педагогикалық, спорттық, көркемдік-эстетикалық бағыттарды қамтиды: қолөнер, сурет, вокал, домбыра аспабында ойнауды үйрену үйірмелері, техникалық бағыттағы робототехника, авиамодельдеу, автомодельдеу; тіл дамыту бағытында: тіл ұстарту, айтыс, театр, т.б. үйірмелері. Мекемеге қарасты

122 үйірмеге бес мыңға жуық бала мен жасөспірімдер қосымша білім алумен айналысады. 2019 жылы қыркүйекте ашылған, заманауи технологиямен жабдықталған IT CENTER орталығына балалар қызығушылықпен қатысып, өз жұмысын жоғары деңгейде жүргізіп келеді.

Оқушылар сарайында балалардың санасын серпілту мақсатында түрлі қызықты іс-шаралар, ата-аналарға арналған концерттер өткізіледі.

Ұлттық құндылықтармен сусындап өскен ұрпақ ұлағатты болмақ.

Ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында мекемеде «Мирас» және «Шаңырақ» студиясы іске қосылып, ұлттық қолөнерді жаңғырту мақсатында балалармен қарқынды жұмыс істеп, жақсы нәтиже көрсетуде.

Биылғы оқу жылынан бастап республика көлемінде Біртұтас тәрбие бағдарламасы іске қосылды. Бағдарламада ұлттық құндылықтарды негізге ала отырып, ел бірегейлігін нығайтуға, әділетті қоғам құруға қабілетті білімді, адал ұрпақты тәрбиелеуді көздейді. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу мақсатында құрылған бағдарлама аясында Оқушылар сарайы жаңа оқу жылын бастады. Оқу жылына оқу-тәрбие жұмысын қамтыған жоспар құрылып, бірқатар жұмыстар жүзеге асырылды.



Оқу жылын Ашық есік күні мерекесімен бастайтын дәстүрге биыл ерекшелік енгізіліп, жаңа форматта аталып өтті. Мерекеге келген қонақтар мен ата-аналарға аулада жаңа оқу жылын салтанатты ашу жиыны көркемөнерпаздардың өнеріне жалғасып, ерекше көңіл-күй сыйлады. Аталған іс-шара ғимарат ішінде үйірмелердегі сабақ барысын тамашалауға ұласты. Ата-аналар заман талабына сай және көпшіліктің сұранысы бойынша ашылған бірнеше үйірмелердің жұмысымен танысты.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің бастамасымен «Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени-ағартушылық жобасының бірінші тоқсаны айтыс өнеріне арналып отыр. Республика күнін мерекелеуге арналған поэтикалық сайыс «Ақындар айтысы» іс-шарасына қатысты бірқатар жұмыстар жоспарланып, жүзеге асуда. Айтыс үйірмесінің жетекшілері үйірмешілерімен республика көлемінде ұсынылған тақырыптар бойынша көпшілік іс-шаралар ұйымдастырды. Республика күніне орай ұйымдастырылып жатқан «Жас ақындар» айтысына суырып салма жас айтыскерлер қызу дайындық үстінде.

*Кез келген адам үшін ХХІ ғасырдағы өмірді ғаламторсыз елестету мүмкін емес. Ғаламтор қазіргі таңда алысты жақын ететін, атишантырым жерден хатты жедел түрде жеткізетін ең тиімді қолданыс құралы.*

Оқушылар сарайының әлеуметтік желі парақшалары жүйелі және белсенді түрде жұмыс жүргізеді. Атқарылған жұмыстар, жетістіктер мен хабарландырулар желі парақшаларда сол уақытта жарияланып тұрады. Сондай-ақ, ата-аналар тарапынан да көптеген үйірмелерге қызығушылық танытып, балалар үйірмелерге жазылып, оқырман санымен қоса түрлі бағыттағы үйірмелерге сұраныс та артып келеді.

Қосымша білім беру саласын дамытып, балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру үшін республика көлеміндегі педагогтердің озық тәжірибесі баспасөзде және әлеуметтік желілер арқылы жиі насихатталып отырса, жас мамандарға үлкен көмек болары анық. Шымкент қаласының Оқушылар сарайына биыл 80 жыл толып отыр. Осы уақыт аралығында қосымша білім берудің барлық бағыттары бойынша озық тәжірибе қорытылып, жаңадан келген мамандарға әдістемелік-нұсқаушылық құрал ретінде ұсынылып келеді.

Алдағы уақытта республика көлеміндегі мектептен тыс мекемелермен, әсіресе, Оқушылар сарайларымен тығыз байланыс орнатып, өзара тәжірибе алмасу, іс-шараларға қатысып, талдау-сараптау жұмысын жүргізу жоспарланып отыр.

Мерейлі мерекең құтты болсын, Шымқала оқушыларының қара шаңырағы!

## БОЛАШАҚ КӘСІП БҮГІННЕН БАСТАЛАДЫ

**Макимова Перизат Қарсыбайқызы-педагог- зерттеуші,  
Оқушылар сарайының Әдістемелік бөлім меңгерушісі**



Қазақстандағы білім беру модернизациясының стратегиясы мектеп оқушыларының белсенді әрі шығармашыл тұлғасын қалыптастыру үшін қосымша білім берудің басты мақсаттарын айқындайтын жаңа талаптар ұсынып отыр. Бүгінде білім берудің шынайы заңдылығы мұғалімнен білім беру процесінде ұжымдық-топтық жұмыс барысында әр баланың жеке тұлғалық-психологиялық ерекшелігін ескере отырып нәтижелі оқытуды талап етеді.

Жоғарыда айтылған баламен жүргізілетін жұмыстағы жан-жақтылық пен түрлі нұсқа Оқушылар сарайы әдістемелік бөлімі педагогтерінің ерекше қасиеті. Мұндай ұстаным баланың тұлғалық қасиетін қалыптастыруда қажет өнердің барлық түрлерін қызығушылықпен игеруіне ынталандырады.

Бөлімде ойы бір жерден шығатын шығармашылық

ұжым «Өнер туындысы - өмірді түсінудің кілті» ұранымен жұмыс істейді. Бүгінгі таңда бөлімде көркемсурет бағыты бойынша «Галатея», «Радуга», «Арабеска», «Мастер класс» студиялары және қолөнер бағытында «Шаңыра», Бойтұмар», «Қыз Жібек», «Мирас» студиялары жұмыс жүргізіп келеді.



Бөлім студиясында көркемдік білім беру мақсатында басымдық баланың рухани-адамгершілік дамуына бағытталады. Бағдарламаның мәдени жасампаздық ролінің негізінде де отансүйгіштік тәрбиесін сіңіру жатыр. Бұл міндет әлемдік үдерістермен байланысты мүлдем шектемейді.

Оқушылар сарайы көркемдік студияларының оқыту бағдарламаларының арқауы - өнердің өмірмен байланысы. Студияда білім алған бірнеше түлектер Оқушылар сарайында педагог, дизайнер, суретші болып қызмет атқарады. Олар бүгінде Қазақстанда ғана емес шет елдерде де жұмыс істеп жүр.

Бөлім педагогтері Оқушылар сарайынан тыс қаладағы мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған қосалқы мектеп-интернатында нәтижелі жұмыс істеп, халықаралық, республикалық, қалалық байқауларда жүлделі орын иеленіп жүр.

Бөлім педагогтері мен үйірмешілері 2011 жылдан бастап ЮНЕСКО клубының мүшесі болып табылады. Сондықтан да педагогтер мен балалар аталған клуб ұйымдастыратын барлық іс-шараларға, семинарлар мен клуб белсенділерінің слеттеріне белсене қатысады. Балалардың республикалық және халықаралық көрмелер мен конкурстарда бірнеше мәрте жеңімпаз атануы Оқушылар сарайын халықаралық деңгейге шығарды. Балалардың шығармашылық жұмыстары «Балалар әлемді бейнелейді. Қазақстан», «Балалар әлемді бейнелейді. Орталық Азия», «Бізді қоршаған әлем. Германия» альбом жинақтарында жарияланды.

Бөлімнің педагогтерінің күшімен мекемеге қарасты қала сыртындағы «Ақсу» жазғы сауықтыру демалыс лагерінде «Оңтүстік күні» республикалық шеберлік сыныптарын дәстүрлі түрде өткізеді. Мақсаты: Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі сәндік-қолданбалы өнерді сақтау және үйрену, насихаттау. Шеберлік сыныптарының қатысушылар: Астана, Ақтөбе, Орал, Балқаш, Тараз қалаларының педагогтері мен оқушылары.

Оқушылар сарайының қолөнер және көркемдік студияларының ортақ міндеті, басты мақсаты - балаға ата-бабадан мирас болған ұлттық қолданбалы өнерді үйрету және көркемдік білім беру, баланы шығармашыл, креативті, жан-жақты тұлға ретінде қалыптастыру.

**«Галатея» көркемсурет студиясы** – жасталанттар шабытының бастау көзі. Студияшығармашылығының негізін 1997 жылы қалаған нағыз педагог, бүгінде зейнеткерлікке шыққан Красильникова Галина Ивановна еді. Қазіргі таңда «Галатея» көркемдік студиясына Плясунова Л.Г. жетекшілік етеді. Бұл қуаныштар мен таусылмайтын шығармашылықтың мектебі. Мұнда педагогтер балаларды өз үйіне келгендей жылы, құшақ жая қарсы алады. Тәжірибелі педагог Л. Плясуновамен бірге студияда Қазақстан Дизайнерлер Одағының мүшесі, Қазақстан Республикасы Суретшілер Одағының мүшесі, «Таң-Шолпан» Халықаралық тәуелсіз суретші әйелдер қорының мүшесі, Францияның Mondial өнер академиясының мүшесі Мугавеева Р.М жұмыс жүргізеді. Сондай-ақ, жас әрі талантты педагогтер А.Қалдыбекова, Н.Рогачева және А.Пищеваның







жүрегінен әр балаға орын табылады. Нәтижелі, жүйелі жұмыстың арқасында балалардың шығармашылық жұмыстары халықаралық, республикалық, қалалық байқауларға қатысып, жүлделі орындарды иеленіп келеді. Атап айтқанда, Халықаралық балалар сурет байқауы Леонардо «Планета моей мечты» Москва, Россия.; Халықаралық балалар сурет байқауы «SAVE THE FROGS!»- «СПАСИТЕ ЛЯГУШЕК!» Калифорния, США; ЮНЕСКО «Красная книга», «Қаратау қызғалдақтары», «Юный художник», «Наурыз мейрамы» атты сурет байқауларына онлайн қатысып, жүлделі орындарды иемденді

**«Арабеска» көркемсурет студиясы** - бұл креативті идеялардың шығармашылық зертханасы іспетті. Студияның негізін қалаушы әрі жетекшісі Шимелкова И.Н. Студия 2012 жылдан бері жұмыс істейді. Қосымша білім берудің негізінде студия жұмысының талаптарына сәйкес толықтырылып, бейімделген көркемсурет мектептерінің базалық бағдарламасы жатыр. Мынадай пәндер міндетті түрде оқытылады: сурет салу, бейнелеу өнері, композиция, мүсін, өнер тарихы. Сонымен қатар жас педагогтер сабақтарына заманауи технологияларды: акрилмен жұмыс, сәнді рельефті жабын, тұрмыстық құралдарды декупаждау, жүнмен сурет салу, т.б. бейнелеу тәсілдерін енгізіп отырады.



Шығармашылық идеялардың қайнар көзіне айналған бұл студияда өз ісіне берілген С.Динисламова, Г.Мадиева, Д.Усипова, Т.Ибрагимова сынды білікті педагогтер жұмыс істейді.

Студия педагогтері әрдайым өз білімдерін жетілдіру мақсатында республикаға танымал, атақты суретшілердің семинар, көрмелеріне қатысып, өз білімін арттырып отырады.

Ә.Қастеев атындағы Қазақстан мемлекеттік өнер мұражайында өткен кескіндемеші Бауыржан Бәйділдәнің жеке көрмесін тамашалап, өз біліктіліктерін арттырып қайтты. Халықаралық шығармашылық тәжірибемен бөлісу шеңберінде Өзбекстан Суретшілер Одағының мүшесі, «Даңқ» ордені, «Шухрат» медалі, «Өзбекстан халық дипломаты» атағының иегері Дилорам Мамедованың «Сиқырға толы сырлы өнер» атты шеберлік сыныбына қатысты.

**«Радуга» көркемсурет студиясы** - бұл 2003 жылы құрылған тәжірибелі педагогтердің одағы. Студияның негізін қалаушы Павлова М.В. - станокта бейнелеуді меңгерген



талантты педагог. Бұл студияға Головлева О.В., Чеботников А.В. сынды өз ісінің шеберлері келіп, композиция мен мүсін өнері қосылды. Қазіргі таңда «Радуга» студиясында О.Головлева жетекшілік етеді. Көркемсурет мектебінің базалық бағдарламасы бұл педагогтерге еңбексүйгіш және сауатты балаларды тәрбиелеп шығаруға жол ашты. Студия жұмысы натюрморттарды академиялық тұрғыда салу негізінде ұйымдастырылады. Натюрморт - бейнелеу өнерін оқытудың көпсалалы нысаны болып табылады. Академиялық мектеп сәулетші, дизайнер, педагог суретші сияқты бейнелеу

өнерімен байланысты мамандық таңдаған көптеген студия түлектеріне болашаққа даңғыл жол ашады.

Сонымен қатар студия балаларының шығармашылық жұмыстарын халықаралық, республикалық, қалалық сурет байқауларына әрдайым қатыстырып отырады. Студия педагогтері басқа студиялармен тығыз байланыс орнатқан және жас мамандарға қызықты шеберлік сыныптарын өткізуді дәстүрге айналдырған.

«**Мастер класс**» көркемсурет студиясы 2008 жылы ашылды. Жетекшісі Павлова М.В. Бүгінгі таңда студияда оқытудың нақты міндеттерін айқындаған жас педагогтер Косячкова Н.А., Алтаева Ж.С. жұмыс істейді. Мұнда балаларды сурет салуға, бояумен жазуға, ермексаз бен сазбалшықтан мүсін жасауға, натураны толықтай көруге, тепе-теңдік, түс шығару, бағдарлау білімін меңгеруге үйретеді. Бұл міндеттер көркемсурет мектептерінің базалық бағдарламасына енгізілген және жаңашыл педагогтердің еңбегімен студия жағдайына бейімделген. Техникалық жағынан қызықты әрі тартымды жарақтандырылған өнер тарихы сабақтары мен тәрбиелік мәні бар лекцияларды тәжірибелі педагог М.Павлова өткізеді. «Мастер класс» студиясының балалары бірқатар республикалық, халықаралық сурет байқауларының бірнеше дүркін жеңімпаздары, ал түлектері Қазақстанда және шетелдік ЖОО-ның студенттері. Көркемсурет студияларының түлектері дипломдық жұмысты қорғайды және оларға табысталатын мемлекеттік үлгідегі куәліктер ЖОО мен колледждердің көркемсурет мамандықтарына түсуге мүмкіндік береді.



Бөлім ұжымы өте ұйымшыл, креативті және мобильді, Оқушылар сарайының ғана емес, қаланың мәдени өміріне де белсенді қатысады.

Көрмелер, конкурстар, суретші, журналист, ақын, әнші сияқты танымал тұлғалармен кездесулер, табиғатқа, тарихи орындарға саяхаттар - адамның ішкі жан-дүниесін байыта түсіп, оны рухани және жоғары адамгершілік құндылықтарымен толықтырады. Бұл қоғам үшін өте қажет.

Студия педагогтерінің талмас еңбектерінің арқасында, студия балаларының шығармашылық жұмыстары халықаралық, республикалық сурет байқауларына қатысып, жүдделі орындарға ие болып, жеңімпаздардың шығармашылық жұмыстары халықаралық «Бізді қоршаған әлем» атты сурет-кітап жинақшасына жарияланды.

Бөлімде қазақ ұлттық мәдениетінің ең байырғы, аса құнды салаларының бірі – қол өнері, оның ішінде ою-өрнек, кілем тоқу, киіз басу, қыш құмыра жасау, сырмақ сыру болып табылады. Бүгінгі ұрпақтарымыз өзінің ұлттық сезімдерін, өнерін жоғалтпауы мақсатында қолөнер бағытында төрт студия жұмыс жүргізуде.

#### «Шанырақ» сәндік-қолданбалы өнер студиясы

«Шанырақ» студиясы – 2021 жылы тәжірибелі педагогтерден құрылған. Студияның

негізін қалаушы әрі жетекшісі Д.Таджибаева. Диляра Баймоминовна жүнмен жұмыс жасау, яғни киіз басу, сырмақ сыру, тұскиіз басу жолдарын жақсы меңгерген білікті маман. 2022 жылы Оқушылар сарайында ұйымдастырылған «Үздік педагог» байқауына қатысып, 1 орын иеленді.

2021 жылы Тамыз конференциясында шеберлік сыныбын жоғарғы дәрежеде өткізді. Сонымен қатар Республикалық «Ризашылық – мейірімділік бұлағы» атты сурет байқауында қазылар алқасында жұмыс жүргізді.

Қазіргі таңда студияда Ш.Амирсейтова, У.Джангазиева, С.Изенова өз ісінің шебері, білікті мамандар жұмыс жасайды. У.Джангазиева тоқыма өнерін қолға алған.



«Шаңырақ» студиясының зерделі педагогтері Халықаралық, Республикалық фестиваль, семинар-кеңестер мен шеберлік сыныптарын өткізуде. Сонымен қатар балалардың шығармашылық жұмыстары ЮНЕСКО клубтарының ұйымдастыруымен өткен «Қаратау қызғалдақтары», «Мысықтар менің сүйкімділерім», «Менің әлемім» атты сурет байқауларында жүлделі орындарды иеленді.

«Шаңырақ» студия түлектері дипломдық жұмыстарын қорғай отырып, мемлекеттік үлгідегі куәліктер алып, ЖОО мен колледждердің көркемсурет мамандықтарына түсуге мүмкіндігі болады.

«Мирас» сәндік-қолданбалы өнер студиясы 2021 жылы құрылды. Студияға тәжірибелі білікті маман, Қазақстан Қолөнершілер Одағының мүшесі, Қазақстан Суретшілер Одағының мүшесі, «Қазақстан Республикасының құрметті азаматы» төсбелгісінің иегері Б.Тургамбаев жетекшілік етеді. Б.Тургамбаев атадан балаға мирас болып келе жатқан зергерлік өнері және былғары бұйымдарының нағыз шебері.

«Мирас» студиясында КСРО Суретшілер Одағының мүшесі, халықаралық (Франция, Мәскеу, Ереван, Ялта, Бендер), республикалық сурет көрмелерінің тұрақты қатысушысы, Шымкент қаласының орталығына қойылған «Тасбақа жолы» атты мүсіннің авторы, ОҚО 80 жылдығына арналған «Құтты мекен - Оңтүстік» атты байқаудың жеңімпазы, «Құрмет» ордені, «Қазақ өнерінің қайраткері» медалінің иегері Р.Естемесов жұмыс жүргізеді.



2021 жылы ашылған «Бойтұмар» сәндік-қолданбалы өнер студиясы білікті, білімді, тәжірибелі педагогтерден құрылған. «Бойтұмар» студиясына жүнмен жұмыс, гобелен тоқуды жақсы меңгерген, өз ісінің шебері Н.Медеубаева жетекшілік етеді. Шығармашылық идеялардың қайнар көзіне айналған бұл студияда өз ісіне берілген педагогтер Г.Жүмәділ, А.Нурмаханбетова, М.Сатым бала шығармашылығын ұштауға барын салып еңбек етуде.

Көрмелер, конкурстар, танымал адамдармен кездесулер, табиғатқа, тарихи орындарға саяхаттарға шығады. Баланың жан-дүниесін байыта түсіп, оны рухани және жоғары адамгершілік құндылықтарымен толықтырады.

«Қыз Жібек» сәндік-қолданбалы өнер студиясының



іргесі 2021 жылы қаланды. Студияның негізін қалаушы әрі жетекшісі М.Айботаева. Студияда А.Қонарбаева, А.Дауренбекова сынды білікті мамандар жұмыс істейді. «Қыз Жібек» студиясын нағыз тігін шеберханасы деп атаса да болады. Бұл жерде қыздарға ою ойып, құрақ құрап, киім тігумен қатар мекемеде өтетін іс-шараларға қажетті сахналық киімдер тігіп, реквизиттер дайындайды. Мысылы: жаңажылдық ертеңгіліктерге ертегі кейіпкерлерінің киімдері, театр үйірмелеріне сахналық қойылымға қажетті киімдер тігумен де

айналысады.

Бөлім педагогтері балалардың шығармашылық жұмыстарынан көрмелер ұйымдастырып, халықаралық, республикалық қолөнер байқауларына қатысып, балаларды шабыттандырып отырады.

Сонымен қатар, педагогтер шығармашылық кездесулер, түрлі іс-шараларға қатысуға ерекше ықылас білдіреді. Бөлім педагогтері өз жұмыс кабинеттеріне ғана емес, жалпы Оқушылар сарайы ғимаратына үлкен жанашырлық, сүйіспеншілікпен қарайды. Оқушылар сарайының ішкі дизайны - бұл көркемсурет және қолөнер бағытындағы педагогтердің шығармашылық жұмысының жемісі.



## ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ - ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ДАМУ ОРТАСЫ

Тулеметова Гульжан Балтабаевна - педагог - зерттеуші, Оқушылар сарайының техникалық-эстетикалық бөлім меңгерушісі. Қалалық «Жас Ұлан» ұйымының атқарушы хатшысы. Тәлімгерлер мектебінің жетекшісі



Жаңа ғасыр алға қойып отырған міндеттер мен уақыт талабы өте жоғары. Даму қарқыны жоғары жаһандану үдерісінен тыс қалмаған елдің, ұлттың ең басты құндылығы – рухани құндылықтары. Жас ұрпақ халықтың мәдениеті мен тыныс тіршілігін танып білсе, сауатты да қисынды пікір айта алса, оның жан жақты тұлғалық болмысы қалыптасары анық.

Қосымша білім беру – білім алушылардың, тәрбиеленушілер мен мамандардың жан-жақты қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбиелеу, оқыту процесі («Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 39-тармағы).

Балаларға қосымша білім беру олардың түрлерін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын білім беру ұйымдарында және мектептен тыс ұйымдарда

жүзеге асырылады.

Қосымша білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметтерін білім алушыларға бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары көрсетеді және шарттық негізде ұсынады («Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 1-тармағы).

Шымкент қаласы білім бөлімінің «Оқушылар сарайы» МКҚК үш мектептен тыс мекемені - Облыстық оқушылар сарайы, Қалалық балалар мен жасөспірімдер орталығы, Қалалық ауда клубтары бірлестігі - біріктіру жолымен құрылды.

Бұл мақалада мен өзімнің осы мекемедегі еңбек жолыма шолу жасамақпын және іс-тәжірибемнің әріптестеріме пайдасы тиеді деген сенімім мол.

Алғашқы еңбек жолым басталған бөлім мекеменің қызметінде ауқымды рөл атқаратын әдістемелік бөлім, бастапқыда Әдістемелік бөлім атанса кейіннен Мектеп бөлімі атауына ие болды.

Бұл бөлім ұжымның әдістемелік қызметімен қоса облыстық «Болашақ» ұйымының үш сатысы бойынша («Балдырған», «Жас ұлан», «Өркен») жұмыстарды үйлестіреді. Тақырыптық, әдістемелік нұсқаулар, озық іс-тәжірибені жинақтап, тарату, сонымен қатар көпшілік іс-шаралар ұйымдастыруды жүзеге асырды.

Қала көлемінде тәлімгер, тәрбие ісінің меңгерушілері мен мектеп белсенділері үшін оқу семинарларын ұйымдастыру, мектеп педагогтеріне қосымша білім беру жұмысын жүргізуге көмектесу, тәлімгерлер жұмысын жоспарлау, дружина кеңесінің жұмысын жүргізу сынды сан қырлы бағыттарды қамтыды.

Сондай-ақ, семинарларды жоспарлауға қатысты іскерлік ұсыныстар беріліп, дөңгелек үстелдер өтілді. Іс-шараларға қала мектептерінің оқушылары мен С.Рахимов атындағы мектеп курсанттары жүйелі түрде шақырылды.

Мектеп бөлімі «Болашақ» балалар қоғамдық ұйымы, мектеппен байланыс, мұражай жұмысы және жалпы қосымша білім беру бағытында жұмыс жүргізетін 22 үйірме 1803 баланы қамтыды. Бөлім облыс, қала көлемінде түрлі іс-шараларға қатысты. Мектеп белсенділермен жұмыс жүргізді.

Жоспарлы және жоспардан тыс іс-шаралар (мерекелер, танымдық байқаулар мен тақырыптық ойындар, викториналар мен түрлі маман иелерімен кездесу, дөңгелек үстел жұмысы, еске алу кештері, қамқорлық шаралары, әдеби кештер, спорттық жарыстар,

пікірсайыстар мен талқылаулар, т.б.) ұйымдастырылды. «Болашақ» штабы, «Тимуршылар қозғалысы» үйірмесі - мектептік «Тимуршылар тобы» белсенділерін оқыту және қалалық деңгейде аула клубы аумағында қамқорлық жұмысын жүргізумен айналысты. Мектеп жастары ассоциациясы қала мектептерінің жоғары сынып оқушылары – мектептік өзін-өзі басқару комитетінің белсенділерімен жұмыс жасады.

«Тәлімгерлер шеберлігі мектебі» 81 қала мектеп тәлімгерлерімен бірлескен жұмыс жүргізді. «Рәміздік топ және барабаншылар мектебі» қала мектептерінің рәміздік топтары мен барабаншыларын оқыту, үйрету жұмысын жүргізді. Облыстық «Болашақ» балалар ұйымының қалалық слеттерін өткізді.

2010 жылы уақыт талабына сай, білім беру саласының реформаларына байланысты Мектеп бөлімі Ақпараттық-инновациялық бөлім болып атауы өзгерді. Жұмыс мазмұны қосымша білім беру ұйымындағы ұйымдастырылатын негізгі бағыттарды қамтыды. Республикалық бірыңғай «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер қоғамдық ұйымы жұмысын үйлестіру, тәлімгерлер мектебі оқуы мен осы бағыттағы жұмыста түрлі категориялы педагогтар үшін әдістемелік көмек көрсету қызметтері бөлімнің еншісінде қалды.

Іс-тәжірибе негізінде жинақталған бағдарламалар бойынша қосымша білім беру педагогтеріне көмек беру, қала көлеміндегі көпшілік іс-шараларды ұйымдастыруға белсене қатысып, іс-тәжірибелеріміздің нәтижесін әдістемелік нұсқауларға енгіздік.

Өз бөліміміздің атқарған ауқымды шараларының бірі - жалпы білім беру мекемелерінде тәрбие жұмысы мен мекеме өмірі жайлы ақпараттық-сараптау жұмысын жүргізу болды. Мектептен тыс мекеме қызметкерлерімен, жазғы сауықтыру жұмысы бойынша оқу семинарларын өткізуді де жүйелі жолға қойдық. Қосымша білім беру жұмысы қала мектептерімен тығыз байланыс орнату арқылы жүргізілді.

Заманауи мектептегі мазмұнның және технологиялардың өзгеруінің инновациялық сипаты іс-әрекетті таңдау еркіндігін, білім алушылардың жоғары уәждемесін, яғни, адамның шынайы шығармашылық өзін-өзі көрсете білуін қарастыратын қосымша білім беру арқылы күшейе түседі.

Бүгінгі күні Қазақстанда STEAM білімінің белсенді дамуы басталды. Жаңа білім саясатын іске асыру үшін жаңа технологияларды, ғылыми жаңалықтарды және математикалық модельдеуді дамытуға бағытталған STEAM элементтері білім беру бағдарламаларына енгізілуде.

Осыған орай, қызметім 2021 жылдың қаңтар айында Мектеп және спорттық-техникалық бөлімнің қосылуы негізінде құрылған Техникалық-эстетикалық бөлімде жалғасты.



Бөлімде 47 педагог техникалық, спорттық, әлеуметтік-педагогикалық, тіл дамыту бағытында қосымша білім беру бағдарламаларымен жұмыс істейді. Қызмет балалардың қызығушылықтары мен ата-аналардың сұраныстарына сәйкес жүзеге асырылады. Қаладағы жалпы орта білім беру ұйымдарымен тығыз қарым-қатынас орнатылған. Спорттық-техникалық үйірмелер желісі кеңейтілді. Балалар қоғамдық бірлестіктерімен республика деңгейінде тығыз қарым-қатынас орнатылған. Балалардың бос уақытын мазмұнды, қызықты және пайдалы өткізу басты міндетіміз.

Жұмыс бағыты бойынша электронды деректер қорын құру жалғасуда. Өткен іс-шараларды бұқаралық ақпарат құралдары мен мекеменің әлеуметтік парақшасына жариялау да жолға қойылған.

Бөлім педагогтері жұмыс бағыттары бойынша қалалық, республикалық семинарларға, дөңгелек үстелдерге қатысады. РҚББОЭО мен «Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығы ұйымдастырған біліктілік арттыру курстарында дәріс оқып, республикалық Тамыз конференциясын жоғары деңгейде өткізді. Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған қосалқы мектеп-интернат балаларын үйірмеге тартады. Үйірмелердің түрлі

деңгейдегі байқау-жарыс, конкурстарға қатысуына қолдау көрсетеді. Халықаралық, республикалық және қалалық деңгейде әлеуметтік байланыс кеңейді және тереңдеді. Үйірмеде тәрбие жұмысын жетілдірді

Техникалық бағыттағы үйірмелердің өзге үйірмелерге ұқсамайтын өзіндік атқаратын қызметі мен тәлім-тәрбиелік мүмкіндігі зор. «Робототехника» (жет. Жарасов Т.У.), «Роборарк» (жет. Алибеков А.Қ.) үйірмелері роботтардың жұмысы мен құрылысымен таныстырады, қолдануды үйретеді. Сабақ барысында роботқа қажетті бөлшектерді дайындап, робот жинайды.



Үйірмешілер арасында Робо сумо жарысы өткізіліп, балалар өздері құрастырған роботтарын көрсетеді. Балаларға Республикалық жарыстарға қатысады. 2022ж. қарашада Германияның Дортмунд қ. өткен «World Robot Olympiad» халықаралық жарысына қатысты. Жарыста 74 мемлекеттен 365 команда қатысты. Үйірмешілер Михаш Б., Мыңжасар И. жарыста II орын иеленді. Жеңімпаздар ең мықты университеттердің грантын иеленді. Жетекші ҚР Білім және Ғылым Министрінің қабылдауында болып, 1.000.000 тг. қаржылай сыйақы иеленді



Қазіргі заманауи «Авиамодельдеу» үйірмесінде (жет.Рогачев Д.К.) үйірмешілер ұшақ түрлерін алғашқыда қағазбен жасап, күрделі модельдерді құрастыруға дейін үйренеді. Ұшатын модельдерді құрастыра отырып, баланың авиация жайлы пікірі қалыптасады, түрлі құралдармен жұмыс істеуді үйренеді, баланың техникаға қызығушылығы пайда болады.

«Динамо» стадионында ұшу көрсетілімдерін ұйымдастырады. Жыл сайын ҚР ОАМ РҚББООО ұйымдастыруымен өтетін «Техникалық шығармашылық және өнертапқыштардың» республикалық жарысына қатысып жүлделі I орын иеленді. Балаларды техникалық мамандыққа баулу жұмысы жүргізіледі. Үйірмені бітіруші түлектердің 90% техникалық ЖОО түседі.

«Автомодельдеу және картинг» (жет. Қасымбаев Б.К.) үйірмесі қала, республика деңгейінде авtomодельдеу саласындағы бірегей үйірме. Оқу бағдарламасы бойынша

жасөспірімдер жол қауіпсіздігі ережелерін меңгеріп шығады. Балаларды ең қажетті мамандықтың бірі - автожүргізу ісіне үйретеді. Түрлі техниканың білікті жүргізушілерін дайындайды. Балалар техниканың қырсырын меңгеріп, ақау болған квадрацикл, картинг техникаларын өз бетімен жөндеуді үйренеді. Жас техникалық шығармашылық және өнертапқыштардың республикалық жарысына қатысады.

«Эфир» радио үйірмесі (жет. Темирбаев М.Н.) өз жұмысын Оқушылар сарайында 2023ж. бастады. Үйірмеде балалар



радиотехника мен әуесқой радио байланысының негіздерін үйренеді. Үйірмеге қатысатын әрбір үйірмеші физика, астрономия және география сияқты пәндер бойынша қосымша білім алады, сонымен қатар әр түрлі елдердің әуесқой радио операторларымен байланыс орнатады.

Спорттық бағытта каратист болу бала күнгі арманы, сол арманына жетіп, талай белестерді бағындырған, бүгінгі таңда балаларды спортқа баулып, соның нәтижесін көріп жатқан - «Косики каратэ» үйірмесі (жет. Жанкараев Б.Е.), «Томирис» каратэ спорттық-патриоттық клубы (жет. Тулегенова Г.Н.). Балаларды патриотизмге, спортпен шұғылдануға, каратэ до спорт түрінің техникаларын меңгеруге баулиды. Жетекшілер қара белбеу, каратэ-додан ҚР спорт шебері. ҚР Ұлттық спорт төрешілері, «ҚР Каратэ до Шотоканды дамытқаны үшін» медалі, Халықаралық және Республикалық Федерация Алғыс хаттары мен дипломдары, Каратэден Халықаралық судьялық, тренерлік, Техникалық семинарлардың сертификат иегерлері. Үйірмешілер Әлемдік, Халықаралық Ұлыбритания, Франция, Италия, Венгрия, Германия, Литва, Португалия, Индия, Ресей, Украина, Қырғызстан, Абхазия, Өзбекстанда өткен чемпионаттарға қатысып, әлемдік дәрежеде жүлделі орындар иеленеді.



Білімге ұмтылған жастар ақыл-ой гимнастикасы саналатын «Шахмат» (жет. Тайбек Е.О.), «Тоғызқұмалақ» (жет. Кумарова А.К.), «Сиқырлы сандар» (жет. Арыстан А.Н.) үйірмесіне көптеп келеді. Бүгінгі таңда бұл үйірмелерге сұраныс артып отыр. Жетекшілер балалардың интеллектуалдық ой-өрісін дамытып, логикалық ойлауын, есте сақтауын, есептеу дағдыларын, функционалдық қасиеттерін, ойын бойынша сауаттылығын, әр алуан варианттарды жылдам әрі дәл есептей білуге, жеңіске жетуге деген ерік-жігерді қалыптастырып, логикалық ойлау қабілетін дамыту жұмысын жүргізеді. Математикалық олимпиада мен эстафеталар ұйымдастырады. Шахмат





ойнаған бала сабақты, оның ішінде математиканы жақсы оқи бастайды. Шахмат - бұл ақыл-ой күресі, егер сен жеңбесең, онда ол сені жеңеді. Шахматты жақсы ойнау - қиын, алдымен жеңіле білуді, содан кейін жеңе білуді үйрену керек. Ол үшін шыдамдылық қажет.



**Әлеуметтік-педагогикалық бағытта** РҚБ «Жас ұлан» ұйымы жұмысын үйлестіретін орталық Шымкент қаласы бойынша Оқушылар сарайы болып есептеледі. «Тәлімгерлер мектебі» (жет. Тулеметова Г.Б.), «Жас Ұлан» штабы (жет.Наширова Г.З., Аскербек А.М.), «Ұшқын» пікірсайыс клубы (жет.Ағабек С.Ә.) нәтижелі жұмыс атқарып келеді. Белсенділер оқуында тақырыптық пікір алмасу, дебат, тренингтер, интеллектуалды ойындар

ұйымдастырылады. Акция мен жиындар өткізуге әдістемелік көмек көрсетеді. Дебаттық турнирлерге, семинарларға, тренингтік бағдарламаларға қатысу үшін спикерлер дайындайды. Тәлімгерлер мектебі қаланың 139 мемлекеттік жобам тәлімгерлеріне арнайы семинар-оқулар өткізеді. Үйірмешілер Республикалық деңгейдегі түрлі байқау, әлеуметтік жоба, форумдарға қатысып, жүлделі орындарды иеленіп жүр. Қазіргі уақытта пікірсайысты дамыту маңызды, ҚР ОАМ РҚББОӘО өкілдері Шымкент қаласы Пікірсайыс қозғалысын дамыту жобалық кеңсесі жұмысына оң баға берді.



«Жас Ұлан» ұйымы жұмысының бағыты «Ту ұстаушылар мен барабаншылар мектебі» үйірмелері (жет.Ибадуллаева С.М., Дүйсенов А.Ж., Турдалы Е.А.) - қала мектептерінің рәміздік топтары мен дабылшыларын оқыту, үйрету жұмысын жүргізеді. Үйірме жетекшілері республикалық ұйым атрибуттарын пайдалану мен қолдану тәртібін балаларға үйретеді. Қала мектептері арасында «Үздік рәміздік топ» байқауын өткізеді. Жеңімпаздар қалалық деңгейдегі іс-шараларға белсене қатысады.

2016ж. сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру үшін қалалық «Адал ұрпақ» ассоциациясы (жет.Жұмабек А.Т.) құрылды. Сабақта Республикалық бірмезгілдік «Парасаттылық және мейірімділік деген не?» адалдық сағаты, акция, кездесу, «Біздің таңдауымыз - заңды мемлекет» дөңгелек үстелі, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу» іскерлік ойыны, «Жемқорлық құқық бұзушылықтардың картасы» жобалар, бейнероликтер, шығарма байқауын өткізеді. Ассоциация мүшелері РҚББОӘО ұйымдастыруымен «Менің Отаныма - менің бастамам» республикалық шығармашылық жобалар мен «Табиғатты аяла» байқауларына қатысып жүлделі орындарды иеленді.

2023ж. Өзін-өзі басқару ұйымы «Көшбасшы» мектебі (жет.Турдалиева Ж.К.) мен «JAS STAR» ассоциациясы (жет.Султанкулова М.А.) өз жұмысын бастады. Белсенділер оқуы жүргізіледі. Сабақ барысында тақырыптық пікір алмасу, дебат, тренингтер, интеллектуалды ойындар ұйымдастырылады. Акция мен жиындар өткізуге әдістемелік көмек көрсетеді. Үйірмеде көшбасшылар құқықтық мәдениетті, азаматтық белсенділікті, жауапкершілікті,





шығармашылық және сыни ойлауды, даулы жағдайларды дипломатиялық жолмен шешу қабілеттерін үйренеді. Белсенділерден бастамашыл, өзі және қоғам үшін пайдалы әрекет ете алатын көшбасшы, іскер тұлға тәрбиелейді.

Оқушылар сарайының ең кішкентай бүлдіршіндерін Алғашқы эстетикалық дамыту мектебі көпшілік ортаға бейімдейді. Республикалық «Балапан» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында 2012 жылдан бері 4-6 жастағы бүлдіршіндер үшін ашылған, алғашқы эстетикалық дамыту мектебінде 4 топ жұмыс атқарды. Мектеп жасына



дейінгі балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік дағдыларын, рухани-адамгершілік құндылықтарын, бала әрекетін ойын арқылы қалыптастырады. Балалардың есте сақтау қабілетін жаттауға арналған өлеңдер мен тақпақтар және саусақ жаттығулары арқылы, әр баланың интеллектуалды және шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Балалардың эстетикалық көзқарасын, әлемді сұлулық заңдары арқылы тануға қызығушылықтары мен талпыныстарын дамытады.

Тіл дамыту бағытында Ағылшын тілі үйірмелері (жет.Жанакова А.А., Ергешова Ш.А., Таскымбаева А.Н., Төлетай Д.Н.) мектеп бағдарламасына сай қосымша білім беруге және балалардың ағылшын тілін еркін меңгеруіне бағытталған. Үйірмешілерге ағылшын тілінде әндер үйретеді, әлем халықтарының ертегілері және классикалық шығармалардан үзінділерді оқытып үйретеді, сахналық қойылымдар дайындайды.

Қорыта айтқанда, балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, олардың денсаулығын сақтау, сондай-ақ ұжымдық және жеке тақырыптық ғылыми-зерттеу және шығармашылық жобаларды іске асыруға қатысу арқылы балалардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталуы тиіс.



Биылғы жыл біздің мекеме үшін айтулы мереке, Оқушылар сарайы өзінің 80 жылдық м е р е й т о й ы н өткізеді. Киелі шаңырақтан әлі де талай дарындар шығады деген үлкен сеніміміз бар. Балалар арманының орындалар мекені боп қала бер, Оқушылар сарайы!!!

### Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат;
2. Қазақстан Республикасы жалпы орта мектептерінде балаларға қосымша білім беру ерекшеліктері 2022-2023 оқу жылы;
3. «Қазақ әдебиеті энциклопедиялық анықтамалық» Аруна б., Алматы қ., 2015ж.;
4. Г.Қажиева. «Қосымша білім беру жүйесіндегі мектептен тыс ұйымдардың оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру және басқару» әдістемелік құрал, Алматы, 2017;
5. Г.Т.Қажиева. «Орта білім беру мазмұнының жаңаруы жағдайында балаларға арналған қосымша білім беруді басқару» әдістемелік нұсқаулық. Алматы: «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы БЖ КБАРИ - Алматы, 2017- 80 б.

## ШАЛҚАР ШАБЫТ МЕКЕНІ!

**Примбетова Раушан Асанханқызы – Оқушылар сарайының Бұқаралық бөлім меңгерушісі, дәстүрлі қалалық «Абай, Мұқағали, Оралхан Бөкей оқуларының» тұрақты ұйымдастырушысы, педагог-зерттеуші**



Қазіргі жаһандану белең алған дәуірде заманауи сын қатерлерге төтеп беретін толыққанды, жан-жақты дамыған азамат тәрбиелеудің, өз бетінше шешім қабылдап, сыни пікір мен жеке көзқарасы бар, өз ұлтының өнері мен мәдениетін, әдебиетін, тарихын мақтаныш тұтатын ұлтжанды, отаншыл тұлғаны қалыптастырудың маңызы зор. Өскелең жас ұрпақты мәдениет пен өнерге баулу арқылы ұлттық болмысты толыққанды қалыптастырудың маңыздылығы артуда. Бұл орайда мемлекет басшысы Қасымжомарт Кемелұлы: «Тәрбие ісінде ұлттық педагогика бастауларын да назардан шығармаған жөн. Балаларымыздың бойына қазақтың салт-дәстүрі мен құндылықтарын сіңіру аса маңызды.» деп, ерекше мән беріп отыр. Рухани жаңғыру заманында ұлтымыздың дәстүрлі өнер салаларын дамыта жүріп балалардың бойына ұлттық рухани құндылықтарды сіңіріп, көзі ашық, көкірегі ояу отаншыл, еліне жанашыр азамат қалыптастыру – бүгінгі заман талабы.

Бұқаралық бөлімі – мәдени іс-шараларды ұйымдастыру, шығармашылық кештер мен сахналық қойылымдар жасау, түрлі мамандық саласындағы танымал тұлғалар мен өнер және мәдениет қызметкерлерімен кездесулер, мерекелік атаулы күндерде түрлі іс-шараларын өткізу бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп келеді.

Бөлім педагогтерінің басым бөлігі - озық тәжірибелі сан жылдық еңбек өтілі бар шыңдалған мамандар. Өскелең ұрпақтың жаһандану дәуірінде жан-жақты жетіліп, ұлтжанды, отансүйгіш, ойы озық, шығармашылық қабілеті жоғары, заман ағымына сай креативті болып қалыптасуына кәсіби біліктілігімен игі ықпалын тигізуде! Балалардың дүниетанымын, ой-өрісін кеңейту, зейіндерін қалыптастырып, сөздік қорын молайту, туған халқының ұлттық құндылықтарын бойға сіңіріп, тілі мен өнерін қастерлейтін саналы да парасатты азамат етіп тәрбиелеу – басты мақсат!

**Бұқаралық бөлімі** - шығармашылық қуаныштың, мейірімділік пен рухани байлықтың мекені. Бөлімде Қаланова Р.М., Ашимов Т.О., Маханова Ж.А., Ахмедова Н.К., Новикова О.В., Имангулова Г., Адилбаев М.М., Орал К.Д., Касымова Л.Т., Калиева Ж.У., Пералиева Б.Е., Аширбекова П.С., Сипатаева А.К., Алимбекова Ж., Мадуанова Қ.С., Қошқарбаева А.Н., Шерметова Т.Г. сынды дарынды тәжірибелі педагогтер жас буынға өмірлік өнегесі мен тәжірибесін кеңінен насихаттап келеді.

### **Тіл дамыту үйірмелері**

Қазақ тілі – дүние жүзіндегі ең бай, бедерлі де бейнелі тілдердің бірі. Сөйлер сөзге,





тілге адамзат сонау көне дәуірдің өзінде-ақ ерекше мән берген. Ғасырдан ғасырға жетіп ұласып жатқан ел аузындағы небір ғажайып аңыз-әңгімелер, көне мақал-мәтелдер, жазба деректер осының айғағы тәрізді. Қай халықтың болса да қоғамдық өсіп-өркендеу жолында көтеріле алған биігі мәңгілік болып, ана тілінде сақталып отырады. Бұл – бәрімізге де қымбат мұра, бай қазына.

Үйірмеге қатысушы балалар сөз өнері мен сөйлеу қабілетін жетілдіру бағытында білім алады. Өнерге деген қызығушылыққа баулу барысында ұлттық көркем-әдеби шығармалар кеңінен насихатталып, классикалық әдебиеттегі кейіпкерлердің диалогы, монологы оқу процесінің басым бөлігін қамтиды.

Тіл дамыту бағытындағы «Жас журналист» (Сипатаева А.К.), «Тіл тағылым» (Сейдазимова Б.А.) үйірмелерінің мақсаты – бала бойына көркемдік-эстетикалық, моральдық-этикалық нормаларды сіңіру,

шығармашылық көзқарас, ойлау функцияларын дамыту, сахна мәдениетін, сахна тілін қалыптастыру, көпшілік ортада жүріс-тұрыс заңдылықтарына тәрбиелеу, дұрыс сөйлеу техникасына дағдыландыру, терминалогиялық сөздіктермен жұмыс жасау, шығармашылық қарым-қабілетті арттыру. Үйірмешілер көптеген іс-шараларда, мерекелік кештер мен концерттік бағдарламаларда, ұстаздар қауымының дәстүрлі Тамыз кеңесінде, қаламыздағы жыл сайынғы жаңа білім ордаларының ашылу салтанатында үгіттобы құрамында үздік өнер көрсетіп келеді. Сондай-ақ, халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық түрлі көркем сөз оқу байқауларына қатысып, жүлделі орындарды иеленуде.



### Театр үйірмелері

Театр – адамзат өмірінің бір ажырамас бөлшегіне айналып, әсемдік әлемін алдарына жайып салып, оларға қуаныш сыйлайтын құдіретті орын.

Жастарға көркем-эстетикалық, патриоттық, тәрбие беруде балалар театрларының қосар үлесі, берер әсері ерекше. Адам бала кезінде ертегіге құмар, сұлулыққа құштар болады. Балалардың өнерге, өмірге деген талпынысы сәби шақта талай аңыз әңгімелер, ертегілер тыңдау барысында қалыптасады.

«Шабыт» театр (жет. Касимова Л.Т.) үйірмешілері Т.Жүргенов, Ж.Елебеков атындағы өнер оқу орындарының студенттері. Үйірмешілер «Нұр әлем жұлдызы» орталығының «Ұлы даланың жеті қыры» байқауында

«Сахналық қойылым» номинациясымен Бас жүлде, республикалық «CREATIVE FEST» байқауында Бас жүлде, «Мұрагер» балалар шығармашылығы байқауында «Сахналық қойылым» номинациясы бойынша А.Чеховтың «Жылқы аттас фамилия» шығармасын сахналандырып, Бас жүлде иеленді.

«Шабыттықтар» жыл сайын Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының дәстүрлі ұйымдастыратын «Театрдың ғажайып әлемі» байқауына қатысып, жүлделі орындарды иеленіп келеді. Атап айтар болсақ, 2023 жылы Алматы қаласында өткізілген аталмыш байқаудан I орын жеңімпазы атанып келді.



«Балауса» театр (жет. Пералиева Б.Е.) үйірмешілері халықаралық «Новый формат» өнер байқауының I дәрежелі лауреаты, республикалық «Нұрлы жастар» орталығының «Көк тудың желбірегені» өнер байқауының I дәрежелі лауреаты, республикалық «Атадан мұра» қоғамдық қорының «Дарабоз» балалар шығармашылығы байқауының Бас жүлде иегерлері.

«Шаттық» театр (жет. Қалиева Ж.У.) үйірмесі Алматы қаласында өткен «Білім ғылым мекемелерінің бюджеттік ұйымдар қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің II съезіне қатысып, төсбелгімен марапатталды. «Театрдың ғажайып әлемі» атты Республикалық фестиваль-байқауында үйірмешілер «Ең үздік шебер» Сертификаты мен Алғыс хатын иеленді.

**Саз аспаптарын үйрету бағытындағы үйірмелер**

1. «Фортепиано» үйірмесі – жет. Ахмедова Н.К.
2. «Фортепиано» үйірмесі – жет. Новикова О.В.
3. «Жас пианист» үйірмесі – жет. Имангулова Г.Ф.

Музыка – мәңгіліктің ең керемет символы. Адамзат еңбегі мен талантының, ізденісі мен махаббатының, қайғы-қасіреті мен қуаныштарының жемісі.

Үйірмеде балаларға таңғажайып музыка әлемінің қыр-сырын игерту жолында жүйелі жұмыстар атқарылуда. Сабақ жеке бағытта өткізіледі. Түрлі классикалық туындылармен қатар ұлттық өнердің озық үлгісі игертіледі. «Фортепиано» үйірмесінде балаларға арналған техникалық сынақ (2 этюд, диездік айналым гаммасы жыл сайын қазан айында ұйымдастырылып, соңынан академиялық концерт қойылады. Оның бағдарламасында: полифония, орыс және кеңестік дәуір



композиторларының пьесалары орындалады. Қаңтар айында «Қысқы ертегілер» тақырыбында концерт қойылады.

Үйірмешілер «Өнер керуені» республикалық конкурсының, «Өнерлі өркениет» республикалық байқауының, халықаралық «Sound of Azia» онлайн байқауының, Нұр - Сұлтан қаласында онлайн форматта өткізілген халықаралық «GRAND MUSIC FESTIVAL» конкурстарының жеңімпаздары.



«Әсем әуен» гитара (жет. Адилбаев М.М.) үйірмешілері «Таңғы шұғыла» халықаралық жобасының I орын, халықаралық «Жұлдыздар әлемі» байқауының I орын, «Звезда удачи» жобасының II орын, республикалық «Күншуақ» саз аспаптары байқауының Бас жүлде, «Көк тудың желбірегені» байқауының I орын иегерлері.

Дәстүрлі ән, күй өнері  
Киелі қара домбыраның сүйемелдеуімен айтылатын дәстүрлі ән өнері кемел құрылымымен, кең диапазон, күрделі ырғақ-иірімдерімен ерекшеленеді. Талай ғасыр сүзгісінен өтіп бүгінге жеткен дәстүрлі ән өнерін мектеп жасындағы балаларға үйрету мақсатында «Өн-домбыра» (жет. Аширбекова П.С.) үйірмесі жұмыс жүргізеді. «Kz talanttari» байқауынан Бас жүлде, I

республикалық «Өнер керуені» байқауынан Бас жүлде, «Өнерлі өркениет» республикалық ІІ онлайн балалар байқауынан Бас жүлде иеленді.

Үйірме көптеген мерекелік іс-шаралардың көркін қыздыруда. Жыл сайын талантты танымал тұлғалармен кездесу кешін өткізу қалыпты үрдіске айналған.

«Әтуғай домбыра» ән (жет. Оразбаева М.С.) үйірмесі халық әндері, танымал композиторлардың әндері, терме, дәстүрлі әндер үйретеді. Республикалық «Жарқын Болашақ» ғылыми-әдістемелік орталығы «UZDIK USTAZ 2020» төсбелгісімен және «Атадан мұра» қорының «Үздік ұстаз төсбелгісімен марапатталды. Үйірмешілер бірнеше халықаралық, республикалық байқаулар жеңімпаздары.



**«Құрманғазы» күй студиясы** (жет. Алимбекова Ж.Ж.) 45 бітірушісі арнайы музыкалық оқу орындарында осы сала бойынша білімін жалғастыруда. Студия мүшелері «SOPRAVISTA INTERNATIONAL FESTIVALS» Халықаралық фестивалінің Гран при жеңімпазы (Италия), «EVENT ARENA MOSKOW» онлайн байқауларының ІІ орын, республикалық «Өнер керуені», «Дарабоз», «Жас жұлдыз» байқауларының жүлдегерлері.

**«Күй сандық» студиясы** (жет. Мадуанова Қ.С.) Студия 2010 жылдан бастап жұмыс жасайды. Студияға 6 жастан жоғары балалар қабылданады. Халық күйі және автор күйлері үйретіледі. Үйірмешілер халықаралық «Балауса жұлдыз», байқауында І орын, республикалық «Өнерлі өркениет», «Дарабоз» «Нұрлы жастар», «Жұлдыздар әлемі» байқауларының Бас жүлде иегерлері.

Бүгінгі таңда өнер әлемінің көгіне кеңінен танымал болған талай таланттың қанатының қатаюына себеп болған киелі шаңырақты 80 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!



Әлі талай жарық жұлдыздың шырағы жанарына бек сенімдіміз!

#### **Хореография бағытындағы үйірмелер**

Қазақ биінің құдіретін әлемдік деңгейдегі өнер байқауларында паш етіп, шеберлігін шыңдаған, балғын өнерпаздардың бойына әсемдік нұрын төгіп, тағылымды тәрбие бере білген би ұжымы

б а ғ ы н д ы р ғ а н  
б е л е с т е р і  
с а н а л у а н .

Х а л ы қ а р а л ы қ

өнер байқауларында үздіксіз жеңімпаз атанып келе жатқан «Айгөлек» халықтық балалар би ансамблі республикалық, облыстық, қалалық іс-шараларға белсенді қатысып, өзіндік өрнегімен айрықша үлес қосып келеді. Бүкілодақтық фестиваль лауреаты, Мәскеуде өткен жастар мен студенттердің Дүниежүзілік фестивалінің дипломанты, Чехия, Прага қ. өткен фестиваль лауреаты, Парижде өткен халықаралық фестивалінің дипломанты, Ирландия, Ұлыбританиядағы Халықаралық фестивальдің лауреаты, Испанияның Лоретт Дел қ. «Музыка моря» фестиваль-конкурсының Гран-при иегерлері. Қазіргі



таңда ансамбльге балалардың жас ерекшеліктеріне қарай Р.М.Каланова, Е.В.Голобокова, А.Б.Садыкова жетекшілік етеді.

«Еркетай» балалар би ансамблі (жет. Шерметова Т.Г.) Алания қ. өткен



халықаралық «DANCE OLYMPIA» байқауының II орын лауреаты, Париж қ. «Салют талантов», «Париж я люблю тебя» халықаралық фестивалінің I орын лауреаты, Санкт Петербургтағы «Проект трех стран», «Розы России» II орын лауреаты, Сочиде өткен «На творческом Олимпе» халықаралық фестивалінің I орын лауреаты, Араб Эмиратында өткен «UEA SHARJAN» фестивалінде I орын лауреаты жеңімпазы.

Эстрадалық бағыттағы ән үйірмелері «Алтын ғасыр» (жет.Ашимов Т.О.) эстрадалық ән үйірмесі репертуарында қазақ, орыс, өзбек,

украин т.б тілдердегі ән шығармалары орындалады. Үйірме жетекшісі Т.О.Ашимов репертуардағы бірнеше әндердің сөзі мен әнінің авторы. ОҚО 70 жылдығына орай «Оңтүстік» әні үшін Облыс әкімінің степендиясы иегері атаңды. Жоғары жетістіктері және ұлтаралық тұрақтылықты нығайтуға қосқан елеулі еңбегі үшін Облыс маслихаты хатшысының Грамотасымен марапатталды. 2021ж. «Ұлағатты ұстаз» төсбелгісі иегері. Үйірменің негізгі ұстанымы – патриоттық, авторлық әндер.

«Балдәурен» (жет.Маханова Ж.А.) үйірмесі эстрадалық вокал жанрында сабақ жүргізеді. Үйірмешілердің бойындағы жеке қабілеттері мен таланттарын дамыту, ән өнерінің қадір-қасиетін ұқтыру – басты мақсаты. Үйірмешілері бірнеше дүркін халықаралық, республикалық байқаулар жеңімпаздары.



ҚР Оқу-ағарту министрі Бейсембаев Ғани Бектайұлының басшылығымен «БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ» жасалды.

Ұлттық құндылықтарымыз арқылы өскелең ұрпақты патриоттыққа тәрбиелеу, Әділетті Қазақстанның Адал азаматын қалыптастыру – Қосымша білім беру педагогтарына да үлкен жауапкершілік жүктеп отыр.

Еліміздің кемел ертеңін жасау жолындағы ұрпақ тәрбиелеу ісінде барша әріптестерге шығармашылық шабыт, терең ізденімпаздық пен қажырлы қайрат тілеймін!

## АУЛА КЛУБЫ - ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ БАСТАУЫ

**Кудайбергенова Айнаш Маликовна – Шымкент қ. Оқушылар сарайы  
Аула клубы бөлімінің меңгерушісі**

Балалардың мектептен тыс бос уақытын тиімді ұйымдастыра отырып, тәрбие бағытында нақты қызмет көрсететін, түрлі салада қосымша білім беретін, кәсіби күзінеттілігін қалыптастыратын бірден-бір білім мен тәрбие ордасы – мектептен тыс ұйымдар болып табылады. Солардың бірі, аула клубтары. Аула клубтардың дамыған кезеңі ХХ – ғасырдың 50-80 жылдарымен тұспа-тұс келеді. Алайда 1990 жылғы қоғамдағы өзгерістер терең экономикалық дағдарыстар туындатып, оның кері әсері білім саласына, мектептен тыс мекемелерге тиді. 1990 жылдың аяғында мектептен тыс мекемелер өздерінің құқықтық базаларын құрып, заңды тұлғалар ретінде өз уставтарын бекітті. Қосымша білім беруді ұсынып, қоғамның мемлекеттік, білімдік және мәдени қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында бірнеше бағдарламалар іске асырылды.

Облыстық Оқушылар сарайы – Республика көлеміндегі ең байырғы мектептен тыс мекемелердің бірі. Өз тарихын сонау сұрапыл 1943 жылдан бастаған.

Сонымен қатар, оңтайландыру саясатына орай Қалалық балалар мен жасөспірімдер орталығы және Аула клубтары бірлестігінің бірігуі негізінде 2005 жылдың маусым айынан бастап Шымкент қалалық балалар мен жасөспірімдер орталығы болып жұмыс атқарып келеді. 2005 пен 2014 жылдар аралығында тұрғылықты орын бойынша «жұмыс бөлімі» болып аталған.

Қызылорда облыстық басқару органдарының координациялық кездесуіне жас ұрпақ қозғалысының “Аула” клубтары жұмысын үйлестіру және оның мәселелерін шешу жолдары» тақырыбында семинарға қатысып өз біліктілігін көрсетті және өз ісінің

мамандарымен тәжірибе алмасты.

2014 жылы «Самұрық – Қазына» Ұлттық Әл-ауқат қоры АҚ қолдауымен ұйымдастырылған Қостанай қаласында өткен «Қазақстан – 2050» жалпыұлттық қозғалысы шеңберінде «Елдің күші – бақытты отбасы» республикалық жобасына тәжірибе алмасу мақсатында бөлім меңгерушісі және “Аула” клубтарынан білікті педагогтары шақыртылып, жобаны жүзеге асыру мақсатында 1 ай көлемінде түрлі бағыт бойынша Шымкент қаласының мөлтек аудандарында бірнеше іс – шара



жоспарланып өткізілді.

Шымкент қаласының Білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткен ҚР-сы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай аула клубтарының «Мүмкіндіктер калейдоскопы» фестиваліне қатысты. Оқу-білім жүйесін жақсартудағы еңбегін жоғары бағалап облыстық білім басқармасының, қалалық білім бөлімінің, Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласы бойынша білім, спорт және мәдениет қызметкерлерінің кәсіподағының «Ұлағатты ұстаз» төсбелгісімен марапатталды және де Шымкент қаласы, аудан әкімдерінің алғыс хатымен марапатталды. Айнаш Маликовна жауапкершілікті терең сезініп, өзіне де өзгеге де талап қоя біледі.





Педагогтар мен ата – аналар арасында балалар мен жасөспірімдерді түсіну, әрі шығармашылық бағытта және мәдени мұраны меңгеру, дамыту, оны елдің рухани қажетіне жарату үшін ауқымды жұмыс жүргізіп қана қоймай, қажымай-талмай еңбек етіп келеді. Аула клубындағы оқу-тәрбие жұмысының ерекшелігі – балалардың бос уақытын тиімді пайдалануға тәрбиелеумен қатар, мектептен тыс кезде оқу-тәрбие жұмыстарын ұштастырып, тұрғылықты жердің балалары мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді өткізу мақсатына негізделген. Аула клубтары – балалардың нағыз жанын түсінетін, достыққа үйрететін, қоғам өміріне бейімдейтін, олардың жетекшілік қабілетін дамытатын мекеме. Аула клубына балалар мен жасөспірімдер келеді. Олар техникалық, интеллектуалдық шығармашылықпен, спортпен, өзінің қабілетін дамытумен және өзінің бос уақытын тиімді өткізумен айналысады.

Аула клубының негізгі міндеттері:

- балалардың жеке басының дамуына, денсаулығын нығайтуына, кәсіптік бағдарын айқындауына, шығармашылық еңбегіне, өздерінің қабілеттерін анықтауына және іске асыруына қажетті жағдайларды қамтамасыз ету;
- қоғам өміріне бейімдеу, құқық бұзушылықтың алдын алу, балалардың әлеуметтік құқықтарын қорғау жөніндегі жұмыстар жүргізу;
- олардың бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру;
- ғылым негіздері бойынша білімдерін тереңдету;
- өскелең ұрпақтың азаматтық сана-сезімін, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Аула клубы – балалармен жұмысты жыл бойы қамтамасыз етеді. Оқу жылы ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінде басталып, келесі жылдың 25 мамырында аяқталады. Аталған клубқа 6 жас пен 18 жас аралығындағы балалар қабылданады. Оқу жылы барысында аула клубы балаларына қосымша білім алуына барынша мүмкіндік берілсе жазғы кезеңде мазмұнды демалыс пен сауықтыру жұмысына көбірек көңіл бөлінеді. Мектепте баласының сабағы, күнделікті тәртібі қадағаланса, аула клубтарында балалардың ата-аналары өз балаларымен бірлесіп жұмыс атқарады. Өткізілетін әр бір іс-шара ата-ананың ықпалымен ұйымдастырылады. Аула клубының сабақ кестесі балалардың еңбегі мен демалыс тәртібіне қолайлы жағдай тудырады. Аула клубтары арасында өтетін көптеген іс-шараларға ата-аналар да белсене қатысады.

Қазіргі таңда аула клубтары қызметтерін ұйымдастырып, оларды іске асыруына көмектесетін қаланың шеткі мөлтекаудандарында орналасқан «Жастық», «Алпамыс», «Жалын», «Шабыт» аула клубтарына 1200 бала қосымша білім берумен қамтылған.

Қосымша білім беру бағыттары бойынша балалар мен жасөспірімдер тәрбиесіне үлес қосып жүрген аула клубтары бүгінгі таңда даму үстінде.

Оқу жылы барысында аула клубы балаларына қосымша білім алуына барынша мүмкіндік берілсе, жазғы кезеңде мазмұнды демалыс пен сауықтыру жұмысына көбірек көңіл бөлінеді. Өзіндік жұмыс тәжірибесі жинақталған аула клубтары балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, оларды көшенің зиянды ықпалынан аластатуға, ойынханалар мен ғаламторға тәуелділіктен ажыратуға, ата-аналарының көз алдында тұрғылықты орында қосымша білім алуына өз үлесін қосып отыр.

Аула клуб бөлімінде озық тәжірибесі мол білікті қосымша білім беру педагогтары жұмыс атқарады. Үйірме жетекшілері үйірме жұмысы мен қатар атаулы күндерге арналған мерекелік іс-шаралар түрлі жарыстар мен байқау жарысын өткізеді. Аула клубының балалары үйірмелерге қатысып қана қоймай сондай ақ танымдық ойындар мерекелік іс-шараларға да белсене қатысып келеді.

Қаланың шеткі аудандарының бірінде орналасқан «Шабыт» аула клубында қазіргі таңда шығармашылық, көркем-эстетикалық, спорттық бағыттары бойынша «Поэзия әлемі», «Күй домбыра», «Асық ойыны», «Бокс», «Жас журналист», «Футбол» үйірмелері жұмыс істейді, қамтылған бала саны 300-ге жуық.



«Жас журналист» үйірмесі «Сырлы сұхбат» «Поэзия әлемі» үйірмесі



Күй домбыра» үйірмесі



«Бокс» үйірмесі



«Асық ойын» үйірмесі



«Футбол» үйірмесі

«Жастық» аула клубы Шымкент қаласы Сайрам м/а №6 үйде орналасқан. Бұл аула клубта көркемдік – эстетикалық, тілдік бағыттары бойынша. «Ағылшын тілі», «Өнер», «Білімпаз», «Математика», «Жас талант» үйірмелері жұмыс жүргізеді қамтылған бала саны - 400-ге жуық.



«Аула мерекесі»



«Тәулсіз елдің ұландары»



«Өнер» үйірмесі шеберлік сыныбы



«Рәміздер мерекесі»

«Алпамыс» аула клубы Қабанбай батыр №10 үйде орналасқан  
Аула клубта көркемдік – эстетикалық, тілдік бағытта «Асыл мұра», «Орыс тілі», «Алтын оймақ», «Мұрагер», «Lucky», үйірмелері 220 баланы қамтып білім беруде.



«Lucky» үйірмесінің танымдық сабағы



«Алтын күз» мерекесі

Баланың қызығушылығына септігін тигізіп, икеміне қарай жаңа қырынан танылуына, өмірлік жолын анықтауда аула клубтарының маңызы зор. Сондай аула клубтардың бірі 2021 жылдан бері Қ. Тұрсынбайұлы көшесі №1 үйде орналасқан «Жалын» аула клубы. Бұл аула клубта спорттық, көркемдік – эстетикалық және тілдік, жаратылыстану бағыттар бойынша жұмыстар жүргізіледі.

«Математика», «Үйренейік өнерді», «Жас биолог», «Ән домбыра», «Сурет», «Ағылшын тілі», «Көркем сөз», «Армрестлинг», «Ән домбыра» үйірмелері 400-ден астам баланы қамтып қосымша білім беруде.



«Алтын күз» мерекесі



«Армрестлинг» үйірмесі «Жас чемпиондар»



«Жас домбырашылардың» өнері



«Сурет» үйірмесі

Баланың қызығушылығына, икеміне қарай жаңа қыры ашылып, өмірлік жолын анықтауға да аула клубтары өз септігін тигізеді. Нәтижесінде, баланың жауапкершілігі артып, тұлға ретінде қалыптасуына мектептен бөлек қосымша білім берудің де ықпалы мол болмақ. Балалар бос уақытын көшенің қалтарысында, не иесіз қуыстарда өткізгенге қарағанда, аула клубтарында өскен баланың тәрбиесі мен болашағы айқын екеніне сеніміміз кәміл.

Өзіндік жұмыс тәрбиесі жинақталған аула клубтары – балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, оларды көшенің зиянды ықпалынан аластатуға, ойынханалар мен ғаламторға тәуелділіктен ажыратуға, ата-аналарының көз алдында тұрғылықты орында қосымша білім алуына мол үлесін қосып отыр.

**«Әр күн – көңілді, әрбір сәт қуаныш»**



## ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ СУИЦИДАЛДЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Кудиярова Жанат Рамановна  
Оқушылар сарайының педагог-психологы



*Адамды жан – жақты тәрбиелеу мен дамыту үшін оны жан – жақты біліп алу керек*

*К.Д. Ушинский*

Жасөспірімдер 11 – 16 жас аралығындағы балалар. «Жасөспірім» сөзінің мағынасы ішкі дүниенің негізгі тенденциясының дамуын көрсетеді. Жасөспірім шаққа аяқ басқан баланың қалыптасуындағы түбегейлі өзгерістер сана-сезімінің дамуындағы сапалық өзгеріспен анықталады. [11/ 27-б]

Олардың физиологиялық, дене құрылысының, күшінің, жыныстық бездерінің қатты дамуын байқауға болады. Сондықтан да осы жас аралығында балалар өздерін ересектер қатарына қосады.

Жасөспірімдер басқалардан ерекшелену мақсатында мінездерін көрсетеді. Әсіресе, бұндай көңіл-күй, ер балаларда 11-13 жаста, қыз

балаларда 13-15 жаста көптеп кездеседі. Осы кезеңнен балалар мінез қиырлығымен сипатталады. Жасөспірімдер өте еліктегіш болады, егерде олардың еліктеуі орынсыз болса, баланың тәрбиесі қиындайды, еңбек, күш қабілеті төмендейді. Жасөспірім өзін бала емес екенін сезініп, сенімсіз болады. Оларды «Мен кімін?, «Не үшін өмірге келдім?» деген сұрақтар көп мазалатады. Ол өзіне, өзгеге сын көзбен қарайды. Көп жағдайға көңілі толмайды. Беделге ұмтылу дағдарысы отбасында әкесі мен шешесіне қарсы шығудан көрінеді. Жасөспірім билікке, тәртіпке, жалпы қабылданған ережелерге қарсы шығып, мойындаудан бас тартады. Шындықтан қашу, қалыпсыз мінез-құлыққа, секталарға, жастар қоғамына кіруге ұмтылудан көрінеді. Олар өте қызыққыш болады, мысалы, қызық кітап, фантастика, марка, значок, кассета, фото, кино, әнге құмарлық, құмарлық т.б. кейбіреулері жағымсыз қылықты құмарлатады, мысалы, саудагерлікке, шылым шегу, ақшақұмарлыққа т.б.

Сондықтан ата-ана мұғалім бір-бірімен өзара байланыс жасап, үйдегі мінез-құлқы мен мектептегі мінез-құлқын бақылап отыру керек.

Ата-ана мен мұғалімдер жасөспірімдерге ересектердің міндетін артады, балалардың құқығын шектейді. Бір тапсырманы орындамаса, «неге орындамадың, қашанғы бала боласың?» дейді. Ал, жасөспірімдер бір нәрсеге ересектік талпыныс жасаса, «Сен әлі баласың» дейді. Ересектер баланың жаман жолға түсіп кетуінен сақтанады.

Жасөспірімдер балалық кезеңнен өткеннен кейін, ата-анамен қарым-қатынастан құрбыларымен қатынасқа, ой бөлісуге көшеді. Ересектің пікірінен гөрі, құрбыларының пікірін артық санайды. тек жасөспірімдер бір-бірін түсінеді, себебі ортақ әңгіме, ортақ идея, ортақ кейіпкер, ортақ пікір, ортақ ойын, ортақ демалыс, ортақ сезім, ортақ мұң, ортақ қуаныш-бәрі ортақ. Сол ортақты бөліседі.

Жасөспірімнің өзіндік «МЕНІ» жоғары болады. Олар ересек адамдарға еліктегендіктен, солар сықылды қылықтар жасап, оны үлгі тұтады. Кейбір жағымсыз мінез-құлықты дұрыс деп санайды.

Ересектер жасөспірімнің намысына тимеуі тиіс, олар өте намысшыл болады, оларға

үнемі сенімділік артып, кішкентай сәл ғана жетістіктермен мадақтап, «Сенің қабілетің бар, сенің қолыңнан келеді, мен саған сенемін» т.б сөздерді қолданып, психологиялық тұрғыдан дені сау адам етіп шығару керек. Олар достыққа, жолдастыққа берілген болады. Досының, жолдасының алдында адал, сатқындықты көтермейді, кешпейді. Егер жасөспірім сенімді жолдас болып, басқаға дос бола берсе онда мақсатына жеткені. Ал, егерде достарының алдында күлкіге қалса, оппозицияға ұшырайды, өзінше топ құрып сыныптың, мұғалімнің берекесін алып, бұзық жолға түседі. Осыдан «қиын оқушы» туындайды. Егерде олар сыныптан, мектептен өз орнын таппаса, сол орынды сыртқы ортадан табады. Сыртқы орта оны түсінеді, сыйлайды. Жасөспірім келеңсіздікке ұшыраса, одан шығу өте қиын болады. Себебі бұзақылық тобынан шыққан адам сатқын болады. Олар сатқындықты кешірмейді, қатаң жазалайды, өмірін де қиып жіберуі мүмкін.

Суицидтік мінез құлықтың психологиялық ерекшелігі

Суицид саналы түрде жасалатын әрекет. Адамның жаны қиналған кезде немесе психикалық аурудың өрбуінен пайда болады. Сондай - ақ науқас адамның стресстік күй кезінде шешім, таба алмауынан, артық қиналғысы келмеген жағдайдан, жанының әлсіздігінен, өкіну, уайымдаудан көруге болады. Науқас адамдардың психикалық күйі тұрақсыз болады. Олар өз-өздерін бақылап алмайды, не айтып жатқанын, не істеп жатқанын білмейді, агрессивті мінез-құлқы басым болады. Ал, кейбіреулерінің көңіл күйлері жоғары, қимылы тез, мазасыз т.б. болады. Бұндай орынсыз қылықты сырттағы адамдар тез байқайды. Олардың ұйқысы, түсі бұзылады, денесінде әлсіздік байқалады. Олар өздеріне жоғары талап қояды, өз-өздерін бағалауы төмен болады. Басқалармен ашық сөйлесе алады, олардың жағдайларын түсінуге тырысады, өз беттерімен шешеім қабылдауға қиналады, өз бетімен жүре алмайды, өмірге құштарлығы төмендейді, өзін басқалардан кем санайды.

Өзіне-өзі қол салатын адамдар бұлар әлсіз, әрі батыл адамдар.

Әлсіздігі - өмірмен күрескілері келмейді, қиналады.

Батылдығы - өз өмірін қорықпай қиюы.

Суицидтік мінез-құлқтың үш типі бар:

Анық - бұл жағдайда өмірге деген қызығушылығы таусылған адам өлімге өзін ұзақ дайындайды. Шынайы суицидке қашан да жабырқау дағдарыстық жағдай немесе өмірден бас кешу жайлы ой, өмір сүрудің мәні жайлы ойланып, күйзелу және өз өмірін қиюды армандау жатады. Шынайы суицидті іске асыру ұзақ уақытты талап етеді (бірнеше күннен айға дейін немесе одан да көп болуы мүмкін)

Жасырын – алдын ала ойластырылмайды, ол кенеттен пайда болады. Адам өзін өлімге арнайы дайындамайды. Тек саналы түрде тәуекелге бел буу күтпеген өлімге алып келеді. Ол кенеттен қатты психотраммадан туындайды.

Демонстративті суицид - өлім ниетімен байланысты емес, қайта өз проблемасына назар аударудың әдіс-құралы, басқаларды көмекке шақыру. Біреуге бір нәрсе дәлелдеу үшін өз-өзіне қол жұмсайды. Демонстративті суицид – даулы жағдайды қолайлы жаққа өзгерту мақсатында өз өмірінің құндылығын сақтап қалу, өзіне көндіру іс-әрекеті (өзіне деген аяушылық туғызу, қиыншылықтардан құтылу). Демонстраивті суицид кезінде адамдар өлімге жол бермеу керектігін түсінеді, ересектер арасында 10-нан біреуі ғана, ал жасөспірімдер 50- ден немесе 100- дің біреуі ғана өз-өзіне қол жұмсайды. Қыз балаға қарағанда ер жігіттер 2 есе артық өзіне қол жұмсайды, дегенмен қыздар осы талаптарды жиірек қолданады.

Өзіне-өзі қол жұмсаудың негізгі 4 категориясы:

Аномикалық - Өзін-өзі өлтіру –кенеттен қоғамда кездесетін қиындықтардан шығудың жолын таппай, өз өмірін қию.

Өзімшілдік - Өзін-өзі өлтіру - басқа адамдармен байланысы жоқ, жалғыздыққа жаны құмар, өзімен өзі болуды қалайды.

Фаталистік - Өзін-өзі өлтіру –жеке адамды, қатал бақылауға алғандықтан, оған бостандық бермегендіктен, болашақтан үміт үзуден болатын өлім.

Альтуристік - Өзін-өзі өлтіру – керісінше, басқа адамдардың өмірін сақтау үшін болатын жағдай.

Суицидалдық әрекетке әсер етуші факторлар

I. Жанұядағы конфликт:

- туыстарының және қоршаған адамдардың әділетсіз болуы;
- басқамен көңілде болу, қызғану, айырылу;
- “сүйікті” адамынан айырылу;
- жоспарының орындалуына кедергі жасау;
- сүйікті адамының мінез-құлқын, қасиетін ұнатпау;
- жалғыз қалу,
- сәтсіз махаббат;
- басқалардың оған жеткілікті көңіл бөлмеуі,
- жыныстық һәлдің төмендеуі.

II. Психикалық күй:

- дені сау адамның реалды конфликтіге ұшырауы;
- патологиялық себептер (психиканың бұзылуы)

III. Физикалық күй:

- соматикалық аурулар, физикалық азап көру;
- ажарсыз кемтар болу.

IV. Қоғамға қарсы конфликттің туындауы:

- қылмыстық жауапкершіліктен қорқу;
- ұяттан, жазадан қорқу;
- өзін-өзі кінәлау.

V. Кәсіптік және білім саласындағы конфликтінің туындауы:

- жұмыстағы, оқудағы сәтсіздік;
- жұмыстағы немесе оқудағы әділетсіздіктің болуы.

VI. Материалды-тұрмыстық қиыншылықтар.

Өзіне-өзі қол жұмсау шешіміне келген жасөспірімге тән белгілер:

Сөзді белгілер

- Өзіне-өзі қол жұмсауға дайындалған адамдар, әдетте, өзінің жанының психикалық күйін айтады;

- Өлім туралы айтуы мүмкін: “Мен әрі қарай өмір сүргім келмейді”, “Мен өзіме қол жұмсағым келеді”;

- “Мен ешкімге проблема болмаймын”;

- Өзіне қол жұмсау тақырыбында көп әңгіме айтуы;

- Өлім сұрақтарына аса қызығушылық білдіру.

Мінез-қылықты белгілер

- Өзіне ыстық жеке заттарын тарату;

- Өзі араздасып жүрген адамдармен ымыраға келу;

- Тамаққа тәбетінің шамадан тыс артуы немесе күрт төмендеуі;

- Ұйқы уақытының өзгеруі;

- Киім киісіне мән бермеуі;

- Сабаққа себепсіз қатыспау;

- Әлсіздіктің, үмітсіздіктің, өмірден түңілудің белгілерін таныту;

- Сенімсіз, үрейлі белгілерді көрсету.

Жағдайлы белгілер

- Әлеуметтік оқшауланған болса;

- Тұрақсыз ортада тұруы, түсініксіз жағдайлар, ішімдік ішетін адамның болуы, үнемі ұрыс-керіс, жанұядағы тұрақсыздық;

- Зорлық зомбылықтың куәсі болу, өзін зорлаудың құрбаныретінде сезіну;

- Ауыр жағдайды бастан кешірген болса.


II. Суицидалды мінез-құлықты алдын алуда жүргізілетін психологиялық жұмыстар

Бұндай кезде психолог мамандар не істеу керек? Біріншіден: - әлеуми психологиялық процестерді (суицидтік мінез-құлықтың басымдылығын) психологиялық тәсілдер арқылы зерттеу (тест, сауалнама т.б.).

-суицидтік мінез-құлықтың пайда болу себебін анықтау және осы проблемаға

- қатысты арнайы кештер ұйымдастыру;  
-қолайлы ұжымдық атмосфераны орнату;  
-психологиялық анализ жасау, суицидтік мінез-құлықты зерттеу;  
-реабилитациялық жұмыстар жүргізу (өз-өздеріне қол жұмсауға талпынған адамдар үшін);  
-профилактикалық жұмыстар жүргізу, суицидтік әрекетті алдын-алу.

### Коррекциялық жұмыстар






### Кеңес беру жұмыстары

- Стресті болдырмау үшін не істеу керек?
- Кикілжің дау-дамай және одан арылу
- Өз қадіріңді біл!
- Өміріңе немқұрайлы қарама!

### Мұғалімдермен және ата-аналармен жұмыс



Психолог науқас адамға эмоциялық тұрғыдан қолдау крсетіп, оның ашылып сөйлеуіне жағдай жасау керек. Проблема барлық адамдарда болады, проблемасыз өмір болмайтынын, бір проблема шешілсе, екінші проблема пайда болатынын, проблеманың жағымды және жағымсыз жақтары болатынын түсіндіріп, проблемадан шығу жолдарын қарастыру керек.

Жасөспірімдер арасында суицидтік әрекетті алдын алу, диагностикалық, коррекциялық, психопрофилактикалық жұмыстарын жүргізіп, адамның өмірін сақтап қалу психологтардың ең басты міндеті.

#### **Қорытынды:**

Ата-ана, ұстаз әр баланы керемет рухани күш иесі деп қарап, оның шетсіз шексіздікті үйренсем деген ұмтылысына уақытында көңіл бөліп, демеу жасасақ, қуаттандырсақ жүрегі нұрға толы, жан-жағына шуағын шашып тұрған мейірімді, адамгершілігі мол, үнемі талпынып тұратын, өз елін, жерін, тілін, отбасын, жалпы өмірді сүйетін, еңбекқор, адал адам тәрбиелеп шығарымыз сөзсіз.

Жас адамдарды қатерлі қадамнан тек өзін тыңдайтын, түсіністікпен қарайтын адаммен сөйлесу мүмкіндігі ғана құтқара алады.

Шетелдік ғалымдардың айтуынша, шын мәнінде, өзіне-өзі қол жұмсауды ойлаған адамдар өмір сүргісі келіп, көмек іздеп шарқ ұратын көрінеді. Әрине, өмір деген тәтті ғой шіркін. Бағалай білген адам оның әрбір сағаты мен минутын алтын берсе де айырбастамас еді. Өйткені, өмір адамға бір-ақ рет беріледі. Өлшеніп берілген ғұмырды өкінбестей өткізу адамға парыз. «Ашу дұшпан, ақыл дос» деп бұрынғылар дұрыс айтып кеткен. Сондықтан, кез-келген нәрсеге сабырмен қарап, әр қимылыңды жеті рет өлшеп, бір рет қиған ләзім. Мұндайда ойдағы әзәзілден, бойдағы шайтан қылықтан, жүректегі кірден ақыл мен иман ғана құтқара алады.

Қорыта келе балаға әрқашан назар аудару, түсінуге тырысу, мәселелерін шешуге көмектесу, өзіндік тәжірибемен бөлісу, ұрысу, жекіру орнына жиі мақтап мадақтап отыру, кешірімді болу, ал ең бастысы, бала қандай болса, солай қабылдау, сол қалпында жақсы көру, кемшілігін жасырып, артықшылығын асырып, оны жақсы көретіндікті сездірту бұл келеңсіз жағдайларды алдын алатын жолдардың бірі.

#### **Пайдаланған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі**

1. «Жеткіншек жастағы мінез құлық және оны алдын алудың тәсілдері» әдістемелік құрал Ақтөбе, 2009. (4-15 бет)
2. Осипова А.А. Справочник психолога по работе в кризисных ситуациях
3. А.А. Осипова. – Ростов-н/Д: Феникс, 2005. (315 стр.)
4. Кондрашева В.Т. Суицидальное поведение. – Минск, 1999. (292- 302стр.)
5. Менделеевич. Медицинская психология. – М., 1998. (55 стр.)
6. «Жасөспірімдердің өз-өздеріне қол салу мәселесі». Мектептегі психология
7. «Ауытқушы мінез-құлықтың шығу себептері» Өзінді таны журналы №3, 2006. (29 бет).

## ӘЛЕУМЕТТІК ТАЛДАУШЫ – БОЛАШАҚТЫҢ МАМАНДЫҒЫ

Оқушылар сарайының әлеуметтік талдаушы мамандары -  
Асанхан Назерке Асанханқызы және Мәдібек Сандуғаш  
Пердебекқызы



Қазіргі заманның талабы, жас ұрпақты жеке тұлға етіп тәрбиелеу, ол тұлғаның дүниетанымы кең, өзін - өзі қоғамда, өзі білім алып жатқан оқу орнындағы ұжымда бақылай алатын және кез-келген ортада өз-өзін таныта білетін болуы қажет. Бұл міндеттер баланың сол оқу орнына бейімделуімен тығыз байланысты. Алайда, қазіргі күні жастардың әлеуметтік ортаға бейімделуі барысында қиындықтар туындауда. Олар: баланың өзін тұлға ретінде



жүзеге асыра алмауы, мектепте немесе отбасында конфликтердің пайда болуы, қиын балалармен жұмыс жүргізудің өз деңгейінде жүзеге аспауы, баланың өзқұқығын білмеуі, адамдардың өздеріне қажетті әлеуметтік көмекті ала алмауы және т.б. себептерден қоғамымызда келеңсіз жағдайлар орын алуда. Бұлар өз кезегінде білікті де білімді әлеуметтік талдаушыларды талап етеді. Бұл жұмыс мамандық қана емес, сонымен қатар басқа адамдарға қол ұшын беретін, адами мәселелерін бірге шешетін, тиімді, дұрыс шешілу жолдарын табатын адамдар.

1991 жылы біздің елімізде әлеуметтік талдаушы қызметінің енгізілуі кездейсоқтық емес. Елімізде әлеуметтік жұмыстың кәсіптік деңгейге көтерілуі маңызды мәселе. Бұл мамандықтың болашағына, мемлекеттің әлеуметтік саясатының жастар саясатының өзекті проблемаларының шешілуіне кадрлар санасының тигізер әсері мол. Білім беру мекемелерінде әлеуметтік талдаушы мамандығының енгізілуі, бүгінгі таңдағы оқушылардың қоғамға әлеуметтік ортаға бейімделуі, әлеуметтенуіндегі қиыншылықтар, оның тұлғалық қасиеттерін зерттеуге, зерттеу нәтижесінде түзету жұмыстарын жүргізуге, өмірдің қиын жағдайынан шыға білуге ықпал етуге қажеттіліктерінен туындап отыр.

Әлеуметтік педагогика, біріншіден, адам өміріндегі белгілі бір жағдайға қандай да бір жас ерекшелігінде болатын немесе болуы мүмкін жағдайды болжауға мүмкіндік беретін білім саласы. Екіншіден, адам дамуындағы дұрыс жағдайларды қалай жасауға және оның әлеуметтенуі барысында туындайтын кедергілерді жоюға болатындығы туралы; үшіншіден, келеңсіз жағдайлардың адамға ықпалын тежеу, адамда әлеуметтену процесінде туындайтын қиыншылықтардың үлесін шегеруге мүмкіндік береді. Дегенмен, қоғамның дамуы әрбір тұлғаның бойындағы ізгі қасиеттерінің сапасына, әлеуметтенуі мен оның жалпы адамзаттық құндылықтарды игеру және қоғам игілігі үшін пайдалану қабілетіне байланысты болады. Сондықтан, жас ұрпақты қоғамға әлеуметтендіру барысында олардың бойына ізгі қасиеттерді сіңіре отырып, олардың ар-намысына тимеуге, абыройларын, ар-ождандарын құрметтеуге рухани-адамгершілік пен әдептілікке баулу, адамды сүйе, сыйлай, құрметтей білуге үйрету, қоғамның шынайы иесі болуға талаптандыру қажет.

Әлеуметтік талдаушы мамандық қана емес, жан дүниенің күйі. Кейбір мамандар осы жұмысқа адалдық пен қатыстылық сезімін беретін борыш ретінде қарайды. Себебі, өмірінде көп нәрсені жоғалтқан, көптеген мәселелерге кездескен, кедергілерден шығудың шешім жолдарын таба алмаған адамдармен қарым-қатынасқа түсу өте қиын. Ол - бағалаушы, клиентті анықтаушы, мәліметтер менеджері, брокер, делдал, қорғаушы адвокат, мұғалім,

кеңесші, мінез-құлықтың корректоры, үлестіруші, ұйымдастырушы, түзетуші, көмекші, ақылшы т.с.с. Маман әртүрлі балалармен, жастармен және ересектермен тәрбие жұмысын әлеуметтік мәдени ортада ұйымдастыратын маман (отбасы, оқу орны, мектепке дейінгі мекеме, балалар үйі, баспана, еңбек ұжымы, қосымша білім беру мекемесі және т.б.). Әлеуметтік талдаушы жеке тұлғаның психологиялық - педагогикалық ерекшеліктерін және оның қоршаған шағын ортасын зерттейді, қызығушылықтары мен қажеттіліктерін, мінез-құлқындағы ауытқуларды, даулы жағдайларды анықтайды және уақытылы әлеуметтік көмек және қолдау көрсетеді, клиенттердің құқықтары мен бостандықтарын іске асыруға, олардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етуге ықпал етеді. Әлеуметтік талдаушы - көмекке мұқтаж адамдарға педагогикалық, психологиялық, психотерапиялық, әлеуметтік көмек көрсету мәселелерінде құзыретті маман.

**Әлеуметтік педагог жұмысының мақсаты:**

- жеке тұлғаны әлеуметтендірудің маңызды шарты ретінде осы ортаның өзгеруін зерттеу және жәрдемдесу;

- баланың жеке басын дамыту үшін (физикалық, әлеуметтік, рухани-адамгершілік, зияткерлік) жағымды жағдайлар жасау;

- баланың әлемді қабылдау және оған бейімделу процесінде өзін-өзі дамытуына және өзін-өзі жүзеге асыруына кешенді көмек көрсету;

- баланы оның өмірлік кеңістігінде қорғау.

Қазақ халқы ұрпағын әруақытта қайырымдылыққа тәрбиелеп отырған. Қайырымдылық ұғымы көбінде жетім-жесір мен мүсәпір, мұқтаждарға жақсылық жасауға байланысты жалпы мағынада қолданылатын түсінік сияқты. Ал, әлеуметтік маман жалпы педагогикалық мәселелерді ғана емес, сонымен қатар қоғамның белгілі бір ауытқуларына ұшыраған адамның басына түскен күйзелістің шешілу жолдарын қарастырып, ұйымдастыратын, шешуге көмектесетін ең сауабы мол мамандық.

**Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі**

1. Р.С.Касымова. Әлеуметтік педагогтың жұмыс технологиясы. Алматы: ҚазҰУ, 2020. – 200 б.

2. Айтбаева А.Б. Әлеуметтік педагогика негіздері: оқу құралы.- Алматы, Қазақ университеті, 2011. – 165 б.

3. Василькова Ю.В. Методика и опыт работы социального педагогика.-М.,2001.

4. Әлқожаева Н. С. Әлеуметтік педагогика : оқу құралы. – Алматы: Қазақ Университеті, 2011.

## ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ – БОЛАШАҚ КӘСІПКЕ БАҒДАРЛАУ

**Айтова Сарсенкуль Абдураимовна - Оқушылар сарайының тәжірибелі педагог-ұйымдастырушысы, педагог-зерттеуші**



Мектептен тыс мекеменің негізгі міндеті балалардың жеке басының дамуына және кәсіптік бағдарын айқындауына, денсаулығын нығайтуына, шығармашылық еңбегіне, өздерінің қабілеттерін іске асыруына қажетті жағдайларды қамтамасыз ету болып табылады.

Толыққанды жеке тұлғалар дайындау жүйесіндегі мекемелер ішінде мектептен тыс мекемелердің маңызы зор. Себебі осы мекемелерде балаларды мәдениетке тарту, жеке шығармашылық мүмкіндіктері мен таланттарын дамыту жолға қойылған. Мектептен тыс білім беру орындары жастардың жеке тұлға ретінде жетілуіне, кәсіби қалыптасуына, балалардың шығармашылықпен еңбектенуіне, мүмкіндіктерін арттыруға, қоғам өміріне араласуға, азаматтық сана-сезімінің жоғарылауына, жалпымәдениеттілікке, бос уақыттарын дұрыс ұйымдастыруларына негіз болады.

Бүгінгі таңда өздігінен жұмыс істей алатын, білімін тереңдете білетін, өмірде өз орнын анықтай алатын жастарды дайындауға сұраныс өте зор. Мектептен

тыс білім беру орындарында үш түрлі мақсат көзделеді. Олар: үйрету, шығармашылық өсулеріне жағдай жасау, өз мүмкіндіктерін пайдалануына көмектесу. Бұл жағдайда балаға қосымша білім беруді оның негізгі білімінің әрі кәсіби бағыт алуының «келешекке қадамы» деп қарастыру қажет.

Біздің Оқушылар сарайы – 80 жылдық тәжірибесі бар ұжым – көпшілік-ұйымдастыру, көркемдік-эстетикалық, мектеппен байланыс, спорттық-техникалық, көркемөнерпаздық бағытта қосымша білім береді. Мекеме балалардың танымдық, кәсіптік, елжандылық қасиеттерін дамытуда қалалық деңгейде көптеген ізгі шаралардың ұйытқысы болып жүр. Кез-келген педагогикалық ұжым отбасымен тығыз байланыста болмаса, жұмыс жүйелі жүрмейді. Сондықтан мекеменің оқу-тәрбие жұмысындағы басты мақсат ана-анамен байланыс жұмысы болып табылады. Бұл барлық педагогке мәлім. Үйірмешінің ата-анасымен тығыз байланыс орнату педагогтер үшін бүгінгі күннің өзекті әрі күрделі мәселесі. Кәсіпқой-педагог пен балаға ең жақын адамдар – ата-аналармен бірлесіп бала тәрбиесіне бірлесе күш салу. Балалардың жарқын да мағыналы болашағы үшін біз бірге болуымыз қажет!

Оқушылар сарайында көптеген жылдар бойы ата-аналармен «Оқушылар сарайы - отбасы» бірыңғай оқу-тәрбиелеу кеңістігін құру жұмысы жоспарлы жүргізіліп келеді. Мұнда:

1. Ата-ананың педагогикалық мәдениетін көтеру;
2. Отбасы тәрбиесіндегі үздік тәжірибені зерттеу және қорыту;
3. Жұмыстың тиімді түрлерін іздеу және ендіру арқылы ата-аналарды мекеменің

тыныс-тіршілігіне араластыру жұмысы.

Аталған міндеттерді жүзеге асыруда республикалық деңгейдегі педагогикалық басылымда шығатын әдістемелер қолданылады.

Жоғарыда аталған әдіс-тәсілдерді жүзеге асыра отырып, Оқушылар сарайында атқарылған жұмыс, үйірме жетістіктері және қоғамдық ұйымдармен байланыс жұмысына тоқталсақ, мекемеде қоғамдық ұйымдар мен мемлекеттік емес мекемелермен жұмыс жүйелі жүргізіледі.

Жалпы Оқушылар сарайында қосымша білім беру жұмысы 9 бағытта жүргізіліп, бүгінгі таңда 122 үйірмеде 4921 бала мен жасөспірім қосымша білім алады. Үйірменің оқу бағдарламасына сәйкес (1,2,4,7,11 жылдық) оқу жылы соңында үйірме түлектеріне білім алған бағытын меңгергенін растайтын куәлік тапсырылады.



1. Балалар қоғамдық ұйымы, мектеппен байланыс, әлеуметтік-педагогикалық бағытындағы үйірмелерде қала мектептерінің белсенділері оқытылады. Баланың бойында белсенділік қабілетін дамытуға ықпал етіп, ізденімпаздық дағдысын, тіл үйрену және дамытуды қалыптастырады. Балалар қоғамдық ұйымының белсенділері жыл сайын қалалық слетке қатысады. Мекеменің балалар қозғалысы үйірмелеріне белсене қатысқан үйірме түлектері - нұсқаушы ретінде жетекшіге көмек береді. Жазғы сауықтыру кезеңінде нұсқаушылар сауықтыру алаңдарында және лагерьде жұмыс істейді.

2. Спорттық бағытта футбол, волейбол, бокс, дзюдо, шахмат, армрестлинг, тоғызқұмалақ, карате және «Томирис» әскери-патриоттық клубы – Карате до Шотокан бойынша қосымша білім береді. Бұл үйірмелерде ата-ананың мамандығымен танысу, оны насихаттау жұмысы жоспарлы жүргізіледі. Педагог, тренер, спортсмен, әскери қызмет мамандықтарына үгіт-насихат жұмыстары жүргізіледі. 14 жастан бастап үйірмешілер нұсқаушы болып, арнайы бағдарлама бойынша бастауыш топтың үйірмешілерімен жұмыс жүргізеді. Бітірушілер түрлі дәрежелі белдікті иеленіп, жас нұсқаушылар сертификат, куәлігін алады. Шетелдік, халықаралық жарысқа төрелік, жаттықтырушылыққа дайындайтын семинарлар өткізіледі.



Көптеген түлектер жоғары оқу орындарына түсіп, спорттан қол үзбей келеді. Жалпы орта мектептерде тренерлік жұмыс атқарады. Оқушылар сарайының түлектері халықаралық,



республикалық деңгейдегі жарыстарға ата-аналардың қолдауымен барады.

3. Техникалық бағыттағы «Компьютер класында» балалар жеке компьютерде жұмыс істеу әліппесінен бастап газет шығаруға арналған бағдарламаларды игеруге талпыныс жасайды. Электрондық пошта, интернет желісіне қосылу, т.б. іс-шаралармен айналысады.

«Картинг және автотомельдеу» үйірмесінде балалар картинг, квадрациклді өздері жөндеу және жүргізуді үйренеді. Оқу бағдарламасы бойынша жасөспірімдер жол қауіпсіздігі ережелерін толық меңгеріп шығады. Үйірмеге негізінен тәрбиесі

«қиын» және «қиынға» бейім балалар тартылған. Үйірмешілер жыл сайынғы «Жас техниктер мен өнертапқыштар» республикалық байқауына қатысады.

«Авиамодельдеу» үйірмесінде үйірмешілер ұшақ түрлерін алғашқыда қағазбен

жасап, күрделі модельдерді құрастыруға дейін үйренеді. Үйірмешілер жасаған бұйымдар арасында авторлық модельдер, ұшатын планерлер де бар.

4. Көркемдік-эстетикалық бағыттағы бейнелеу өнері үйірмелерінде сурет салудың түрлі техникалары үйретіледі. Әр үйірменің өзіндік стилі мен бағыты бар. Көркемсурет мектептері сияқты арнайы бағдарлама бойынша білім алады, білім беру бағдарламасы 4 жылға арналған. Мектеп немесе студияны бітірген түлектерге арнайы куәлік беріледі, оны алған түлек орта арнайы оқу орнында өз білімін жалғастыра алады.



5. Хореографиялық бағытта халықтық «Айгөлек» балалар би ансамблі, «Еркетай» би ансамблі, «Брейк данс» заманауи биі топтары жұмыс жүргізеді. Бидің түрлі жанрындағы үйірмелерге 5-6 жастағы талапкерлер қабылданады. Мысалы, «Айгөлек» халықтық хореографиялық балалар би ансамблі халықаралық, дүниежүзілік байқауларға үзбей қатысады. Би ансамбльдің ата-аналары костюм тіктіруге қаржылай көмек береді. Би үйірмесін бітірген түлек алған куәлігімен хореографиялық колледжде оқуға немесе филармонияның би ұжымдарында жұмыс жасай алады.

6. Саздық бағыттағы үйірмелерде ата-аналармен тығыз байланыс орнатылған. Ата-аналар тарапынан сахнаға қажетті киім, аспаптар сатып алу сияқты көмектер көрсетіледі. Оқушылар сарайының мақтанышы республикаға танымал айтыскерлер Анар Жаппарқұлова, Бекарыс Шойбеков, Мақсат Айтжанов, Еркін Нұржанов біздің сахнадан мектеп оқушылары арасында айтыскерлер байқауларына қатысып, өз өнер жолын бастаған. Сарайдың түлегі Бауыржан Исаев бүгінде Қазақстанға әйгілі әнші, өнер саңлағы.

7. Сахналық және шешендік өнер бағытында «Шабьт» театры спектакль, интермедия қойылымдарын қойып, мерекелерде өнер көрсетіп жүр. «Балауса» театры – қойылым қою және үгіттобын мәнерлеп оқуға үйретеді. Бастауыш сынып оқушыларынан құралған «Шаттық» үгіттобы мерекелерде әдеби-монтаж қоюмен айналысады. Атаулы күндер мен Наурыз мерекесінде балалардың құттықтауы бойынша өнер көрсетеді. «Шешендік өнер» үйірмесі мемлекеттік тілдің дамуына және оның қолдану аясының кеңеюіне үлес қосып келеді. Қазақ халқының шешендік өнер мысалдары негізінде сахналық қойылымдар қойып, тіл өнерін насихаттайды. Мәнерлеп өлең оқу, Абай, Шәкәрім, Мұқағали, Оралхан Бөкей оқуларына қатысады. Мұндағы үйірмешілер сахна өнерін, сахна мәдениетін үйреніп, шешендік, актерлік қабілеттерін шыңдайды. Ата-аналар үйірмеге балалармен бірге қатысып, көптеген қолдау көрсетіп отырады.



8. Қолданбалы өнер бағытындағы үйірмелер ұлттық ою-өрнек түрлерімен



таныстырып, оның күнделікті өмірде қажетті бұйымдарда қолдануды үйретеді. Ою-өрнек түрлерін қолдана отырып, тұрмысқа қажетті бұйымдарды безендірумен айналысады. Сырмақ, кесеқап, түскиіз, киіз басу, гобелен, т.б. бұйымдарды дайындау техникасын игереді. Бастауыш сынып оқушыларына арналған үйірмеде бұйымды қағаздан жасап, оны сурет арқылы безендірумен, жұмсақ ойыншықтар дайындаумен айналысады. Қолөнердің барлық түрін игеруге мүмкіндік бар. «Көркем»

үйірмесінде жоғары сынып оқушылары өздері эскизін дайындаған модельдерді пішіп-тігіп, үздік жұмыстарды «Сән үлгілері» байқауына ұсынады. Үйірмешілер өздеріне қажетті бұйымдарды жасауды үйренеді. «Бисер өнері», «Он саусақ» үйірмелерінде моншақ және түрлі түсті жіп арқылы дайын бұйымды безендіру, әшекей бұйымдарын сыйлыққа ұсынатын сувенирлер жасайды. Мұндағы алған білімдер болашақта үлкен өмірде көп септігін тигізеді.

9. Шығармашылық бағыттағы «Алтын ғасыр», «Балдәурен» эстрадалық ән үйірмелері (жеке және топпен) сахнада өзін ұстану, «Ән домбыра», «Әтуғай домбыра» дәстүрлі ән және «Әсем әуен» үйірмелері домбыра, гитарада ән айту дағдыларын, баланың шығармашылық қабілетін арттыруға ықпал етеді.


Жеке тұлғаның қоғамдағы орны, оның пайдалылығы мен маңыздылығы ата-анасына да байланысты. Бала үшін ата-анасы негізгі педагог. Тәрбие жұмысындағы сәттілік пен баланың дамуы - отбасымен тығыз байланыс болғанда ғана анықталады. Балаларды шығармашылыққа баулу іс-әрекеті ізденіске, өзін-өзі дамытуға, кәсіби шеберлігін жетілдіруге үнемі жетелеп, тәрбиеленушілерді жетістіктерге жетелейді.

Қорыта айтқанда, мектептен тыс мекеме - баланың мектептен тыс уақытын тиімді ұйымдастыра отырып, тәрбие бағытында нақты жұмыс істейтін, қосымша білім беретін, кәсіби даярлық жасайтын мекеме.



## КҮНДЕЛІКТІ ЖҰМЫСТАН - ОЗЫҚ ІС-ТӘЖІРИБЕГЕ

### Асылбекова Шолпан Амантұрқызы- Оқушылар сарайына «АҚСУ» қарасты лагерінің аға тәлімгері, тәжірибелі педагог- ұйымдастырушысы, педагог-зерттеуші



Жарқырап жайнаған жаз мезгілін балалар, ұстаздар, ата-аналар асыға күтеді. Бар адамзатқа қуаныш сыйлайтын осы кезеңді мағыналы да мәнді, қызықты да көңілді өткізу мемлекеттік маңызды мәселе. Сондықтан, жазғы демалыс жайлы сөз қозғағанда, біз тек сауықтыру жұмысы ғана емес, дені сау жеке тұлғаның қалыптасуына ықпал ету, яғни баланың жан-жақты тәрбиесіне аса көңіл бөлуіміз қажет. Осыдан балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысы мен сауықтыруын қалай және қайда өткізу мәселесі туындайды. 2009 жылдан бастап «Ақсу» лагерінде аға тәлімгер болып жұмыс істеп келемін. «Ақсу» лагерінде жаз бойы

балалардың демалып, шынығып, күш жинап қайтуына барлық жағдай жасалған. Сауықтыру лагерінің күн тәртібінде тәрбиелік мәні зор көпшілік іс-шаралар, бассейнде шомылу, таза ауадағы қимылды ойындар, спорттық жарыс-байқаулар, т.б. сауықтыру шаралары ұйымдастырылған. Әр ауысым бағдарламасы арнайы бағыттар бойынша жұмыс жүргізеді. Мысалы, бейнедеу өнері, көркемдік-эстетикалық, әскери-патриоттық, спорттық бағытқа арналады. Жеті ауысымда (әр ауысым 10 күннен) жұмыс атқарған лагерьдегі демалыс, балалардың өзара достық қарым-қатынасының нығаюына, жан-жақты өсіп дамуына, өнерлі де жасампаз жасөспірімдерді тәрбиелеуге өз үлесін қосып келеді.



Оқу жылының мамыр айынан бастап, лагерь жұмысының ұйымдастырушылық кезеңі басталады. Жаз маусымына жоспар құрып, тақырыпқа сай, музыка, фонограммалар, әндер жинақталады.



Лагерьдің әр ауысымы 6-7 топтан құралады. Әр топқа 1 тәрбиеші, 1 тәлімгер бекітіліп, олардың іс-құжаттары уақытылы тексеріліп отырады. Әр тәрбиеші мен тәлімгер жеке жұмыс папкасын арнап, балалармен өткізілген қауіпсіздік ережелері, лагерьде өзін-өзі ұстану ережесі, әңгіме жинақтары, түрлі іс-шараларға қатысты материалдар жинақталады.

Лагерьге балалар арнайы жолдама және медициналық анақтама қағазымен қабылданады.

Оқушылар сарайының педагогтарынан құралған лагерьдің педагогикалық ұжымы балаларды

кіші, орта және жоғарғы топтарға бөліп, баланың жас ерекшелігіне қарай жоспар құрылады. Топ тәрбиешілері кіші топта тәрбие жұмысын сергіту шараларына бағыттаса, орта топта ой-танымдық негіздегі шаралар ұйымдастырылды. Мысалы, логикалық ойындар, шеберлік класс, психологиялық тренингтер. Жоғарғы топта ересек ұл-қыздар

үшін қоғамдық іс-шаралар: пікірсайыс, әңгіме-сұхбаттар өткізіледі. Балалардың бос уақытын түрлі жұмыстармен түрлендіре отырып, әр баланың өзіне жақын, қызығуына қарай іспен айналысуына мүмкіндік қарастырылған.

Лагерге жергілікті бюджеттен қаралған қаржыға аз қамтылған, тұл жетім, жартылай жетім, қамқорлықтағы, АӘКА және көпбалалы отбасынан жыл сайын 1200 бала қамтылады. Тәлімгерлер лагердің 1-ші күні балаларды, лагер өмірімен таныстырады. Мұнда лагердің ішкі тәртіп ережесі, күн тәртібі, лагер аумағы, лагердің 10 күнге жұмыс жоспары, лагердің гимні, билері, көпшілік-сазды ойындарымен орны, топтардың атауы, ұраны, әні, биі, тәрбиешісімен тәлімгері, лагер дәрігері, дене шынықтыру тәрбиешісі, жүзуді үйрету инструкторы, муз.диджей, шеф повары,



аға тәрбиеші, аға тәлімгері және лагер директорына дейін жеке таныстырылады. Күнделікті, іс-шарадан кейін, дискотекамен көркем фильмдер көрсетіледі. Тәлімгерлер ментәңертәңгілік жаттығудан бастап, ауысымға арналған жоспарлар, тапсырмалар мен нұсқаулар беріп отырады. Тәлімгерлерге және балаларға көпшілік ойындар мен флэшмобтар, авторлық массовкаларды үйретеді. Жалпы лагерлік мәдени іс-шаралар, көпшілік ойындар, викториналар, байқаулар, танымдық іс-шаралар



өткізеді. Ең бірінші күні «Танысу күні» өткізіліп, педотрядтан бастап, лагердің ашылу салтанатына дайындалады. Ауысымның салтанатты ашылуымен жабылуы баста алаңда өтеді. Достық күні, Спорт күні, Табиғат күні, Өнер күні, Шеберлер күні, Мейірімділік күні, Сыпайылық күні, Су мерекесі күні, Бейбітшілік күні. Осы күндердің атауларына сай, «Олимпиада» «Ақсу әлемі», «Жаз аруы» «Рекордтар кітабі» «Кинофестиваль», «Аралдағы мықтылар мен күштілер» «Суперстар» «Қазыналы арал» «Аралдағы әншілер» «Ақсу-шоу» тәрбиешімен тәлімгерлердің өнері, «Ақсу - Бақытты балалық шақ» Хогвартс мектебі. «Көшпенділер», «Шығармашылық жәрмеңке» атты көңілді іс-шаралар ұйымдастырылады.

Ақсу» лагерінде, қалалық, облыстық және Республика көлемінде, тәлімгерлерге арналған мастер кластар, «Кәметке толмаған жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық пен қараусыздықтың алдын алу жолдары» - КТІЖИ инспекторларымен, Төтенше жағдайлар басқармасының қызметкерлерімен, Салауатты өмір салты бағытында көптеген кездесулермен, туристік слеттер, мектеп бітірген жастарды өз елінің толыққанды азаматы болуға баулу, алдағы уақытта оқуға түсуіне немесе жұмысқа орналасуына бағыт-бағдар беру мақсатында «Жастар алаңы» атты танымдық-сауықтық семинарлар өтті.



Жаз мезгілі - бұл балалардың негізгі сабақтан, үйреншікті тіршілік қарекетінен

босап, өзін қызығушылығымен айналысуына мүмкіндік береді. Сондықтан ұстаз – тәрбиешілерге баланың бос уақытын дұрыс пайдалануға бағыттаудың, үйретудің мәні зор. Бос уақыт дене және ақыл-ой қызметін тынықтыратын, қарым – қуатты жетілдіретін іс-әрекетке жұмсалуды жөн. Әйтсе де тыныға жүріп, ойын барысында балалардың шынығу – шыңдалу мәселесімен қатар, түрлі бағыттағы іс-шараларға тарту арқылы тәрбиелеу маңызды. Әрине, тәлімгер мамандар балалардың көңілдерінен шығып, демалыстарын көңілді, әрі тиімді өткізуіне барларын салуда.

«Отбасы тәрбиебастауы», «Қазақстан арайлы туған өлкем, табиғаты ажарлы аса көркем», «Адамгершілік – асыл қасиет», «Ата-баба тарихы – жеке тұлға дамуының негізі», «Ата-ана, бала және туыс» «Аталар мұрасы – халық қазынасы», «Дені сау ұрпақ – жарқын болашақ!» тақырыбында балаларды Отанға, еңбекке, достыққа, адамгершілікке және үлкенді сыйлап, табиғатты аялауға тәрбиелеу мақсатында топтар арасында күнделікті пікірсайыстар, пікір алмасулар, әңгіме және тәрбие сағаттары, нашақорлықтың алдын алу және оған қарсы күресуге бағытталған іс-шара ұйымдастырады.



Өскелең ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениеттілігін, еркін ойлау қабілеті мен шығармашылығын, білімділігі мен өнерін дамытып, ұлттық ой-парасатын нығайту мақсатында дарынды балаларды анықтау, олардың қабілетін дамытуға жан-жақты жағдай жасап, баланың жеке қабілеті мен дарынын оятып, жетілдіріп, шығармашылыққа үйрету лагерь жұмысының бір қыры.

## БОЛАШАҚ - БҮГІНГІ ІСТІҢ КӨРІНІСІ

**Мырзатай Жадыра Шырынхановна**  
Оқушылар сарайының мобилографы, қосымша білім беру педагогі

**Мобилография** - бұл кәсіби фотоаппараттың көмегіне жүгінбей, сандық камерасы бар электронды құрылғыларды қолдану арқылы сапалы бейне жасайтын фотосурет түрі.

«Мобилография» терминінің авторы - ресейлік суретші Дмитрий Резван. 2004 жылы Дүниежүзілік мобилографтар қоғамы құрылған. Ол «Әлемнің мобилограммасын құру және әлемде мобилографияны тарату» міндетін негіздеді.

Ал мобилографияны Қазақстанға алып келген, яғни, танытқан ол Қыран Талапбек. Қазіргі таңда 70 мыңдай шәкірті бар. Жалпы мобилография әлемді ерекше көзбен көру және сол ерекшелікті телефон арқылы халыққа жеткізу мақсатын көздейді. Қазақстанда мобилография соңғы 1-2 жылда жақсы дамып келеді.

2022 жылдан бастап Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты Оқушылар сарайында «Мобильді жаңару»



үйірмесі жұмыс атқарады. Үйірме жұмысының ерекшелігі телефонға видео түсіріп, соны тез уақытта монтаждау. Мобилограф маманы видеоңызды тез уақыт аралығында дайындап береді және ол телефонның қарапайым камерасына болса да өте сапалы шығады.

Үйірмешілер ақпаратты сіңіруге аз уақыт жұмсауға тырысады. Мұнда сапа маңызды. Сапа - бұл заманауи смартфонға және гаджеттерге түсірілген видео және фотоконтент. Оларды басқару бойынша негізгі дағдыларды үйренсе, балалар бұл міндетті оңай атқарып шығады. Кәсіби түсірілімнен айырмашылығы, мобилография тиімді және өзгеше кадрлармен ерекшеленеді. Мысалы, қандай да бір керемет эффектілермен түсіру үшін смартфонды аударып, бұрышқа орнатып, тіпті айналдырып түсіруге де болады.

Қосымша білім беру үйірмелерінің арасында осы бағытқа қазіргі таңда сұраныс жоғары. Білім алушы балалармен қатар мобилографияға жас мамандар, педагогтердің де сұранысы артып отыр. Сондай-ақ, бүгінгі таңда мобилография қосымша табыс табу көзіне айналып отыр. Соңғы онжылдықта цифрлық технология айтарлықтай дамыды. Әртүрлі салаларда жаңа мүмкіндіктер ашылуда. Үлкен өзгерістер болған осындай бағыттардың бірі - фотосурет. Жоғары сапалы камералары бар смартфондардың пайда болуымен мобильді фотосурет немесе мобилография біздің күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Мобилографияны үйрену оңай. Керемет бейнелерді түсіруге және монтаж жасауға болатын көптеген әдіс-тәсілдер бар.



«Мобильді жаңару» үйірмесінің ерекшелігі мобилография смартфондарды пайдаланудың қарапайымдылығы мен қолжетімділігі, әрбір балаға фотограф болуға, өмірінің маңызды сәттерін түсіруге және оларды әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы басқалармен бөлісуге мүмкіндік береді.

Қазақстанда мобилографияның танымалдылығының өсуінің себептерінің бірі - интернеттің кеңінен таралуы және мобильді байланыстың қолжетімділік деңгейінің артуы болып отыр. Осының арқасында адамдар фотосуреттерін оңай бөлісуге және басқа пайдаланушылардан кері байланыс алуға мүмкіндік алады.

Мобилография, сонымен қатар, әлеуметтік желілердегі байланыс пен ақпараттандырудың негізгі құралына айналды. Көптеген пайдаланушылар өздерінің саяхаттарының фотосуреттерін, әдемі пейзаждарын, оқиғаларын және өмірінің басқа да қызықты сәттерін көпшілікпен бөлісе алады. Бұл фотосурет саласындағы шығармашылықты дамытады.

Оқушылар сарайының мобилографтары барлық дерлік көпшілік іс-шаралар мен үйірме жұмысының маңызды шараларын бейнематериалға түсіріп, өңдеп, мекеменің әлеуметтік парақшаларында жариялап отырады. Сондай-ақ, мекеменің және үйірменің танымалдығын арттыру, жұмысының нәтижелігін көрсету мақсатында бейнебаян жасау жұмыстың бір бағыты болып саналады.

Биылғы оқу жылында көптеген атаулы мерекелерге бар. Соның бірі мекеменің 80 жылдық мерейтойы. Бұл іс-шарада мобилограф үйірмешілер мен жас мамандар өз мүмкіндіктерін көрсете алады. Сондықтан, іске сәт жас мобилографтар, болашақ - бүгінгі істің көрінісі!



## ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДЕН ҮЙІРМЕ ЖҰМЫСЫН ЖҮРГІЗУ

**Алимбекова Жанна Джанадыловна**  
Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі



Білім заңында өскелең ұрпақты жаңа бағыт пен рухта тәрбиелеу, олардың дүниетанымын қалыптастыру, жан-жақты, білімді, өнерлі етіп тәрбиелеу бүгінгі күннің түбегейлі мәселесінің бірі. Балаларды музыка әлемін түсініп қабылдауға, көркем талғамды, музыканы сүйетін, оны жанымен түсінетін, музыкалық шараларға қатысатын тұлғалық деңгейге дайындау үшін білім мен тәрбие үрдісін жетік меңгеру әрбір ұстаздың борышы. Мен жүргізетін үйірме жұмысында үйірмешілердің музыка жайлы таным - түсініктерін дамыту мақсатында жаңа технологияны, модульді оқыту, проблемалық оқыту, ақпаратты оқыту бағыттары арқылы жан-жақты тұлға дайындау қарастырылған. Музыка және өнер мектептері сияқты біздің үйірме жұмысында осындай мақсат-міндеттерді алға қоя отырып, елімізге, Отанына пайдасы тиер өнерлі, білімді, болашақ өнер иелерін дайындау. Домбыра өнерінің даму жолы

ғасырдан-ғасырға жалғасын тауып, бүгінгі ұрпаққа асыл мұра ретінде жетіп отырған өнер болғандықтан ертеңгі ұрпақтың қазақи болмысы домбыра үнімен жалғасын табары мәлім.

«Құрманғазы» үйірмесінің балаларын музыкалық аспаптарда ойнай білу қабілеттерін дамыту үшін, шығарманы меңгеру үшін мынадай 5 кезең бойынша жүзеге асырылады.

- Кіріспе әңгіме жүргізу;
- Шығарманы тыңдау;
- Шығарманы талдау;
- Шығарманы уйрену, орындау;
- Шығарманы заманауи техникалық құралдар көмегімен сүйемелдеу түрі.

Қазақтың ұлттық музыка аспабының ішінде ерекше өзіндік орын алатын домбыра үнінің сиқырлығын таныту, күйге жан бітіретін қара домбыраның құдіретін таныта отырып, оның әуенді ырғаққа толы сазды үнін тыңдай білуге үйрету барысында балалардың музыкалық сауаттылық негізін қалыптастырып, қазақ халқының аспаптық өнері жайлы және оның өмірмен байланыстылығы, жан-жақты білімдерін қалыптастыру болашақ өнерпаздың тануы – үйірменің нәтижелі болуының кепілі.

Үйірме жұмысы жалпы білім беретін мектептегі сабақ өту талаптарынан өзгеше. Үйірмеге талапкерлер өз еріктерімен белгілі бір өнер түрін меңгеру мақсатында келгендіктен, балаларға талап қою, қатаң сөйлеп, педагогпен білім алушылық дәрежеде жұмыс жүргізу үйірме жұмысының сапалы болуына кері әсер етеді. Енді үйірме жұмысына келер болсақ, жұмыс жоспарын құру барысында ең алдымен, үйірме мүшелерімен кеңесе отырып, үйірменің мақсатын айқындап, репертуарды топ мүшелерінің икемділік ерекшеліктеріне қарай құру өте маңызды. Бұл тақырып өте ауқымды болғандықтан үйірменің негізгі жұмысына тоқталайын. Үйірменің негізгі бағыты музыкалық шығармалардың сипатын ажырата білу, музыканы тыңдау арқылы балалардың есту қабілетін, ырғақты сезіну дағдыларын және әр түрлі сипаттағы ән-күйлерді орындай білу шеберліктерін дамыту кезінде балалардың шығармашылық қабілетін ұштау, музыка өнері арқылы әсемдікті, сұлулықты сезіне білетін ішкі рухани дүниесі бай тұлға тәрбиелеуде бірнеше міндеттер қойылған.

Ұлттық аспаптарымызды танып білуге, құрметтеуге үйрету. Үйірме мүшелерінің музыкалық сауатын арттыру, аспапта жеке және топпен ойнау шеберліктерін шыңдау үшін бірқатар жұмыстар жүргізіледі.

Атапайтқанда:

-ноталарды дұрыс жазып, өлшемдерді санай білу;

-домбыра аспабында дұрыс отырып, таза ойнау;

-үйренген ән-күйлерін топпен бірге және заманауи техникалық қондырғылар көмегімен ансамбльдік түрде орындаушылық шеберлікті жетілдіру. Келесі кезекте шығарманы талдай білуге, жете түсінуге дағдыландыру. Халық шығармаларына деген қызығушылықтарын арттыру. Сахна мәдениетін үйрету. Үйренген шығармаларын тыңдаушыға жеткізе білу тәсілдерін меңгеру жұмыстары жүргізіледі.

Үйірме бағдарламасында Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей және Дина сынды ұлы күйшілер және қазіргі сазгерлердің күйлері, шығармалары жайында балалардың хабардар болуы сөз болады.

Сабақ өту барысында балалар күй тарихымен танысып, күй тілін түсініп, оларды бір-бірінен ажыратып үйренеді. Әуелі күй тарихы айтылып, сонан соң күй тыңдатылып, қағыс ерекшелігі, әуеннің жүру бағыты, тыңдаушыға берер әсері әңгімеленіп таныстырылады.





қол қойылымы, білек буының жұмыс істей алмауы өте күрделі проблема. Ел ішінде тауда тастан-тасқа секіріп жүретін текенің бейнесін шеберлер ағаштан ойып жасап, күйшілер оған жіп байлап, саусағына іліп, домбыра тартқанда күйдің ырғағына, саусақтардың перне басу қозғалысына қарай билейді. Ортекені бүгінгі қоғам ыстық ықыласпен қабылдап жатыр. Ортеке ойнатудың да өзіндік техникасы бар, жаттығу жұмыстарын ерікті түрде жүргізіп, ұжымның өзін-өзі басқару дағдыларын да саналы түрде түсініп, педагогтің бағыт беруі арқылы сабақ нәтижесінің көрінуіне жақсы ықпал етіледі.

XX ғасырдың Ұлы ақыны Қадыр Мырза Әлінің «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деген сөзінің зор мәні бар. Мұндай тұжырымның астарында қазақтың осынау киелі аспабын құрметтемеген, домбыра үніне елтімеген адамда қазақы қасиет жоқ деген ой жатыр. Мұндай жайтты өмірден көріп-біліп, ұшырастырып та жүрміз. Адамдардың бәрінің бірдей музыкалық қабілеті бола бермейді ғой. Ал қандай адам болсын музыканы сүйіп тыңдайды. Демек, музыка адамдардың рухани қорегі деуге болады. Ал өзге халықтар секілді қазақтар да өзінің ұлттық аспаптарын құрметтеп, ән-күйлерін тыңдап ләззат алады. Әсіресе, домбыраның үні естілгенде елеңдемейтін қазақ жоқ.

Бүгінде домбырасын жанынан тастамай Дәулеткерей мен Құрманғазы, Қазанғап пен Тәттімбет, Абыл мен Адай, Байсерке мен Мәмен, Дина мен Сүгір сынды кемеңгер күйшілердің күйлерін елге дәріштеп жүрген, онымен қоса домбыра өнерін балаларға үйретуді міндет тұтқан домбырашы – ұстаздардың ел ертеңі – жас өнерпаздарды тәрбиелеуде еңбегі орасан. Сөз соңында айтарым – адам баласы төл әуенді сезініп, мазмұнына ой жібере алатын болса, өскенде елдің рухани, әлеуметтік жағдайын түйсіне жүріп, елін дұрыс бағытта бастай алады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі**

1. Файзуллин Б.М «Мектеп сахнасы» оқу құралы. Шымкент-2007ж.
2. Жанасбаева Ұ.Б. мақалалар жинағы,
3. «Жаңартылған білім беру мазмұны» Алматы – 2015
4. Интернет ақпараттары; Уикипедия

## **БАЛАЛАРДЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚҚА ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТТІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ**

### **Алимкудова Нұргүл Төркедiқызы Оқушылар сарайының қосымша бiлiм беру педагогi**

Қоғамның қазіргі талабы - әрбір адам экологиялық сауатты, мәдениетті болуы қажет. Білім саласының барлығында балаларға экологиялық тәрбие берілуде. Мақсаты, балалардың экологиялық көзқарасын, санасын және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану барысында табиғатты қорғай алатын, аялай білетін, адамгершілігі мол, ізгілікті, экологиялық сауатты азаматты тәрбиелеу. Осы бағытта орындалатын негізгі міндеттер:

1. Балалардың бойына экологиялық сауаттылық пен мәдениеттілікке тәрбиелеудің негізін қалыптастыру. Осыларды тәрбиелеу бағытындағы эксперименттік жұмыстарды ұйымдастыру.

2. Экологиялық бағыттағы үйірмелер арқылы балалардың экологиялық сауаттылығы мен мәдениеттілігін арттыру жолдарын анықтау.

Сыныптан тыс жұмыстарда балалардың экологиялық сауаттылығы мен мәдениеттілігін арттыру жолдарын ұсыну.

Табиғат әлемі адамдардың тіршілік ету ортасы. Ал,





адамдар табиғатсыз өмір сүре алмайды. Соңғы кезде жұтатын ауамыз, ішетін суымыз, жейтін тамағымыздың құрамының өзгеруі жайлы жиі айтылып жүр. Өндіріс орындарынан шығатын қалдықтар, улы газдар сүзгіден дұрыс өткізілместен ауаға таралып, нәтижесінде өкпе, жүрек, қатерлі ісік тағы басқа аурулар санының артуына әкелді.

Қажеттілік азаматтардың экологиялық сауатты болуы мәселесін шешуді төменнен жоғарға қарай жүргізілуін және оқу-тәрбие процесі барысында барлық мүмкіндіктерді тиімді пайдаланумен байланысты. Сонда бесіктен бастап, ата-анаға дейін экологиялық тәрбие қалыптастыру қажеттілігі туындайды. Бүгінде шығарылып жатқан жаңа оқулықтарда экологиялық түсініктер кеңінен берілген. Кез-келген пәнді оқытуда ондағы тақырып материалдарының мәтінін, мазмұнын баяндағанда, түсіндіргенде оған табиғатты қорғау және көркейту шараларын үйретуді көздейтін, табиғат байлықтарына жауапкершілікпен қарайтын, яғни балаға экологиялық білім бере отырып, экологиялық мәдениетін орнықтырудың мүмкіндіктерін арттыратын педагогикалық іс-әрекеттер қажет.

Осы қажеттілік қанағаттандырылса ғана тұлғадан экологиялық сауаттылықты қалыптастыру үрдісінің алғашқы сатысы жүзеге асырылады.

Жас ұрпаққа экологиялық тәрбие берудің мақсаты - экологиялық білім мен білікті қалыптастыру ғана емес, тұлғаның дүние танымын дамытып жан-жақты экологиялық сауатты, мәдениетті етіп тәрбиелейді.

Адам мен табиғаттың өзара қарым-қатынасының адамгершілік аспектісін ашуда, ақыл-ой мен сезімін тәрбиелеуде, сананы қалыптастыруда адамның экологиялық мәдениетті, сауатты болуы тиіс. «Мәдениет экологиясы» терминін ең алғаш рет академик Д.С.Лихачев 1980 жылы ұсынды. Экологиялық мәдениет - әлеуметтік табиғи түзілім, оның құрылымы бір-бірімен өзара тығыз байланысты бөліктерден тұрады: экологиялық білім, экологиялық мінез-құлық, экологиялық тәрбие, экологиялық сана, экологиялық сенім, экологиялық мәдениет, экологиялық қарым-қатынас, экологиялық іс-әрекет. Экологиялық мәдениетті жүзеге асыруда білім беру аспектілерімен қатар оның негізгі дидактикалық ұстанымын да білу қажет. Олардың негізіне балалардың экологиялық көзқарасын қалыптастыру принциптері жатады. Ғылымилық принципі - негізінен, балаларға білім беруде фактілер, құбылыстар мен процестер адамның табиғатқа әсері, табиғат қорғау жұмыстары және экологиялық апаттылық жағдайлардың нәтижелері ғылыми тұрғыда дәлелденген материалдар негізінде берілуі пайдалануы тиіс.

Байланыстылық принципі - негізінен табиғатты тірі және өлі табиғатпен орта (топырақ, ауа, су, өсімдіктер мен жануарлар) арасында тығыз байланыстың бар екенін ұғындыру. Қызығушылық принципі - балалардың бойында еліміздің қайталанбас сұлу табиғатына деген қызығушылық сезімін оятып, туған өлкесін, оның табиғи байлықтарын сүйеге, аялауға тәрбиелеу керек. Үздіксіз принципі - балалардың білім қорын балабақшадағы сәбилік кезінен бастап, бастауыш сынып, одан жоғарғы сыныптарға көтерілу деңгейлеріне үйлестіре отырып дамыту қажет. Интергациялау принципі - экологиялық білім беруде жаратылыс тану пәндері (география, биология, физика, математика) мен гуманитарлық пәндер (әдебиет, тарих, қоғам тану) арқылы балаларға берілетін білім негіздері және адам деңгейінен қоғамдық деңгейге көтеру. Көрнекілік принципі - балаларға экологиялық білім беруде оқу процесінде көрнекі құралдар, диафильмдер, киносюжеттер коллекциялар, бейнекөріністер, биоиндикаторлар пайдалану. Қабылдаушылық процесі - негізінен педагогтің экология ғылымының мазмұнын балалардың жас ерекшеліктеріне қарай жоспарлауы, экологиялық терминдердің түсініктілігін, ұғымдар мен заңдарды қабылдау мүмкіндіктерін ескере отырып анық әрі түсінікті тілмен беру.

Өлкелік принципі - экологиялық білім беруде тұрмыстық салт-дәстүрлерді, қала немесе ауылдық жерлерде тұру жағдайларын ескерту қажет. Мүмкіндігінше жергілікті, аймақтық мәселелерді көтеру. Оған балалардың араласуын, туған өлкесіне деген патриоттық сезімін ояту керек. Оқу-тәрбие процесінде балаларды экологиялық сауаттылыққа және мәдениеттілікке тәрбиелеу педагогика ғылымының басты бағыты. Бүгінгі таңда балалардың экологиялық мәдениеттілікке тәрбиелеу мемлекеттік деңгейге көтерудің қажеттілігі туындап отыр.

Экологиялық білім бере отырып, балаларды экологиялық сауаттылыққа, мәдениеттілікке тәрбиелеу дегеніміз - адамзат қауымының, қоғамның, табиғаттың

және қоршаған ортанын үйлесімділігін оны тиімді пайдаланудың жолдарын халыққа ұғындыру. Табиғатқа деген сүйіспеншілік және оны көзінің қарашығындай сақтап келу жайында қазіргі ұрпаққа үлгі- өнеге боларлық дана ұғымдар, мақал-мәтелдер, нақыл сөз, аңыз әңгімелер кеңінен таралған. Сондықтан әр бір педагог, тәрбиеші оқу-тәрбие процесінде, өзінің күнделікті жұмысында педагогиканың бұл бағыттарына көңіл бөліп, пайдалана беруі тиіс. Оқу-тәрбие процесінде балалардың экологиялық сауаттылығы мен мәдениеттілігін тәрбиелеуде қоршаған ортаның әлеуметі зор екенін, оның жеке тұлғаны барлық жағынан дамытуға, денсаулығын нығайтуға ақыл-ойын нығайтуға, ақыл-ойын адамгершілігін, еңбек сүйгіштігін әсемдікті сезінуін жетілдіруге ықпал ететінін жақсы білеміз. Біздер табиғатпен үйлесімділікпен өмір сүруіміз керек. Сондықтан да жалпы балаларын экологиялық сауаттылыққа мәдениеттілікке тәрбиелеу бүгінгі күн талабына сай өзекті мәселе болып отыр.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі**

1. Батабаевна А. Экологиялық білім мен тәрбиенің тиімді жолдары. Қазақстан мектебі, 2006 №3.-3-8 б.
2. Сарыбеков Н.С Жалпы білім беретін орта мектепте оқушыларды табиғат қорғауға тәрбиелеудің педагогикалық негіздері, -Алма-Ата 1993.-230 б.
3. Беркімбаев К. Экологиялық білім берудің негізі// Қазақстан мектебі, 2006,- №77,- 53-55 б.

## **ПАТРИОТТЫҚ ӘНДЕРДІҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ МАҢЫЗЫ**

### **Ашимов Тұрлан Орынбасарұлы – «Алтын ғасыр» эстрадалық ән үйірмесінің жетекшісі, Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі**



Патриоттық әндердің бала тәрбиесіндегі үлесі өте орасан. Қазіргі құбылмалы заманда әртүрлі ағымдардың, бала тәрбиесіне араласа отырып, жасап отырған жымсықы әрекеттері жасырын емес. Бала ол инструмент, келешекті басқаратын машина деуге болады. Олай болатын болса, баланың білімі мен сабақтан бөлек, сана сезімін дұрыс қалыптастыру, ұстаздар қауымының міндеті. Балаларды мүмкіндігінше мәдени және спорт үйірмелеріне тарту, қызықтыру арқылы, заманауи тәрбие беруге қолжеткіземіз. Мысалы патриоттық ән үйірмесіне тоқталатын болсақ, Отан, туған жер, Ана, табиғат, достар, татулық пен ынтымақтастық тақырыбындағы әндерді үйретіп және орындата отырып, баланың патриоттық сезімін оятып, Отанды сүюді үйретуге болады. Балалар патриоттық әндерді орындағанда олардың негізгі көрермендеріде, өз құрбылары болып келеді. Отан, туған жер сияқты әндерді тыңдап өскен баланың санасында достық, ынтымақтастық, Отанға, үлкенге құрмет деген сияқты

жарқын ой қалыптасады, шабыт бере түседі. Жеңіл, мағынасыз, тәрбиелік мәні жоқ және коммерциялық батыстың әндері мен сусындаған баланың санасы басқаша жетіледі де, маңызды сұрақтарды аңғармау, кезкелген құбылысқа жеңіл қарау, өз пайдасын ғана ойлау, достықты, адалдықты бағаламау, өсе келе дүниеқоңыздыққа алып келеді. Демек патриоттық әндердің адал ұрпақ тәрбиелеудегі алатын орны үлкен.

Ал авторлық, патриоттық әндерге келетін болсақ- ол да бір мұқтаждықтан туатын

дүние. Қазіргі идеология ақсап тұрған заманда, мультфильмнен бастап кино, тик-ток т.б. интернет желілеріндегі, жарнамалардағы саздардың сапасы онша қуантпайды. Тез жатталатын, жалтқарататын, арсыз сөздер аралас, коммерциядағы бағыттағы келте саздар толып кеткен. Ал сазгерлерді мәжбүрлеп патриоттық бағытта ән жаздыру оңайға түспейді. Себебі: ән жүректен, ақыл-ойдан туындауы керек. Сазгер өз еркімен, өз санасымен жазғанда ғана, жақсы шығарма туады. Патриоттық ән жазу үшін әуелі өзіңді, жан дүниені дайындайсың, содан кейін ғана әуені мен шумақтарын үйлестіресің. Өкінішке орай көп сазгерлер заманға байланысты шығарма тез жемісін алып келу үшін, тойға лайықтап, әртүрлі тапсырыстар мен ән жазуда. Осы орайда балаларға арналған патриоттық әндерді көбейтіп, сапасын арттыру үшін жүйелі түрде байқаулар мен бағдарламаларды қолға алатын кездің келгені анық сияқты. Шымкент оқушылар сарайының «Алтын ғасыр» үйірмесінде бұндай іс-әрекеттер дұрыс жолға қойылған. Қазіргі таңда отыздан астам авторлық әндер репертуарда бар және қалалық, Республикалық іс-шаралар мен байқауларда «Алтын ғасыр», «Балдәурен» үйірмешілерінің орындауымен халыққа ұсынылып жүр. Жаңа тарихи жағдайларға байланысты да жаңа әндер жарық көруде. Атап айтқанда, «Астана», «Ана тілім-қазынам», «Атадәстүр», «Ардагер ағаларым», «Ауғанстан жерінде», «Жаңа Қазақстан», «Шымкентім менің» т.б. Қазіргі таңда «Алтын ғасыр» үйірмесі шығармашылық ізденіс үстінде. Жаңа туындыларымызбен көрерменімізді қуантып, жаңа жетістіктерге жетеміз деп сенеміз!

## ДӘСТҮРЛІ ӘНДЕ ҚАЗАҚТЫҢ РУХЫ БАР

**Аширбекова Перизат Сайлауовна – Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі, «Ән домбыра» үйірмесінің жетекшісі, педагог-зерттеуші**



Құлақтан кіріп, бойды алар,  
Әсем ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар,

Әнді сүйсең, менше сүй, – деп, дана Абай атамыз қазақтың ән мен күй құдіретін осылай жырлаған. Себебі қазақтай ұлы халықтың мәдениеті де, өркениеті де, ұлттық құндылығы да биік. Қазақ – бір ғана қасиетті домбырамен бүкіл тарихын зерделеп жеткізе білгендігімен ұлы! Мұнымен ешкім таласа алмайтыны хақ! Қазақ халқының әні мен күйі сонау тал бесіктен басталып, жер бесікке дейінгі аралықта мәңгі әлдилеп, жүрек қылын шертіп, мұңы мен зарын, қуанышы мен сүйіншісін жеткізе білген өнегелі өнер! Қазақ халқының рухани жәдігерліктерінің ішінде мақтаныш етер бай мұрасының бірі – дәстүрлі әндер. Киелі қара домбыраның сүйемелдеуімен айтылатын дәстүрлі ән

өнері кемел құрылымымен, кең диапазон, күрделі ырғақ-иірімдерімен ерекшеленеді. Домбырадан төгіліп кеп жібергенде, құлақ құрышыңды қандырып, делебенді қоздырып, қаласа мұңға батырып, қаласа шалқар шабытпен жүрегіңе қозғау салып жіберетін, қуаныштан лүпіл қаққан жүрегіңе бір сәтте махаббаттың мәнін ұғындыратын, алпыс екі тамырыңды идіріп жіберетін кеңдігі бар, даладай дархандығы бар қазақ әні осынау қасиеттермен құнды! Талай ғасыр сүзгісінен өтіп бүгінге жеткен дәстүрлі ән өнерін

мектеп жасындағы балаларға үйрету мақсатында «Ән-домбыра» үйірмесі өз жұмысын жүргізіп келеді. Ашылғанына 15 жылға аяқ басқан үйірменің өмірі де қазақтың әні секілді де буырқанып, биіктеп, асқақтап, талай талантты баланың бағын жақты десек артық айтқанымыз емес.

2009 жылы жұмысын бастаған «Ән-домбыра» үйірмесінде қазіргі таңда 100-ге жуық баланы қолына киелі домбыра алып ауқымда жұмыс жасауда. Осы аталған жылдар арасында «Ән-домбыра» үйірмесінен қанат қағып, өнердің биігінен өз орындарын тапқан қаншама білімді де, білікті жастар шықты.

Перизат Сайлауовна жетекшілік ететін үйірменің балаларға берері өте мол.

Қос ішекті домбырадан күмбірлетіп ән төгіліп, құйқылжыта ән орындаумен қатар үйірмеде сахна мәдениеті, рухани көз ашықтық, ұлттық құндылықтарға деген жанашыр көзқарас, қазақтың болмысына тән ұлттық тәрбиенің барлығы дерлік беріледі. Жоғарыда айтылып өткендей балаға домбырамен ән орындауды үйретіп қана қоймай, жан-жақты тәрбиеленеді. Баланың бойына ұлттық құндылығымызбен бірге патриоттық тәрбиені сіңіре отырып, көпшілікпен қарым-қатынас жасай білуге, еркін ән әуелетіп айта білу, көпшілік ортада қысылмай өзін-өзі ұстауды, тұлға болып қалыптасуға мүмкіндік береді. Ұстаз – өмір бойы үйреніп, білімін толықтырып, жан-жақты ізденіп отырған жағдайда ғана алға жүреді, өседі, дамиды емес пе?! Балалар үйірмеде жас ерекшелігіне қарай емес, қабылданған жылына қарай топқа бөлінеді. Жыл басында осы топтарға қарай жоспар құрылады. Кіші топ балаларына домбыраны қалай ұстау керектігі, шерту, қағу, перне санын жаттау, жеңіл халық әндерін домбыраға салу әрі орындау тақырыптары қойылса, орта топ балаларына күрделілеу халық әндерімен композитор әндері және жылдам қағыстардағы әндермен тапсырмалар беріледі. Үлкен топ балаларына күрделі композитор, дәстүрлі әндермен бірге терме-толғаулар үйретіледі. Үйірмеде топпен жұмыс жүргізілетіндіктен әндерді баланың қабілеті мен дауыс ырғағына, диапазонына қарай ән-терме таңдалып беріледі. Жоғарыда айтып кеткендей, баланы жан-жақты тәрбиелейміз, бірге топпен орындайды. Бірақ конкурстарға, концерттік бағдарлама үшін жеке орындаушыларға арнайы жеке жұмыстар жүргізіледі. Бұл кезде орындалып жатқан әндердің авторларымен әр сабақта танысып отырмасақ та, жылына жоспарланған ашық сабақтарда өнердегі тұлғалар: әнші, сазгерлердің өмірбаянымен, шығармаларымен толығырақ танысып отырады. Балалар өздері ізденіп рефераттар, бүктемелер жасау арқылы тақырып етіп алған тұлғамен жақынырақ таныс болады.

Баланың үйірмеге қызығушылығына домбырамен ән орындау жеткілікті ме? Мен «жоқ» деп жауап берер едім. Жүзге жуық баланы тек домбыра тартқызып қана ұстап отыру мүмкін емес. Сондықтан жан-жақты қызықтыра білу керек деп ойлаймын. Ол қалай? Үйірмеде өтетін ашық сабақтың өзі балалар үшін үлкен дайындық, үлкен концерт. Сонымен бірге мекемеде, қалалық мерекелік концерттерде, есеп беру концертінде өнер көрсету балалардың қызығушылығын арттыра түседі. «Ардагерлер Үйі», «Қарттар Үйі», тау бөктерінде өнер көрсету балалардың бір-біріне деген бауырмалдықтарын, достықтарын арттырумен қатар мейірімділікке, үлкендерді құрметтеу, ізет көрсету, табиғатты аялау сынды қасиеттерін ашады.



Бұл жерде тек үйірмеші баламен ғана қарым-қатынас жүрмейді, өз перзенттерін «Ән домбыра» үйірмесіне берген кезде ата-аналардың да артқан сенімін ақтауға тырысамыз. Бірақ үнемі жұмыс барысы жайлы, баланың жетістіктері, дайындығы жайлы хабарласып, біліп хабардар етіп отырамыз. Үйірменің жыл сайын берілетін есептік концертінде де баламен бірге ата-аналарда үлкен толқуда болады. Сахнаға шығып, есептік концертте өнер көрсету балалар үшін үлкен сын. Үйірменің ұлттық киімдерін киіп, өздерін нағыз өнерпаз санаған балалар концертте бар өнерін төгеді. Перзентінің жыл бойы

жеткен жетістігін көрген ата-аналар да дән риза болып, алғыстарын жаудырып қайтады. Атап айтар болсақ, 2018 ж. «Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды», 2019ж. «Ару көктем, гүл көктем» атты кіші топ балаларының ата-аналарға арналған үйірменің есептік концерттері болып өтті.

2019 ж. «Ән-домбыра 10 жыл» атты есептік мерейлі концертін өткізді. Кешке арнайы шақырылған қонақтар болды. «Сайрам-Өгем» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі бас маманы Бердиева Қарашаш Әбдіқасымқызы өз әріптестерімен бірге келіп, жүрекжарды тілегімен бірге үйірме балаларына арнайы алып келген сыйлықтарымен бірге жетекшіге Алғыс хат тапсырды. Дәл осылай Облыстық мәдениет халық шығармашылығы орталығының бөлім меңгерушісі Мамытқанова Шолпан Құрманғазықызы, «mixnews.kz»сайтынан (Қазақстан әлем жаңалықтары) Нұрсұлу Базарбайқызы келіп өз құттықтауларымен үйірмеге керекті құнды кітаптарын және Алғыс хаттарын тапсырды.

Үйірмеміздің әр жылда қонақтары болып жүрген танымал өнер тұлғалардан айтыскер ақын сазгер Мұхтар Құралов, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Қалмақан Омар, көптеген терме байқауларының жеңімпазы, үздік терме орындаушы Кеңес Әшірбаев, облысқа белгілі терме орындаушы, Мәдениет саласының үздігі, ұстаз Жақып Спатаев ағалар да өз тілектерімен бірге болашақ өнерпаз жасөспірімдерге баталарын берді. Бұл бір ғана іс шарада жасалынған игі істер. Біздің «Ән домбыра»үйірмесінің әрбір іс шарасы осындай үлкен концертке, белді тұлғалар қатысатын рухани кешке айналып кетеді. Бұл балалардың өнерге деген ықыласының кереметтілігі мен білім беру сапасының да жоғарылығы, ата-аналардың көңілінен шығып жүргендігінің бір дәлелі дер едім.

2020ж. «Сендей анам барда арман бар ма?», 2021ж. «Жаныма ең жақын сөз – ана деген», 2022ж.«Жұмақтың кілті анада», «Нұрландырған нұр көктем, Гулдендірген гүл көктем» атты үйірменің есептік концерттері өтті. Мұндай «Ән домбыра» үйірмесінің барлық білім алушылары қатысатын кештер балалардың бір-бірімен достығын нығайтады, бірлікке, жұмыла көтерген жүктің жеңіл болатынын ұғындырып, жақсы қарым-қатынасқа итермелейді.

Ал, жыл сайынғы үйірмеге келетін танымал тұлғалармен кездесуді ұйымдастыру баланың қызығушылығы мен бірге білімділігін көтеріп, өз ойын жеткізе алуына, ортада өзін ұстай білуге үйретеді. Жыл сайын үйірменің арнайы қонағы болып, балалармен әңгіме дүкен құрып, терме-әндерін орындап, балалардың өнерін тамашалап кететін қонақтарымызды атап кетсек; 2011ж. Республикаға танымал айтыскер ақын сазгер Мұхтар Құралов, 2012ж. Шымкент қаласына танымал эстрада әншілері «Наркескен» тобы қонақта болса, 2013ж. Қазақстанға танымал эстрада әншісі Жұбаныш Жексенұлы арнайы қонақ болды. 2014ж. Республикаға, облысқа танымал айтыскер ақын аға-апалар Біржан Байтуов, Анар Жаппарқұлова, Нұрлан Есенқұлов қонақта болды. 2015ж. облысқа танымал терме орындаушы ағалар Жақып Спатаев өз шәкірттері – Мырза Әріпжанов пен Құнанбай Байтеновтер қонақта болса, 2016ж. Оңтүстік өңіріне танымал дәстүрлі әнші Әлімжан Рысбекұлы, терме орындаушы Кеңес Әшірбаев ағалар қонақта болды. 2018 ж. Терме жыр орындаушы ұстаз Орынқұл ханыммен кездесу өткен, 2020ж. дәстүрлі әнші ұстаз Еркебұлан Базаралыұлы өз шәкірттері Игібай Зарина және Шалабай Аймекен қонаққа келді. 2021ж. Қызылорда қаласынан дәстүрлі әншісі Мөлдір Базарбайқызы мен онлайн кездесу өтті. 2022ж. Әбдіразақ Сафура Әмірханқызы, Ахинбеков Руслан Базарбайұлы және саз колледжінің жоғарғы курс студенттері қонақта болды. 2023ж. қалалық саз колледжіне үйірме балалары арнайы концерттік бағдарламамен сол аталған колледжінің дәстүрлі ән студенттерімен кездесіп өз өнерлерін паш етті. Жыл бойы үйірме көптеген игі істердің басы-қасында жүреді. Ұлттық мәртебе берілген үлкен мерекелердің барлығында үйірменің өз ішіндегі топтар әннен шашу шашып, тыңдарманның ыстық ықыласына жиі бөленіп жүреді.

Өздері орындап жүрген әндердің авторларымен, орындаушыларымен кездесу балалар үшін үлкен қуаныш. Өздері сүйіп, жақсы көріп келген осынау өнер әлемінен бір жауһар тапқандай қуанады. Біз не десекте қазақтың дәстүрлі әндерінде дала мәдениеті, қазақтың рухы, қанымен берілген батырлығы жатқаны жасырын емес.

Бүгінгі біздің алдымызда өнер атты аламан бәйгеге келіп қосылып жатқан балалардың әрбірінің жүрегінде елім деген рух, ұлтым деген ұлы қасиет бары жасырын

емес. Оны көздерінен, домбыраға деген, дәстүрлі әнге деген құрметінен сезуге болады.

Бұл үйірменің осы жылдар аясындағы жеткен жетістіктері де аз емес. Ән додаларының қай қайсысына қатысса да «Ән домбыра» үйірмесінің шәкірттері үнемі жүдделі орнынан көрініп келеді. Бұл еткен еңбектің, балалардың әнге деген махаббатының жемісі деп білуге болады.

Осы он бес жылға жуық тарихында «Ән домбыра» үйірмесінен түлеп ұшқан шәкірттер арасында өнердің шырағын жағып, жалауын құлатпай келе жатқан қаншама шәкірттері бар. Олардың ішінде әнші, асаба, өнер мектебін ашқан ұстаздық жолын жалғастырушы шәкірттері өте көп.

Солардың бірі Аселя Амангелиева бүгінде екінші курс студенті, үйірмеден үйренген әдістер арқылы «Ютуб» желісінен арна ашып керемет қазақи контент жасап, домбыра үйретіп жүр. Он екі мыңға жуық жазылушы арнаны бақылап оқып, үйреніп отыр. Алматыдан «Нұрлы Саз» өнер мектебін ашқан Есенбек Нұрлан да бүгінде қаншама дарынды ұл-қыздың өнердегі бағын жағып отыр. Міне, мұндай шәкірттермен мақтануға да, мақтауға да болады.

«Ән-домбыра» үйірмесінің өзінің жетістіктері мен жеңістерінің бірнешеуіне тоқтала кетсек.

2019 ж «Нұрлы жастар» қорының ұйымдастыруымен өткен «Көктем гүлі әз Наурыз» атты республикалық балалар байқауында I орын иеленді, «Uzdik kz» орталығы ұйымдастырған республикалық балалар байқауында Бас жүлде иеленді. «Атадан мұра» қорының ұйымдастыруымен өткен республикалық «Ұлтын сүйген ұланбыз» атты байқауда III орын және Бас жүлде иеленді.



2021 ж. «Өнерлі өркениет» атты республикалық балалар байқауында III орын және Бас жүлде иеленді деп ары қарай тоқтаусыз жалғастыра беруге болады.

Өзім педагог ретінде көптеген марапаттарға ие болғанымды айта кетсем. Мысалы, 2022 ж. Шымкент қаласы білім, спорт және бюджеттік мекеме қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы қоғамдық бірлестігінен «Ұлағатты ұстаз» төс белгісімен марапатталды. Шымкент қаласында 2023 жылы Қосымша білім беру педагогтарының арасында «Үздік педагог – 2023» байқауын өтіп, I орын иеленгенімді де айта кетейін.

Біздің үйірменің жұмысы тек сахнада, мекемелерде ғана жүрмейді. Кейде табиғат аясында барып, домбыра үйреніп, ой бөлісіп, табиғат пен үндестікте білім алушылардың талантын шыңдап қайтамыз. Осы тұрғыда Республикалық «Сайрам-Өгем» ұлттық табиғи паркі ұйымдастыратын тау бөктеріндегі концерттік іс-шараға да үзбей қатысып отыратынымызды тілге тиек ете кеткенім жөн болар. Бұл үйірмедегі үлкен топ балалары қатысатын шара. Үйірме жұмысы өте тыңғылықты, әрі қызықты жүреді. Жоғарыда атап өткенімдей онда тек домбыра тартуды ғана үйренбейді, бұл үйірмеге қадам басқан білім алушы жан-жақты дамиды.

Біздің негізі жұмысымыз балаларды ұлттық өнерді сүйеге, оны дамытуға, оның құрметтеуге дағдыландыру. Сондай-ақ, балалардың талантын шыңдауға жұмыс жасау. Міне, осы тұрғыда олар білім алатын бөлменің де атқаратын рөлі маңызды. Үйірме кабинетінің жабдықталуының өзі бала қызығушылығын арттыруға өз үлесін қосады. Әр концерттен, кездесу кешінен естелік үшін түсірілген суреттерден қабырғалықтар жасалынған, оннан астам альбомдар сөрелерге қойылған жетістіктер тақтасында үнемі жетістікке жеткен шәкірттердің суреті, алғыстары, дипломдары ілулі тұрады.

Сол сөрелерде әр түрлі музыкалық аспаптар жайғастырылған. Қобыз, тайтұяқ, сырнай, сыбызғы, сазсырнай, жетіген және домбыра. Бұл аспаптарды қолымен ұстап көріп, олардан дыбыс шығарып ойнап көру арқылы ұлттық құндылығымызға деген

сүйіспеншілігі арта түсері анық. Сонымен әр қалалық, республикалық байқаулардан алынған кубок, медаль, марапаттары сөрелерге жайғастырылған.

Мұның барлығы Оқушылар сарайындағы «Ән домбыра» үйірмесінің жұмысын дамытуға, балалардың өнерге деген құштарлығын арттыруға рухы биік қазақ өнерін асқақтау үшін жасалып жатқан ерен еңбектер. Расында даланың сазы мен қазақтың салты мен дәстүрі біріккен дәстүрлі ән қашанда биікте тұрады сөзсіз. Себебі, дәстүрлі әнде қазақтың рухы бар. Расында ұлттық өнеріміз ұлт болып қалыптасу жолындағы қаншама еңбектің, қаншама төккен тердің нәтижесі, біз сол рухты өлтіріп алмай алға жылжуымыз керек. Себебі, біз әр қазақтың ұрпағымыз...

## СЕМЬЯ ПОД НАЗВАНИЕМ «АЙГУЛЕК»

**Голобокова Елена Владимировна – хореограф ансамбля «Айгулек», педагог дополнительного образования Дворца школьников**



Ансамбль «Айгулек» - один из старейших творческих коллективов нашей Республики.

Детский хореографический ансамбль «Айгулек» основан в 1946 году. Основателем которого была Цандекова А.Л. С 1975г. художественным руководителем и балетмейстером ансамбля является Заслуженный деятель Казахстана Каланова Райхан Муртазаевна. На протяжении всех лет ни одно культурно-массовое мероприятие Южно-Казахстанской области (ныне Туркестанской) и города Шымкент не проходило без участие детского хореографического ансамбля «Айгулек».

На данный момент в ансамбле занимаются более 150 детей разных возрастов, от самых маленьких 3 года и до 17 лет. У каждого возраста своя группа и индивидуальное расписание. В ансамбле работают два педагога-хореографа я, Голобокова Елена Владимировна (с 2005года) и Садыкова Айгерим

Бауржановна (с 2013года).

В ансамбле ведется обучение по следующим дисциплинам: детский танец, классический танец, народный танец, эстрадный танец. Участники и педагоги ансамбля упорно работают и повышают мастерство на мастер-классах, семинарах, марафонах, а так же стремятся к познанию нового, развития личности и коллектива в целом.

Отличительной чертой ансамбля является высокая культура исполнения и артистизм. Привитая преподавателями влюбленность и увлеченность в танец настолько передается в каждом движении детьми на сцене, что своими выступлениями трогают и зажигают сердца зрителей. Жюри любого фестиваля и конкурса отмечает артистизм и высокий профессионализм юных танцоров, а так же большой вклад руководителя и педагогов в пропаганду и развитие народного хореографического искусства.

Ансамбль «Айгулек» имеет устоявшееся





традиции, ежегодно проводятся проводы выпускников, новогодние утренники, ежегодный отчетный концерт.

Выпускники ансамбля получают официальный сертификат установленного в РК образца.

Выпускники ансамбля работают хореографами, балетмейстерами, творческими работниками в различных уголках нашей родины, а так же в странах ближнего и дальнего зарубежья, где представляют казахское народное творчество, традиции и культуру Казахстана.

#### ДОСТИЖЕНИЯ АНСАМБЛЯ «АЙГУЛЕК»

2005 год – Франция;

2006 год – Турция;

2007 год – Франция – Германия – Москва  
«Хрустальная лира»;

2008 год – Италия, «La corona de Orfeo»;

2009 год – Турция Insuyu», Астана «Шаттық»;

2010 год - Италия «GEF», г.Кызылорда республиканский фестиваль «Ботакан»;

2011 год – Польша «Артистическое лето в замке»

2012 год – Турция (Бодрум), «Bodrum kayamakamligi»;

2013 год – Ирландия –Великобритания «Damshafest»;

2014 год – Польша-Вена-Германия-Москва «Артистическое лето»;

2015 год – Финляндия-Норвегия-Швеция «Inspiration 2015»;

2016 год – Франция-Испания «Musica Del Lloret de Mar»;

2017 год - Македония-Италия «Star Flowers 2017», «X Dans»;

2018 год – Крым, «Крым 2018»;

2019 год – Черногория «Montenegro Fest»;

2022 год – Турция «Дом солнца», Астана «Italian Grand Festival», Астана «Гүлденген қызғалдақ».

«Айгулековцы» еще не раз покорят сердца своих зрителей и достигать новых творческих высот!





## МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ НАРОДНО-СЦЕНИЧЕСКОГО ТАНЦА В ОБРАЗЦОВОМ ХОРЕОГРАФИЧЕСКОМ АНСАМБЛЕ «АЙГӨЛЕК»

**Каланова Райхан Муртазаевна – Художественный руководитель,  
балетмейстер образцового хореографического ансамбля  
«Айгөлек», Заслуженный деятель Республики Казахстан, педагог  
дополнительного образования Дворца Школьников, г. Шымкент**

*«Есть только один исторический путь к достижению высшей всечеловечности, к  
единству человечества - путь национального роста и развития, национального творчества».*  
А.В. Бердяев

Успехом развития социально-экономической и политической стабильности общества является сохранение и совершенствование народной культуры.

Данная проблема рассматривается в работах ведущих исследователей в области преподавания танца Г.П.Гусева, В.М.Красовской, А.А.Климова, А.В.Лопухова, Т.С.Ткаченко, В.И.Уральской, Т.А.Устиновой, А.В.Ширяева и др. От уровня знания дисциплины «Народно-сценический танец» зависит статус будущего педагога хореографа. С древних времен и до нашего времени народные танцы являлись одним из самых любимых видов искусства. В наши дни нередко можно увидеть исполнение народных танцев, как профессиональными коллективами, так и любительскими, как взрослыми исполнителями, так и детьми. Народные танцы передавались из поколения к поколению, некоторые из них видоизменялись, трансформировались, другие сохранились неизменными и стали традицией.



Язык танца - самый лучший, самый доступный. Отсюда и тот восторг, который неизменно у жителей разных стран вызывает знакомство с хореографическим искусством, казахскими народными танцами и национальными костюмами, считают педагоги образцового хореографического ансамбля «Айгөлек».

Сегодня ансамбль объединяет около 200 юных талантов в возрасте от 4 до 17 лет. На протяжении многих десятилетий «Айгөлек» был, чуть ли не единственным хореографическим коллективом, попасть в который мечтала половина городских школьников. На данный момент в городе появилось множество детских хореографических ансамблей, но, не смотря на нынешний большой выбор «Айгөлек» продолжает лидировать. Передача народных танцевальных традиций, воспитание культуры чувств и эмоций осуществляется средствами народно-сценической хореографии. Изучение народного казахского танца, как старинного, так и современного, правильное понимание стиля, характера и манеры его исполнения дают возможность создать на сцене средствами танца правдивый образ казахского человека, воспитывают хороший вкус, чувство национальной гордости за свой народ, любовь к Родине. Изучение танцев других национальностей воспитывает уважение к традициям и культуре других народов.

«Народный танец» стал отдельной дисциплиной к концу девятнадцатого века, в Петербургском императорском хореографическом училище. Во многих балетных спектаклях исполнялись такие народные танцы как, венгерский, цыганский, испанский, русский, украинский, польский и так далее, что обуславливается необходимостью введения данной дисциплины в программу обучения. Мысль введения данного предмета и создания определенной системы его преподавания давно интересовала умы хореографов.

В девяностых годах девятнадцатого века, А.Ширяев попытался создать первый тренаж народно-сценического танца. Изначально к данной затее относились скептически, но имелись и сторонники данного новшества.

Постепенно народный танец сформировали в отдельную дисциплину, и стал преподаваться в других хореографических училищах.

Воспитание исполнителей народно-сценического танца процесс не из легких, который требует как от педагога, так и от обучающихся ежедневного труда. Поэтому уроки народного танца всегда должны быть целенаправленны и методически грамотно выстроены.

В данной статье хотелось подробнее рассказать о экзерсисе у станка в народно-сценическом танце.

Урок народно-сценического танца состоит из трех частей. Первая часть - это упражнения у станка. Упражнения у станка состоят из 12 самостоятельных упражнений, каждое из которых имеет еще свои разновидности.

1. Полуприседания и полные приседания.
2. Упражнения на развитие подвижности стопы.
3. Маленькие броски.
4. Круговые движения ногой по полу или по воздуху.
5. Каблучные упражнения.
6. Низкие и высокие развороты ноги.
7. Дробные выстукивания.
8. Упражнения с ненапряженной стопой.
9. Подготовка к «веревочке».
10. Зигзаги.
11. Раскрывание ноги на девяносто градусов.
12. Большие броски.

Во время урока не рекомендуется исполнение всех 12 упражнений, рекомендуется во время одного занятия включить 8-9 упражнений, выстроенных по принципу чередования плавных и резких движений, упражнений на вытянутых ногах и присогнутых. Начинают занятие с приседаний, которые вводят в работу суставно-связочный аппарат, заканчивают большими бросками. Маленькие броски можно чередовать с каблучными упражнениями, дробные выстукивания можно заменить упражнениями с ненапряженной стопой или зигзагами.

Начиная выстраивать занятие, преподаватель должен четко сформулировать цель проведения занятия. Что нужно новое изучить, какие упражнения нужно дополнить или усложнить. Нецелесообразно разучивать весь комплекс упражнений за одно занятие, следует разучивать одно-два новых упражнения, дополнять или усложнять еще парочку, остальное закреплять и отрабатывать. Только так можно добиться успеха.

Учебные комбинации это основа фундамента, из которых вырастает здание. Основой комбинации должен быть главный элемент. К примеру, если взять комбинацию маленькие броски, основу должны составлять упражнения данного раздела, применяя в комбинациях элементы народных танцев, нужно учитывать стиль и соответствие основному движению. Продолжительность учебной комбинации у станка составляет от 8-до 32 тактов, учитывая темп исполнения. Если приседания и круговые движения ногой исполняются в медленном темпе, то и комбинация будет составлять 16-32 такта. Упражнения на развитие подвижности стопы, маленькие броски, дробные выстукивания, каблучные упражнения исполняются в более резком быстром темпе, для них достаточно будет размер учебной комбинации от 8 до 16 тактов.

Сочиняя комбинацию важно учитывать не только характер ее исполнения, но и то какую задачу она решает. Если взять комбинацию подготовку к «веревочке» в характере русского, украинского, венгерского, где встречается данное движение это послужит отличной подготовкой исполнения его на середине зала. Так же следует учесть ненужность перегрузки комбинации многообразием движений, отходами от станка, множеством поворотов и прыжков. Необходимо учитывать чередование упражнений, на присогнутых

ногах и подъемах на полу пальцы или подъеме пятки опорной ноги.

Главным принципом составления комбинации должен стать принцип - от простого к сложному. Этот принцип необходимо учитывать для построения урока в целом. Сегодня народный детский ансамбль гармонично сочетает танцы многих народов мира. Особняком в репертуаре стоят казахские национальные танцы, отличающиеся яркими костюмами, хореографией, рисунком и режиссурой композиций. Они позволяют сполна передать национальный колорит и завоевать симпатии публики, независимо от того, на сцене какой страны выступает «Айгөлек».

Список использованной литературы и источников

1. Лопухов А. В., Ширяев А. В., А. Бочаров И. «Основы характерного танца» /- СПб.: Лань, 2018. - 306с.
2. Гусев Г.П. «Методика преподавания народного танца». Упражнения у станка/ Гуманитарный издат. Центр ВЛАДОС 10000. М.: 2018. - 202с.
3. Гусев Г.П. «Методика преподавания народного танца. Танцевальные движения, комбинации на середине зала». /Гуманитарный издат. Центр ВЛАДОС 10000. М.: 2019. - 340с.
4. Гусев Г.П. «Методика преподавания народного танца. Этюды». /Гуманитарный издат. Центр ВЛАДОС. М.: 2020. - 232с.

## «САХНА ЖӘНЕ КЕҮІПКЕР»

**Қалиева Жайсан Усеровна – «Шаттық» театр үйірмесінің жетекшісі,  
Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі, педагог-зерттеуші**



Сабақтың мақсаты:

Білімділік: үйірмешілерді халық ауыз әдебиетіндегі ертегілермен ертегі кейіпкерлерімен таныстырып, сөз әсерлігін, тіл байлығын түсінуге, ұлттық рухани білімімен қаруландыру.

Дамытушылық – үйірмешінің тілін, қиялын, сөздік қорын халық мұрасы арқылы дамыту; балалардың логикалық қабілетін дамыту. Зейін белсенділігін арттыру, тез ойлауға машықтандыру.

Тәрбиелік – Еліміздің болашақ ұрпағын біліммен сусындаған, тапқырлығымен тамсандыратын сауатты, саналы етіп тәрбиелеу, ертегіні сүйіп оқуға, адамгершілікке, елжандылыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: кітаптар, слайд, қанатты сөздер, ертегі кейіпкерлерінің суреттері т.б.

Сабақтың барысы

I. Ұйымдастыру кезеңі.

а) сәлемдесу, б) түгелдеу, в) сабаққа зейінін аудару.  
Үй тапсырмасын сұрау, пысықтау, қорыту.

Жаңа сабақ

Қайырлы күн! Қымбатты ұстаздар мен жас

өреңдер! Міне, бүгінгі «Сахна және кейіпкер» атты ашық сабақты бастауға рұқсат етіңіздер. Актердің басты мақсаты – тіл байлығының құнарын сезіну. Болашақ актер үшін сахна тілі – тіл техникасының сан қырлы сыры мен қол жетпес құндылығы тілдің тұңғыық құпиясына қазық болып қалады. Қазіргі таңда тіл көкейтестілігі арта түсті. Тіл қарым-қатынас құралы. Адамның ой-өрісін, мәдени дәрежесін, ақыл-парасатын, рухани байлығын көрсететін айна. Актер оқиғаны тыңдаушысына жеткізуге әңгімелеуші сюжет арқылы емес, өзінің анық тілі мен зерттелген сөзбен жеткізіп түсіндіреді.

Білімгердің үшқырлығы мен тапқырлығын және сөзді дұрыс қолдана білу тәсілін шыңдау үшін тренинг жаттығулар қажет. Театрланған ойынды басқару негізінде әдеби шығармашылық мәтінмен жұмыс істеу жатады. Мәтінді оқығанда әдеби тілмен анық, мәнерлеп оқу керек.

Ертегі балаларға ерекше айқын эмоционалды оқиғаны әңгімелейді. Ертегідегі кейіпкерлердің образын сомдайды.

Жұптық тапсырма: диалог құруды тапсырылады.

Мысалы: Замандас! «Бөрі алатын жігіт бөрігінен белгілі, жау алатын жігіт серігінен белгілі» емес пе? «Жылуы болмаса түбіт қасиетсіз, жігері болмаса жігіт қасиетсіз», «Сыртын көріп ішінен түңілме, қарасын көріп күшінен түңілме», «Өзім дегенді өзекке теппе..», «Алыс та жақын болар жолын тапса, жақын да алыс болар қолын қақса». Қазақ халқының тілі бай, әрі көркем тіл. Сан алуан көрікті де, қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, шешендік және нақыл сөздер халық тілінде көркемдеп бейнелеуші, өрнектеп мәнерлеуші де сонда». Негізгі бөлім: Тілдік норманы қалыптастыру, сауаттылық, тіл тазалығы, сөздерді дұрыс айту, дұрыс жазу тіл мәдениетінің басты талаптары болып табылады. Сондықтан жаттығулар жасаймыз. Демек, дикцияны тазалап, орфоэпиялық норманы дұрыс сақтау, тілге арналған гимнастикаларды жасап тілді жұмсарту керек. С,з,ж айту барысында ш дыбыстарын қосып отырған абзал. Ол үшін мақал-мәтелдер айтамыз. С әріпін айтқанда сол әріптің айтылу заңдылықтарына көңіл аудару қажет. С, з әріптерін айтқанда тілдің ұшы алдыңғы төменгі тістерге жанасады. Ж әріпін айтқанда тілдің ұшы жоғарғы тістерге көтеріледі.

Сасса, сәссе, сосо, суссу, шашша, шәшше, шошшо, шушшу

Зазза, зәззе, зоззо, зуззу т.б.

Жздра, жздре, жздро, жздру.

Зжда, шстро, шсту.

Тіл мәдениеті дегеніміз – сөздерді орнымен қолдану.

Болашақ актер қай кезде, кімге қалай сөйлеу керектігін және сөз астарының салмағы қандай екендігін сезінуі шарт. Яғни сөз қатпары қалың. Әрбір әдемі ой, әдемі айтылады. Қалай айтуды ойлаңдар».

Жаңылтпашпен жұмыс

Адалдық ардың ісі.

Адалдық жүрген жерде, адамдық жүреді,

Ақылы аздың, азабы көп, ақылды адамның арманы жоқ.

Аңқау бөрі қой үркітеді, аңқау адам ел үркітеді.

Тура тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады.

Жаттығулар: 1. Сол жақ қолымызды қысып тамақтың астына қоямыз.

2. Келесі жаттығу сұқ саусақты астын үстіне жоғары жасаймыз.

3. Бұлшық етті босату керек. Екі қолды қосып шайқаймыз.

4. Дыбыстың анық шығуына қан жүгіртеміз

5. Енді ішімізге ауаны жиып шығарамыз. ТУУУекі ерінді тістейміз. Тісті жалатып өтеміз, ерінмен тісті көрсет.

Айтады ертегі сыр, ертегі ой.

Ертегі айтса еліктіріп балалар,

Қиялға қызықтырып ертеді ой.

Ертегіде халықтың мұң-зары бар, орман тау, өрмелейтін құздары бар. Жамандықпен алысып, жауын жеңген, халқымның ұлдары мен қыздары бар!

Ертегімен халқымыз ертеңіне, ұрпағын қызықтырып жетелеген. Олай болса жануарлар, адамдар, ертегілер бейнесіндегі кейіпкерлер сомдау. Мәтін бойынша дайындалған бірнеше диалог, монолог, рөлдік ертегілерге кезек берейік.

Олай болса ертегілер елінің қақпасын ашайық. Бізді қандай ертегі күтіп тұр екен. «Қорқақ қоян», «Көжек пен шөжек», ертегісіне кезек берейік.

Сахналық көрініс: «Түлкі, қойшы, аю»

Автор: Бір қойшы қой бағып жүрсе, бір түлкі бір аю қуып келеді екен. Түлкі бір тамға келіп кіреді. Аю да тамға кіремін дегенде, тамның тар есігіне кеудесі сыйып, бөксесі сыймай ілініп қалады. Түлкі тамның бір кішкентай тесігінен жылт етіп шығып, айналып есікке келіп, есіктен не әрі кетпей, не қайта шыға алмай, ілініп жатқан аюдың артына келіп, мазақтап, аюдың бөксесіне сарт етеді. Оны қойшы көріп тұрады. Аю әрең деп қайта шығып, жан-жығына қарап, қойшыға келіп.

Аю: Е, сен не көрдің?

Қойшы: «Мен не көрейін? Бір аюдың бөксесіне бір түлкісарт етті, соны ғана көрдім».

Аю: А-а-а, ашуданып «Егер де осыны біреуге айтсаң, мен сені жеп қоямын».

Қойшы: «Ойбай, ендеше айтпаймын».

Аю: Жарайды, айтсаң өлесің! – деп кетеді.

Қойшы: Кешке түлкі бір тамға келіп кіреді. Аю да тамға кіремін дегенде, тамның тар есігіне кеудесі сыйып, бөксесі сыймай ілініп қалады. Түлкі тамның бір кішкентай тесігінен жылт етіп шығып, айналып есікке келіп, есіктен не әрі кетпей, не қайта шыға алмай ілініп жатқан аюдың артына келіп, мазақтап, аюдың сарт етті дейді. Бұны бар ауылдың балалары өлең қылып айтып, шулап-ойнап жүреді.

Аю: Мұны аю естіп, ыза болып қойшыға келеді.

Қойшы: Е, сен, адамдарға айтпаймын дегенің кәне? Енді сені жеймін!

Қойшы: Үш күнге мұрсат бер, үй ішіне, туған-туыстарымен қоштасып келейін дейді.

Аю: Жарайды, үш күнге рұқсат бердім.

Қойшы: Жылап отырады.

Түлкі: Ей, қойшы неге жылап отырсың?

Қойшы: Жыламай қайтейін, мені аю жегелі жатыр.

Түлкі: «Ойбай, үндеме, аюдан құтылатын амалды мен білемін».

Қойшы: Ол, қандай амал.

Түлкі: Сен ол үшін не бересің.

Қойшы: Қуанып, не қаласаң соны берем.

Түлкі: «Маған бір бүйрегіңді бер!» - дейді.

Қойшы: «Жарайды», - деп уәделеседі.

Түлкі: Ауылыңа бар да бір үлкен қап әкел. Аю келгенде, анау жерде шаңды бұрқыратып мен жүремін. Аю сұрар «Анау не?» деп, сен айт: «Ол ханның баласы. Қатыны аюдың жүрегіне жерік болып, соны іздеп жүр» де, аю қорқып: «Ойбай, ендеше мені жасыр, қайда тығылам?» дер, сонда сен әлгі үлкен қапқа тығыл деп, қапқа тығып, қаптың аузын мықтап буып, шоқпармен ұрып өлтір», - дейді. Екеуі уәделесіп, түлкі кетеді. Келіп уәделескен күн болды.

Аю: «Енді мен сені жеймін» деп тұрғанда. Ау, қойшы анау шаңды көріп тұрсың ба?

Қойшы: «Ол ханның баласы. Қатыны аюдың жүрегіне жерік болып, соны іздеп жүр» .

Аю қорқып: «Ойбай, ендеше мені жасыр, қайда тығылам!» - деп сасады.

Қойшы: Ендеше мыңда тығыла ғой!» - деп қаптың аузын ашады. Қаптың аузын шылбырмен байлап, шоқпармен ұрып өлтіріп алады.

Түлкі: Е,Е, күліп: «Енді бүйрегіңді бер!»

Қойшы: Қипақтап, жыламсырап белбеуін шешеді, қойшының іші шұрылдайды.

Түлкі құлағын тіге қалып: «Әне, о не қыңсылаған»

Қойшы: Сол арада қуланып.

- Түнеу күні бір тазының күшігін жұтып едім, сол енді үлкен тазы болып, ішімнен

шығайын деп қыңсылап жатыр.

- Түлкі қорқып: «Ойбай қойшы, ендеше дос болайық, құйрығыңды қыса тұр, мен қашайын», - тұра жөнеліпті.

- Ертегі ұнады ма ?

- Ертегіде кімдер жайлы айтылды?

- Ертегі қалай басталды?

- Ертегі қалай аяқталды?

Барлық ертегіде жақсылық пен бақытты ғұмыр кешеді. Дұрыс айтасыздар.

Сахналық көрініс: «Қорқақ көжек»

Қоян: Сәлем, достар!

Балалар: Сәлем!

Қоян: Сәлем, қалай жағдайларың, сабақтарың қалай?

Балалар: Жақсы.

Қоян: Жарайсыңдар, мені танып тұрсыңдар ма? Мен кімін?

Жарайсыңдар, мен ешкімнен қорықпайтын Батыр Көжекпін.

Музыкамен қойлар сүзісіп ортада ойнап шығып кетеді.

Қоян: Ойййй, ойййй

Қол соғып шығады Қасқыр: Мен бөлтірік көкжалмын. Қатырамын бар жағын, қояндарды лақтырып, етігімен сындырам. Ау, аууууууу, ауууу

Мен болашақ қасқырмын, батырамын бар жанын, қарсыласты лақтырып етігімнен қарныма. Ауууууу, ауууу. Қарнымның ашып тұрғанын-ай. Қарным ашып тұр, қоянның етін жегім кеп тұр, балалар сендер қоянды көрдіңдер ме? Қарным ашып тұр дедім ғой...

Қоян қайда кетті? Мына жаққа ма, әлде мына жаққа ма?

Балалар: басқа жаққа жібереді.

Қоян: Құтқарыңдар, құтқарыңдар ойййй, оййй.

/Қасқырдың аяғының ортасына кіріп кетеді/

Қасқыр: аааа. Бұл кім? Қоян, Қоян, а қоян, Қазір сені жеп қоям. Жеп қояйын ба?

Қоян: Жоқ.

Балалар: Жоооқ.

Қасқыр: Ия, менің қарным ашып тұр ғой. Енді мұны жемесем, түк жемеймін ба?

Қазір сені жеп қоям, қазір сені атам. Онда сендердің қояндарыңмен билеймін сендер қол соғыңдар. Жарай ма?

/Музыка би вальс/

Қасқыр: Атады.

Қоян: Ой, ой қайда қашам?

Қасқыр: Болды, қояндарыңмен ойнап болдым енді оны жеп қоям.

Балалар: Қоянды жеме.

Қасқыр: Қайда, қоян қайда? Қайда кетті қоян мына жаққа ма, әлде мына жаққа ма?

(іздейді) Өтірік айтасыздар.

Қоян: Ой, ой қайда қашам?

Ит: Мен күшікпін, күшікпін, барлығынан пысықпын, аф-аф

Жаманшылық жасамай, тілеуіндей мысықтың, аф-аф

Мен күшікпін, күшікпін, барлығынан ақылды,

Танимын алыс жақынды аф-аф

Мен күшікпін, ақ күшік, өзімді мақтаушы, аф-аф

Туууу. Құ-лын-шақ, құлынды еркелетіп атаған түрі құлыншақ дейді.

Ой, басыма бәле болды ғой, қыс бойы оқымай енді қарашы ит болып отырғаным-ай. Қос өркешті түйе баласын ақ бота деп уыз сүтін емін - еркін жүрген ботаны айтамыз. Жалғыз өркешті түйені нар дейміз.

Педагогтер осы қызық, өздері білгендерін, бізге де жаттады. Оның бәрін қалай жаттап алмақпыз. Осы менің басым қоржын емес қой, алып сала салатын.

Қоян: Қасқыр!( айқайлап) Құтқарыңдар, құтқарыңдар, қасқыр. Ой, ой, ой.

Ит: Ой, туысқан саған не болды соншама айқайлап? Бүкіл дүниені басыңа көтердің ғой?

Қоян: Қорқып барам ағатай, құтқаршы,

Ит: Осы сен кімнен, неден қорқасың?

Қоян: Ана жақта өзеннен су ішіп жатқан едім. Екі дәу сүзісіп, жер қозғала жаздады.

Қашып әзер құтылдым.

Ит: Япыр-ай, олар кім болды екен?

Ит: Ал, сен кімсің?

Қоян: Мен қорқақ көжекпін.

Ит: Неге қорқақсың?

Қоян: Біз тұқымымызбен қорқақпыз. Анам айтқанбіз тұқымымызбен қорқақпыз деп.

Ит: Қорқақ, қызық.

Қоян: Өзіңіз кім боласыз?

Ит: Мен болашақ итпін. ауп, ауп... ал әзірше күшікпін, мен әлемдегі ең ақылды, ең мықты ит мен боламын.

Қоян: Жіпті тартып, ал мынау не?

Ит: Ол ма, ол ма? Мен сабаққа дайындалмап едім, педагог мені байлап қойды. Егер сабақты жақсы оқысам, қарғы бауымнан босатады.

Қоян: Күшік, енді осылай тұра береміз бе?

Ит: Жоға, көріп тұрсың ғой, сабаққа дайындалып отырмын. Қазір педагог ағай келеді, емтиханды жақсылап тапсырам, қарғымнан босатады.

/ой, қаштық. Ұяға тығылып қалады/

Сахналық қойылым түрде мазмұндау.

Балалар «Тазша бала» ертегісін оқыдыңдар ма?

- Олай болса, сұраққа дайынсыңдар ма? Қане кім хан, Тазша халық өкілі болады?

3.Тазшаның тапқырлығын жалғастырып, өтірік өлеңдерін кезектеп жалғастырып көрейік.

Кейіпкерді тану.

а) Мәтінге сүйеніп Тазшаға, ханға мінездеме беру.

Хан Тазша

Қатыгез, сараң т.б. Байқағыш, тапқыр т.б.

- Балалар өтірік айту дұрыс па?

- Тазша неге өтірік айтты?

- Тазша өтірік әңгімесінен қандай өнерін көресіңдер?

- Ия, қиялшыл, тапқыр, байқағыш бала екенін.

Толғаныс стратегиясы.

- Ендеше бізде қиялға ерік берейік.

- Өтірік өлең, ертегі құрап көрейік.

Пікірталас. РАФТ стратегиясы бойынша.

Рөл – көжек, шөжек, ит, мысық.

Аудитория – есіктің алды.

Форма – ертегі

Тақырып - «Неге араз?» /Ертегіні ауызша да, жазбаша да құрастырып алу/.

Біз қандай ертегі құрастырдық?

- Ертегінің қандай түрлері бар?

- Ауызша әдебиет дегеніміз не?

- Оның қандай ерекшелігі бар?

- Ауыз әдебиетінің қандай түрлері бар?

- Кейіпкер дегеніміз не?

Бізде, қане, кім тапқыр? Өтірік өлеңдер құрастыру

Аю кітап оқып отыр.

Қасқыр шұлық тоқып отыр.

Түлкі ұршық иіріп отыр.

Қоян барлық аңдардың терісін жинап, жуып отыр.

Кірпі машинаны 180-мен айдап жүр т.б.

- Қалай ойлайсыңдар, ертегідегі айтылған жаман оқитын балалар бар ма бүгінде?

Бұл ертегі өміршең екен. Ортамызда байлықтың буына пісіп, не істерін білмей жүргендер

аз емес. Көжек өз өнерімен, білімімен қиындықта нан тауып, қысылған жерде жол тауып жүрген жандар тіпті көп. Олай болса балалар қысылғанда дем беріп, қиналғанға жол сілтер ақылды, тапқыр болып өсе берейік.

Қорытынды: Сахна кейіпкерлері арқылы ертегілер арқылы біздің қиялымызға қанат бітіріп, жамандықтан аулақ жүруге, жақсылық жасауға, адалдыққа үйретеді. Көмекке келеді, бірліктің, достықтың арқасында барлығын жеңіп шығады. Барлығымыздың армандаған ойларымыз орындалсын.

Үйге тапсырма: Әңгімелер оқу, мазмұндау, ойдан ертегі құрастырып келу.

## ӨНЕР МАЙТАЛМАНЫМЕН СҰХБАТТАСУ САБАҒЫ

**Касымова Лаура Тугелбековна – «Шабьт» театр үйірмесінің жетекшісі, Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі, педагог-зерттеуші**



Сабақтың тақырыбы: Өмірдің өзі – новелла!

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: өнер саласындағы өте жарқын, талантты да танымал актриса Еспай Гүлшат Ермекбайқызының еңбек жолымен таныстыру;

тәрбиелік: өнер саласының шебер майталмандарының сара жолын бағалап, өнердің шыңына жетуді мақсат тұту;

дамытушылық: балаларды көркем шығармалармен таныстыра отырып, оларды сахналап, көркемдеп сахна шеберіне жеткізу.

Көрнекілігі: Гүлшат Еспайдың портреті LED экран арқылы бейне материалдар

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

а) Сәлемдесу, түгендеу

б) Балалардың назарын сабақ барысына аудару

II. Жаңа сабақ

а) Г.Еспай жайлы мағлұматтар

б) Өнер майталманының еңбек жолы туралы сұхбат - сұрақ жауап

Алғысөз

Аядай сахнада дүние жүзінің көне тарихынан бастап, бүгінгі дәуірге дейінгі, тіпті жарқын болашақтың да әдет-ғұрпын, мінез құлқын, сән-салтанатын, тіршілік үшін түрлі әрекеттерін бір-екі сағат ішінде түгел көріп шығасың. Жақсылық пен жамандықты, адалдық пен арамдықты, махаббат пен зұлымдықты, асыл мен жасықты, қысқасы өмірдің бар қырын, бар сырын көріп, танитын боласың.

Театр дегеніміз - халыққа көптеген ізгі жайттарды айтып бере алатын мінбе,- деп үлкен баға берген ұлы ғұламалар, теңдесі жоқ өнердің сахна шеберлері арқылы жарыққа шығатынын да ұмытпаса керек. Сондай сахна шеберлерінің бірегейі, театр





саласының қас шебері Еспай Гүлшат Ермекбайқызы жайлы әңгіме өрбімек. «Өмірдің өзі - новелла» айдарымен бүгін қонақта көпшілік қауымның сыйына бөленіп, халықтың көз қуанышына айналған беделді Жұмат Шанин атындағы қалалық Академиялық қазақ театрының актрисасы Еспай Гүлшат Ермекбайқызы бүгінгі таңда үлкен сұранысқа ие болған сахна майталмандарының бірі. «Өмірдің өзі - новеллада» балалардың апасы, «Көке» фильміндегі Есбике, «Айша-бибиде»-Бәбәжі, «Қалқан құлақтағы» - Мыстан кемпір, «Құдашада»-Шәмсия, «Жеңгетайда» - Толыма, «Бақ іздеген бейбақтардағы» - Бибіхан, «Күтпеген кездесу» - София Ивановна, «Бәсеке» - Сандуғаш әр кейіпкерінің табиғатын оның жан-дүниесін диалектикалық даму үстінде танып білетін, адам жанының терең қатпарларында тұңғыш шыңырауларда жүріп жататын құбылыстарды дәлдікпен дөп басатын суреткер. Қазіргі таңда аяулы жар бола білген, екі ұл, үш қыздың асыл анасы, төрт немеренің сүйікті әжесіне айналған Гүлшат Ермекбайқызы өнер шыңының биігін бағындырған жан.

- Құрметті өнерсүйер қауым, бүгін біз Жұмат Шанин атындағы қалалық Академиялық қазақ драма театрындамыз. «Өмірдің өзі - новелла» тақырып айдарымен бізбен бірге бүгін қонақта танымал актриса, өнердің дара тұлғасы Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, сахна шебері Гүлшат Ермекбайқызымен сұхбат жүргізбекпіз.

- Сізге ортамызға қош келіпсіз,- дей отырып, өзіңіздің осы өнер ордасына қалай келгеніңіз жайлы айтсаңыз. Өнерге деген құштарлығыңыз қай кезде басталды, әлде біреулер себепкер болды ма?

- Әкем өлең жазатын ақын жанды кісі, шешем де ән айтатын кісі еді. Екеуі қосылып ән айтатын, жеңгелері әкемнің айтатын әндерін құштарлықпен тыңдап, айтысамыз деп келетін. Әкемнің аты – Ермекбай, Бөбізайым, олардың бірігіп айтатын әндеріне қанып өстік. Енді ол сүтпен келген шығар, өзім өнерге жаным жақын болды. Мектепте оқып жүргеннен бастап өзім жақсы ән айтатынмын. Бірінші кластан төртінші сыныпқа дейін сабақ берген ұстазым Гүлжамал апай отырған жерде айтатын, менің Гүлшатым өлең айтады деп. Сол мектеп жасымнан бастап өнерге құштар болдым. Кейін өсе келе жоғарғы кластарға көшкенде көркемөнерпаздар үйірмесіне қатыстым. Енді ол кезде бағалы еді. Фестивальдарға барып, жүлделі орындар иеленіп жүрдім.

- Енді арман жетегінде өнер жолына қай жылдары келдіңіз?



- Жетпіс екінші жылы «Алатау» ансамбліне жұмысқа шақырды. Жылқыбай Аралбаевич деген үшінші хатшы менің өнерімді көрді де осы ансамбльге алды. Сөйтіп жүргенде отағасы Ахмет Өтебаевпен танысып, тағдыр қосқан шығар отбасылы болдық. Ол кезде ол кісі Жамбыл қаласындағы қазақ театрында директордың орынбасары болып жұмыс жасайтын. Кейіннен ол кісіні Торғай театрына шақырып, Арқалық қаласындағы музыкалық өнер ордасына бірге бардық. Сол жерде актрисалық қызметім басталды. Содан кейін осы театрда қызмет жасап келемін. Отағасы да осы Шымкент театрына жұмысқа орналасты, 1987 жыл болуы керек. Тоқсаныншы жылдары осы мекенге көшіп келіп, міне, қаншама жылдар аясында өмір сүріп келемін. Ж.Шанин театрында қызмет жасағаным отыз жыл болды.

- Енді отбасыңызға оралсақ, осы жолдасыңызбен бірге өткізген күндерді сағынып, еске алатын сәттеріңіз бола ма? Гастрольдік сапардағы қызықты күндер, отбасындағы күйбің тіршілік.

- Отағасымен көптеген гастрольдік сапарлар болды. Ол кісі өте әртістердің жағдайын жасайтын. Бірінші орында әртістерді орналастырып, одан кейін өзіміз орналасатынбыз. Көптеген колхоз-совхоздарды, аудан орталықтарын араладық. Транспорт бұзылып қалып, елу градус ыстықта Маңғыстауда тұрып қалған кездеріміз болды. Содан ол кісінің ерекшелігі бір жүрген жерін ұмытпайтын, есте сақтау қабілеті өте жоғары болатын. Қай жерде қалай жүру керектігін жақсы білетін. Ол кісімен жүрген берекелі-тұғын, отбасында да берекелі болды. Салмақты, салиқалы, өте байсалды тамаша жан. Балаларына да өте жайлы, жұмыста да өте жайлы, әртістердің қамын ойлап жүретін. Ешкімнің көңілін қалдырмайтын бірдей, бір қалыпты оны жек көріп тұрса да оны білдірмейтін. Жұмысын өте жақсы білетін. Кезінде көптеген жақсылықтар жасады, премиальный алатынбыз. Сонымен қатар, жылдың аяғында он үшінші жалақы алдық - бұл өмірде болмаған нәрсе. Бәрі сол кісінің арқасында. Қазіргі жағдайымызда жаман емес. Әрбір басшы өзінің біртұтас ойларымен келеді, жаңаша көзқараспен. Қазіргі таңда театрымыз жөндеуден өтуде. Театрымызды сағынып жатырмыз, мына індеттің салдарынан көптеген қайшылықтар орын алуда.

- Асанәлі Әшімов айтады – «Көрерменнің өзі партнер» дейді. Сіз осы тұжырымдамаға не айтар едіңіз? Жалпы өзіңіз қойылым барысында мықты партнер болған тұлғалардан кімді айтар едіңіз?

- Дұрыс айтады залда көрермен тола болып, сен сахнада ойнап жатқанда үлкен әсер береді. Егер өзің шынайы ойнап жатсаң сенің әр қимыл әрекетіңе мән беріп, қолын соғып қолпаштап отырады. Әрине, сенің көңілің көтеріліп, ойнағың келіп құштарланысың. Шынында да көп көмегін береді, партнер деген сол шығар. Әскер Құлдановтың «Айша бибі» спектаклінде, ең алғаш келгенімде Бәбәжі хатынды ойнадым. Бірінші рет ойнаған үлкен ролім болған. Мен әлі күнге дейін сол ролімді аңсаймын. Ол кезде жас болдым, қазіргі таңда жетпіске келіп отырмын. Сол бейнені қайталап жасайтын болсам басқаша ойнар едім деп қоямын. Енді өзім музыкальный театрдан келген соң, әнді жақсы көретін болған соң келесі бағым «Құдаша» деген спектакль қойылып, Башкирдің аудармасынан Оразымбетов сонда бір көсіліп ойнаған бір сәтім болды. Әрі өлең айтып, әрі роліңді ойнаған кез қандай керемет ғажап нәрсе, ол нәрсені айтып жеткізу сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Малый симфонический оркестрде дирижеры Жолдасов болды, өкінішке орай ол кісі де дүниеден өтіп кетті. «Бақ іздеген бейбақтарда» шағын роль, онда кемпірдің бейнесі Иманәлі Сапаров қойған болатын. Мені танымай қалыпты, гриммен дауысымды өзгерттім, ол кісі соншалықты риза болып, жақсы болды керемет деп баға берді. Маңғыстау, Қызылорда қалаларында фестивалде Птушкинаның «Күтпеген кездесу» пьесасының аудармасында Софья Ивановнаның бейнесін сахналадым. Сонда көрерменнің өзіне қаншама әсер ететінін сезесің, қаншама сені көтеретіні байқалады. Қасымдағы партнерлерім Руслан, Нұржамалдар өте керемет болды. Халық дегенің сондай қолпаштап, қошеметтеп құрмет көрсетіп жатты. Әртістің сол сәті - аспанға екі елі жетпей тұрғандай болатын сәт.

- Әрине ол өнер адамдары үшін ең үлкен баға, көрерменнің қошемет көрсетіп қабылдауы, ұзақ қол соққанның өзі адамға үлкен әсер береді. Сіз осы театр сахнасынан бөлек кино саласынан да көпшілік қауым көріп жүр. Өзіңізге қалай театр сахнасы мен кино

саласындағы айырмашылық қаншалықты ауыртпашылықтар әкелді. Болмаса шыңдалып қалған актриса үшін қиындығы болмады ма?

- Енді алғашқы кезде қиыншылықтар болды. Мысалы театрда бар шын ниетіңмен бәрін халыққа көрсетіп ойнайсың ғой - бұл жерде жеңілдірек. Кинода барынша эмоцияға беріліп айта алмайсың, арнайы, белгілі бір шегі болады. Бұл жерде кадр-кадр жасап түсірілгендіктен, театрдағыдай шо-мылып ойнай алмайсың. «Өмірдің өзі - новелла» фильміне түстім. 3-4 сериясында ойнадым. Әрқайсысы бөлек-бөлек шығарма. Ошат Рахыммен түскенім естелік болып қалды. Содан кейін «Бәсекеде» Балшының ролін, Асыл арна каналы түсірген «Көке» деген қойылымда кемпірдің ролін сомдадым. Тағы бір үлкен полотно - ол Батырхан Дәуренбеков түсірген балаларға арналған «Қалқан құлақ» қойылымындағы Мыстан кемпірдің ролі. Менің бұл «Сақ» киностудиясына келуімнің өзі қызық болды. Мені көрген әрлеуші керемет болды, мен Сізге мұрын жасамайтын болдым деп қалжыңға айналдырды. Күн ыстық, шілденің кезі болған соң құлақ-мұрын жасап әуре болған көрінеді.

- Сіз өзіңізді қаншалықты бақытты әйелмін деп ойлайсыз?

- Әрине, мен бақыттымын. Өйткені менің сүйікті жұмысым бар, отбасым, балаларым мен үшін қымбат. Ең үлкен бақытым - театрда жүргенім, сүйікті ісіммен айналысуым. Білесіздер, өнер адамының жаны өте нәзік келеді, әрбір қызықты шақ мен үшін үлкен қуаныш.

- Бүгінгі сұхбат өте қызықты және тартымды болды деп ойлаймын. Өнердің биік тұғырынан таймай жүре беріңіз!

Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі:

1. Маман Байсеркенов «Сахна және актер» ой-толғау кітабы
2. Ләззат Қапышеваның «Өмірдің өзі новелла» атты кітабы



## ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЗЫНАСЫ – КИЕЛІ ДОМБЫРА

Мадуанова Карлыгаш Серикғалиевна – «Күй сандық» үйірмесінің жетекшісі, Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі, педагог-сарапшы



Дүниеде уақыттың әмірі жүрмейтін бір құдірет болса ол - өнер. Өнердің ішінде күйдің орны қашанда бөлек. Сол өнер қазақта домбыраның шанағына ұялаған. Домбыра сан ғасырлар бойы қазақпен бірге жасап келеді. Ол қазақ халқының музыкалық мәдениетінің басты символы әрі ұлы аспабы екендігі сөзсіз. Көшпенділер заманында да, қазіргі заманда да солай. Шертпелі, екі ішекті аспап түрлі мамандық иелерінің, діні мен ұлты басқа жандардың басын қосады. Домбыраның күмбірлеген дыбысы терең ой-толғауларды сөзден артық жеткізе алады.

Домбыра қазақтың 7 ұлттық қазынасының бірі десек те болады. 2007 жылы отандық ғалымдар мемлекет пен халықтың рухани дамуына, соның ішінде қалыптасуына ықпал еткен 7 ерекше мәдени құбылысты анықтаған. Бұл тізімге домбыра, Тамғалы шатқалында тасқа салынған суреттер, Қожа Ахмет Яссауи кесенесі, Маңғыстаудағы жерасты мешіттер,

қазақтың киіз үйі, «Бәйтерек» монументі, Есікте табылған «Алтын адам» кірді. 2010 жылы домбыра Гиннестің рекордтар кітабына енгізілді.

XX ғасырдың 20-шы жылдары қазақтың ән-күйін жинақтаған А. Затаевич өзінің әйгілі «Қазақ халқының 1000 әні» кітабының алғы сөзінде: «Сырт көзге қарапайым көрінетін домбыра шебер орындаушының қолына тигенде өз шамасынан әлдеқайда асып түсіп, құлпырып шыға келетініне қайран қаласыз»- деп атап өтті.

*Домбыра - қазақ халқының ең кең тараған екі ішекті, көп пернелі музыкалық аспабы. Ол - қазақтар өмірінде маңызды орын алатын, өзіндік музыкалық сипаты бар аспап. Алғаш эпикалық дәстүр шеңберінде жыр, толғау, термелерді сүйемелдеуге қолданылған домбыра кейін аспаптық шығарма - күй жанрының қалыптасуына ықпал еткен. Қазіргі кезде домбыра жеке әнді сүйемелдеуге, күй тартуға, халықтық-фольклорлық музыкада, классикалық шығармаларды орындауға қолданылатын, мүмкіндігі кең музыкалық аспап болып табылады. Домбыра - қазақтың халық аспабы. Домбыра - қазақ халқының әрбір үйінде болуы міндетті және қажетті аспап болып есептелген.*

Қазақ халқы домбыраны көне заманнан бері қуанышта да, қайғыда да бірдей қолданып келеді. Олар домбыраның сыңғырлаған үнімен халқымыздың тарихын, салт-дәстүрін, мызғымас құндылықтарын жеткізген. Ал домбырада ойнау өнері мен күйлер ұрпақтан-ұрпаққа аманат болып жалғасып отырған.

Ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні - бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана. Бұл жерде қазақ рухының алтын әдепті өкілдері есімдерінің келтірілуі сипат үшін айтыла салатын сөз емес, ұлт руханияты үшін күрескен әрі артында ұлан-ғайыр мұра қалдырған осынау тұлғалардың бәрінің де домбыраға қол соққанын өскелең ұрпақтың есіне салады. Абай мен Жамбылдан домбырамен шертілген қоңыр ән қалды, Құрманғазыдан домбырамен толғанған дауылды күй қалды, ал Мұхтар Әуезовтен «Жалпы музыка атаулы

нәрсе - елдің сезім байлығы мен ішкі жаратылыс қалпын білдіретін болса, солардың ішіндегі ең толғаулы, ең терең сырлысы - күй» деген қасиетті сөз қалды. Ұлы ақын Қадыр Мырза Әлінің «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деген сөзінің зор мәні бар. Мұндай тұжырымның астарында қазақтың осынау киелі аспабын құрметтеген, домбыра үніне елтімеген адамда қазақы қасиет жоқ деген ой жатыр. Мұндай жайтты өмірден көріп-біліп, ұшырастырып та жүрміз. Адамдардың бәрінің бірдей музыкалық қабілеті бола бермейді ғой. Ал қандай адам болсын музыканы сүйіп тыңдайды. Демек, музыка адамдардың рухани қорегі деуге болады. Ал өзге халықтар секілді қазақтар да өзінің ұлттық аспаптарын құрметтеп, ән-күйлерін тыңдап ләззат алады. Әсіресе, домбыраның үні естілгенде елеңдемейтін қазақ жоқ.



Домбыраға деген қызығушылық әрі музыкалық аспаптың танымалдылығы ешқашан да тоқтаған емес. Бүгінде домбыраның құлағында ойнайтын жастар көп. Бұл қуантарлық жайт. Домбыраны барлық балаға үйретуге болады. Бірақ олардың қабілетіне қарай үйрету әдісі түрленуі тиіс. Бұл баланың үйрену мақсатына да байланысты. Егер бала кәсіби домбырашы болуды көздесе, онда есту, ырғақ, дыбыстарды ажырату және тағы басқа қабілеттерін тексеріп барып қабылдайды. Ал өз қызығушылығымен қолға алса, онда жеңілдеу жолымен үйретуге болады. Негізі домбыра үйретудің қалыптасқан үш жолы бар: нота, сандық және құймақұлақ.

Өнертану ғылымдарының докторы, профессор, домбырашы - ғалым, дирижер Жұмагелді Нәжімеденов мектеп табалдырығындағы жүздеген шәкірт пен ынта танытқан жастарды домбыра аспабына үйретудің сандық тәсілін жаңғыртты. Сандық тәсілдің қолайлылығы, қарапайымдылығы осы аспапты меңгерсем деген жұртшылықтың арманын дөп басты. Бүгінде біз осы тәсілді кеңінен пайдаланып, бұған дейін қолдарына домбыра ұстамаған балаға күй тартуды үйретіп отырмыз.

Домбыра шертуді жетік меңгеру оңай емес. Балада домбыра тартуды үйренемін деген ниетпен қоса, шыдамдылық болуы қажет. Ал педагог бала қателесе, сабырлылық танытуы керек. Үйірмеге келетін балаларды одан әрі рухтандырып: “Кешегіге қарағанда бүгін жақсы ойнадың, тағы жаттықсаң қабілетің арта түседі”, - деп ынталандырамыз. Тек сонда ғана баланың өзіне деген сенімі артып, қорқыныштан арылады. Ата дәстүрді жалғап, оны келер ұрпаққа аманаттау - бізге парыз!

## ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ БОЙЫНА СІҢІРГЕН ҰРПАҚ БОЛАШАҒЫМЫЗ

Оразбаева Меруерт Сапаровна - «Әгуғай домбыра» үйірмесінің  
жетекшісі,  
Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі, педагог-  
зерттеуші

«Ұлт ретінде жоғалмаудың символы – домбыра»  
М.Әуезов.



Қазақ өнерінің ең биік шыңы болып саналатын ол – дәстүрлі өнер. Қазақтың болмысы, табиғаты, дала мәдениетінен сіңірген қадір-қасиетінің барлығы қасиетті қара домбырамен дәстүрлі әнге сіңіп, бүгінгі ұрпақ бізге аманат болып жеткен. Қазіргі ақпараттық технологиялар минут сайын дамыған кезеңде осы ұлттық дәстүріміздің, ұлттық дәстүрлі өнеріміздің болмысын өзгертіп алмай, тамырындағы қасиетін жойып алмай бүгінгі ұрпақ бойына сіңдіру әрбір өнер мен білім саласында жүрген жандардың басты міндеті деп білемін. Дәстүрлі өнер мен қасиетті қара домбырадан айрылып қалған күні біз бүкіл болмысымыздан айрылып қаламыз. Қазіргі жастардың бойындағы бір қуантатын мінез ол – қызығушылық. Иә, дәстүрлі өнерге, әнге, домбыраға, ұлттық аспаптарға деген үлкен қызығушылықтың болуы. Оларда сұраныс барда, біз сол сұранысты қанағаттандыра отырып білгенімізді, түйгенімізді,

өнерден бойымызға сіңіргенімізді ұрпақ санасына құя білуіміз керек.

Қазақтың дәстүрлі ән өнері ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа, атадан балаға мирас болып, бүгінгі күнге дейін өзінің сабақтастығын тауып келе жатыр. Осы дәстүрлі ән өнерін насихат етіп 2015 жылы алғаш Шымкент қаласы, Оқушылар сарайында «Әгуғай домбыра» үйірмесі ашылды. Ол үйірменің жетекшісі болып қосымша білім беру педагогі, жоғарғы санатты педагог-зерттеуші, 25 жыл еңбек өтілімі бар, озық тәжірибелі Оразбаева Меруерт Сапаровна тағайындалды.

Менің жетекшілігіммен «Әгуғай домбыра» үйірмесіндегі шәкірттер талай биіктерді бағындырды. Сегіз жылға жуық уақыт аралығында қаншама шәкірттер түлеп ұшты. Осы тұста ән өнерінің қасиетін ұқтырып, бүгінгі білім алушыларға өнердің, сахнаның құдіретін ұқтырып жүрген «Әгуғай домбыра» үйірмесінің негізгі мақсатына тоқтала кетсем.

Үйірменің мақсаты – халқымыздың ұлттық мұрасының бірі домбыра аспабын меңгертіп, ән өнері мен салт-дәстүрді музыка негізінде жас ұрпақты – ұлттық өнерімізді құрметтеуге, адамгершілік пен имандылыққа тәрбиелеу. Сонымен қатар, сахна тілін, сахнада өзін ұстауды үйрету, ұлттық әнді бойларына сіңіре отырып ұлттық тәрбиені де ұштастыру. Сондай-ақ, әр бір білім алушыны қоғамға, өнерге жаны ашитын тұлға ретінде қалыптастыру.

Кез-келген үйірмеге білім алушыны қабылдайтын өз заңдылықтары болады. «Әгуғай домбыра» үйірмесіне негізінен мектеп жасындағы өнерге жақын, бойында талантты бар балалар қабылданады. Оларды музыкалық қабілетін, аспапқа деген қызығушылығына қарап қабылдап, топпен жұмыс жүргізледі. Бір топта 15 баладан тұратын 6 топ бар, жалпы 90 баланы қамтиды. Үйірмеде балаларды жан-жақты қызықтыра отырып жыл сайын есеп беру концертті және өнермен сусындатқан танымал өнер тұлғаларымен кездесулер өтіп тұрады. Мұнда тек домбыра тарту мен ән айтуды ғана үйретпейді, дәстүрлі әннің шығу тарихымен, авторлық әндердің авторларының өмірімен танысады.

Түрлі кездесулер мен шеберлік сабақтары да өткізіліп тұрады. Өзге өнер ордаларына, түрлі танымдық орындарға барып ән орындап, әрі танысып, тағылым алып қайтады. Сондықтан, мұнда білім беруі жүйесі жан-жақты қамти отырып жүргізіледі.

Қалалық іс-шараларда белсенді топтармен фольклорлық ансамбль болып өнер көрсетеді. Айта кетер болсақ «Әгугай домбыра» үйірмесіндегі білім алушылардан құралған «Әгугай», «Беу айдай» топтар көпшілік ортада өнерімен сусындатып келеді. Халықаралық, Республикалық байқауларға қатысып алған жүлделерінің саны өте көп. Сонымен қатар үйірме жетекшісі менің ұйымдастыруыммен әр жыл сайын есеп беру концертті өте жоғары деңгейде өтеді.



Айта кетер болсақ алғашқы бес жылдықта, яғни 2015-2020 жылдар арасында «Күлімде Наурыз, Күлімде», «Ән көңілдің ажары», «Ата мұраң-асыл қазынаң» «Ана-өмірдің шуағы», «Қалықтасын халық әні» атты үйірмешілердің есеп беру концертті өтті. Бұл концерттердің бағдарламасын қарасаңыз кәдімгі өнер саласында жоғары білім алған концерттік бірлестіктердің, үлкен оркестрлердің репертуарынан кем түспейтін репертуармен сахнаға шығады.

Сондай-ақ, соңғы үш жылда да дәстүрі әннен шашу шашып, 2021 жылы «Ана өмір тірегі», 2022 жылы «Анаға сый», 2023 жылы «Сыйынар ем, Ана деген тәңірге!» атты аналар мерекесіне арналған мерекелік концерттер ұйымдастырып, ақ жаулықты апалардың, ару аналардың ақ батасын алып келеміз.

Мұндай концерттер, түрлі конкурстар білім алушы балалардың ашылуына, шыңдалуына, өз мүмкіндіктерін саралап, ары қарай арман-мақсат қоюға үлкен септігін тигізеді. Үйірме қатысушылары жыл бойында үйренген өнерлерін сахнада паш етеді.

Түрлі танымал тұлғалармен, ән авторларымен, өнердің биігінде жүрген жандармен өткен кездесулер үйірмешілердің есінен көпке дейін шықпай жүреді. Өздері қалап, таңдап келген осынау өнер саласының майталмандарымен кездесу олардың жүректерінде үлкен әсер қалдырады.

«Әгугай домбыра» дәстүрлі ән үйірмесінде шәкірттерім тек үйреніп қана қоймайды сол үйренген өнерлерімен сахна биіктерін де бағындырып келеді. Сол жетістіктердің барлығына болмаса да біразына тоқтала кетсек. 2021ж. Алматы қаласында Республикалық «Жас жұлдыз» балалар өнер байқауында «Әгугай» тобы бас жүлде алса, сол жылы Наурыз мерекесіне орай Ақтау қаласында өткен «Ұлтымыз ұлы күнді ұлықтаған» атты Республикалық байқауға қатысып «Беу айдай» тобы І дәрежелі лауреат жеңіп алды. Сол 2021 жылы Алматы қаласы Халықаралық «Жас дарын» өнер байқауында «Әгугай» тобы мен «Беу айдай» тобы І орын иеленсе, жеке орындаушы ретінде Байтемір Жасұлан бас жүлде алып қаржылай марапатқа ие болды. «Ақтілек», «Үкілім-ай» топтары да Тараз қаласында өткен «Шабыт шыңы» Халықаралық өнер



фестиваліне қатысып бас жүлдемен оралды.

Бұл жүлделерден де бөлек қаншама сахналардан бос қайтпаған. Үйірме бағыты тек ғана домбырамен ән салуды үйретіп ғана қоймай, сол әннің шығу тарихы мен авторлары, композиторлардың өмірі мен шығармашылықтары жайлы ашық сабақтар өткізіп отырады. Оған қоса сабақты қызықты болу үшін оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін қолданып, рефлексия, кері байланыс, деңгейлік, топтық жұмыс, сайыс сабақтар өткізіледі. Бұл сабақтардың әрбірі талантты балаларды одан ары қарай шыңдай түсетіні сөзсіз. Балалар сайыстарға жеке орындаушы ретінде, топ ретінде қатысып тұрады. Олардың осынау сегіз жылдың көлемінде жеткен жетістіктерінің барлығын тізбектеп шығу бір мақалаға әсте мүмкін емес. Сонда да тағы бірнешеуін осында жаза кетуді жөн санап отырмын.

2020 жылдың қазан айында Республикалық «Жарық жұлдыз» атты ән байқауына «Әгугай домбыра» үйірмесінен «Дәстүрлі ән» номинациясы бойынша «Беу айдай» тобы және жеке қатысушылар қатысып, бас жүлдемен бірінші және екінші орындарға ие болды.

2020 жылдың қараша айында I Республикалық «UZDIKTER ALEMİ» атты онлайн байқауына үйірме балалары бақ сынасты, барлығы да бас жүлдемен I-II орындарды иеленді. 2021 жылдың қаңтар айында Алматы қаласы «Жас жұлдыз» өнер орталығының ұйымдастыруы мен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтің «Жас ұрпақты қолдап, қорғау-болашақты қорғау» деген ойын ұстана отырып өткізілген байқауда өнер көрсеткен балаларға алғыс хат пен кубок, медаль берілді. 2021 жылдың ақпан айында VI Республикалық «Ұлы дала ұрпағы» байқауында үйірме балалары өнер көрсетіп бас жүлде, I-II-III орындарды иеленді. 2021 жылдың наурыз айында Халықаралық қашықтан білім беру орталығы ұйымдастырған М.Мақатаевтың 90 жылдығына орай «Шығармашылық мұра» атты байқауға балалар қатысып жүлделі болды, грамотамен мадақталды. 2021 жылдың сәуір Маңғыстау облысы Ақтау қаласы, «Гул-гул Қазына» қорының ұйымдастыруымен қашықтан өтетін III республикалық балалармен жасөспірімдерге арналған Ұлыстың ұлы мерекесіне орай «Ұлтымыз ұлы күнді ұлықтаған» атты онлайн байқауына үйірмеден орта топ «Беу айдай» тобы және жеке 10-қатысушы қатысып «Беу айдай» тобы және Құсан Жұлдыз, Зәкірбек Ерсұлтан бас жүлде алса, бір топ жеке орындаушымен қатысқан үйірме білім алушылары жүлделі орындардан көрінді. 2022 жылдың наурыз айында ЖК «UZDIK\_RZ орталығы» ұйымдастырған Тараз қаласында өткен III Республикалық «ONER KERUENİ» өнер байқауында «Үкілім-ай» тобы бас жүлдені иеленді. 2023 жылдың сәуір айында Түркістан қаласында өткен «TalantStar» байқаулар жобасының ұйымдастыруымен «Big Super Star» Халықаралық өнер байқауына үйірмеден «Беу айдай» тобы бас жүлде, Мырзағали Дәурен мен Арқабай Сұлтан I орын, Нұрланқызы Ақниет II орын, Салимгерей Иманғали III орын алды. 2023 жылдың мамыр айында «Жеті өнер» VII Халықаралық шығармашылық фестиваль-конкурсына «Әгугай» тобы, Мырзағали Дәурен, Арқабай Сұлтан жеңіп алған тегін жолдама мен Нұрланқызы Ақниет пен Байтемир Жасұландар жеке қатысып жүлделі орындарға ие болды. Бұл жерде жазылмай қалған қаншама жүлделі орындар бар. Осындай жарыстардан жүйелі түрде орын алып жүрген үйірменің жетістіктері, бабалардың өнері мен таланты жайлы баспа беттерінде де жарық көргенін айтпай кетуге болмас.

Атап айтар болсақ 2019 жылы балаларға арналған Республикалық «Ақылдым» журналына үйірме мүшесі Нұрланқызы Ақниет, 2021 жылы «Ардақты ардагер» Рухани-мәдени, ақпараттық-танымдық республикалық журналында «Шабыт шыңы» атты Халықаралық өнер фестивалінде өнер көрсетіп I орын иеленген «Үкілім-ай» тобына, «Жарық жұлдыз» Республикалық балалар журналында үйірмешілер Жұлдызбай Ұлпан, Түзелбай Ералы, Құсан Жұлдыз, Байтемир Жасұлан т.б. балалардың өнер жолындағы жетістіктері мен өнерлерін мақтап жетекшісіне алғыс білдірді.

Мұның барлығы ең алдымен осындай мүмкіндік беріп балалардың өнері айдынында еркін жүзуіне септігін тигізіп отырған Шымкент қаласы Оқушылар сарайы басшылығы болса, балалардың шыңдалуына жол салған ата-аналар мен үйірме жетекшісі менің де еңбегім сіңгені жасырын емес. Осы салада 25 жылдық еңбек өтілім бар озық тәжірибелі маман ретінде алған алғыс хаттарым мен марапаттарым өте көп. Озық үлгідегі, жаңаша



оқытудың әдіс-тәсілдерін жетік меңгерген маман ретінде жазған ашық сабақтарым мен өткізген мерекелік іс-шараларға жазылған сценарийлер баспа бетінде жарық көрді. Олар Алматы қ. 2021 жылы Республикалық ғылыми-әдістемелік «ZHARQYN BOLASHAQ» журналының басты бетіне өнерлі дарынды шәкірттер дайындағаным үшін педагогтің суреті және Халық қаһарманы, композитор Н.Тілендиевтің өмірі мен шығармашылығы тақырыбындағы ашық сабағым жарияланды, 2021 жылы Халықаралық ғылыми-әдістемелік журналда сол жылы жоғары деңгейде өткен аналар мерекесіне арналған «Анаға сый» атты мерекелік концерттің сценарийім жарық көрді, 2023 жылы Республикалық әдістемелік-танымдық журналында «Жас домбырашылар өнері» атты баяндама баспа бетіне шықты. Мұндай жариялымдар өзгелерге үлгі, жас мамандарға тәжірибе ретінде көмекші құрал деуге толық негіз бар.

Бұл жетістіктер мен жетекшілік ететін «Әтуғай домбыра» үйірмесінің басып өткен жолы. Осынау жолда жүріп өнер биігіне, білім биігіне талай шәкіртті қанаттандырдым. Дәстүрлі өнердің шыңына шыққан қаншама ұл-қыз бүгінде еліміздің үздік жоғары оқу орындарында білім алып жатса. Алды маман атанып өнер көгінде шәкірт тәрбиелеп жүргені де жасырын емес.

Білім беру, ұстаз болу үлкен жауапкершілік болса, өнер мен білімді ұштастыру екі есе жауапкершілік. Міне, осындай үлкен жауапкершілікті мойнымызға алып білім мен өнерді қатар ұқтыру үшін де үлкен жүрек, өнерге деген махаббат керек. Сол махаббатты жүрегіме құя отырып, негізгі мақсатым – білімді де дарынды, жаңа технологияны ұға отырып, аспапта ойнауды толық меңгерген, дәстүрлі ән өнерін биікке дәріптейтін, жаңа заманға лайықты шәкірттерді дайындап шығару. Сол жолда аянбай еңбек етіп, шәкірттерді танымды білім беруді басты міндетім деп санаймын. «Қазақ» атты дана халық расында: «Шәкірт жетістігі ұстаз мерейі» деп бекер айтпаған. Ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ біздің болашағымыз. Демек, мен болашақ тәрбиелеп жатқан педагогпін. Сол сөзге лайықты болу үшін аянбай еңбек етемін.

## «ЖАҢА ЖЫЛДЫҢ, ҒАЖАҰЫПТАРЫ» АТТЫ ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ЕРТЕҢГІЛІКТІҢ, СЦЕНАРИҰІ

**Пералиева Багила Ережепқызы – «Балауса» театр үйірмесінің жетекшісі, Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі, педагог-зерттеуші**

Қатысушылар:

Аяз ата	Қасқыр
Қарша қыз	Түлкі
Крош	Дизи
Каркарыч	Қораз
Алладин	Ит
Ханшайым	Мүз ханымы
Жезтырнақ	Барыс

Зал іші мерекеге сай безендірілген.

Көңілді әуен ойналып тұр

Барыс: Асығындар, асығындар!

Даланың да қаланың,

Дизи: Думандатып отбасын

Тағы міне жаңа жыл

Қақты уақыт қақпасын

Қораз: Амансындар ма, жас достар! Қымбатты



педагогтер!

Дизи: Сәлеметсіздер ме балалар! Сендермен кездескенімізге өте қуаныштымыз.

Жаңа жыл кешімізге қош келдіңіздер!

Қораз: Ой, жаңа жыл мерекесі таяп қалды. Бұлардың бәрі қайда кеткен а?

Дизи: Ия, ия өздері қайда жүр екен а?

Қораз: А, әне келе жатыр!

Музыка. Күмбірлеген күйге ілесе кейіпкерлер шығады.

Дизи: Аймалап, ақ нұрымен сананы өпкен,

Жаңа жыл, жаңа ырғақ, жаңа лептер.

Каркарыч: Қош келдіңіз балалар шыршамызға

Ізгі тілек тілейміз баршаңызға.

Келе жатқан Жаңа жыл мерекелерің құтты болсын.

Дизи: Білесіңдер ме, әлемдегі ең көп, әрі ең керемет тойланатын қандай мереке екенін?

Каркарыч: Жаңа жыл!

Қораз: Ия, дұрыс айтасыңдар. Бұл күні қуанбаған жан қалмайды. Барша халық бақыттың құшағында жүреді.

Дизи: Олай болса не тұрыс? Аяз ата мен Қарша қыз келгенше бәріміз бірге жақсылап, би билейік!

Көпшілік ойын

Әуен ойналып ортаға Ханшайым келеді

Ханшайым: Аппақ тонын жамылып,

Сақалы мен мұртына

Күміс моншақ тағынып,

Аяз ата келеді, балаларды сағынып!

Сәлеметсіңдер ме, балалар! Келе жатқан Жаңа жыл мерекелерің құтты болсын!

Жаңа жылды қарсы алуға дайынсыңдар ма?

Дизи: Қош келдіңіз! Әрине, біздің балалар дайын.

Жаңа сіз Аяз ата келе жатыр дедіңіз бе, қалай өзі? Аяз ата, көрінбейді ғой.

Ханшайым: Білесің бе, Аяз ата немересімен бірге осында жол тартыпты. Ендеше, балалар олар осында жетеміз дегенше бәріміз бірге ойын ойнап, би билейік!

Көпшілік ойын

Ханшайым: Балалар, мен қардың сыдырын естіп тұрмын

( Крош демін тоқтата алмай енгігіп жүгіріп келеді. Қолында колейдоскоп, залға кіреді де құлайды)

Каркарыч: Сәлем достым! Сіз бір жеріңізді ауыртып алған жоқсыз ба?

Жоқ, балаларды күлдірейін деп, әдейі құладым.

Ханшайым: А, солай ма? Амансыз ба?

Крош: Сәлеметсіздер ме, достар! Қиын жағдай болды. Қасқырдан әрең қашып құтылдым. Мен сендерге колейдоскоп алып келдім.

Каркарыч: (Таңғалып) Бұл ғажайып түтікше ғой.

Крош: Ия, бұдан таңғажайып оқиғаларды көруге болады.

Оны көру үшін бір көзіңді жұмасың, ал екінші көзіңмен мынаған қарайсың. Сонымен ғажайып басталады. (Кар карыч колейдоскопты алып қарай бастайды) Қалай көрдің бе?

Каркарыч: Жоқ, көрген жоқпын.

Крош: Бұл не сұмдық? Сен ештеңе көрген жоқсың ба?

Каркарыч: Міне, міне көрдім. Жаңа жылды қарсы алып, жарқын-жарқын ән салып тойлап жатыр халықтар.

Крош: Әне, айттым ғой саған.....

Ханшайым: Ал, қанекей балалар, ғажайып әуенге бізбен бірге билеңдер.

Көпшілік ойын

Әуен сарыны ойналып, ортаға әндетіп Түлкі мен арқасында дорбасы бар Қасқыр әндетіп шығады.

Қасқыр: Жаңа жылға таяу қалды.

Түлкі: Қуанышымда шек жоқ.

Қасқыр: Алдап соғып....

Түлкі: Менің сізге кегім жоқ.

Қасқыр: Ең алыбы ең күштісі...

Түлкі: Әрине сіз Қасеке..

Артынан әрлі-бері жүгіріп Жезтырнақ келеді

Жезтырнақ: Ә-ә-ә, балалар, қалай екен? Сендерге ұнай ма? Мен әлемге тек қана қараңғылық орнатып, бойларыңа үрей ұялатамын. Қараймын мыналар шыршаны безендіріп мәз-мейрам болып жатыр екен. Сендер бізден рұқсат сұрадыңдар ма?

Ханшайым: Қош келдіңіздер! Сіздер қайдан жүрсіздер?

Қасқыр: Қазір, қазір. (арқалаған дорбасын шыршаның түбіне әкеліп қояды. Екеуі сыбырласып ойласа келе.) Мұнда ешқандай да мереке болмайды. Жарықтар да жанбайды. Шырша шамы деймісіңдер? Оны да сындырып тастаймыз. Біз де мерекеге қатысқымыз келеді! Сендерге кө-ө-өп сыйлық алып келдік.

Ханшайым: Бұны қалай түсінуге болады? Бұл Аяз атаның сыйлықтары ғой. Ал, өзі қайда?

Жезтырнақ: ХА-ХА-ХА Аяз аталарыңды ертегілер елінде адастырып кеттік. Енді ол осында жетем дегенше уақыт та аяқталады.

Түлкі: Бірақ, әлгі қоян қайда екен, а? Алдымен соны тауып алайық. Сендер көрмедіңдер ме?

Жезтырнақ: Ия, ия дұрыс айтасың. Өзіміз Аяз атаның алдын торауылдап, сыйлықтарын әрең қолға түсіріп ек. Әлгі қоян сиқырлы ғажайып түтікшені әкетіп қалмасы бар ма?

Түлкі: Мына жерде қаншама томпиған тәтті, әдемі балалар көп екен. Бұларды да әлгі өзімізбен бірге алып кетсек пе екен, а?  
(осы кезде балалардың арасында тығылып жүрген қоянды көріп қалады)

Қасқыр: Әп, бәлем, ұсталдың ба? (қоянды шыршаны айнала қуа жөнелді) Қайтар деймін саған, қайтар.....

Ханшайым: Болды қойыңыздар! Мерекенің шырқын бұзбаңыздар. Ақылға келіп, Аяз атаның сыйлықтарын қайтарыңыздар.

Қасқыр: Жарайды! Біздің шартымыз бар.

Ханшайым: Ол қандай шарт?

Қасқыр: Мына сүйкімді балалар, бізбен бірге ойнап, би билесін. Сонда біз сыйлықтарды міндетті түрде, егесіне қайтарамыз.

Түлкі: Ия, ия бізбен жақсылап билесін сонда ғана сыйлықтарды қайтарамыз

Ханшайым: Балалар, достық, бірлік бәрін де жеңеді солай емес пе? Мерекеміз қашан да көңілді, қуанышты өту керек. Сондықтан біз қонақтарымызбен достасайық. Ол үшін қолымызды алға созып, сиқырлы сөзді айтып алақанымызды үрлейміз. Ба-би-ди, Би-би-ди Бум! (әуен ойналады)

Қасқыр: Жарайсыңдар балалар! Қәне, құшақ ашайық достық тойын жасайық. Жаңа жыл құтты болсын! Достығымыз мықты болсын!

Крош: Олай болса, достар біз кешімізді жалғастырайық. Бәріміз қонақтарымызбен бірге би билейік.

Көпшілік ойын (Флешмоб)

Жезтырнақ: Керемет билейді екенсіңдер. Көңілімізді бір көтеріп тастадыңдар. (жан-жағына қарап \) Енді біз уәдемізде тұрып, сыйлықтарды Аяз атаға қайтарып, оны осында жіберейік.

Крош: Ал, балалар Аяз атаның қай жерде жүргенін білу үшін мына сиқырлы түтікшеге зер салайық. (Колейдоскопты алып қарай бастайды)

Ханшайым: Балалар, осында біреу келе жатқан сияқты. Ол кім болды екен?

Шығыс әуені ойналып ортаға Алладин келеді

Алладин: Охо-ооо, мына жерде қонақтар көп екен ғой. Ой мен өзі қайда келдім? Армысыңдар, балалар! Өздерің неткен сүйкімдісіңдер! Бәрің мұнда неге жиналып қалғансыңдар? Ә-ә-ә, таптым, таптым, шеттеріңнен әсем киініп, жаңа жылды тойламақпысыңдар?

Ханшайым: Сәлеметсіз бе? Ортамызға қош келдіңіз. Ия, бізде Жаңа жыл мерекесі.

Алладин: Бірақ, Аяз ата мен қарша қыз көрінбейді ғой. Олар қайда?

Ханшайым: Жезтырнақ пен Қасқыр, Аяз ағамызды қай ертегіге апарып тастағанын білмейміз. Осында жібереміз деп уәде берген болатын, олар әлі келмеді. Сіз өз ертегіңізде Аяз атаны көрмедіңіз бе?

Алладин: Жоқ көрмедім. Бәлкім жақындап қалған болар.

Осы кезде әуен ойналып ортаға Ит келеді

ИТ: Амансыңдар ма, балалар?!

Дауыстарыңды естіп,

Тойды еске алдым да,

Шаттық билеп санамды,

Жаңа жылдың алдында

Жол тарттым мен осында!

Ханшайым: Амансыз ба? Келіңіз, төрлетіңіз. Біз Аяз атаны күтудеміз.

Ит: Ехе, олардың да келетін уақыты таяп қалған шығар. Егер біз ән айтып, билесек, бәлкім дауысымызды естіп тезірек жетер.

Алладин: Балалар, қанекей, бізбен бірге қайталаңдар.

Бірлесіп біз қол соғамыз,

Енді аяқпен ойнаймыз.

Айналамыз, отырамыз,

Бір-бірімізге қараймыз да

1,2,3 деп, орнымыздан тұрамыз!

Көпшілік ойын

Ортаға Қарша қыз келеді.

Қарша қыз: Жаңа жылды қарсы алып,

Жасаймыз той жылда бір.

Жарқын-жарқын ән салып,

Жалғасады жырға жыр.

Жаңа жылдық кеште,

Көтеріміз көңіл біз.

Түсіреміз біз еске

Ертегілер елін біз.

Сәлеметсіздер ме, балалар, құрметті педагогтер! Келе жатқан Жаңа жыл мерекелерің құтты болсын! Мен кешіккен жоқпын ба? Уақытыңда жеттім бе? Байқаймын, Аяз ата әлі келмеген екен ғой.

Алладин: Қош келдің, Қарша қыз! Ия, Жаңа жыл өздеріңмен ғана сәнді.

Қарша қыз: Біз Аяз ата екеуміз, Жаңа жыл қарсаңында сендерді қуантайын деп, сыйлық әзірлеген едік. Кенет, қатты зілді боран соғып, бізді жан-жақтағы ертегілер әлеміне алып кетті. Ал енді мен Аяз атаның қай жерде, қай ертегіде жүргенін білмеймін.

Алладин: Сен мұңайма. Қарашы міне, біз көппіз. Аяз ағамыз көп кешікпей келіп қалар.

Қарша қыз: (Балаларға сүйсіне қарап) Бүгін өздерің сондай әдемі болып кетіпсіңдер! Рахмет сендерге, сіздер өте көңілді екенсіздер.

Алладин: Қане балалар, Аяз ата келгенше Қарша қыздың көңілін көтеріп жақсылап билейік.

Көпшілік ойын(би)

Ит: Қарша қыз, мүмкін мына сиқырлы ғажайып түтікшеге қарап көрерсің. Бәлкім жолда келе жатқан болар.

(Қарша қызға колейдоскопты ұсынады. Ол әрі бері қарап)

Қарша қыз: Міне, міне, алыс-алыс жерлерден, орман асу белдерден, ақ ұлпалардың ұшқыны көрінеді.

Әуен ойналып ортаға Мұз ханымы келеді

Мұз ханымы: Ақ көңілім айналды аппақ қарға,

Көңілдене қосыл сен ән мен жырға.

Қыс қызығы басылмай ұласады,

Қуанышы көп болсын жаңа жылға.

Саламатсыздар ма, балалар! Құрметті, қонақтар! Осында, Жаңа жылды қарсы алуға менде келдім. Жаңа жыл мерекелерің құтты болсын!

Қарша қыз: Қош келдіңіз, сіз жолда Аяз атаны көрмедіңіз бе?

Мүз ханымы: Ия, мен сендерге қуанышты хабар ала келдім. Аяз ата осында келеді.

Қарша қыз: Тағатсыздана күткен уақытта жетті-ау деймін

Аяз ата келеді, қол соғып қошеметпен қарсы алайық!

Аяз ата: Ех-ех-ей, балалар!

Алыс жолдан шарашап келем,

Өздеріңді аңсап келем.

Барар жер көп қолқалаған

Сыйлығым бар арқалаған

Бір жақсылық сезіп келем,

Барша елді кезіп келем.

Амансыңдар ма, балалар! Келе жатқан Жаңа жыл мерекелерің құтты болсын! Жаңа жыл әрбір шаңыраққа мол қуанышы мен бақыт берекесін ала келсін!

Қарша қыз: Аяз ата, балалар сізді асыға күтуде!

Мүз ханымы: Жаңа жылды қарсы алатын уақыт келді!

Қарша қыз: Аяз ата, қараңызшы, не деген керемет шырша. Жасыл шыршамыздың шамын жағайық.

Аяз ата: Ай, бәрекелді, жарайсыңдар балалар! Ал, олай болса шырша шамын жағайық.

Қарша қыз: Жасыл шырша жағыншы,

Әсем моншақ тағыншы.

Аяз ата: Қане, барлығымыз бірге сиқырлы сөздерді айтайық.

Ал, қане, Бір,екі, үш

Шырша шамы жана түс!

(Сиқырлы әуен ойналып, Шырша жанады )

Аяз ата: Ай, бәрекелді ! Қандай тамаша! Қандай әсем шыршамыз.

(Кенет ортаға жүгіре бұзық бала шығады артынан досы келеді)

Бұзық: Ой-ой-ой, бұл не деген бассыздық, бұл не деген шу. Миымды ашыты-ы-ып жібердіңдер ғой. Мыналарды қара, Аяз атадан сыйлық алмақшы. Жоқ сендерден бұрын мен аламын, мен! Ха-ха-ха! (Аяз атаға жақындап) Мен саған өлең айтып берейін бе?

Ананы да алдадым,

Мынаны да алдадым.

Мен бұзықпын, бұзықпын,

Аяз ата, сыйлық бер!

Әйтпесе, мына шыршаны сындырамын. Ха-ха-ха-ха!

Сайқымазақ: Досым, досым деймін, шыршаға тиме. Әйтпесе, Аяз ата сиқырлы таяғымен мұзға айналдырады.

Аяз ата: Доғар, бұзықтықты. Немесе қазір сені мұзға айналдырамын.

Бұзық: Ата, ата, ата деймін

Бұзықтықты жоямын,

Өнерге ден қоямын.

Аяз ата мені кешірсе,

Сыйлығыңа тоямын.

Балалар, мені кешіріңдерші. Кешіріңдерші-і балалар!

Аяз ата: Қалай, кешіреміз бе?

Бұзық: Ой, рахмет, балалар. Мен енді тәртіпті, сендер сияқты әдемі боламын.

Сайқымазақ: Аяз ата, Ақшақар, мына балалармен ойын ойнасақ дейміз.

Аяз ата: Ия, дұрыс айтасың, айналайын.

Қарша қыз: Ал, қанекей, балалар,

Ән мен жырға басайық.

Дөңгеленіп тұрайық,

Ән шашуы шашылсын,

Жаңа жылға лайық!

Шырша жыры айтылады

Аяз ата: Әй, бәрекедді, балалар! Бүгінгі мерекеге жақсылап дайындалған екенсіңдер. Әсем ән шырқап, би билеп, аталарыңды бір қуанттып тастадыңдар! Ай, көп рахмет сендерге. Өркендерің өссін, айналайыңдар!

Қарша қыз: Аяз ата, Жаңа жыл болса таяп қалды. Ортамызға Жаңа жылды шақырайық!

Сазды әуенмен Жаңа жыл ортаға келеді

Аяз ата: Кел төрлет, жаңа жылым құтты жылым,

Өзіңді бүкіл елім күтті бүгін.

Қарсы алдық сені еңселі еңбекпенен,

Жарқырап әне алдыңнан шықты күнің.

Жаңа жыл: Елді шарлап самғаймын,

Жаңа жылдың бастауын.

Сендерменен тойлаймын

Аман болсын халқымыз,

Арта берсін даңқымыз!

Қарша қыз: Жаңа жыл, жаңа бақыт, жаңа жыр

Ізгілік бірлік дәнін ортаға асыр.

Құт болып береке бер халқымызға

Мерейін мәртебесін биікке асыр!

Аяз ата: Ал, айналайын, Жаңа жыл, келген қадамыңа нұр бітсін! Жаңа жылда жағымды жаңалықтар мол болсын! Аспанымыз ашық, жұлдызымыз жарық болсын. Егеменді еліміз көркейе берсін. Жаңа жыл құтты болсын, балалар!

Жаңа жыл әні орындалады. Би жалғасады.

Аяз ата: Ал, балалар қоштасатын сәтте келді. Мені басқа балалар да, күтіп отыр. Көріскенше сау болыңдар, балалар. Сау болыңдар!

**Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі:**

1. Ертегі кітаптары

2. «Сыныптан тыс жұмыстар» мен «Тәрбие жұмыстары» журналдары

3. Ғаламтор желісі

## МЕТОДИЧЕСКИЙ МАТЕРИАЛ НА ТЕМУ «РИТМИКА»

**Садыкова Айгерим Бауыржановна – хореограф ансамбля «Айгүлек», педагог дополнительного образования Дворца школьников, педагог-эксперт**

### **Введение**

Движение и игра важнейшие компоненты жизнедеятельности детей, они всегда готовы двигаться и играть.

Самый доступный способ восприятия любой двигательной деятельности - подражание. Через подражание дети получают представление о том, как танцевальное движение выражает внутренний мир человека, что красота танца - это совершенство движений и линий человеческого тела, лёгкость, сила, грации.

### **Основная часть**

Методическое обоснование темы

Значительное место в музыкально-ритмическом воспитании школьников отводится детскому танцу. Научить ребенка передавать характер музыкального произведения, его образное содержание через пластику движений под музыку именно на это направлена работа над танцем.

Методические рекомендации по проведению урока.

1. Тема рассчитана на 1 час урока.
2. Урок начинается с мотивации обучающихся к выполнению работы.
3. К уроку необходима предварительная тщательная работа: подбор музыкального сопровождения, подготовка музыкальных игр и комбинаций.
4. Изучение материала урока рекомендуется проводить после тщательного разогрева мышц и растяжки связок.
5. Рекомендуется вести смену видов деятельности.
6. При постановке необходимо учитывать психофизическую особенность детей дошкольников.
7. Лимитировать физическую нагрузку.
8. Следить за осанкой детей на занятиях, характером двигательных заданий.
9. Обращать внимания на жалобы детей во время занятия.
10. В беседах с родителями выяснять все данные о здоровье ребенка, его индивидуальных особенностях. Детский танец должен быть очень концентрированным, компактным. Танец для детей должен иметь четкий рисунок движений. Необходимы органическая взаимосвязь движений с музыкой, учет не только общего характера музыки, но и основных средств музыкальной выразительности (динамических, темповых, метроритмических, гармонических особенностей, регистровой окраски, формы построения данного произведения).

Методическая структура занятия

В зависимости от педагогических задач занятие по хореографии можно классифицировать:

- обучающее
- тренировочное
- контрольное
- разминочное
- показательное

Рассмотрим более подробно каждое из них.

Обучающее занятие. Основная задача освоение отдельных элементов и соединений.



Одновременно с этим решаются задачи физического развития, воспитания музыкальности, выразительности. Характерными особенностями его является использование отдельного метода проведения упражнений с многократным повторением их и расчленением соединений на отдельные компоненты, выполнение ряда подготовительных упражнений, подводящих к «генеральному» движению.

Тренировочное занятие. Главная задача подготовка организма к предстоящей работе, а также сохранение достигнутого уровня хореографического мастерства. Подбор и дозировка упражнений направлены на решение задач специально-двигательной подготовки, совершенствования выразительности, музыкальности, пластики движений. По сравнению с обучающим занятием тренировочный является более

Контрольное занятие. Задача подведение итогов освоения очередного раздела хореографической подготовки. Например, после освоения элементов классического танца провести «открытое занятие», выставляя оценку (по пятибалльной системе) каждому обучающемуся.

Разминочное занятие. В период непосредственной постановки концертных номеров или подготовки к конкурсу рекомендуется выполнять стабильный комплекс упражнений, цель которого разогрев мышц и связок, и снятие - излишней психологической напряженности (возбуждения или, наоборот. заторможенности). Этому способствуют привычные, индивидуально подобранные упражнения, которые по мере усвоения, танцоры выполняют самостоятельно (индивидуальная разминка).

Показательное занятие. Оно объединяет весь ранее изученный материал, дает четкое представление о хореографической подготовке танцора и его техники исполнения (ведь танцоры выходят на сцену). Главное здесь это зрелищность, которая будет определяться характером движений. оригинальностью музыки и художественного образа.

Структура занятия по хореографии является классической:

Подготовительная, основная, заключительная части.

В подготовительной части занятия проходит организационное начало занятия и постановка задач урока. Мобилизация обучающихся к предстоящей работе. подготовка к выполнению упражнений основной части занятия.

Средствами, которыми решаются указанные задачи, являются разновидности ходьбы и бега, различные танцевальные движения, общеразвивающие упражнения.

Такие упражнения способствуют мобилизации внимания. подготавливают суставно-мышечный аппарат, сердечно-сосудистую и дыхательную системы для последующей работы.

В той части занятия, которая является основной, происходит актуализация необходимых знаний и умений, применяется уже большее количество разнообразных движений: элементы свободной пластики, акробатические и общеразвивающие упражнения. Различные средства часовой подготовки обогащаются, взаимно проникая друг в друга.

В заключительной части занятия необходимо снизить нагрузку с помощью специально подобранных упражнений: на расслабление, на растягивание (умеренной интенсивности). Задание на дом.

Принципы построения занятия по хореографии:

Построение занятия определяется 4 условиями:

- чередованием нагрузки и отдыха;
- отработкой учебных комбинаций на занятии.
- соразмерностью отдельных частей занятия;
- подбором упражнений и последовательностью выполнения;

ПЛАН УРОКА

Название программы: «Ритмика»

Тема урока: Музыкально-ритмические игры. Движение по кругу в различных темпах.

Тип урока: повторение и закрепление ранее изученного материала. Вид урока: тренировочное занятие-игра.



Цель урока: Развитие танцевальных способностей у детей дошкольного возраста средствами игры.

Обучающие цели:

закрепление знаний, умений и навыков, полученных на предыдущих уроках;

- умение слушать музыку и выполнять движения в соответствии с ритмом.

Развивающие цели:

- развитие координации движений;
- укрепление опорно-двигательного аппарата;
- развитие выносливости и постановки дыхания;
- психологическое раскрепощение учащихся на уроках;
- развитие механической памяти;
- развитие физических данных воспитанников;
- развитие исполнения танцевальных движений;

Воспитательные цели:

- воспитание положительных качеств личности;
- воспитание силы воли, выносливости и целеустремленности;
- воспитание умения вести себя в коллективе;
- воспитание чувства ответственности;

Методическое оснащение:

- методы обучения: словесный метод (объяснение, беседа, диалог), наблюдение, практический, игровой.

Особенности занятия:

- структурная гибкость и подвижность занятия;
- сформированная мотивация на получение знаний, умений и навыков;
- обязательность непосредственного взаимодействия обучающихся между собой и с педагогом.

I этап: организационно-подготовительная часть

- вход в танцевальный зал;
- поклон педагогу;
- обозначение темы и цели урока;

Организация рабочего пространства, создание эмоционального настроения. - подготовительные упражнения (различные виды шагов и бега)

II этап: основная часть-игра «Танцуем сидя»;

- партерная гимнастика;
- танцевальные композиции;

III этап: Заключительная часть

- упражнения для рефлексии;
- основное построение для выхода из зала;
- подведение итогов занятия;
- поклон педагогу.

Материально-техническое обеспечение урока:

1. Хореографический класс с зеркальным оформлением стен;
2. Специальное помещение для переодевания;
3. Аппаратура для озвучивания занятий (магнитофон);
4. USB носитель;
5. Гимнастические коврики.

Межпредметные и внутрипредметные связи: Хореография тесно взаимодействует с такими направлениями как театр, литература, музыка, изобразительное искусство, физическая культура.

Методическое оснащение:

- методы обучения: словесный метод (объяснение, беседа, диалог), наглядный, практический, игровой.

Особенности занятия:

- структурная гибкость и подвижность занятия;
- сформированная мотивация на получение знаний, умений и навыков;

обязательность непосредственного взаимодействия обучающихся между собой и с педагогом.

Способы организации деятельности педагога и учащихся: коллективный  
Выполнение детьми групповых упражнений под музыку требует единых усилий, сознательности и активности, творческого отношения к делу, способствует формированию коллективистских качеств личности.

Твердый регламентированный порядок занятий дисциплинирует детей, приучает их внимательно относиться к процессу музыкально-ритмического воспитания.

Заключение

Резюмируя вышесказанное можно отметить следующее. Танец это не только физическое проявление каких-либо физических качеств, не просто показ движений, а творческой фантазии личности, которая может находить яркие и образные сравнения.

## ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДЕ БАЛАЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДАҒЫ ТИІМДІ ӘДІСТЕР

**Сейдазимова Бейсенкуль Алайдаровна – «Тіл тағылым» үйірмесінің жетекшісі, Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі**



Қазіргі таңда білім беру жүйесінде қосымша білім беру мектептен тыс мекемелерде тіл үйірмелерінің жаңашылдығы талапқа сай артып келеді. Қазіргі педагогикаға енген жаңа әдістер мен тәсілдер педагогтің тек түсіндіруші, баланың қабылдаушы рөлінде ғана емес, сонымен қатар, бәсекеге қабілетті, өз пікірін нақты жеткізе білетін, терең білімді игеріп қана қоймай, сол білімін өмірде қолдана білетін жеке тұлға қалыптастыруда педагогтерге үлкен жауапкершілік артылып отыр. Бұл міндеттерді шешу барысында, әр үйірмесінің күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа қарым- қатынасқа өту қажеттілігі туындайды. Білім берудің маңызды шарты - оқу үрдісін жаңарта отырып, балалардың қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, олардың өздігінен білім алуға құштарлығын жетілдіру, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауда үйірмесілердің іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыру.

«Өз еңбегін талдай білген адам ғана тәжірибелі ұстаз бола алады» демекші, үйірмеде жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы балалардың таным белсенділігін арттыру, қазіргі қоғам талабына сай ой-өрісін дамыту, шығармашылығын кеңейту, терең білімді, бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеп, қалыптастыру болып табылады. Оқу құралында соңғы жылдары әдістемемізге еніп жатқан жаңа әдіс-тәсілдер мен жаттығулар, рефлексия мен кері байланыс түрлері өте көп. Солардың ішінде оқыту барысында тиімділігі жоғары бірнеше әдіс түрлерін атап кеткенді жөн көрдім.

Олар: «Ақындар мен жазушылар» әдісі, «Аквариум» әдісі, «Алфавит» әдісі, «Ара ұясы» техникасы, «Аударыспақ» әдісі, «Қар борау» т.б.

Әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы өткен сабақтардың тиімділігі неде? Біріншіден, педагог көп қиналмайды, балалар жаңа сабақты оңай қабылдап, тез меңгереді, сондай-ақ балалар арасында артық шу, артық әңгіме болмайды. Екіншіден, педагог пен балалар арасында, балалар өз арасында да ынтымақтастық жоғары болады. Сабақ барысында тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану нәтижесінде баланың сабаққа қызығушылығы артады, нақты өз деңгейінде бағаланады, жеке қабілеті айқындалады, өз бетімен жұмыс істеуге үйренеді. Сонымен қатар тиімді әдістерді тапсырмалар арқылы пайдаланғанда балалар: өз ойын ашық, қысымай жеткізе алады, өз ойын дәлелдеуге тырысады, өзіне деген сенімділігі жоғарылайды, оқуға деген қызығушылығы артады, ой шапшаңдығы, сөз байлығы молаяды, өз әрекетінің дұрыстығын түсініп, қорғай алады.

Қазіргі таңда тиімді әдіс-тәсілдерді пайдаланудағы сабақтардың алғы шарттарына: сабақты белсенді өткізіп, әр баладан еркін жауап алуға жағдай жасау; сенімділікке баулу үшін баланың жауабын үнемі бағалау; қиялын дамыту үшін «Менің ойымша» деген жауапқа дағдыландыру; әр түрлі жауапқа бірдей қарау, жақсысын мадақтап, жаманын сынамау; тіл байлығын дамыту үшін қалайда жауабын соңына дейін тыңдау; жеке тұлға ретінде «Мен» деген рөлін көтеру, өз пікірін қалыптастыру жатады.

Өзгелерге білгенінді немесе білу керектіні үйрету үшін, алдымен, соны қалай үйретуді білуді басты назарда ұстаған жөн. Сабақты әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, түрлендіріп өткізу балалардың білімге, оқып-үйренуге құштарлығын арттыратыны анық. Ұстаз қандай әдіс-тәсілді қолданса да, мақсат біреу – ол балаларға тиянақты да сапалы білім беру. Сондықтан кездесетін қиындықтарға қарамастан білім беру сапасын арттыру, баланы жеке тұлға ретінде алып қарап тәрбиелеу – ұстаздар қауымының міндеті.



#### «ДӘСТҮРІН СЫЙЛАҒАН ЕЛ ОЗАР» тәрбие сағаты

Мақсаты:

а) Білімділік: Балаларға қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпының тәрбиелік мәнін ұғындыру, баланың бойына адамгершілік қасиеттерін қалыптастыра отырып, халық өнегесін үйрету. Ұлттық салт дәстүрді насихаттау, ұрпақ жадында жаңғырту.

ә) Дамытушылық: Қазақ халқының тілге шешен, сөзге тапқырлығын аңғарта отырып, бала бойына сөз өнерінің дәнін себу, сол арқылы балалардың көркем сөйлеу мәдениетін дамыту. Мемлекеттік тілдің мәртебесін жоғарылығын ұғындыру.

б) Тәрбиелік: Ұлттық құндылықтар дәстүрлеріміздің қазіргі таңдағы маңыздылығын меңгере отырып, балаларды рухани құндылық – қазақ тілін қадірлеуге, құрмет тұтуға шақыру.

Сабақ түрі: Сайыс сабақ

Сабақтың әдісі: «Кім тапқыр?», «Қар борау»

Пәнаралық байланыс: Әдебиет, тарих

Сабақтың көрнекілігі: Слайд, интербелселсенді тақта

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі:

Үйірмешілерді гүл қиындыларымен топқа бөліп, топтарды таныстыру. Сабақты бастамас бұрын, салт-дәстүрге байланысты бейнебаян көрсетіліп, сабақ тақырыбы ашылады. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы өтілген тақырыптарға «Кім тапқыр?» ойынымен шолу жасау. Ұлттық салт-дәстүр аясында тәрбиелеу



Қазақ ежелден мал шаруашылығымен айналысқан халық. Ғасырлар бойы қалыптасқан бай тәжірибесі бар олар мал өрісін, тіршілік шаруашылық өмірін осы мал өсірумен байланыстыра жасаған. Оның өнімдерін тіршілік құралы етіп оңтайлы пайдалануды шебер игерген. Малдың еті, сүті, жүні, түбіті, қылы, шудасы, терісі, тіпті мүйізіне, сүйегіне дейін өз қажетіне жаратып, ұқсатып отырған. Мінсе көлігі, ішсе-сусыны, жесе тамағы, кісе киімі болған. Бүгінгі сабағымызда төрт түліктің төлі, пірі, қалай аталатынын және үй жануарларын қалай шақыратынын еске түсірейік.

Төрт түлік пірі қалай аталады?

Қойдың пірі қалай аталады? (Шопан ата)

Ешкінің пірі қалай аталады? (Шекшек ата)

Сиырдың пірі қалай аталады? (Зеңгі баб)

Жылқы пірі қалай аталады? (Қамбар ата)

Түйе пірі қалай аталады? (Ойсыл қара)

Төлдері қалай аталады?

Қой (қозы)

Ешкі (Лақ)

Сиыр (Бұзауқан)

Жылқы (Құлын)

Түйе (Бота)

Төрт түлікті қалай шақырады?

Қой (Пұшайт-пұшайт)

Ешкі (Шөре-шөре)

Сиыр (Аухан-аухан)

Жылқы (Құрау-құрау)

Түйе (көс-көс)

Сайыс кезеңдері таныстырады. Сайыс 7 кезеңнен тұрады.

I. «Таныстыру» кезеңі (әр топ өздерін таныстырып өтеді).

II. «Салт-дәстүрім – алтын қазынам» кезеңі (суреттер беріледі, сол суреттер арқылы

қазақ халқының салт-дәстүрі мен ұлттық ойыны туралы баяндап беру).

III. «Кім жылдам?» кезеңі (1 минут ішінде бірнеше сұраққа жауап беру).

IV «Мақал - сөздің көркі» кезеңі (мақал-мәтелдерді жалғастырады).

V. «Жүйрік болсаң, оза шап» (бұл кезеңде балалар арқан тартып, асық ойынымен жарысады, қыз балалар қазақтың дәстүрлі ұлттық тағамдарын таныстырып өтеді.).

VI. Қорытынды.

I. «Таныстыру» кезеңі: Әр топ өзін таныстырып өтеді.

I топ - «Аманат» тобы

Біз тобымызды «Аманат» деп атадық. Аманат – аман сөзден шыққан болуы ықтимал. Бір адамның екінші біреуге сақтауға берген бағалы заттары. Аманатты сақтау және мезгілінде тапсыру адамгершілікке жатады. Аманат достықты, бірлікті, келісімге келуді білдіреді. «Аманат – аман сақтайды» дейді халық. Аманатқа қиянат жасамайды. Ол үлкен күнә.

Сондықтан да бізге ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа қаймағы бұзылмай келе жатқан салт-дәстүрімізді келер ұрпаққа жеткізу біздің басты – парызымыз.

II топ - «Шаңырақ» тобы

Ал біз тобымызды «Шаңырақ» деп атадық. Өйткені шаңырақ – қазақ ұғымындағы қасиетті дүние. Шаңырақ – киіз үйдің күмбезі, көшпелі түркілер үшін үйдің, ошақтың, отбасының бейнесі. Көшпелілер мәдениетінде шаңырақтың пайда болуы ата-бабаларымыздың қоршаған ортаны қабылдау ерекшеліктеріне және соған орай ойлау жүйесінде орныққан ұғымдармен тығыз байланысты. Ол сырттай аспан күмбезіне қалай ұқсаса, адамдардың ішкі жан-дүниесінде тіршіліктің аса маңызды заттық құрал ретінде сәулеленуі де сондай ақиқат. Егеменді еліміздің шаңырағы биік болған жағдайда ғана салт-дәстүрімізде жаңғыра бермек.

II. Салт-дәстүрім асыл қазынам кезеңі.

Бұл кезеңде суреттер беріледі. Суреттер арқылы қазақ халқының салт-дәстүрі мен ұлттық ойындары баяндалады.



III. «Кім жылдам» (1 мин. ішінде бірнеше сұраққа жауап беру) «Аманат» тобына

1. Жас балаға тілден, көзден сақ болу үшін не қояды? (Айдар)
2. Әдет-ғұрыптың қай түрінде атқарған жұмысына ақы алмайды? (Асар)
3. Малдың құлағын тесіп белгі салу. (Ен салу)
4. Басқа жақтан көшіп келген отбасын үйіне шақырып табақ тарту рәсімі.
5. Көбіне жас балалардың үлкендерден, аға әпкелерінен алатын сыйлығы. (Байғазы)

6. Бесік қандай мүлік? (Қасиетті мүлік)

7. Түйенің сүтінен жасалатын сусын қалай аталады. (Шұбат)

8. Жеті атаны таратып атап бер. (бала, аке, ата, арғы ата, баба, түп ата, тек ата).

«Шаңырақ» тобына

1. Жаңа туған нәрестеге ең алғаш жасалатын той. (Шілдехана)

2. Қазақтың ұлттық ойыны, ат жарысы қалай аталады? (Бәйге)

3. Қызды ұзатқанда киетін бас киім? (Сәукеле)

4. Қазақ шопандарының шахматы. (Тоғызқұмалақ)

5. Қуанышты хабарды жеткізуші адамға не береді? (Сүйінші)

6. Жаңа дүниеге келгенде сәбидіңкиетін алғашқы көйлегі. (Иткөйлек)
7. Бір адамның екінші бір адамға сақтауға берген заттары. (Аманат)
8. Наурыз айында ұшып келетін құс қалай аталады? (Наурызкөк)

IV. «Сөз мәйегі» кезеңі: Мақал мәтелді жалғастыру

«Аманат» тобы

1. Ант бұзған оңбайды,.....(салт бұзған сорлайды)
2. Жақсы дәстүр.....(жан семіртеді)
3. Халықтық қалпың.....(ата салтың)
4. Ата ананың қадірін.....(балалы болғанда білерсің)
5. Ана сүтін ақтамағанды.....(ешкім мақтамайды)

«Шаңырақ» тобы

1. Дәстүрдің озығы бар.....(тозығы бар)
2. Салтын, тілін, дінін ұмыту.....(мәңгірттікке бастар жол)
3. Алты жыл аш болсаң да,.....(ата сатыңды ұмытпа)
4. Баланың ұяты әкеге,..... (қыздың ұяты шешеге)
5. Ананың көңілі балада,..... (баланың көңілі далада)

V. «Жүйрік болсаң, оза шап»

Интербелсенді тақтадан ұлттық ойынымыз асық ойынынан бейнебаян көрсетіліп, ер балалар арқан тартысып, асық ойындарынан жарысады.

Қыз балалар дәстүрлі тағамдарымыз туралы баяндап береді.

Қазақтың дәстүрлі ұн тағамдарын ата. (Таба нан, қазан жаппа, бауырсақ, шелпек).

Қазақтың дәстүрлі сүт тағамдарын ата. (Айран, қатық, қымыз, шалап, ашыған көже, уыз, ірімшік, құрт).

Қазақтың дәстүрлі ет тағамдары қалай аталады? (Қазы, қарта, жал жая, құйрық, бауыр, шұжық).

«Құтты болсын, Наурызым» әні орындайтындар: Әуезқызы Нұрдана, Назарова Нұрсәуле

Ата салтым - асыл мұрам ардағым,

Бабалардың жалғастырар арманын.

Сан ғасырда қалпын бұзбас қадірім,

Өткенімді бүгінменен жалғадым!

Ермахамед Мейіржанның орындауында «Қазақ елі» әні.

## БАЛАНЫҢ РУХАНИ ЖЕТІЛУİNДЕ ТІЛ ДАМУЫ ҮЙІРМЕЛЕРІНІҢ РӨЛІ

Сипатаева Айжамал Қаддаровна – «Жас журналист»  
үйірмесінің жетекшісі,  
Оқушылар Сарайының қосымша білім беру педагогі



Тіл – ұрпақ тәрбиесінің пәрменді құралы, рухани байлықтың баға жетпес құдыретті, қуатты қайнар көзі. Ана тілі – халықтың өткен ұрпағы, қазіргі және келешек ұрпағы арасындағы тарихи жалғастықты жүзеге асыратын бірден-бір сенімді құрал. Елімізді, туған жерімізді, ана тіліміз арқылы танып білеміз, халықтың рухани байлығының сарқылмас бастауы да осында. Дұрыс сөйлеп, дұрыс жаза білуге дағдыланған баланың сөйлеген сөзі де, жазғаны да түсінікті болатыны айқын. ҚР-ның білім туралы заңында білім берудің ізгілікті, дамытушылық сипаты және адамды қалыптастырудағы рөлі, жеке шығармашылық қабілеттерінің дамуы үшін жағдай жасау қажеттігі болып отыр деген саясатты ұстана отырып, қазіргі заманға

сай технологиялардың үлгілерін таңдап, сабақ барысында пайдалана білу – заманның талабы.

Тіл немесе тіл дамыту – пән аралық түсінік: ол лингвистикалық, психологиялық және әдістемелік әдебиеттерде кездеседі. Лингвистика – тіл және оның даму заңдылықтарын зерттесе, психология – адамның бір-бірімен қатынасында ойын еркін, сезімін және пікірін жеткізу үшін, тіл материалдарын қолдану процесі – сөйлеуді зерттейді. Мен осы орайда баланы екіге бөліп зерттегім келеді. Біріншісі – баланың денесі яғни тәннің дамуы, екіншісі – баланың жаны яғни рухани дамуы.

«Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз тегін айтылмаса керек. Олай болса адам өмірінің мәні - өз ұрпағы. Шыр етіп сәби дүниеге келген сәттен бастап ата-ана алдында нәзік те қиын, қыр-сыры мол үлкен қоғамдық міндет тұрады. Ол – бала тәрбиесі. Бала тәрбиесінде алғашқы ұстаз – ата-ана. Бастапқыда ата-ана көбінесе баланың бірінші бөлігінің дамуына көбірек көңіл бөледі. Бұл ата-ананың материалдық міндеті, тамағы тоқ, көйлегі көп болса жеткілікті, бірақ, баланың өсіп-жетілуінде тәннің тоқтығымен қатар жанның тоқтығы мәндірек.

Бала үшін үй ішінен, ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Адамгершілік, бауырмалдық, татулық, қайырымдылық, әдептілік, инабаттылық сияқты қасиеттер – жанұяда сөзбен, теориямен дамымайды, үлкендердің үлгісімен сінеді. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» дейді халық даналығы. Ата-ана – бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үніліп, мінез-құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған



орынды. Өз баласымен ашық сөйлесе алмай, сырласа білмейтін ата - аналар «Екеуміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дегенді айтады. Бұл дұрыс емес. Баламен сөйлесуге тіпті арнайы уақыт бөлудің қажеті жоқ. Әке мен шеше ұл-қыздармен үй шаруасында жүріп-ақ әңгімелесіп, ой бөлісуге әбден болады.

Қазіргі ғылым мен техниканың қатар дамыған және баланы ешнәрсемен таң қалдыра алмайтын заманда ата-ананың балаға деген ең үлкен жақсылығы оны қосымша білім беру мамандарына алып келуі яғни бала қызығатын үйірмелерге беруі. Мектеп балаға теориялық білім берсе, үйірмелер баланың жан-жақты дамуына, бойындағы ерекше қабілеттердің ашылуына септігін тигізеді. Болашақтағы мамандығын дұрыс таңдауға бағыт-бағдар береді.

Тіл дамыту үйірмелерінде бала дұрыс сөйлеу, мәнерлеп оқудың тілдік нормаларын үйренуден бөлек жаңылтпаш, жұмбақ, мақал-мәтел, өлең жаттау, ертегі, жыр-дастандарды оқу арқылы тіл байлықтарын арттырып, рухани дамып, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп отырады. Сахнада өнер көрсету арқылы бала сахна мәдениетін меңгереді (сахнада өзін ұстау, жүріс-тұрыс, киім кию, этика, эстетика т.б.).



## БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМУЫҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР

1. Ойын «Интервью». Алдымен балаларды жаңа сөздермен таныстыру керек. Интервью – газет, теледидар немесе радиодан берілетін сұхбат әңгіме. Тілші – сұрақ қойып отыратын кісі.

Респондент – сұраққа жауап беретін адам. Балаларды микрофонға нық сөйлеуге үйрету керек. Ол үшін балаларды 10 дейін өсу, кему ретімен санауды ұсыныңыз. Сосын балаларға рөлдерді бөліп беріңіз. Мүмкін болатын тақырыпты талқылаңыз. Тілшілер сұрақ бастайды. Сосын әңгімені ұжым боп тыңдап, талқылайды.

Мүмкін болар тақырыптар: театрға

барғанын, көрген қойылымды талқылау; мерекені талқылау; суреттер көрмесін, қызықты кітапты, аптада болған ең қызықты оқиғаларды.

Ойын нұсқалары: 1) педагог балалардан интервью алады, 2) балалар педагогтен интервью алады, 3) ата-аналар интервью алады, 4) балалар ата-аналардан интервью алады.

2. Ойын «Суретті жұмбақтар».

Балалардың арасынан бір бастаушы таңдалады, қалғандары отырады. Педагог үлкен қораптан кішкентай неше түрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені сөзбен сипаттап жасыруды ұсынады. Бастаушы суретті карточканы алып, балаларға көрсетпей, ондағы бейнені, затты сипаттап, суреттейді. Балалар түрлі жауаптар айтып, не бейнеленгенін тауып алу керек. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды жалғастырады.

3. Ойын «Ойыншықты ата».

Әр бала өзімен бір ойыншық ала келеді. Бір бастаушы тағайындалады. Ол 3-5 минутқа сыртқа шыға тұрады. Ол жоқта педагог балалармен бір оқиға құрастырады.



Ол оқиғада негізгі кейіпкер балалардың әкелген бір ойыншығы болады. Барлық ойыншықтарды орындыққа тізіп қояды. Бастаушы баланы шақырады. Балалар оған ойдан шығарған оқиғаны ретімен айта бастайды. Бірақ кейіпкердің атын атамай. Оны тек есімдіктермен ғана атайды. Оқиға 3-5 минутқа ғана болуы керек. Бастаушы оқиғаның негізгі кейіпкерін ойланып, тауып алу керек.

Егер бастаушы дұрыс тапса, ойын жалғасады. Егер бала кейіпкерді таба алмай жатса, онда балалар оқиғаны толықтыра түседі, бастаушы көмек ретінде.

#### 4. Ойын «Сөйлем құрастыр».

Педагог лотодан суретті 2 карточканы топқа ұсынады. Балалар жарты шеңберге отырады. Кезекпен әрбіреуі суретке қатысты сөйлем құрастырады. Сосын басқа 2 сурет көрсетіледі. Оларға да балалар сөйлем құрастырады. Ескерту:

1. Балаларды ерекше, өзгеше сөйлемдерді құрауға жетелеңіз.

2. Егер балалар берілген екі сөзбен сөйлемдерді шапшаң құрап жатса, онда суреттердің санын асырыңыз. Мысалы, үш, төрт карточка алыңыз.

Бұл ойынды ата-аналар да баламен жеке жұмыс жасау есебінде алуларына болады. Баламен жарыс ұйымдастыруға да болады. Әрине, баланы жеңіске шығаруды көздеу керек.

#### 5. Ойын «Қарама-қайшылық».

Педагог балаларға бір сурет көрсетеді. Суреттегі бейнеленген затқа қарама-қарсы мағынада сөз айту керек. Мысалы, суретте «доп», балалар «тақта» дейді. (доп дөңгелек, тақта жазық) «күн» (допты адам жасайды, күн табиғаттың бір бөлігі) т.с.с. Әр бала өзінің жауабын айтады, міндетті түрде неге ол жауапты таңдағанын түсіндіру керек. Ескерту: бұл ойын баламен жеке жұмыс жасауға да тиімді.

6. Ойын «Көпір» (сөздерді байланыстыру)

7. Ойын «Қадамдар» (әдепті сөздер айтып алға жылжу)

8. Іздеу (адамды бейнелеу) т.б.

Қорытынды: Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні – біз қосымша білім беру педагогтерінде мектеп мұғалімдеріне қарағанда, бала жанына үңілуге мүмкіндік мол. Олай деуге себеп, бала мектептегі пән мұғалімінің қасында бір сабақта 45 минут болса, үйірмеде 1,5-2 сағаттай уақыт болады. Іс-шараларға дайындық барысында оданда көп уақытты үйірмеде өткізеді. Демек, біз осы уақытты тиімді пайдаланып, баламен көбірек тілдесіп, жан дүниесіне, жүрек түкпіріндегі ойларын ортаға салып, егер қателескен тұстары болса дұрыс жол сілтеп, шын дос бола білуіміз қажет. Бір сөзбен айтқанда рұхани жетілуде көп мән бар. Тіл дамыту үйірмелеріне келген баланың болашақта тіл маманы болуы міндетті емес, қай мамандықтың иесі болсада ұшқыр ойлап, ұтымды сөйлей алатын, ана тілі мен ұлттық құндылықтарға қанық, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасап, шаршы топ алдында ойын еркін жеткізе алатын, рухани жетіліп, кемелденген жеке тұлға ретінде қалыптасатыны сөзсіз.

Жаңа Қазақстанның жарқын болашағын бірге құрайық!

Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі

1. Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының «Балалар әдебиеті – ұлт ертеңі» атты кезекті IV пленумының қаулысынан үзінді // Қазақ әдебиеті.- 2009, сәуір – 12.

2. Ысқақ Ә. Күнұлымын. – Тараз: Сенім, 2002. – 112 б.

## ҰЛТТЫҚ ОЮ-ӨРНЕК «ҚОШҚАР МҮЙІЗ»

**Айтөре Жанна Қалдыбайқызы**  
**Оқушылар сарайы қосымша білім беру педагогі**



Мақсаты: Қазақтың ұлттық ою-өрнектерін білуге, ою түрлерін және олардың қай жерлерде қолданатынын үйрету. Түстерді айыра білуге үйрету.

Білімділік мақсаты: Алған білімдерін практикамен байланыстырып, ойларын тұжырымдай білуге, біткен іске талдау жасай білуге, ойлампаздыққа үйрету.

Дамытушылық мақсаты: Өнер туындыларын эстетикалық талғаммен қабылдай білуге, өнерге қызығушылығын, шығармашылық белсенділігін арттыру, шеберлігін, ойлау қабілетін дамыту, ұқыптылыққа үйрету.

Тәрбиелік мақсаты: Бұйымның тиімділігі мен қажеттілігін түсіндіріп жұмыс істеуге, салт-дәстүр, әдеп-ғұрпымызды құрметтеуге тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: Аралас

Қолданылатын көрнекіліктер: Қолөнер бұйымдары, ою түрлері, суреттер.

Құрал – жабдықтар: Фетр матасы, қайшы, ыстық желім,

тесма, моншақтар.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Балаларды түгелдеу, кабинетті, сабаққа қажетті құралдарды дайындау.

II. Өткен сабақты қайталау.

- Сұрақ-жауап

III. Жаңа сабақ.

Қазақ ұлттық мәдениетінің ең байырғы, аса құнды салаларының бірі - қолөнері, оның ішінде ою-өрнек болып табылады. Ою-өрнектер әсемдікпен, сәнділіктің белгісі ғана емес, сонымен бірге халықтың арман-ойының, тілек -мүддесінің нышаны, осы тұрғыдан алып қарағанда ою-өрнектің мазмұндылық ерекшеліктері сан алуан. Бүгінгі ұрпақ өзінің ұлттық сезімдерін, өнерін жоғалтпауы қажет. Өнер адамға жақсы әсер ететін және оны тәрбиелейтін нәзік дүние. Оның құндылығы орасан зор.

«Сәндік-қолданбалы өнер» ұғымы ХХ ғасырдың екінші жартысындағы алпысыншы жылдардың ортасында пайда болды. Бұған дейін ол халықтың қарапайым түсінігінде, «қолөнер» ұғымының аясында қабылданып, пайдаланылып келді.

Ою-өрнек – тұрмыста бір бұйымның бетін әшекейлеу үшін қолданылатын нақыш, өрнек. Заттың бетін өрнектеу үшін ісмерлер әртүрлі тәсілді қолданады. Олар: оймыштау, бедерлеу, шеку, қашау, тісеу, құрау тәрізді әрекеттер арқылы жүзеге асады. Әр өрнек белгілі бір бөлшектен (элемент) құралады. Ғалымдар ою-өрнектердің 200-дей түрін анықтады. Халық арасында көп тарағаны – мүйіз тектес ою-өрнектері. Ою-өрнектердің бұл тобын қазақ халқының ою-өрнектерінің төркіні десекте болады. Өйткені, барлық жаңа буындар осының негізінде жасалып, тек атаулары өзгеріп отырған. Мысалы: қошқар мүйіз, арқар мүйіз, бұғы мүйіз, қырық мүйіз, қос мүйіз, сыңар мүйіз, төрт құлақ, түйе табан, сыңар өкше, қос алқа, құс қанаты, қаз табан, т.б. ою-өрнектердің негізгі арқауы. Осы элементтерден ою-өрнек композициясы жасалады. Біздің бүгінгі сабақта пайдаланатын ою түрі, осы қошқар мүйізді ою болмақ.

IV. Сабақты пысықтау.

1. Ал енді балалар, ою-өрнекке байланысты мына мақалдарды оқып мағынасын түсініп айтып беріңіздерші.

1. Ою ойғанның ойы ұшқыр.

2. Ойсыздан ою шықпайды.
3. Өнерсізден құт қашар.
4. Ерінбеген етікші болады.
5. Шебердің қолы алтын.
6. Шебер көп жерде, өнер көп.

2. Сергіту сәті:

Гүлдер тау басында тұр,  
Жел соқты, гүлдер ырғалды.

Жаңбыр жауды,  
жаңбыр саябырсыды.

Күн шықты,

Көбелектер гүлдің әуелі оң жағына, содан кейін сол жағына ұшып келіп қарайды.

Оңға, солға қарап қолдарын бүгілген тізелеріне қойып, басын иеді. Бала әр сөзге іс-қимыл жасайды.

V. Сарамандық жұмыс.

1. Балаларға сабақ барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауларын ескерту.
2. А4 қағазын пайдаланып қошқар мүйіз сызбасын сызып алу.
3. Сызбаны пайдаланып, фетр матасының бетіне қошқар мүйіздің суретін түсіріп, қайшы көмегімен қырқамыз.
4. Дайын болған оюды мата бетіне, ыстық желім көмегімен жабыстырамыз.
5. Оюдың шеттеріне тесманы айналдыра ыстық желіммен жабыстырып аламыз.
6. Балалар өз талғамдарына қарай моншақтармен әшекейлеп шығады.

VI. Сабақты қорытындылау.

Сұрақ-жауап арқылы.

- Ою-өрнектің қандай түрлері бар?
  - Ұлттық бұйымдар түрлері?
  - Қошқармүйіз оюы қай бұйымдарда қолданылады?
2. Бұйымның сапасын тексеріп, бағалау.

Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі

1. Мектептегі технология
2. Интернет желісі
3. «Ұлттық қолданбалы өнер» кітабы

## ТАСҚА ТҮСКЕН ТАҢБА» БЫЛҒАРЫМЕН ЖҰМЫС.

Алиева Нургуль Максұтовна  
Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі



Қосымша білім беру ұйымының басты мақсаттарының бірі – балаларға қосымша білім беруді ұйымдастыру барысында әр баланың бойындағы шығармашылық қабілетін оятып, еңбек етуге, өнерге алғашқы қадамдарын жасауға үйрету. Қосымша білім беру педагогінің міндеттерінің бірі – жеке шығармашылық тұлға тәрбиелеу мақсатында жүргізіледі.

Сабақтың тақырыбы: «ТАСҚА ТҮСКЕН ТАҢБА» былғарымен жұмыс.

Сабақтың мақсаты: Былғары бұйымдар жасаудың жаңа технологиялық тәсілдерін қолдана отырып, тәжірибе алмасу

Білімділігі: Бұйымдарды көркемдеп өңдеу технологиясы туралы түсінік беру, қазіргі заманғы сұранысқа сай қолөнер бұйымдарын жасап үйрету, бұйымдар жасаудың жаңа технологиясын көрсету.

Дамытушылығы: Үйірмешілердің жұмыс барысында шеберлігін арттырып, дағдысын қалыптастыру, шығармашылық ойлау қабілетін

дамыту.

Тәрбиелілігі: Үйірмешілерді өз бетінше жұмыс жасауға, ептілікке, дәлдікке, ұқыптылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.

Сабақ түрі: аралас сабақ

Сабақ әдісі: сұрақ – жауап, түсіндіру, сарамандық жұмыс.

Сабақтың көрнекілігі мен керекті құрал-жабдықтар: дайын бұйым – былғары маталар, ыстық желім, қайшы және ине - жіп.

Сабақ барысы:

Ұйымдастыру кезеңі:

Үйірмешілерді түгелдеу.

Сабаққа дайындығын тексеру.

Өткен сабаққа тоқталып өту. «Тасқа түскен таңба» талдау – жинақтау.

Жаңа сабақ:

Мағынаны ашу.

А) «Тасқа түскен таңба» туралы не білемін?

Ә) Не білгім келеді?

Б) Жаңа ақпаратпен таныстыру

Осыдан бірнеше мың жыл бұрын өмір сүрген адамдар өз үңгірлеріне өмірдің ең басты аспектілерін таңбалап кеткен. Бұл ең бірінші өздерінен кейінгі ұрпақ үшін жасалған әдіс. Біз осы суреттерге қарап бұрынғы адамдардың қалай өмір сүргендігін, немен айналасқандығын біле аламыз. Мұндай суреттер әлемнің түкпір түкпірінде бар. Тіпті, қазақ даласында тұнып тұр. Сол себептен осы тақырыпты былғарымен жұмыс жасау мақсатында жүргіздім.

Тасқа салынған суреттердің ғылыми атауы;

а) петроглиф

б) сурет

- с) сызу
- д) сироглиф
- е) руна жазуы

Петроглифтер (гректің «таспен кесу» сөзінен шыққан )

Петроглифтер таңбалы шатқалының аса маңызды және көп түрлі ескерткіштерінің бірі болып табылады. Сол себептен балаларға ұмытылып кетпеу мақсатында осы тақырып таңдалды.

Таңбалы тас суреттері ерте заман адамдарының яғни, қола дәуірінің тасқа салынған суреттері ерекше, көрген адамды таң қалдырады.

Ертедегі адамдар күнге күйген жылтыр тау жартастарына жануарларды, адамдарды, арбаларды, соғыс көріністерін қашап салған. Бұл адамзаттың рухани мәдениетін, дүниетанымын білдіретін аса маңызды деректер жиынтығы саналады. Жұмысты бастар алдында сол таңбалардың суреттерін қарап отырып эскиз сызамыз.

Таңбалы петроглифтер галереясы – біздің ата-бабаларымыздың қоршаған ортамен етене өмір сүріп, өздері көрген-білгендерін түсіріп отырған.

Үйірмешілерге ең алдымен өздері сызған эскиздерін жинақтап алады. Былғары матаны екі немесе одан да көп түрлерін таңдап сызған суреттеріне қарап таңдайды. Бірінші ең басты суретін қоятын матаны алып эскизін сызып түсіреді. Сызылған суретін қайшымен қиып алады, екінші былғары матаны астына қойып, ыстық желіммен жабыстырамыз. Жұмыстарды толығымен сәнді көріну үшін әртүрлі бұйымдарды қолдана отырып жұмысымызды аяқтаймыз. Дайын картинамызды рамкаға салып қоямыз.





Білімді, жан-жақты тәрбиелі, қабілетті жастар ұлтымыздың баға жетпес қазынасы. Сондықтан жастарды қабілетті азамат етіп өсіруде халық қолөнерінің тәлім-тәрбиелік, білім – танымдық рөлі орасан зор.

Қолөнер дегеніміз – кәсіптің бірі. Ал кәсіпшілік ол адамзаттың тіршілік көзі. Киіз басудың тиімді жаңа әдістерінің қырсырын меңгере отырып, үйірмеші балалар әртүрлі бұйымдар, тұрмысқа қажетті нәрселер жасай алады.

Сарамандық жұмыс:

Қауіпсіздік ережесін сақтау.

Жұмыс орнын ұйымдастыру.

Бұйымды жасалу ретімен салу.

Сергіту сәті:

Жұмбақ шешу.

Бар екен бір жансыз зат сиыр тұмсық,  
Матаны күнде жейді басын қыршып,  
Матаның жеген сайын басын қыршып,  
Артынан түбіт тұрар қыл-қыбыршақ. (Қайшы)

Сабақты бекіту: Ой толғау.

«Тасқа түскен таңба» дегеніміз не?

Қандай түрлері бар?

**Қорытынды**

Қорыта келгенде, жұмыстың жасалуында біліктілікті, білімділікті, нәзіктікті, әдемілікті, қиял мен шеберлікті талап етілуін қадағалау. Балалардың жұмысын бағалау.

## «ӘЗ НАУРЫЗ» - СУРЕТ САЛУ

Алтаева Жанат Сырлыбаевна  
Оқушылар сарайы қосымша білім беру педагогі



Балалардың наурыз айы, наурыз мерекесі туралы түсініктерін толықтырып, ұлттық салт-дәстүр жайлы білімдерін қалыптастыру.

Сабақтың тақырыбы:

«ӘЗ НАУРЫЗ» - сурет салу

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Балалардың наурыз айы, наурыз мерекесі туралы түсініктерін толықтырып, ұлттық салт-дәстүр жайлы білімдерін қалыптастыру.

Дамытушылық: Ойлау, көзге елестету, ұлттық сезімдерін дамыту,

композициялық дағдыларын қалыптастыру.

Тәрбиелік: Ұлттық ұғымдарды дұрыс қабылдауға, салт-дәстүрге сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу.

Әдісі: сөздік, практикалық

Көрнекіліктер: «Наурыз» тақырыбына суреттер, әр түрлі, фотосуреттер, ою-өрнекті ұлттық киімдер бейнеленген

суреттер.

Балалар үшін: Папка А3, өшіргіш, жай қарындаштар, қылқалам,

гуашь, су бояқ, су құюға арналған ыдыс.

Сабақ түрі: Аралас

Сабақ барысы: 1.Ұйымдастыру. Сәлемдесу, балалардың оқу құралдарын дайындығын тексеру.

Өнерді таудың бұлағынан,

Қойдың құлағынан,

Анамның жүзінен,

бейнелеу өнері сабағымызды бастаймыз.

Үйірмешілерді 3 топқа бөлу. 1-топ «Суретшілер», 2- топ «Жазушылар».

3-топ «Шеберлер»

П. Үй тапсырмасын тексеру

Үй тапсырмасы «Кубизм» әдісі бойынша сұралады.

Зерттеу: Бейнелеу өнері дегеніміз не?

Бейнелеу өнері нешеге бөлінеді?

Кескіндеме дегеніміз не?

Графика дегеніміз не?

Мүсін дегеніміз не?

Қолданбалы - сән өнері деген не?

Дизайн өнері деген не?

Сәулет өнері деген не?

Адамдарға қажетті қандай нысандар мен ғимараттар бар?

Салыстыр: Дизайн өнері деген не?

Сәулет өнері деген не?

Суретте: Мектепті макет түрінде орындау.

Ш. Жаңа сабақ: Сабақты сөзжұмбақ шешу арқылы бастаймыз.

Туындылар бояулар көмегімен жасалатын өнер түрі - Кескіндеме

Ғимараттың немесе сәулеттік кешеннің өте кішірейтіліп берілген үлгісі -

Макет

Адамдардың өмір сүруі мен қызметіне қажетті ғимараттар мен нысандарды жобалау және салу өнері – Сәулет.

Жансыз заттар бейнеленген көркем шығарма

- Натюрморт

Заттардың жобасын

көркемдеп жасап,



өндіріске дайындайтын суретшілер-Дизайншы Табиғат көрінісін бейнелейтін шығарма. Пейзаж. Сонымен бүгінгі біздің сабағымыздың жаңа тақырыбы «Әз Наурыз»

Мұғалім: Жаңа өмірдің қайта басталатын күн есебінің басы, көктемнің

Көшбасшысы - наурыз айы. Наурыз айында ел ұйқыдан оянғандай

ерекше сезімге бөленеді. Көкейлерінде үміт оты тұтанады.

Қанаттарына маржан таққандай қараторғай жеткенде, көктемнің ең алғашқы жаңбыры

себелейді. Ілешала құйқылжыта ән шырқаған бозторғай -дауыстары қыстаудан көктеуіне ұшып келеді, боз жусанына аунап-қунап сергиді. Осы қуанышты еселеп, наурыздың жиырма бірінші жұлдызында күн мен түннің ұзақтығы

теңеледі. Наурыз - жыл басы.



Топтық жұмыс:

«Жазушылар» тобына: Наурыз айы, наурыз той сендерге несімен ұнайды?

«Суретшілер» тобына: Наурыз айында қандай өзгерістер болады?

«Шеберлер» тобына: Наурыз айында қандай мереке бар және сендер мерекеге қандай сыйлық жасайсыңдар?

IV. Сергіту сәті: Наурыз көже

- Көже, аналарымыз наурыз көжені қалай дайындайды?

V. Практикалық жұмыс:

Енді осы көріністі бейнелеуге асығып отырған сияқтымыз.

Бірақ сурет салуды бастамас бұрын композиция сабағын еске түсірейік.

«Композиция» латынның «ойлап шығару» немесе «құрастыру» деген сөзінен шыққан. Композиция суретшінің картинасын дұрыс әсерлі құруы, ондағы заттарды, кейіпкерлерді белгілі бір ретпен ыңғайластырып, орналастыруы болып табылады. Зат бейнесінің орналасуын анықтау дегеніміз, мысалы қағаз бетіне дұрыс немесе жалпы нұсқасын дұрыс орындау, белгілі бір өлшемде ықшамдап түсіру.

Папка А3 қандай қалыпта аласын тігінен бе, әлде қолденең бе?

Біздің композициямызда бүкіл нысандар - адам бейнелері, ғимараттар, ағаштар - барлығы сурет идеясына бағынуы тиіс. Қай нысан негізгі, қайсысы екінші орында екенін анықта. Негізгіні анағұрлым ірі суретпен түспен де өре білген.

VI. Бекіту сұрақтары:

1. Кескіндеме дегеніміз не?

2. Қайсысы портрет екенін анықта.

3. Сәулет өнері деген не?

4. Қайсысы жоба екенін анықта.

3. Композиция деген не?

Қорытындылау:

Қылқаламды қолға алайық,

Әдемілеп сурет салайық.

Әбілхан Кастеев атамыздай

Суретші болып шығайық, - деп сабағымызды аяқтаймыз.

Жұмыс соңында балалар жұмысы тақтаға ілініп, «Наурыз» тақырыбында көрме өткізілуі, балалар бағаланып марапатталады.

- Егер саған сабақ ұнаса, тапсырманың барлығын сәтті орындаған болсаң, желкенді жасыл түске боя.

- Егер сен сабақта белгілі бір қиындықты кездестірген болсаң, желкенді сары түске боя.

- Егер саған сабақ барысында тапсырмаларды орындау қиын болып, педагогтің көмегі қажет болса, желкенді қызыл түске боя.

VII. Үйге тапсырма: Суретті аяқтап келу.





## «ӘСЕМ ГҮЛДЕР» - ЖҮНМЕН СУРЕТ САЛУ

Амирсейтова Шолпан Кенесбаевна  
Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі



Үйірмелер – баланы қызықтыратын іс-әрекет саласында өз мүмкіншіліктерін сынайтын, шыңдайтын ынтымақ пен қарым-қатынас ортасы. Үйірме арқылы баланың қарапайым қызығушылығы мазмұнды ұйымдастырылған маңызды іс-әрекетпен айналысуға, сол арқылы өзін-өзі дамытып жетілдіруге көмектеседі.  
Сабақтың тақырыбы: «ӘСЕМ ГҮЛДЕР» - ЖҮНМЕН СУРЕТ САЛУ

Сабақтың мақсаты: Жүнмен бұйымдар жасаудың жаңа технологиялық тәсілдерін қолдана отырып, тәжірибе алмасу

Білімділігі: Бұйымдарды көркемдеп өңдеу технологиясы туралы түсінік беру, қазіргі заманғы сұранысқа сай қолөнер бұйымдарын жасап үйрету, бұйымдар жасаудың жаңа технологиясын көрсету.

Дамытушылығы: Үйірмешілердің жұмыс барысында шеберлігін арттырып, дағдысын қалыптастыру, шығармашылық ойлау қабілетін дамыту.

Тәрбиелілігі: Үйірмешілерді өз бетінше жұмыс жасауға, ептілікке, дәлдікке, ұқыптылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.

Сабақ түрі: Аралас сабақ

Сабақ әдісі: сұрақ-жауап, түсіндіру, сарамандық жұмыс.

Сабақтың көрнекілігі мен керекті құрал- жабдықтар: дайын бұйым – гүлдер суреті, суреттер, жасалу кестесі, түрлі-түсті боялған жүндер, қайшы, негіз мата, арнайы инелер.

Сабақ барысы:

Ұйымдастыру кезеңі:

Үйірмешілерді түгелдеу.

Сабаққа дайындығын тексеру.

Өткен сабаққа тоқталып өту. «Жүн, киіз» талдау-жинақтау.

Жаңа сабақ:

Мағынаны ашу.

А) Жүн, киіз туралы не білемін

Ә) Не білгім келеді?

Б) Жаңа ақпаратпен таныстыру

«Әсем гүлдер» жүнмен сурет салу

Жүн дегеніміз жануарлардың мата, киіз - шұға бұйымдарын жасауға жарамды және белгілі бір физикалық қасиеттері бар түк. Жүннен жасалған бұйымдар гигиеналық тазалығымен, сыртқы түрінің әдемілігімен көзге түседі және оларды халық көп тұтынады. Қойдан немесе тері шикізаты өңдеуге жіберілетін қой терісінен қырқып алынған жүн табиғи жүн деп аталады. Қазіргі заманғы технологиялар киізді жылдың кез келген уағында, шағын орында және аз ғана шығын шығарып жасауға мүмкіндік береді.

Киіз жасаудың дымқыл және құрғақ әдістері деп аталатын жолдарының бірнеше техникалық тәсілі бар. Бірінші әдіс, суды және киіз басу үдерісін жылдамдататын құралдарды қажет етеді. Оның сабын немесе «Турбо» тәрізді арнайы жуғыш құрал болуы

ықтимал. Екінші әдіс соңғы кезде пайда болды. Ол жазық заттарды да, жұмыр көлемі бар заттарды жасауға мүмкіндік береді.

Онда арнайы инелер қолданылады. Жазылған жүнді арнайы инелердің көмегімен тығыздау – киізді құрғақ басу деп аталады. Сондай-ақ, құрғақ басуды кейде фильснаделдеу деп те атайды. Бұл жүнді алдын ала тығыздауды білдіретін неміс сөзінен шыққан. Ағылшын нұсқасында бұл техника needle felting деп аталады. Бұл жағдайда басу үдерісі тұла бойында кертпелері бар инелер арқылы жүреді. Бұл керттіктер жүн ішінен өткенде, жүн талшықтарын іліп әкетіп, араластырады, түрлі қабаттағы жүнді матастырып кіріктіреді.

«Әсем гүлдер» жүнмен сурет салу реті:

Суретті бедерлеу үшін алдымен негізін дайындап алу керек. Негіз матаға гүлдердің суретін салып аламыз.

А 3 форматының көлеміндей қиылып алынған паралонның үстіне негіз матамызды қоямыз.

Түрлі-түсті жүндерді, салынған суреттің үстіне қойып, инемен шұқылау әдісі арқылы жұмысымызды бастаймыз.



Инемен шұқылау әдісі арқылы гүлдеріміздің суретін жасап шығамыз. Дайын картинамызды рамкаға салып қоямыз.

Білімді, жан-жақты тәрбиелі, қабілетті жастар ұлтымыздың баға жетпес қазынасы, сондықтан жастарды қабілетті азамат етіп өсіруде халық қолөнерінің тәлім-тәрбиелік, білім-танымдық рөлі орасан зор.

Абай атамыз «Егер мал керек болса, қолөнер үйренбек болар. Мал жұтайды, өнер жұтамайды» - деген болатын. Қолөнер дегеніміз - кәсіптің бірі. Ал кәсіпшілік ол адамзаттың тіршілік көзі. Киіз басудың тиімді жаңа әдістерінің қыр-сырын меңгере отырып, балалар әртүрлі бұйымдар, тұрмысқа қажетті нәрселер жасай алады.

Сарамандық жұмыс:

Қауіпсіздік ережесін сақтау.

Жұмыс орнын ұйымдастыру.

Бұйымды жасалу ретімен салу.

Сергіту сәті:

Жұмбақ шешу.

Жарқылдаған қос қылыш,

Қолға тисе жоқ тыныш. ( Қайшы)

Сабақты бекіту: Ой толғау.

Жүн дегеніміз не?

Жүннен қандар бұйымдар жасалады?

Қорытынды

Қорыта келгенде, жұмыстың жасалуында біліктілікті, білімділікті, нәзіктілікті, әдемілікті, қиял мен шеберлікті талап етілуін қадағалау. Балалардың жұмысын бағалау.



## СТАТЬЯ О ТВОРЧЕСТВЕ

**Виткова Марина Владимировна**  
педагог дополнительного образования Дворца школьников



Здравствуйте наши дорогие папочки и мамочки!

Размышляя о будущем своего ребёнка, все родители строят планы и хотят, чтобы их дети выросли гениями. И конечно же, для осуществления задуманного прикладывают все возможные усилия. Очень много раз я была свидетельницей того, как мамы хвастались друг другу какие у них гениальные дети. «Вот моей дочке всего полтора года, а она умеет считать до пяти!». «Ах, а моему сынишке в следующем месяце исполнится четыре, а мы уже, выучили все буквы и скоро будем учить таблицу умножения!». Да, бесспорно, их маленькие крошки умницы, но вряд ли мамы этих детей, как и многие другие родители, понимают, что в этом возрасте у ребёнка в первую очередь нужно развивать его способности, творческий

потенциал, чтобы в итоге правильно сформировалась личность ребёнка, его «Я». Для него сейчас это на много важнее, чем умение считать и читать. Самый простой и доступный способ развития детских способностей - это занятия творчеством.

Детское творчество это особый мир, где ребёнок познаёт себя, свои возможности, окружающий мир и может выразить своё отношение к нему. Ещё не умея полностью управлять своими мыслями и речью. Чтобы четко сформулировать свои желания и потребности, ребёнок может выразить это с помощью своего творчества. Например, многие методики работ психологов с детьми основаны на анализе детского творчества. Рисунки, аппликации и другие детские поделки могут многое рассказать о ваших детях. Из одного детского рисунка можно узнать, что тревожит ребёнка, что ему нравится кого он любит, как относится к нему его семья, как он ощущает себя в этом мире и другую полезную информацию, ведь творчество ребёнка – это отображение его внутреннего мира. Но, конечно заниматься с ребёнком творчеством, нужно не только для того, чтобы лучше его понять. Родители должны именно заниматься с ребёнком творчеством, а не просто дать бумагу, карандаши или другие принадлежности, для того чтобы ребёнок гармонично развивался нужно быть рядом и помогать.

Мы должны научить ребёнка умению общаться, умению думать, умению учиться, умению слышать, удивляться, ощущать, фантазировать, проявлять любопытство. Будет лучше если в дальнейшем, качественным ростом творческих способностей ребёнка займутся профессиональные педагоги. Дети до восьми лет в своих работах выражают образы своего внутреннего мира. Воспроизвести окружающие вещи или события маленький ребёнок может только так, как он их понял и почувствовал. Рисунки и другие художественные работы маленьких детей – это своего рода телеграф, по которому они транслируют во внешний мир своё внутреннее состояние. Кроме того, пытаясь воспроизвести на бумаге или в пластилине то, что он увидел и узнал об окружающем мире, ребёнок закрепляет свои знания, привыкает к ним. Выражает свои переживания, страхи, ошибки, агрессию через рисунок или лепку, он переживает их и освобождается от них, как будто бы ему пришлось

пережить их по-настоящему. Радость, победу, уверенность в себе, доброту, любовь ребёнок тоже может выразить через рисунок и, таким образом, оформить и закрепить в своей душе. Чем больше у него будет возможностей выразить себя в рисунке или лепной работе, тем быстрее и эффективнее пойдёт процесс его психического становления.

Именно поэтому ребёнок относится к художественному творчеству гораздо серьёзнее, чем взрослые. Граница между нарисованным и реальным миром часто бывает, размыта, нарисованные события ребёнок часто воспринимает как реальные. До восьми лет не имеет смысла учить ребёнка «правильно» рисовать или лепить окружающий мир. Гораздо важнее научиться разговаривать с ним по его «рисовальному телеграфу». Можно очень много узнать о ребёнке и его состоянии по его рисункам и другим работам. Интересно, что «рисовальные телеграммы» можно не только получать, но и отправлять. Играя с ребёнком в рисование, вступая в его нарисованный мир, взрослый может средствами рисования повлиять на те или иные черты характера ребёнка. Деликатно исправляя, побуждая ребёнка находить правильное, гармоничное решения рисованных ситуаций, взрослый исподволь поможет ребёнку справиться с этими ситуациями и в реальной жизни. Природа и Господь Бог наделили ребёнка «встроенной программой» самообучения, и эта программа работает в нём самостоятельно. У ребёнка, по большому счёту нет другой задачи в жизни, кроме обучения.

ЛЕПКА – это более конструктивная деятельность. Здесь важно не столько выдумать, что слепить, сколько сообразить, как слепить. Я в начале урока должна не «задать тему», а «подкинуть идею» занятия. При таком подходе через месяц большинство детей привыкают приходить на занятия со своими идеями. Это очень полезно для детей и удобно для педагога. Разумеется, при таком подходе все лепят разные вещи. Моя задача предложить помощь, иногда я откладываю её: «попробуй сам (сама) а если не получится-помогу» Во-первых, ребёнку приятно осознавать, что ему помогают: значит, помнят, любят и заботятся. Во - вторых, у него создаётся адекватное представление о своих возможностях и о том, чего ему хочется достичь.

Важно, чтобы учение лишь подталкивало полезные процессы, происходящие в душе ребёнка. Необходимо многократное повторение одних и тех же тем занятий, причём важно, чтобы ребёнок это осознал. Вот, например дети очень любят раскрашивать мои поделки, это очень лёгкое и приятное «терапевтическое» занятие, оно иногда позволяет увлечь самых «буйных» учеников в моих группах. Польза от такого занятия очевидна: раскрашивая поделку, ребёнок подспудно изучает её форму и строение. В будущем это поможет ему слепить такую же самостоятельно.

Кроме всего описанного я должна быть ещё и «мастером разговорного жанра». Нужно всегда помнить, что настоящая цель занятий – не развитие мелкой моторики пальцев, а развитие «крупной моторики» головы, развитие личности ребёнка.

На занятиях должно обсуждаться, не как сделать, а что сделать и почему. Любая поделка должна быть мотивирована. Самый лучший словесный материал для работы с детьми - это сказки, мифы и вообще литература. Чаще всего на занятиях разыгрываются бытовые сюжеты: кто-то живёт в доме, кто - то поехал куда-то на машине, кто-то построил и так далее. Такие занятия помогают детям осознать то, что они видят вокруг себя. Вообще разговоры важны для развития ребёнка. Сказка, прочитанная в книжке, неизмеримо полезнее для ребёнка, чем та же сказка, увиденная по телевизору. Разница в механизмах мышления.

Глазами человек видит только данного, конкретного человека и данный конкретный дом, а слова, которые он слышит абстрактны. Вот вам и полёт фантазии. Этот факт признан всеми психологами, антропологами и лингвистами. А так как ребёнок читать не умеет, он впитывает голос взрослых. Поэтому чем больше мы говорим с детьми, тем умнее и талантливее они становятся. Помните? «В начале было слово».

До восьми – десяти лет ребёнок находится в «свободном полёте» - нужно поощрять всякую его творческую самостоятельность. Иногда нужно помогать ему и делать что-то за него. Главное слово этого периода - «фантазия».

Примерно до двенадцати лет ребёнок пытается привести свою работу в соответствие с общепринятыми критериями красоты и правильности. Взрослый должен очень тактично оценивать рисунки ребёнка, всячески поддерживать в нём память о предыдущем периоде свободного творчества. Главное слово этого периода - «красота».

Если терпеливо выдержать первый и второй периоды, не навязывая ребёнку своего представления о красоте, то к концу второго периода он поразит вас яркими самобытными работами, в которых вы сможете читать его душу. А к 12-ти, 13-ти годам ваш ребёнок будет рисовать, и лепить свободно и никогда в жизни уже не скажет: «Я не умею рисовать». К сожалению, пройти через эти этапы, даже при наличии врожденных художественных способностей удастся лишь не многим. Слишком много искушений и препятствий ставит на нашем пути практический мир. Да это и не обязательно: есть много других вариантов, где нашим детям пригодится творческое умение. Но любая попытка движения в этом направлении оправдана и благотворна, ибо сказано, «мир спасётся красотой».

## ИСПОЛЬЗОВАНИЕ НАЦИОНАЛЬНЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ В ДОПОЛНИТЕЛЬНОМ ОБРАЗОВАНИИ

**Головлёва Ольга Владимировна – педагог-исследователь, педагог дополнительного образования Дворец школьников**



Дипломная работа, как результат обучения изобразительному искусству в художественной студии

Дворец школьников в городе Шымкент – учебное и культурное учреждение, где школьники города посещают кружки, секции и студии, обучаясь и познавая мир, во всем его многообразии. Головлёва Ольга Владимировна работает с 2007 года, как руководитель Детской художественной арт-студии «Радуга», в художественно-методическом отделе Дворца школьников.

Главной задачей системы образования является создание необходимых условий для получения образования, направленных на формирование, развитие и профессиональное становление личности на основе национальных, общечеловеческих ценностей, достижений науки и практики.

Целью системы образования является формирование личности, способной на основе полученных знаний свободно ориентироваться, само реализовываться и самостоятельно принимать правильные решения в быстроменяющихся жизненных ситуациях, формирование высокообразованного и культурного человека, удовлетворяющего стратегическим интересам общества и государства, конкурентоспособного на международном рынке труда отечественного специалиста. Идея реализации цели- это переход от принципа «образование на всю жизнь» к принципу «образование на протяжении всей жизни» на основе парадигмы обучения: учить умению учиться.

Система профессионального художественного образования должна гарантировать подготовку конкурентоспособных кадров на уровне требований внутреннего и международного рынков труда.



Обучение детей начальному художественному образованию в детской арт-студии проводится по программам, составленным в соответствии с возрастными особенностями учеников, с учетом федеральных государственных требований к дополнительным предпрофессиональным общеобразовательным программам в области изобразительного искусства.

Программа по живописи тесно связана с программами по рисунку, станковой композиции, с пленэром. В каждой из этих программ присутствуют взаимопроницающие элементы: в заданиях по академическому рисунку и станковой композиции обязательны требования к силуэтному решению формы предметов «от пятна», а в программе по дисциплине живопись

ставятся задачи композиционного решения листа, правильного построения предметов, выявления объема цветом, грамотного владения тоном, передачи световоздушной среды. Основу программы «Живопись» составляют цветовые отношения, строящиеся на цветовой гармонии, поэтому большая часть тем в данной программе отводится цветовым гармониям. Затем следуют темы «Фигура человека и портрет», «Стилизация», «Гризайль», в старших классах - «Интерьер» и «Архитектура»

Дисциплина «Композиция» - ведущая дисциплина в детской художественной студии, органически связана с другими дисциплинами, знания, умения и навыки которых закрепляются в композиционных заданиях и находят творческое применение в исполнении учебных композиций. Прививает умение видеть и понимать жизненные явления, помогает выявлению и развитию индивидуальных наклонностей и способностей учащихся. Работа над композицией развивает творческие способности, приучает к самостоятельности, дает возможность передать свое восприятие мира. Курс работы над дипломной композицией является одним из актуальных в художественных студиях. В его задачу входит знакомство учащихся с ролью творческого сочинительства в жизни художника. Предмет необходим для профессиональной ориентации учащихся, для более осознанного выбора будущей профессии.

### **Цель учебного процесса**

Целью учебных дисциплин предмета «Живопись», «Рисунок». «Композиция» в детской художественной студии является художественно-эстетическое развитие личности учащегося на основе приобретенных им в процессе освоения программы учебного предмета художественно-исполнительских и теоретических знаний, умений и навыков, а также выявление одаренных детей в области изобразительного искусства и подготовка их к поступлению в художественные учреждения, реализующие основные профессиональные образовательные программы в области изобразительного искусства.

### **Задачи учебного процесса**

Задача образовательная: закрепить знания, полученные в процессе обучения, формировать умения и навыки при использовании различных художественных материалов

Задача развивающая: развивать у детей творческое воображение, фантазию, умение понимать и ценить прекрасное, развивать эстетический и художественный вкус, творческую активность и креативное мышление

Задача воспитательная: воспитывать интерес к творчеству, приобщать учащихся к истокам мировой и национальной культуры через расширение и углубление знаний и представлений о прекрасном

Приобретение детьми знаний, умений и навыков по выполнению живописных работ, в том числе:

- знаний свойств живописных материалов, их возможностей и эстетических качеств;
- знаний разнообразных техник живописи;
- знаний художественных и эстетических свойств цвета, основных закономерностей создания цветового строя;
- умений видеть и передавать цветовые отношения в условиях пространственно-воздушной среды;
- умений изображать объекты предметного мира, пространство, фигуру человека;
- навыков в использовании основных техник и материалов;
- навыков последовательного ведения живописной работы формирование у одаренных детей комплекса знаний, умений и навыков, позволяющих в дальнейшем осваивать профессиональные образовательные программы в области изобразительного искусства.

### **Создание дипломных работ**

Дипломная работа в художественной студии – итог всей подготовки изобразительному искусству, синтез художественного, профессионального творчества выпускника.

Дипломник в своей работе реализует знания, умения и навыки в области живописи и графики, художественного мастерства, теории и истории изобразительного и декоративно-прикладного искусства.

Художественно-творческая работа – это сюжетная картина, портрет, тематический натюрморт, пейзаж, графические серии работ.

Художественно-творческая часть дипломной работы – это самостоятельное выполненное дипломником, законченное живописное или графическое произведение. Выполняется в различных техниках и ориентировано на функциональное решение, практическую реализацию в качестве оформления стен интерьеров специализированных кабинетов во Дворце школьников и для использования на различных детских выставках и конкурсах.

Методическая пояснительная записка к дипломной работе содержит материал по исторической справке, технологии живописи или графики. Обосновывается выбор темы дипломной работы, определяется актуальность, ставятся цель, задачи, формируется гипотеза, предмет и объект исследования. Раскрывается научно-теоретическая, художественная, методическая и практическая значимость дипломной работы.

В процессе выполнения дипломной работы выпускники художественной студии получают ценный опыт самостоятельного решения творческих задач, проходя все стадии рождения произведения – от наброска к законченному решению. Дипломная работа – не только одна из форм итогового контроля обучения в художественной студии, но и демонстрация приобретенных за годы учебы знаний, умений, навыков в рисунке, живописи, композиции.

### **Ориентировочная тематика дипломных**

Тематика дипломных работ по живописи и графике определяется актуальностью, социально-экономическими условиями в стране и новыми направлениями в искусстве, законами пластического решения композиции, знанием и умением колористического решения, а также базируется на основе концепции художественного видения и принципов раскрытия сюжета и психологии художественного образа. Темы дипломных работ классифицируются по жанрам. Темы для станковой композиции подбираются на основе наблюдения и изучения произведений мастеров разных эпох, современных художников, природы и ее явлений, анатомии и пластической выразительности фигур человека и животных, развитие творческой фантазии при работе с литературными источниками, работа по памяти и представлению.

При оценивании дипломных работ учащихся, учитывается уровень следующих умений и навыков:

- передавать цельность и законченность в работе
- строить сложные цветовые гармонии



- грамотно передавать сложные светотеневые отношения
- грамотно передавать пропорции и объем предметов
- грамотно передавать материальность сложных поверхностей
- находить образное и живописно-пластическое решение
- определять колорит
- свободно владеть передачей тональных отношений световоздушной среды
- свободно владеть передачей объема предметов, плановости световоздушной среды
- свободно владеть передачей материальности различных предметов.

### Список цитируемой литературы и источников

1. Концепция развития системы образования республики Казахстан 2003
2. Шорохов Е.В. «Основы композиции» Москва 1979
3. Соколова О.Ю. «Секреты композиции» Москва, Астрель, АСТ, 2005
4. Беда Г.В. «Основы изобразительной грамоты. Рисунок, живопись, композиция», Москва 1981

## «ҚҰРАҚ КӨПШІК»

### Дауренбекова Айсұлу Оразалиевна Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі



Біздің елімізде ұлттық қолөнеріміз жақсы дамыған. Мысалы, табиғатпен байланыстырып құрақ түрлерін құраған. ХХ ғасырда тігіншілік өнері қайта дамып, оның ішінде құрақ құрау түрі қайта жаңғырды. Қазіргі кезде оған үлкен көңіл бөлініп отыр.

Құрақ құраудың екі мақсаты бар;

1. Матаның қиындыларын дұрыстап құрастыру және одан сәндік бұйымдар жасау;
2. Матаның бір-біріне үйлесімділігін, түрін және олардың суреттерінің сәйкестігін ескеріп, матаның қиындыларын іске жарату.

Әртүрлі фигуралар жасай отырып қиюластырып, жастық көрпеше тігу, өрнек құрастыру немесе сәндік сөмкелер тігуге де болады. Өрнек дегеніміз түр-түсі және геометриялық пішіні әр алуан мата қалдықтарынан құрастыру. Әсем бұйымдар жасауда қазақ қолөнерінде пайдаланылған шикізаттың бірі - мата. Халық шеберлері матаның табиғи қасиеттеріне зер салып, өз қажетіне жарата білген. Әртүрлі геометриялық фигуралардан тұратын құрақты сәндеп, құрай

білген. Қазіргі кезде тұрмыста қолданып жүрген құрақ құрау әдістеріне байланысты мынадай түрлерге бөлінеді:

1. Көрпеше құрақ
2. Жастық құрақ



Композициялық түрлері. Құрақ өнері тек қазақ халқына ғана тән емес, әлемнің басқа халықтарында да дамыған. Мысалы, орыс халқы бұл өнерді «Лоскутная техника» әдісімен жамылатын көрпе, төсеніш, жастық сияқты бұйымдар дайындайды. Еуропа халықтарында «Пэчворк» деген атаумен белгілі Жапон халқында құрақ өнері «Сашико» деп аталады. Ал Голландияда «Айрис фолдинг» деп аталады. Қазақшаға аударғанда түрлі-түсті қатарласу деген мағынаны береді.

Сабақтың тақырыбы: «Құрақ көпшік».

Сабақтың мақсаты: Құрақ көпшік туралы үйірмешілердің түсінігін арттыру. Қазақ қолөнеріндегі көпшіктің шығу тарихына тоқталу. Тұтыну заттарында немесе бұйымдарында қалай пайдалану керектігін үйрету.

Құрақ түрлерін, тігуді меңгерту.

Білімділік: Мата қиындыларынан түрлі көпшіктер тігіп үйрену. Көпшік қиындыларын әзірлеуді мата түстерін таңдай білуді, дайын үлгіні пайдаланып қиюды, дұрыс біріктіріп үйрену.

Дамытушылық: Үйірмешілердің ұлттық бұйымға қызығушылығын арттыру, эскизді матаға сыздыру, эскиз бойынша матаны қию, құрақ қиындыларын біріктіру, кішкентай көпшіктер тігуге деген ептілік, икемділігін дамыту.

Тәрбиелік: Халқының өнерін, салт-дәстүрін бағалай білуге, ұқыптылыққа, төзімділікке, шыдамдылыққа, үнемділікке, төзімділік пен сабырлылыққа, тазалық пен әсемдікке баулу.

Құрақ құрау және көпшік тігу өнері арқылы эстетикалық, ойлау қабілеті терең дамыған, жан дүниесін бай, ой-өрісі кең тұлға тәрбиелеу.

Сабақтың көрнекілігі: Интерактивті тақта, гүлдер, плакаттар, слайдтар

Көрнекі құралдар: түрлі-түсті маталар, қайшы, ине, сызғыш ою, дублерин матасы т.б.

Сабақтың түрі: Аралас сабақ

Сабақта қолданылатын әдістер: Пішу тігу біліммен іскерлікті игеру.

Пәнаралық байланыс: Сурет, көркем еңбек, дүние тану.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі.

а) Сәлемдесу

ә) Үйірмешілерді түгелдеу.

б) Сабаққа дайындығын тексеру, құралдарын толықтыру.

в) Қауіпсіздік ережелерін сақтау.

г) Үй тапсырмасын сұрау.

Жаңа сабақты түсіндіру.

Сарамандық жұмыс:

Матаны 10x10 см етіп қырқып алады, қырқындыны екіге бүктеп үш бұрышты етіп қырқып алады. Маталардың барлығын геометриялық фигураларға саламыз. Құраққа кемінде екі немесе үш түсті араластыру арқылы орындайды. Екі түсті бірдей фигурадағы матаны бір-біріне беттестіріп тігу арқылы құрап алады. Қажетте көлемде құралған құрақ шеттеріне бір түсті матадан жақтау тігіледі.

Сабақты қортындылау.

Тренинг жүргізу: «Тәрбие бастауы» тренингтің жүргізілу шарты балалар қол ұстасып тұрып бір-біріне сәттілік тілей отыра, атын атап, адам бойындағы қасиеттерді айтады. Мысалы, Әсем ұқыпты бол, тренингті педагог бастайды, соңғы үйірмеші педагогке сәттілік тілейді.

Тақтадағы сабақ жоспарымен таныстыру.

Үйге берілген тапсырманы тексеру.

Педагогтің кіріспе әңгімесінен басталады.

Көпшік тігу бұл аса шеберлікті, шыдамдылықты қажет ететін қолөнер түрі.

Біздің қазақ тілінде құрақ сөзінің екі мағынасы бар. Біріншісі, көлдің жағасында өсетін өсімдікті құрақ десе, екіншіден, мата қиындысынан жасалатын бұйымды құрақ дейміз. Біздің бүгін айтқалы отырған құрағымыз көл жағасында өсетін шөп, өсімдік емес, мата қиындысынан құралып жасалатын көрпе-көпшік ретінде пайдаланатын құрақ.

Құрақ құрау ертеден келе жатқан қолөнердің бір түрі. Құрақ құрау әдісі -көшпенді халық арасында осыдан 2500-3000 жылдар бұрын дамып тарады. Қазіргі кезде құрақ көрпешелер қолданыстан шыққан жоқ. Оны диванға, орындыққа, төсеніш ретінде пайдаланып жүр. Құраққа қойылатын талап біреу - ол мата бөлшектерінің симметриялы болуы және түстерінің үйлесімді орналасуы. Шеберлер геометрияны оқымасада бір бөлігін 5-6 рет қайталау арқылы үшбұрыш, төртбұрыш, алтыбұрыш, ромб формаларының әдемі үйлесімін тауып құрастырған. Құрақ сұлулығы түсіне қарай және әрбір түс белгісі бір тәртіппен кездесіп отырса өрнек сұлулана түседі. Құрақтан тігілетін тұрмысқа қолданылатын бұйымдар: көрпеше, төсеніш, сырмақ, қоржын түрлі кәде сыйлар жасаған.

1. Матаға оюларды салу.
2. Тігіс түрлерін атау.
3. Мата түрлерін айту.

Ал көпшікке қандай маталар қолданылады? Көпшікке мынадай маталарды қолдануға болады: Қамқа - алтындатқан немесе күмістеткен зерделі жіптен тоқылған жібек мата. Қатипа - жол-жолы бар, жұқа жібек мата. Барқыт, шыт. Торқа – ең қымбат жібек мата. Батсайы - қалың жібек кездеме. Торғын - қымбат бағалы жібек матаның бір түрі. Мақпал - тығыз тоқылған, жұмсақ, түкті барқыттың бір түрі. Қыжым - сапалы жүннен тоқылған түкті мата, плюш. Пай - жібек мата. Парша - алтын мен күмісті араластыра отырып тығыз тоқылған жылтырақ жібек мата және сол матадан тігілген қымбат бағалы киім. Қазине - жібектен қалыңды-жұқалы етіп тоқитын мата. Шағи - жұқа келген жұмсақ және таза мата. Ләңке – сырт киімдік матаның бір түрі. Насар - жібек кездеме. Ұштап - ақ түсті тығыз мата. Шыт – арзан қол жұқа мата. Сәрпөңке - астарлық жібек мата. Бояқ - кездеменің боялған түрі. Борлат - қызыл түсті жұқа мата. Тібен - түрлі-түсті қалың мата.

#### **Қорытынды:**

Үйірмешілердің тіккен бұйымдарын сипаттау, бұйымдардың тігістер сапасын сипаттау, соған қарап бағалау.

Осы еңбектің барлығын жинасақ байлық, берсек тәуір сыйлық, жамылсақ төсек көрпе, сатсақ теңге, бір сөзбен айтқанда сән-салтанат емес пе. Бұл уақыт керуенімен озған ата-бабамыздың бізге қалдырған иелік мұра қазынасы, бай тәжірибесі, қолөнері. Байқасақ мұнда әлеуметтік және экономикалық мәні зор исі қазақтың ата кәсібі жатыр. Бабаларымыздың ата мұрасын жалғастыру ата кәсіпті игеру арқылы тіршілігімізді жандандыру, тұрмысымызды елмен егіздеу біздің қасиетті парызымыз деп білемін.

1. Құрақ жайлы не білдік? Түрлерін анықтай аламыз, эскиз дайындап аламыз, эскиз бойынша матаны іріктеп, пішіп, құрастыра аламыз, матаның түстерін үйлестіре таңдай аламыз.

2. Қазақ халқының өнері жайлы ойларың?

Бағалау: Үйірмешілердің тіккен бұйымдарын сипаттау, бұйымдардың тігістерін сипаттау, соған қарап бағалау.

Үйге тапсырма: Құрақ эскиздерінен альбом дайындау.



## «ҚАРЫНДАШ ЖӘШІГІ» ІЛМЕКПЕН ТОҚУ

Джангазиева Убайда Уразбаевна  
Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі



Ашық сабақтың тақырыбы: «ҚАРЫНДАШ ЖӘШІГІ» ІЛМЕКПЕН ТОҚУ

Сабақтың мақсаты:

Үйретушілігі: Ілмекпен тоқу технологиясын меңгерту, шартты белгілерін үйрету. Оның күнделікті өмірде пайдасы бар екенін түсіндіру.

Дамытушылығы: Балалардың тоқуға деген қызығушылығын ояту, тапсырма беріп олардың қабілетін дамыту.

Сабақтың тәрбиелік мәні: Балалардың еңбекке деген қызығушылығын ояту, әдемілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.


Сабақтың көрнекілігі: Суреттер, кітаптар, журналдар, үлгілер, дайын көрнекіліктер.

Сабақтың жоспары: Ұйымдастыру кезеңі. Сабаққа қойылатын мақсатты атап өту. Жаңа тақырыпты пысықтау. Қорытындылау. Үй тапсырмасы.

Сабақтың барысы

I. Ұйымдастыру кезеңі. а) Балаларды түгендеу б) Сабаққа дайындығын тексеру в) Бөлме тазалығына назар аудару.

II. Негізгі бөлім Тоқыма кәсібі неолит заманында пайда болған кәсіптердің бірі. Ол алғаш әйелдердің өсімдік талшықтары мен жүннен тұрпайы киім тоқуынан басталды. Тоқыма кәсібі алғашқы қауым адамдарының қарым-қатынасы мен еңбек тәсілдері негізінде бірте-бірте дамыды. Қазақстан жерінде тоқыма кәсібі VI-XII ғасырларда өріс алған. Бұл көбінесе Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың қалалық қоныстарында дамыған. Мақта-мата тоқымаларын бата, боз, тор, шыт деп атайтын. Мал жүнінен сырт киім (шекпен) үшін жүн мата тоқыды. Жібек мата Қытайда, Ферғанадан және Самарқаннан тарады. Ол кездегі жіп иіру-тоқу құралдары мен тоқыма станогының (тоқу) қалдықтары археологиялық қазбаларда да кездеседі. Бүгінгі ашық сабағымызда қарындаш жәшігін ілмекпен тоқу жолдарын үйренеміз, сабаққа қажетті заттарымызды дайындап аламыз. Жасалу реті: кесте бойынша қарындаштың астыңғы бөлігін тоқып аламыз;



(1 сурет)

а) астыңғы бөлігін кесте бойынша (1 сурет) ақ түсті жіппен тоқимыз;



(2сурет)  
б) кесте бойынша тоқып, ары қарай ақ түсті жіптен ешқандай жіп қоспай айналдырып екі сантиметр, қызыл түстен жеті сантиметр тоқимыз (2сурет);



(3сурет)  
в) Қарындаштың ұшын тоқу үшін (3сурет) қара түсті жіптен үш бос шалу тоқып, біріктіріп, шеңбердің ішіне бес шалмасыз баған тоқимыз, екінші қатарда тағы соны қайталаймыз, үшінші қатарда ақ түсті қосып әр үш бағаннан кейін қосымша баған қосып отырамыз осылай үш-төрт қатар тоқып, қызыл түсті жіпті жалғап айналдырып екі-үш қатар тоқып жұмысты аяқтаймыз;



(4сурет)  
г) екі дайын болған жұмыстардың ортасына замок қойып тігіп шығамыз, осымен жұмысымыз аяқталды.



IV. Қорытынды. Сабақты бекіту, қорытындылау. Қорыта келгенде, жұмыстың жасалуында біліктілікті, білімділікті, нәзіктілікті, әдемілікті, қиял мен шеберлікті талап етілуін қадағалау. Жасалған жұмыстарын балалармен бірге салыстыра отырып бағалау. Үйге тапсырма беру.

Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі  
Әдістемелік құралдар.

## ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ДЕНЕЛЕРДЕН ҚҰРАЛҒАН НАТЮРМОРТ

Динисламова Салтанат Қыдырбайқызы - педагог-зерттеуші,  
Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі



Сабақтың мақсаты:

А) үйретушілік: Натюрморт туралы түсінік беру. Балаларды сауатты сурет салуға баулу. Геометриялық денелерді дұрыс тұрғызуды үйрету. Сурет салудың заңдылықтарын меңгерту арқылы заттың жарық көлеңкесімен, пішінін дұрыс салу жолдарын үйрету.

Ә) дамытушылық: Бейнелеу өнерінің түрлерімен таныстыру. Сурет салу шеберліктерін арттыру. Шығармашылық ой өрістерін дамыту. Балаларды көзбен елестете біліп, дұрыс бейнелей білуге баулу.

Б) тәрбиелік: Ұқыптылыққа, еңбекқорлыққа, тазалыққа, өнерді құрметтеуге тәрбиелей келе, эстетикалық тәрбие беру.

Сабақтың көрнекілігі: Геометриялық денелерден құралған натюрморт. Шар, текше (куб), конус. Жеке жұмыс үлгілері.

Құрал жабдықтар: А3 форматта қағаз, жәй қарандаштар, өшіргіш.

Сабақтың түрі: Жаңа сабақ, суретпен жұмыс.

Сабақтың әдісі: Түсіндіру, сұрақ жауап, қызығушылықтарын ояту, үйрету, орындату.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі. Балалармен сәлемдесіп, түгендеп, назарларын жаңа сабаққа аудару.

А) Балалардың сабаққа дайындығын тексеру. Мольбертке А3 формат қағаз қою, қарандаштарын ұшталуын қадағалау.

2. Негізгі бөлім.

А) Кіріспе әңгіме: Балалар бүгінгі өтетін сабағымыздың тақырыбы: «Геометриялық денелерден құралған натюрморт». Бүгінгі сабақта үш заттан құралған натюрмортпен танысып, шар, текше (куб), конусты бейнелейміз. Сондықтан жаңа сабақты мұқият тыңдап қатысып отырамыз.

Натюрморт ұғымы жайлы түсіндірме. Натюрморт- бейнелеу өнерінің бір жанры болып табылады. Натюрморт- француз сөзі, дәл мағынасы «өлі табиғат» деген ұғымды білдіреді. Натюрморт алғашқыда Голландияда XVII ғасырдың басында пайда болған.

XVIII ғасырдың ортасында бейнелеу өнеріндегі көп тараған жанрға айналды. Негізінен натюрмортта заттар саны көп болуы міндетті емес. Олар тақырыбына, мазмұнына байланысты өзара үйлесімде таңдалып қойылады. Сондықтан натюрмортты қарапайым қарандаш арқылы бейнелеуде сурет салу ережелеріне сүйенген дұрыс.

Заттарды өздеріне қарап бейнелеу арқылы сауатты сурет салуға үйрету. Ең алдымен бейнеленетін заттың жалпы пішінін қағаз бетіне дұрыс белгілеуден бастау қажет. Ол үшін оқушыларға бейнелеу өнеріне байланысты заңдылықтардан бірнеше теориялық сұрақтар қояйын.

Ә) Сұрақ жауап сәті.

-Сурет салу не үшін керек деп ойлайсыңдар?

-Бейнені қайда саламыз? (қағаз)

-Бейнені кетіру үшін не қажет? (өшіргіш)

-Бейнені безендіріп әрлеу үшін не қажет? (штрихтау, бояу)

-Үйлестіру (компоновка) дегеніміз не? (қағаз бетіне бейнеленетін затты үйлесімді

орналастыру)

-Пропорция дегеніміз не? (бейнеленетін заттарды үлкен, кішілі бөлігінің арақатынасын салыстырып, белгілеу)

-Жарық дегеніміз не? (бейнелейтін заттардың күн сәулесі түскен жер)

-Көлеңке дегеніміз не? (заттардың бетіне жарық түспеген бөлігі)

Б) Жаңа сабақты түсіндіру. Балалар жоғарыда айтып өткендей бүгінгі жаңа сабағымызда геометриялық денелерден: шар, текше (куб), конустан құралған натюрмортты саламыз. Сурет салғанда қарандашты үш саусақпен (бас бармақ, сұқ саусақ, ортаңғы саусақ) ғана ұстау керек. Қағазға көлеңке түспес үшін қарындашты сәл алыстау ұстаған дұрыс. Сурет салатын қарандаштар қатты, жұмсақ болып бөлінеді. Бізге бүгінгі сабағымызға Т,ТВ,В,В2,В3,В4 қарандаштары керек болады. Т-қатты, В-жұмсақ дегенді білдіреді. Сурет салған кезде қолды қағаз бетіне тигізбеу керек. Сурет салудың негізгі тәсілдерінің бірі сызық жүргізу. Жіңішке сызықтар жүргізу арқылы болашақ пішіннің нобайы жасалады. Осы сызықтармен негізгі пропорциялар белгіленіп, суреттің жеке бөліктері салынады. Сурет жүргізу арқылы суреттің негізгі кейпі белгіленеді.

Сурет әдетте жүйелі кезеңдермен бөлінеді. Ол кезеңдер бейнеленетін заттардың көлемінің күрделілігіне қарай 3 немесе 4 кезеңдерден тұрады. Бүгінгі біздің натюрморт үш заттан тұрады.

Көрнекілік, иллюстрациялармен жұмыс.


В) Практикалық жұмыс.


В,а) Қағаз бетіне геометриялық денелерден құралған натюрмортты орналастыру. Алғашқы кезеңде заттардың жалпы алатын орнын қағаз бетіне үйлестіріп белгілеуден басталады. Шар мен текшенің (кубтың) және конустың биіктігі мен енінің өлшемімен салыстырғанда қандай қашықтықта орналасқаны ескеріледі. Натюрмортта куб шарға қарағанда бізге жақын, алдыңғы шетте тұр. Сондықтан шардың бір шетін жауып тұруы мүмкін. Конус кубтың үстіне орналасқан. Сондықтан қағазды тігінен алған дұрыс. Бірінші кезеңде есте сақтайтын нәрсе заттар бейнесі қағаздың ортасынан, жан жағынан көп орын алмауы тиіс немесе қағаз шетіне өте жақын орналаспауы керек.

В,ә) Геометриялық денелерді салу. Суреті салынатын геометриялық денелердің құрылымына

назар аудару керек. Зат көлемін дұрыс бейнелеу үшін оның тасаланып көрінбей тұрған жерлерін де бейнелеу керек. Заттар бейнесінің дұрыстығын тексеру үшін көмекші сызықтар сызып өлшейміз. Үш дененің биіктіктері мен ендерінің қашемін бір бірімен өлшеу арқылы білеміз. Көмекші сызықтар сол үшін керек болады.

В,б) Штрих беру, тонда жұмыс істеу. Заттар бейнесінің дұрыстығын тексерген соң көмекші сызықтарды өшіріп тастаймыз. Егер геометриялық денелерді жазықтық бетінде тек сызықтармен бейнелеп қойсақ, онда ол денелер сымнан жасап қойған тәрізді болады. Осы денелер бейнесіне жарық, көлеңке реңін түсіріп штрихтау арқылы ол денелердің кеңістіктегі шынайы пішінін, көлемін, қандай материалдан жасалғанын жазықтық бетінде





көрсетуге болады. Бейнеленетін объектілердің жарық түсіп тұрған жағы жарық, ал екінші қарама қарсы жағы көлеңке деп аталады. Суретті штрихтау көлеңкеден басталады. Заттарға түскен жарық пен көлеңкенің шекараларын белгілейміз. Суреттің ең жарық және ең қараңғы жерін айқындап алған дұрыс. Яғни реңдік қатынасты дұрыс айқындауға үйрену керек. Затты штрихтауды меншікті көлеңкеден бастаған жөн. Меншіктік көлеңке дегеніміз заттың сәуле түспеген бетінде пайда болған көлеңке. Жарық деп табиғи сәуле түскен бетін айтамыз. Жылт деген жарықтың аса мол мөлшерде түскен жері. Жартылай көлеңке меншікті көлеңке мен жарықтың арасында пайда болған көлеңке.

3. Қорытындылау.

А) Балалардың жұмысына баға беру. Балалардың жұмысынан сынып ішінде шағын көрме жасау, салыстырмалы түрде бағалап

шығу.

Ә) Тақырыпты бекіту. Балалар бүгінгі сабақта не үйрендік? Денелерді неше кезеңнен салады екенбіз? Қандай штрих түрлерін пайдаландық? Бүгінгі сабақ ұнады ма?

Б) Үйге тапсырма. Натюрмортты толық штрихтап аяқтау.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Рисунок и живопись Ю.М.Кирцер Москва 2000.
2. Академический рисунок Н.Н.Ростовцев М, «Просвещение» 1995
3. Көрнекіліктер суреттері интернет желісінен алынды.

## ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР. «МАКРАМЕ ТОҚУ» ТЕХНИКАСЫН ҚОЛДАНУ

Жүмәділ Гүлнар Көлбайқызы  
Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогы

#### Сабақтың мақсаты:

а) Білімділік: макраме тоқудың әдіс-тәсілдерін, оны өздері істеп көріп, қорытындылауға және жоспарлауға үйрету.

б) Дамытушылық: теориялық білімдерін іс-жүзінде (практика) шығармашылықпен дамыту, макраме тоқу туралы алған білімдерін, дағдыларын нығайту.

в) Тәрбиелік: Өнер адамдарын құрметтеуге, әсемдікке, ұқыптылыққа, төзімділікке баулу. Эстетикалық жағынан дамыған, ойлау шеңбері кең, жеке тұлға тәрбиелеу.

Сабақтың әдістері: түсіндірмелі, иллюстративті, топпен жұмыс, сарамандық жұмыс.

Сабақтың көрнекілігі: тоқылған дайын бұйымдар, суреттер, нұсқау карта,





Көрнекті құрал-жабдықтар:

1. шнур, тесьма, тоқыма жіптер, арқан, синтетик шнур т.б. әртүрлі жіптер;
2. жартылай жұмсақ жастықша немесе станок;
3. тоқу үшін крючок;
4. қайшы, сантиметрлы лента.

Иллюстративтік схема: тоқудың шартты белгілері.

Пәнаралық байланыс: бейнелеу, математика.

1. Сабақтың жоспары:

1. Ұйымдастыру кезеңі - 2 мин.
2. Өткенді пысықтау - 8 мин.
3. Жаңа сабақ. Сабақтың теориялық бөлімі -25 мин.
4. Түс үйлесімділігі туралы. Педагогтің түсіндірмесі -5 мин.
5. Макраме құрылымы туралы және өлшемдері. Педагогтің түсіндірмесі - 5 мин.
6. Сарамандық жұмыс - 30 мин.
7. Қорытындылау -7 мин.
8. Бағалау - 2 мин.
9. Үйге тапсырма – 3 мин.
10. Жұмыс орнын жинау - 3 мин.

**Сабақтың барысы:**

Ұйымдастыру кезеңі.

1. Сыныптағы оқушылар санын түгелдеу. Балалардың сабаққа дайындығын тексеру.
2. Өткенді пысықтау. Балалар білімін жан-жақты тексеру мақсатында сұрақтар

қойылады.

1. Қолөнердің қандай түрлерін білесіңдер?
2. Макраме туралы не білесіңдер?
3. Тоқыма мен макраменің айырмашылығы неде?
4. Макраменің мағынасы қандай?

Үйге берілген тапсырманы кім бітірді?

3. Жаңа сабақ барысы: Сабақты бастамас бұрын қызығушылықты ояту мақсатында сөз жұмбақ шешу арқылы балаларды екі топқа бөлеміз.

Өнер жайлы мақал-мәтел.

Жаңа сабақ: Жазық байлау арқылы «шахмат» өрнегін тоқу.

1. Макраме өнеріне шолу жасау
2. Макраме туралы аңыз
3. Жұмысқа дайындық
4. Құрал-жабдықтарды дайындау
5. Өрнек және түйіндердің тоқылу әдістері
6. Жібін дайындау
7. Жіп ұзындығын есептеп қырку
8. Тоқу



Кіріспе бөлім.

Қазақ халқының қолөнері оның тарихымен бірге өсіп, біте қайнасып келе жатқан бай

қазына. Ол тек қазақ халқының ғана емес Орта Азия, Ресей халықтарының өнерімен ұштасып келеді.

«Өнер көзі - халықта», халықсыз өнер, өнерсіз халық жоқ, оны жаңғыртып іске асыру - біздің перзенттік парызымыз. Түйіндеп тоқу өнері мыңдаған жылдар бойы, атадан балаға жалғасып келе жатқан қолөнердің бір түрі. Бұл өнер екі жіпті бір-біріне байлау керек болған кезде пайда болған және ол бірінші түйін болған. Аңшылар аңдардың терілерден және балшық шөптерінен төр тоқыған. Адамзат дамуы жолында бұл өнерге әртүрлі қараған, кезі келгенде тоқуға тыйым салынған.

## «НАТЮРМОРТ В НАЦИОНАЛЬНОМ СТИЛЕ»

**Ибрагимова Тамара Селимхановна - руководитель кружка «Рисунок», педагог дополнительного образования Дворце школьников**



Педагог дополнительного образования Ибрагимова Тамара Селимхановна работает в сфере образования с 2010 года. Во Дворце школьников г.Шымкента ведет кружок «Рисунок». В основе программы обучения лежит программа художественной школы, адаптированная и творчески переработанная педагогом к условиям работы кружка. Данная программа опирается на классическую систему преподавания изобразительного искусства. На занятиях кружковцы знакомятся с многообразием видов художественной деятельности и технически доступным разнообразием художественных материалов. Практическая художественно - творческая деятельность занимает большее пространство учебного времени. В течение каждого года проводится множество уроков и мастер-классов, связанных с традиционными видами декоративно-прикладного искусства казахского народа. Главная цель работы студии это - воспитание гармоничного, творчески мыслящего человека, любящего свою родину, уважающего культуру народа Казахстана и культуры народов других стран.

Ибрагимова Тамара является исполнителем многих творческих дизайн проектов оформления внутренней среды Дворца школьников в этностиле. В том числе фойе первого этажа (тумары, юрта), коридоры всех трех этажей, арт-объекты для различных мероприятий в виде казахской национальной посуды. Кроме украшения внутреннего пространства Дворца школьников, очень часто в пределах студии проводятся мастер-классы. Красота казахских декоративных изделий неоспорима, и своими историческими корнями уходит в древность. Детям очень нравится работать с графическими материалами, применяя в изображении национальные орнаменты каждый ребенок по- своему открывается в творчестве. Данная тема направлена на изучение истории и традиций казахского народа, на воспитание патриотических чувств к своей родине.

Тамара Селимхановна - творчески растущий педагог, патриот Казахстана, оттачивающий свое мастерство на мастер-классах. Инфоурок: «Натюрморт в

национальном стиле». Для чего надо развивать в ребенке изобразительную грамотность? Целью предметов «Изобразительное искусство» и «Декоративно-прикладная композиция» является развитие творческих способностей детей и приобщение их к традиционным народным культурным ценностям, истокам народного искусства.

Содержанием этих предметов является формирование необходимых знаний, прежде всего, о казахской традиционной культуре и о культуре других стран, практических умений и навыков росписи деревянных поверхностей, росписи по ткани, войлоковаляние «Коллаж», «Гобелен», «Лепка из глины», работа с кожей.

Создавая что-либо своими руками, дети развивают внимание и память, приучаются к настойчивости и терпению. Все это поможет ребенку в школе, особенно при овладении письмом, да и в дальнейшем его жизни эти качества очень пригодятся. Такие занятия делают жизнь маленького человека более яркой и насыщенной положительными эмоциями. В итоге творчески мыслящий, т.е. креативный человек легче адаптируется в любой сфере современного мира.

Тема урока: «НАТЮРМОРТ В НАЦИОНАЛЬНОМ СТИЛЕ»

Цели: знакомство с культурой и традициями казахского народа

Задачи:

- расширить знания обычаев и традиций казахского народа, изучить значение определённых орнаментов;

- развивать фантазию и декоративное видение предметов;

- воспитывать интерес к истории Казахстана

Методы: наглядный, практический, частично – поисковый.

Наглядность: Тематическое оформление класса.

Образцы казахского орнамента, готовые образцы законченных работ.

Организационная часть: (приветствие, готовность к уроку, отметка отсутствующих).

1. Учитель объявляет тему урока.

2. Сообщение познавательных сведений: Рассказ учителя о быте казахского народа.

Значение некоторых орнаментов, применение их в национальной посуде и интерьере. Обсуждение с детьми идей декора предметов.

3. Демонстрация учителем порядка выполнения работ. Знакомство с материалами.



4. Практическая работа. Выбор орнамента. Сделать форэскиз натюрморта.

Текущий инструктаж.

I обход – проверка организации рабочего места и соблюдения техники безопасности;

II обход – проверка правильности выполнения;

III обход – проверить завершение этапа работы.

5. Закрепление.

1) Сколько существует видов национального казахского орнамента?

2) Где в быту используется орнамент?

6. Заключительный инструктаж.


Обсуждение работ

Домашнее задание.

7. Уборка рабочего места.

## БАЛАЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ПЕН ҚОЛӨНЕРГЕ БАУЛУ

Исмаилова Асем Абдакимовна -  
Оқушылар сарайының педагог-ұйымдастырушысы



Білім беру ұйымдары қай халықтың болсын ұлт ретінде жойылып кетпеуі үшін қызмет етеді. Өйткені ол сол халықтың төл мәдениеті, тілі мен салт-дәстүрін сақтап, одан әрі дамытудың алтын көпірі.

Тәрбие жүйесінде қосымша білім беру мекемелерінің жұмысы ауқымды орын алады. Педагог әр сабақта жүзеге асыратын тәрбие жұмысын толықтырып, балалардың талаптары мен қабілеттерін неғұрлым толық ашудың, олардың белгілі бір нәрсеге қызығуы мен ынтасын оятудың құралы ретінде қызмет атқарады. Қосымша білім беру мекемелерінің үйірмелері арқылы балалардың бойына ұлтымыздың мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын сіңіруге мол мүмкіндік бар. Атап өтсек, қолөнер, бейнелеу өнері, ұлттық аспаптар үйірмелерінде ұлттық дәстүрдің элементтерін жас буынның санасына сіңіру жұмысы.

Үйірме жұмыстарында ұлттық өнерді оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері: үйірмешілерді халықтың

өнеріне сендіру, оның арнаулы түрлерін оқытып үйрету; балалардың ұлттық шығармашылық сезімдерін көтермелеу және дамыту, ойлау мен танымдық қабілетін қалыптастыру болып табылады.

Бала алған білімін іс жүзінде қолдана біліп, оны өмірмен, өзінің іс-әрекетімен, күнделікті тіршілік қызметімен байланыстыра білгенде ғана өзіне де, қоғамға да пайдасын, жемісін береді.

Сондықтан сабақты ұлттық тәрбиемен, халық педагогикасымен ұштастыруға байланысты үйірме сабақтарына сәндік-қолданбалы өнер тақырыптары тұрақты еніп отыр.

Еңбек тәрбиесі баланың ақыл-ойын жан-жақты дамытады. Есті шынықтырады, өз ісін жоспарлауға дағдыланады және шеберлігін жетілдіреді. Біз балаларды тек қана еңбек етуге баулып қана қоймай, сол өздері жасаған еңбегіндегі эстетикалық талғамды дұрыс түсінуге үйретеміз. Өйткені қазақтың ұлттық өнеріндегі эстетикалық талғамды дұрыс өз мәнінде жетілдіре түсіндірудің маңызы зор. Мысалы, қазақ



халқының қолөнерінде өрнек ерекше орын алады. Ою белгілі бір затты ою, тігу, қию арқылы жүзеге асады. Ойылған, кесілген, тілінген, қиылған оюды екінші бір затқа кіріктіре жымдастырып, жапсырып, желімдеп әшекейлейді, әсемдейді, түрлендіреді. Ою күнделікті тұрмыста үй жиһаздарын: сырмақ, текемет, көрпеше, сандық, кебеже, сондай-ақ киім-кешектерді, қабырғаларды безендіруге қолданады. Осындай бағытта бұйым жасамас бұрын балаларға ою-өрнек түрлерін, оюдың тарихын, оюдың мән-мағынасын



тереңірек түсіндіру маңызды. Сонда ғана үйірмеші киім тіккенде қандай оюды қолданатынын анықтап, оларды дұрыс таңдай біледі.

Халықтың өмір сүру ерекшелігі мен тұрмысын көп жағдайда кәсіп пен үй кәсіпшілігінің дамуы айқындап отырады. Мал өсірумен айналысу халық шеберлерінің мал шаруашылығы өнімдерін: жүн мен теріні, қажетті және сәнді заттар: оюлы-өрнекті киіз – кілемдер, ыдыс салатын аяққаптар, сандыққаптар, қоржындар, аяқ киімдер мен бас киімдер жасауға кеңінен мүмкіндік берген. Терілер жақсылап иленгеннен кейін қымыз құятын мес, торсық, түбек, кеселерге арналған тері қаптар, белбеулер, киімдер жасауға

пайдаланылады. Жүннен иірілген жіптен түксіз кілемдер, алашалар, киіз үйдің керегесін байлауға және әшекейлеуге арналған жел баулар, басқұрлар тоқылған.

Бұл бұйымдардың бәрі тұрмысқа өте-мөте қажетті заттар болып қана қойған жоқ, сонымен қатар адамның өміріне көрік берген. Өйткені шебер оларды жасай отырып өзінің арманын, мүддесін, әсемдікке деген түсінігін білдіруге талпынатын.

Оқушылар сарайының бейнелеу өнері үйірмелері ұлттық өнерге көбірек көңіл бөліп, қазақтың ұлттық қолөнеріне арнап балалар шығармашылығы көрмесін ай сайын ұйымдастырады. Әр сабақта балаларға ұлттық нақыштың ерекшеліктерін және сол бағытта сурет салған ұлы суретшілердің өмірі мен шығармашылығы туралы тереңірек ұғындыру жұмысын жүргізеді. Үйірмешілерді ұлттық салт-дәстүр бағытында жұмыс істеген қазақ суретшілері еңбектері арқылы елін сүйуге, адамгершілікке, адалдық, ізгілікке, ғылым-білімді меңгерген көкірегі ояу азамат болуға, ұлттық салт-дәстүрді қадірлеуге тәрбиелейді. Атап өтсек, қазақтан тұңғыш шыққан суретші, көркем графика ісінің маманы, кескіндемеші Ә.Қастеевтің суреттерінің негізгі тақырыбы ауыл өмірі, қазақ даласының керемет табиғаты болатын. «Киіз үйдің ішкі көрінісі» жұмысында алдында айтып өткен қолөнер бұйымдары өте айқын, керемет бейнеленген.



Қазақ қыздарының ішінде тұңғыш суретші мамандығын алған Айша Ғалымбаеваның жұмыстарында ұлттық нақыш ерекше орын алады. Танымал суретшілердің жұмыстарын күнделікті сабақ барысында көрнекілік ретінде пайдаланып, балалардың назарына ұсыну арқылы олардың дүниетанымы, қолөнер, дәстүрге деген түсініктері қалыптасады.



«Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз» деп

Абай ағамыз айтқандай, болашақтағы үлкен өнер адамдары мен өндіріс мамандары осы үйірмешілердің арасынан шықпаса кім кепіл?

Шымкент қаласы Оқушылар сарайының қолөнер, бейнелеу өнері үйірмелерінің жетекшілері өз жұмыстарын жетілдіру бағытында әрдайым жұмыс атқарып келеді. Осы бағытта озық тәжірибелері таратылған еңбектер мен көпшілікке белгілі мамандардың әдістемелік еңбектерін оқып, оларды тиімді қолдануға қол жеткізиде. Ұлттық эстетикалық талаптарды жоғарылату, қолда бар барлық жабдықтарды жүйелеп, бар сабақтарды талапқа лайықтау және бағдарламаға сай шығармашылықпен еңбек ету жұмысы күнделікті жүргізіледі. Үйірмешілердің іскерліктерін жетілдіру үшін қосымша әдістемелік құралдар пайдаланып, үлгі материалдарды көрсетіп, әрбір сабақтың мазмұнын жетілдіріп отырады. Дәстүрлі ұлттық қолданбалы өнер бұйымдарының мән-мағынасын ашу арқылы балаларға оны орынды қолдана білу үйретіледі.

Балаларға ұлттық тәрбие беру мүмкіндіктері қосымша білім беру педагогтерінің ұлттық қолданбалы өнер туралы білімдері жоғары болғанда, үйірме балалары мен ата-аналар насихат жұмысын жүргізгенде және білім беру ошағы, отбасы мен мәдени орталықтар арасында тығыз байланыс орнағанда ғана жоғары болады деп санаймын.



## МЕТОДИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ РАЗВИТИЯ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ВОСПРИЯТИЯ НА ЗАНЯТИЯХ ПО ДЕКОРАТИВНО-ПРИКЛАДНОМУ ИСКУССТВУ

Косячкова Наталья Александровна  
Педагог дополнительного образования Дворца Школьников



Работая педагогом дополнительного образования «Дворца школьников» города Шымкента, считаю своим кредо «Шаг за шагом: только вперед!».

Кредо означает «верю». Во что я верю? Я верю, что каждый ребёнок талантлив, но талантлив по-своему. Необходимо только помочь ему раскрыть себя, показать все свои возможности. И я, как педагог, всегда ставлю перед собой цель: увидеть, разглядеть, не пропустить всё лучшее в ребёнке, дать импульс к самосовершенствованию через развитие творчеством.

Я верю, что глубокое уважение, доверие, искренняя любовь к детям, бережное отношение к их чувствам создают обстановку взаимопонимания в наше нелегкое время.

Взаимообмен знаниями, опытом, наставлениями, чтобы помочь раскрыть в ребенке все те таланты, задатки и способности, которые заложены природой. Каждому ребенку дать понять, что те или

иные особенности формируют его индивидуальность, делают его уникальной личностью.

Педагог дополнительного образования - это даже не специальность, а линия жизни. Очень важно видеть радость в глазах своих воспитанников. Считаю, что дети, которые делают шаги в искусстве, умеют позитивно смотреть на мир, и смело идут к своей мечте. В изобразительной деятельности различают зрительное восприятие природы и изображения. Это разные виды восприятия и оба могут быть целостными. В начале обучения изобразительному искусству развивается восприятие природы. При этом у начинающих преобладает контурное прочтение предмета, так называемое плоскостное, силуэтное видение. Поэтому логично, что упражнения на развитие зрительного восприятия следует начинать с силуэтного рисования.

Практика обучения изобразительному искусству свидетельствует, что развитие зрительного восприятия необходимого для изобразительной деятельности происходит последовательно. Вначале возможно развитие плоскостного силуэтного видения, когда игнорируется объем предмета и натура воспринимается в двух измерениях: высоты и ширины. Следующий этап - восприятие направлено на поиск линейного движения поверхностей предмета, пересечение его плоскостей, подчеркивающих его форму, каркас. Далее следует развитие объемного видения, при котором объектами восприятия являются элементы объема: свет, полутень, тень, рефлекс, блик. Живописное видение заключается в восприятии цвета и тона природы.

А. Е. Терентьев пишет: «Большое значение в процессе формирования навыков быстрого рисования имеет целостность восприятия природы и изображения, а также неукоснительное соблюдение принципа осуществления работы над рисунком - от целого

к частям, от главного к второстепенному». (1, с.155-156.)

В изобразительной деятельности различают зрительное восприятие природы и изображения. Это разные виды восприятия и оба могут быть целостными. Существенно, что развитие восприятия рисунка (изображения) отстает от развития восприятия природы. Н.Н. Волков называет восприятие предмета или природы прямым восприятием, восприятие изображенного предмета – опосредованным восприятием. В рисунке посредством прямого восприятия одного предмета дается образ другого предмета. Он пишет, что изображенный мир не присутствует реально в рисунке, изображенное трехмерное пространство не присутствует реально на плоском листе бумаги, изображенный объем не присутствует реально в самом рисунке, поэтому не воздействуют на наши органы чувств, на наши органы чувств воздействуют плоские линии и пятна. (2, с. 38).

Накопление опыта изображения связано с осмыслением изобразительных средств: линии, штриха, пятна. Развитие восприятия рисунка немислимо без осознания изобразительных средств, ибо при восприятии рисунка сразу возникает эстетическая потребность в усовершенствовании техники его исполнения. Здесь требуется более эстетическое использование изобразительных средств для художественной выразительности рисунка. Самостоятельное длительное сознательное созерцание собственных работ развивают зрительное восприятие рисунка, при постоянной практической работе по совершенствованию техники его исполнения.

Особой характеристикой зрительного восприятия считается его осмысленность, которая непосредственно связана с мышлением человека. В связи с чем роль



теоретических знаний является ведущей в развитии осмысленности восприятия. Осмысленность восприятия обучающихся является неслепым условием изобразительной деятельности, так как не только обеспечивает отражение объекта в виде чувственного образа, но и дает понимание его свойств и характеристик, важных для исполнения изображения. Процесс восприятия неразрывно связан с мышлением и накоплением знаний. Его осмысление и активизация обеспечиваются педагогическими установками

с учетом содержания изобразительных задач. Педагогические установки, систематическая тренировка восприятия через выполнение соответствующих упражнений и заданий делает восприятие более устойчивым.

Для развития восприятия предусмотрено выполнение соответствующих упражнений в декоративно-прикладной композиции на исполнение различных видов рисунков: линейных, тональных, конструктивных. Упражнение в различных видах наблюдения оказывает регулирующее воздействие на развитие чувственного восприятия, при этом важным является осмысление учащимися употребления изобразительных средств: линии, штриха, пятна.

Одним из таких заданий было выполнение растительного орнамента, который составляется из стилизованных листьев, цветов, плодов, ветвей и т. д.

Объяснение поэтапного выполнения композиции



Цель творческой стилизации в декоративно-прикладном искусстве – это создание нового художественного образа, имеющего повышенную выразительность и декоративность и стоящего над природой, над реальными объектами окружающего мира. В декоративном искусстве стилизация – закономерный метод ритмической организации целого; наиболее характерна стилизация для орнамента, в котором объект изображения становится мотивом узора. Стилизация как процесс работы представляет собой декоративное обобщение изображаемых объектов (фигур, предметов) с помощью ряда условных приемов изменения формы, объемных и цветовых отношений.



Для декоративной стилизации характерно абстрагирование – мысленное отвлечение от несущественных, случайных с точки зрения художника признаков с целью заострения внимания на более значимых, отражающих суть объекта деталях.

Окружающая нас природа является прекрасным объектом для художественной стилизации. Один и тот же предмет можно изучать и отображать бесконечное множество раз, постоянно открывая новые его стороны в зависимости от поставленной задачи. Начиная работу, важно выявить

наиболее ярко выраженные особенности формы растения, животного его силуэта, ракурсных поворотов.

При компоновке мотивов необходимо обратить внимание на их пластическую направленность (вертикальную, горизонтальную, диагональную) и соответственно ей располагать рисунок.

Обратить внимание на характер линий, из которых складывается абрис изображаемых элементов: от того, прямолинейные или мягкие, обтекаемые конфигурации он будет иметь, может зависеть и состояние композиции в целом (статическое или динамическое).

Важно не просто зарисовать увиденное, а найти ритм и интересные группировки форм, делая отбор видимых деталей в изображаемой на листе среде.

Этапы работы:

1. Проанализировать строение данной растительной формы (в каких геометрических фигурах она может быть представлена в изображении).

2. Стилизовать данную растительную форму с помощью средств графического выражения:

Создать линейное изображение орнаментального мотива, взяв за основу геометрические элементы (фигуры).

Создать на основе пятна изображение орнаментального мотива.

3. Используя полученное изображение, создать растительный мотив, который будет являться раппортом для ленточного орнамента (работа над эскизом).

4. Увеличить изображение орнамента. Орнамент ограничить 2-3 повторяющимися растительными мотивами (раппортами).

5. Выполнить изображение орнамента в цвете.

Упрощенность, лаконизм – характерная черта стилизованного рисунка.

Чтобы стилизовать какой-либо объект, необходимо отобразить основные, самые характерные черты изображаемого. Это может быть – характерный объем предмета, характерные линии и формы, пропорции.

Работы учащихся на завершающем этапе

Хорошие результаты дает включение в процесс обучения заданий на декоративное оформление, при которых спонтанно реализуются изобразительные движения соответственно индивидуальным психическим

свойствам обучающихся: темп-ра-менту, ха-рак-те-ру мо-тор-ных дей-ст-вий. Процесс раз-ви-тия зри-тель-но-го во-об-ра-же-ния осу-щест-вля-ет-ся в обу-че-нии на всех эта-пах: вос-при-я-я, на-блю-де-ния, при-об-ре-те-ния зна-ний, по-ня-тия и их ос-мы-сле-ния, со-дей-ст-вует на-ко-пи-ле-нию и раз-ви-тию мно-го-об-раз-ных пред-став-ле-ний о ве-ду-щих при-зна-ках пред-ме-тов, а зна-чит, и об-разов вос-соз-даю-ще-го вооб-ра-же-ния. По ме-ре на-ко-пи-ле-ния на-вы-ков ис-пол-не-ния изо-бра-же-ний на-ка-пи-ли-ва-ют-ся и пред-став-ле-ния о са-мом про-цес-се изо-бра-же-ния. Усло-вием пре-одо-ле-ния лю-бых изо-бра-зи-тель-ных сте-ре-о-ти-пов явля-ет-ся раз-ви-тие спо-соб-но-стей к изо-бра-зи-тель-ной де-я-тель-но-сти, и в пер-вую оче-редь зри-тель-но-го вос-при-я-тия, ма-ксим-аль-ное ис-поль-зо-ва-ние на-гляд-но-сти для рас-ши-ре-ния зри-тель-ных пред-став-ле-ний уча-щих-ся и на-ко-пи-ле-ние ими опы-та изо-бра-зи-тель-ной де-я-тель-но-сти с на-ту-ры, по па-мя-ти, пред-став-ле-нию.

### Используемая литература

1. Терентьев А. Е. Развитие «моментального» восприятия, оперативного мышления и навыков быстрого выполнения набросков.» // Проблемы художественно- педагогического образования. Краснодар. Кубан. Гос. Ун-т. 1999.
2. Вол-ков Н.Н. Вос-при-я-тие пред-ме-та и ри-сун-ка.
3. М.Изд-во АПН РСФСР, 1950.



## КИИМ ДИЗАЙНЫ ЖӘНЕ ҚОЛӨНЕР ҮЙІРМЕЛЕРІНІҢ, ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ КИИМДЕРІНЕ АРНАЛҒАН СӘН КӨРМЕСІНІҢ, СЦЕНАРИ

Қонарбаева Айгүл Өзбекқызы  
Оқушылар сарайы қосымша білім беру педагог



**Жүргізуші:** Армысыздар құрметті балалар, педагогтер және қонақтар! Бүгінгі киім дизайны және қолөнер үйірмелерінің ұлттық киімдерге арналған сән көрмесіне қош келіпсіздер!

Қазақ халқының қолөнері көне заман тарихымен бірге дамып, біте қайнасып келе жатқан бай қазына. Қолөнерінің басты бір саласы – киім тігу. Ерте заманнан күні бүгінге дейін өзінің қадір-қасиетін жоймай, қолөнерінің озық үлгісі ретінде емес, әрі әсем, әрі ыңғайлылығымен де пайдаланудан қалмай келе жатқан қазақтың ұлттық киімдері қазіргі күнде ескірмей қайта жаңғырып, сәнге айналып келе жатыр. Қазақ киімінің барша сымбаты мен мәні ою-өрнегінде, әрбір әшекейінде халқымыздың тарихының, ой-дүниесінің қайталанбас көрінісі бар. Ол – біздің ұлттық мәдениетіміз.

«Ән-домбыра» үйірмесінің орындауында Халық әні.

**Жүргізуші:** Қазақ әйелдерінің ұлттық киімі негізінен, көйлек, кимешек, жаулық, сәукеле, желек, тақия, камзол, кәжекей, көкірекшеден тұрады.

«Үкілі кәмшат, бүрмелі көйлек» қашаңда қазақ қыздарының ажарын ашып, тал бойындағы сұлулығымен нәзіктігін айқындайтын киім үлгісі. Осы күнге дейін тек қана той-думан, мерекелік кештерде киіліп жүрген ұлттық киімдерді қазіргі күнде шеберлеріміз этностиль мен заманауи үлгілерді үйлестіріп, түрлендіріп жаңа үлгімен қыз-келіншектерге ұсынуда. Ал енді шеберлеріміздің қолынан шыққан киім үлгілерінің көрсетіліміне кезек берейік.

Бірінші топтама

Сахнада «Бүрмелі көйлек» топтамасы қабыл алыңыздар!

- Қыздарымыздың сыр-сымбатын ашып тұрған ақ көйлектері табиғи жібек матасынан бүрмелеп тігілген. Үстіндегі қырдың қызыл түлкісіндей тауланып, көздің жауын алып тұрған камзолы барқыт матасынан тігіліп, жапсырмалы ою-өрнекпен әсемделген.

- Екінші қызымыздың камзолы қанық көк түсті барқыттан тігіліп, ою-өрнек және маржан моншақтармен безендірілген. Басындағы тақиясы да тура солай безендіріліп, үлгідеген ақ үкі қойылған.

- Келесі аруларымыздың үстінде бүрмелі көйлектері, камзолдары ал қызыл масатыдан тігіліп, алтын түстес оюмен әшекейленген. Бас киімдері қазіргі күнде сәнге айналған тренд тақиялар десек артық айтқандық емес. Масатыдан жасалып, күміс әшекейлермен көмкерілген.

**Жүргізуші:** Біздің қазақ ежелден қыздың киіміне, жүріс-тұрысына тән сұлулығымен жан сұлулығына, жалпы тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Қазақта киім тек суық пен ыстықтан сақтайтын дүние емес. Киім киісіне қарап әйел баласының жас ерекшелігін білген. Мысалы: тақия мен жеңіл төбетейді жас үлбіреген қыздар киген. Сәукелені ұзатылып бара жатқан қызға анасы өз қолымен кигізген. Сәукеленің биіктігі сол елдің сән-салтанаты, дәулетімен қоса жоғары мәдениеті мен биік талғамының бір көрінісі болған.

Екінші топтама

- Кішкентай бүлдіршіннің үстінде қос етек көйлегі, оюмен өрнектелген жеңіл камзолы. Басында жоғарыда айтып өткен сәукеленің кішкентай бейнесі.

- Келесі кішкентай ханшайымның үстінде заманауи үлгідегі, қысқа жеңді ақ көйлек және кестелеп тігілген тоқ қызыл түстегі камзол.

- Келесі қызымыздың кең етек ақ көйлегі мен қызыл масаты камзолы да жоғарыдағы топтамалардан қалысар емес. Басында көркіне көрік қосып тұрған күміспен күптелген тақиясы да бар.

Жүргізуші: Киім кию мәдениетінің тағы бір ерекшелігі, арнайы үй ішіне киетін жеңілдеу, жұмсақ маталардан тігілген киімдер болады және де, қонаққа, мерекелік кештер мен той-думанға киілетін бағалы маталардан тігіліп, қымбат тастармен әшекейленген киімдер де болады.

Үшінші топтама

- Қабыл алыңыздар, ару қызымыздың үстінде ерекше қызылға жақын түстегі қалың барқыт матасынан әдемі үлгімен тігілген кеудеше және соған сай табиғи атлас матасынан тігілген ұзын кең етекті белдемше. Кеудеше мен белдемше қазақы оюы бар жиекпен әсемделген. Белінде қыздың нәзіктігін асыра түсетін керемет белдігі бар. Мынадай көйлекпен нәзік жанды кез-келген кештің ханшайымы болары сөзсіз.

- Екінші аруымыздың да киімі ерекше сәнді. Қыздардың тал бойын мінсіз көрсететін ұзын ақ көйлек, оның үстінде ою-өрнекпен әсемделген камзол.

Жүргізуші: Бұрынғы кезде кез-келген киім немесе киім әшекейлері қолдан жасалып, кестелеп тігілсе, қазіргі күнде ғылым мен техниканың дамуының арқасында неше түрлі тігін машиналары іске қосылған. Дайын жапсырмалы оюлар, жиектер, ұлттық нақыштағы неше түрлі маталар істеп шығарылып жатыр. Кезекті топтаманың ерекшелігі осы заманауи үлгідегі гобелен матасынан тігілген.

Төртінші топтама

- Құрметті көрермендер, назар аударыңыздар, қызымыздың үстінде гобелен мен экобылғарыдан үйлестіріп тігілген күртеше, ішінде корсет-кеудешесімен өте заманауи үлгіде, күнделікті киюге арналған. Өте жеңіл, ыңғайлы етіп тігілген.

- Бұл заманауи корсетті қазір қыздар мектеп формасы ретінде де киіп жүр.

Жүргізуші: Құрметті көрермендер, бұл топтамалардың ерекшелігі біздің Оқушылар сарайының шебер педагогтарының шәкірттерімен бірге жасағандығы.

Ия, ия дұрыс түсіндіңіздер қыздар ұстаздарынан киім тігудің қыр-сырын меңгеріп, өз киімдерін өздері тігетін дәрежеге жетіп отыр.

Барлық қатысушыларды сахнаға шақырамыз!

Қатысушылар сахнаға шығады.

Енді осы әдемілікті қыздарға сыйлаған қолөнер шеберлерін ортаға шақырсақ!

Джангазиева Үбайда

Амирсейтова Шолпан

Айботаева Малика

Қонарбаева Айгүл

Дәуренбекова Айсұлу

Сөз сөйлейді.

Бүгінгі сән кешін қорытындылау үшін сөз Оқушылар сарайы директорының орынбасары Феруза Тұралықызына беріледі!

Жүргізуші: Ізгі тілегіңізге алғыс білдіреміз! Осымен сән кеші өз мәресіне жетті. Сау болыңыздар!

Естелікке суретке түсу.






## БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ САБАҒЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТІМДІ ПАЙДАЛАНУ

**Мадиева Гулназ Танирбергеновна – педагог-сарапшы,  
Оқушылар сарайы қосымша білім беру педагогі**

Мадиева Гулназ Танирбергеновна 2015 жылдың қыркүйек айынан бері Оқушылар сарайында қосымша білім беру педагогі болып жұмыс істейді. Әдістемелік бөлімге қарасты «Жас талант» үйірмесінің жетекшісі.

Ұстаздық өнер - тағылымы терең өнер. Ал өнерлі болу кез келген адамға қона бермейді. Шын ұстаз болу үшін табиғи дарын, ізгілікті ізденіс пен ерен еңбекке ұштастырылуы шарт. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы.

Бейнелеу өнері - қоғамдық сананың айшықты жемісі. Бейнелеу өнерінің мүсін, графика, сәндік қолданбалы өнер және дизайн өнері сияқты түрлерінің көркемдік тілін игерудің әрі шығармашылыққа баулудың негізі - сурет. Сурет салудың жолдары мен тәсілдерін оқып үйренуден басталады. Сурет - көзбен қолдың шеберлігінен шыққан жазықтықтағы бейне. Графика, гравюра, пейзаж, натюрморт, мүсін өнері, мозайка, коллаж, ою-өрнек, әшекейлеу өрнегі және техникамен киім үлгілерінің негізі де сурет болып табылады. Бейнелеу өнеріне оқыту барысында көркем қабылдау міндеттері және бейнелеп сурет салу бір уақытта дамып, жүзеге асуы қажет. Егер де бала затты ерте кезде аңғарып көрмесе немесе дұрыс қабылдамаса, онда ол затты және оның түрінің ерекшеліктерін бейнелей алмайды. Егер де педагог әдістемелік тәсілдерде, балалардың жас және психологиялық ерекшеліктерін есепке алса, тек сол жағдайда ғана оңтайлы нәтижеге қол жеткізеді.



Бейнелеу өнерін оқыту барысында педагог тек өзінің жеке көркем тәжірибесіне ғана сүйенбеу керек. Әрдайым ізденісте жүріп, жан-жақтан мәліметтер жинап отыруы қажет. Бейнелеу өнері сабағында балалар бейнелеу өнерінің негіздерімен танысып түрлі дәстүрден тыс техникалармен жұмыс жасауды үйренеді. Балалар тікелей заттың өзіне қарап графика және кескіндеме құралдарымен оңай қойылымдарды орындай алады білуі керек. Сәндік композицияларды құрастыру, материалда қиын емес бұйымдарды орындау т.б. Балалар ойша немесе елестете отырып өз түйгендері бойынша тақырыптық композицияларды қағаз бетіне дұрыс түсіре білулері керек. Көзбен шолып ойлаудың дамуы - сурет салудың ең басты міндеттерінің бірі. Көзбен көру ақпараттың үлкен ағым арасында бала көркем шығармашылық тапсырмаларды шешуде ең бастысын, ерекшесін таңдап алады үйрену қажет және көретін формаларды пайдалана алуы қажет.

Жалпы бейнелеу өнерін оқытудағы басты міндеттердің бірі - балалардың шығармашылық



қабілетін дамыту болып табылады. Көркем қабілеттердің байқалуы бейнелі ойлану, ондағы бастысын белгілей отырып бейнені тұтастай қабылдау, затты дәлме-дәл жеткізе білу болып табылады. Балаларға білім беруде жаңа оқыту технологияларын қолдану, инновациялық бағытта жұмыс жасау заман талабына сай талап етілуде. ХХІ ғасыр - бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі дейміз. «Әрбір ұстаз - білікті маман, ал әрбір бала - ойшыл тұлға» деген қағидаларды ұстана отырып, білім беру үрдісінде кез келген ұстаз білім сапасын жақсарту мақсатында оқытудың озық технологияларын пайдаланады. Ол іс әрекеттер балаларға еркін ойлауға мүмкіндік береді, ақыл ойын дамытады, ұжымдық іс әрекетке тәрбиелейді, жан жақты ізденеді, өз ойын жеткізеді. Қазіргі уақытта кез келген мұғалімнің мақсаты - оқу үрдісінде компьютерлік технологияны енгізу арқылы білім сапасын жақсарту болып табылады.

Ақпараттық технологияны пайдаланып оқыту мынандай мақсаттарда қолдануға болады:

1. Ақпараттық технологияны білім деңгейін тексеру бағытында қолдану.
2. Мұғалімнің оқытушылық мақсатында қолдануы.
3. Компьютерді мультимедиялық мүмкіндіктер арқылы көрнекі құралдар ретінде пайдалану.

Бейнелеу өнері сабақтарында инновациялық технологияларды пайдалана отырып, мынандай нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Ақпаратты бірнеше сезім мүшелері арқылы бір уақытта қабылдау; назар аударудың белсенділігі; үйретудің көрнекілігі, танымдылығы; сабақ уақытын үнемді пайдалану, білім сапасын жақсарту.

Олай болса келешек ұрпағымыздың жан-жақты, терең білімді, яғни интеллектуалды деңгейінің жоғары болуына қойылатын талап зор. Заман талабына сай жаңашыл тұлға тәрбиелеуде нәтижелі жұмыс жасау алға қойған басты мақсатымыз.

## БІЛІМДІ ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУДЕ ҰСАҚ ҚОЛ МОТОРИКАСЫН ДАМУДЫҢ РӨЛІ

Медеубаева Нурида Толеевна  
Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі



Қазіргі заманда әрбір елдің болашағы білімді жастардың қолында екені белгілі. Себебі қанша жерден мемлекет дамыған және экономикалық жағынан тұрақты болғанымен, қозғаушы күш - жастары әлсіз, надан болса, ондай мемлекеттің болашағы бұлыңғыр. Соған орай, білімді ұрпақты тәрбиелеу ертеңгі күннің мемлекеттік тетіктерін құрумен бірдей екенін ескерген жөн [1-2].

Қазіргі ғылым мен білімнің ұштасқан заманында жалақысы жоғары жұмыс орындарына бәсекелестіктің көп екендігіне орай, есте сақтау қабілеті жоғары, зерек, физикалық тұрғыдан дені сау жастардың қалыптасуына жағдай жасауымыз қажет. Осы бағытта мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалар қатысатын үйірме жұмыстарын жандандырып, ойлау қабілетінің жоғарылауына әсер ететін ұсақ қол

моториканы дамытқанымыз жөн. Ұсақ қол моторика технологиясына жататын бірнеше әдістердің ішінде «Папье — маше» техникасының орны ерекше [3-5].

Папье-маше – желім қосылған суға қағазды қатты материал бетіне жапсыру арқылы немесе көлемді зат бейнесін жапсырмалап орындалатын жұмыс. Ол француз тілінен аударғанда «жыртып немесе қиып алынған қағаз» деген мағына білдіреді. Папье-машеден бұйым жасау аса қиын емес, алайда ол ұқыптылық пен шыдамдылықты талап етеді. Материалды кептіру де ұзақ уақытты алады. Папье-машеден әр түрлі қобдиша, маска, ойыншықтар жасауға болады. Бұл жұмысқа керекті үлгіні алу үшін жайпақ табақша, кесе, түрлі геометриялық денелерді пайдалануға болады[6].



Сурет. Папье-маше әдісімен жасалынған құстар

Суретте үйірме сабағы барысында Папье-маше әдісі бойынша жасалынған құстар бейнеленген. Құстар бейнесі бірнеше рет қағаздардан жапсырмаланып жасалған және соңында гуашь бояуымен боялып, бет пен дене пішімі нақтыланған. Папье-маше әдісімен құс бейнесін жасау шыдамдылық пен ұзақ уақытты қажет етеді. Бұйым жасау барысында балалар қағазбен жұмыс жасауды, оны пішімге келтіруді, әртүрлі түстерді үйлестіріп



баяуды үйренеді. Осы аталған жұмыстарды тәртіпшен орындау, ұсақ қол моторикасын дамытады, баланың ойлау қабілетін арттырады. Себебі баланың тұлғалық дамуына мектеп бағдарламасын меңгеру ғана емес, сондай-ақ спортпен шұғылдану, сурет салу және жаңа бұйымдар жасау да ой өрістің ұшқындауына әсер етеді. Неғұрлым бала жастайынан жан-жақты қосымша сабақтар мен үйірмеге қатысса, соғұрлым оның еңбектенуіне, критикалық ойлау қабілетінің артуына алып келеді.

Қорытындылай келе, білімді ұрпақ тәрбиелеуде баланың өздігінен жұмыс істеу қабілетін арттыратын ұсақ қол моторикасын дамытып, Папье-маше тәрізді әдістерді қолданған жөн.

#### **Пайдаланған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі**

1. Ана тілі газеті. №22(1280) Имандылық иірімдері. Қожахметова К. Ж.
2. <https://umnazia.ru/blog/all-articles/razvitie-melkoj-motoriki-u-detej>
3. Қожахметова К.Ж. Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі-Алматы-2009., 11-6.
4. Тілдерді оқытудағы функционалдық сауаттылық-педагог пен оқушының қызметінде нәтижеге жетудің негізі. Обл.ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары-2013., 17-19 бб.
5. [https://madou360.permarea.ru/sovety\\_specialistov/najedine\\_so\\_vsemi\\_sovety\\_pedagoga-](https://madou360.permarea.ru/sovety_specialistov/najedine_so_vsemi_sovety_pedagoga-)
6. <https://stud.kz/sabak-zhospariy/id/3406>

## **РАЗВИТИЕ АССОЦИАТИВНОГО МЫШЛЕНИЯ УЧАЩИХСЯ НА ПРИМЕРЕ АНАЛИЗА КАРТИН СОВРЕМЕННЫХ КАЗАХСТАНСКИХ ХУДОЖНИКОВ**

**Мугавеева Рашида Мадарисовна,  
член Союза дизайнеров РК, член Союза Художников РК, член МНЖФ  
«Тан-Шолпан», член Французской Мондиаль Арт Академии,  
педагог дополнительного образования ГККП «Дворец школьников»  
(г. Шымкент, Казахстан)**



Всем известно, воображение одна из составляющих ось нашего психологического времени. Память связывает нас с прошлым, внимание с настоящим, а воображение с будущим или возможным. Именно посещение выставок способствует разностороннему развитию, расширению кругозора и духовности. Встречи с искусством особенно необходимы для учеников художественных школ и студий. Ученики нашей студии отмечают, что, рассматривая картины, их переполняют эмоции и чувства - грусть, вдохновение, надежда. Эта особая энергия даёт им силы и воодушевление. Посещение выставки — это не только возможность полюбоваться картинами, но и повод для общения между поколениями, возможность понять внутренний

мир и переживания художника.

Современное школьное образование направлено на общение с искусством, раскрывающим предметный мир и, как следствие, формирует восприятие реалистичных картин. Соприкосновение с абстрактным и символическим искусством не всегда в полной мере способно достичь обогащения эмоционально-нравственного и эстетического начала личности ребенка.

Необходимость изучения символики и развития ассоциативного мышления

остро проявилась после посещения выставки Султана Ганиевича Иляева в процессе обсуждения с учениками его творческих работ.

Его самобытное искусство наполнено символами и знаками. Это метафора, объединяющая художественную условность и обобщенность. Его язык узнаваем, а индивидуальная иносказательная стилистика рождает широкий диапазон интонаций и смыслов.

Рис. 1 Картины Султана Иляева

В живописных полотнах Султана Ганиевича яркие позитивные цвета, отсутствуют светотени - это царство чистого цвета. Основная концепция — создание смысловых композиций с использованием этнокультурных элементов, стремление выйти за пределы обыденности, трансформация компонентов казахского декоративно-прикладного искусства в новые состояния.



Во всех работах художника ощущается теплое отношение и любовь к родному краю. Его полотна привлекают внимание необычным сочетанием простых на первый взгляд орнаментов и фигур с изображениями птиц, рыб, лошадей и других животных. Простые фигуры, животные, цвет, линии - все наполнено символическим смыслом и дает зрителям возможность для размышлений и ощущение полета фантазии по бескрайним просторам нашей родины. Под внешне видимой картиной взрослый зритель различает иные угадываемые или домысливаемые слои и планы.

Но в восприятии учеников этого не произошло. В процессе обсуждения выставки выяснилось, что им была непонятна эта сторона творчества Султана Ганиевича Иляева. Именно тогда передо мной встала задача научить учеников видеть не только красоту изображения, но и осознать смысл, понять внутренний процесс размышления художника через символику цвета, линии, фигур, форм.

Для решения поставленной задачи ученикам был показан фрагмент видео с открытия выставки «Отражение», где Султан Иляев говорит, что каждая картина – это отражение души художника. Затем мы зачитали фрагмент из статьи, в которой сам художник говорит о символике образов в его творчестве: «Рыба всегда молчит, значит, есть какая-то тайна. Птица олицетворяет мечту, лошадь для казахов всегда ассоциировалась с изобилием и богатством, небо открывает безграничные возможности...» [1].

Главным принципом абстрактной живописи является отказ от подражания видимой реальности, и, как следствие, объектом искусства становится линия, цвет, форма, которые заменяют привычный сюжет пластической идеей. Большую роль в восприятии символических образов художественных произведений играет ассоциативное начало, позволяющее понимать чувства и творческий замысел художника. Для понимания современного искусства необходимо иметь достаточно развитое ассоциативное мышление и фантазию, чтобы отойти от привычных границ реальности и мыслить шире существующих понятий. Особенностью ассоциативного мышления является способность выделять и обобщать зрительные образы, не проводя при этом логического анализа. Именно эти качества необходимо развивать ученикам, изучающим изобразительное искусство.

Чтобы лучше понимать психологический настрой картин, мы рассмотрели символику цвета. У каждого народа свое сложившееся представление об окружающем мире, основанное на эстетическом вкусе и национальных особенностях. Так как мы рассматриваем современное искусство Казахстана, то делаем акцент именно на традиционном восприятии цвета в Казахстане.

Основываясь на записях Алькея Маргулана, можно смело предположить, что в искусстве казахского народа голубой цвет - символ неба, воды; красный - символ солнца, огня; желтый, с одной стороны, символ мудрости, богатства, движения, а с другой - выражение тоски, печали; черный - символ земли, страдания, святости; зеленый цвет - символ весны, белый - символ радости.



Для примера рассмотрели разные по стилю работы казахстанских художников конца XX – начала XXI веков. Акцент делали на тех художниках, в творчестве которых можно найти этнические символы и знаковые коды, берущие начало в казахском традиционном искусстве, дополненном современными исканиями символизма и концептуализма.

Рис. 2 Картины Сембегали Смагулова

Символизм и ассоциативное мышление характерны для творчества многих современных художников. Например, Сембигали Смагулов в своих картинах «Небесный мир», «Сон Чингисхана», «Тарлан» создает загадочные образы, использует яркую колоритную национальную символику, стремится к новаторству и недосказанности. Картины Нэлли Бубе очень символичны, передают колоритные этнические образы: торговые караваны, кочевку на верблюдах, теплоту гостеприимной казахской души. В работах Нэлли Витальевны преобладают классические формы: прямоугольник, квадрат,



круг; доминирует золотистый солнечный цвет, имеющий большое символическое значение для казахов.

Рис. 3 Картины Нэлли Бубе

Основным фоновым мотивом в творчестве Зейнелхана Мухамеджана является орнамент – это тот же наполненный смыслами код. В его таинственных символических картинах каждый зритель видит свою восточную историю, свой космос, а старинные казахские узоры обретают новую жизнь.



Рис. 4 Картины Зейнелхана Мухамеджана

Рассказала ученикам о том, как в своем творчестве применяю символику и образные ассоциации. На примере выполненного в 2009 году триптиха «Караван любви» объяснила вариант символической интерпретации картины.

В центре композиции изображено дерево жизни, как символ нового этапа в истории казахского народа, означающее бессмертие исторической памяти, верблюды слева – символы достатка и выносливости, лебеди справа символ верной и чистой любви, окружающей молодые ростки жизни. Купольные жерди шанырака, как и лучи солнца, несут благополучие, мудрость и тепло. Наскальные изображения символизируют духов предков, оберегающих свое потомство. Благородный олень – символ обновления, созидания и духовности – открывает дорогу каравану. Караван ассоциируется с упорством и трудолюбием, необходимым для достижения цели.

Рис. 5 Мугавеева Рашида, триптих «Караван любви»



Петроглифы, орнаментальные мотивы, юрты, древние памятники раскрывают образ Казахстана как государства, сохранившего свои исторические корни, имеющего прочную опору и устремленность к будущему процветанию.

Мечта предков о стабильном и независимом государстве стала реальностью для потомков. Умение понимать символику и находить образные ассоциации позволяет глубже понимать каждую картину и наполнять ее собственной историей с глубоким подтекстом. Это прекрасная возможность рассуждать и анализировать, фантазировать и развивать ассоциативное мышление. Кроме того, умение передавать свои мысли, эмоции, ощущения словами – очень важный навык, который помогает человеку не только обозначать свое собственное состояние, но и распознавать, что чувствует другой.

На следующем уроке мы вернулись к обсуждению выставки Султана Ганиевича Иляева. И снова я задала вопросы: «О чем думает художник? Какие образы и мысли рождаются в его голове? Какими символами можно передать свободу? Как понять заложенный автором смысл? Попробуйте представить, что каждая картина – это зашифрованное послание, код».

Небольшие фрагменты размышлений учеников художественной студии «Галатей» Дворец школьников города Шымкент о работах Султана Иляева.

Альсар, 12 лет. Выставка была посвящена одной теме и у автора в картинах присутствуют три основные фигуры – лошадь, птица и рыба. Три стихии: небо, воздух и земля связаны между собой.

Худоерко Влад, 11 лет. Автор изобразил скорость жизни (лошадь), рассказал о свободе (птица) и о тайне подземного мира (рыба). О соединении трех стихий - птица в небесах, лошадь на земле и рыба под водой.

Тен Анель, 10 лет. Больше всего мне понравилась эта картина. Тут я чувствую равновесие, свободу и дружбу, так как все идет по своей очередности. Сначала мы раскрываем какую-то тайну, потом время идет быстрее, мы проходим в свой мир совершеннолетия и летим к свободе, познать секреты мира.

Ходдас Томирис, 10 лет. Лошадь – это скорость, быстротечность, а птица – свобода, значит быстротечная свобода.

Ким Екатерина, 15 лет. В картине нравится соотношение цветов и минимализм, ничего лишнего. Мне также нравится композиция. В картине чувствуется динамика, благодаря центральной линии, которая позволяет ощутить полет птицы. Птица летит, а конь стоит. Контраст статики и динамики.



Абдирасулиева Зерде, 12 лет. Я увидела небольшую историю. Возможно это юрта, а возможно это клетка, а в клетке находится лошадь. А лошадь означает силу, мощь и скорость. И мне кажется, что если лошадь в клетке, то художник, скорее всего, хотел передать, что человек слабый.

На наших занятиях мы слушаем друг друга рассуждаем, дополняем, учимся выражать мысли. Это интересно и нам педагогам, и ученикам, и автору

картин.

Очень понравилось сравнение нашего ученика картин Султана Ильяева с книгой с открытым финалом. (Открытый финал оставляет подсказку, указывающую на то, как будут развиваться события после концовки, или же подчеркивает, что в дальнейшем их история будет развиваться в любом из возможных направлений.)

После изучения основ психологического восприятия цвета и символики основных объектов окружающего мира, ученики осознали, что Султан Ильяев создает произведения иносказательного плана, но его символы легко читаемы и доступны для понимания. Они поняли, что важно видеть не только красоту визуального ряда, но и чувствовать внутреннее состояние картины.

Только объединив усилия педагогов и учеников, мы обеспечим условия для глубокого понимания искусства, воспитания нравственности, чувства любви к своей культуре.

#### Список использованных источников

1. <https://kazpravda.kz/n/megapolis-sultana-ilyaeva/>
2. <https://rusavangard.ru/online/history/abstraktnoe-iskusstvo/>
3. <https://trends.rbc.ru/trends/education/606ec88d9a79470a57d164c6>
4. <https://mysl.kazgazeta.kz/news/12333>





## ОТКРЫТЫЙ УРОК НА ТЕМУ «МЫ НАУЧИМ ВАС РИСОВАТЬ»

**Павлова Марина Владимировна**  
педагог дополнительного образования  
Дворец школьников

Открытый урок на тему «МЫ НАУЧИМ ВАС РИСОВАТЬ»  
Колористический натюрморт «Хурма, яблоко и виноград»  
Предмет: Живопись.

Группа второго года обучения -2/1

Кол-во часов: 2 уч. часа (40 мин. 5 мин. - перерыв, 40 мин.)

Тип урока: комбинированный

Методы: объяснительно-иллюстративный, репродуктивный, практический.

Цели урока: дальнейшее изучение и применение

полученных знаний о конструктивных, пропорциональных особенностях изображения предметов натюрморта, передавая точные цветовые отношения, а также технических приемах ведения работы. Учиться поэтапно вести работу в технике послойного нанесения акварели, добиваться объемности и реалистичности изображения.

Задачи урока: применение полученных знаний о технике послойной акварельной живописи, поэтапное ведение работы.

Обучающие: Развитие "цветового" глазомера, совершенствование навыков написания предметов с натуры, умение выявлять цветовые особенности и закономерности изображения натуры.

Воспитывающие: воспитание эстетического вкуса, целеустремленности, стремления доводить работу до конца.

Развивающие: развитие творческих способностей, цельного видения натуры, зрительной памяти, кругозора, мыслительной деятельности, внимания.

Материалы:

Для учителя: Мольберт, бумага формат А3, акварельные краски, карандаш НВ, ластик, круглые, кисти синтетика размер 3-9, баночка с водой.

Для учащихся: Мольберты, Бумага формат А3, акварельные краски, карандаши НВ, ластик, кисти синтетика размер 3-9, баночки с водой.

Освещение нейтральное.

План урока:

1. Организационная часть -3 мин.
2. Практическая работа. – 70 мин. (с перерывом 5 мин.)
3. Анализ сделанной работы. Просмотр - 10 мин.
4. Подведение итогов урока. Домашнее задание -7 мин.

Ход урока:

1. Организационная часть.

Приветствие. Проверьте, наличие всех необходимых материалов, нам понадобятся: бумага формат А3, акварельные краски, карандаш НВ, ластик, круглые, кисти синтетика размер 3-9, баночка с водой

2. Практическая работа педагога вместе с детьми.

Вступительная часть.

- Ребята, сегодня мы начинаем с вами работу акварельными красками. Техника послойного нанесения акварели. У меня и у вас у всех краски "Сонет" Санкт-Петербург и кисти синтетика 3-9 номеров. Начинаем работу с написания хурмы. В нашем случае она красивого оранжевого цвета, лежит на переднем плане. После этого мы с вами работаем над маленькой веткой винограда и потом уже над яблоком. Сначала пишем хвостик самой хурмы и для этого я возьму умбра натуральную, которая немного зеленоватого цвета, развожу с водой полностью покрываю, пока здесь никакой живописи. После высыхания

краски, прорабатываем детально теневые участки, добавляем детали тонкой кистью. Для хурмы цвет берем немного плотнее и ярче т.к. после высыхания краска высветляется. Пока краска сохнет, мы можем вести работу на других предметах и пропишем виноград. Сначала покроем его цветом и тоном белого налета для этого возьмем ультрамарин, красный алый и немного охры. Получится сероватый оттенок. Далее, чтобы показать темные пятна на винограде мы будем работать сухой кистью. Для яблока я сейчас возьму кадмий желтый средний и голубую, а вы посмотрите как я это буду делать. Сразу же, чуть ярче и теплее, я сделаю собственную тень. Далее пишем тень на хурме алой и золотистой красками. Световая часть остается светлой, а собственную тень делаем более активной. Граница света и тени будет холодной и мы пропишем ее слабым раствором ультрамарина.

Для хвостика на виноградной кисти пройдемся сначала достаточно теплым оттенком умбры жженой и умбры натуральной. После высыхания первого слоя, проработаем теневые участки на хвостике винограда. Он, как и все остальные предметы имеет свет и тень ультрамарином пройдемся и здесь на участках перехода света и тени. Вы знаете уже, что все собственные тени на предметах в помещении будут теплыми, а переходы света и тени-холодными, а на улице будет полная противоположность. Мы можем вновь вернуться к винограду и смешав карминовую краску и охру, написать темные участки, оставляя светлыми пятна патины.

Получится нежный оттенок желтовато розового цвета. Отжимать кисть можно руками или салфеткой. Виноград полупрозрачный, а значит при его написании надо учитывать то, что свет и тень поменяются местами и рядом с бликом тональность краски усилится, она будет темнее, чем в тени. Виноград пишем как можно более живописно, применяем несколько оттенков красного и охры, учитываем все нюансы изменения оттенков в свету и в тени. Пока сохнет виноград, можно опять работать над хурмой и постараемся добавить собственной тени глубины. Для ее усиления используем те же самые краски, что и для написания первого слоя. Также на хвостике хурмы усилим границы тени. Вновь вернемся к яблоку и усилим еще чуть-чуть верхнюю световую часть. И снова вернемся, ребята, к тем предметам которые мы уже написали, плотнее напишем веточку винограда. Кое-где усилим тон и плотность краски.

Это будут тени на некоторых ягодах. стараемся сделать патину с помощью зеленой и немножко добавим синей краски ультрамарина в рефлекс добавим немного охры. Так постепенно слой за слоем, у нас появляется и объем на предметах и разница в касаниях, а также материальность. Очень важно не перебарщивать с плотностью краски и всегда брать ее смачивая водой. Обращаем внимание на мягкость касания предметов одного цвета и тона. В самую последнюю очередь расставляем акценты в натюрморте. Как правило нужно доработать маленькой кистью самые темные места. Можно добавить теплоты в местах тени и в рефлексах. Для этого берем охру. Осталось сделать от предметов падающие тени. Они, как правило тоже будут теплыми. Для них мы используем умбру жженая и немного лимонной краски. Всегда помним, что самые темные тени будут под предметом и чем дальше от предмета, тем тени становятся светлее. Также не забываем смягчать касания ультрамарином - это очень важно. Некоторые ягодки винограда хочется сделать поярче, краснее. Таким образом слой за слоем, поэтапно, переходя от одного предмета к другому, мы заканчиваем писать наш натюрморт.

3. Анализ проделанной работы. Просмотр.

4. Подведение итогов. Домашнее задание.


Используемая литература

1. «Творчество и выражение» 1-2 том, Автор: М.К.Претте, А.Капальдо, московский художник, 1981 год.

2. «Школа живописи», АРТ-класс, Астрель, 2002 год.

3. «Академический рисунок» Автор: Ростовцев Николай

4. Издательство: Питер, 2021 г.





## «ВОЙЛОЧНАЯ ЖИВОПИСЬ: ОСЕННИЙ ПЕЙЗАЖ»

Плясунова Любовь Георгиевна  
Педагог дополнительного образования ГККП «Дворец школьников»



Цель мастер-класса: Научить участников создавать красочные войлочные пейзажи, вдохновленные осенней природой.

Продолжительность: 90 минут

Материалы:

1. Войлок разных цветов.
2. Шерсть для валяния разных оттенков, включая осенние цвета (коричневый, оранжевый, желтый).
3. Плотная фетровая основа для живописи (можно использовать кусок фетра или картон).
4. Шаблоны для деревьев, листьев и других элементов пейзажа.
5. Ножницы.
6. Клей для ткани (опционально).
7. Подложка для работы (пленка или газеты).
8. Кисти и акриловые краски (опционально, для акцентов).

План мастер-класса:

1. Введение (5 минут):

Приветствие участников и краткое введение

в тему мастер-класса.

Представление инструктора и объявление целей мастер-класса.

2. Объяснение техники войлочного валяния (10 минут):

Объяснение основных принципов работы с войлоком и техники валяния.

Показ демонстрационного валяния.

3. Выбор композиции (5 минут):

Показ различных осенних пейзажей для вдохновения.

Участники выбирают пейзаж, который они хотели бы изобразить.

4. Подготовка основы (5 минут):

Участники подготавливают фетровую основу, которая будет служить холстом для их войлочного пейзажа.

5. Валяние элементов (30 минут)

Участники начинают валять основные элементы пейзажа, такие как деревья, листья, трава, небо, и т.д., используя подготовленные шаблоны и разные оттенки шерсти.

Педагог помогает участникам советами по валянию.

6. Создание композиции (20 минут):

Участники начинают располагать и собирать валянные элементы на фетровой основе, чтобы создать пейзаж.

Могут быть использованы ножницы и клей для ткани для крепления элементов.

7. Доработка и детали (15 минут):

Участники добавляют дополнительные детали, текстуры и акценты, используя кисти и акриловые краски, если желают.

8. Завершение и обсуждение (5 минут):

Участники делятся своими работами и рассказывают о своем опыте в создании осенних войлочных пейзажей.

9. Завершение (5 минут):

Подведение итогов, благодарности участникам и инструктору.

Приглашение к участию в будущих мастер-классах.

10. Оформление и демонстрация работ (5 минут):

Работы участников оформляются и выставляются для общего просмотра.

Этот мастер-класс поможет участникам научиться создавать красочные войлочные пейзажи в теме осени, развивая их творческие навыки и вдохновляя их на эксперименты с разными текстурами и цветами.



## «ЗИМНИЙ ПЕЙЗАЖ»

**Рогачёва Наталья Юрьевна**  
педагог дополнительного образования Дворца школьников



Искусство имеет удивительную способность творить чудеса, и это несомненно верно для Натальи, педагога художественной студии, которая с любовью ведёт занятия с самыми маленькими художниками. Это рассказ о женщине, которая сделала искусство своим призванием

Наталья Юрьевна - опытный художник и педагог, которая уже много лет делится своей страстью к искусству с детьми младшего возраста в художественной студии «Галатея». Все началось с её любви к рисованию и желания подарить эту любовь другим. С раннего детства Наташа проявляла интерес к искусству. Она проводила часы, рисуя и создавая собственные маленькие художественные шедевры. Наталья не ограничилась только художественной школой. Она получила высшее образование по специальности «Профессиональное обучение». Желание работать с детьми побудили ее начать карьеру педагога художественного искусства. Наталья Рогачева считает, что искусство должно быть доступным для всех возрастов. Она

специализируется на работе с детьми младшего возраста и умело создаёт уроки, которые вдохновляют детей на творчество и самовыражение. Кружковцы начали занимать первые места на международных конкурсах, благодаря тщательной подготовке и безграничной поддержке своей учительницы.

Наталья Юрьевна счастлива видеть, как ее ученики растут и развиваются как художники. Её педагогическая карьера - это долгий путь, но она уверена, что искусство делает этот путь особенно ярким и значимым.

Открытый урок на тему: «ЗИМНИЙ ПЕЙЗАЖ»

Цели: Изображение зимнего времени года в живописи, совершенствовать знания по холодной цветовой гамме, учить работать гуашевыми красками

Воспитательные: любовь к родному краю, бережное отношение к окружающей среде

Развивающие: развить у кружковцев творческое мышление и фантазию, умение грамотно пользоваться средствами художественной выразительности, аккуратность, усидчивость

Наглядные пособия и материалы: лист бумаги А3, гуашь, палитра, кисти, салфетки, бумажный скотч, фотографии зимних пейзажей

Ход занятия:

Дети заходят в кабинет. Подготовка материалов и принадлежностей.

Приветствие - 5 мин.

Педагог: - Ребята, скажите какое сейчас время года? (Зима).

-А вы любите зиму? Зима - чудесное время года. Красиво зимой, когда на окнах морозные узоры и снег лежит на каждой веточке. Возникает чувство восхищения зимней природой и так хочется передать красоту этой прекрасной поры на бумаге! А теперь давайте рассмотрим несколько фотографий с зимними пейзажами. Стоит обратить внимание на задний план, рассмотреть что находится на переднем плане. Сейчас напишем с вами зимний пейзаж, используя гуашевыми красками. Попробуем написать пейзаж в правополушарной технике (интуитивное рисование). Правополушарное рисование

подразумевает отсутствие четкой схемы. Она направлена на раскрытие уверенности в собственных возможностях.

Левое - логика, символы, разум. Правое - наша интуиция, эмоции, чувства, вдохновение -15 мин.

Этапы выполнения работы.

Открываем баночки с красками и размешиваем каждую с небольшим количеством воды. Гуашь доведена до консистенции сметанки. Можно начинать. В рисовании будем использовать три кисти: большая, средняя, маленькая кисти. Лист бумаги по краям обклеиваем бумажным скотчем (это будет рамка). Сейчас нам понадобится большая кисть. Набираем белую краску и смелыми движениями растягиваем ее по поверхности листа. Рисуем быстро, чтобы краска не высохла. Краску с кисти не смываем водой - рисуем пока сухой кистью. Остатки краски вытираем о салфетку. Ставим пятна краски и смело водим кистью поверх наших мазков - движения справа налево.

У нашей картины есть главная основа - фон. Дадим ему подсохнуть. Обратите внимание все предметы которые находятся далеко от нас расположены на картинах ближе к середине листа они меньше. Чем те которые близко.



Добавляем немного ультрамаринового цвета, чтобы получился бледно -салатовый цвет.

Наполовину фон сверху наносим жёлтый и каплю рубинового и делаем смешивание растяжку

На середине рисуем круг - солнце, оранжевым цветом пройтись от солнца к краю картины.

В середине солнца ставим белый блик.

Смешиваем коричневый, красный, жёлтый рисуем деревья на дальнем плане.

Смешиваем рубиновый и ультрамарин немного белил набираем на кусочек губки и

начинаем штамповать, создавая крону деревьев. Голубым цветом с помощью губки так же рисуем горизонт и этим же цветом проходимся по кроне деревьев - 20 мин.

\Давайте просохнуть работе/.

Физкультминутка - 5 мин.

Мы едем на лыжах,

Мы мчимся с горы.

Мы любим забавы,

Холодной зимы!

Продолжаем свою работу

Рисуем домик светло коричневым, на переднем плане рисуем деревья (тонкой кистью). Голубым цветом показываем тень на веточках, затем в голубой добавляем белил и проходимся по кронам деревьев, крыше домика на земле, можно темным голубым прорисовать дорожку, на этом наша работа завершена. Ребята давайте посмотрим что у нас получилось. Возьмите свои работы, отодвиньте на вытянутые руки, рассмотрите если нужно что-нибудь подправьте - 20 мин.



Итог занятия:

Педагог благодарит детей, что все постарались и создали неповторимые рисунки. Демонстрация работ, создание мини выставки -15 мин.

#### **Используемые литературы**

1. Ростовцев Н.Н. Методика преподавания изобразительного искусства в школе Изд.П-е доп.И. перераб. М.: Просвещение ,1980
2. Зима:Хрестоматия для внеклассного чтения /Сост.Г.Рогинская, -2002.\
3. @artklyasa.
4. Современные техники рисунка. Экспрессивный стиль. Анни О'Брайен Гонзалес, СПб.: Питер,2017

## «ЖҮННЕН ЖАСАЛҒАН ТЕКЕМЕТ»

Таджибаева Диляра Баймомынқызы  
Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі



Шымкент қаласы Оқушылар сарайында 2011 жылдан бастап, қосымша білім беру педагогі қызметін атқарып келемін. Бүгінгі таңда «Шаңырақ» студиясының жетекшісімін, студияның мақсаты – өсіп келе жатқан өскелең жас ұрпаққа, қалып жатқан өзіміздің ата-салт дәстүрімізді ары қарай дәріптеу, үйрету, өсиеттеу мақсатында еңбектеніп келемін. Жаңашылдыққа жаным құмар. Үнемі ізденіс үстіндемін. Және қазіргі жаңа технологияларды әлеуметтік желілер арқылы, шеберлік сыныптар арқылы үйреніп, қаладағы қолөнер сүйгіш әріптестеріммен өзімнің білімімді әрдайым жаңарту үстіндемін.

Қолөнер бағытымен қатар қылқалам шеберлерін дайындаймын және балалардың үйірмеге қызығушылығын арттыру мақсатында балаларды қосымша қалалық, республикалық, халықаралық деңгейдегі байқауларға қатыстырып тұрамын.

Қолөнер жұмыстары сұранысқа ие. Көптеген қалалық іс-шараларда қолөнер бұйымдары

көрмелерге қойылады. Тәжірибе алмасу мақсатында басқа мекемелерден жас мамандар келіп тәжірибе алмасады. Қала ішінде және республикааралық қолөнер шеберлік сыныптарын өткізіп тұрамын. Үйірмеге келуші балалармен қарым қатынасым өте тығыз, әрі жылы.

Шеберлік сыныбы.

Сабақтың тақырыбы: «ЖҮННЕН ЖАСАЛҒАН ТЕКЕМЕТ»

Сабақтың мақсаты: Қазақ халқының әдет-ғұрпымен таныстыру, текеметтің жасалу жолдарын айтып өту.

Білімділік: Үйірмешінің қиялдау, елестету, табиғат құбылыстарын бақылап, қабілеттерін дамыту, өз фантазияларын жүзеге асыру, өз ойларын жеткізу, қағаз бетіне түсіру.

Дамытушылық: Ой қабілетін дамыта отырып, балаларды білімділік, іскерлік, алған білімді өмірде пайдалана білуге үйрету және тұлғаның дамуына ықпал ету, шығармашылықпен еңбек етуге жетелеу.

Тәрбиелік мәні: Сұлулықты көре білу, іздестіру, шығармашылық өнерге бауду.

Эстетикалық тәрбие беру.

Сабақтың түрі: Қолөнер, жүнмен жұмыс.

Сабақтың көрнекілігі: Жүннен жасалған бұйымдар және эскиздер.

Қажетті құралдар: Жүн, сабын, мата, жылы су.

Сабақтың барысы:





1. Ұйымдастыру
  2. Жаңа сабақты баяндау, түсіндіру
  3. Баяу күй үні
- Жаңа сабаққа кіріспе
- Бүгінгі Республикалық тамыз конференциясындағы шеберлік сыныбымызда өтетін сабағымыз текеметтің түрі.
- Текеметті жасау алдында, жүнді қайдан аламыз, жасалу жолдарына тоқтала кетеміз.
- Бірінші қойдың күздік қырқымынан алынған жүнді тазалап жуып алынады, одан түтіледі, түтілген жүнді әртүрлі түстерге бояйды.
- Бір-біріне үйлескен түстерді алып текемет жасау жолдарына кірісеміз.
- Жасалу барысында сұрақтарға жауап беріп, жаңа технологияның жасалу жолдарын көрсетемін.
- Сабақты бекіту. Балалармен жасалған жұмысты демонстрациялап, жасалған жұмысқа сипаттама беру. Дайын болған бұйымды жылы суда жуып, бір қалыпты температурада кептіріп аламыз.

#### Пайдаланған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі

1. «Қазақ халқының қолөнері туралы түсінігі» Мирамбек Баян 2018ж
2. QAZBILIM Қазақстан суретшілер одағының мүшесі Ұзақов С.А.

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚОЛӨНЕРІ

Таджибаева Диляра Баймомынқызы  
Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі



Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Қазақтың қолданбалы қолөнер бұйымдарының түрлері мен қолданылатын материалдары және орындау техникасы туралы түсінігін қалыптастыру.

Дамытушылық: Үйірмешілердің тоқуға деген қызығушылығын ояту, тапсырма беріп олардың қабілетін дамыту.

Тәрбиелік: Үйірмешілерді ұлттық қолөнерді жаңдандыру, ісмерлікке, еңбекке баулу, ұқыптылыққа, жүйелі еңбек етуге және шығармашылыққа тәрбиелеу.

Сабақтың көрнекілігі: Слайд, ертоқым, қамшы, қобдиша, тігін машинасы, қайшы, пышақ, былғары, бағалау парағы, дайындамалар, топтамалар, нұсқау карта.

Сабақтың әдісі: түсіндіру, сұрақ-жауап, сарамандық, ой қозғау, сайыс

Сабақтың түрі: аралас

Пәнаралық байланыс: бейнелеу өнері, математика,

тарих, әдебиет.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: Сәлемдесу. Балалардың назарларын сабаққа аудару, түгендеу.

II. Үй тапсырмасын сұрау:

«Миға шабуыл» сұрақ-жауап әдісі

1. Теріден жасалған тұрмыстық бұйымдар ?

2. Өрім түрлерін атау?

3. Ат әбзелінің құрылымы?

4. Әшекей бұйымдарды салатын бұйымды ата?

5. Теріге ою-өрнек түсіру әдісі?

III. Жаңа сабақ:

Қазақ қолөнері, ұлттық өнер өткен өмір еншісіне айналып, оған мән берілмей, кейбір бұйымдарымыздың көзі жоқ болуда, тіпті мұражайдан да таба алмайсың. Қазақтың қолданбалы өнері дайындалатын материал түріне қарай ағаштан, сүйектен, теріден, металл, текстиль материалдан дайындалған болып бөлінеді. Қазақтың ұлттық бұйымдарының түрлері: киіз, түскиіз, текемет, сырмақ, қоржын, алаша, аяққап, ертұрман, қамшы, торсық, кесеқап, жағлан, ою-өрнек, құрақ құрау. Ағаш бұйымдары: сандық, кебеже, адалбақан. Зергерлік бұйымдар: сырға, білезік, сақина, бойтұмар.

Қолөнерші 4 топқа бөлінеді: шебер, зергер, ұста, ісмер.

• Шебер - ағаштан әртүрлі бұйымдар жасайтын адам. Ағаштан жасалған үй іші жиһаздарының құрамына төсек ағаш, жастық ағаш, жүкаяқ, кебеже, сандық, саба аяқ, тостаған, ожау, қасық, күбі, ағаш шелек, келі, келсап және тағы да басқада көптеген бұйымдар кіреді.

• Ұста - қару жарақ, ер-тұрман, сауыт-сайман жасаумен шұғылданатын адам.

• Зергер - алтынмен қаптап, күміспен күштеп сырға, білезік, алқа жасайтын адамдар.

• Ісмер - ұлттық киімдер тігумен айналысатын, қолынан іс келетін адамдар. Жалпы ісмерлер деп ұлттық киімдер мен көрпешелер тігумен және төсеніштер, сырмақ, кілем тоқып, киіз басу секілді қолынан іс келетін адамдарды айтады. Бүгін біз сол ұлттық қолөнер бұйымдарының бірегейімен танысамыз.

1. Ер-тұрман – атқа салт мініп жүруге қажетті жабдықтардың жиынтық аты. Ер-тұрманға ерден басқа тоқым, желдік, тебінгі, үзеңгі, үзеңгі бау, таралғы, тартпа, айыл (төс айыл, шап айыл), өмілдірік, құйысқан, жүген, шылбыр, тізгін, ат көрпе, көпшік, кежім, қамшы, шідер, тұсамыс, кісен, қанжыға жатады.



2. Торсық - Орталық Азиядағы түркі халықтарының қымыз, іркіт. Құюға арналған ежелгі ыдысы. Әсіресе қырғыз, қазақ, түрікмен, қарақалпақ халықтары пайдаланған. Торсық түйенің, бұғының, өгіздің мойын терісінен жасалады. Теріні қалыпқа салып пішеді де таспамен тігеді.

Торсықты саба сияқты қарағайдың бүрімен немесе арша, тобылғымен ыстайды. Торсықтың түрлері: шимай торсық, өркеш торсық, жан торсық






Кесеқап – кесе салатын қалта. Дәстүрлі қазақ қоғамында көшіп-қонуға лайықталып басқұрдан, былғарыдан жасалған. Кесеқап аяққап, қол дорба сияқты төрт бұрышты етіп жасалмайды. Ұзындау келген тоқылған жалпақ басқұрға кесе сиятындай етіп қалта тігеді де, әр қалтаға кесе салып, сынбайтындай етіп орауға лайықталып жасалады.



Қамшы — атқа мінген адам ұстайтын, бірнеше таспа қайыстарменкөмкеріліп, өрілген, сабы тобылғыдан, ырғайдан, аңдардыңтұяғы, мүйіздерінен жасалған атты айдап жүргізетін құрал.




### Үйірмешілердің өзіндік тапсырманы орындау сәті



#### V. . Қорытынды:

Қорыта айтқанда, жаңартылған білім мазмұнының тиімді әдіс-тәсілдерін сабақта қолданып, балалардың шығармашылық шеберлігін арттыруда, кез-келген заттардан неше түрлі бұйымдар жасап, қазақ халқының қолөнерін дамытып, жаңаша үлгіде бренд болатын заттар, бұйымдар жасап шығарды. Болашақта бала шығармашыл ұжымда бірлесіп жұмыс жасап үйреніп, шығармашылық шеберлігінің, қол икемділігінің артатынын түсінді. Жан-жақты дамыған, болашағы айқын, бағдары анық, бәсекеге қабілетті, рухани бай, шығармашылығы жоғары, жеке тұлға қалыптастыра алатынымызға сеніміміз мол.



#### Қолөнер бұйымдар



## «ТІЛ – ТҰМАР – БІР ШЫНАР» - ШЕБЕРЛІК САБАҒЫ

Усипова Дильнара Абдразаковна – педагог-сарапшы, Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі



**Сабақтың тақырыбы:** «ТІЛ – ТҰМАР – БІР ШЫНАР» - шеберлік сабағы

**Үйретушілік:** Балалардың салт-дәстүр туралы білімдерін нығайту, салтты ұмытпауға баулу, балалардың өз ұлттық дәстүрлерін біліп жүруге үйрету, ұлттың әшекейлерімен таныстыру, тұмар түсінік беру, білімдерін нығайту. Фактурада және аралас техникада жұмыс жасауды үйрету

**Дамытушылық:** Балалардың шығармашылық ой-өрісін дамыту, есте сақтау қабілеттерін, қол моторикасын дамыту, өз бетімен жұмыс жасауға баулу. Ұлттық нақышты заманауи бағытта дәріптеу.

**Тәрбиелік:** Өз дәстүрлерін сақтап қадірлеп жүруге, адамгершілікке, қамқорлыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Ұлттық өнерді қадірлеп ғана қоймай одан әрі дамуына өз үлестерін қосуға тәрбиелеу.

**Ғылыми маңыздылығы:** Әрбір адамзаттың ата-тегін, елінің тарихын, ана тілін білу, ұлтын сүюі қасиетті парызы, ал ұлтының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, мәдениетін, өнерін өмір бойы сақтап, ұстануы, дамытуы ата-баба рухы алдындағы мәңгілік борышы мен міндеті

екенін бүгінгі жастарға түсіндіру.

**Сабақтың барысы:**

**Ұйымдастыру кезеңі:** Балалармен сәлемдесіп, түгендеп, назарларын жаңа сабаққа аудару. Балалардың сабаққа дайындығын тексеру. Жаңа материалдармен танысып, қарындаштарын түгендеу.

**Негізгі бөлім**

Балалар бүгінгі жаңа шебер сабағымыздың тақырыбы «Тұмар».

Тұмар бұйымы қолөнерге жататын болғандықтан, қолөнерге түсініктеме берейін. Балалар шығармашылық жұмысты бастамас бұрын қысқаша қауіпсіздік ережесін түсіндіріп өтейін:

- үшкір, өткір заттармен жұмыс жасағанда абай болу;
- ыстық желмен пайдаланғанда мұқият болу;
- бояулармен жұмыс жасағанда ұқыпты болу.

**Кіріспе әңгіме:** Қолөнердің алатын орны ерекше. Ол әрбір ұлттың өзіне тән меншікті өнері болып саналады. Халықтың мәдени ережесі өскен сайын қолөнері де дамып отырған. Шығармашылық ізденіс үстіндегі халық шеберлері тұрмысқа қажетті қолөнерінің алуан түрін өмірге алып келуде. Кез келген халықтың ғұмырнамалық сабақтастығының берік болуына, сол халықтың мәдениеті, тарихы, өнері үлкен әсерін тигізеді.

**Сабақтың жоспары:**

Ұйымдастыру кезеңі: (2 мин)

- Балалармен сәлемдесу және түгендеу;
- Сабаққа дайындықтарын тексеру;

Негізгі бөлім (40 мин):

Кіріспе әңгіме (4 мин)

- Тұмар жайлы түсіндірме
- Сұрақ-жауап сәті (2 мин)
- Жаңа сабақты түсіндіру (4 мин)

- Көрнекілік, иллюстрациялармен жұмыс

Практикалық жұмыс: (30 мин)

- Материалдарды кесіп дайындау
- Ою-өрнектерді орналастыру
- Көркемдеу, әрлеу, безендіру

Қортындылау:

- Балалардың жұмысына баға беру (3 мин)
- Тақырыпты бекіту

Сабақтың көрнекілігі: жеке жұмыс үлгілері, фото суреттер, слайдтар.

Құрал-жабдықтар: ПВХ, текстура, мастихин, ыстық желім, тоқыма жіп, бояу, қыл қалам.

Сабақтың түрі: шеберлік сыныбы.

Сабақтың әдісі: түсіндіру, қызығушылықтарын ояту, үйрету, орындау.

Қолөнер - ежелден келе жатқан кәсіп. Ол халықтың өмірі мен тұрмысымен бірге дамып ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады. Өткен тарихымызды білмей бүгінгі күннің қадіріне жету мүмкін емес. Болашақты болжай білу өте қиын, ата-бабамыздың жинақталған рухани байлығының қоры ұшан теңіз. Ата-баба жасаған бұл рухани байлықтар қазіргі таңда өз құндылығын жойған емес. Бұлардың барлығы баршаға бірдей қазына.

Қазақ халқының қолөнер түрлері: Қазақ халқының өткендегі мәдениетіне үңілсек, күнделікті тұрмыс қажетін өтейтін қолөнердің жете дамыған түрлі салалары болғандығын көреміз. Айталық, киіз басу, киіз үйге қажетті бау-басқұр, алаша, кілем, аяққап тоқу, сырмақ сыру, кесте тігу, ағаштан ойып ыдыс-аяқ, ер тоқым жасау, тері илеу, асыл тастардан сәндік бұйымдар жасату (зергерлік өнер). Қара темірден тұрмыстық, шаруашылық құралдарын жасау қолөнердің тамаша туындылары болды. Бұлардың бірсыпырасы қазіргі дәуірімізде де өз маңызын жоймағаны анық.



Қасиетті саналатын ұлттық бұйымдарымыздың жасалу технологиясы мен олардың әшекейлену эстетикалық тұрғыдан алғанда басқа халықтардан кем түспейді. Өнер туындыларының иесін шебер деп аталған. Қолөнер шеберлері табиғаттың әсем көріністерін қолөнер бұйымдарында жиі қолданған. Қолөнер дүниежүзінің әр халқында бар. Сонымен қатар әр елдің, әр халықтың тарихи дамуына, тұрмысына, тарихи ерекшелігіне және эстетикалық талғамына байланысты өзіндік ерекшелігімен өшпес із қалдырып келеді. Қазақтың дәстүрлі қолөнер кәсібінің насихаттаушылар өз іс саласына қарай әр түрлі түрге бөлінген.

### Тұмар жайлы түсіндірме

- Тұмар атауының төркіні туған жермен байланысып жатқанын белгілі жазушы, ғалым Ақселеу Сейдімбеков өзінің «барың мен жоғыңды парықтау» деген мақаласында анық жазған

- Тұмар сөзінің байырғы түркі тілінде туған жер деген мағынаны білдіретінін ол - тума жер деген екі сөзден пайда болғанын айтады ғылым докторы

Тұмарды қазақ не үшін қастер тұтқан?

Тұмар - халқымыздың ұғымында киелі мағынаға ие болған құнды дүние. Сан ықылым заман бұрын, қағаз жоқ, тауар хат кезеңде сауда-саттық жасап алысқа сапар шеккенде немесе соғыс жорықтарына аттанғанда бабаларымыз мал терісінен жүрекке ұқсатып үшбұрышты етіп тігілген қалташыққа туған



жердің топырағын толтырып алып шығатын болған. Соны тұмар деп атаған. Туған жерге деген шексіз құрметтің, перзенттік парызын белгісі болса керек.

Жаңа сабақты түсіндіру: Қазіргі кезде тұмар үй интерьерінде көп қолданып жүр. Оның орындалу технологиясында ерекшеліктер енгізіп отыр. Мысалы, ою-өрнекпен әшекейленген бұйымда қатырма жапсыру, моншақтармен, түрлі-түсті тастармен безендіру жиі кездеседі. Неше түрлі жібек, жылтыр люрекс жіптері қолданылады.

Сұрақ-жауап сәті (2 мин)

- Қалай ойлайсыңдар олардың барлығын не үшін таққан?  
- Бұның барлығын көз тимеу үшін таққан.  
- Сонымен қатар көз тимеу үшін тағылған тағы бір бұйым бар, қалай ойлайсыңдар ол қандай бұйым? Аты не?

- Дұрыс айтасыңдар бұл - тұмар.

Балалардың жауаптары. Балалардың назары Тұмар суретінде.

Тұмар деп көптеген адамдардың мойындарына асып алған жіптер, моншақтар түріндегі заттарды және соған ұқсас тағыда басқа нарселерді айтады. Сондай-ақ бұған сол затқа тәуекел етіп, тіл-көзден сақтайды деген оймен адамның киіп алған жүзігі немесе басқа нарселер жатады. Әсіресе, бұны жиі жас балдарға көзден және сол сияқты нәрседен сақтасын деп кигізеді. Өзіне тұмар, талисман түрлі жіптер мен моншақтар ілу, тағы тері немесе матаға оралған дұғалар тағу және кішкентай балалардың шекесіне бәле-жаладан сақтасын деген мақсатпен қолданған.

**Түрлеріне байланысты атау түрлері:**

- Жастық тұмар - төртбұрышты түсті металдан жасалған көркемдік тұмар.
- Қиық тұмар - сәндікке мойынға тағылатын жалтырауық заттардан істелген тұмар.
- Лағыл тұмар - лағыл таспен безендірілген тұмар.
- Сіркелі қолтық тұмар - бетіне сіркелеп өрнек салынған тұмар.
- Тұмарша - асыл тасты күмістен жасалған, мойынға тағылатын әшекейленген тұмар.

• Тіллә тұмар - алтынмен қапталған тұмардың бір түрі.

• Алтын тұмар - күміс бетіне сіркелеп алтын жалатылған тұмар.

Практикалық жұмыс (30 мин). Материалдарды кесіп дайындау. Тұмар жасау:

- Балалар ПВХ-дан кесілген материалдармен танысады. Үстел үстінде арнайы дайындалған үшбұрыш формасын алып, арнайы берілген текстура пастасымен үшбұрыш бетіне фактураны мастихинмен жағады.

- Мастихинмен жағып болған фактураның бетіне қошқар мүйіз ою-өрнегін кесіп, дайындалған трафаретпен, мастихин арқылы фактурамен текстура яғни көлем береміз.

- Осы жасалған көлемге әшекей тастармен әр бала өзінің қиял-ғажайыбына ерік беру арқылы әсемдеп, көркемдеп, безендіреді. Ою-өрнекпен әшекейленген бұйымды қатырма қағазға жабыстырып, моншақтармен түрлі-түсті тастармен әрлейді.

Қорытындылау: Балалардың жұмысына баға беру (3 мин). Тақырыпты бекіту  
Күтілген нәтиже балалар салт-дәстүрді, ұлттық әшекей бұйымдарды біліп танып, ұлттық бұйымдардың маңыздылығын үйренді. Бұл бұйымдарды текстурадан жасалып қазіргі таңда тұмар үй интерьерінде қолдануға болатынын түсінді.

**Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі**

1. Ералы Оспанұлы «Қошетер қазақ халқының қолөнері»
2. «Этнографический Атлас казахского орнамента»
3. Ю.Шығайев «Графика, живопись, объекты»
4. Интернет желісі

## «РИСОВАНИЕ КУБА»

**Чеботникова Александр Викторович - изостудии «Радуга»  
педагог дополнительного образования Дворца школьников**



Цель: Формирование умений изображать простые геометрические тела в перспективе

Задачи: 1. Развивать у детей способность к творчеству, прививать навыки культуры труда, товарищеской взаимопомощи; 2. Воспитывать у детей глубокие и устойчивые интересы к художественному труду; 3. Научить поэтапному ведению рисунка;

4. Развивать пространственное мышление и воображение.

Тип занятия: комбинированный

Форма проведения занятия: рисование с натуры

Виды форм организации: групповая, индивидуально обособленное Оборудование: Для учителя: классная доска, мольберт или лист бумаги для показа, поэтапное наглядное пособие, геометрическое тело, магниты.

Оборудование для учащихся: мольберт, лист А4,

простой карандаш НВ, ластик,

План занятия:

1. Организационный момент.
2. –этап актуализации знаний учащихся.
3. –этап закрепление знаний, умений, навыков .
4. Физминутка.
5. –этап подведения итогов учебного занятия.
6. Рефлексия.

Ход занятия.

1. Организационный момент.

Приветствие: Проверьте, пожалуйста, всё ли у вас есть для урока? Сегодня нам понадобится бумага формата А3, простой карандаш и ластик, прищепка или скотч для закрепления листа. Проверяют готовность к уроку

2. Этап актуализации знаний учащихся.

Вступительная беседа

Объявляю тему урока:

- Сегодня мы будем рисовать каркасный куб в линейной перспективе. Вы уже рисовали плоские предметы в перспективе – прямоугольные, квадратные и круглые листы бумаги в перспективе. С чего мы начинали работу? – компоновка на формате. Далее мы намечали основные линии листа, определяли их направление в перспективе, а для этого определяли, где линия горизонта, точка схода всех линий.

3. Этап закрепление знаний, умений, навыков основные законы и понятия

В зависимости от того, как и где расположен наблюдаемый нами предмет, наши представления о нем меняются. Эти изменения подчиняются определенному закону. Рассмотрению этих законов и посвящен этот урок.

Перспектива с одной точкой схода Перспектива — это такая тема, о которой можно написать очень много. Однако знание даже нескольких основных принципов перспективы поможет вам избежать многих типичных ошибок и благодаря этому значительно улучшить рисунки.

Первый важнейший принцип заключается в том, чтобы всегда помнить, что линия горизонта находится на уровне глаз. Даже если на заднем плане картины находятся горы, за ними все равно есть линия горизонта, которую можно обозначить на рисунке тонкой

линией.


Второй важнейший принцип: все удаляющиеся вглубь картины горизонтальные линии встречаются в точке схода, расположенной на горизонте. Памятуя об этих двух принципах, внимательно рассмотрите три эскиза на Рис1.



Эти эскизы демонстрируют перспективу с одной точкой схода. Так, на варианте А железнодорожные рельсы и телеграфная линия сходятся в одной точке. Можно легко добиться того, чтобы все телеграфные столбы выглядели «правильно», если, нарисовав ближайший столб, провести линии от его верхушки и основания к точке схода. На варианте Б легкие линии, проведенные от углов ближайших зданий на переднем плане к точке схода, позволят без труда определить правильное расположение всех их дверей и окон, а также других зданий.

Если вы помните, что горизонт всегда находится на уровне глаз, вам нетрудно будет также определить высоту человеческих фигур и примерное расстояние между ними на вашей картине. Если почва ровная, то головы людей среднего роста будут находиться как раз на уровне горизонта, головы коренастых людей — ниже горизонта, а баскетболистов — над ним.

Все окружающие нас вещи, которые мы хотели бы нарисовать, какими бы сложными по форме они нам не казались, всегда можно схематически представить с помощью простых геометрических фигур, таких как куб, цилиндр, шар. Поэтому, нужно понять, как правильно рисовать эти простейшие фигуры, и потом в рисовании более сложных фигур у вас будет гораздо меньше сложностей.



Перспектива куба с.2.

Принципы построения перспективы с одной точкой схода применимы только тогда, когда на предмет смотрят фронтально и он располагается на уровне глаз. В большинстве же случаев существуют не одна, а две точки схода. В таких ситуациях нужно использовать правила перспективы с двумя точками схода. На рисунке 2 в перспективе с двумя точками схода изображена коробка в трех положениях — на уровне глаз, выше и ниже этого уровня.




Рис.3.

3. Анализ и построение куба. Показ учителя последовательности работы на доске.

Рисовать куб надо без фона, на четверти листа бумаги. Но здесь, кроме самой постановки, следует обратить внимание и на освещение. Освещается куб с левой стороны так, чтобы часть его граней находилась в свету, часть в тени. Рисунок начинают

с определения основания. Прежде всего помечается как бы проволочный каркас куба, для чего рисующему необходимо представить себе куб прозрачным.

Как дом строится с фундамента, так и любое построение формы реального предмета всегда ведется с основания, поскольку это позволяет точнее передавать форму. Поэтому проведя горизонтальную по отношению к нижнему краю бумаги линию и поставив на ней точку, соответствующую ближайшему углу каркаса, рисуем ребро основания, идущее от поставленной точки в глубину. Проведя несколько штрихов карандашом и все время измеряя угол между ребром и горизонтальной линией, отмечаем место ребра. Не переставая уточнять и сравнивать угол, рисующий должен добиться того, чтобы ребро как бы «легло» на стол, и тогда, нажимая на карандаш, пометить эту часть каркаса.

Когда ребро будет найдено, необходимо от той же точки и таким же путем найти второе ребро и затем, отметив размеры сторон каркаса, построить остальные ребра основания. После этого переходим к определению объема куба. Рисующий восстанавливает высоты из углов основания и, отметив на них размеры и соотношения частей каркаса в натуре, определяет верхнюю грань куба точно так же, как он находил его основание. Таким образом, форма каркаса куба будет построена и тем самым окажется решенной его конструкция, что позволяет перейти к изображению формы.

Свет, освещающий куб, падает на его поверхности. Вся форма и каждая отдельная грань освещены неравномерно. В самой темной и в самой светлой сторонах куба есть в свою очередь места более светлые (более близкие к источнику света) и более темные (удаленные от него). Анализируя освещение куба, мы увидим, что грань светлеет, соединяясь (пересекаясь) с темной стороной, и наоборот. Все это должно быть тщательно передано в рисунке, если рисовальщик хочет изобразить предмет точно таким, каким его видит в рисунке, если рисовальщик хочет изобразить предмет точно таким, каким его видит.

Физкультминутка

Вот помощники мои,

Их как хочешь поверни.

Раз, два, три, четыре, пять.

Постучали, повернули

И работать захотели.

Тихо все на место сели

Последовательность рисования куба

- Свет, полутьма, тень.- А ещё? Градации таковы: блик, свет, полутьма, тень собственная, рефлекс, тень падающая. Наша задача разобраться в тоне куба и окружающего пространства. Сравнивайте, что светлее, что темнее, как соотносятся освещённые и теневые части между собой. Мы наметили общие массы теней. Теперь же следует найти наиболее тёмное место и усилить его тон, затем найти самое светлое и выбрать его ластиком. Анализируя тональные отношения, разбираемся с рисунком. Для того чтобы высветлить участок изображения, можно пользоваться пальцем/растущкой (показываю) или просто губкой.

Возможные ошибки: перетемнение, серость в работе, грязь (неравномерное нанесение тона/«куском»), неправильное определение тональных отношений.

- На последнем этапе мы должны посмотреть в целом на нашу работу и обобщить или выделить необходимые элементы.



Разговор о линии напряжения.

Самостоятельное выполнение работы

5. Подведение итогов учебного занятия.

Выставка лучших работ.

- Что делали сегодня на уроке? (Последовательное рисование куба).

- Что такое перспектива?

6. Рефлексия.

- Молодцы!

- Ребята вам понравилось занятия? - Занятие окончено.



## **ИНФОРМОУРОК: «ИЗОБРАЗИТЕЛЬНАЯ И ДЕКОРАТИВНО-ПРИКЛАДНАЯ ГРАМОТНОСТЬ. «ТУМАР-ЧАСТИЧКА РОДНОЙ ЗЕМЛИ»**

**Шимелькова Ирина Николаевна –  
руководитель студии «Арабеска»,  
педагог дополнительного образования  
Дворца школьников, педагог-эксперт**

Педагог дополнительного образования Шимелкова Ирина Николаевна работает в сфере образования более 30 лет. Во Дворце школьников г. Шымкента в 2012 году ею была основана студия академической грамоты «Арабеска». Количество обучающихся в студии 50-60 человек. В основе программы обучения студии лежит программа художественной школы, адаптированная и творчески переработанная педагогом к условиям работы студии. Данная программа опирается на классическую систему преподавания изобразительного и декоративно-прикладного искусства. На занятиях студии учащиеся знакомятся с многообразием видов художественной деятельности и технически доступным разнообразием художественных материалов.

Практическая художественно-творческая деятельность занимает большее пространство учебного времени. В течение каждого года проводится множество уроков и мастер-классов, связанных с традиционными видами декоративно-прикладного искусства казахского народа. Главная цель работы студии это - воспитание гармоничного, творчески мыслящего человека, любящего свою родину, уважающего культуру народа Казахстана и культуры народов других стран. Шимелкова И.Н. является автором многих творческих дизайн проектов оформления внутренней среды Дворца школьников в этностиле. В том числе фойе первого этажа (тумары, юрта), коридоры всех трех этажей, арт-объекты для различных мероприятий в виде казахской национальной посуды.

Шимелковой И.Н. была придумана техника исполнения этих объектов из современных, облегченных материалов. Кроме украшения внутреннего пространства Дворца школьников, очень часто в пределах студии проводятся мастер-классы по лепке изделий из глины, войлока. Красота казахских декоративных изделий неоспорима, и своими историческими корнями уходит в древность, детям очень нравится работать с природными материалами, каждый ребенок по- своему открывается в творчестве. Потому методическая разработка мастер-класса «Тумар - частица родной земли» стала неким бестселлером в работе педагога, тем более она направлена на изучение истории и традиций казахского народа, на воспитание патриотических чувств к своей родине. Шимелкова И.Н. - творчески растущий педагог, патриот Казахстана, оттачивающий свое мастерство на мастер-классах в Астане, Алматы, Кентау, Москве, Санкт-Петербурге, и этот

новый опыт прекрасно интегрируется на занятиях в студии, с учетом богатого материала, накопленного поколениями казахского народа в области декоративно-прикладного искусства.

Инфоурок: «Изобразительная и декоративно-прикладная грамотность. «ТУМАР-ЧАСТИЧКА РОДНОЙ ЗЕМЛИ»

Целью предметов «Изобразительное искусство» и «Декоративно-прикладная композиция» является развитие творческих способностей детей и приобщение их к традиционным народным культурным ценностям, истокам народного искусства.

Содержанием этих предметов является формирование необходимых знаний, прежде всего, о казахской традиционной культуре и о культуре других стран, практических умений и навыков росписи деревянных поверхностей, росписи по ткани, войлоковалание «Коллаж», «Гобелен», «Лепка из глины», работа с кожей.

Создавая что-либо своими руками, дети развивают внимание и память, приучаются к настойчивости и терпению. Все это поможет ребенку в школе, особенно при овладении письмом, да и в дальнейшем его жизни эти качества очень пригодятся. Умение что-нибудь сделать самому вселяет в ребенка уверенность, избавляет от ощущения беспомощности в окружающем его мире взрослых. А ведь вера в себя, уверенность в своих силах, любовь и восхищение близких людей - это и есть счастье! Такие занятия делают жизнь маленького человека более яркой и насыщенной положительными эмоциями. В итоге творчески мыслящий, т.е. креативный человек легче адаптируется в любой сфере современного мира.

1. Методическая разработка мастер-класса  
«Тумар-частичка родной земли»

Тема урока: Изготовление Тумара-оберега.

Цели: знакомство с культурой и традициями казахского народа, с технологией изготовления тумара

Задачи:

- расширить знания обычаев и традиций казахского народа;
- развивать фантазию и мелкую моторику;
- воспитывать интерес к истории Казахстана.

Методы: наглядный, практический, частично – поисковый.

Наглядность: Тематическое оформление класса.

Образцы казахского орнамента; Шаблоны из бумаги в виде треугольника. Готовые образцы тумаров.

Организационная часть: (приветствие, готовность к уроку, отметка отсутствующих).

3. Учитель объявляет тему урока

4. Сообщение познавательных сведений: Виды глины. Польза лепки. Где добывается.

Историческая справка о раскопках в Отыраре. Как ее подготовить к лепке. Технология лепки.

Технология обжига готовых изделий. Технологии декорирования готового изделия. «Шебер колды алтынға да сатып алалмайсын» (Искусные руки и за золото не купишь). Обсуждение с детьми значения казахской пословицы.

3. Презентация: «Тумар - частичка родной души»

4. Демонстрация учителем порядка выполнения работ.

Знакомство с инструментами лепки

Вырезание по шаблону формы тумара.



Декорируем тумар орнаментом, руководствуясь форэскизом, добавляем мелкие элементы.

Сушка изделия.

Запекание в муфельной печи.

Сочетание фетра и глины.



Варианты тумаров из фетра.

5. Практическая работа. Выбор орнамента. Сделать форэскиз будущего изделия.

Текущий инструктаж.

I обход – проверка организации рабочего места и соблюдения техники безопасности.

II обход – проверка правильности выполнения

III обход – проверить завершение этапа работы.

6. Закрепление.

1) Сколько существует видов национального казахского орнамента?

2) Где в быту используется орнамент?

7. Заключительный инструктаж.

Обсуждение работ

Домашнее задание.

8. Уборка рабочего места.

## «ЖАҚСЫ ДЕГЕН НЕМЕНЕ, ЖАМАН ДЕГЕН НЕМЕНЕ?»

Абсатова Эльмира Алиаскаровна  
Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі



**Үйірме аты:** АЭДМ «Еркетай»

**Сабақтың мақсаты:** Жақсы, жаман туралы түсінік беру.

**Білімділік:** Балаларды бір-бірімен достық қатынаста болып, үлкенді сыйлауға, ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттырып, кішілерге қамқор болуға, оларды бір-бірімен шынайы да қайырымды, иманды болуға баулу, қойылған сұраққа ойланып, толық жауап беруге үйрету.

**Дамытушылық:** Балалардың сөздік қорын байыту, сурет бойынша әңгімелеуге дағдыландыру.

**Тәрбиелік:** Балаларға күнделікті өмірде кездесетін әр түрлі жақсылықтар мен жамандықтарды ажырата білуге, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелеу.

**Сабақтың көрнекіліктері:** Мазмұнды суреттер.

**Сабақ барысы:**

I. Ұйымдастыру кезеңі

-Балалар, бір-бірімізбен, қонақтармен амандасайық.

(Балалар шеңбер жасап тұрады. Алақандарымен бір-біріне жылу беріп амандасады).

II. Жаңа сабақ

-Балалар, менің сұрақтарыма жауап беріңдерші:

-Жақсы деген не?

-Гүл өсірген жақсы.

-Ағаштарға, гүлдерге су құйған жақсы.

-Үлкендерге көмектескен жақсы.

-Дұрыс айтасыңдар балалар.

-Ал, жаман деген не?

-Салақ, кір-қожалақ болған жаман.

-Ағаштың бұтағын сындырған жаман.

-Кішкентай балаларды жылатқан жаман.

-Дұрыс айтасыңдар балалар.

- Балалар, біз бүгін жақсы, жаман, әдептілік туралы мақал - мәтелдерімізді айтайықшы.

Марғұлан: «Үлкенді сыйласаң, елге сыйлы боласың»

Данеля: «Әдептілік белгісі - иіліп сәлем бергені»

Амина: «Үлкенге құрмет, кішіге ізет»

«Жақсы болу өзіңнен» өлеңін барлығы жатқа айтады.

- Жақсы болу өзіңнен

Жаман болу өзіңнен

Өзіңді өзің ая да,

Өзің үйрен өзіңнен.

Жамандық көрсең біреуден

Мен қандаймын деп ойла.

Жақсылық көрсең біреуден

Мен қандаймын деп ойла!

- Жарайсыңдар, балалар. Балалар, бір - біріне лебіз білдіру сәлемнен басталады.

Сәлем - сөз анасы, сөздің қасиеті, сондықтан оның мағынасына мән беру әдептіліктің, адамгершіліктің баспалдағы. Олай болса амандасудың қандай ережелерін білесіңдер?

Сабина: - Таныс адам алыс жерден келсе, оған барып амандасқан жөн.

Даниял: - Ассалаумағалейкум, деп амандасқанда қолғапты шешу керек.  
/Мазмұнды суреттерді пайдалана отырып, балалардың әңгімелерін, берген жауаптарын толықтыру/.

Суретпен жұмыс: - Бәріміз мына суретке қарайықшы, не айтар едіңдер?

- Балалар серуен кезінде футбол ойнап жүріп, Серік біреумен соқтығысып қалды. Оның мұрны қанады. Қасындағы балалар футбол ойнап жүре берді.

Қалай ойлайсыңдар осы дұрыс па?

/Бір екі баланың жауабын тыңдаймын/.

- Бұл дұрыс емес. Олар құлаған Серікті орнынан тұрғызып, көмек көрсету керек еді.

- Ал балалар енді мына суретке қараңдар.

- Раушан қуыршақпен ойнап отыр еді, Ақбота келді де, қуыршағын сұрады. Раушан қуыршағын бергісі келмеді, себебі ол жаңа ғана ойнай бастаған еді. Раушан қуыршақты тартып алмақшы болды. Қуыршақтың қолы жұлынып қалды.

- Қалай ойлайсыңдар, кімдікі дұрыс?

/Балалардың жауабы/.

- Ақбота дұрыс істемеді. Ол ойыншықты тартып алмауы керек еді. Ойыншықты жұлқылап, тартқылауға болмайды. Ойыншықты күтіп ұстап, ұқыпты ойнау керек.

- Раушан да дұрыс істемеді. Ойыншықты қолына жаңа ғана алғанын айтуы керек еді. Немесе «Мен біраз ойнайын, содан кейін саған берейін»-деу керек еді. Ойыншық тек Раушандікі емес, барлық балалардікі.

Сондықтан, балалардың кезектесіп ойнағаны дұрыс.

Бой сергіту жаттығуы:

Орнымыздан тұрайық,

Екі қолды созайық.

Құс боп қанат қағайық,

Жоғары, төмен қарайық.

Бір отырып, бір тұрып,

Орнымызды табайық.

- Ал, балалар, мен сендерге Л.Толстойдың «Екі дос» деген әңгімесін айтып берейін.

Орман ішінде екі дос келе жатқанда олардың қарсы алдынан аю шығады. Сонда біреуі жолдасын тастап қашып ағашқа өрмелеп шығып, тығылып қалады. Ал екіншісі жолда қалады. Ол не істерін білмей, жерге жата қалады. Жатқан адамды аю иіскелеп, өлі екен деп кетіп қалады. Аю кете салысымен, досы ағаштан түсіп жолдасына келіп:

- Аю құлағыңа на деп сыбырлады?-деп сұрайды.

- «Қауіп-қатер төнгенде, қиналған уақытта досын тастап кеткен адам жақсы адам емес, ондай адаммен дос болма» - деді, дейді.

/Әңгімені мәнерлеп оқимын. Сурет бойынша көрсетіп, түсініктерін одан әрі жетілдіремін/.

Әңгіме желісі бойынша сұрақтарға жауап аламын.

1. Екі достың алдынан не шыға келді?

2. Досы неге қаша жөнелді?

3. Бұл досты қандай дос деп ойлайсыңдар?

III. Қорытынды

- Балалар, жақсы мен жаманды ажырата білесіңдер ме енді? Жақсыны үйреніп, жаманнан жирену үшін, біздің ата-бабаларымыз көптеген мақал-мәтелдер айтқан.

«Жамандықтан тұра қаш,  
Жақсылықпен бол жолдас».

«Жаманнан жирен,  
Жақсыдан үйрен».

«Жаманға жан жуымас».

Айтылған мақалдарды есімізден шығармайық.

Осы мақалдардағы «жақсылық» деген сөзден үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, жолдасына көмектесу, еңбекті сүйю т.с.с. түсінуге болады. Сондықтан жақсыдан үйреніп, жақсымен дос болуымыз керек. Ал, жамандықтан аулақ жүрейік. Ешқашан жамандық істемейік, досымызға көмектесейік.

## АШЫҚ САБАҚ ТАҚЫРЫБЫ: ЖОМАРТ КҮЗ

Ажаркулова Акерке Шалкарбековна  
Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі



**Мақсаты:** Күз мезгілі туралы түсініктерін қалыптастыру, білімдерін жетілдіру. «Жомарт күз» сыйлары туралы ұғымдарын бекіту.

**Білімділік:** Күзгі табиғат ерекшеліктерін көре білуге үйрету. Күзгі табиғат ерекшеліктерімен таныстыру. Көкөністер мен жемістерді ажырата білуге, сөзді буынға бөлуге үйрету. Адам үшін жемістер мен көкөністердің маңызы туралы мәлімет беру. Күз мезгілінің астық, жеміс-жидек, көкөністерді жинау мезгілі екенін, күзгі ауылшаруашылық еңбек түрлері жөнінде білім беру.

**Дамытушылық:** Тілдерін дамыту, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Есте сақтау қабілетін дамыту. Көргенін суреттеп айта білу қабілеттерін дамыту. Бір-бірін тыңдап, өзара бірлестікке, серіктестікке үйрету.

**Тәрбиелік:** Табиғаттың сұлулығын көре және бағалай білуге тәрбиелеу. Табиғат пен адам

арасындағы қарым-қатынас арқылы татулыққа бірлікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. Көрнекіліктер: сюжетті – суреттер, жапырақтар, күз суреттері, ұнтаспа, жеміс-жидектер, көкөністер, дақылдар.

Әдіс-тәсілдер: көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, әңгімелеу, талдау, ойын, өз-өздерін бағалау.

**Сабақтың барысы.** Ұйымдастыру кезеңі

Жылудық шеңбері.

Балалар терезе алдына жақындап, қолдарын, күннің шуағының жылуымен жылытады!

Амансың ба, Алтын күн!

Амансың ба, Жер-Ана!

Амансың ба, достарым

Сендерді көрсем қуанам.

- Балалар алдымен менің бір сұрағыма жауап беріңдерші.

- Бір жылда неше мезгіл бар? –(төрт)

- Дұрыс айтасындар, ендеше мен өлең оқимын, сендер өлеңде қай мезгіл айтылғаны жайлы айтасындар.

Сары ала тон жамылған

Қойны толы дәмді нан,

Тәттісі көп не түрлі

Қандай өзі берген

Жемісі көп не деген

Неге аласың демейді

Айтыңдаршы балалар

Бұл қай кезде болады?

(Күз мезгілінде)

1.Қазақстан өлкесінің табиғаты бейнеленген суретті көрсетіп, күз маусымындағы табиғат өзгерістері туралы әңгімелеседі.

- Қазір жылдың қай мезгілі?

- Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады?

- Күз мезгілінде бау-бақшада не піседі?

- Күзді жомарт күз деп неге атаймыз?
- Жемістер мен көкөністердің адам ағзасына пайдасы бар ма?

Күзде табиғат ерекше күйге енеді. Жапырақтар қоңыр, сарғыш, қызылсары түске енеді.

Күн біртіндеп қысқарады. Жауын-шашын көбейіп, күн суытады. Құстар жылы жаққа ұшып кетеді.

Күзде жеміс-жидектер, көкөністер, бақша дақылдары, егістіктегі астық пісіп, қамбаларға жиналады. Сондықтан адамдар күзді «жомарт», «алтын» деп атайды. «Жомарт» сөзі молдықты, дархандықты, мырзалықты білдіреді. Күз жылдың берекелі мерзімі.

## 2. Дидактикалық ойын:

«Бұл не және қандай?»

Балалар себеттен көкөністер мен жемістерді таңдап, пішінін, түр-түсін, дәмін, пайдасын сипаттайды.

## 3. Сергіту сәті: «Ақ бидай»

Жайқалады ақ бидай  
Мойнын иіп аққудай  
Трактор мен комбайн  
Жүргізуге мен дайын

## 4. Балалар 3 топқа бөлінеді.

I – топ: «Мақал – мәтел»

II – топ: «Жұмбақтар»

III – топ: «Өлең, тақпақтар» айтады.

1. «Жазда не ексең – күзде соны орасың!»
2. «Береке басы – бірлікте»
3. «Еңбек етсең ерінбей – тояды қарның тіленбей.
4. «Ас атасы – нан!»

## Жұмбақтар:

1. Қалың киім ұнатады, шешіндірсең жылатады (пияз)
2. Жер бетінде шашы бар (сәбіз)
3. Аспай піскен, қайнамай түскен (жеміс)
4. Ұзын мұртты сарылар, қойынында наны бар (бидай)

II. Жемістер жыры: Н.Жанаев

Алмұрт: Мен алмұртпын, алмұртпын,

Аузындамын бар жұрттың.

Жүзім: Мен жүзіммін, жүзіммін,

Моншақ болып тізілдім.

Өрік: Мен өрікпін, өрікпін,

Табиғатқа көрікпін.

Алма: Мен алмамын, алмамын,

Таңдай жұлар бар дәмәм.

Шие: Мен шиемін, шиемін,

Күннің көзін сүйемін.

Қышқыл шырын менде бар

Төмен басты иемін.

Сергіту сәті:

Көкке бойын созады

Көкке қолын созады

Кең құшағын ашады

Көлеңкесін тосады.

Көк қарағай қарағай

Мейірбанды анадай.

«Сөзді аяқта» дидактикалық ойыны

Педагог көкөністер мен жемістерге байланысты сөздердің бірінші буынын айтады, ал балалар аяқтайды: ал-ша, ал-ма, қы-за-нақ, ө-рік, бұ-рыш, ши-е...

«Менің бағымдағы жемістер» тақырыбында сурет салу. Балалар ақ қағазға түрлі-түсті қарындаштарымен жемістердің суретін салады. Соңынан әркім өзі салған суреттер бойынша әңгіме құрастырады.

Қорытынды: «Біз не білдік»

- Күзді «Алтын», «Жомарт» күз деп атайды.

- Күзде күн суытып, жауын-шашын көп болады.

- Күзде жеміс-жидектер, бақша дақылдары, егістіктегі астық пісіп қамбаларға жиналады.

- Жемістер бақта, ал көкөністер бақшада өседі.

- Көкөністер мен жемістер – адам ағзасына пайдалы.

- Күз - жылдың берекелі мезгілі. Балалар денсаулығы жақсы болу үшін көп дәрумендер жеу қажет. Күз мезгілінде балалар ата-аналарына қолғабыс жасауы керек. Ал есейген кезде өз халқына және Отанға қызмет етуіміз керек деп айтқым келеді! Сабағымызды мына әдемі жылулық шеңберімен аяқтайық!

Жылулық шеңбері:

Берекесін сыйлауға, өлкемізге күз келді.

Жемістерін жинауға, шақырады біздерді.

## ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛДІК ҚОРЫН ТЕАТРАНДЫРЫЛҒАН ҚОҰЫЛЫМДАР АРҚЫЛЫ ДАМУЫ

**Айдарова Айдын Балтабайқызы**  
Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі

Әдетте адамның жеке басының қасиеттері бес жасқа дейін қалыптасады екен. Сондықтан да баланың жан-жақты қалыптасуы үшін мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің бойына жақсы, жағымды қасиеттерді сіңіре білу керек.

Бала әр нәрсеге құмар, қызыққыш болып келеді. Ол өзінің айналасында болып жатқан өзгерісті, тамаша құбылыстарды сезінуге тырысады.

Оның жан-жақты дамып, жеке тұлға болып тәрбиеленуіне, тілінің дамуын театрландырылған ойындар арқылы жетілдіруге болады.

Ал театрландырылған ойындарды балалар қызықтап ойнайды. Театрландырылған ойындар желілі рөлдік ойындардан тек желісі ғана емес, сондай-ақ ойнау іс-әрекетінің сипатымен ерекшеленетіні айқындалған. Балаларға арналған көркемдік шығармаларды сахналық қойылымдарға айналдырып, оларды кейіпкер ретінде қатыстырудың маңызы зор.

Баланы сахнада кейіпкер ретінде ойната отырып, оның жеке тұлғасын жан-жақты дамыта, оның бойында әдебиетке, мәдениетке, өнерге деген құштарлықты оятуға болады.

Бүлдіршіндер сахнада шағын рөлдерде ойнау арқылы байланыстыра сөйлеуге, әдемі киініп, жинақы жүруге, үлкендермен және өзге де балалармен тіл табыса білуге үйренеді. Жетілген диалог балалардың өз пікірін еркін жеткізе білуге жетелейді.

Ойын барысында ойын ситуациясына бейімделу, алғашқыда жекелеген элементтерді,





кейіннен рөлді толығымен ойнау арқылы баланың ой-өрісі, қиялы дамиды. Рөлді ойнау арқылы өз кейіпкерін көз алдына елестетіп қана қоймай, бала оның әрекеттерін, сезімдерін сезінеді. Осындай эмоциялық күйлер баланы бұрын байқамаған өмір көріністеріне таңқалдырып, өз сезімін мимика, ым-ишара, тағы басқа көріністер арқылы біреуге үйретеді.

Театрландырылған ойындар балалардың ой-өрісін кеңейтеді, спектакль туралы ата-аналарына, жолдастарына әңгімелеп беруге итермелейді.

Ойындар мен жаттығулар сөйлеу логикасы мен дикциясын дұрыс артикуляциясын меңгере білуге, сөйлеу құрылымын еркін айтуға, тыныс алуын дамытуға бағытталған. Бұл бөлімге сөздермен айтылатын ойындар кіргізілген.

Бейнелеу арқылы сөйлеуін дамыту – шығармашылық фантазиясын дамыту болып табылады. Шағын әңгіме және ертегі құрастыра білуге үйретеді.

Жаттығулар 3- ке бөлінеді:

- тыныс алу және артикуляциялық;
- дикциялық және интонациялық;
- сөздермен шығармашылық ойындар.

Театр мәдениеті: Балаларға театр өнерінің шынайы сезімдерін меңгерту – бөлімнің негізгі тақырыптары: театр өнерінің ерекшеліктері, театр өнерінің түрлері, қойылымның жасалуы, сыртқы және ішкі театр, көрермендер мәдениеттілігі.

Қойылыммен жұмыс – жанама бөлім, авторлық сахналауға негізделген.

Оған кіретін тақырыптар: Қойылыммен таныстыру, қойылымды мазмұндап, талдау, кейіпкерлендіру. Қойылымға қажетті құралдар дайындау.

Көріністі безендіру. Дайындық. Қойылымды сахналау.

Театрландырылған ойынның жіктелуі

- а) Драматизация
- б) Режиссерлық

Драматизациялық ойында бала артист, интонация, мимика, пантомимика арқылы өз бетімен бейне жасайды, өзіндік әрекет етіп рөлді ойнайды. Бұрыннан жасалған сахналық қойылымда бала ойын – драматизациясында қандай да бір сюжетте ойнайды. Ойын драматизациясын көрерменсіз музыкалық сипаттағы орындау болады.

Драматизация түрлері: жануарлар, адамдар, ертегілер бейнесіндегі кейіпкерлер ойыны; мәтін бойынша негізделген диалог, монолог, рөлдік ойындар; шығармашылық көрсетілім; бір немесе бірнеше шығарма арқылы қойылым қою.

Ал драматизация ойынның екі түрін қарастыруға болады.

Саусақтар ойын драматизациясы. Балалар атрибуттарды саусақтарына киеді. Ертегінің мәтінін айта отырып саусақтарын қимылдатып сюжет жасайды. Көріністі ширманың сыртында тұрып немесе топта еркін қозғала жүріп көрсетеді.

Қуыршақ бибабомен ойын – драматизациясы. Бұл ойында саусақтарға қуыршақ бибабоны киеді.

Ширмада ойнайды. Бұл қуыршақтарды ескі қуыршақтардан жасауға болады. Режиссерлық ойында балалар әрекет етуші бейне болмайды, өзі режиссер және сахна қоюшы рөлінде ойнайды, ойыншықтардың орнында болады. Мұнда бала қозғалмайтын пішіндер және ойыншықтармен әрекет етеді, сондықтан ойында интонация мен мимика ерекше орын алады.

Н.К.Крупская: Мектепке дейінгі жастағы балалар үшін ойынның ерекше маңызы бар: олар үшін ойын – оқу, олар үшін ойын – еңбек, олар үшін ойын – тәрбиенің маңызды түрі. Ойын – баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятып, танымдық қасиеттерін, зейінін, есте сақтау қабілетін, ауыз екі сөйлеу мәдениетін дамытады. Ойын - баланың өмірді танудағы алғашқы қадамы. Ойынның түрлері көп, қазақ тілін үйретуде театрландырылған ойындардың маңызы зор. Театрлық іс-әрекетте ертегілерді пайдалана отырып баланың ой-өрісін дамыту, сонымен бірге тыңдай білуге, есте сақтау, түсіну, рөлге бөліп, қазақша әдемі сөйлей білу мәнерін арттырамыз. Балаларға театр, әртістік өнер, сахналау, қойылым, сахна туралы түсінік беріп, қызығушылығын оятамыз. Көріністерді өзара сөйлесу дағдыларын дамыта отырып, бүлдіршіндердің тілді меңгеруіне деген сүйіспеншілікті арттырамыз. Театр әр балаға қуаныш, ұмтылмас әсер

сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуі мен қиялын дамытады.

Драмалық жанрға бейімделген ойындар өздігінен туындап тәрбие жұмыстарының барысында ертегілер, сюжетті көріністер де жиі қолданылып, тіпті кейде ертегінің кейбір бөліктері өзгертіліп отырады. Балалардың шығармашылығы тек ролдерді орындаған кезде ғана емес, сонымен қатар қуыршақтар, декорациялар дайындағанда да көрінеді. Қуыршақтардың түр - түрін, шымылдықтар, декорация жасау кезеңіндегі ұжымдық жұмыстар балалардың ұйымшылдығы мен белсенділігін арттырады. Балалардың шығармашылық қабілеттерін, сөйлеу мәдениеті мен ой-өрісін, дүниетанымын жетілдіруде театрландырылған ойындар түрі тиімді нәтиже береді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі**

1. Н.П. Сакулина, Т.С. Комарова. Изобразительная деятельность в детском саду.
2. Г.Г. Григорьева, Е.А.Флерина, Н.Б.Хоезова.
3. И.А.Лыкова. Изобразительная деятельность в детском саду.
4. С.Н.Николаева. Экологическое воспитание младших дошкольников.
5. Әбдуәлиева Ш. «Қазақтың қолөнері» — әдістемелік құрал
6. Әбдуәлиева Ш. «Халық қолөнері» Алматы. Рауан. 1992.

### **«АС АТАСЫ – НАН»**

#### **Айтымбаева Айнур Маратовна Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі**



Сабақтың мақсаты: Балаларға, нанның адам үшін маңыздылығы, нанның бидайдан жасалатынын, оның дастарханға үлкен еңбек нәтижесінде келетіні, бидайдың өсуі, нанды қадірлеуге, бидайдың құндылығы туралы түсінік беру.

Дамытушылық: Логикалық ой-өрісін, тілін дамыту, мақал-мәтелдер арқылы тіл байлығын дамыту, жетілдіру.

Тәрбиелік: Нанды қадірлеуге, қастерлеуге, нанды даярлайтын адамдарға, диқандар еңбегін бағалай білуге, еңбекке деген құрмет сезімдерін тәрбиелеу. Нақыл сөздердің тәрбиелік мәнін түсінуге талпындыру.

Көрнекіліктер: Суреттер, видео, бидай тұқымы, бидай сабағымен, ұн, қамыр, піскен нан түрлері.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі

1)Сабаққа дайындықты қадағалау.

2)Қызығушылықты ояту.

Жылулық шеңбері

Сәлем деймін, күнге мен

Сәлем деймін, мен саған  
Сәлем деймін, апайға  
Қонақтар мен құстарға  
Негізгі бөлім.

1) Желілі сурет, видео, көрнекілік бойынша жұмыс.

Балалар тақтадағы суретке, теледидардағы видеоға мұқият зер сала қарай отырып, бидай

дәнінен нанның қалай жасалатындығын анықтады.

а) Ерте көктемде, тракторшы, трактор көлігіне мініп, оның жер жыртатын құрылғысымен жерді жырттып, оны тырмалап, бидай дәнін себеді. (балаларға бидайды көрсету) оны күтіп, баптайды. Тыңайтқыштар сеуіп, арам шөптерін жұлып, зиянкестерге қарсы дәрі сеуіп, оны суарып, жайқалып шықсын деп күні бойы егін басында жүреді.

ә) Күз мезгілінде, бидай сап-сары алтындай болып, қауызы жарылып бидай толысып піседі, оны комбайншы, комбайн көлігіне отырып егінді орады. Күзде егінді орып жүрген комбайн, ол бидайды орып, тазартып, күн, түн демей егін алқабында егін жинаумен болады. Жиналған егінді машинаға құйып, диірменге апарды. Диірменде диірменшілер жұмыс жасайды. Диірменде бидайдан ұн тартып шығарады (балаларға ұнды көрсету) Ұнды қапқа салып, вагондарға тиіп, қалалар мен ауылдарға жөнелтеді. Қапқа салынған ұн, наубайханаларға апарылады. Наубайханада, наубайшылар жұмыс жасайды. Наубайханада ұнның әр сортынан нан түрлері пісіріледі. Наубайханада қамыр илеп, қамырдан неше түрлі нанның формасын жасап, пешке салып, пісіреді. Наубайханадан шыққан ыстық, дәмді нандарымыз дүкендерге таратады. Дүкендерден, ата-аналарымыз сатып алып, дастархан басына қояды. Сөйтіп, біз, нанды жейді екенбіз. Міне, көрдіңдер ма, балалар, нанның дастарханға келуі үшін, қаншама адамның еңбегі, маңдай тері сінеді. Міне, балалар, жеп жүрген нанымыз осындай ұзақ та қиын жолдан өтіп, сондықтан, да, осы нанды - Ас атасы деп, бекер айтпаған.

Қазақта ас атасы деген сөз бар, яғни, астық дәмінің үлкені ол – нан. Бала, ақ пен қараны ажыратып, танымай тұрып ақ, оған оң қолына ұстауды, нанды баспауды, жерге шашпауды үйретеді. Қазақта қарасу мен қара нан жесекте – амандық болсын деп, бекер айтылмаған. Нан өнімдерін калориялығымен, сіңімділігімен құрамында ақуыз, крахмал, минералды заттар, витаминдер, қандай мөлшерде, қандай құрамда болуы, сыртқы пішінінен білеміз. Нан тарихы неолит дәуірінде пайда болған. 16 қазан - Дүниежүзілік нан күні, тамақтану күні болып жарияланған.

Нан жайлы тақпақтар:

- Анель: Нан анасы – бидаймын  
Елге астық сыйлаймын  
Дәнім толып піскенде  
Қауызыма сыймаймын.
- Дәулет: Нан - береке бастауы  
Нан - күш қуат көзі  
Нан көп болса, қарның тоқ болар
- Бекболат: Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар  
Нанда адамның еңбегі мен ары бар  
Нан - өмірдің ана сүті, арқауы  
Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар.
- Азима: Дастархан басынан  
Үзілмес асыл дәм  
Ақ тоқаш, ақ қалаш  
Адамның асы – нан.
- Нұрбақыт: Нан қоқымын шашпаңдар  
Жерде жатса баспаңдар  
Теріп алып, қастерлеп  
Торғайларға тастаңдар
- Ернияз: Арпа бидай ас екен  
Алтын күміс тас екен
- Бақжан: Нан – тамақтың атасы  
Ынтымақ – көптің батасы.
- Айсұлтан: Нандай жоқ қой асыл дәм  
Жеп үйренген жасыңнан  
Дастарханнан нан кетсе  
Береке кетер асыңнан
- Аяла: Нан-ардақты ас,

Аттамас оны кәрі-жас  
Ақ дастархан үстінде  
Қол жумай оны ұстамас

Амирхан: Даланың арынан,  
Даланың таңынан,  
Даланың жанынан өседі,  
Нан - жемісі ол кешегі

Ойын: Қолшатыр (математика амалы)

Ойын: Саяхаттайық (буындап оқу)

Педагог: Балалар, нан туралы қандай мақалдарды білеміз?

1. Дәнді шашпа, нанды баспа
2. Таңғы асты тастама
3. Дастарханның басында дүшпан да дос
4. Жоқты бар десең- құт болар,  
Барды жоқ десең – жұт болар
5. Сыйлап берсе суын іш
6. Ас тұрған жерде ауру тұрмайды
7. Сыйласқанның суын іш
8. Тоқ адамды ұйқы басады  
Аш адамды ұйқы қашады
9. Қарны ашқан қазанға қарар
10. Қазан қайнап тұрса, ақыл сайрап тұрады
11. Өле жегенше, бөле же
12. Еттің соры –қуырдақ, ұнның соры – бауырсақ
13. Асты сұрап бергенше, сабап бер

Аслан: Нан болса, әнде болады

Медет: Адамдықтан үлкен ат жоқ,

Наннан үлкен ас жоқ

Дәулет: Нан қадірін аштықта білесің.

Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей

Нұрбақыт: Дастарханда наны жоқтың, тамағының сәні жоқ

Дидар: Еңбекпен тапқан нан тәтті

Бекболат: Еңбек ер атандырады

Анель: Ақ қар көп болса, ақ нан көп

Бақжан: Тістем нанның қадірін, тарыққанда білерсің

Аңық достың қадірін, зарыққанда білерсің

Кел есептейік: (алдарында тұрған қағаздағы есепті шығарады)

Психологиялық ахуал: Нейрожаттығу.

- Мидың оң жақ және сол жақ шарларын үйлесімді жұмыс істеуін жақсартады;
- Ұсақ және ірі моториканы дамытады;
- Ақпаратты тез қабылдап, қорытуға көмектеседі;
- Зейінді шоғырландырады;
- Есте сақтау қабілетін арттырады;
- Оқу және жазу процестерін жеңілдетеді;
- Мидың жұмыс істеу өнімділігін арттырады;

Сергіту сәті

Қуанамын менде

Қуанасын сенде

Қуанайық достарым

Арайлап атқан күнге

Артық затты тап

Суреттер құрастыру (балалар алдарында тұрған суретті құрастырады)

Тыйым сөздер

Нанды шашуға, жерге тастауға, басуға, рәсуә етуге болмайды. Нан - дәм басы, онсыз өмір жоқ. Сондықтан да дастарханға алдымен нан қойылады, жерде жатқан нан болса, алып, адам баспайтын жерге қою керек. Таңертең наннан ауыз тимей үйден шығуға болмайды. «Асығыспен, нан ауыз тиейін», «ең құрыса нан ауыз ти» деген сөздер бекер айтылмаған. Нанды төнкеріп қоюға болмайды. Нан қасиетті дәм. Онымен ойнауға болмайды. Нанды бір қолмен сындыруға болмайды. Кемтар адамдар ғана нанды бір қолмен сындырады.

Жұмбақтар:

1. Ұзын мұртты сарылар, қойнында наны бар (бидай)
2. Мысық мұртты өрмек басты (бидай)
3. Асты тас, үсті тас, ортасында піскен ас(нан)
4. Былқ-былқ, былқ семіз, қабырғасы жоқ семіз (қамыр)

Сергіту сәті

Күніміз жарық болсын,  
Аспанымыз ашық болсын.

Деніміз сау болсын,  
Нанымыз көп болсын!

Бидай суретін бояу

Қорытындылау. Сұрақ- жауап сәті

Бүгін біз, не жайлы айттық, не үйреніп, не білдік? Балалардың сабаққа қатысуын бағалау, белсенді балаларды мадақтау. Еңбекпен келген нанды құрметтеуіміз, қастерлеуіміз керек. Нан – адамның тіршілік қорегі, дастарханға үлкен еңбекпен келеді. Дастарханнан нан кетпесін, әлемде бейбітшілік болсын!

## ТӘРБИЕ САФАТЫНЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: «МЕНИҢ ОТАНЫМ – ҚАЗАҚСТАН»

Алиева Айсауле Максұтовна  
Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі



Сабақтың мақсаты: Балаларды Отанды сүйуге, Қазақстан Республикасының рәміздерін қастерлеуге тәрбиелеу, еліне, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру, олардың сөздік қорларын көбейту, танымдық қызығушылықтарын арттыру.

Көрнекілік құралдар: Қазақстанның картасы, глобус, ҚР-ның президенті Қ.Тоқаевтың портреті, ҚР рәміздері, Астананың әсем суреттері.

Шаттық шеңбер

Арайлап таң атты,

Алтын сәуле таратты

Жарқырайды күніміз,

Жарқырайды даламыз

Біз бақытты баламыз,- дей отырып, «Менің Отаным – Қазақстан» атты ашық сабағымызды бастаймыз. Сабақ барысы: Сабақ ҚР-ның мемлекеттік Гимннің орындаудан басталады.

Педагог: -Балалар біздің планетамыз неге ұқсайды?

(глобусты балаларға көрсетіп, оның неге ұқсайтынын сұрайды)

Балалар: -Дөңгелек шарға!

Педагог: - Балалар, қалай ойлайсыңдар, глобустағы көк түс нені білдіреді?

Балалар: - Суды, яғни мұхиттар, көлдер, өзендер.

Педагог: - Ал сары түс ше?

Балалар: - Мемлекеттер мен елдер!

Педагог: - Балалар, жер шарымызда қандай елдерді білесіңдер?

Балалар:- Германия, Америка, Қытай, Ресей, Жапония, Түркия, т.б.

Педагог:- Балалар, ал біз тұратын мемлекет қалай аталады?

Балалар:- Қазақстан!

Дұрыс айтасыңдар, біз Қазақстан елінде тұрамыз! Барлығымыз да Қазақстан картасына назар аударайық. Мынау біздің байтақ жеріміз (Қазақстанның жерін картадан көрсетеді). Қазақстанның табиғаты алуан түрлі, жері кең байтақ. Оны білу немесе түсіну үшін картаны пайдалану қажет. Сонда қай жерде қала, әдемі ормандар, биік таулар, теңіз, көл, қазына байлықтары бар екендігін картадан білеміз. Осы картадан еліміздің басты қалаларын кім көрсетеді?

(Балалар жеке-жеке картадан көрсетіп қысқаша мағұлмат береді)

- Біз картаға қарап байтақ жерімізбен таныстық. Ендеше осы Отанымыз Қазақстан туралы тақпақтарды айтамыз ба?

1.Отан - туған жеріміз

Сүйіп өскен жеріміз

Қасиетті Отанның

Ұланымыз бәріміз.

Асылым

2. Отан - сенің ата-анаң

Отан - досың, бауырың

Отан - өлкең астанаң

Отан- аудан, ауылың.

Инжу

3. Отаным менің - Қазақстан

Атыңнан сенің айналам

Бас иіп саған өтемін

Жасай бер жаса Қазақстан!

Медина

- Жарайсыңдар балалар, олай болса Отан туралы қандай мақал-мәтелдер білеміз?

«Отан елдің анасы», «Отан оттан да ыстық», «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас», «Отанды сүю отбасынан басталады», «Жері байдың – елі бай» т.б.

- Өте тамаша! Ал біздің Отанымыздың бас қаласы қалай аталады? (Астана жайында қысқаша слайдтан суреттер көрсету)

(Балалар жауабы)

Тақпақ:

Елордам менің – Астанам,

Астанам менің бас қалам.

Зәулім-зәулім үйлер көп,

Өркендеген Астанам.

Заңғар

Арайлы таң Астанам,

Бір өзіңмен мақтанам.

Есіл өзен бойымен,

Көркейген менің жас қалам.

Алижан

Педагог: - Балалар, әр мемлекеттің өз президенті және мақтан ететін рәміздері бар, ал біздің президентіміз кім?

Балалар: - Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев.

Педагог: ҚР-ның Президенті жайында қысқаша мәлімет беру. (тақпақ айту)

Елімде бейбіт тыныш заман болсын,

Тілеймін әр адамға бақыт қонсын.

Елімнің ел ағасы, елбасшысы,

Қасым-Жомарт Тоқаев аман болсын!

Педагог: ҚР-ның мемлекеттік рәміздерін кім айтады?

Балалар: Ту, Елтаңба, Гимн.

- Дұрыс айтасыңдар, мемлекеттің рәміздері: елтаңба, ту, гимн жатады. Осы рәміздер туралы жеке түсінік берейін. Мынау Қазақстан Республикасының Туы. Тудың түсі аспанның түсіне ұқсайды – көк, ортасында күн шуағы. Астында қыран құс ұшып келе жатыр. Қазақстанда тұратын барлық халықтардың өмірі күндей жарқырап, қырандай самғай берсін дегені. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туының авторы: суретші Шәкен Ниязбеков.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы. Елтаңбаның орталық элементі – шаңырақ. Шаңырақ бастауы – отбасы ошағын бейнелейді. Қанатты тұлпар – мәңгілі көмір, болашақ үміт артар жас ұрпақтың арманы, самғау биігі. Елтаңба төбесінде бес бұрышты жұлдыз бар. Әр адамның өмірінде жол көрсетер өз жұлдызы болады. Мемлекеттің де осындай жұлдызы болуы керек. Елтаңбаның төменгі жағында «Қазақстан» деген жазу бар. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасының авторлары сәулетшілер: Шота Уәлиханов пен Жандарбек Мәлібеков.

Ал Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимннің сөзін жазғандар: Жүмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев, музыкасын жазған Шәмші Қалдаяқов.

- Кім осы рәміздер жайында толықтырып тақпақтар айтып береді? (ортаға рәміздер жайында білетін балалар тақпақтарды айтады)

«Біздің ту»

Айнымайды аспаннан

Біздің тудың бояуы,

Оны халық қашанда

Биікке іліп қояды. Ария

«Гимн»

Әнұраны елімнің

Шақырады бірлікке.

Егеменді халқымның

Болашағы бірлікте. Айкүміс

Дидактикалық ойын: «Бәйтерек, ҚР-ның Туы және Елтаңбасын «құрастыру» (пазы). Балалар үш топқа бөлінеді, I топ «Бәйтеректі», II топ «Туды», III топ «Елтаңбаны» құрастырады.

Педагог: Жарайсыңдар, балалар. Ал енді балалар, біздің мемлекеттік тіліміз қай тіл болады? (балалар жауабы: мемлекеттік тіл – қазақ тілі).

Сергіту сәті.

Біз қандаймыз, қандаймыз

Шұғылалы таңдаймыз

Күлімдейміз күндейміз

Еш уайымды білмейміз.

Біздің Қазақстанда көп ұлттар тұрады. Олар қалай тұрады екен?

Балалар: - Олар бір-бірімен дос, тату тұрады.

Тақпақ:

Ортақ бізге бір Отан,

Төбемізде бір аспан

Барлық ұлттын баласы

Достығымыз жарасқан.

- Балалар, естеріңде болсын Қазақстан Республикасының рәміздерін, мемлекеттік тілін құрметтеп, өз еліңді, жеріңді қорғап, халқына адал еңбек ету керек. Сонда ғана адал азамат, азаматша болып ер жетесіңдер.

Қазақстанның әрі қарай бұдан да жақсы көркеюі үшін сендер мына салынған картаға өз тілектеріңді тілеп, жүрекшелерді жапсырыңдар.

**Қорытынды:** Балалар сендердің кішкентай ғана жүректеріңнен шыққан тілектерің қабыл болсын! Енді осы Отанымыздың адал азаматы болу үшін не істеуіміз керек?

Отанымызды қадірлеп, қастерлеу керекпіз. (Балалардың жауабы)

Балалар Қазақстанның туының суретін бояп сабақты аяқтайды.

## ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУ ҮРДІСТЕРІ

**Ахметова Айгерим Инкарбековна**  
Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі



Қазіргі таңда білім беру жүйесінде қосымша білім беру мектептен тыс ұйымдардың бірегей жүйесін сақтау және дамыту, жеке тұлғаны тәрбиелеу, оқыту және шығармашылық дамытуда олардың рөлін арттыру мақсатында ұйымдастырылады. Балаларға қосымша білім беру мазмұны, оны ұйымдастыру түрі, әдістері мен технологияларының сапасын көтеру, педагогикалық шығармашылық жұмысты бағдарлы түрде ұйымдастыру көзделген.

Қазақстандағы қосымша білім беру жүйесі білім беру кеңістігінің ең динамикалық және дамушы құрамды бөлігі болып табылады, ол стандартты жүйеге қарағанда ерекше ашық және еркін дамуды қалыптастырады. Балаларға қосымша білім беру - білім алушылардың білім алу қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқыту процесі, үздіксіз білім жүйесінің ажырамас бөлігі. Балалардың қосымша білім беру жүйесі - салауатты өмір салтын қалыптастыру, жеке тұлғаны өздігінен дамыту,

шығармашыл дарынды балаларды іздеу, қолдау көрсету және дамыту, өскелең ұрпақ тәрбиесіне және олардың дарындылығын дамытуға, балалардың құқықтарын қорғауға назар аударуды күшейтуге бағыттауға негізделген.

Қосымша білім беру өзінің ерекшелігіне орай бос уақытты (демалыс, көңіл көтеру, мереке, өздігінен білім алу, шығармашылық) ұйымдастырудың түрлерін білім беру іс-әрекетінің түрлі формаларымен үйлесімді байланыстыруға тырысады және нәтижесінде балалардың бос уақытын қамту мәселесін шешу арқылы девинатты мінез-құлық кеңістігін қысқартады.

Әр адам бос уақытын өзінше бір нәрсеге арнайды. Бірақ, бос уақытты ұтымды етіп өткізу әлдеқайда тиімді. Дұрыс тиімді ұйымдастырылған бос уақыт – олардың рухани өмірін, көзқарасын толықтырылуын қамтамасыз етеді. Баланың бос уақытын оның өз қалауымен өткізуге ат салысу, оған аса мән беру - қазіргі таңның басты мақсаты саналуы тиіс.

Бүгінгі таңда жаңа білімді адамды қалыптастыру барысында қосымша білім



беру мекемелеріндегі үйірме жұмыстары күннен-күнге ұлғая түсуде. Мектептен тыс орталықтарда жүргізілетін тәрбие жұмыстары, сабақ үстінде жүзеге асыратын тәрбие жұмысын толықтыра және тереңдете отырып, ең алдымен балалардың таланттары мен қабілеттерін неғұрлым толық ашудың, олардың бір нәрсеге қызығушылығы мен ынтасын оятудың құралы ретінде қызмет атқарады, ол балалардың бос уақытын ұйымдастырудың және олардың адамгершілік мінез құлыққа жаттығуын ұйымдастырудың формасы болып табылады.

Қосымша білім беру баланың ерікті таңдауы бойынша жеке дара және ұжымдық шығармашылық қызметте тәжірибе жинауына мүмкіндік туғызады. Бұл әлеуметті талап етілген сала, онда білім берудегі қызмет көрсетудің тапсырыс берушісі мен тұтынушылары жас азаматтар мен олардың ата-аналары (заңды өкілдер), сондай-ақ, қоғам мен мемлекет болып табылады. Білім берудің осы түрі өскелең ұрпақтың бейімділігін, қабілеттілігін және қызығушылықтарын, азаматтық және адамгершілік қасиеттерін дамытуға, өмірлік және кәсіби өзін-өзі белгілеуге мүмкіндік береді.

Балаларға қосымша білім берудің ерекше қырлары:

- әр баланың білім беру саласын (іс-әрекеттің бағытын және түрін), бағдарлама бейінін және оны игеру уақытын, педагогты еркін таңдауы үшін жағдайлар жасау;
- баланың ең сан алуан қызығушылықтарын, бейіндерін және қажеттіліктерін қанағаттандыратын іс-әрекет түрлерінің әртүрлілігі;
- тұлғаның тануға және шығармашылыққа деген мотивациясын, өзін-өзі іске асыруын және өзін-өзі анықтауын дамытуға септесетін білім беру үрдісінің тұлғалық-әрекеттік сипаты;
- балаға тұлғалық-бағдарлы амал-тәсіл, әрқайсысы үшін «табыс жағдайын» жасау;
- тұлғаның өзін-өзі іске асыруына, өзін-өзі тануына, өзін-өзі анықтауына жағдайлар жасау;
- баланың таңдауда байқап көру және қателесу құқығын, өзін-өзі анықтауда мүмкіндіктерін қайта қарау құқығын тану;
- баланың өзі таңдап алған қосымша білім беру бағдарламасы (іс-әрекет түрі, білім саласы) шекарасындағы алға жылжу нәтижелігін анықтаудың мұндай құралдарын қолдану баланың жеке намысына нұқсан келтірмей оған өзінің даму сатысын көруге көмектеседі және оны дамуға ынталандырады.

Балаларға қосымша білім беру қазіргі Қазақстандық қоғамда қалыптасқан жалпы білім беру кеңістігінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Ол әлеуметтік тұрғыда сұранысқа ие, бала тұлғасын тәрбиелеуді, оқытуды және дамытуды үйлесімді ұштастыратын білім беру сияқты қоғам мен мемлекет тарапынан тұрақты назар мен қолдауды талап етеді. Қосымша білім беру бала атқаратын кез келген іс-әрекеттің құрылымына енеді, іс-әрекеттің стандартталған түрлерінің алдын алуы, сондай-ақ оларға ілесуі мүмкін. Құрылымдық жағынан қосымша білім беру жалпы білім берудің жүйесіне, сонымен қатар білім беру – мәдени бос уақыт саласына енеді, аталмыш жүйелерді жақындастырады және толықтырады.

Халықаралық зерттеулер мектептен кейінгі және каникул кезеңдеріндегі білім берудің барлық түрлерін қолдау балалардың психологиялық және әлеуметтік дамуы үшін аса маңызды екенін растайды. Түбейгейлі өзгерістер орын алып жататын барынша жаһанданған қоғам, сонымен қатар қазіргі әлемдегі бос уақыттың өсіп келе жатқан рөлі белгілі бір қажеттіліктерді талап етеді.

Мұндай жағдайларда балалар мен жасөспірімдердің бос уақыты ерекше маңызға ие болады. Көптеген елдерде балалар мен жастарға өздерінің бос уақыттарын тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін арнайы саясат бар. Мектептен бос уақытты оларға арнайы ұйымдар ұсынатын арнайы бағытталған іс-әрекетпен шұғылдана отырып арнайы орындарда өткізу ұсынылады. Бұл жай ғана көңіл көтеру мен демалыс немесе дамуға бағытталған белгілі бір іс-әрекет түрі болуы мүмкін. Балалармен жұмыс істейтін кәсіпқойлар педагог немесе оқытушы деп аталады және көп жағдайда бейінді жоғары білімге ие болады. Көптеген елдерде педагогиканың бұл бөлігі жеке мамандану ретінде оқытылады. Ал балалар өз дарындары мен күзіреттіліктерін жағымды демалыс ауданында

дамыту мүмкіндігін иеленеді.

### Пайдаланған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі

1. Қосымша білім беру педагогикасы: Рухтандырушылық, денсаулық және шығармашылықтың басымдылықтары: оқу құралы / В.И. Андреевтің, А.И. Щетинскаяның редакциялауымен. 2-ші басылым, толықтырылған және қайта өңделген. Казань: Инновациялық технологиялар орталығы, 2005. 328 б.
2. Смольников Е.В. Балаларға қосымша білім беру жүйесінің отандық педагогикада қалыптасуы және дамуы: (тарихи-педагогикалық талдау) Ульяновск, 2006. 229 б.
3. Сущенко Т.А. Мектептен тыс мекемелердегі оқу үрдісін ұйымдастыру: оқу құралы. 2-ші басылым, түзетілген және толықтырылған. СПб: Лань, 2008. 187 б.
4. Фадеева А.П. Балалар мен жасөспірімдердің өзін-өзі қалыптастыру шарты ретінде қосымша білім беру мекемесінің білімдік ортасын дамыту. Ульяновск, 2010. 246 б.

## САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: БЕРЕКЕЛІ АЛТЫН КҮЗ

Байдиллаева Макбал Сабидиллаевна  
Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі



Мақсаты: Күз мезгілі туралы түсініктерін қалыптастыру.

Білімділік: Күзгі табиғат ерекшеліктерін көре білуге үйрету.

Дамытушылық: Тілдерін дамыту, байланыстырып сөйлеуге үйрету.

Тәрбиелік: Табиғаттың сұлулығын көре алуға және бағалай білуге тәрбиелеу. Көрнекіліктер: сюжетті – суреттер, жапырақтар

Әдіс- тәсілдер: көрсету, түсіндіру, сұрақ – жауап, әңгімелеу, талдау.

Сабақтың барысы:

Сәлеметсіңдер ме, балалар?

Мен сендерді көргеніме қуаныштымын. Ендеше күндей жадырап бүгінгі күнімізді бастайық. Шұғылалы күнмен, келген қонақтармен амандасып алайық. «Амандасу»

Сәлем деймін күнге мен!

Сәлем деймін мен саған!

Сәлем деймін апайға!

Қонақтарға, құстарға.

Жақсы көрем өмірді,

Жақсы көрем өзімді.

Жаңа сабақ

-Жарайсыңдар балалар!

-Ал, енді менің бір сұрағыма жауап беріңдерші!

- Бір жылда неше мезгіл бар?

-Төрт

- Дұрыс айтасыңдар, ендеше мен өлең оқимын, сендер өлеңде қай мезгіл

айтылғаны жайлы айтасыңдар.

Бұлғтар төніп, жерге төгіліп,

Дымқыл тұман басады.

Шөп сарғайып, өңі тайып,  
Дала нұры қашады.  
Ойнай алмай,  
Денең мұздап тоңады.  
Ал, балалар айтыңдаршы,  
Бұл қай кезде болады! (Күз)

Қазақстан өлкесінің табиғаты бейнеленген суретті көрсетіп, күз маусымындағы табиғат өзгерістері туралы әңгімелесеміз.

Сұрақ-жауап

- Қазір жылдың қай мезгілі?
- Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады?
- Күз мезгілінде бау- бақшада не піседі?
- Күзді берекелі жомарт күз деп неге атаймыз?

Күзде табиғат ерекше күйге енеді. Жапырақтар қоңыр, сарғыш, қызылсары түске енеді. Күн біртіндеп қысқарады. Жауын-шашын көбейіп, күн суытады. Құстар жылы жаққа ұшып кетеді.

Күзде жеміс-жидектер, көкөністер, бақша дақылдары, егістіктегі астық пісіп, қамбаларға жиналады. Сондықтан адамдар күзді «жомарт», «берекелі» деп атайды. Жомарт сөзі молдықты, дархандықты, мырзалықты білдіреді. Күз жылдың берекелі мезгілі.

Дидактикалық ойын

Бұл не және қандай?

Балалар себеттен көкөністер мен жемістерді таңдап, пішінін, түр-түсін, дәмін, пайдасын сипаттайды.

Сергіту сәті:

«Ақ бидай»

Жайқалады ақ бидай

Мойнын иіп аққудай

Трактор мен комбайн

Жүргізуге мен дайын

Балалардың алдын-ала дайындаған тақпақтары. Балалар күз мезгілі туралы, көкөністер мен жемістер туралы тақпақтарын айтады.

**Амина**

Жетті желмен алтын күз

Жеміс жинау салтымыз

Жиыптеріп болған соң

Той тойлайды халқымыз.

**Алкен**

Күзім-ау, күзім-ау,

Мінезің бұзық-ау.

Жаңбырыңсіркіреп,

Жауғаның қызық-ау.

**Саян**

Келді міне күз

Айнала сары түс

Керемет, тамаша

Қандай әсем күз.

**Қаршыға**

Сап-сары ғып даланы

Бояпты ғой күз деген

Құстар қанат қағады

Қоштасқандай бізбенен.

**Дамир**

Көрініп еліме

Күндері мереке

Келді ғой жеріме

Күз дейтін мереке.

**Камила**

Күздің қазан айында  
Алма, алмұрт піседі  
Жапырақтар сарғайып,  
Сыбдыр-сыбдыр түседі.

**Елнұр**

Берекесін сыйлауға  
Өлкемізге күз келді  
Жемістерін жинауға  
Шақырады біздерді.

**Нұрсұлу**

Жапырақ ұшты  
Суықта түсті  
Сонда да бізге  
Қызық көп күзде

**Алинұр**

Ел егінін жинайды  
Қырманға дән сыймайды  
Біздің дала бай дала  
Алтын астық айнала

**Қазына**

Өрік, алма, шие, алша  
Жидек, жүзім піседі  
Қауын, қарбыз, қияр, сәбіз  
Дүкендерге түседі.

**Айару**

Жемісі мол теретін  
Күз дос екен бізбенен  
Бәрін тауып беретін  
Жомарт екен күз деген.

**Ханшайым**

Қане тіке тұрайық  
Бау-бақшаға барайық  
Жемісті теріп алайық  
Қалтамызға салайық.

**Тәуекел**

Алтын, сары, қызыл, көк  
Алуан-алуан жапырақ  
Күзгі бақта күлімдеп  
Көз тартады атырап.

**Назар**

Алқаптан бидайды  
Қоймаға ел жинайды  
Тырнасы тізілген  
Ұнатам күзді мен.

**Әсия**

Қандай өзі береген  
Алмасын-ай алмасын  
Жемісі көп не деген  
Жеп тауыса алмайсың.

**Мұхаш**

Өрік, шие, балы бар  
Қауын қарбыз көбейді  
Жегің келсе бәрін ал  
Неге аласың демейді.

**Айсұлтан**

Күз келді сары алтын

Айналаның бәрі алтын  
Ән айтыңдар бақытты  
Молайтыңдар шаттықты.

**Іңкәр**

Картоп біздің атымыз  
Жер астында жатырмыз  
Бір тамырдан тараған  
Ағайынбыз бәріміз.

**Жұмбақтар:**

1. Қалың киім ұнатады, шешіндірсең жылатады (пияз)
2. Жер бетінде шашы бар (сәбіз)
3. Аспай піскен, қайнамай түскен (жеміс)
4. Ұзын мұртты сарылар, қойынында наны бар (бидай)

**Сергіту сәті:**

«Күзім-ау» әні

Дидактикалық ойын:

Екі себет қойылады, балалар көкөністер мен жемістерді дұрыс таңдап алып, берілген себеттерге салады.

**Қорытынды:**

Біз не білдік?

Сұрақ қоя отырып, оқу іс-әрекетін қорытындылау. Балалар өз ойларын айтады. Белсенді қатысқан балаларды мақтау, мадақтау. Балаларға жұлдызша беріледі.



## ОТКРЫТЫЙ УРОК ТЕМА: ПЕРЕЛЕТНЫЕ ПТИЦЫ

**Байтасова Зухра Усеновна**  
педагог дополнительного образования  
Дворца школьников

Цели урока: 1. Формирование представлений у детей о перелетных и зимующих птицах, расширить и активизировать словарь.

2. Развивать речевую активность, диалогическую речь, мышление

3. Воспитать бережное отношение к птицам и любовь к природе

Оборудование: аудиозапись «Пение птиц», плакат

«Перелетные птицы»

Ход урока

I. Оргмомент

1. Перекличка

2. Сосредоточить внимание детей к уроку

Теплый круг

Придуман кем-то просто и мудро

При встрече здороваться «Доброе утро!»

Доброе утро солнцу и птицам,

Доброе утро улыбчивым лицам!

II. Основная часть:

- Дети, вы по утрам слышите пение птиц?

(Нет)

- С наступлением осенних холодов, некоторые птицы начинают мерзнуть. Поэтому они готовятся к перелету и мы не сможем уже слышать их пение по утрам

- Но сейчас у вас есть возможность послушать удивительное пение птиц

(По аудиозаписи дети слушают пение птиц)

Далее дети рассказывают свои ощущения во время прослушивания

Беседа о перелетных птицах

Птицы, которые улетают в теплые края, называются перелетными птицами.

К перелетным птицам относятся: ласточка, скворец, грач, журавль, аист, лебеди, кукушка, орел, соловей, дикие утки и гуси

- Дети, если детенышей домашних птиц называют цыплятами, то детенышей диких птиц – птенцами

Назови птенцов! У журавля – журавленок

У лебедя – лебеденок

У грача – грачонок

У аиста – аистенок

У кукушки – кукушонок

У скворца – скворчонок

У совы – совеночек

Разминка

Аист, аист длинноногий

Покажи домой дорогу

Топай правой ногой,

Топай левой ногой

Снова правой ногой,

Снова левой ногой –

Вот тогда придешь домой

- Дети, а вы знаете в какие теплые края улетают перелетные птицы?

Перелетные птицы улетают в Африку, Азию, Индию, на Кавказ. Не все птицы могут осилить долгий и тяжелый перелет. Многие из них погибают, так и не долетев до теплых краев

А сейчас для вас, ребятки,

Загадаю я загадки

Вам, друзья, ответить нужно

Быстро, весело и дружно

Прилетает к нам с теплом

Путь проделав длинный

Лепит домик над окном

Из травы и глины (Ласточка)

Непоседа пестрая, птица длиннохвостая

Птица говорливая, самая болтливая

Вещунья белобока, а зовут ее... (сорока)

На шесте – дворец,

Во дворце – певец

А зовут его (Скворец)

Правила по охране птиц

Нельзя уничтожать насекомых, потому что птицы питаются насекомыми. Нельзя разрушать гнезда, потому что птицы выводят в них птенцов.

Нельзя стрелять в птиц, потому что их можно поранить

- Птицы съедают огромное количество насекомых, тем самым защищая растения, деревья и поля от вредителей

Скажите, дети, можно жить без птиц на свете?

Что случится, если птицы на земле вдруг пропадут

Червячки, жучки, букашки на деревьях поползут

И съедят кору, листочки, обглодают ветки, почки

Вот, что будет, если птицы все исчезнут, пропадут

И не будет щебетанья, дивных трелей соловья

И сороки стрекотанья, чик-чирика воробья

Скучно будет, знают дети жить без птиц на белом свете

III. Итог урока: Оценить работы детей

Что мы узнали?

## ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ: БАЛАЛАРДЫҢ БОЙЫНА ПАТРИОТТЫҚ ЖӘНЕ ЕҢБЕКСҮЙГІШТІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ДАМУ

Бахбердиева Перизат Маханбековна  
Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы жылғы «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру еліміз үшін айрықша маңызды. Әрбір азаматымыз, әсіресе, жастар ең жақсы қасиеттерді бойына сіңіруі қажет. Оның бәрі бірігіп, біртұтас қоғамдық қасиетке айналады.

Әркім отаншыл, білімпаз, еңбекқор, тәртіпті, адал, әділ, үнемшіл әрі жанашыр болса, алынбайтын асу жоқ. Абайдың «Толық адам» ілімінен бастау алатын «Адал азамат» тұжырымдамасының түпкі мәні – осы», - деп нақты айтып өтті. Яғни, елдің, ұлттың болашағы тәрбиелі жас ұрпақ қолында. Отаншылдық және мемлекетшілдік қасиет әр баланың бойынан табылуы қажет. Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелейтін патриоттық ұйымдардың жұмысын жандандыру қажеттілігі де нықталуда. Патриоттық ұйымдардың бірі де бірегейі - Қосымша білім беру ұйымы дер едім.

*Талай шәкірттің талабын шыңдап, жетістіктерге жетуіне қолдау танытатын қосымша білім беру орталығы әр баланың интеллектуалды дамуына, қызығушылығы мен дарынын айқындап, шығармашылық қабілетін шыңдауға, кәсіби бағдар алуына, сонымен қатар, өнердің барлық саласын меңгеруіне, отаншыл, елжанды болуына жағдай жасап келеді.*

Қосымша білім беру ұйымының негізгі мақсаттарының бірі - әр баланың бойындағы шығармашылық қабілетті оятып, еңбек етуге, бала бойындағы белгілі бір қабілетті, дарындылықты дамытуға ұмтылу. Ал осыдан шығатын маңызды міндеттің бірі — жеке шығармашылық тұлға тәрбиелей отырып, оның бойында ұлттық құндылықтарды сіңіріп, Адал ұрпақ етіп шығару. Біздің оқушылар сарайында осындай шығармашылыққа баулу жұмыстары түрлі бағытта жүргізіледі.

«... Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелейтін патриоттық ұйымдардың жұмысын жандандырған жөн», - деп ҚР Оқу-ағарту министрлігіне Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тапсырма берген болатын. ҚР Оқу-ағарту министрі Бейсембаев Ғани Бектайұлының басшылығымен Тәрбие жұмысы және қосымша білім департаменті құрылып, еліміздегі білікті мамандар тартылып, «БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ» жасалды. Кешенді жоспары да бекітіліп, білім беру ұйымдары жұмысқа кірісіп те кетті. Ұлттық құндылықтарымыз арқылы өскелең ұрпақты патриоттыққа тәрбиелеу. Әділетті Қазақстанның - Адал азаматын қалыптастыру. Қосымша білім беру педагогтарына да үлкен жауапкершілік жүктеп отыр. Әрбір баланы ұлттық құндылықпен сусындатып, бойына рухани азық етіп сіңіруді парыз санаймыз.

Қазіргі қоғамда жас ұрпақ еліміздің ерен батырларының ұл есімдерінің орнына заманауи қиял-ғажайып кейіпкерлерге еліктеп бара жатқандығыда айдан анық. Ұлттық құндылықтарымыз арқылы жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеуде халық даналығының берері тәлім-тәрбие екені бесенеден белгілі. Елдің елдігін сақтап, ұрпақтан ұрпаққа мирас етіп қалдыратын құндылықтарына деген жанашырлық танытуда отансүйгіштің рөлі ерекше. Айтылған ойларды негізге ала отырып, жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеудің бірнеше көздерін ұсынуға болады. Атап, айтар болсақ, балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің негізгі көздерінің бірі мақал-мәтелдер.

Мақал-мәтелдер дегеніміз айналада болып жатқан оқиғалар мен құбылыстарды ықшамдап, қысқа түрде бірақ үлкен мағынаға ие ой ұсынатын халықтық бейнелі поэтикалық жанрдың бір түрі, ғасырлардан екшеліп жеткен терең мазмұнды, тақырып аясы кең сөз мәйегі. Бала ес білгеннен бастап мақал-мәтелдерді біліп, оларды естіп өссе, бүддіршін бойына мақал-мәтелдердің терең мағынасы сіңіп тәрбиеленеді. Қазақ халқының мұраларының бірі мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәні терең, әр түрлі тақырыптарға

бағытталған. Соның ішінде отансүйгіштікке арналған мақалдар терең мағынаға ие. Мысалы: «Орағың өткір болса, қарың талмайды, Отаның берік болса, жауың алмайды», «Отан - отбасынан басталады», «Отан оттан да ыстық», «Отансыз адам - ормансыз бұлбұл». Әрбір айтылған мақал-мәтелдердің түпкі мағынасында Отанның қаншалықты қымбат екені жеткізіліп тұр. Осылайша, мақал-мәтелдеріміздің қаншалықты маңызды екенін біле отырып, оның құндылықтарын әрқашан естен шығармай, кейінгі ұрпаққа жеткізіп отырудың алғашқы шарттары жас ұрпақтан бастау алады.

Бала бойындағы отанға деген махаббатын оятудың тағы бір жолы қазақ батырларының қаһармандық бейнесі арқылы. Отансүйгіштік тәрбиенің озық үлгісі сонау Күлтегін, Білге қаған, Тонкөк есімдерінен бастау алып, елі- халқы үшін жанын беруге әз Жәнібек, Керей, Қасым, Тәуекел, Есім, Тәуке, Абылай сынды қазақ хандарының ерліктерімен жалғасын табады. XVI –XVIII ғасырларда найзаның ұшымен, білектің күшімен елін, жерін сақтап қалу мақсатында күрескен Қарасай, Қабанбай, Райымбек, Бөгенбай, Наурызбай, т.б. батырлар ісінен отансүйгіштік тәрбиенің лебі сезілді. Ұрпақ бойындағы ерлік сезімін оятып, туған жерге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруда жеңімпаз сарбаздарымыздың қайсарлықтары айтарлықтай үлес қоса алады. Осы батырларымыз ұмыт болмас үшін қазақ халқы бесік жырына қосып кішкентай сәби кезінен бойына сіңірткен: Айыр қалпақ киісіп, Ақырып жауға тиісіп, Батыр болар ма екенсің?- дей отырып, батырларымызды әндетіп отырған. Сонымен қатар, батырларымыздың ұлы істерінің негізінде пайда болған ертегілерді бастауыш сынып оқулықтарынан міндетті түрде кездестіре аламыз.

Балаларды патриотизмге тәрбиелеудің тағы бір көзі - ұлы тұлғаларымыздың еңбектері арқылы. Бірінші кезекте ұлы тұлғалар дегеніміз кімдер деген сұрақ туындайды. Қазақ халқының ұлы тұлғаларына Абай Құнанбаев, Шоқан Уалиханов, А.Байтұрсынов, Ш.Құдайбердіұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин т.б. жатқыза аламыз. Қазақтың бір туар азаматтары өмір жолдарында бос қалдырмай, үлкен еңбектерін келешек ұрпаққа тәрбие, үлгі ретінде тастап кеткендей. Жоғары айтылған ел азаматтарының кез-келген еңбектерінің кішкентай бөлігі болсын Отанын сүйуге, қастерлеуге арналған.

Келер ұрпаққа берер тәлім-тәрбиесі көп екені шексіз. Мысалы, А.Байтұрсынов көптеген мақалалар жазған, бірақта сол кезеңдердің кедергілеріне байланысты, мақалаларының көбі дер кезінде жарық көрмей қалған. Солардың бірі — «Бауду мектебі». Бұл мақалада көрсетілгендей, мектептің міндеті — берген баланы ата-анасының үміті мен мемлекеттің мақсатындағы көздеген түрде адам қылып шығару. Аталған міндет негізінде түбінде мемлекетінің мүддесін ойлайтын, нағыз отаншыл ұрпақ тәрбиеленіп шығатыны айдан анық. Қазақ азаматтарының, жастарының, тіптен кішкене балаларының бойында Отанына, ұлтына деген патриоттық сезімін оята білген М.Дулатовтың: Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты, өткізбей қараңғыда бекер жасты. Жер кетті, дін нашарлап, хал арам боп, Қарағым, енді жату жарамас-ты — деп, ішіндегі күйзелісінен туындаған өлеңі ұйықтап жатқан қара қазақтың ішкі жан-дүниесін оятқандай. Осындай артынан өшпес із қалдырған тұлғаларымыздың еңбектерін мәңгі ұмыт қылмай, білім мен тәрбиенің көзі бастауышта екенін ескере отырып, бүлдіршіндеріміз мектеп табалдырығынан аттаған сәттен бастап Отанның қаншалықты құнды екенін бойларына сіңіртіп тәрбиелегенде ғана, жасалған жұмыстар өз жемісін көрсетеді.

Қосымша білім беру орталығының педагогтары балалар бойында Отан туралы ұғым тілі, діні туралы, қазақ тарихы, мәдениеті, елдің жырын жырлайтын жыршылары мен сазгерлері, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін, туған-туыстарын сыйлау, қазақ батырлары, сөзге шешен, ел ішіндегі көсем адамдарды білу арқылы ұлтына, отанына деген құрметті қалыптастыру жолында тынбай еңбек етудеміз. Жоғарыда айтылған ойларды құр айтылған жерде қалдырмай сенімді түрде қолға алып қарастырар болсақ, өскелең ұрпақ елін, жерін сүйетін, қастерлейтін нағыз азамат болып өсері сөзсіз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі**

1. Мағжан Жұмабаев. «Жалпы педагогика»
2. 2009ж.11 «Адамгершілік сабақтары» - Алматы,2001ж.
3. Өркениеттер сұхбаты - Алматы,2017ж.
4. «qundylyq.kz» басты парақшасы



## «МЕН ОТАНЫМДЫ ҚОРҒАЙМЫН» АТТЫ ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ЖИЫННЫҢ СЦЕНАРИИ

Дүйсенов Аманжол Жаныбекұлы - «Рәміздік топ»  
үйірмесінің жетекшісі.  
Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі



Жиын өтетін орын тақырыпқа сай безендірілген. Патриоттық тақырыптағы сазды әуен ойналып тұрады. Марш ырғағы ойнап, арнайы киімдегі жиынға қатысушы мектеп топтары сап түзеп тұрады.

**Жүргізуші:** Қайырлы күн, құрметті қонақтар, қала мектептерінің рәміздік топтары! «Мен Отанымды қорғаймын» атты әскери-патриоттық жиынның салтанатты шеруін бастаймыз.

- Салтанатты шеруде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын алып жүру құрметі - қалалық Ту ұстаушылар байқауының жеңімпазы - №55 жалпы орта мектебінің ту ұстаушылар тобына берілді. (ҚР Мемлекеттік Туы жиын төріне әкелінеді)

- Сапты қалалық барабаншылар мектебінің үздіктері жалғайды. (Барабаншылар жиында сап түзеп тұрады)

- Қала мектептерінің арасынан топ жарған үздік мектептік рәміздік топ мүшелері сап түзейді.

- Сапта Лермонтов атындағы №17 жалпы орта білім беретін мектебінің кадеттер тобы келеді.

**Топ басшы:** Топ түзел, тік тұр. Саптық жүріспен әнді бастаймыз. (№17 жоббм кадет тобы патриоттық әнмен сапта жүріп жиынға кіреді.)

**Жүргізуші:** Салтанатты шеруді Терешкова атындағы №31 жалпы орта білім беретін мектебінің тобы жалғайды.

**Топ басшы:** Топ алға әнмен адым бас. (Ән орындайды) Тоқта! - пәрмені беріледі. № --- мектептік топтар шерумен жүріп өтіп, белгіленген орынға тұрады.

**Жүргізуші:** Жиынға қатысушы қала мектептерінің сазбаздары, кадеттері! Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туына түзел, тік тұр!

Қазақстан Республикасының Гимні орындалады.

**Жүргізуші:** Құрметті қонақтар, жас патриоттар! Биыл «Мен Отанымды қорғаймын» атты әскери-патриоттық жиыны ұйымдастырылып отыр! Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында «Бұл – қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес», деп атап өтті. Тәу етер Тәуелсіздігіміз құтты болсын!

Бүгінгі жиынға Шымкент қаласы Әл Фараби ауданының прокурорлары, Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Шымкент қаласы бойынша департаментінің «Шымкент - адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің өкілдері, Шымкент қаласы білім басқармасының Әдістемелік орталығының әдіскерлері, мекеме басшылары мен ұстаздары қатысып отыр.

Үгіт тобының өнері

**Жүргізуші:** Бүгінгі жиын құқық қорғаушылар күніне арналып отыр.

Заңдылықты сақтау – біздің басты міндетіміз. Ал заңдылық сақталған жерде әділет салтанат құрады. «Тәртіпке бағынған адам құл емес» деген Бауыржан атамыздың ұлағатты сөзі заң қызмет-керіне де, басқамызға да үлгі-өнеге болуы тиіс.

Сөз Шымкент қаласы Әл Фараби ауданының прокуроры Хандиллаев Қантөре Мырзанұлына

беріледі.

Қонаққа сөз. Қатысушы мектеп топтарын марапаттау

«Алтын ғасыр» вокалды тобы

Барабаншылардың көрсетілімі

**Жүргізуші:** Енді назарларыңызға 6506 әскери бөлімі сарбаздарының көрсетілімін көруге шақырамыз.

6506 әскери бөлімі сарбаздарының көрсетілімі

**Жүргізуші:** Азаматтардың бостандығы мен әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қорғау, заңдылық пен құқық тәртібін сақтау жолында атқарып жүрген ерен еңбектеріңізде толайым табыстарға жете берулеріңізге тілектеспіз.

**Қатысушылардың ұрандамасы**

Жүргізуші: - Біздің тірегіміз – (балалар бірге) Тәуелсіздік!

- Тәуелсіздік - (балалар бірге) басты құндылық!

- Біздің мақсатымыз –(балалар бірге) бақытты, гүлденген Қазақстан!

- Елдігіміздің белгісі – (балалар бірге) Көгілдір ту!

- Тілегіміз — (балалар бірге) Тұрақтылық!

- Ел болашағы – (балалар бірге) Адал ұрпақ!

- Біздің ұран – (балалар бірге) Адалдық жолы!

- Қазақстан - (балалар бірге) жасасын!

- Мәңгілік ел - (балалар бірге) жасасын!

**Финал.** «Көк тудың желбірегені» әні

**Жүргізуші:** Осымен Қазақстан Тәуелсіздігі күніне арналған салтанатты жиынды аяқтаймыз! Тәуелсіздігіміз құтты болсын! Келесі кездескенше күн нұрлы болғай!

Жиынға қатысушылардың естелікке суретке түсуі

## ОТКРЫТИЙ УРОК ТЕМА: МОЛОЧНЫЕ ПРОДУКТЫ

Дулатбаева Гульнара Рахимовна –педагог дополнительного образования, Дворца школьников, педагог-эксперт



Цель: 1. Расширить знания детей о молоке и молочных продуктах;

познакомить детей с ассортиментом молочных продуктов и их полезными свойствами

2. Развить устную речь, внимание, слуховую память, логическое мышление, быстроту реакции

3. Воспитать бережное отношение к молочным продуктам; пробудить интерес к предмету

**Оборудование:** интерактивная доска, картинки с изображением молочных

продуктов, натуральные молочные продукты: молоко, сметана, кефир, масло, творог, курт, йогурт, сыр; карточки со словами Молоко, Масло, Сыр

### Ход урока

#### I. Организационный момент

1. Подготовить кабинет к уроку

2. Сосредоточить внимание детей к уроку

Теплый крут (слайд)

Давай с тобой обнимемся

И над землей поднимемся

Тепло сердец соединим

И станем солнышком одним

Мы сначала будем хлопать,  
А потом мы будем топтать  
А сейчас мы повернемся,  
И друг другу улыбнемся!

## II. Вступление

Загадка

От него – здоровье, сила  
И румянец на щеке  
Белое, а не белила,  
Жидкое, а не вода. Что это? (Молоко)

Правильно! Сегодня на уроке мы будем говорить о молоке и молочных продуктах, а так же узнаем о полезных свойствах молока

- Дети, а вы любите молоко? (Да!)

## III. Основная часть

Рассказ о молоке

- Молоко – первая еда, которую получает новорожденный ребенок от мамы.

Это говорит о том, что молоко очень полезный продукт. В молоке есть все необходимые витамины, которые полезны нашему организму. А это значит, если мы часто будем пить молоко, у нас будут крепкие кости, ровные зубы, красивые волосы и твердые ногти

Разминка (слайд)

Пейте, дети, молоко будете здоровы!

Тот, кто пьет молоко,  
Будет бегать далеко,  
Будет прыгать высоко,  
Тот, кто пьет молоко

- А что можно сделать из молока?

Об этом сейчас дети расскажут в своих стихах

Стишки про молочные продукты (слайд)

Марьям:

С детства пью я молоко,  
В нем и сила и тепло!  
Ведь оно волшебное,  
Доброе, полезное!  
С ним расту я по часам  
И совет хороший дам –  
Вместо пепси, лимонада  
Молоко пить больше надо!

Нурулан:

Молоко полезно очень  
И для взрослых и ребят  
Кашу, йогурт и сметану  
Большой ложкою едят

Мариям:

Коровушка, коровушка!  
Рогатая головушка  
Малых деток не бодай,  
Молока им лучше дай!

Дамир:

Молоко всем помогает:  
Зубы, десны укрепляет

Чувствуешь себя легко,  
Если пьешь ты молоко

Каролина:  
Как теперь мне быть?  
Мне стало не легко  
Больше я не пью мамы молоко  
Но зато теперь  
Я пью всегда кефир  
И в моем животике  
Поселился мир

Негина:  
Настоящая сметана  
Жирная кровья  
Густая и полезная  
Ну просто объедение

Алинур:  
Если молоко взбивать,  
Можно масло получать  
Мы на хлеб его намажем  
И добавим к разным кашам  
Кашу маслом не испортят  
Бело-желтые кусочки

Дария:  
Я хочу и суп и фрукты  
И молочные продукты  
Я люблю из гречки кашки,  
Чтоб лежала она в чашке  
Гречневую кашу  
Очень я люблю,  
Потому что от нее  
Я быстрее расту!

Айару:  
Творог, творог, творожок,  
Ням, ням, ням – как вкусно!  
Творог, творог, наш дружок  
Зубки укрепляет

Айзере:  
Йогурт вкусный, йогурт сладкий  
В сто раз лучше шоколадки  
Он на молоке коровьем,  
Он полезен для здоровья

Томирис:  
Это – радость сладкая  
С коркой шоколадною  
И мороженое это  
Очень любят дети летом

Путь молока от коровы до покупателя (слайд)  
- Коровы пасутся на лугу и едят...(траву).

- Коров загоняют на ферму, там их доят и получают...(молоко)
- Молоко увозят в специальных машинах. Как называется машина, которая возит молоко? (молоковоз)
- Молоковозы увозят молоко на молочные заводы. На заводах что выпускают? (молочные продукты)
- Потом эти продукты развозят по магазинам, супер маркетам а из супер-маркетов покупают люди

Какой долгий путь совершает молоко, чтобы попасть к нам на стол. Поэтому мы должны бережно относиться к молочным продуктам. А для этого, где мы должны хранить молочные продукты? (В холодильнике)

Для чего нужно хранить продукты в холодильнике?  
(Чтобы не прокисли, не испортились)

- Дети, а вы знаете в какие продукты добавляют молоко?  
(чай, какао, кофе, каша, картофельное пюре, тесто, амлет из яиц, хлопья...)

Работа на доске.

Прочитайте и разделите слова на слоги! А в начале повторим правило:

Сколько в слове гласных, столько и слогов

Это знает каждый из учеников

Масло, мас-ло (2 слога)

Сыр, (не делится)

Игра: Найди лишнее!

На картинке изображены продукты. Дети называют все продукты, затем зачеркивают лишний продукт

Нейрогимнастика

Игра: Угадай на вкус!

Дети с закрытыми глазами пробуют молочный продукт и угадывают на вкус

Загадки (слайд)

Что за белые крупинки?

Не зерно и не снежинки

Скисло молоко – и в срок

Получили мы...(творог)

Его получают из молока,

На вкус он приятный – кислый слегка

Наверное знает сегодня весь мир

Что детям и взрослым полезен...(кефир)

То, что он продукт молочный

Вам любой расскажет точно

Больше всех содержит дыр

Ароматный вкусный...(сыр)

IV. Итог урока. Оценить работы детей. Что мы узнали на уроке?

Задание на дом: Посмотреть мультфильм «Волк и семеро козлят»

## КОМПЬЮТЕР ЖӘНЕ ИНТЕРНЕТ АРҚЫЛЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕНУ ЖОЛДАРЫ

**Жанаква Айнур Аманкиддиевна**  
Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі



Шет тілін оқыту процесінде тілді дұрыс үйрету ауызша сөйлеу, сауатты жазу, мәнерлеп оқыту өте маңызды. Қазіргі кезеңде білім беру бағдарламасында ағылшын тілін оқыту дұрыс жолға қойылған. Ағылшын тілін оқытудағы білімділік мақсаты - шетел тілінде сөйлеуді үйрету, байланыста бола алу мен ортақ тіл табысып, қарым - қатынасты нығайтуға ұмтылу болса, тәрбиелік мақсаты - өзге адамдарды тыңдау мәдениетін қалыптастыру негізінде өз пікірін айта алу және қорғауға үйрету.

Шетелде болмай, сол елдің тілінде сөйлей алу қабілетіне ие болу оңай емес. Сондықтан педагогтың маңызды тапсырмасының бірі ағылшын тілі үйірмесінде жаңа технологиялардың түрлі амалдарын қолдана отырып, сөйлеудің шын ситуацияларын құру болып табылады. Ағылшын тіліне оқытуда интернеттің беретін мүмкіндіктер мен қызмет түрлері алуан, олар: балалар үйреніп жүрген тілінде электронды пошта арқылы хат алысып, виртуалды қатынас клубтары – конференцияларға қатыса алады. Интернеттің

тағы да бір мүмкіншілігі ақпаратты қандай да бір арақашықтықта тез арада жеткізу, сонымен қатар алынған ақпаратты түрлі тіл тасушыларға ауыстырып салуға болады. Интернет ағылшын тілінде балаларға тіл тасушыны тыңдауға, олармен қарым-қатынас жасап, орта қалыптастыруға септігін тигізеді.

Интернеттің көмегімен бала фонетикалық, грамматикалық, лексикалық жаттығулар, оқуға және грамматикаға арналған тесттермен жұмыс жасай алады. Ағылшын тілі үйірмесінде материалды интернеттен пайдалана отырып, көптеген дидактикалық мәселелерді шешуге болады. Үйірмешілерге мультимедиялық технологияларды пайдалану, оқып жатқан құбылыстар мен объект жайында толық және дәл ақпарат береді. Бұл білім сапасын арттырады, үйірмешілердің танымдық қызығушылықтарын қанағаттандырады және жетілдіреді. Оқытудың көрнекіліктерін жетілдіреді, тіпті қол жеткізе алмайтын материалды пайдалануға мүмкіндік береді. Үйірмешілердің оқу материалын оқып-үйренуде жылдамдығын арттырады, сабақта және сабақтан тыс өз бетінше жұмыс істеуі үшін жұмыс көлемін ұлғайтады.

Ағылшын тілді оқытуда жаңа технологияларды, техникалық құралдарды сабақта жан-жақты қолдану, педагогтің көптеген қиындаған қызметтерін жеңілдетіп, осы іскерліктің ұстанымды жаңа тәсілдерінің пайда болуына мүмкіндік туғызады. Осындай жаңа жолдардың біріне ақпараттық оқыту жүйесіндегі компьютерлік бағдарламалардың түрлері арқылы тіл үйретуді жатқызуға болады.

Ағылшын тілі сабағында компьютерді, мультимедиялық және электрондық оқулықтарды және интерактивті тақтаны пайдаланғанда:

- лексиканы оқып үйретеді;
- сөйлеу ырғағын;
- диалог, монолог және рөлдік ойындарды;
- хат жазуға үйретеді;

- грамматикалық құрылымдарды түсіндіріп, балалардың есінде сақтауға көмектеседі.

Үйірмешілердің ағылшын тілі пәніне деген қызығушылығын арттыруда көп ізденіп, жаңа ақпараттық технологияларды меңгеруді, әртүрлі әдіс-тәсілдерді білуді қажет деп санаймын және мен өз үйірме сабақтарымда қолданамын. Және мен өз сабағымда «Messages» электронды оқулықтарын жиі қолданамын.

Жаңа ақпараттық құралдарды ағылшын тілі сабағында қолданғанда күтілетін нәтижелер:

- үлгерімі төмен балаларға көмектеседі;
- үйірмешілердің сабаққа деген қызығушылығын арттырады;
- сабақта пайдаланылатын көрнекіліктердің санын арттырады;
- үйірмешілердің шығармашылығын арттырады;
- үйірмешілерді жеке жұмыс істеуге үйретеді;
- грамматикалық құрылымдарды оңай түсінуге көмектеседі;
- үйірмешілердің есте сақтау, есту, көру, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамытады;
- пікірталас, талдау, анализ жасау мүмкіндіктерін арттырады;

Көбіне мен ағылшын пәнінде компьютерді жаңа сабақ түсіндіргенде, грамматикалық құрылымдарды өткенде және қорытынды сабақта қолданамын.

Қазіргі заманда ғылымсыз жан - жақты дамыған өркениетті елдердің қатарына қосылу мүмкін емес. Ал педагогтардың бүгінгі заманға сай берілген сабақтары осы мәселелерді шешуші күш болып отыр.

Пән мұғалімдері арасында да үнемі үзілмес байланыс болуы керек деймін. Мысалы: тілі дамыту педагогтары бір тақырыпты бір уақытта бастап, пәндер арасында тым құрығанда атауларын бала үш тілде біліп, байланыстыра отырып тіркес, сөйлем, қысқа біліп, байланыстыра отырып тіркес, сөйлем, қысқа әңгіме құра білсе бір оқу жылы ішінде біршама жетістікке жетер еді демекпін. Әрине, барлығын байланыстыру, жүйелеу оңай жұмыс емес, бірақ белгілі бір жетістікке жету үшін, нәтижесін көруге болатын сияқты. Өркениет көшінен қалмай, соған сәйкес қадам жасауға, толыққанды білім алуға қол жеткізуге үлесімізді қосуымыз керек.

Компьютердің білім беру құралы ретінде кең таралуының негізі мәтіндерді оқу, сұхбат жасау, жазу, тыңдау әрекеттері. Тіл үйренуде бұл мүмкіншіліктер ең маңызды болмақ. Ағылшын тілі үйірмесінде компьютерді қолдану мәтіндер мен ақпаратты білуге жол ашады.

Қазақстан Республикасының мемлекетаралық тілі - ағылшын тілін жаңа технологиялар арқылы оқыту ісі күннен-күнге өзекті болып келеді. Тілді ақпараттық-коммуникативтік технология арқылы оқыту - тіл үйренушінің өз бетімен тіл үйрену қабілеттерін жетілдіруіне игі ықпал ететін тиімді жүйе болып табылады. Сонымен қатар балалар интеллектуалдық, шығармашылық және коммуникативтік істерін дамыта алады, баланың оқу белсенділігі артады, сабақтың негізгі кезеңдерінің бәрінде балаларға шығармашылық жұмысты ұсынуға болады.

Қорыта келгенде, ағылшын тілі сабағында интернет, компьютер және т.б. жаңа ақпараттық құралдарды пайдалану заман талабы. Жаңа замандағы - Жаңа Қазақстанымыздың дамып келе жатқан қадамында оқу процесіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізілуі келешекте ағылшын тілін оқуда кедергілердің азаярына көз жеткізеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер мен детеккөздер тізімі**

1. Нұрлыбай А.М., Ниязбекова А.А. «Ағылшын тілі сабағында интернет ресурстарын қолдану тәсілдері»
2. Павлова Е.А. «Преимущества использования Интернет-ресурсов при обучении иностранному языку»
3. Карташова А. «Использование интернета в обучении иностранному языку»
4. Ұлтанбекова Е. «Ағылшын тілі сабақтарында жаңа әдіс-тәсілдер арқылы студенттердің таным қабілеттерін арттыру жолдары»

## ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ - ЗАМАН ТАЛАБЫ

**«Оқушылар сарайы» МКҚК Цифрлық технологияны енгізу және оның қолдану аясын кеңейтуге жауапты педагог-ұйымдастырушы, педагог-сарапшы Жанен Жадыра Әбілхасымқызы**



Біз компьютерлер соншалықты ақылға қонымды болатын әлемге бет бұрып жатырмыз. Қазірдің өзінде компьютерлер шығармашылық, зерттеу, зияткерлік жұмыстарды орындай алады. Мысалы, цифрландыру контекстінде цифрлық сауаттылықтың құрамдас бөлігі ретінде бағдарламалауға деген көзқарас өзгеріп келеді. Сауаттылық белгілі бір саладағы білім мен дағдыларды меңгеру деңгейін және оларды іс жүзінде қолдану қабілетін білдіреді. Егер сіз негізгі ақпаратты алсаңыз: оқу, санау, жазу – бұл әлемге белгілі бір ақпаратты жеткізу және оны қабылдау, яғни, сауатты адам – өзі көрінеді және айналасындағыларды көреді, ол басқаларды естиді және олар оны естиді. Біз өмір сүріп жатқан әлеуметтік және технологиялық мәдени орта жаңартылған кезде біз жаңа дағдыларды үйренуіміз керек. Егер тілдік сауаттылықты арттыру үшін қарым-қатынас жасау және кітап оқу практикасы қажет болса, цифрлық сауаттылықты дамыту үшін техникалық құралдарды (мобильді гаджеттер мен компьютерлер), цифрлық ортаның мүмкіндіктері мен коммуникацияларын

мәдени пайдалану практикасы қажет. Қазіргі заманғы коммуникация тілін меңгеру білім алушыларға өз білімдерін беру үшін де қажет. Әйтпесе, цифрлық сауатсыздық ұрпақтар арасында кедергі болады. Қазір мектеп ортасы мен балалар үйде өмір сүруге дағдыланған орта арасында үлкен алшақтық бар. Бұл мектептерді компьютермен және цифрлық зертханалармен жабдықтау ғана емес, сонымен қатар педагогтердің цифрлық байланыс құралдарын пайдалануға дайындығын да. Мысалы, бала білім беру ошағында фактілерді есте сақтаудың орнына интернеттен іздеуді және ақпаратты өңдеуді қажет ететін тапсырма алады. Мектеп пен үй арасындағы цифрлық ортаны бөлудің орнына, бұл алшақтықты жою маңызды.

Цифрлық сауаттылық - бұл қазіргі қоғам өзінің барлық технологияларымен ашатын мүмкіндіктерді пайдалана білуі, адамдармен жаңа әлеуметтік форматта қарым-қатынас жасай білуі және бір-біріне этикалық және мұқият болуы. Цифрлық сауаттылық веб-сайттардың сенімділігін бағалаудан бастап медиа мазмұнды құруға және бөлісуге дейінгі көптеген дағдыларды қамтиды.

Цифрлық технологияның жедел дамуы мен адам қызметінің барлық саласын цифрландырудың жылдам дамуына байланысты балаларға STEM білім беру маңызды және өзекті мәселе. Және де білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде ерекше назар аударуды талап етеді. Осы мақсатта шымкент қаласының Оқушылар сарайында компьютермен жұмыс жүргізу, робототехниканы игеру бағытындағы үйірмелер балалардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру; техникалық және бағдарламалық құралдар жүйесі ретінде ақпараттық технологиялар және оны пайдалану әдістері, қазіргі қоғамдағы орны мен даму көрінісі туралы түсінік қалыптастыру; шығармашылық тапсырмаларға, шағын жобаларға, оның ішінде топтық, жұптық жоба қорғау жұмысын ұйымдастыру, дербес практика жүзінде қолдануды үйрету жұмысын жүйелі жүргізіп келеді.







Үйірмешілердің оқу бағдарламасын меңгергені ай сайын жүргізілген бағалау мониторингі арқылы анықталып отырады. Оқыту сапасын бақылау әкімшілік тарапынан ұйымдастырылған сабаққа ену, сабаққа талдау жасау арқылы жүргізілді.

Білім алушылар қалалық және республикалық деңгейдегі байқау-жарыстарға қатысып, сертификаттар мен диплом, мадақтамалары иеленіп жүр. Атап айтқанда, республикалық жас техниктер мен өнертапқыштар байқауы, қалалық «Robopark» байқауы және робототехника көрмелері мен сайыстарына қатысып, жүлделі орындар иеленді.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында педагогтердің ақпараттық-коммуникациялық құзырлылығын қалыптастырып, дамытуға ықпал ету, цифрлы технологияны оқу-тәрбие материалын және статистикалық талдауға жүйелі-ақпараттық тәсілін қалыптастыру; ақпараттық

процестерді, сонымен қатар ақпаратты түрлендіру, тасымалдау, сақтау, қолдану әдістерін дамыту және кеңейту бойынша Оқушылар сарайында арнайы маман бекітіліп, жоспар құрылып, жүйелі жұмыс жүргізіледі. Педагогтердің цифрлық сауаттылығын арттыру бағытында төмендегідей тақырыптарды қамтыған жоспар құрылады:

- Жаңа цифрлық технологиялар бойынша педагогтердің біліктіліктерін және цифрлық сауаттылығын арттыру;

- Білім беруді басқару-бақылаудың электронды жүйесін құру және енгізу;

- Оқу-тәрбие жұмысында интернет байланысы, веб-портал, әлеуметтік желілер, мобильді қосымшалар, SMS-хабарламалар арқылы ақпарат және қызметтердің қолжетімділігін арттыру;

- Ұлттық білімдік деректер базасы бойынша мекеменің цифрлық ақпаратын түгендеу;

- Педагогтер мен ата-аналардың MINDAL қосымша білім берудің электронды жүйесіне балаларды енгізуіне әдістемелік көмек көрсету;

- eGov.kz арқылы педагогтердің өзіне қызмет көрсету мүмкіндігін кеңейту;

- Көпшілік іс-шараларда LED экраннан көрсетілетін материалды бағдарламаға сай дайындау жұмысы;

- Мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдармен электронды хат алмасу және т.б. операциялар;

- ҰБТ арқылы педагогтерді біліктілік санатын көтеру бойынша құжаттар дайындау;

- Біліктілікті арттыру курстары арқылы STEM-элементтердің (робототехника, 3D-принтинг, инженерлік оқыту және басқалары) бағдарламалау тілдерін үйрену;

- Мекеменің әлеуметтік желілердегі (Фейсбук, Инстаграмм, Ютуб) парақшаларына есептік материалдар жүктеу;

- Баспа басылымдарының электрондық нұсқаларын пайдалану, т.б. тақырыптарды қамтиды.

Цифрлық сауаттылықты дамыту ақпараттық технологиялар дәуірінде елдің тұрақты дамуын қамтамасыз етудің негізгі факторы болып табылады. Барлық мүдделі тараптардың бірлескен күш-жігері осы кезеңді еңсеруге және цифрлық сауаттылықты дамыту үшін перспективалар жасауға көмектеседі.



## РОБОТ ТЕХНИКАСЫНЫҢ ТАРИХЫ МЕН БОЛАШАҒЫ

**Жарасов Талғат Өмірұзақұлы - «Робототехника» үйірмесінің жетекшісі**  
**Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі, педагог-сарапшы**



XXI ғасыр – ғылым мен техниканың дамыған дәуірі. Қазіргі таңда қарқынды дамып келе жатқан болашақтың жоғарғы технологияларының бірі – роботтар. Роботтар өміріміздің көптеген саласына еніп, ғарышты игеру, денсаулық сақтау, өндіріс, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қорғаныс ісі және басқа да салаларда өзінің жұмысын қарқынды әрі қалтқысыз атқаруда.

Әрине, роботтың адамға тигізетін пайдасы зор. Адам өзінің физикалық және ой еңбегін жеңілдету мақсатында роботтарды ойлап тапқан. Оны үнемі жетілдіріп, дамытып отырады. Адам ағзасы ыстық пен суыққа төзімсіз. Сондықтан да адамның журуіне қауіпті жерлерде, жер асты, ай бетіндегі зерттеу

жұмыстарында, адамның денсаулығына зиян келетін өндіріс орындарында, дәлдікті қажет ететін медицина, есептеу салаларында роботтың атқаратын қызметі, адамға әкелетін пайдасы ұшан-теңіз. Қазірдің өзінде роботтар қонақүй жұмысшыларын алмастыра алады, жол козғалысын реттей алады, көлік жүргізіп, басқа да қызметтерді алады.

Қазақстан Республикасында өнеркәсіптің жедел индустрияландырылуы, жаңа технологиялардың қарқынды дамуы өскелең ұрпақты жоғарғы білікті техникалық сала мамандары ретінде даярлауды талап етеді. Осыған орай, роботтарды күнделікті өмірде, өндірісте пайдалану үшін қолданушылар роботты басқару біліміне, дағдыларына ие болу керек. Сол үшін робот техникасына қызығушылық, базалық білім және дағды қалыптастыру қажеттілігі туындап отыр. Бүгінгі таңда мектептегі информатика пәні мұғалімдері де оқушыларға роботтық техниканы арнайы үйретіп жүр.

Робот техникасы дегеніміз – зияткерлік автоматтандырылған техникалық жүйелерді әзірлеу және пайдаланумен айналысатын қолданбалы ғылым[1.25б.]. Роботтық техника электроника, механика, қашықтан басқару, информатика, радио және электроника сияқты пәндерге негізделген.

Роботтардың шығу кезеңі 1921 жылдың қаңтар айынан басталды. Прага қаласында драматург Карела Чапектің жаңа қойылымы болды. Онда R.U.R. роботтары адамзатқа көмегін тигізіп, кейін оларға қарсы шығады. Міне осы драматург біздің сөйлеу мәнерімізге «робот» сөзін енгізген. «Робот -чех сөзі robot, robota — еріксіз еңбек», «rob-құл»-деген мағынаны білдіреді[1.33б.]. Ол алғашқы ұғымында “жұмысқа шебер адам” мағынасында қолданылды, адам тәрізді әрекеттер, қимылдар жасайтын машина; адам жүрісі мен қимылын еліктететін автоматтандырылған, адам қажетіне еңбек етуге бағытталған, күрделі құрылғы. Робототехника ұғымын қалыптастырушы - Айзек Азимов.

1942 жылы ғылыми-фантастикалық мәнерде жазатын жазушы Айзек Азимов робототехниканың үш заңын ойлап табады. Робототехника қандай да роботтарды зерттеп әзірлемесе де, ол роботтар Айзек Азимовтың үш заңына бағынуы тиіс. Ол заңдарды

1942 жылы жазылған «Хоровод» атты әңгімесінде баяндаған. Ол заңдар мынадай оймен жазылған:

1.Бір де бір робот адамға залал келтіре алмайды, немесе әрекетсіздігімен залал келуіне жол бермейді.

2.Бірінші заңға қарсы келмесе, робот адамның барлық бұйрықтарын орындауға тиіс.

3. Бірінші және екінші заңдарға қайшы келмесе, робот өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету керек [2.75б.].

1927 жылы Нью-Йорк қаласында америкалық инженер Д.Уэкли дүниежүзілік көрмеде өзі құрастырып шыққан алғашқы роботты көрсетті. Инженер Уэклидің роботының жұмыс істеу мүмкіндіктері аз болды, ол тек қарапайым ғана қимылдарды орындайтын.

1948 жылы Норберт Винер тәжірибелік робототехниканың негізін құрайтын кибернетиканың қағидаларын тұжырымдаған. Толығымен автономды роботтар ХХ ғасырдың екінші жартысында ғана пайда болды. Ең бірінші сандық басқаруы бар бағдарламанатын робот Unimate болған. Ол робот ыстық темір бөлшектерді балқыту машинасынан көтеріп, жинауға арналған.

1950 жылы өнері өрге жүзген Леонардо Да Винчидің жазбалары табылған болатын. Ол жазбаларда адам тектес роботтың сызбалары болған. Ұлы суретші, ғалым, сәулетші, жазушы, өнертапқыш Леонардо Да Винчидің XV ғасырда өмір сүргенін ескерсек, роботтың алғашқы сызбасының парақ беттеріне сол ғасырда түскендігін білуге болады. Оның сызба нұсқаларына байланысты зерттеуші Марио Таддеи толықтай түсіндірме беріп, «Leonardo da Vinci's robots» деген кітап басып шығарды.

1869 жылы орыс механик құрастырушысы Иван Петрович Кулибин 3 жыл ішінде жұмыртқа тәрісдес пішінді ойлап тапты. Ол әмбебап сағат театрлық қойылым көрсетіп әуен ойнайтын болған.

1770 жылы швецияриялық сағат жасаушы Пьер-Жак Дро автомат хатшы құрастырды. Хатшы қыз бала үстел үстінде әдемі әріптерді, сөздерді жазып, тіпті иттің суретін де сала алатын болған[3.112б.].

Қазіргі жаһандану дәуірінде Жапония халқы робототехнология жөнінен әлемде көш бастап тұр. Тіпті Жапонияның кез келген компаниясында кемінде 4-5 роботтан болады екен. Осыдан он шақты жылдар бұрын роботтардың іс әрекеті шектелген десеңіз, қазіргі күндегі робот сабақ оқытады, ас даярлайды және де әр түрлі музыкалық аспаптарда ойнай алады. Ал енді болашақтың роботтары, мамандардың айтуынша, үй шаруаларына көмектесіп, адамдарға әр қандай тақырыптар бойынша кеңестер бере алады-мыс.

Робот техниканың дамуы барысында адамдарды бір сарынды ауыр жұмыстардан, жоғары радиациялы, жоғары немесе төмен температура жағдайларындағы және адам қатынауы қиын жерлердегі жұмыстардан босататын автоматтық құрылғылар мен механизмдер түрінде жасалып, олар үнемі жетілдіріле түсуде. Мұндай құрылғылар мен механизмдер өнеркәсіптік роботтар деп аталады[4.17б.].

Роботтехника бағытының даму болашағы зор. Роботтехника негіздерін оқып-үйренуде бірқатар жалпы білім беретін пәндерден білімдерін пайдалану қажет. Роботтехника оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамытуға және практикалық тапсырмаларды шеше білуге ықпал етеді. Сонымен қатар бұл жастарды ғылым, технология, математика арқылы жаңашылдыққа шабыттандыратын, бүгінгі күннің мәселелерін шешу үшін өз дағдыларын қолдануға, жағдайды талдауға, шығармашылықпен ойлауға мүмкіндік беретін өте тартымды білім ортасы.

Роботтехника сабағы физика, математика, информатика пәндерінен алынған білімді қажет етеді. Бұған қоса тіл байлығы да керек. Себебі роботтан жарысқа қатысқан оқушы өз жобасын қорғап, өз ойын ашық жеткізе білу керек. Робот техникасын оқыту балалардың қоршаған ортамен тығыз қарым-қатынас жасай отырып, шынайы өмір проблемаларымен шұғылдана алатын оқу ортасын қалыптастырады. Бұл орайда ол балалар үшін құрастырушылық оқу тәжірибесін меңгерудің таптырмас құралы бола алады. Сондықтан роботтық техниканы меңгеру болашақ үшін өте маңызды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі:**

1. Шоланов К.С. Основы мехатроники и робототехники: Учебное пособие – Алматы-2005

2. Қ.И Сатпаев атындағы 050717 мамандығы студенттерге «Мехатроника» пәні бойынша оқу-әдістемелік кешені Құрастырушылар: Шоланов Қ.С, Байтурганова В.К, Тумабаева А.К.

3. Алтынов Ж.І. Өнекәсіптік роботтардың механикасы: Оқу құралы. Алматы 2002.  
4. Макаров И. М., Топчеев Ю. И. Робототехника: История и перспективы. — М.: Наука; Изд-во МАИ, 2003.

## АШЫҚ САБАҚ ТАҚЫРЫБЫ: «ДОС БОЛАЙЫҚ БӘРІМІЗ»

Жорабекова Гаухар Кыдыралиевна - Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі



Мақсаты: «Достық» құндылығы туралы түсініктерін одан әрі жетілдіру. Өзара сыйластық, достық, сүйіспеншілік туралы түсінік беру. Өзара сыйластық қарым-қатынастарын дамыту. Бір бірімен тату, дос болуға тәрбиелеу.

Әдісі: Әңгіме, жағдаяттарды талдау. Шығармашылық жұмыс. Ертегіні талдау. Көрнекілігі: Бейнеролик, стикерлер, жүрекше, слайд, түрлі түсті бояулар.

Ұйымдастыру:

Сәлеметсіңдер ме, балалар! Бүгін біздің сабағымызға қонақтар келді. Бүгін қандай керемет күн. Бұл күнді жақсы, қуанышты көңіл күймен өткізу үшін сендерді «Дос болайық бәріміз» атты ашық сабағымызды бастауға шақырамын.

1.«Шаттық шеңбері»  
Үлкен шеңбер құрайық  
Алақанды ұрайық.  
Күлімдесін күнде,  
Күлімдейік бізде.

Алақанды ашайық,  
Күннің нұрын салайық  
Таза ауаны жұтайық  
Жүрекке жылу сыйлайық.

2.Ғажайып сәт. Есік жақтан біреудің жылаған дауысы естіледі.

Педагог: - Балалар тыңдаңдаршы біреу жылап жатыр ма, естідіңдер ме?

Бұл жүрек екен жылап тұрған. Келе ғой жүрек саған не болды?

Жүрек: - Мені қатыгез досым тастап кетті, мен жалғызбын, не істерімді білмеймін.

Балалар: - Жүрек сен жалғыз емессің. Міне сенің адалда шынайы, сенімді достарың бар (келіп жұбаныш сөздерін айтады).

- Сен бізге қонақ бол мұнда қол ұстасып тұра ғой(Жүрекпен бірге тұрады).

Балалар сендер өте мейірімді іс жасадыңдар, мен сендерге қарап сүйсініп қуанып қалдым. Осылай тату тәтті өмір сүріңдер.

Негізгі бөлім:

3. Тілек айту. Балалар ендеше біз жүректі ортаға алып қолымызға ұстап бір-бірімізге жақсы тілектерімізді айтайықшы. Достар арасында жақсы тілектер айтылады. /Балалар бір - біріне тілек айтады/

Досың көп болсын! Сабағыңды жақсы оқы! Денсаулығың мықты болсын! Бақытты бол! Ата-анаңның мақтанышы бол! Ақылды бол!

4. Бейнеролик «Адал дос» / Балалар бейнероликті тамашалап, сұрақтарға жауап береді/

Балалар, бейнероликтен кімдерді көрдік?

/Ықтимал жауап. Екі досты/

Достардың есімдерін атайықшы

/Жәнібек пен Азамат/

Екеуі не себепті ерегісіп қалды?

/Бір- бірінің айтқанына келіспей қалды/

Азамат құм бетіне не жазады?

/Бүгін менің жан досым кеудемнен итерді деп жазады/

Азаматты кім құтқарып қалады?

/Жәнібек су астына батып бара жатқан досын құтқарып қалады/

Азамат тасқа не жазады?

/Бүгін менің жан досым өмірімді сақтап қалды/

Жәнібек Азаматтан алғашқы сөзді неге құмға, кейінгісін тасқа жаздың деп сұрағанда досы қалай жауап береді?

/Бізге біреу зиян тигізсе оны құмға жазу керек, себебі достар бір біріне кешірімді болу керек. Ал жақсылық жасаса тасқа жазу қажет, себебі жақсылықты еш уақытта ұмытпау қажет./

4. Достық туралы тақпақтар.

Балдырған баламыз

Досты көп табамыз

Қашаңда, қайда да

Біз бірге боламыз

Достар бірге жүреміз

Бірге ойнаймыз күлеміз

Бірге балық аулаймыз

Міне біздер қандаймыз

Достық әдеп силастым

Достық әдеп силасым.

Дос өмірлік қимасың

Дос арыңдай қымбатты.

Досыңа бол адал жан

Бірдей бөліс сынақты.

Бір нүктеге қадалған

Екі көзің сияқты.

5. Ойын. Балалар енді сендермен бір ойын ойнағым келіп тұр. Қазір сендерге ойынның ережесін айтамын ал сендер мұқият тыңдаңдар.

Мен ренжістік дегенде сендер теріс қарайсыңдар, достастық дегенде оң қарайсыңдар осылай мен тез айтам ал сендер тез орындайсыңдар.

6. «Мақал - мәтел» ойыны

/Педагог мақалдың басын бастап айтады, оқушылар сыңарын тауып аяқтайды/

7. Шығармашылық жұмыс. Суреттерді бояп, сурет бойынша әңгімелейді Кері байланыс.

Ал, балалар, енді бізге жүрек «Достық ағашын» жасауға шақырады.

Біз жүрегіміздің қандай екенін айтып мына жүрекшелерді достық ағашына ілейік.

Қорытынды: Балалар, біз бүгін татулық бар жерде достық туындайтынын ұғындық. Татулық бар жерде достықтың сыйластықтың болатынын түсіндік.

Олай болса бүгінгі ұйымдастырылған ашық оқу іс әрекетіміз өз мәресіне жетті. Жүрекпен айтылған сөз жүрекке барып достық туын тігетініне кәміл сенімдеміз, ендеше бүгінгі ұйымдастырылған сабағымызды «Дос болайық бәріміз» әнімен аяқтағым келіп отыр. Сау болыңыздар!

## ТЕМА ОТКРЫТОГО УРОКА: ДОМАШНИЕ ЖИВОТНЫЕ

Жумабекова Сауле Калдановна –  
Педагог дополнительного образования Дворца школьников



### Цель:

Продолжать знакомить с домашними животными, их внешним видом, повадками и их значением для человека.

### Задачи:

- упражнять в умении отгадывать загадки;  
- развивать память, мышление;  
- продолжать развивать умение правильно образовывать имена существительные, обозначающие детенышей.

Предварительная работа: рассматривание иллюстраций с изображением животных, чтение художественной литературы о животных, дидактические игры на тему «Домашние животные».

### Материалы к занятию:

Картины с изображением животных и отдельно их детенышей. Иллюстрации с изображением домашних животных в действии (лошадь - запряженная в телегу, кошка - ловящая мышь, собака - сторожит дом, доярка - доящая корову)

Раздаточные карточки с изображением домиков домашних животных (курица – курятник, корова – хлев, собака – конура, кошка – коврик в доме у человека).

Ход урока: I часть.

Отгадывание загадок.

1. Голодна – мычит

Сыта – жуёт

Малым ребяткам

Молочка даёт

- О ком эта загадка?

- Какое животное мычит и даёт молоко?

Дети: Корова

2. Бородою кто трясёт?

У кого витые рожки

И как ягодки глаза?

Это к деткам по дорожке

Приближается коза.

Дети: Коза

3. С хозяином дружит

Дом сторожит

Гладишь – ласкается

Дразнишь – кусается

- Какое животное дом сторожит?

Кто не любит, что бы его дразнили?

Дети: Собака

4. У меня большая грива,

Ушки копытца.

Прокачу того игриво

Кто не побоится.

Моя шерстка гладка,

Кто же я? (лошадка)

5. Я умею чисто мыться

Не водой, а язычком

Мяу! Как мне часто снится

Блюдец с тёплым молочком.

- Кто умывается, вылизывается язычком?

Кто любит лакать молочко?

Дети: Кошечка

- Молодцы.

- Скажите, как можно назвать этих животных одним словом? (ответы детей - домашние)

- А почему их называют домашними? (ответы детей, если дети затрудняются, воспитатель начинает свое объяснение)

Домашние – потому что живут рядом с человеком – хозяином. Хозяин заботится о них, ухаживает за ними, кормит, поит, убирает.

- А зачем человеку нужны домашние животные? (ответы детей).

- Дети, скажите, пожалуйста, а какие домашние животные вам больше нравятся?

(Ответы детей)

- А, вы можете рассказать стихи про своих любимых питомцев?

«Котёнок»

1. Если кто-то с места сдвинется,

На него котёнок кинется.

Если что-нибудь покатится

За него котёнок схватится.

Прыг-скок! Цап-царап!

Не уйдёшь из наших лап!

«Собака»

2. У собаки три сынка,

Три пушистеньких щенка.

Учит мама их рычать,

Двор хозяйский охранять.

«Корова»

3. Представить невозможно,

Поверить нелегко.

Жует корова сено,

А дарит молоко.

«Кролик»

4. Пушистые крольчата,

Веселые ребята.

Их лакомство морковка,

Грызут ее крольчата ловко.

«Лошадка»

5. Ты куда спешишь лошадка?

У меня с утра зарядка.

Тороплюсь я в чисто поле,

Чтобы там побегать вволю.

«Курица»

6. Вывела на улицу, деток мама курица

Червячков искать, зернышки клевать.

«Жеребёнок»

7. Вот жеребёнок крошка,

Стоит на крепких ножках.

Он с мамочкой скакал,

И чуточку устал.

«Барашек»

8. Приходите к нам барашки,  
Мы расчешем вам кудряшки  
Нет спасибо бе-бе-бе,  
Расчешите их себе.

«Попугай»

9. Он привык на юге жить,  
Он умеет говорить.  
Может целый день летать,  
Разным звукам подражать,  
Кто он ну - ка угадай....  
Разноцветный попугай!

«Рыбка»

10. Рыбка ротик открывает,  
Открывает и молчит,  
Ни чего не понимаю,  
И поэтому сердит.

«Хомяк»

11. Бело-рыжий хомячок,  
Привалился на бачок.  
Под щечки спрятаны орешки  
И хомячок их ест без спешки.

«Коза»

12. Молоко ее полезна,  
В огород она залезла  
И глядит во все глаза -  
Длиннорогая коза.

#### **Физкультминутка:**

- Ребята покажите, как скачут лошадки, как жуёт корова траву, как умывается кошка, как виляет хвостом собака. (Дети показывают движения животных).

- А теперь ребята, давайте, станцуем танец «Маленьких утят»

(Звучит музыка «Маленьких Утят»)

#### **II часть. Д/и «Найди детеныша».**

- Пока мы с вами играли, все мамы домашних животных потеряли своих детенышей, мамы переживают и просят нас им помочь. Проводится дид/игра «Найди детеныша».

- Мамы говорят вам спасибо. Вы им очень помогли.

#### **III часть. Д/и «Найди домик для животного».**

- Теперь всем животным пора отправиться по домам. Но они забыли, где живут. А мы им поможем найти, где их домик?

(дети совместно с воспитателем соединяют животных и домики).

#### **IV - часть. Итог:**

Воспитатель: Ребята, все эти животные живут рядом с людьми. А почему люди позволяют жить этим животным рядом с собой?

- Как собачка помогает людям?

Дети: Сторожит дом.

- Что даёт людям корова?

Дети: Молоко.

- Что даёт людям курица?

Дети: Яички.

- Как кошка помогает людям?

Дети: Ловит мышей.

Все животные, которые живут рядом с людьми, называются «домашними».



## «АДАЛ ҰРПАҚПЕН – ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ БОЛАШАҚҚА ҚАДАМ»

**Жұмабек Анар Тұралықызы – педагог-сарапшы,  
Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі  
«Адал ұрпақ» ассоциациясының жетекшісі**



Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерде тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойыла қоймаған қоғам дерті болып отыр. Бұл қоғам дерті дамушы елдердегідей біздің еліміздеде етек алған, мемлекеттің өркендеуіне оразан зор нұсқан келтіріп отырғаны бәрімізге мәлім. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс- әрекеттер жүзеге асырылуда. Тиісті органдар жемқорлықты болдырмаудың жолдарын жасап, алдын алуда.

Сыбайлас жемқорлық – әлеуметтік – экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретіні сөзсіз.

2015 жылдың 20 мамыр айында Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асырудың 100 нақты қадамы қабылданған кезде, сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттарды жетілдіру бойынша заңнама бекітілді. Бүгінгі таңда «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» ҚР-ның жаңа заңы бар, онда процессуалдық заңнамаға көптеген түзетулер енгізілген. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық және құқық бұзушылық үшін жауапкершілік қатайтылды. Оған мүлікті тәркілеу, мемлекеттік қызметтен шеттету, өмір бойына бас бостандығынан айыру т.б.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзіреті шегінде жүзеге асыратын қызметі» деп түсіндіреді. Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті. Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз – тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қасиеті.

Конституция бойынша Қазақстан – құқықтық мемлекет санатында. Мемлекеттің өркендеуі үшін заң үстемдігінің маңызы ерекше. Құқықтық мемлекеттің өркен жаюына өзіндік кедергі. Құқықтық мемлекеттің өркен жаюына өзіндік кедергі, зиян келтіріп жатқан мәселе – жемқорлық екені жасырын емес.

Еліміздегі жемқорлықтың алдын алу немесе болдырмау жолдарын қарастыру әрбіріміздің мемлекет алдындағы міндетіміз. Қазіргі уақытта еліміздегі барлық салада заңдар заман талабына икемделіп, қызметкерлердің республика аумағында еркін әрі ашық түрде жұмыс атқаруына қолайлы жағдай жасалып отыр. Жемқорлық орын алған жағдайда жедел байланыс телефоны да үздіксіз жұмыс жасалуда. Ал жемқорлыққа куә болған азаматтарға мемлекет тарапынан сыйақы да әзірленген. Біз жас ұрпақпен қатар өзімізде жемқорлыққа қарсы тұруға міндеттіміз. Осы орайда жас ұрпақтың бойында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік сезімін ояту, жемқорлықтың апарар салдарын жас

ұрпаққа түсіндіріп, ұғындыру педагогтердің басты ұстанымы болуы керек. Біз әрбіріміз еліміздің дамыған мемлекеттер қатарынан болғанын қалаймыз. Алайда жемқорлықтың тамырын үзбей, дамыған елдер қатарына ену мүмкін емес. Біз болашақ ұрпақтың бойында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік қасиетін қалыптастыруымыз керек. Біздің балаларымыз жемқорлықтың апарар салдары мен оның жағымсыз қасиет екенін ұғынып өсуі керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру, жемқорлықты жою – қоғамның ортақ мақсаты болуы шарт. Жемқорлық жайлаған елде бірлік пен татулық, даму мен өркендеу болмайды. Ел болашағы адал ұрпақпен жарқын. Ал адал ұрпақ сыбайлас жемқорлыққа жол бермейді. Мен елімнің жемқорлықсыз жарқын болашағына сенемін!

### Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі

1. «Әділет» газеті (2023ж. 9 қазан)
2. «Білім шапағаты» газеті (2021ж. 6 желтоқсан)

## АШЫҚ САБАҚ ТАҚЫРЫБЫ: «САНДАР ЕЛІНЕ САЯХАТ»

Калмырзаева Гульзат Турсынбаевна  
Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі



**Мақсаты:** Балалардың тез санау, цифрларды атау және сандарды ретімен қою біліктерін бекіту. Уақытты бағдарлау жөніндегі білімдерін (таңертең, күндіз, кеш, түн) тереңдете түсу. Апта күндерін атап білу.

Геометриялық пішіндері туралы білімдерін тереңдету, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Заттардың көлемдері бойынша салыстыруға жаттықтыру. Логикалық ойлау қабілетін, танымын дамыту. Ойлау арқылы балалардың сөйлеу қабілеттерін дамыту. Математикаға деген қызығушылықтарын арттыру. Топ пен жұмыс істеуге, өз ойын дәлелдеуге, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

**Әдіс-тәсіл:** Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, дидактикалық, логикалық ойындар.

**Сөздік жұмыс:** Нүкте, сандар, апта күндері.

**Қос тілдік:** Сандар - цифры, нүкте - точка.

**Іс-әрекет кезеңдері:** Педагогтың басқару іс-әрекеті.

### Балалардың іс-әрекеті.

I кезең -Мотивациялық - қозғаушылық

- Балалар, бүгінгі сабағымыз ерекше өтеді. Бізге келген қонақтармен амандасайық.

Күннің көзі ашылып,

Көкке шуақ шашылсын.

Құтты қонақ келіпті,

Төрімізге еніпті.

Сәлеметсіздер ме, апайлар.

- Балалар, сендерге аналарың бүгінгі сабаққа өте жақсы қатыссын деп көтеріңкі көңіл-күй сыйлап кетті. Сендер де аналарыңды қуанытып, бүгінгі ашық сабаққа белсенді қатысыңдар жарай ма? Ал сендер қандай балаларсыңдар?

Тақпағымызды еске түсірейік

Мен талапты баламын,

Дайын дәптер қаламын,

Есептерді шығарып,

Бестік баға аламын – дей келе сабағымызды бастайық.

- Ал, балалар, бүгін біз математика сабағында саяхатқа шығамыз. Ал балалар

саяхатқа шыққыларың келеме?

- Жақсы. Ендеше алға.
- Бір, екі, үш, төрт, бес,  
Аяқты басамыз тез-тез  
Қонақтармен амандасады.  
Шеңберге тұрып өлең жолдарын бәрі бірге хормен айтады.

Ия, келеді.

II кезең - Ұйымдастырушылық – ізденістік

Өлең оқып беру.

Ал тыңдаңдар, тыңдаңдар

Асығыстық қылмаңдар

Асықпайық дегенде

Көп ойланып тұрмаңдар.

Алу, қосу, теңдік деп

Ұзын, қысқа жолақша

Жуан менен жіңішке

Көпшен бірге аз екен

Балалар да мәз екен.

Үшбұрыш пен шаршы көп

Төртбұрышпен дөңгелек.

- Өлең не жайында айтылған?

- Осы пішіндерді, сандарды, ұзын-қысқаны қандай ғылым зерттейді? (Математика).

Балалар бізді саяхатқа апаратын сиқырлы қауырсын бар. Көзімізді жұмайық «1,2,3 сиқырлы қауырсын, бізді Математика еліне апар»(хормен). Міне біз Математика еліне де келдік.

- Математика сөзінің астында не көріп тұрсыңдар? Нешеге дейінгі сандар?

- Ендеше Математика сөзі неше дыбыстан тұрады екен?

- Бұл сандар жай сандар емес, сиқырлы сандар екен. Әр санның артында бізге сұрақтар мен тапсырмалар берілген. Ал кәне, осы тапсырмаларды шешіп көрейік. «Миға шабуыл». Жылдам жауап беру.

- Бір жылда неше мезгіл бар?

- Бір жылда неше ай бар?

- Қазір жылдың қай мезгілі?

- Қазір қай ай?

- Бір аптада неше күн бар?

- Апта күндерін атап айт?

- Бүгін аптаның нешінші күні?

- Сабаққа аптасына неше күн келеміз?

- Қай күндері келеміз сабаққа?

- Қай күндері демаламыз?

- Жақсы жарайсыңдар. Енді сандардың тапсырмаларын орындап көрейік.

1. Тапсырма: «Сан санау»

Поездағы аңдарды санау.

1-ші, 2-ші, алдыңда, артында...

Үлкен – кішкене. Биік – аласа.

- Жақсы жарайсыңдар!

2. Тапсырма: «Шатасқан сандар»

А) Қатты жел соққан кезде сандар орындарын шатастырып алыпты оларды 1-ден 10-ға дейін дұрыс орналастырайық.

Б) 1-ден 10-ға дейін яғни сандарды тура және кері санау.

1,2,3,4,5,6,7,8,9,10

10,9,8,7,6,5,4,3,2,1

В) 3-тен бастап сана

Г) 6-дан ары қарай сана

3. Тапсырма: Ойын: «Көрші санды ата»

4 санның көршісін тап

6 санның көршісін тап

9 санның көршісін тап

4. Тапсырма: «Қай сан жоқ»

Нүктелердің орнына жоқ санды орналастыру.

Сергіту сәті

Ал балалар тұрайық.

Алақанды ұрайық,

Оңға қарай бір бұрылып,

Солға қарай бір бұрылып,

Алақанды соғайық.

Алға қарай бір адым,

Артқа қарай бір адым

Жоғары, төмен қарайық

Орнымызды табайық.

5. Тапсырма: «Суреттегі заттарды санмен белгіле»

Суреттегі заттарды санап, санына қарай қажетті санды көрсету.

Тақта арқылы 5-6 сурет қолдану.

6. Тапсырма: «Ойна да ойла» ойыны. Логикалық сұрақтар

1. Қонжық екеу, табаны нешеу?

2. Үш қоянда неше құлақ бар?

3. Алаңда емен ағашы өсіп тұр. Еменде барлығы неше алма өсіп тұр?

4. Орманда аңдар арасында жүгіруден жарыс өткізілді. Жүгіруге қоян, түлкі, балық қатысты. Осы жарыста балық нешінші болып келді деп ойлайсыңдар?

5. Шеңбердің бұрышы бар ма?

6. Иттің құйрығы нешеу?

7. Ай көп пе, әлде жұлдыз көп пе?

8. Гүлдің неше сабағы бар?

9. Піл ауыр ма, әлде қоян ауыр ма?

10. Жағаға дейін қаз тез жүзе ме, әлде әтеш пе?

11. Жол кең болса, ал тротуар ше?

12. Аю үлкен, ал тиын...

13. Алма тәтті, лимон...

14. Адамда неше бас бар?

15. Үшбұрыштың неше бұрышы бар?

7. Тапсырма: Суретте қандай геометриялық пішіндер орналасқан?

Санағыш таяқшамен жұмыс:

Таяқшалардан геометриялық пішіндер құраңдар.

Үшбұрыш, үш қабырғасы бар...

Төрт бұрышы бар, төрт қабырғасы бірдей...

Төрт бұрышы бар, екі қабырғасы ұзын, екі қабырғасы қысқа...

Бес таяқшадан бірдей екі үшбұрыш құрастыр.

8. Тапсырма: «Уақыт бағдарлау»

Жұмбақтар шешу.

а) Ұйқымыздан тұрамыз, беті қолды жуамыз.

Анамызға ереміз сабаққа да келеміз. Бұл қай кезде болады? (бала жауабы)

б) Біз тәртіпті боламыз, серуенге шығамыз, қыдырамыз. Қай кезде? (бала жауабы)

в) Күн батады қызарып, мамамызды күтеміз. Бұл қай кезде болады? (бала жауабы)

г) Үйлерде шам жанады, дем алады бар әлем, деп әдилеп ақ әжем. Бұл қай кезде болады? (бала жауабы)

- Сонымен бір тәулікте нешеге бөлінеді?

9. Тапсырма:

«Кеңістікті бағдарлау»

Алдарында жатқан ақ қағаздың  
Жоғарғы оң жағына – үшбұрыш,  
Төменгі сол жаққа – төртбұрыш,  
Жоғарғы сол жаққа – дөңгелекті,  
Төменгі оң жаққа – шаршына, ортасына – сопақша орналастырыңдар.

10. Тапсырма:

Математикалық мақал-мәтелдер:

1. Бір досың болғанша, жүз досың болсын.
2. Бір тал кессең, он тал ек.
3. Сегіз қырлы бір сырлы.
4. Бес саусақ бірдей емес.

-Балалар, енді саяхаттан қайтатын уақыт болады.

Сиқырлы қарындаштың көмегімен топқа қайтайық.

1,2,3-сиқырлы қарындаш бізді топқа апар.

Міне, балалар, топқа келдік.

Біздің сиқырлы қауырсынның ішінде әдемі жұлдызшалар бар, бүгінгі сабаққа жақсы қатысып, тәртіпті, білімді екендеріңді көрсеткендерің үшін осы жұлдызшаларды таратып берейін.

Пішіндер, алу, қосу, жуан-жіңішке. Математика.1,2,3 деп айтады

Сандар 1-ден 10-ға дейін. (тура және кері санау)

Суретке қарап тапсырманы орындайды.

1 бала тақтаның алдында, қалғаны орындарында тапсырманы орындайды.

Кестедегі нүктелердің орнына жоқ санды қояды.

Мазмұнына сай қимылдар орындайды.

Заттарды санайды санмен белгілейді.

Сұрақтарды мұқият тыңдап, балалар жылдам, дұрыс жауап беруге тырысады.

Балалар плакаттағы геометриялық пішіндерді ажыратып айту қажет.

Мақал-мәтелдер айтады.

«1, 2, 3- сиқырлы қауырсын бізді топқа апар» - деп балалар хормен айтады.

III кезең - Рефлексиялық-түзетушілік

Сұрақ-жауап әдісі арқылы оқу іс-әрекетті қорытындылау.

- Саяхатқа қайда бардық?

- Қандай тапсырмалар орындадық?

- Қандай тапсырмалар сендерге қиын болды?

- Сабақта не ұнады? Сұрақтарға толық жауап береді,

Өз ойларын айтады.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: 1-ден 10-ға дейін сандарды, сандарды таңбалау, геометриялық пішіндерді таяқшадан құрастыруды. Алған білімдерін қолдана білу.

Жасай білу керек: Санның өсу, кему ретімен дұрыс орналастыра білу.

## БАЛА ТӘРБИЕСІ – БОЛАШАҚҚА САЛЫНҒАН ҮЛКЕН ИНВЕСТИЦИЯ

**Максүтова Улжан Усеровна**  
**Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі**



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту - білім беру жүйесіндегі басым бағыттардың бірі. Бүгінгі таңда мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында сапалы, заманауи мектепке дейінгі тәрбие үрдісінің қажеттілігі мәселесі айқын болды. Адам өмір бойы туғаннан бастап бір нәрсені үйренеді: жүреді, сөйлейді, оқиды, жазады, өз эмоцияларын, тілектерін айтады, мәселелерді шешеді, алдымен мектепке дейінгі тәрбие алады, содан кейін мектеп, жоғары, кәсіптік, қосымша білім алады.

Қазіргі тұжырымдамада өмір бойы білім алу адамның жас кезінен бастап бүкіл өмірінің тұрақты түрі ретінде қарастырылады. Мен үшін білім үздіксіз, өйткені қазіргі уақытта менің білімім жалғасуда. Балабақша мен мектепте оқыған соң колледжді бітіріп, университетке түстім. Ал болашаққа жоспарларым да педагогика саласында қосымша білім беруді жоспарлап, мұнымен тоқтап қалғым келмейді.

Қазіргі педагогика – адамды, оның дамуының барлық жас кезеңдерінде тәрбиелеу туралы ғылымның ерекше саласы. Мен өзім үшін ең жақсы мамандық мұғалім деп шештім! Ұстаздың ең басты қасиеті -

шығармашыл тұлға, ойлау қабілеті жоғары адам. Ұстаздың бойында осындай қасиет болса, ол міндетті түрде балаларда да көрініс табады! Шығармашылықпен ойлау, кез келген мәселені шешуге шығармашылық көзқараспен қарау, қазіргі жағдайдан ешқайсысы жоқ сияқты көрінетін жағдайдан шығудың жолын көре білу - бұл болашақта балаға қандай мамандық иесі болса да көмектесетін қасиеттер таңдайды.

Заманауи педагог - әр түрлі бағдарламалар мен әдістемелік әзірлемелерді түсінетін сауатты маман, ол әрқашан ынтымақтастық пен өзара көмекке дайын, пікірлестер ұжымында жұмыс істей білетін сезімтал әріптес. Мейірімді, бауырмал, зейінді, шыдамды, ізденімпаз, өмірге қызығушылық танытатын, өзінің барлық жеке мәселелерін балабақша есігінен тыс қалдыра алатын аяулы жан болуы керек. Бірақ ең бастысы, педагог балалардың барлығы әртүрлі болғанымен - әрқайсысының өзіндік мінезімен сүйе білуі керек. Біз барлық балаларымызға бірдей қарауды үйренуіміз керек, өйткені әрбір кейіпкердің артында дамуына көмектесу керек тұлға бар. Жүзімдегі жылылық нұрын алдымдағы балаларға беруге тырысамын, өйткені біздің әлемді әдемі және жарқын ете алатын балалар! Туылғаннан бастап мектепке барғанға дейінгі кезең өмірдің барлық кейінгі кезеңдерінен оның жалпы дамуын қамтамасыз ететіндігімен ерекшеленеді, ол болашақта қандай да бір арнайы білім мен дағдыларды меңгеруге және әртүрлі іс-әрекет түрлерін дамытуға негіз болады.

Бүгінгі таңда мектепке дейінгі білім беру саласына көп көңіл бөлінуде. «Бала тәрбиесі – болашаққа салынған үлкен инвестиция. Біз бұл мәселеге осылай қарап, балаларымызға жақсы білім беруге ұмтылуымыз керек». Бүгінгі таңда оқу орындарының алдында көптеген күрделі міндеттер тұр деп есептеймін. Біз куә болып отырған мемлекетіміз бен қоғамымыздың жаңару жағдайында мектепке дейінгі білім беру жүйесін тұтастай және әрбір мектепке дейінгі білім беру мекемесін жеке-жеке дамыту қажеттілігі айқын. Жаңғыру мен инновациялық даму - еліміздің ғасыр әлемінде бәсекеге қабілетті қоғамға айналуына және әрбір адамға лайықты өмір сүруге мүмкіндік беретін бірден-бір жол. Осы стратегиялық міндеттерді шешу контекстінде тұлғаның ең маңызды қасиеттері - бастамашылдық, креативті ойлау және инновациялық шешімдерді табу қабілеті, кәсіби жолды таңдай білу, өмір бойы білім алуға деген ынта. Бұл дағдылардың барлығы бала

кезінен қалыптасады. Сондықтан мектепке дейінгі тәрбие бұл процестің маңызды элементі болып табылады. Қазіргі мектепке дейінгі тәрбиенің негізгі міндеттері - әрбір баланың қабілетін ашу, әдепті де отансүйгіш, шығармашыл тұлға тәрбиелеу.

Қазіргі таңда елімізде, оның ішінде мектепке дейінгі білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістерге байланысты педагогикалық үдеріске жаңа білім беруді енгізу қажеттілігі туындады. Соның бірі – мектепке дейінгі білім берудің оқу-тәрбие үрдісіне ақпараттық технологияларды енгізу. Бұл бізге көптеген жаңа мүмкіндіктер ашады. Жаңа технологиялардың пайда болуымен, компьютерлендіру, әдістемелік әдебиеттердің кең таңдауы, дидактикалық материалдар, көрнекі құралдар және оқу ойындары, оқу және тәрбие процесін жарқын, қызықты етуді айтарлықтай жеңілдетеді.

Бүгінгі таңда заманауи бала ұялы телефон мен компьютерді ересектерге қарағанда тез меңгереді, ақпараттық технологиялар бірте-бірте бала өмірінің ажырамас бөлігіне айналды, бала оларды саналы түрде іс жүзінде қолдануға ұмтылады. Заманауи ақпараттық технологиялар балалардың шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамытуға, сонымен қатар балалардың оқу іс-әрекетіне ынтасын арттыруға мүмкіндік береді. Көптеген жаңа нәрселерді біліңіз, талқыланатын тақырыпқа балалардың қызығушылығын анықтаңыз және күшейтіңіз, оларды бір-бірімен және мұғалімдермен ынтымақтастық пен қарым-қатынастың жаңа түрлерін үйрету, позитивті қолдау оқу іс-әрекеті процесінде баланың эмоционалдық күйі, түзету жұмыстарының тиімділігін арттыру. Ақпараттық технология көңілді және оқу әрекетін жасауға мүмкіндік береді.

Компьютердің мүмкіндіктері танысу үшін ұсынылатын материалдың көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мектеп жасына дейінгі балалар бір бағдарламалық материалды бір неше рет қайталауы керек және презентация формаларының әртүрлілігі үлкен маңызға ие.

Мектепке дейінгі білім беруді сапалы және қол жетімді ету үшін нақтылау, мүмкін басқаша тұжырымдау және табиғи түрде жаңалық енгізу қажет көп нәрсе бар екеніне келісемін. Тәрбие өнерінің қағидасы: Балаларды бүгінгі күн үшін емес, болашақ үшін тәрбиелеу керек! Балалар – еліміздің болашағы! Мен әлемде балалармен бірге өмір сүруді үйренемін!

#### **Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі**

1. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие Беруге кәсіби дайындау. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2004. – 304 б.
2. Бөлеев Қ., Бөлеева Л.Қ. Мұғалім және ұлттық тәрбие. – Алматы: НұрлыӘлем, 2000. – 96 б.
3. М.Жұмабаев «Педагогика» «Анатілі» 1992ж.
4. Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы: Санат, 1995. – 350 б.

## ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҒЫНДА БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫН НЫҒАЙТУДАҒЫ ШЫНЫҚТЫРУ ШАРАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Медетбаева Батпа Нуркудовна  
Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі



Қазіргі кездегі елімізде жүргізіліп жатқан білім саясаты әлемдік білім кеңістігімен ықпалдасуға бағдарланған. Әлемдік білім кеңістігінен жалпы білім берудің басымдылық мақсаты – өзгермелі өмір жағдайына тез бейімделетін, өз жолын дұрыс таңдай білетін, оң шешім қабылдай алатын тұлға даярлау.

Қай кезеңде болмасын білім мен тәрбие егіз ұғым екендігін ескерсек, отбасынан бастау алған бала тәрбиесі қосымша білім беру ұйымдарында жалғасын тауып, болашаққа қадам басары анық. Олай болса, қосымша білім беру ұйымдарындағы бүлдіршіндер тәрбиесін жан-жақты жетілдірудің жолдарын айқындап, бала денсаулығын сақтаудың жолдарын қарастыру заман талабынан туындап отырған жағдайлардың бірі.

Ұлттық денсаулық сақтау ұйымында баланың салауатты өмір салтын тәрбиелеу негізгі міндеттердің бірі болып саналады.

Қосымша білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие жұмыстарын заман талабына сай жүргізу, баланың денсаулығын сақтау мен нығайту мәселелерін тиімді шешу медициналық және педагогикалық қызметкерлердің бірлескен нәтижелі еңбектеріне байланысты. Осындай мәселені шешу барысында біздің анықтағанымыз, баланың денсаулығын нығайтуда және аурудың алдын-алуда тек қана баланың қимыл белсенділіктерін көтеру өте аз, сонымен қатар шынықтыру шараларын жүйелі өткізу керек. Ол үшін педагог дәстүрлі жұмыстарға дәстүрден тыс жұмыс түрлерінің жүйесін тудыруы жөн.

Мысалы, жалаң аяқ жүру табан мен буындарды бекіту әдісі болып табылғандықтан барлық жаттығуларды жалаң аяқ ұйымдастырған өте ұтымды болады.

### **Ертеңгілік жаттығуда әртүрлі формаларды қолдану:**

Тыныс алу жаттығулары

Жалпақ табандылықтың алдын-алу жаттығулары

Сымбатты түзету жаттығулары

Созылу(стретчинг) жаттығулары

Көзге арналған жаттығулар

Шынықтырудың негізгі міндеттері:

Баламен шынықтыру шараларын ұйымдастыру алдында бірнеше ережелерді сақтау керек:

Дені сау баламен шынықтыруды жүйелі жүргізу, оның теріс эмоциясын (үрей, жылау, мазасыздық) тудырмайтын және біртіндеп үдетіп, ұзартылып, медбике мен педагогтың қатаң қадағалауында болуы қажет.

Шынықтыру шаралары жүйелі түрде жүргізілуі тиіс. Ұзу немесе тоқтату салдарынан организмді шынықтыру барысында қалыптасқан бейімделу реакциялары жойылады. Балаларды мектепке даярлау кезеңінде олардың денсаулығын жақсарту мәселесі бойынша өсу тенденциясына бүгінгі ерекше көңіл бөлініп отыр. Бұл тұрғыда денсаулығын нығайту үшін комплексті әдістерге айрықша мән беріледі. «Салауатты өмір салты мен адамның өз денсаулығы үшін, ынтымақты жауапкершілік қағидаты, міне осылар денсаулық саласындағы және халықтың күнделікті тұрмысындағы, мемлекеттік саясаттың ең басты мәселесі болуы тиіс» - екенін атап көрсеткен.

Қорытып айтқанда, ұлы педагог Макаренко: «Тәрбие ішінде ешбір ұсақ-түйек деуге нәрсе жоқ. Әр нәрсені ұсақ-түйек деуге, ұмытуға хақымыз жоқ».



Өз өмірімізде немесе балаңыздың өмірінде бір нәрсені ерекше деп бөлек алып, соған қатты зер салып, қалғандарын елемей қалдырсаңыз қателіктің ең зоры сол болып шығады.

Ұсақ - түйектер үздіксіз, күнбе-күн, сағат сайын кездесіп отырады және өмірдің өзі сол ұсақ - түйекпен құралады, өмірдің бұл жағына басшылық көрсету және оны ұйымдастыру сіздің және біздің ең жауапты міндетіміз» - деген.

Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні - қосымша білім беру ұйымдары ошағында беріледі. Отбасында ата-ананың ықыласы мен мейірімінен нәр алған бала қосымша білім беру ұйымдары педагогтарының мейіріміне бөленеді.

Баланың бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, олардың өнегелі де тәрбиелі болып тәрбиеленуіне қосымша білім беру ұйымдарының маңызы зор. Баланың бақытты болуы үшін, денінің сау болуы үшін үлкен қамқорлық жасауымыз керек.

Дені сау баланың ақыл - ойы айқын, өз - өзіне сенімді, жан - жағына қуанышпен шаттана қарайтындай болуы шарт. Бала денсаулығының мықты болуы үшін, мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Бала организмінің қызметін жетілдіру, қабілетін арттыру ең басты міндетіміз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі:**

1. Білім және Ғылым Министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы».
2. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы.
3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі
4. Республикалық «Отбасы және балабақша» журналы 2018 ж. № 5 саны.
5. Республикалық «Бала мен балабақша» журналы 2015ж. № 8 саны.

## **ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ**

**Молдабекова Камшат Мұратқызы**  
Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі



Қазіргі таңда білім беру жүйесінде қосымша білім беру мектептен тыс ұйымдардың бірегей жүйесін сақтау және дамыту, жеке тұлғаны тәрбиелеу, оқыту және шығармашылық дамытуда олардың рөлін арттыру мақсатында ұйымдастырылады. Балаларға қосымша білім беру мазмұны, оны ұйымдастыру түрі, әдістері мен технологиялары сапасын көтеру, педагогикалық шығармашылық жұмысты бағдарлы түрде ұйымдастыру көзделген.

Қазақстандағы қосымша білім беру жүйесі білім беру кеңістігінің ең динамикалық және дамушы құрамды бөлігі болып табылады, ол стандартты жүйеге қарағанда ерекше ашық және еркін дамуды қалыптастырады (үнемі балалармен жұмыс істеу мазмұны, әдісі мен формалары өзгерісте болады), педагогтық авторлық шығармашылығы позициясын дамытуда жаңа технологияларды қолдану.

Балаларға қосымша білім беру – білім алушылардың

білім алу қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқыту процесі, үздіксіз білім жүйесінің ажырамас бөлігі деп ойлаймын. Балалардың қосымша білім беру жүйесі – салауатты өмір салтын қалыптастыру, жеке тұлғаны өздігінен дамыту, шығармашылы дарынды балаларды іздеу, қолдау көрсету және дамыту, өскелең ұрпақ тәрбиесіне және олардың дарындылығын дамытуға, балалардың құқықтарын қорғауға назар аударуды күшейтуге бағыттауға негізделген.

Қосымша білім беру ұйымдары кез-келген әлеуметтік топта балалардың қарым-қатынасты реттей алатын және қосымша білім беру ұйымдарындағы қызметте өзіндік тұлға ретінде көрсетуге қалыптастыратын қабілеттерін дамытатын ашық ақпараттық, білім беру, қызметтік және коммуникативтік әлеуметтік кеңістігін құруда оқушының жеке танымдық мүмкіндіктері мен қабілеттерін ескере отырып, жеке тұлға ретінде дамуына, әлеуметтік бағдар алуына тиімді жағдай жасаушы жүйені дамыту.

Қызығушылықтарын арттыру.

Баланың тұлғалық дамуы тәрбиеге тікелей байланысты. Қосымша білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің тұлғалық-білімдік және бос уақытты тиімді ұйымдастыру және қызығушылықтарын тануға, білім бағдарламаларының шеңберінде өздерін дамытуға және бағдарлы кәсіби тұрғыда білім алуларына мүмкіндік туғызады. Баланы шығармашылық жұмысқа тарту арқылы танымдық қабілеттерін, қызығушылығын арттыру, жетістіктерін бағалап көрсету, белсенділігін қалыптастыру, өздігінен еңбек етуге дайындау, іскерлігін дамытуға тырысамын.

Ең басты мақсатым :оқушыларды шығармашылыққа тарта отырып, он саусағынан өнері тамған дарынды баланы тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер: балалар өздерінің бағдарламаға сай жасаған туындыларының нәтижесін мектепшілік, аудандық, облыстық байқауларда, көрмелерде көруі. Бағдарламаны жүзеге асырудың қорытынды түрі мектепшілік аудандық облыстық байқауларда, көрмелерде жұмыстарын шығару арқылы.

Әрбір жетекші оқушыны үйірмеге қызықтыру үшін үнемі ізденіс үстінде болу керек, жұмыс жасауға қажетті материалдарды көркем әдебиеттерден, баспа сөз беттерден, ақпарат құралдарынан іздестіре отырып, тақырыпқа байланысты элементтерін, дайын бұйым түрлерін, слайд – фильмдерді, әсіресе компьютер арқылы фото туындылары т.б.с.с. көрнекі материалдарды барынша пайдаланып, көп еңбектенуге тура келеді. Қазір оқушыларымыз өнердің барлық түрлерін, бейнелеуге икемділіктерін үйірме жұмыстарымен айналыса отырып толық меңгеруге тәрбие берудің деңгейін көтеріп, мақсатқа жету үшін түрлі әдіс – тәсілдер қажеттілігінің туындауын шығармашылық іс – әрекеттерімен көрсетуде, сол арқылы өз қызуғушылықтарын арттырып келеді.

Бос уақытты тиімді ұйымдастыру.

Әр адам бос уақытын өзінше бір нәрсеге арнайды. Бірақ, бос уақытты ұтымды етіп өткізу әлдеқайда тиімді. Дұрыс тиімді ұйымдастырылған бос уақыт – олардың рухани өмірін, көзқарасын толықтырылуын қамтамасыз етеді. Баланың бос уақытын оның өз қалауымен өткізуге атсалысу, оған аса мән беру – қазіргі таңның басты мақсаты саналуы тиіс.

Бүгінгі таңда жаңа білімді адамды қалыптастыру барысында қосымша білімдердегі үйірме жұмыстары күннен-күнге ұлғая түсуде. Мектептен тыс орталықтарда жүргізілетін тәрбие жұмыстары, сабақ үстінде жүзеге асыратын тәрбие жұмысын толықтыра және тереңдете отырып, ең алдымен балалардың таланттары мен қабілеттерін неғұрлым толық ашудың, олардың бір нәрсеге қызығушылығы мен ынтасын оятудың құралы ретінде қызмет атқарады, ол балалардың бос уақытын ұйымдастырудың және олардың адамгершілік мінез құлыққа жаттығуын ұйымдастырудың формасы болып табылады.

Біріншіден, оқудан тыс әр тарапты әрекет баланың сабақта мүмкін болмайтын жан – жақты дара қабілетін ашуға ықпал етеді.

Екіншіден, сыныптан тыс әр түрлі үйірме жұмысының түрімен айналысу баланың жеке әлеуметтік тәжірибесін жаңдандырып, жетілдіреді, оның адамзат құндылықтарына негізделген білімдерін байытып, қажетті практикалық іскерлігі мен дағдысын

қалыптастырады.

Үшіншіден, сыныптан тыс түрлі тәрбие жұмысы балаларда әрекеттің әртүріне қатысты қызығушылығының дамуына, оған белсенді қатысуға деген құлшынысын тәрбиелеуге нәтижелі ықпал етеді. Егерде балада еңбекке деген тұрақты қызығушылық және белгілі бір практикалық дағды қалыптасқан болса, онда ол өз бетінше тапсырманы нәтижелі орындауды қамтамасыз ете алады. Бейнелеу арқылы оқушыларға көркемдік білім беру мен эстетикалық тәрбие, әсемдік сезім мен дамыту, жоғарғы эстетикалық талғам, өнер шығармаларын, тарих пен қолөнерді, туған табиғаттың сұлулығы мен байлығын түсініп, бағалай білу қасиетін қалыптастыру. Баланың ізденімпаздық ойлау қабілетін дамытатын жолдарға сыныптық кезеңдер, сурет салу мен сызба жұмыстарын орындаудың бірізділік кезеңдері, оқыту саласының қажеттілігі педагогикалық сурет, тақырып бойынша сурет салу болып табылады. Сонымен бірге оқушылардың шығармаларымен таныстыру формалары, үйірмелер ішілік байқаулар, көрмелер ұйымдастыру және мектептен тыс мұражайларға, өнер мекемелеріне саяхат түрлері балалардың бейнелеу өнеріне деген қызығушылықтарын қалыптастыруда және бейнелеу өнерін өз деңгейінде қабылдауда маңызы зор. Осындай іс-шаралар барысында баланың өнерге деген ынтасы мен талабы және үйірмеші мен педагогтың қарым-қатынасы арта түседі. Ал сабақ үстіндегі педагогпен бала арасындағы қарым-қатынас баланың іс-әрекетіндегі эмоциялық көңіл-күйі арқылы пайда болады. Сондықтан педагог балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыра білу қажет. Бағдарлы кәсіби тұрғыда үйірмеде жаңа технологиямен білім беру.

Қазіргі кезеңде Республикамызда қосымша білім берудің жаңа жүйесі жасалып, Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Білім беру саласы қызметкерлерінің алдында қойылып отырған басты міндеттердің бірі - оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбиелеу үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Балалардың шығармашылық қабілеттерін бейнелеу арқылы әлеуметтендіру. Бейнелеу өнері - түрлі ұлттың халықтарына сияқты қазақ еліне де тегіс тараған өнер. Әр ұлттың өзіне тән ерекшеліктері бар. Бейнелеу өнері сонымен қатар математикалық ойдың, есептің, бұрыштар өлшемдерінің, өң-түс, сабақтастығы жан-жақты шығармашылықпен ойландыратын тәрбие құралы. Өнерге тән ерекшеліктер-айналадағы ортамен, өмірмен, еңбекпен тығыз байланыста болумен анықталады. Қосымша үйірмеде бейнелеу өнерін оқытудың басты мақсаты - тек қана өмірдің және өнердің әсемдігін көркемдеп қабылдай алу ғана емес, сонымен қатар белсенді, шығармашылық еңбек ете алатын жан-жақты үйлесімді дамыған адамды қалыптастыру керек. Балалардың эстетикалық және адамгершіліктік көзқарастарын дамыта отырып, өнер арқылы аймақтардағы еңбек қызметіне қажетті пайдалы білімдерге және дағдыларға оқытады. Бейнелеу өнері сабағында балалар бейнелеу өнерінің негіздерімен танысып оқытылады, түрлі дәуір мен замандардың және әртүрлі халықтардың ең жақсы өнер үлгілерімен танысады, айқындық пен шынайылықтың көркемдік құралдарын тануға мүмкіншілік алады.

«Жерден ауыр дегенім — ақыл-білім,

Судан терең дегенім – оқу-ғылым.

Оттан ыстық дегенім – адамның өмірі

Көктен биік дегенім – шәкірттің көңілі!» — деген Балабидің сөзі өз ойыммен үндеседі. Ақиқат шындықпен іштей бірлік тауып, үйлесімді жұмыс жүргізілсе, сонда ғана

болашақ жүгін арқалаған ұстаздар қауымына еңбегінің жемісін көруден артық бақыт жоқ!

**Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі:**

1. Абдрашитога Т.А., Оспанова Я.Н. – Азаматтарды патриоттық тәрбиелеу бойынша озық тәжірибе. - Әдістемелік құрал – Астана: Баспа «Агроиздат» ЖШС, 2009. – 236 б.
2. «Азаматтарды патриоттық тәрбиелеу бойынша озық тәжірибе. Әдістемелік құрал». ҚР БжҒМ тәрбие жұмыстары мен жастар саясаты департаменті, Астана, 2009.
3. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының Білім басқармаларының 2013-2014 оқу жылындағы Ақпараты.
4. Мирончева О.А. Балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі педагогикалық үрдістің нәтижелілігіне мониторинг. Пед. ғыл. канд. дисс. Ульяновск, 2005. 342 б.
5. Қосымша білім беру педагогикасы: Рухтандырушылық, денсаулық және шығармашылықтың басымдылықтары: оқу құралы / В.И. Андреевтің, А.И. Щетинскаяның редакциялауымен. 2-ші басылым, толықтырылған және қайта өңделген. Казань: Инновациялық технологиялар орталығы, 2005. 328 б.
6. Смольников Е.В. Балаларға қосымша білім беру жүйесінің отандық педагогикада қалыптасуы және дамуы: (тарихи-педагогикалық талдау): пед. ғыл. канд. дисс. Ульяновск, 2006. 229 б.
7. Сущенко Т.А. Мектептен тыс мекемелердегі оқу үрдісін ұйымдастыру: оқу құралы. 2-ші басылым, түзетілген және толықтырылған. СПб: Лань, 2008. 187 б.

## ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Назарбеков Жәнібек Қасымбекұлы - Оқушылар сарайының педагог ұйымдастырушысы, педагог-модератор



Бүгінгі таңда білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған басты міндеттердің бірі — оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және заманауи педагогикалық технологияларды меңгеру. Білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру педагогтің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Педагог компьютерлік технологияларды кез келген сабақта және оның түрлі кезеңдерінде қолдануына болады. Ақпараттық технологияны пайдаланып оқыту төмендегідей мақсаттарды көздейді:

1. Ақпараттық технологияны білім деңгейін тексеру бағытында қолдану;
2. Педагогтің оқытушылық мақсатында қолдануы;
3. Компьютерді мультимедиялық мүмкіндіктер арқылы көрнекі құрал ретінде пайдалану;
4. Электрондық оқулықтармен интернетті пайдалану.

Оқу үрдісінде компьютерді пайдалану баланың өзіндік жұмыстарын ақпараттық-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етуге, елеулі өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді. Олардың баяндама, реферат жазғанынан презентация жасағаны тиімді, себебі, презентация жасау барысында олар алған материалдарын жүйелеп, негізгісін, тақырыптың өзекті жерлерін бөліп алады. Бұл дағды баланың логикалық ойлауын, шығармашылықпен, ақпаратпен жұмыс жасауын қалыптастырады.

Жаңа білімді адамды қалыптастыру барысында қосымша білім беру мекемелеріндегі үйірме жұмыстары едеуір жұмыс атқаруда. Шымкент қаласы білім басқармасының Оқушылар сарайында компьютерлік технологияны меңгеру, осы салада сауаттылықты арттыру бағытында 4 үйірме жұмыс атқарады. Үйірмелерде компьютерді меңгеру жалпы оқу материалын меңгеру мүмкіндігін кеңейтеді. Түсті графиканы, мультимедианы, бейнетехниканың барлық мүмкіндіктерін пайдалану баланың оқуға қызығушылығын арттырады.

Үйірмешілер мультимедианы қолдануды арқылы басылған оқу құралдары, аудио және видео жазбалар, компьютерлік оқу бағдарламаларын игереді. Мультимедиа - компьютерде дыбысты, ақпаратты, тұрақты және қозғалыстағы бейнелерді біріктіріп көрсету үшін жинақталған компьютерлік технология. Ол ақпаратты кешенді түрде бейнелеуді - мәліметтерді мәтіндік, графикалық, бейне, аудио және мультипликациялық түрде шығаруды жүзеге асырады. Бірнеше ақпараттық технологияларды қолдануға арналған





мультимедиа білім беру ісінде ең тиімді әдіс болып табылады. Мәселен, компьютер мен адамның арасындағы байланысты арттырады, дауыс шығару, бейнеэлектрондық оқулықтар және оқу құралдары, энциклопедиялар, компьютермен жасалған әлем, бағдарламамен оқу және жаттығулар.

Мультимедиа технологиясы арқылы оқу үрдістері түрлі көрнекілік құралдармен толығы бастады. Мультимедиа технологиясы білім беру саласында ең керекті құралдардың бірін әрі дербес компьютерді кеңінен қолдануға жол ашты.

Үйірме сабақтары компакт дискілер мен қуатты процессорлар құрамына мәтіндік ақпарат, мультипликация, фото, бейне,

модельдеу, дыбыстық сүйемелдейтін бағдарламалар жасауға мүмкіндік береді. Мұндай жобаға қатынасшылар эксперименттер өткізіп, зерттеу нәтижелерімен алмасады, электрондық почта бойынша бірлескен талдау жұмыстарын жүргізеді.

Электрондық оқулықтарды қолдану арқылы балалардың шығармашылықпен жұмыс жасауына, танымдық белсенділігін қалыптастыруға мүмкіндік ашылады. Әр бала өз мүмкіндігінше, даярлығына сәйкес ақпарат, мәліметтер алып, танымдық өрісін кеңейтіп, белсенді жұмыс жасай алады. Оқытудың компьютерлік технологиясының оқу үрдісіне кеңінен енуі баланың танымдық белсенділігін таныта отырып, электрондық оқулық көмегімен балаларды өзіндік жұмыс түрлерін орындауға баулиды.

Дүние жүзінде электрондық почта көпшілікке белгілі және телефон, радио, факс сияқты кең қолданылады. Электрондық почта - педагогтер мен үйірмешілер арасындағы ақпарат алмасудың тиімді тәсілі. Электрондық почта оқу үрдісі кезінде оқу бағдарламасының мазмұндық жағын жеткізу және педагогтің баламен кері байланысын қамтамасыз ету үшін қолданылады. Балалардың танымдық белсенділігін қалыптастырудың негізгі әдісі - компьютерлік технологияның көмегімен жүзеге асырылатын оқу тапсырмалары болып табылады.



Әрине, жаңа технологияға байланысты мүмкіндіктердің қайсысы болмасын қалыптасқан оқыту әдістерін жоққа шығармайды. Қайта сол әдістемені, түрлі амал-тәсілдерді толықтырып, жандандырып, түрлендіре отырып, білім сапасын көтеруге қызмет етеді. Сондықтан, жаңа технология - электрондық оқу құралдары, түрлі компьютерлік бағдарлама-мағлұматтар, интернет-жұмыс істеудің ең тиімді жолы болумен қатар, өз бетінше үйренуге тілек білдірушілер үшін де мол мүмкіндіктер ашады. Қазіргі уақытта білім берудің аясы кеңейіп,

дидактикалық жаңа бағыттар пайда болып, оқыту мазмұны мен әдісі өзгеріп, байытылып жатқанда компьютерлік технологияны пайдалану балалардың танымдық белсенділігін қалыптастырудың объективті мүмкіндігі болып табылады.

## АНА ТІЛІ АҰЛЫҒЫ ШЕҢБЕРІНДЕ «ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА АҚЫН, ЖАЗУШЫ ХАНБИБИ ЕСЕНҚАРАҚЫЗЫМЕН КЕЗДЕСУ ЖИЫНЫНЫҢ СЦЕНАРИИ

Наширова Гулжан Зулпухаровна - қалалық «Жас ұлан» штабының жетекшісі, Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі



**Жүргізуші:** Қайырлы күн, қала мектептерінің Ұланбасшылары мен ұланбасшы орынбасарлары және тәлімгерлер! Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер қоғамдық ұйымының «Руханият» бағыты бойынша «Ұрпақтар сабақтастығы» жобасының кезекті жиынына қош келіпсіздер!

**Жүргізуші:** Өз бастауын 2011 жылы бастаған ұйымға биыл 8 жыл толғалы отыр. Аз да болса, біз үшін мерейлі дата. Осы кезге дейін қаншама қалалық деңгейде іс-шаралар мен түрлі дөңгелек үстелдер және пікір алмасулар өтті.

**Жүргізуші:** Биылғы жылыдың өзінде «Жас ұлан» қалалық штабында Қалалық Ұланбасшыны сайлау жиыны, «Салауат» бағыты бойынша «Мәңгілік елдің ордасы - Астана» атты спорттық эстафета және «Жеті жарғы» бағытында «Құққұбузушылық неден басталады?» пікіралмасуы, «Отан» бағытында «Туған елдей ел болмас» атты он күндік іс-шара және «Зерде»

бағытында «Біз октябрыт, пионер, комсомолдың ізбасарларымыз» атты іздену жұмыстары жүргізілді.

**Жүргізуші:** Бүгінгі жиында «Жас Ұлан» штабының ұйымдастыруымен ұйымның 7 бағытының бірі - «Руханият» бағыты бойынша жұмыс үлгісі көрсетіледі.

**Жүргізуші:** Осы бағыт шеңберінде «Ұрпақтар сабақтастығы» жобасы осыдан үш жыл бұрын бастау алып, көпшілік көңілінен шығып, қала мектептерінде өз жалғасын тапты. Осы ретте «Ұрпақтар сабақтастығы» жобасының кезекті қонағымен таныс болыңыздар.

**Жүргізуші:** Ол – ақын, жазушы, Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының мүшесі,

Ол - «Парасат» орденінің иегері,

Ол - «Алаш» халықаралық сыйлығының лауреаты,

- Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері,

- Шымкент қаласының Құрметті азаматы,

Ханбиби Есенқарақызы!

Хан апай, төрлетіңіз!

Қонақты төрге шығарып отырғызу

**Жүргізуші:** Ендеше, бүгінгі кездесуімізді ашық деп жариялаймыз.

Ханбиби апай, «Жас ұлан» ұйымының кезекті жиынына қош келіпсіз! Жоғарыда айтқандай, «Ұрпақтар сабақтастығы» жобасы аға буын мен кіші буын арасындағы көпір іспеттес. Сол көпірде Ханбиби Есенқарақызымен кездесу біз үшін үлкен мәртебе.

(отырады)

**Жүргізуші:** Ханбиби апай, осыдан 50-60 жыл бұрын сіз мектеп оқушысы және пионер қатарында болдыңыз. Балаларға қызығы, оқушы Ханбиби қандай болды және пионер ұйымында қандай белсенділік танытты? Бізге осы тұрғыдан әңгіме бастасаңыз....

**Жүргізуші:** «Жас Ұлан» штабының белсенділерінің сіздің шығармашылығыңыздан «Асыл сөздеріңіз» бойынша дайындаған өнерін тамашаласақ.

«Асыл сөздер»- үгіттобы өнері

**Жүргізуші:** Ханбиби апай, кездесу жиыны әдетте сұрақ-жауаптан тұрады. Біз де

сол сарынмен жасұландықтар сұрақтарына кезек берсек.

«Парасат» орденінің иегері, ақын, жазушы

**Ханбибі Есенқарақызына қойылатын сұрақтар**

1. Сіздің өмір тарихыңызға көз жүгіртсек, сіз еңбек жолыңызды ұстаз болудан бастаған екенсіз. Ақындық жолына бет бұруыңызға не себеп?(№83 жом Турабеков Дилшод)

2. Сіздің асыл сөздеріңіздің арасынан оқығаным бар еді; «Ақындық – адамның бойына табиғат сыйлаған қасиет. Ақындық менің туа біткен талантым»-деп айтқан болатынсыз. Ақындық талантыңыз туа біткен талант па әлде әкеңізден дарыған талант па, қалай ойлайсыз? (№77мл. Сулейменова Аида).

3. Ақын ретінде халықтың мойындауы бір басқа, әкеңіздің мойындауы бір басқа шығар. Әкеңіздің өлеңіңізге сүйсініп, «нағыз ақын екенсің» деп баға берген кезі есіңізде ме? (№4 жом Анарбай Ербатыр)

Х.Есқараеваның «Дос іздедім», «Кешір мені», т.б. өлеңдері оқылады

4. Бір сөзіңізде, «Әйел – қашан да нәзіктік пен әдемілік символы ғой. Олар қазақ әйеліне тән иба мен нәзіктікті жоғалтпаса екен» -деп айтқан болатынсыз. Жалпы әйел адамға отбасы мен шығармашылықты қатар алып жүру оңай емес. Сіз қалай үлгердіңіз? (№129 жом Орынбай Сымбат).

5. Ханбибі апай, сіз 11 кітаптың авторысыз. Өлеңдеріңіз орыс, украин, өзбек, якут тілдеріне аударылған. Әнге айналған «Алтынай», «Нурикамал», «Хадиша», «Дос іздедім», «Көңілгүл», «Махаббат өмірлері» халық арасына кеңінен таралды. Осы әндеріңіздің арасынан жаныңызға жақыны қайсы? (№100 жом Абай Балнұр )

Бір сәт демалып, «Нурикамал» әнін тыңдауға кезек берсек. Сахнада Оқушылар сарайының «Ән-домбыра» үйірмесінің жетекшісі Перизат Сайлауқызы Әшірбекова.

«Нурикамал» - П.Әшірбекова

6. Қарап отырсақ, сіз осы жасқа жеткенше талай белестер мен тарихи өткелдерден өттіңіз. Қаншама тарихтың куәсі болып, жеткен жетістігіңіз де көп. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауы бойынша 2019 жыл «Жастар жылы» аталды. Бұл Жолдауға пікіріңіз және жастар осы жылда өз жұмысын неден бастағанды жөн көресіз? (№125 жом Матов Динмухаммед)

7. Қазіргі жаһандану заманында қазақ отбасында маңызды өзгерістер болуда. «Қартым - қазынам» - деп қараған қариялардың көпшілігі қалған аз ғана өмірін Қарттар үйінде өткізуде. Ғабиден Мұстафиннің «Ата-ананы ұмытқан жас - опасыздың опасызы, рақымсыздың рақымсызы» деген пікірі бар екен. Сіздің пікіріңізді білгіміз келеді. (№125 жом Нартаев Бақытжан)

**Х.Есқараеваның өлеңдері оқылады**

(6 өлең оқылады)

8. Бұрынғы кезде қыз бала ер баладан бір саты төмен тұрады деп естуші едік. Қазір қыздарды ұлдармен тең дәрежеде өсіріп жатыр. Қыздар ер адамдармен бірдей жұмыс жасап, саясатқа араласуда. Бұл, әрине, қуанарлық жағдай. Бірақ қыздарымыз өздерінің биязылық, ибалылық және нәзік қасиеттерінен айырылып бара жатқан сияқты. Сіздің пікіріңізді тыңдасақ... (№120 жом Сұлтанхан Айгерім)

Жүргізуші: Ханбибі апай, бүгінгі кездесу «Жас Ұлан» штабының ұйымдастыруымен өткізіліп отыр. Осы штабтың белсенді мүшесі Нартаев Бақытжанға сөз кезегін берейік.

Бақытжан: Құрметті Ханбибі Есенқарақызы! Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы өскелең жас ұрпақтың бойында Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыруды мақсат етеді. Осы мақсатты толығымен орындап, қазақ жастарының бойында адамгершілік қасиеттерді дамытуға қосқан үлесіңіз үшін бүгіннен бастап Сізді «Жас Ұлан» ұйымының «Құрметті мүшесі» деп жариялаймыз. Салтанатты түрде ұйымның мойынтағы мен төсбелгісін тағуға рұқсат етіңіз.







**Галстук пен төсбелгі тағылады.**

**Жүргізуші:** Алдыңғы буын аға-апаларымызды біз қашанда үлгі тұтамыз! Ханбибі апай, біле жүріңіз, жасұландықтар Сізбен мақтанады. Ендеше қорытынды сөз «Жас Ұланның» жаңа мүшесі Ханбибі Есенқарақызына беріледі.

Қонақтың қорытынды сөзі - 10 мин.

**Жүргізуші:** Бүгінгі «Ұрпақтар сабақтастығы» жобасының кезекті жиынын қорытындылау үшін сөз Оқушылар сарайы директорының орынбасары Ислам Беласарұлына беріледі. Марапаттау.

«Жас ұлан» штабының пікір кітабына қолтаңба қалдыру

**Жүргізуші:** Жиынға қатысушы штаб белсенділері, бүгінгі жобаның алдағы уақытта қала мектептерінде өз жалғасын табатынына сеніміміз мол. Сіздердің тараптарыңыздан ұсыныстар күтеміз. Келесі кездескенше күн нұрлы болғай!

Естелікке суретке түсу



## ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ БОС УАҚЫТЫН ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Нуржанова Наргиза Оразбаевна  
Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі



Адамның танымдық және шығармашылық мотивациясын дамытуды мақсат еткен қосымша білім беру мектептен тыс оқыту мен тәрбиелеу, балалардың сабақтан тыс жұмыстарын ұйымдастыру дәстүріне сүйенеді. Ол қосымша оқыту бағдарламалары мен қосымша білім беру қызметтерін көрсетуден тұрады және ол мемлекеттің, балалардың мүддесін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында іске асырылады. Мектептен тыс мекемелер балалардың отбасынан, мектептен алған білім-тәрбиесін толықтырады, солармен бірлесе отырып бір мақсатты жүзеге асырады: жеткіншектердің дене-бітімінің сымбатты болуына, ақыл-ойының дұрыс қалыптасуына, рухани-әлеуметтік, моральдық тұрғыда дамуына ықпал етеді.

Қосымша білім беру қызметіне, бұл жұмыстың болашағына жақсы көзқараспен қарау әрбір педагог пен ата-ананың тікелей міндеті деп ойлаймын. Бала тәрбиелеу – үздіксіз процесс, ол баланың бос уақытында жүзеге асырылады. Адам өмірінде бос уақыттың ролі өте ерекше. Ол демалу, тынығу үшін емес, рухани қажетін өтеуге, ойлау қабілетінің жетілуіне, жалпы жан-жақты болуына арналады. Әр бала бос уақытын тиімді пайдалану жолдарын жоспарлауы тиіс. Қоғам, ұжым, отбасы балалардың демалысының тиімді ұйымдастырылуын назардан тыс қалдырмауы қажет. Дұрыс, тиімді ұйымдастырылған бос уақыт балалардың рухани өмірінің сапалы өтуін, дұрыс көзқарасының қалыптасуын қамтамасыз етері даусыз. Баланың бос уақытын оның өз қалауымен өткізуге атсалысу, оған аса мән беру қазіргі таңның басты мақсаты саналуы тиіс. Сонымен қатар баланың бос уақытын тиімді ұйымдастыру әлеуметтік құбылыс ретінде қарастыру мәселесі әлемдегі барлық ғалымдардың назарын аударып отыр. Өйткені, қоғамымыздағы әлеуметтік – экономикалық, саяси және мәдени өзгерістер тұлға санасында да жаңаша көзқарас қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 14 шілдеде өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінде «Келесі мәселе - қосымша білім беру. Бұл - өскелең ұрпақтың қарым-қабілетін дамыту үшін қолға алынған бастама. Қосымша спорттық және шығармашылық білім беру ісіне мемлекет тапсырысы бойынша қаржы бөлінетін болды. Бұл қадам үйірмелер мен секцияларға қатысатын балалардың санын 70 пайызға дейін арттырды. Мұны стратегиялық тұрғыдан дұрыс шешім болды деп санаймын. Дегенмен, жоба іске қосылған жылы бірқатар олқылықтарға жол берілді. Яғни, қаржы мәселесіне және тиісті порталдың («Артспорт») жұмысына қатысты қателіктер болды. Қаржыны артық жұмсау, алаяқтық, ашықтан-ашық жымқыру басталды. Ата-аналар балаларын бірден бірнеше үйірмеге беретін болды. Өкінішке қарай, мұндай теріс пиғыл басқа балалардың жолын кесіп отыр. Кемшіліктің бәрін түзетіп, осы игі бастаманы жалғастыру қажет.

Әкімдіктер және мәслихаттар қосымша білімге бөлінетін бюджет қаражаты жетпей қалуы мүмкін деп алаңдап отыр. Білімге салынған қаражат - мемлекет үшін ең басты инвестиция болуы керек. Бұл - өте маңызды мәселе. Түптеп келгенде, дамудың бірден-бір жолы – білім саласы. Сондықтан, бұдан ешкім ұтылмайтыны сөзсіз. Үкімет пен әкімдер жұртшылықпен бірлесіп, жобаны жетілдіруге тиіс. Оны сапалы әрі тиімді жасау қажет. Нақты ғылымдар мен инженерия саласы бойынша қосымша білім беруге айрықша назар аудару керек. Балаларды дене шынықтыру және академиялық тұрғыдан бірдей дамыту қажет. Ауылдық жерде тұратын балаларға баса мән берген жөн. Барлық аймақтағы

балалардың қосымша білім алуына мүмкіндігі болуға тиіс» деп атап өткен болатын.

Баланың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, осы жұмысқа бағыт беріп отыру - барша қауымның ортақ ісі. Баланың жан-жақты болып өсуі тек қана оның мектепте өткізетін уақытымен шектелмейді. Бүгінгі таңда жаңа білімді адамды қалыптастыру барысында білім беру мекемелердің қызметі күннен-күнге ұлғая түсуде. Сондай қызметтің бірі - сабақтар мен үйірме жұмыстар. Балалармен сыныптан тыс жүргізілетін тәрбиелік маңызы бар қосымша сабақтар мен үйірме жұмыстары ең алдымен балалардың таланттары мен қабілеттерін неғұрлым толық ашудың, олардың қызығушылығы мен ынтасын оятудың құралы ретінде қызмет атқарады, ол балалардың бос уақытын ұйымдастырудың және олардың адамгершілік мінез-құлыққа бейімделіп жаттығуын ұйымдастырудың формасы болып табылады.

Қосымша білім беру қызметі әртүрлі әрекеттердің жиынтығы ретінде балаға кең көлемде тәрбиелік ықпал ете алады, оқудан тыс әртарапты әрекет баланың сабақта мүмкін болмайтын жан-жақты дара қабілетін ашуға ықпал етеді, сыныптан тыс әртүрлі қосымша жұмыспен айналысу баланың жеке әлеуметтік тәжірибесін жандандырып, жетілдіреді, оның адамзат құндылықтарына негізделген білімдерін байытып, қажетті практикалық іскерлігі мен дағдысын қалыптастырады.

Жалпы, педагогпен бірлесе отырып жасаған шығармашылық тапсыр-маларды шешу баланың белсенділігін арттырады. Бала-ларға қосымша білім беру меке-мелерінің бағдарламасы, қазіргі даму жүйесі барлық білім беретін мекеме-лердегі педагогикалық үрдістің ұйым-дастырылуы мен бағдарла-ма-лары-ның талаптарына сай, белгілі бір стандартпен тәртіп бойынша орындалуы тиіс. Бұл ретте, қосымша білім беру ұйымдарының басты жақсы тұсы - білімнің адам өмірі мен қоғамдағы орнын анықтап, тұлғалық даму тұрғысында озық жетістікке бағыттауында. Баланың жастайынан өз ісіне баға беруге, болашаққа белгілі бағыт таңдап, өз мамандығын айқындауына сеп. Сондай-ақ, ғылымдағы жаңа тенденцияларды ажырата білуге бағыттайды. Бала қосымша ақпарат алумен шектелмей, шығармашылық дарынын арттырады. Педагог біліктілігінің арқасында бас-ты міндеттерді белгілейді. Алай-да, қосымша білім берудің даму жү-йесі барлық білім беретін жалпы орта мектептердегі бағдарламалар негізінде жүрсе дұрыс бағытта болмақ. Педагог мамандардың біліктілігі де сол бағдарламалар негізінде ұйымдастырылып, мектеп талаптарына сай белгілі үлгімен жүргізілгені дұрыс.

Қосымша білім баланың мектепте алған білімін кеңейтуге және тереңдетуге мүмкіндік береді, сондай-ақ оның болашақ мамандығын таңдауына да негіз болады. Сонымен қатар, қосымша білім - тәрбие бастауы, тәрбиенің қайнар көзі. Отбасы тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі туралы кемеңгер Абай: «Адамның адамдық қасиеттерге ие болмағы, әуелі ақыл, ғылыммен болса, ол қызығу, денсаулыққа байланысты, қалғаны «жақсы ата-ана үлгісі өнегесі» - деген болатын. Яғни, баланың жақсы адам болып қалыптасуы бірінші кезекте отбасында алған тәлім-тәрбиесіне байланыстылығын ескерткен.


Жас ұрпаққа тәрбие - отбасында, балабақшада, мектепте, жоғары оқу орындары мен қосымша білім беру мектептерінде беріледі. Сондықтан осы бала тәрбиелейтін орындар үйлесімді, бірігіп, жан-жақты жұмыс істесе, сонда ғана келер ұрпақ тәрбиелеуде үлкен жетістіктерге жетеді. Бұл орындардың арасында байланыс болмай тәрбиеде табысқа жету мүмкін емес.

### **Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі**

1. «Ortalyq Qazaqstan» сайты.
2. Қазақстан мектебі журналы. №3,6 2003 жыл.
3. Ғасырлар мұрасы. Алматы «Мектеп» 1988 жыл.
4. Мектептегі технология №8 2003 жыл.
5. Еңбекке үйрету. 39-41 бет 2006 жыл. оқушылардың кәсіптік бағдар туралы.
6. Н.Н.Чистяков, Т.А.Буянова, Н.Э.Касаткина. Алматы «Мектеп» 1988жыл.
7. Қазақстан жоғарғы мектебі. С. Пірәлиев. № 2 2001 жыл.
8. Ұлағат. Ғылыми-психологиялық және педагогикалық басылым № 5 2002жыл.

## ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДЕ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ПАЙДАЛАНУ

Сапарбаева Айжан Қуатбекқызы  
Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі



Қазіргі таңда білім беру жүйесінде қосымша білім беру мектептен тыс ұйымдардың бірегей жүйесін сақтау және дамыту, жеке тұлғаны тәрбиелеу, оқыту және шығармашылық дамытуда олардың рөлін арттыру. Балаларға қосымша білім беру мазмұны, оны ұйымдастыру түрі, әдістері мен технологиялары сапасын көтеру, педагогикалық шығармашылық жұмысты бағдарлы түрде ұйымдастыру. Қазақстандағы қосымша білім беру жүйесі білім беру кеңістігінің ең динамикалық және дамушы құрамды бөлігі болып табылады, ол стандартты жүйеге қарағанда ерекше ашық және еркін дамуды қалыптастырады.

Балаларға қосымша білім беру білім алушылардың білім алу қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқыту процесі, үздіксіз білім жүйесінің ажырамас бөлігі. Балалардың

қосымша білім беру жүйесінде ұлттық тәрбие құндылықтарын пайдалану, салауатты өмір салтын қалыптастыру, жеке тұлғаны өздігінен дамыту, шығармашыл дарынды балаларды іздеу, қолдау көрсету және дамыту, өскелең ұрпақ тәрбиесіне және олардың дарындылығын дамытуға, балалардың құқықтарын қорғауға назар аударуды күшейтуге бағыттауға негізделген.

Үйірмешілерге қазақ еліндегі тарихи құндылықтарды, ұлттық әдет-ғұрып пен салт-дәстүрді оқыта отырып, бойларына сіңіріп, ой-өрісінің жан-жақты болуына үлес қосуымыз керек. Қосымша білім беруде ұлттық тәрбие құндылықтарын пайдалану жолдары :

1. Ұлттық білім беру жүйесінің бағыттарын үйрену.
2. Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие беру туралы ұсынған педагогтардың ой - пікірлерін оқу, танысу.
3. Ұлттық тәрбиені сабақпен байланыстыру.
4. Ұлттық тәрбие беру арқылы баланың қызығушылығын арттыру. Осы мақсатқа жету үшін педагог сабағында үйірмешілерге ұлттық тәрбиені тақырыпқа сәйкес тиімді пайдалана алу керек.

Қазақстанда этнопедагогикалық ой - пікірдің дамуына үлкен үлес қосқан қазақтың ағартушы - педагогтары А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, М. Дулатовтың еңбектерінде бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие беру туралы ой-пікірлері, оларды жүзеге асыру жолдары нақты халқының ұлттық санасын ояту, тұрмыс-жағдайын жақсарту, ол үшін халықты жаппай сауаттандыру, оқыту керек екенін айтып, өзінің ұлттық идеясын насихаттайды.

Ахмет Байтұрсыновтың бүкіл өмір жолындағы басты идеясы қазақ Балаларға қосымша білім беруде баланы қызықтыра білсең, қызыға біледі. Барлығы дерлік өлең шығара алмас, әңгіме жазуға құмартпас. Бірақ әр бала әр нәрсеге қызығады, әр нәрсеге икемді болады. Сондықтан оның қай іске бейім екенін танып алып та, жеке жұмыстар беру арқылы дамытуға болады. Мысалы, біреу сурет салғанды жаны сүйеді, оған осы сурет салу туралы әңгіме, не өлең жазуға тапсырма беруге болады. Сосын осы сала бойынша жұмбақ, мақал-мәтел жинақта деп тапсырма берсе, тіптен жақсы. Үйірмешілердің ойлау дәрежесіне қарай, біліміне қарай оларға берілетін тапсырмаларды деңгей бойынша бөліп те беруге болады.

Балаларға қосымша білім беруде ұлттық әдет-ғұрыптар туралы мәліметтерді білім алушылардың өздеріне жинауға да тапсырма беріп, әр элементін ойын түрінде сабақта қолданып отырса, үйірмеші үшін де қызықты болады. Білім беру қашанда мәдени дәстүрлердің айрықша бөлігі. Сондықтан кез - келген қызметті қазіргі заман талабына сай етіп білім беру қажет. Ол - заман талабы. Білім беру жүйесін жобалау және іске қосудағы негізгі мәселелердің бірі - технологияландыру және стандарттау. Мұны тұтас бір үдеріс түрінде қарастыруға, талдауға, жобалауға болмайды. Мәселен, мына төмендегі 5 бағытты жеке-жеке алуға болады.

1. Білім беру дегеніміз - мәдениеттің негіздерін және тұғырын оның уақытша жағдайына бейімдей қалау және ұрпақтың іс-әрекеті.

2. Мамандарды дамушы және жаңадан өндіру технологияларын оқып үйрену негізінде даярлау.

3. Оқу қызметінің технологиясы.

4. Тәрбие - елдің мәдени ерекшелігін, оның аймақтық өзгешелігін, шаруашылық құрылыс, үдемелі өзгеріс және экологиялар, ұлттық дәстүрлерді сақтау қызметі.

5. Сауаттылық - қоғамның барлық табында кәсібилікті қамтамасыз ету қызметі. Осы қызметтерді басқарып ұйымдастыруды мақсат етіп, ұлттық білім үдерісін қалыптастыру негіздерін қалауға тиіспіз.

Бір қуаныштысы сол - ұлтымыздың білім алуы жолында жан-жақты жағдайлар қарастырылып жатыр. Оған дәлел мекемемізді заман талабына сай техникалық құралдармен қамтамасыз ету жағдайы, кабинеттерді компьютерлендіру, интернет жүйесіне ену үкімет тарапынан қарастырылған.

Қазақтың өзіндік ұлттық болмысына тән бағдарламалар жасау қажеттілігі әлдеқашан туған. Ұлттық тәрбие құндылықтарын пайдалану баланың білім игеру кезінде ойлау қабілетін қалыптастыру, сол арқылы таным әрекетін белсендіріп, шығармашылық қабілеттерін ұлттық тәрбие беру арқылы дамыту болып табылады. Шығармашылық қабілетті тәрбиелеудің алғы шарттарына мына нәрселерді жатқызуға болады.

1. Шығармашылық қабілет деңгейін анықтау.

2. Қызығушылық және шығармашылық пен таным белсенділігін арттыру.

3. Шығармашылық қабілетті тәрбиелеу барысында кездесетін қиындықтар мен қарама-қайшылықтарды есепке алып зерттеу.

4. Баланың шығармашылық қабілеттерін тәрбиелеуді кезең бойынша сатылап дамыту.

5. Қосымша білім беруде ұлттық тәрбие құндылықтарын пайдалану арқылы үйірмешілердің жаңа, өзі білмейтін іске деген қызығушылығы басым болады. Ондай істер баланың ақыл-ойын, ішкі күштерін жұмылдырады және ерекше қуат береді. Ертеректе балалар ұлттық ойындар ойнағанды ұнататын. Мысалы: асық ойнау, жамбы ату, алтыбақан т. б. Қазіргі балалардың ұлттық ойынға деген қызығушылықтары төмен. Олар қазіргі компьютерлендірілген заманның талабы болар, атысу, жарысу, машина жүргізу, дәлдікке ату секілді ойындарды ойнағанды ұнатады. Ұлтжанды, шығармашыл тұлға тәрбиелеудің негізгі талаптары:

1. Шығармашылық қабілетті дамыту: а) қиял шығармашылықты дамыту;

ә) шығармашылықпен ойлауды дамыту; б) шығармашылық белсенділікті дамыту.

2. Балаларға ұлттық тәрбие беру арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін атқарылатын жұмыс барысындағы ата-аналарға берілетін кеңес түрлері: а) балалар шығармашылығында неғұрлым өз бетінше жұмыс істеуді қамтамасыз ету; ә) асығыс қорытынды жасамау, тиянақтылық пен бақылауды анықтау; б) балалар бастамасына тежеу қоймау, қажетті көмек көрсету; в) балалардың алдына қойған мақсатына жете білуге әрекет ету.

3. Шығармашылық ойындар. Бұл ойын түрлерін жүргізу нәтижесінде бала өзін - өзі танытуға деген құлшынысын шыңдай түседі. Балалардың шығармашылық қабілеттері, пәнге деген қызығушылықтары артады. Жоғарыда айтылған мәселелерді түйіндейтін болсақ, қызығушылық пен белсенділік үнемі артып отыру арқылы қабілеттің көптеген қырларын қалыптастыруға болатындығы айқын көрінеді.



Балаларға қосымша білім беруде ұлттық тәрбие құндылықтарын пайдалану әр ұстаз оқу - тәрбие жұмысына шығармашылықпен қарап, жаңа заман талабына сай, озық ұлттық дәстүр рухында тәрбиелеп, сабақты түрлендіру мақсатында оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін пайдаланса, игі нәтижеге жетеріміз сөзсіз. Қазіргі заман ғылымының даму қарқынына орай адамға қажет білім деңгейі де өсіп отыр. Сондықтан ең маңызды нәрсе балалардың білім алу

барысында халық педагогикасының құндылықтарын пайдалану арқылы бала бойына ізгі қасиеттерді қалыптастыру болып табылады. Қазақ халық педагогикасының мазмұны бай және сан қилы. Ол жеткіншек ұрпаққа тәрбие берудің барлық жағын қамтиды.

Балаларға қосымша білім беруде тәрбиенің қалыптасуы мен дамуы халықтың сан ғасырлық тарихымен, тыныс-тіршілігімен, тұрмыс-салтымен және мәдениетімен тығыз байланысты. Осыған орай халқымыздың өзіне тән тіршілік салты, қолданбалы өнері, ән-күйлері, аңыз-ертегілері, мақал-мәтелдері, жыр-дастандары, әдет-ғұрыптары, ұлттық салт-сана мен тәрбиенің халықтық дәстүрлері өмірге келді. Өз тіршілігінің сан ғасырлық тарихы ішінде қазақ халқы тәрбиенің өзіне тән тәжірибесін, өскелең ұрпаққа тәрбие берудің өзіндік әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін жинақтады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі:**

1. М.М.Тілеужанов Қазақ халықтық педагогикасының кейбір мәселелері. - Орал, 1992 ж.
2. Заир-Бек С.И., Муштавинская И.В. Развитие критического мышления на уроке. М.: Просвещение. – 2010 г.
3. Мухина В.С. Детская психология.-М., 1985г.
4. Савенков А.И. Содержание и организация исследовательского обучения школьников. – М., 2004 г.

## САБАҚТЫ ҚЫЗЫҚТЫ ӨТКІЗУДІҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Таскымбаева Акмарал Нурлановна  
Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі



Қазіргі таңда әр ұстаздың алдына қойып отырған басты міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру. Оқыту процесінде пайдаланылып отырған әртүрлі әдіс-тәсілдер мен жаңа технологиялар өз нәтижелерін беруде. Олар баланың жеке қасиетін аша отырып, оның танымдық қабілетін қалыптастыру және білімін кеңейтуге, тереңдетуге жағдай жасап отыр. Ұстаз болу үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау. Жаңа педагогикалық технологиялар білім алушының жеке тұлғалық күшін арттырып, шығармашылық ойының дамуына ықпал етеді.

Педагог балаға білім беруде әр түрлі тәсілдерді қолдану керек. Оларды қолданудағы мақсаты балаларға жеңіл әрі түсінікті болуы. Әр педагогтың мақсаты – сабақты тартымды, әрі қызықты өткізу. Бұл мақсатқа ойын элементтерін қолдану арқылы оңай жетуге болады.

Ойынмен ұйымдастырылған сабақ балаларға көңілді,

жеңіл келеді. Бұл оқу – бастауыш сынып балаларының жас ерекшелігін, тілді меңгеру дәрежесін, сөздік қорын ескере отырып, сабақты қызықты өткізу мақсатында қолданылатын қосымша құрал.

Коммуникативтік және әлеуметтік құзыреттілік, тыңдау және диалогқа түсу, мәселелерді ұжымдық талқылауға қатысу қабілетін қалыптастыру және дамыту үшін балалар құрдастар тобына бірігуі және құрдастарымен және ересектермен өнімді өзара әрекеттесу мен ынтымақтастықты құруы керек. Бұл дағдыларды қалыптастыруға үйірме барысында қолданылатын белсенді әдіс-тәсілдер үлкен үлес қосады.

Ағылшын тілін оқытудың практикалық мақсаты – оны қарым-қатынас құралы ретінде оқытуды ескере отырып, коммуникативті бағыттылық принципін жетекші әдістемелік принцип ретінде қарастырған жөн. Бұл оқытуды оқушыларды ауызша (тыңдау, сөйлеу) және жазбаша (оқу, жазу) қарым-қатынасқа тартатындай құрылымдау керек дегенді білдіреді. Оқытудың белсенді әдістерін қолдану ақпараттық-түсіндірмелі оқытудан белсенді дамыта оқытуға көшуді қамтамасыз етеді, бұл оқу ақпаратын берудің монологтық әдістерін педагогтер мен үйірмешілер арасындағы қарым-қатынастың интерактивті формаларымен ауыстыруды көздейді. Бұл білім сапасының жоғарылауынан бірден көрінеді. Мұндай ағылшын тілі сабақтарында балалар жалықпайды, оқуына немқұрайлы қарамайды.

Баланың сабақты бастайтын көңіл-күйі мен көзқарасына байланысты сабақтың басы өте маңызды. Оның жұмысы мен табысы осыған байланысты.

«Greet with elbows» әдісі: мүмкіндігінше көп топ мүшелерімен сәлемдесу арқылы өз атыңызды ағылшын тілінде айтып, шынтақпен бір-біріне тигізіңіз, бұл сабақтың басында бейресми атмосфераны құруға және балалар арасында байланыс орнатуға көмектеседі.

«Flying proverbs» мақсаты: ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдер немесе идиомаларды білуі

Құрал-жабдықтар: мақалдар немесе идиомалар екі бөлініп жазылған қағаз қиындылары.

Балаларға мақал-мәтелдер жазылған карточкалар беріледі, осылайша біреуі сөздің басын, екіншісінің аяғын алады. Балалар командалар құрып, нақыл сөздердің бөліктерін сәйкестендіруі керек. Бұл әдіс лексикалық, айтылым дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдер мен идеомаларды білуге

көмектеседі.

«**Guess the word**» мақсаты: сабақтың басында жинақылықты қамтамасыз ету, сабаққа қызығушылығын, үйірмешілердің зейінін арттыру. Педагог бұрын өтілген материалға байланысты қызықты сұрақтар қояды: дұрыс жауаптар тақтадағы бағанға жазылады. (Уақытты үнемдеу үшін жауаптар тек сөзден тұруы мүмкін). Сөздердің әріптері тігінен сөзді құрайды, ол жаңа тақырыптың атауы қызметін атқарады.

«**Warped text**» әдісі. мақсаты: балалар өтілген материал бойынша білімдерін бекіту. Материалдар: сабақ тақырыбына сәйкес алдын ала дайындалған мәтіндер. Қатысушыларға деформацияланған мәтіннің мағыналық бөліктерінің дұрыс ретін қалпына келтіру ұсынылады.

«**Carousel**» әдісінің мақсаты: тақырыптың мазмұнын ашып, алған білімдерін бекітуге бағытталған.

**Құрал-жабдықтар:** Бұл әдісті қолдану үшін әртүрлі ақпарат көздерін дайындау қажет: газет-журналдардан үзінділер, интернеттен алынған материалдар, аудио жазбалар, бейнероликтер. Мысал: әр топ белгілі бір көрікті жерлер туралы мәлімет жинайды. Бір топ аудиожазбаны тыңдайды, жауаптарын табады, тақтаға жазады. Басқа топ мәтіннен қажетті ақпаратты, үшінші – бейнеклиптен, төртіншісі интернеттен жауап іздейді. Барлық жауаптар бірін-бірі толықтырып тақтаға жазылады. Содан кейін нәтижелер ұсынылып, қорытындыланады.

«**Computer**» әдісі. мақсаты: сабақты қорытындылау

Құрал-жабдықтар: компьютер және оның жабдықтары көрсетілген сурет (тақтаға іліп қоюға болады). Бұл әдіске әрбір қатысушыға түрлі түсті төрт стикер беріледі. Балалар көргендерін, білгендерін, түсінгендерін, қандай сезімде болғандарын жазады. Содан кейін бұл мәлідемелердің барлығы тақтадағы символдық компьютерге жабыстырылады. Мониторда – көргенім, пернетақтада – үйренгенім, жүйелік блокта – түсінгенім, тышқанда – сезгенім.

«**Stairs of succes**». мақсаты: сабақтан алған әсерімен бөлісу.

Құрал-жабдықтар: баспалдақ салынған сурет (әр балаға жасауға болады, тақтаға бірден қоюға болады), жабыстыруға стикер, қағаздар немесе наклейкалар. Педагог балаларды жетістік баспалдағында орнын белгілеуге шақырады. Бала баспалдақтарды таңдай отырып өзінің сабақтан алған әсер мен білім деңгейін көрсетеді. Бұл әдістер сабақты тиімді, сауатты, қызықты қорытындылауға және жұмысты аяқтауға көмектеседі.

Айта кету керек, ағылшын тілі сабағын дайындау барысында мұғалімнің алдында белгілі бір тақырыпты оқудың ең тиімді әдісін таңдау ғана емес, сонымен қатар мәселені шешудің бірнеше әдістерін біріктіруге болады, бұл сөзсіз материалды жақсырақ түсінуі үшін маңызды. Оқыту мен тәрбиелеумен қатар, оқу процесінде қызықты әдіс-тәсілдерді қолдану үйірмешілерді жоғарыда аталып өткен дағдыларды қалыптастырып қана қоймай, әрине әрбір сабақты қызықты өткізуге септігін тигізіп, берілген пәнді білім алушының ұнатуына және оны жақсы игеруіне алып келеді.

### Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі

1. Мектептегі шет тілі № 3 2006 ж.
2. С. Симбаева. Белсенді оқу мен оқытуда қолданылатын әдістер. Әдістемелік құрал. Нұр-Сұлтан, 2019.
3. Жанпейісова М. Модульдік оқыту технологиясы студенттерінің дамыту құралы ретінде. – А., 2002.
4. Загвязинский В. И. Теория обучения: Современная интерпретация: Учебное пособие для вузов. 3-е изд., испр. — М.: Академия, 2006.



## ОТКРЫТЫЙ УРОК: «ПУТЕШЕСТВИЕ В МИР СКАЗОК»

Темирбекова Жанар Досымбаевна – педагог-исследователь,  
педагог дополнительного образования Дворца школьников,  
руководитель школы раннего эстетического развития, кружок  
«Знайки»



**Цель:** Расширить представления детей о сказках.

**Задачи:**

1. Образовательная:

Формировать интерес к устному народному творчеству, воспитывать интерес к сказкам.

2. Воспитательная:

Воспитывать доброжелательные отношения друг к другу, умение работать в группе.

3. Развивающая:

Поощрять творческую инициативу, развивать речь, внимание, мышление и память.

Образовательная область: Коммуникация

Оборудование: Дидактический материал, интерактивная доска, шары, цветы, музыка, сказочные атрибуты.

Персонажи: Кощей Бессмертный, Баба Яга, Пират, Поросенок, Снежная Королева, Принцесса и сказочные герои сказки «Колобок».

План урока:

Организационный момент.

Сообщение темы и целей урока, дать понятие о сказке.

Пройтись по следам Баба Яги и полетать на метле.

Кощею Бессмертному рассказать стихи про

сказку.

Пирату отгадать картинки и рассказать пословицы про сказку.

Поросенку показать «Физминутку»

Снежной Королеве: «Отгадать из какой сказки звучит мелодия»

Сундучок: Задание «Показать сказку!»

Итог урока.

### Ход урока:

1. Организационный момент:

- Здравствуйте ребята и наши гости! Сегодня мы совершим с вами интересное, увлекательное путешествие в мир сказок. Может быть, кто-то из вас узнает сегодня что-то новое для себя, а кто-то после нашей игры захочет прочитать новые сказки.

Приветствие: Здравствуй, солнце золотое!

Здравствуй, небо голубое!

Здравствуйте мои друзья,

Всех люблю на свете я!

2. Сообщение темы и целей урока, дать понятие о сказке.

- Ребята, скажите, пожалуйста, а вы любите сказки? (ответы детей)

- А какие бывают сказки? (Авторские, народные)

- Какие сказки называют народными? (Народными называются сказки, которые придумал народ)

- А какие сказки называются авторскими? (Авторские сказки – это сказки, которые сочинил один или несколько человек – авторы).

- А какие сказки вы знаете? (Дети перечисляют названия известных им сказок)

- Сказки нам рассказывают о злых и добрых волшебниках, о богатырях и царевнах, о добре и зле.

Что такое сказка?

Сказка – это много мира и добра,

Это мир чудес и волшебства!

Это мир фантазии и мечты,

Где сбываются все наши мечты!

- Ребята, мы сейчас с вами отправимся в мир путешествий! Впереди нас ждут много приключений и препятствий.

Дети встают в круг и говорят слова:

Раз-два-три-четыре-пять,

Вместе мы в кругу опять,

Крепко за руки держитесь,

В сказке мигом окажитесь.

(закрывают глаза и кружатся вокруг себя)

Прибегают Баба Яга и Кощей, прячут принцессу.

Дети просят отпустить принцессу.

3. Пройтись по следам Баба Яги и рассказать пословицы про сказку.  
(Баба Яга просит детей пройти по ее следам и полетать на метле)

4. Прочитать Кощею Бессмертному стихи про сказку.

(чтобы дальше показать дорогу, Кощей просит детей прочитать стихи).

Для чего нужны нам сказки?

Что в них ищет человек?

Может быть добро и ласку

Может быть вчерашний снег.

В сказке радость побеждает,

Сказка учит нас любить.

В сказке звери оживают,

Начинают говорить.

В сказке все бывает честно:

И начало, и конец.

Смелый принц ведет принцессу

Неприменно под венец.

Белоснежка и русалка,

Старый карлик, добрый гном –

Покидать нам сказку жалко,

Как уютный милый дом.

Дети идут по лесу дальше и встречают пирата. Просят помочь Пирата найти дорогу к принцессе.

5. Пирату отгадать картинки и рассказать пословицы про сказку.

(На доске висят картинки разных сказок, детям надо отгадать эти сказки и рассказать пословицы)

Пословицы:

Сказка – это сокровищница народной мудрости.

Кашку кушай, а сказку слушай: умом – разумом смекай, да на ус мотай.

Сказку слушай, а присказке прислушивайся.

Сказка – ложь, да в ней намек, молодцам урок.

Не дочитав сказки, не бросай указки.

Пират указывает дорожку. Дети идут дальше искать, но по дороге встречают

Поросенка. Поросенок просит ребят показать зарядку!

6. Поросенку показать «Физминутку»

Физминутка: «Буратино»

Буратино потянулся

Раз нагнулся, два нагнулся,

Руки в стороны развел

Ключик видимо нашел,  
Чтобы ключик нам достать надо  
На носочки встать!

Дети, показав зарядку, идут дальше по лесу и вдруг они встречаются со Снежной Королевой. Дети просят о помощи.

7. Снежной Королеве: «Отгадать из какой сказки звучит мелодия»

На интерактивной доске показываем видеоролики сказок и мультфильмов (отрывки музыкальной части мультфильмов и сказок). Дети должны отгадать.

Всё, правильно отгадав, дети идут дальше искать принцессу и увидят по дороге сундучка, про которую говорила Снежная Королева. В сундучке будет письмо. Все дружно читают письмо!

8. Сундучок: Задание «Показать сказку!»

- Ребята, посмотрите на этот красивый сундучок! А давайте посмотрим, что там внутри?! (Открываем сундучок и читаем письмо) Дети, в письме указано, чтобы мы показали одну какую-нибудь сказку.

- Ну-ка покажем сказку «Колобок»! (Выходят все герои сказки «Колобок» и показывают сюжетно-ролевую игру)

Кощей и Баба Яга возвращают принцессу.

9. Итог урока:

- Вам понравилось путешествовать по сказкам?

- Ребята, каких сказочных героев вы сегодня встретили, и какой герой вам больше всего понравился? Почему?

- В следующий раз мы еще попутешествуем!

## ПАТРИОТИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ И СПОРТ

Тугеленова Гульнара Нурдаулетовна

Руководитель спортивно-патриотического клуба «Томирис» каратэ,  
педагог дополнительного образования Дворца Школьников



Я хочу рассказать вам замечательную легенду. Звучит она так: «В начале 1871 года, после победоносного завершения Франко-прусской войны, один из представителей прусского руководства, некто Бисмарк, выступил с очень интересным заявлением. Он заявил, что своей победой Пруссия обязана не кому-нибудь, а... простому учителю».

Не знаю – это правда или легенда, но я верю в то, что все лучшие боевые подвиги, достижения в искусстве, спортивные победы, полеты в космос - достигнуты не только трудом и знаниями, а воспитанием, в том числе и воспитанием патриотизма. Патриотическим воспитанием.

Что такое – патриотическое воспитание? Патриотическое воспитание - это процесс взаимодействия воспитателей и воспитанников, направленный: на развитие патриотических чувств и убеждений, на уважение к героическим и трудовым

подвигам своего народа, на гордость за историческое прошлое, на мотивацию к службе в армии.

Можно выделить несколько направлений патриотического воспитания:

1. Героико-патриотическое воспитание;
2. Гражданско-патриотическое воспитание;
3. Национально-патриотическое воспитание;
4. Военно-патриотическое воспитание;

5. Историко-краеведческое;
6. Спортивно-патриотическое.

Современное состояние патриотического воспитания показывает понижение уровня патриотических чувств и культуры поведения школьников. А вы знаете, что по данным военных комиссариатов более 80% выпускников школ не пригодны к военной службе не только по состоянию здоровья, но и из-за слабых показателей физического развития и недостаточной физподготовки.

Хочу поговорить с вами на тему: «Патриотическое воспитание и спорт».

Именно спорт имеет возможность позаботиться о физическом и нравственном здоровье подрастающего поколения.



Здоровье – это не только отсутствие болезней и физических дефектов, а еще и состояние полного физического, душевного и социального благополучия. Его изучают с разных сторон: соматическое здоровье – сфера биологии и медицины, психическое здоровье – сфера психологических наук, а также физическое здоровье – сфера физкультуры и спорта, нравственное здоровье – это сфера педагогики.

В процессе занятий спортом воспитываются такие морально-волевые качества как уверенность в себе, мужество, смелость, решительность, инициативность, находчивость, сила воли, организованность, чувство дружбы и товарищества, трудолюбие.

Цель спортивно-патриотического воспитания - это развитие у детей и подростков морально-волевых качеств, воспитание силы, ловкости, выносливости, стойкости, мужества, готовности защищать свою Родину.

Спортивный патриотизм проявляется у школьников-спортсменов и в стремлении показать высокие спортивные результаты на соревнованиях ради славы своей Родины и народа.

Правильно организованные занятия спортом служат средством нравственного воспитания:

1. Физическое воспитание способствует не только физическому развитию организма человека, но и формированию положительных черт морального облика.

В процессе сложной тренировочной и соревновательной деятельности проверяются и формируются моральные качества, крепнет и закаливается воля, приобретает опыт патриотического поведения.

2. С другой стороны от уровня патриотического воспитания юных спортсменов (их дисциплинированности, силы воли, спортивного трудолюбия, способностей к преодолению трудностей) зависит эффективность занятий спортом.

Исходя из этого, можно говорить о единстве физического и патриотического воспитания подрастающего поколения.

Роль спортивного воспитания в патриотическом воспитании: Большинство педагогов тревожит судьба детей и подростков, а именно: снижение их образовательного и культурного потенциала; снижение их нравственного порога допустимого (криминализация); учащение случаев наркомании, утрата уважения и доверия к старшему поколению. В итоге – ослабление молодежью роли лидирующей группы общества и функции стратегического резерва.





В настоящее время воспитательное воздействие осуществляется большим числом социальных и политических институтов. К ним относятся: семья, СМИ, система образования, государственная власть, религиозные конфессии, политические партии, институт предпринимательства, система физической культуры и спорта.

Ни одно нормальное государство не может существовать без патриотов, которые должны составлять большинство населения.

Еще хотела бы сказать о том, что очень мало методических пособий на тему воспитания патриотизма

в спорте и вообще. Лично я пользуюсь отличными Государственными документами:

1. Конституция Республики Казахстан.
2. Программа военно-патриотического воспитания молодежи Республики Казахстан до 2025 года.

Тут еще один актуальный вопрос, который я хотела бы поднять. Я много искала себе в помощь для работы научные, практические методические материалы в литературе и на просторах интернета. И поняла, что в имеющихся учебно-методических пособиях недостаточно освещены и представлены возможности спорта в патриотическом воспитании школьников. Это у меня есть многолетний опыт работы в этой сфере. А как бы пригодились бы такие методички с собранием эффективных средств, форм, рекомендаций и методов патриотического воспитания молодым педагогам.

В силу своей специфики спорт обладает огромным воспитательным потенциалом, является одним из мощнейших механизмов формирования патриотизма, и рассматривается как спортивно-патриотическое воспитание.

В спортивной деятельности существуют свои правила и нормы поведения – командный дух, трудолюбие, уважение к сопернику. Обязательно каждый тренер воспитывает в юных спортсменах любовь к спорту, неприязнь к вредным привычкам, ответственность, честность, дисциплину, знание правил спортивных соревнований, соблюдение гигиены, режима питания. И эти нормы подросток начинает автоматически переносить в повседневную жизнь.

А соревнования? Они не только обеспечивают спортивное и моральное развитие спортсмена, но и являются одним из элементов патриотического воспитания общества. История современных Олимпийских игр – это сотни, тысячи примеров проявления высоких человеческих качеств: смелости, мужества, неиссякаемой воли к победе, целеустремленности, трудолюбия, патриотизма.

Специфика спорта – в зрелищности, привлекающей многомиллионные массы людей, переживающих перипетии спортивных поединков, активно выражающих свои симпатии и антипатии спортсменам и командам. Болельщик как бы ставит себя на место спортсмена и сопереживает с ним, он получает удовольствие и радость от волнующих выступлений и мастерски выполненных действий. Это чувство «сопереживания» способно духовно возвысить человека. По мнению молодежи, из пяти форм пропаганды спорта, наиболее эффективными были отмечены трансляции и посещение спортивных мероприятий.

На протяжении десятилетий появлялись новые виды спорта, совершенствовались методы тренировок и организация проведения спортивных соревнований. Но всегда сохранялась исходная задача спорта – формирование и воспитание гармонично развитого человека.

Итак, в процессе занятий спортом у учащихся формируется: активная жизненная позиция, проявление мужества в борьбе добра и зла, воспитывается любовь к Родине, стремление отстаивать



ее интересы на спортивной арене.

Таким образом: физическое воспитание тесно связано с патриотическим воспитанием. К проявлениям патриотизма следует отнести также то, что спортсмены стремятся к победам не только из личных интересов, но и из желания прославить свою команду и страну. Кроме того, в процессе занятий спортом проявляются и формируются многообразные интернациональные отношения между спортсменами и тренерами различных стран.

Поэтому спорт и спортивные соревнования объединяют и сближают различные народы, духовно-нравственную культуру различных этносов и национальностей, воспитывает любовь и преданность к своей Родине, выступают как средства нравственного и патриотического воспитания.

Что я делаю, чтобы воспитать патриотизм у моих учеников? Спортивно-патриотическое воспитание в клубе каратэ «Томирис» – это разнообразная и хорошо спланированная работа по формированию физически и духовно развитой личности, морально стойкой, обладающей высоким уровнем патриотизма.

Мой личный проект формирования спортивно-патриотических качеств у юных



спортсменов спортивно-патриотического клуба «Томирис», который я создала специально для своих учеников, используя свой личный опыт и обновлённые формы работы. Проект представляет собой комплексную систему физического воспитания школьников и его цель:

- формирование здорового образа жизни и отвлечение от вредных привычек,
- спортивного совершенствования в каратэ,
- воспитание патриотизма, нравственности и спортивной этики,
- привлечение к занятиям спортом наибольшее количество школьников.

Главный принцип проекта: использовать все имеющиеся возможности по созданию позитивного образа молодого человека, занимающегося спортом.

Что сделано в клубе каратэ «Томирис» для эффективности патриотического воспитания:

1. Созданы хорошие условия для занятий спортом, а именно уютный и хорошо оснащенный спортзал;
2. Проводятся грамотные и качественно построенные интересные тренировки, в том числе и с применением неформальных и инновационных методов;
3. Повышается спортивное мастерство юных спортсменов в виде спорта каратэ;
4. Ведется объективный отбор сильнейших и перспективных кружковцев в команды для участия в соревнованиях различного уровня;
5. Увеличено количество спортивных мероприятий и соревнований, в которых участвует клуб «Томирис»;
6. Соревнования проводятся по новым стандартам и технологиям;
7. Использование популярных у молодежи соцсетей для пропаганды здорового образа жизни и патриотизма: в Инстаграмм идет очень большая работа по созданию позитивного имиджа клуба каратэ «Томирис», а также есть канал в Ютуб и страничка в Телеграмм;
8. У нас имеется Устав клуба каратэ «Томирис», где отражены права и обязанности, цели и пути достижения их;

9. А также памятка поведения под названием: «Главные уроки ТОМИРИС»;



10. Я поддерживаю связь с нашими выпускниками, они становятся гостями и участниками наших открытых тренировок, соревнований и других мероприятий;

11. Родители кружковцев активно участвуют в жизни клуба каратэ «Томирис»;

12. А также я воспользовалась Положением о лицензировании деятельности негосударственных организаций и индивидуальных предпринимателей по оказанию населению спортивных услуг и являюсь официально:

1) Председателем Общественного Объединения «Федерация Фунакоши Шотокан Каратэ» в городе Шымкент.

2) Председателем Общественного Объединения «Федерация Пара-Каратэ» в г. Шымкент.

3) Я волонтер Движения волонтеров Казахстана.

Этапы направлений патриотического воспитания в клубе каратэ «Томирис»: 1. Я и моя семья. 2. Я и мой клуб «Томирис». 3. Я и мой Казахстан.

Только так - «от близкого к далекому». И по каждому из этих направлений ведется работа в кружке: тренировки, соревнования, выступления, открытые уроки, беседы, акции и т.д.

### Список использованной литературы и источников

1. Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. Алма-Ата, 1989.

2. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. М.; Л., 1950.

3. Менлибаев К.Н. Роль национальных традиций в патриотическом воспитании молодежи (по материалам конкретно-социологических исследований молодежи РК), Караганда, 1995.

4. Конституция Республики Казахстан.

5. Программа военно-патриотического воспитания молодежи Республики Казахстан до 2025 года.

## ОТБАСЫ ЖӘНЕ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ: ӨЗАРА ЫҚПАЛДАСТЫҚ МӘСЕЛелері ЖӘНЕ ОНЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫ

Турдалиева Жансая Кынатбековна,  
Султанкулова Макпал Айтқуловна - Өзін-өзі басқару ұйымының  
жетекшілері, Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогтері



Қазіргі таңда дүние жүзінде бала құқығын қорғау басты мәселе болып көтерілуіне байланысты отбасы және білім беру мекемелерінің педагогтары баланың танымдылығы мен шығармашылығына, ізденісіне ықпал жасауда. Олардың жеке тұлға болып дамуына, қоғамдық ортаға бейімделуіне жағдай жасау – бүгінгі таңның өзекті мәселесі.

Қазақстан Республикасының Конституциясында мемлекетімізде құқықтық-демократиялық білім беру қоғамның ең құнды байлығы екендігі баса айтылған. Соған орай, білім беру саясатында Қазақстан Республикасының азаматтарының жеке тұлғаға азаматтық құндылық тұрғысынан білім мен тәрбие беру бағыты негізге алынып, орындалуда. Онда жас ұрпақты білім нәрімен сусындату отбасы мен білім беру ұжымының міндеті деп ерекше жауапкершілік жүктеген.

Бүгінгі таңда біздің мақсатымыз – отбасы,

мектептен тыс мекеме, бала қарым-қатынасындағы серіктестік күші болып саналатын ынтымақтастықты, ықпалдастықты жандандыру болса, ұстаз тәрбиесі мен ата-ана өнегесі тәрбие үлгісі болуда. Осындай ортақ іске тамызық болу, әр кеудеде адамгершілік отын жандандыру – бәріміздің міндетіміз.

Отбасың дербес мектеп, әлеуметтік институт деп қарастыратын болсақ, ата-ана сол ортаның ұстаздары. Білім беру ұйымы – әлеуметтік мәселелердің ішіндегі ең өзектісі. Отбасы – адам баласының түп қазығы, алтын ұясы. Себебі отбасында бала мектеп жасына дейін тұлға болып қалыптасады. Отбасында тәрбие беру бағытын басқару ата-аналардан мол тәжірибе, жоғары адамгершілік сезімді, теориялық білімді, ұстамдылықты, жаңаша көзқарасты талап етеді.

Қазақ халқының «Ұяда не көрсе, үшқанда соны іледі» деген сөзі бар. Яғни, ата-ана үшін ең кезек күттірмес мәселенің бірі – отбасындағы бала тәрбиелеу ісі. Тіршілік қамымен әркім өз бетінше өмір сүрген заманда бала тәрбиесіне, оның біліміне аса көңіл бөле бермейтін ата-ана да кездесіп отырады. Сондықтан, отбасы мен білім беру ұйымы бірлікте ықпалдастықпен білім мен тәрбие мәселелерін шешетін болса, көздеген мақсатқа жету қиын емес.

Еңселі ел болып, ана тілін, ата салтын қайта жаңғырту, білім мен тәрбие үлесі ұштасқан жаңаша көзқарасты, жан-жақты дамыған ұрпақ өсіруді талап етеді.

Өскеден ұрпақтың болашақ тағдырына жауапкершілікпен зер сала отырып, отбасылық жұмысты үнемі өз деңгейінде ұстап, ата-аналарға бала тәрбиесіне әрқашан көмек көрсетіп отыру керек. Себебі адамгершілік тәрбиесінің алтын бесігі – жанұя. Көрнекті орыс психологы В.Зинченко былай дейді: «Адам қалыптасуының негізгі ортасы - жанұя». Әр жанұяның қалыптасқан өзіндік салты, ережелері және тәртіптері бар, балаға деген жанұяның жүрекжарды жылулығын ештеңе де айырбастай алмайды.

Туған жерге, туған тілге деген махаббат, өз еліңнің тарихын оқып-үйренуден басталады. Бұған тек баланың бойына ата-ананы сыйлауды, жақындары мен достарын құрметтеуді және туған еліне деген сүйіспеншілікті сіндіру арқылы қол жеткізуге болады. Ата-ананың міндеті – адамгершілігі мол, көргенді, қоғамдағы өзінің әлеуметтік, этникалық орнын білетін, бойына азаматтық пен патриоттық рухты сіңірген бала тәрбиелеп, өсіру болып табылады.

Қазақстан Республикасы – көпұлтты мемлекет. Көп ұлыстың өкілдері бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүруде. Біздің мемлекетіміздің негізгі байлығы – оны құрушы болып табылады. Біздің кең байтақ мемлекетімізде өзара достық қарым-қатынаста әр ұлт өкілдерінің отбасылары өмір сүріп жатыр.

Ұрпақ тәрбиесі – адамзат баласының асыл мұраты. «Үшінші мыңжылдықта жастар қандай болуы керек?» деген сұрақ әрбір саналы адамды ойландыратыны сөзсіз. Қазіргі заманымызда болып жатқан тарихи өзгерістер ғасырлар бойына адамзатты толғандырып келген тәрбие мәселесіне жаңаша көзқараспен қарауды талап етіп отыр. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын басты міндеттердің бірі – еңбексүйгіш, қайырымды бала тәрбиелеу. Әрине, әр халық өзінің жас ұрпағы қайырымды, адал, үлкенді құрметтейтін, әділ, ержүрек, ізгі ниетті, ар-ожданы мол болып өссін деп армандайды және де бұл мәселені өзінің тұрмыс-салтына байланысты шешіп отырады.

Тәрбие деген тәңірдің бары рас. Оның көздері көп. Өзекті мәселенің бірі – адам тәрбиесі, яғни жас ұрпақ тәрбиесі. «Не ексең, соны орасың» деген халық даналығы. Қазақ поэзиясының пайғамбары Абай атамыз: «Балаға көбіне үш адуан адамнан мінез жұғады. Біріншісі ата-анадан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан. Солардың ішінде қайсысын жақсы көрсе, сонысынан көбірек жұғады» дейді. «Баланы жастан» дегенді атам қазақ тектен-текке айтпаған. Бала ата-ананың ғана емес, ұлыс пен ұлттың ертеңі келер





тарихқа аманат. «Тәрбиелі – тәртіптің құлы, тәртіпті елдің ұлы», деп халық қаһарманы, жазушы Б.Момышұлы айтқандай ұрпақ саналы өмірдің ең басты кепілі. Сондықтан, балаларға тәрбиені басты-басты үш дiңгектен жан-жақты беру ең негiзгi парызымыз.

Бiз сiздермен қоғам алдында, бiлiм беру және қосымша бiлiм беру мекемелерiнiң алдында тұрған үлкен мәселелердiң бiрi, жасөспiрiмге бiлiм, тәрбие мен мәдениеттiң негiздерiн беру және олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдайлар жасау керектiгiн айдан анық көрiп отырмыз десем артық айтпасын. Осы мәселенiң шешу жолындағы атқарылатын бiрден бiр жұмыс, ол ата-аналармен жұмыс жасау. Мен бүгiн осы салада атқарылып жатқан жұмыс барысындағы тәжiрибемiзбен бөлiсiп, жетiстiктерiмiзбен кемшiлiктерiмiздi ортаға салып, олардың шешу жолдарын анықтап және осында айтылған ойдың бәрi барша ата-аналарға жетсе екен деп тiлеймiн.

Балаларға қосымша бiлiм беру – жасөспiрiмнiң бiлiм алу қажеттiлiктерiн жан-жақты қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын, тәрбиелеу мен оқыту үрдiсi және баланың жеке тұлға ретiнде дамуына, кәсiптiк бағдар алуына тиiмдi жағдай жасаушы жүйе, үздiксiз бiлiм жүйесiнiң ажырамас бөлiгi.

Қазiргi әлеуметтiк-экономикалық жағдайда тәрбиелеудiң өзектi ұстанымдары қосымша бiлiм беру ұйымдарында баланың жеке танымдық мүмкiндiктерi мен қабiлеттiлiктерiн ескере отырып, тұлға ретiнде дамуына, кәсiптiк бағдар алуына тиiмдi жағдайлар жасау болып табылады. Тәрбие үрдiсiн ұйымдастыру қабiлеттiлiк, жас ерекшiлiгi, ғылымилық, кешендiлiк және интерактивтiлiк, даралау, ерiктiлiк, теориямен тәжiрибенiң байланысы, нәтижелiлiк, тұтастық, сонымен қатар бала мен ересек адамның ой бағалау теңдiгiмен табиғатты ұғыну тәрбиесi т.с. принциптерге негiзделедi.

Бiз болашақта өз тәрбиеленушiмiздiң мынадай болғанын қалаймыз:

Бiрiншiден, ол – АДАМ

Қарым-қатынастағы мәдени құндылықтарды бағалай бiлетiн;

Әлеуметтiк ортада өзiнiң құқығы мен мiндеттерiн жүзеге асыра бiлетiн;

Ынтымаққа қабiлеттi, адамгершiлiк және қамқорлық қасиеттерiне ие бола алатын.

АЗАМАТ

Мемлекеттiң заңдарын қастерлейтiн;

Қоғамдық және жеке тұлғалық өзара жауапкершiлiгiн мойындайтын;

Қоғамның гүлденуiне және өркендеуiне адал еңбек ететiн;

Ұлттық колориямызды сақтай отырып, әлемдiк мәдениетке ие бола бiлетiн.

ОТАНЖАНДЫ

Өзi мекен ететiн Отанына, мемлекетiне сүйiспеншiлiкпен қарайтын;

Қазақстан Республикасының мемлекеттiк рәмiздерiн қадiрлейтiн;

Тарихи және мәдени салт-дәстүрлерiмiздi бiлетiн және қастерлейтiн;

ОТБАСЫ ҚАМҚОРШЫСЫ

Отбасылық дәстүрлердi құра бiлетiн, сақтай бiлетiн;

Ұрпақ жалғастырушы.

Жас ұрпақтың ибалы да iзеттi, иманда да көргендi, зерделi де парасатты азамат болып өсуi үшiн отбасының берер өнегесi қандай болуы керек, байырғы халық тәлiмiнен бастау алар ата-ана тәрбиесi мектептен тыс ұйымдарда жарасымды жалғасын қалай таба алады деген сұрақ тууы заңды құбылыс.

Қосымша бiлiм беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие үдерiсiндегi педагогикалық шарттардың негiзгi бөлiгi балаларға қосымша бiлiм берудi дамыту қызметiнде тәрбиеленушiлердiң ата-аналарымен және отбасылармен өзара ынтымақтастық орнату болып табылады. Қосымша бiлiм жүйесiне балалардың отбасылық тәрбие мен әлеуметтiк (қоғамдық) тәрбиелерiн ұштастыратын әлеуметтiк-педагогикалық қызмет мiндетi жүктелген.

Мектептен тыс ұйымдар мен отбасының бiрлесе жұмыс жасауы сауықтыру, рухани-адамгершiлiк, танымдық-бiлiмдiлiк, еңбек тәрбиелерi, мәдени ағартушылық, демалыс-шығармашылық, тұлғаның өзiндiк тәжiрибесiн ынталандырушы, қорғаушы қызметтерiн атқаруымен айқындалады.

Осы арада отбасы мен қосымша бiлiм беру мекемелерiнiң серiктестiгi бүгiнгi күнi ауадай қажет екендiгi айқындалып отыр.

Бүгінгі күні Оқушылар сарайы басқа да қосымша білім беру мекемелері сияқты жалпы білім беру мекемелерімен әр оқушы үшін бәсекелестікте, өйткені бүгінгі таңда әр мектеп ішінде өздерінің ойын-сауықтыру орталықтары, көптеген үйірмелер жұмыс істейді. Бірақ, сонда да ата-аналарды бірлесе жұмыс жасауға тарту шешілмеген мәселе болып отыр.

Қосымша білім беру жүйесіндегі басты ерекшелік білім беру мен тәрбие үдерісіне тәрбиеленушілердің ата-аналары мен отбасының педагогтермен бірлесе атсалысуы. Қосымша білім беру ісі көп жағдайда ең алдымен ата-аналардың қызығушылығы арқылы орындалады. Бұл арада мына жағдайлар ерекше маңызды: біріншіден, баланың қызығушылығына қарай қатысатын үйірме жұмысына қажетті ерекше материалдар мен құрал-жабдықтарды іздеу, сатып алу арқылы ата-ана баланың шығармашылық өміріне араласалады, яғни, бала мен қосымша білім беруші ұстаз қызметі арқасында отбасындағы ортақ қызығушылықтар артады. Сондай-ақ, өз баласының көрме жұмыстарына, концерттік бағдарламасына қатысу, т.с.с. шығармашылық жетістіктерін көру арқылы отбасының қызығушылық ауқымы кеңейеді.

Екіншіден, қосымша білім беру ұйымдары ата-аналармен балалардың арасындағы отбасыншілік проблемаларды шешуде маңызды рөл атқарады. Бала есейген сайын, олардың бос уақытын тиімді пайдалану балалардың ара қатынас жасайтын жұмыс тобы, рухани және шығармашылық дамуы мәселелері ата-аналарды көбірек толғандырады.

Оқушылар сарайының ата-аналармен жұмыс жасаудың басты мақсаты: баланың жан-жақты тұлға ретінде қалыптасуында педагог пен ата-ананың ортақ қызығушылығын айқындау; ата-ана мен бала арасындағы тығыз қарым-қатынасты орнату, ата-аналарды Оқушылар сарайының оқу-тәрбие іс-шараларына белсене қатысуға тарту.

**Міндеттері:**

- Ата-аналар мен балалардың бос уақытын бірлесе өткізуін ұйымдастыру,
- «педагог – үйірмеші – ата-ана» жүйесінде жағымды қарым-қатынас құру, тәрбиеленушілердің өзара қарым-қатынасында түсініспеушілік жағдайын тудырмау болып табылады.

Қорыта келгенде, үйірмешілер мен олардың ата-аналарымен жұмыстың мазмұны мен ұйымдастыру түріне қосымша білім беру жұмысына қатысушылардың өзара түсіністігі мен сыйластығы ең басты жетістік болып табылады.

Қазіргі заманның ағымында қосымша білім беру бағытындағы жұмыстарға барынша мән беріп, болашақ ұрпақтың тәрбиесін қамдап жүрген тәрбие ошақтары қайтадан ашылуда. Балалардың үйірмеге деген ықыласын арттыра отырып, ұлтымыздың ой-парасатын нығайту мақсатында үйірмелерге қамтумен қатар жасөспірімдердің ішінен дарынды балаларды анықтап, олардың қабілетін дамытуға жан-жақты эстетикалық тәрбие беріп, сұлулыққа, тазалыққа үйретуде қосымша білім беру педагогтарының қызметі маңызды.

Ұрпағымыз ұлттық мәдениетті жалғастырады, халқына қызмет етеді. Осының бәрі әдеп әліпшесі, әлеуметтік орта, ұлттық тәлім-тәрбие, педагогикалық талап, өзін-өзі басқару жүйесі әдіс-құралдары арқылы мазмұнын жаңартып, ұрпақтың бойынан табылады. Ұстаз тәрбиесі, ата-өнегесі, тәрбие үлгісі осындай ортақ іске тамызық болуды әр кеудеде адамгершілік отын жаңдандыруды көздейді.

«Балам деген жұрты болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын» – деп А.Байтұрсынов атамыз айтқандай, баланың жеке тұлға болып қалыптасуындағы шығармашылық еңбектерін іске асыруда қосымша білім беру мекемелердің ата-аналармен бірлесе атқаратын жұмысының маңызын арттыруға, еліміздегі қосымша білім беру жүйесі жұмысын жетілдіруге атсалысу баршамызға ортақ мақсат.

## ТӘРБИЕ САҒАТЫ: ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ ДЕГЕН НЕ?

Турдалы Есмұрат Абуғалиұлы - «Сұңқар» әскери-патриоттық үйірмесінің жетекшісі, Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі



### Мақсаты:

**1. Білімділік мақсаты:** «Патриот», «Қазақстандық патриотизм» деген ұғымдардың мағынасын түсіндіру.

**2. Тәрбиелік мақсаты:** Қазақстандық патриотизм – Отанға деген сүйіспеншілік пен азаматтық ерлік, өз елінің тарихын, тілін, әдет – ғұрпын, салт – дәстүрін қастерлеу, Ту, Елтаңба, Әнұранды құрметтеу. Қазақ елінің ержүрек батырлары мен елі, жері үшін аянбай күрескен, кешегі желтоқсан құрбандары – Л.Асанова, Қ.Рысқұлбековтың ерлігін баяндап, балалардың патриоттық сезімін қалыптастыру.

**3. Дамытушылық мақсаты:** Сын тұрғысында ойлау, шығармашылық қабілетін дамыту, сөйлеу шеберлігін жетілдіру.

Түрі: Пікірталас.

Әдісі: Сұрақ-жауап, талдау-жинақтау.

Көрнекіліктері: Мақал-мәтел, нақыл сөздер, сұрақтар жазылған плакаттар.

Жоспары:

### I. Ұйымдастыру

Үйірмешілермен сәлемдесу, өткен тақырыпты талқылау, жаңа сабақпен таныстыру.

### II. Кіріспе сөз

Қалыптасқан ұғым бойынша елін, жерін сүйіп, соған шексіз берілген адамды біз әдетте «Патриот» дейміз. Расында да «патриот» деген сөздің мағынасы терең. Кеңестік заманда коммунистік идеология «Советтік патриотизмді» барынша насихаттап, санаға сіңіруге тырысты. Қазір заман өзгерді. Еліміз тәуелсіздік алды. Бүгінгі ұрпақтың көзқарасы қандай? «Патриот», «Қазақстандық патриотизм» деген сөздің мағынасын терең ұғыну үшін және тәрбие сағатының тақырыбын ашу мақсатында төмендегі сұрақтарға өз пікірлерін айтудан бастаймыз.

Сұрақтар:

1. «Патриотизм» дегенді қалай түсінеміз?

Патриотизм деген гректің отандас, отан, туған жер деген сөзі. Біздің отанымыз Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізген, көп ұлтты республика. Кең байтақ жері, қазақстандық Туымыз, Әнұран мен Елтаңбамыз бар. Бұл мақтанышты Қазақстан патриотизмін оятудың бір көзі деп білемін.

Патриотизм дегеніміз біріншіден, өз тарихымызды, екіншіден, өз тілімізді құрметтеу болмақ. Үшіншіден, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды білген жөн. Төртіншіден, Абай атамыз айтқандай ұлттық қадір-қасиетімізді арттыруымыз керек.

2. «Қазақстандық патриотизм» дегенді қалай түсінеміз? Барлық адамды патриот деуге бола ма?

Қазақстандық патриотизм ұғымы біздің тәуелсіздігімізбен қоса туған жаңа сөз болып, еліміздегі саяси - әлеуметтік ахуалдың ерекшелігін көрсетеді. Қазақстанда 130 – дан астам ұлт бар. Ұлттар қазақ халқының салт – дәстүрін, әдет – ғұрпын құрметтеп түсінбесе, олардың ұлттық болмысында сүйіспеншілік, ұғынушылық болмаса, онда ұлттар арасында патриоттық сезім оянуы мүмкін емес.

Қазақстандық патриотизм ұлттық тілімізді, дінімізді сақтауға кедергі жасамай, қайта қолдап жатса ол да бір адалдық, достық. Сиднейде өткен Әлемдік олимпиадада орыс

қызы Ольга Шишигина алғаш Қазақстан туын көтерді. Ұлы Отан соғысында елін жаудан қорғау үшін күрескен батырларымыз қаншама? Әлия, Мәншүк, Бауыржан Момышұлы, Қасым Қайсенова т.б. Нағыз патриоттар өзінен бұрын Отанының қамын көбірек ойлайды. Сондықтан, жерінің бір тамшы суы мен бір түйір тасы басқаға кетпесін деп жаны ауырып шырқырайды. Келешек ұрпақтарымызға мұра болып қалатын жерімізді, оның табиғи ресурстарын өз пайдасы үшін саудаға салатындарды патриот деп айтуға болмайды. Тегін білмейтіндерді, тілін ұмытқандарды да патриот демейді.

**Патриот болудың негізгі 4 шарты бар:**

1. Отанын, жерін қорғау.
2. Өз ұлтының ана тілін ардақтау.
3. Ұлттық дәстүрді сақтау.
4. Ұлтаралық интернационализм идеясына адал болу.

Осы төрт шартты орындап жүрген әр азаматты патриот деуге болады.

**3. Нағыз патриот деп кімдерді айта аламыз?**

Қазақ жерінің барлық патриоттарын тізіп, атап шығу мүмкін емес. Олар миллиондаған адамдар. Қазақ жерінің данышпан ойшылдары, ел қорғаған ұлы сарбаздарын көптеп айтуға болады. Мысалы, Ұлы Отан соғысының ардагерлері, 1986 жылы желтоқсанда алаңға шыққан қазақ жастары, мерейімізді өсірген олимпиада шеберлеріміз. Сондай-ақ, Д.Қонаев, халық қахарманы Сағадат Нурмағамбетов, ғарышкер Тоқтар Әубәкіровтарды нағыз патриот ер азаматтар деп атауға болады.

**4. Патриоттық сезімге тәрбиелеу керек пе, әлде бұл қанға сіңген қасиет пе?**

Тумысынан патриот боп ешкім тумайды. Патриотизм қанға сіңген қасиет емес. Қанға сіңген қасиет деген не? Ол жаңа туған нәрестенің дыбыстауы, жылауы, күлуі, жүруі т.б. Бұлардан басқа сырттан сіңетін қасиеттер де бар. Олар: оқу, үйрену, өнер, уәдешілдік, тұрақтылық т.б. Мұның бәрі қанға тәрбие арқылы беріледі. Патриотизм - ақыл, ой - сананың салтанаты, табанды тәрбиенің жемісі. Патриоттық сезімге тәрбиелеу керек пе, ол отбасынан, балабақшадан басталып, мектеп, жоғары оқу орындары, қоғамдық ұйымдар әсерінен қалыптасады.

**5. Ерлік рухы, отаншылдық, ұлттық намыс патриотизммен қалай қабысады?**

Ерлік – адам рухының күші, сол күштің шырқау шыңы. Отаншылдық – адамның туған ел мен өскен жерін шексіз сүйюі. Отаншылдықтың екінші аты патриотизм. Ал, ұлттық намыс – жеке ұлттың өзіндік моральдік кодексі. Мысалы, қазаққа тән қасиеттер: намысқойлық, арды ардақтау, қонақжайлылық, абыройға кір келтірмеу. Сондықтан, қазақтар «Жан сақтама, ар сақта», «Жаным – арымның садағасы», «Ерді намыс қоянды қамыс өлтіреді» дейді. Сөйтіп, ар мен намысты адамның қымбат қазынасы ретінде өмірден де жоғары қояды. Намысты қорғау үшін ерлік керек. Ата – ана, ағайын – қарындасты аман сақтап, олардың өз жерінде өмір сүруін қамтамасыз ету үшін сүйіспеншілік қажет. Мұның бәрі қабысып патриотизмге ұласады.

**6. Адам бойындағы қазақстандық патриотизм сезімін қандай іс - әрекетінен көреміз?**

1. Отанын, жерін қорғау.
2. Өз тарихын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрыптарын білу.
3. Қазақстандық Туымыз, Әнұранды, Елтаңбамызды құрметтеу.
7. Патриоттық сезімге тәрбиелеуде өнер мен әдебиеттің, музыка мен көркем өнердің

орны қандай?

Балалардың бойында қазақ патриотизмін, отаншылдығын қалыптастыруда қазақ тілі, қазақ әдебиеті, тарих, қоғам тану, география пәндерінің алатын орны зор. Ертегілердегі Қобыланды, Алпамыс тұлғалары, ақын-жыраулардың адамгершілікке, елін сүйуге шақырған өлең-жырлары, шешендік сөздері жас ұрпақ бойында патриоттық сезімді қалыптастыруда үлкен рөл атқарады.

Ән: «Атамекен»

**III. Қорытындылау.**

Педагог: Өнер болсын, әдебиет болсын баланың бойында туған топырағына деген сүйіспеншілігін, ыстық ықыласын тудыруы тиіс. Әрине, бұл тұрғыда бала жүрегінде патриоттық сезімді оятуда әдебиеттің зор ықпалы бар. Ақын, жазушыларымыздың патриоттық ән-жырлары келер ұрпақтың Отанын, елін, жерін құрметтеуіне ықпал ету

мақсатында жазылғаны сөзсіз. Біз әрбіріміз туған жерімізге адал болуға, оны шексіз сүйуге, қорғауға міндеттіміз.

Сіздердің болашақта өз еліне адал, қорған болар, өзге елге үлгі етер, нағыз патриот болатындарыңызға сенеміз!

## «ЫНТЫМАҒЫ ЖАРАСҚАН, ТУҒАН ӨЛКЕМ»

**Ыдырыс Майра Алпысбайқызы - Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі**



**Білім беру саласы:** «Қатынас»

**Тақырыбы:** «ЫНТЫМАҒЫ ЖАРАСҚАН, ТУҒАН ӨЛКЕМ»

**Мақсаты:** «Құрмет», «Сүйіспеншілік», «Достық», «Ынтымақ» құндылықтарының маңызын түсіндіру.

**Міндеттері:**

- Сыйластық, татулық, бақыт ұғымдары туралы түсініктерін кеңейту.

- өзара жағымды қарым-қатынасты дамыту.

- өзара достыққа, Отанын құрметтеуге тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** Қазақстанның рәміздерінің суреттері, елімізде тұратын ұлт өкілдерінің ұлттық киімдерімен суреттері, глобус (жер шары), жүрекше, бейбітшілік құсы, күн, әртүрлі гүлдер суреттері.

**Әдіс-тәсілдері:** «Шаттық шеңбері», «әңгімелеу», «Дәйек сөз», «шығармашылық жұмыс», «сергіту сәті», «тыныштық сәті», «жүректен-жүрекке»

«Шаттық шеңбері»

- Арайланып таң атты,  
Алтын шапақ таратты  
Жарқырайды күніміз  
Жадырайды жанымыз

- Сәлеметсіздер ме балалар?

- Балалар бүгі іс-әрекетіміз біздің көңіл күйімізге байланысты. Олай болса бүгінгі сәтті күніміз үшін бір-бірімізге жылы лебізімізді арнайық.

- Балалар сендердің тілектерің қандай тамаша, рахмет сендерге.

Енді өз жүрегімізден шыққан тілегіміз жазылған жүрекшелерді бір-бірімізге сыйлайық.

- Балалар жаңа біз бір-бірімізге тілек арнағанда бақыт деген сөзді айттық.

- Шынымен «Бақыт» деген не ?

Сендер қалай түсінесіңдер?

- Дұрыс Отан, Ана, Туған жер т.б.

- Балалар біз қандай елде тұрамыз?

- Елімізде қандай ұлттар тұрады?

(Қазақстанда тұратын ұлттар суреттерін көрсету)

- Біз олармен қандай қарым-қатынастамыз?

- Дұрыс балалар біздің еліміз көп ұлтты мемлекет қатарына жатады.

Біз қазақ елі олармен әрқашанда достық қарым-қатынастамыз.

Олар біздің елімізде тұрса да өз тілдерінде сөйлеуге, салт-дәстүрін сақтауға ерікті. Сонымен бірге олар біздің елімізде туып өскендіктен менің елім Қазақстан деп айта алады. Же бетіндегі барлық халықтар да достықта, ынтымақтастықта өмір сүруге тиіс.

«Әңгімелеу»

Ә.Табылдиевтің «Қасиетті шар» әңгімесін оқып беріп, мазмұнын түсіндіреді

- Шарды неліктен құрмет тұтты?  
- Жер шарын, Жер ананы ардақтап көтеру дегенді қалай түсінесіңдер?  
- Дұрыс айтасыңдар балалар Жер шары ол біздің мекеніміз, тұратын жеріміз, суымыз, көліміз, орманымыз, тауымыз. Әркім өз Отанын құрмет тұтып қадірлеуі тиіс.

«Сергіту сәті»

- Дөңгелене тұрайық

Керегені құрайық

Уық болып иіліп,

Шаңырақ болып киіліп

Достық үйін құрайық

«Дәйек сөз»

«Ынтымақ бар жерде бақыт бар» деген мақал сөз бар.

Ынтымақ деген таулық, достық, бірлік

Жер бетіндегі халық бір-бірімен дос, туыс, бауыр

Енді балалардың достық туралы тақпақтарына кезек берейік.

Біздің елімізде 1 мамыр - Қазақстан халқы бірлігі күні мерекесі болып тойланады.

Енді балалардың достық туралы тақпақтарына кезек берейік.

1. Күте тұғын асыға әр күнін біз,

Арналатын ең тәтті ән жырымыз

Мерекелі мерейлі айдың басы

Құтты болсын бірінші мамырымыз! (Нүрәділ)

2. Қалықтап көкке қыраны

Күн нұрын төгіп тұрады.

Егеменді елімнің,

Береке бірлік ұраны (Аянат)

3. Болсын жер мен су да ортақ,

Болсын біздің ту да ортақ.

Ақпыз, қара, сарымыз,

Ағайынбыз бәріміз. (Бекнұр)

4. Ортақ жұтар ауамыз,

Ортақ жарық күніміз.

Достық туған анамыз,

Жердің қызы ұлымыз. (Айша)

5. Кең байтақ жеріміз,

Татулық тұрағы.

Бауырмал еліміз,

Ынтымақ ұраны. (Қанат)

6. Достық – шырағымыз,

Достық – ұранымыз

Достық - туымыз,

Достық - әніміз. (Медина)

7. Қанатымыз талмасын,

Биіктерге самғасын.

Туған жерге ақындар,

Жақсы өлеңін арнасын (Айым)

8. Бейбітшілік ұраны,

Жарқыраған алтын күн.

Әр қанатты қыраны,

Еркіндігі халқымның (Мадияр)

9. Достықты үлгі санаған,

Бір үйде біз тұрамыз.

Қалған ата-бабадан,

Бірлік асыл мұрамыз. (Аслан)

10 Біз балдырған тең басқан!

Дос құшағын кеңге ашқан!

Тілегіміз әділдік!

Ашық болсын көк аспан! (Нурина)

11. Дос болайық бәріміз,

Жарасып тұр әніміз.

Тыныштықты сақтаймыз,

Атсын күліп таңымыз. (П.Көркем)

12. Бірлігі елдің жарасқан,

Шыңдары көкке таласқан.

Қойнауы толы байлыққа,

Гүлдей бер, елім – Қазақстан! (Иманғали)

13. Ортақ мекен жер шары

Төбемізде бір аспан

Барлық ұлттың баласы

Достығымыз жарасқан (Рахымжан)

14. Берік болса бірлігім

Биік болар жұлдызым

Бақытты боп ұл-қызым,

Күлімдесін нұр жүзім (Ахметжан)

15. Бір шаңырақ астында

Тату-тәтті тұрамыз

Бірге ішеміз асты да

Бірге сайран құрамыз (Раяна)

Топпен «Ақпыз, қара, сарымыз» әнін айту.

«Шығармашылық жұмыс»

Бейбітшілік құсы ақ көгершіннің суретін салу.

«Туған еліме тілегім»

Қазақстан картасының суретін тақтаға іледі.

Балалар алдына гүл, күн, көгершін суреттерін үлестірмелі түрде тастайды.

Өздері таңдаған суретті Қазақстан картасының бетіне жапсырып не себепті сол суретті таңдағанын тілегі арқылы білдіреді.

**Рефлексиялық «Тыныштық сәті»**

- Балалар денелеріңді түзу ұстап, бастарыңды жоғары көтеріп, ыңғайланып отырыңдар. Көздеріңді жұмсаңдар да болады. Ауаны терең жұтып терең тыныс алыңдар. Өздеріңнің тыныс алуларыңды бақылап бақытқа, махаббатқа толы таза ауаның бойларыңа толғанын сезінесіңдер. Ал енді көздеріңді ашсаңдар да болады.

«Жүректен-жүрекке»

«Мен өз Отанымды мақтан тұтамын»

«Мен өз Отанымды мақтан тұтамын» сөзін қолдарын жүрек тұсына қойып бірнеше рет қайталайды.

## БАГЫНБАЕВ БАХТИЯР ЖОЛДАСБАЕВИЧ

### Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі



**Сабақтың тақырыбы:** Күй атасы – Құрманғазы

**Сабақтың мақсаты:**

**Білімділік:** Құрманғазы туралы түсінік. Ұлттық музыкалық аспаптарды пайдаланып, ұлттық сана-сезімін ояту.



**Дамытушылық:**



Музыканы тыңдауды үйрету, музыкалық нюанстарды дұрыс қолдана білуін дамыту.


**Тәрбиелік:** Халық күйіне деген сүйіспеншілігін арттыру.

Сабақтың кезеңі	Педагог әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>Амандасу Психологиялық ахуал орнату «Үш қадам» әдісі 1.Көңіл – күйіміз қандай? (қол бұлғау) 2.Сабаққа дайындықтарың қалай? (шапалақтау) 3.Сабаққа ынталарың қандай? (басбармақ көрсету)</p>  <p>Қазақтың күй өнері өзінің дәстүрлік ерекшелігіне, орындалуы жағынан, қағыс түрлеріне қарай төкпе күйлер, шертпе күйлер болып бөлінсе, жанр бойынша да бірнеше топқа бөлінеді: халық күйлері, тарихи күйлер, айтыс-тартыс күйлер, арнау күйлер, аңыз күйлер, лирикалық күйлер.</p> <p>Оқушыларды топқа бөлу. Жазушылар тобы, Ақындар тобы, Суретшілер тобы.</p> 	<p>Сәлемдеседі</p> <p>Оқушылар көңіл күйін (қол бұлғау) Сабаққа дайындықтарың, (шапалақтау) ынтасын (басбармақ арқылы) көрсетеді</p> <p>Оқушылар 3 топқа бөлінеді</p> <p>Жұмбақтың шешуін табады</p>	<p>Бір-бірін бағалайды</p> <p>Шапалық әдісімен бағалау</p>	<p>Музыка оқулығы</p> <p>Нота хрестоматиясы</p> <p>Интернет ресурстары</p>



	<p>Жұмбақ шешу Үш қызық, екі желі, тоғыз нөқта, Теңселіп тербеледі адам соқса. Шешен тіл, сөзге жүйрік болғанымен, Не пайда, үндемейді адам жоқта. (домбыра)</p> <p>Балалар жұмбақтың шешуін табады. Одан әрі жұмбақ шешумен байланыстырып, сұрақ-жауап әдісімен кіріспе әңгіме өткізу.</p> <p>-Домбыраның құрылысы қандай?-деген сұраққа домбыраны көрсетіп, жеке бөліктерін атады (құлағы, шанағы, ішегі, пернелері).</p> <p>-Қазір оркестрге лайықталып жасалған домбыраның прима, тембр, бас және т.б суреттерін көрсетіп, түрлері туралы түсінік беремін. Біз оларды домбыра оркестрінің құрамында көріп жүрміз.</p> <p>-Балалар, халқымыздың ұлттық аспабы домбыраға жан бітіре сөйлеткен атамыз кім? ол кісі қайда, қашан дүниеге келген? - Ол Құрманғазы атамыз. Ол қазіргі Атырау облысы, Теңіз ауданына қарасты Жиделі деген жерде туған 1823-2023ж. Енді сол аталарыңның қандай шығармаларын білесіңдер? -«Адай», «Серпер», албырауын», «Түрмеден қашқан» т.б күйлері бар.</p> <p>-Дұрыс айтасыңдар, ал енді мен сендерге күйлердің шығу тарихынан қысқаша айтып берейін. Құрманғазы аталарың бірнеше күй шығарған, әр күйдің өзінше</p>	<p>Танысады</p> <p>Оқушылар өз ойларын ауызша жеткізеді және жаңа сабаққа назар аударып, берілген сұрақтарға жауап береді.</p>	<p>Саусақ әдісімен бағалау</p>  <p>Бағдаршам» әдісі арқылы бағалау</p> 	<p>Кітапханадан қосымша оқулықтар</p> <p>Фоно хрестоматия</p> <p>Музыка оқулығы</p> <p>Интернет ресурстары</p>
	<p>тарихы бар сондықтан да ол кісіні ұлы күйші әрі композитор дейміз. Ол 1889 жылы Астрахань облысының Зеленок ауданы, Сахма деген жерінде қайтыс болған. Халқымыздың дарынды күйшісінің есімі Алматы мемлекеттік консерваториясына берілген. Енді бүгін балалар, біз осы сабақта атақты күйлері туралы әңгімелейміз. Ендеше балалар, сол «Кішкентай» күйін тыңдайық, «Кішкентай» күйі М. Өтемісұлына, Исатай батырға арналған кассетадан «Балбырауын» мен «Адай» күйлері тыңдалады.</p> <p>Сұрақ-жауап әдісі</p> <p>- Домбыраның құрылысы қандай?</p> <p>- Қазіргі оркестрге лайықталып жасалған домбыра?</p>	<p>- Қызыл- бүгінгі сабақты түсінбедім.</p> <p>- Сары-сабақтың кейбір жерлерін түсіндім.</p> <p>- Жасыл-сабақта барлығын түсіндім.</p>		<p>Музыка оқулығы</p>

<p>Сабақтың соңы</p>	<p>- Балалар халқымыздың ұлттық аспабы домбыраға жан бітіре сөйлеткен атамыз кім? - Құрманғазы атамыз қай жерде, қай жылы дүниеге келген? - Құрманғазы атамыздың қандай күйлерін білесіңдер? Топтық жұмыс. Жазушылар тобы - Күй тыңдау барысында көз алдарыңа елестеген табиғатты қағаз бетіне түсіріп эссе жазу. Ақындар тобы-Мына сөздерге байланысты төрт жол өлең шығару: табиғат, күй, кең дала, жыр. Суретшілер тобы-Тыңдаған күйге байланысты көз алдарыңа елестеген табиғат көрінісін қағаз бетіне түрлі-түсті бояумен түсіру. Тыңдалым. «Сарыарқа» күйі</p>  <p>Құрманғазы атындағы оркестрдің орындауында. -Тыңдаған күйдің қандай әсер қалдырды? -Күй отансүйгіштік, отаншылдық сезімдерді қозғай алады ма? -Күйден алған әсеріңді мына сөздердің қайсысымен сипаттауға болады? - мұңды, жігерлі, нәзік, жылдам, - бақытты, байсалды, қарқынды, мереке-той, шетел, алтын дала, сары дала, сүйікті.</p> <p>Сабақ түсінікті болса стикерді жүрекке жабыстырады. Сұрақтары бар болса,стикерді комментарий бөлігіне жабыстырады. Сабақ түсініксіз болса,стикерді бөлісу бөлігіне жабыстырады.</p>	<p>Оқушылар өз ойларын ауызша жеткізеді</p>	<p>Шапалақ әдісімен бағалау</p> 	<p>Интернет ресурстары</p>
----------------------	--	---	---	----------------------------

	 <p>Қорытындылау. Бағалау. Үйге тапсырма. Бүгінгі сабақта Құрманғазы Сағырбайұлы күйімен танысып оның ерекшелігін білдік. Күйлердің орындалуын шығу тарихын кейінгі ұрпаққа насихаттап жеткізу, біздің парызымыз.</p> <p>Смайликтер арқылы бағаланады. Күйді берілген жерге дейін жүргізіп ойнау.</p> <p>Рефлексия: Мен не білдім? Бүгін мен не үйрендім? Мен үшін қандай тапсырма қиын болды? Ал қай тапсырманы мен оңай орындадым?</p>	<p>Оқушылар өз ойларын ауызша жеткізеді</p> <p>Нотаны көшіріп жазады және домбырада орындайды</p> <p>Оқушылар сұрақтарға жауап береді.</p>	<p>Платформа жүйесінің пайыздық есептеу нәтижесі</p> <p>Дескриптор нәтижесінде «Үш шапалақ» тәсілі арқылы бағаланады</p> <p>«Бағдаршам» әдісімен бағалау</p>	<p>Бейнеролик оқулық</p> <p>Оқулық</p> <p>Оқулық, нота хрестоматиясы, үн-бейне хрестоматия</p> <p>Фламастерлер Қарындаштар Журналдар Газеттер</p> <p>Кері байланыс тақтайшасы</p>
--	---	--	--	---

## КОНКУРС «ВЕСЁЛЫЙ ЧАС МАТЕМАТИКИ»

**Бапаева Дана Хайруллаевна**  
педагог дополнительного образования Дворца школьников



**Цель:** отрабатывать вычислительные навыки, развивать логическое мышление, воображение, сообразительность, раскрытие индивидуальных творческих способностей и познавательных интересов каждого ребёнка, развитие эрудиции учащихся, умение работать в парах и группах.

**Оборудование:** сказочные герои, карточки с заданиями, геометрические фигуры, записи детских песен, грамоты для награждения.

**Ход занятия**

**Педагог:** Дорогие ребята! Сегодня мы собрались, чтобы провести математическое соревнование «Веселый час математики». На этом соревновании вам будут необходимы быстрота, находчивость и смекалка. Разделитесь на две команды. Придумайте название своей команде. За ходом нашего соревнования будет внимательно следить жюри.

**Педагог:** Математику называют царицей наук, потому что нет такой профессии, где бы не нужны были знания математики.

Кружковец: Чтоб водить корабли,  
Чтобы в небо взлетать,  
Надо многое знать,  
Надо много уметь.

И при этом, вы заметьте-ка.

Капитанам помогает математика  
Удивительная страна – математика,  
Фигуры и линии в ней живут,  
Меряют, чертят и узнают:  
Периметр, площадь, длину, ширину,  
Диаметр, радиус и высоту.

Скорей собирай своих знаний багаж,  
Готовь поскорее простой карандаш,  
Весёлые конкурсы ждут вас, друзья,  
Пора отправляться в дорогу, пора!  
Капитанам помогает математика.

**Педагог:**

- Прежде чем начать соревнование, команды представьте название своей команды и своих капитанов.

- Начнём наше соревнование с разминки. За каждый правильный ответ команда получает по 1 баллу.

### **I конкурс. Разминка**

Задания первой команде

1. Сколько: Пальцев на двух руках? (10)

Дней в неделе? (7)

Из них выходных? (2)

Какое число идёт при счёте девятым?(9)

Глаз и бровей у человека? (по 2)

Сколько хвостов у восьми кошек? (8)

Когда козе исполнится 7 лет. Что будет дальше? (Пойдёт восьмой).

Задания для второй команды

1. Сколько: Сколько лап у одной собаки? (4)

Каким по счёту днём недели является суббота? (6)

Пальцев на ноге?(5)

Углов у стола? (4)

Гномов у Белоснежки?(7)

Сколько раз надо отмерить, чтобы один раз отрезать?(7)

Ты да я, да мы с тобой. Сколько всего?(2)

**Педагог:** Предоставляем слово жюри.

### **II конкурс. «Помогите Незнайке угадать цифры»**

Задания для 1 команды (назвать 1 команде предыдущее число,  
для 2 команды последующее)

Ноль подставил спинку брату,

Тот взобрался не спеша –

Стали новой цифрой братцы,

Не найти нам в ней конца.

Повернуть её ты сможешь,

Головой поставить вниз.

Цифра будет всё такой же.

Ну, подумай, разберись! (Цифра 8)

Отгадайте-ка ребята,

Что за цифра – акробатка?

Если на голову встанет,

Ровно на три меньше станет. (Цифра 9)

Вид её - как запятая,

Хвост крючком и не секрет:

Любит всех она лентяев,

А лентяи её – нет. ( Цифра 2)

Задания для 2 команды

Это цифра - как замочек:

Сверху крюк, внизу кружочек. (Цифра 6)

Вот так цифра - кочерга,

У неё одна нога! (Цифра 7)

Могу назвать её мячом,

А хочешь дыркой назовём,

А можно бубликом,

Почти что новеньким.

Но как его ни назовём,

Он называет ...? ( Нулём)

Педагог: Слово предоставляется жюри.

Педагог: ( представляет цифру ноль)

Вот это ноль, иль ничего.

Послушай сказку про него.

Сценка отрывка из стихотворения С.Маршака «От одного до десяти. Весёлый счет».

Кружковец: Сказал весёлый, круглый ноль

Соседке единице:

Ноль: С тобою рядышком позволь

Стоять мне на странице.

Кружковец: Она окинула его

Сердитым, гордым взглядом:

Единица: Ты, ноль, не стоишь ничего.

Не стой со мною рядом.

Ученик: Ответил ноль:

Ноль: Я признаю,

Что ничего не стою,

Но можешь стать ты десятью,

Коль буду я с тобою.

Так одинока ты сейчас,

Мала и худощава,

Но будешь больше в десять раз,

Когда я стану справа. (Встаёт справа от единицы).

Напрасно думают, что ноль

Играет маленькую роль.

Педагог: Продолжаем наше соревнование.

III конкурс. «Поможем Иванушке освободиться из плена Бабы Яги»

Баба Яга обещала отпустить Иванушку, если он правильно решит числовые выражения. Поможем ему решить правильно числовые выражения на пенёчках.

Задание 1 команде

$$5-26+3$$

$$3+33-2$$

$$7+24+2$$

$$5 -34-4$$

$$9-47-4$$

$$6+35+4$$

$$4+1 \quad 5+5$$

Педагог: Слово предоставляется жюри.

IV конкурс. «Задачи Буратино»

Ведущий: Помогите Буратино решить задачи в стихах.

Задачи для 1 команды.

Дружно муравьи живут

И без дела на снуют.

Два несут травинку,

Два несут былинку,

Три несут иголки.

Сколько их под ёлкой? (7)

Подогрела чайка чайник,

Пригласила 9 чаек:

- Приходите все на чай!

Сколько чаек, отвечай! (10)

Яблоки поспеть успели,

Мы отведать их успели

Пять румяных наливных,

Три с кислинкой.

Сколько их? (8)

Задачи для 2 команды.

Рыбак Корней.

Поймал трёх окуней,

Рыбак Евсей-

Четырёх карасей

Сколько рыб рыбаки

Натаскали из реки? (7)

Три гуся летят над нами,

Три других под облаками,

Два спустились на ручей.

Сколько было всех гусей? (8)

Я рисую Кошкин дом:

Три окошка, дверь с крыльцом.

Наверху ещё окошко, чтобы

Не было темно.

Посчитай окошки

В домике у кошки! (4)

Ведущий: Предоставим слово жюри. Оцените работу команд.

V конкурс. «Помогите Золушке вставить пропущенные числа»

Педагог:

Поработаем в парах: (приглашаются от каждой команды по 2 человека.) Злая мачеха не хочет пустить Золушку на бал и дала задание. Помогите ей, пожалуйста, и вставьте пропущенные цифры в выражениях.

$$4 + \dots = 6 \quad 5 - \dots = 3$$

$$6 - \dots = 3 \quad 4 + \dots = 5$$

$$4 + \dots = 7 \quad 8 - \dots = 4$$

$$8 - \dots = 5 \quad 6 + \dots = 9$$

$$2 + \dots = 4 \quad 5 - \dots = 5$$

$$6 - \dots = 0 \quad 3 + \dots = 6$$

V конкурс капитанов: «Сравните числа»

$$1 \dots 34 \dots 2$$

$$3 \dots 1 \quad 9 \dots 1$$

$$4 \dots 56 \dots 9$$

$$2 \dots 51 \dots 2$$

$$7 \dots 93 \dots 5$$

$$8 \dots 3 \quad 6 \dots 0$$

Педагог:

Предоставляется слово жюри.

**VI конкурс. «Головоломки»**

Задание 1 команде.

В три пустые клетки впишите цифры 1,2,3,4 таким образом, чтобы числовое выражение было решено. Цифры не должны повторяться.

-

+

=

5

Задание 2 команде.

В три пустые клетки впишите цифры от 1 до 7 таким образом, чтобы числовое выражение было правильное. Цифры не должны повторяться.

-

+

=

8

Педагог: Подведем итоги 6 конкурса. Слово предоставляется жюри.

**VII конкурс. «Загадки от домовёнка Кузи»**

- Рассмотрите внимательно рисунки и назовите геометрические фигуры, которые были использованы для изображения клоунов.

**VIII конкурс «На лесной полянке»**

а) Волк и лиса соревновались в беге. Кто какое место занял, если известно, что Волк был одним из первых, а Лиса была предпоследней. (Лиса – первое, Волк – второе)

б) В корзине 3 яблока. Как поделить их между тремя мальчиками так, чтобы одно яблоко осталось в корзине? (Отдать одно вместе с корзиной).

**IX конкурс. «Игра в тени»**

Педагог: Если тень обидится на своего хозяина, то она будет показывать его неправильно.

1. Посмотрите на этих клоунов и скажите: на кого из них обиделась тень?

2. Найдите настоящую тень волшебника.

3. Один из человечков съел конфеты из вазочки. Как вы думаете, кто это, если про него известно, что он не самый старый, дружит с девочкой и не ходит босиком.

4. Это лошадка не простая, а волшебная. Если правильно повернуть картинку, то она превратится в лягушку. Как это сделать?

5. А если правильно повернуть эту картинку, то можно узнать на кого смотрит кот. Догадайтесь, как это сделать?

**6. Итоги конкурсов. Награждение.**

## ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДЕГІ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ РӨЛІ

**Бижанова Нурсулу Кумисбековна**  
**«Оқушылар сарайы» МККК қосымша білім беру педагогі**



Рухани байлық – ең алдымен әр халықтың, ұлттың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, дүниетанымы, білім берудегі озық ұстанымдарын пайдаланумен қалыптасады. Ендеше ұлттық дүниетанымды қалыптастыру үшін өскелең ұрпақтың ана тілін, оның ішінде сөз өнерін (әдебиетті) толық меңгеруі қажет.

Қосымша білім беру бүгінде үздіксіз білім беру жүйесінің өзекті әрі толыққанды және қажетті құрамдаушы болып табылады. Ол балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға және оларды дамытуға, зияткерлік, адамгершілік қасиеттерінің жетілуіне, сондай-ақ олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға бағытталған.

Өскелең ұрпақты оқытудағы ортақ ең басты міндет - рухани бай, жан-жақты дамыған жеке дарынды тұлғаны қалыптастыру.

«Әдебиет – ардың ісі». Ендеше, жас ұрпаққа ұлттық әдебиетімізді терең оқыта отырып, ұлтын сүйеге, жырдағы рухты бойларына сіңіру арқылы дәстүрді құрметтеуге, халқымыздың бойындағы асыл

қасиеттердің барлық нәрі жырда екенін сезіндіру, тал бесіктен жер бесікке дейінгі қазақ халқында атқарылатын салт-дәстүрдің барлығы сөз өнерінің құдіретімен жүзеге асатынын түйсіндіру, ұлттық сөз өнері арқылы сананы жаңғыртып, ұлттық рухты көтеру.

Қазіргі ақпараттық технологиялар дамыған заманда көркем шығармаға деген қызығушылық азайып, балалардың оқу белсенділігі төмендеп кетті. Сондықтан да үйірмелерде қазақ тарихындағы және бүгінгі қазақ ақындарының өмірі мен тыныс-тіршілігі, жеткен жетістіктері мен шығармашылығын таныстырып қана қоймай, олардың шығармашылығын шыңдап, мәнерлеп оқу дағдысын жетілдіруді жүзеге асыру басты мақсат болуға тиісті.

Бағалай білсек, халықтың маңдайына біткен абзал азаматтары, ардагерлері, арыстары аз емес. Сондай азаматтарды айтқан кезде жергілікті әдебиетімізге өзіндік өрнек салып жүрген жерлес ақын-жазушыларымыз еске түседі. Осы асылдардың есімін құрметтеп, қымбат мұрасын сақтау, қадір-қасиетін өзіміз тану, өзгеге таныту, оларды ардақтау, қастерлеу - біздің баршамыздың елдік, әрқайсысымыздың перзенттік парызымыз.

Сүйер ұлың болса сен сүй,

Сүйінерге жарар ол,- деп ұлы Абай айтқандай, халықтың рухын асқақтататын, елді біріктіруге, ұлтты тұтастыруға қызмет ететін жергілікті ақын-жазушыларымыздың шығармаларының келешек ұрпаққа берер тағылымы мол. «Жергілікті әдебиет» - бұл Дулат Исабеков, Мұхтар Шаханов, Исраил Сапарбай, Еркінбек Тұрысов және Құрал Көмек ағамыз.

Құрал Көмек - Халықаралық Физули сыйлығының иегері. «Ай туып келеді», «Бөрілерге гипотеза» жыр жинақтары және балаларға арналған «Бағдаршам» кітабының, «Мен - даланың ұлымын» поэмасының авторы. «Бөрілерге гипотеза» жыр жинақтары арабшаға, «Мен - даланың ұлымын» поэмасы ағылшын, түрік және орыс тілдеріне аударылған. Поэзия әлемінде ақын қолтаңбасы айқын. Әсіресе, қуатты қалам иесінің «Мен даланың ұлымын» атты шығармасында қазақтың тұтас тарихы әсерлі бейнеленген. Шығармалары рухынды көтеріп, жаныңды сергітеді. Туған жерге, елге деген сүйіспеншілік артып, өткеннің тарихына көз жүгіртіп, бойыңды мақтаныш сезімі билей бастайды.

Мен даланың ұлымын, бөрі тектес,



Жырласаң да мың шайыр шерің жетпес.  
Еділ бабам Атилла Гомер ғұмыр,  
Сырттанымын Сақтардың сырын бермес...

Ақынның бұл өлеңі қазақтың ғана емес, бүкіл түркі жұртының әнұранына айналған. Поэма туған жерге деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімді шалқытар өнегелі тіркестерге толы. Ақынның мұрасын ары қарай, болашақ ұрпаққа, артымыздан ерген балаларымызға жеткізу - біздің парызымыз. Бұл - балаларымызды ата-баба мұрасына, дәстүрлі туған өлке шығармаларындағы игі қасиеттерге ұқыпты болуға, оларды қастерлеуге тәрбиелейді.

Құндылықтар өзгерген заманда балаларымыз тым болмаса, өз жерлестеріміздің шығармалары арқылы туған жерді танып жатса, сол арқылы оны бағалай білсе және еліміздің әр азаматы өздерін сүйсе, сол елі үшін еңбек етсе. Ал шәкірттерімізді сол дұрыс, түзу жолға салар бірден-бір құрал жерлестеріміздің шығармалары. Сондықтан, өңіріміздің белгілі адамдарының еңбектерін оқып бағалау - өзекті мәселе. Ал, жерлес ақын-жазушыларымыздың, ендігі уақытта, балалардың жан дүниесіне әсер етіп, сезімін қозғайтын, ақылына ақыл қосып байытатын мазмұны терең шығармаларының көп болуын тілейік.

#### Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі

1. Қазақ тілі мен әдебиеті. Ғылыми- педагогикалық, әдістемелік журнал. №11 2008; №1 2009.
2. <https://www.youtube.com/watch?v=OuWqDVRfpuw>

## ОРИГАМИ ӨНЕРІ

Демеубаева Лаззат Адамовна  
Оқушылар сарайы қосымша білім беру педагогі



Оригами – ежелден келе жатқан қағаздан әр түрлі пішіндер жасау өнері. Бұл қолөнер түрі қағаздың алғашқы Отаны, қағаздың алғаш шыққан жері – Қытай мемлекетінен бастау алады. Алғашында бұл өнер діни бағытта көп қолданылып келді. Кейінірек көбіне тек жоғарғы мансапты бай-ауқаттылар ғана қол жеткізген болатын. Екінші дүниежүзілік соғысынан кейін оригами Шығыс, Еуропа және Америкаға дейін тарала бастады. Оригамидің ең қарапайым түрі – шаршы пішінді қағаздан жасалады. Кез келген қиын, я оңай пішіндерді жинау үшін белгілі бір заңдылықтары бар. Сол жинақтау заңдылықтары тек XX ғасырда ғана ене бастады. Оның енуіне септігін тигізген Жапондық шебер Акира Ёсидзаве (1911-2005). Классикалық оригами ешқандай да көмекші құралдарсыз (қайшы, желім т.с.с) бір қағазды неше түрлі пішінде жинау. Негізінде оригами үшін кез келген қағазды қолдана берсе болады. Жапонияда оригами үшін арнайы қағаздар сатылады. Оригамиге арналған қағаз - ками (жап.қағаз) деп аталады. Ол қарапайым қағазға қарағанда жеңілдеу болып келеді.

Оригами өнерінің шығу тарихы жөнінде

әр түрлі деректер сақталған. Бірақ нақты белгілі болған кең өнер Жапонияда тарады. Хэйан заманына (794-1185) қарай оригами өнері бүкіл жапондық рәсімдердің маңызды бөлшегіне айналды. Самурайлар өз араларына қағаз таспалардан жасалған ерекше сыйлықтар сыйласқан. Алайда оригами өнері тек Жапонияда ғана емес онымен қоса Қытай, Германия, Испания және Корея мемлекеттерінде танылып қолданылып келген. XIX ғасырдың басында Фридрих Фребель бұл өнердің дамуына аса үлкен септігін тигізді. Ол қағаз бүктеу өнерін бала-бақшаларда арнайы сабақ ретінде оқытылып, балалар моторикасын жетілдіруді көздеді. Ал, қазіргі таңда оригами бүкіл әлемдік өнер ретінде танылып, кең етек жайып келеді.

Модульді оригами - шаршы қағаздан жасалған бірнеше кіші бөліктердің бір-біріне кигізіліп үлкен көлемді зат жасау техникасы. Онда көбінесе гүлдер, жануарлар бейнесі, шар пішінді заттар жасалады.

**Сабақтың тақырыбы:** Оригами. Жануарлар бейнесін жасау (шеберлік сыныбы)

**Сабақтың мақсаты:**

– үйретушілігі: балаларға оригами өнері туралы жалпы түсінік беріп, оларға жұмыстың жасалу барысында біліктілікті талап етіп, жасау жолдарын көрсетіп үйрету;  
– тәрбиелілігі: өздігімен жұмыс жасауға, өздерінің ойларын толық жеткізе білуге тәрбиелеу;

– дамытушылығы: ой-өрісін, табиғи талантын дамыту.

Сабақтың көрнекілігі: дайын бұйымдар, жасалған жұмыстар, үлгілер, т.б.

**Сабақтың барысы:**

I. Ұйымдастыру кезеңі:

- Балаларды түгелдеу;
- Сабаққа керекті заттарды тексеру;
- Өткен сабақты қайталау.

II. Негізгі бөлім:

а) Теориялық бөлімі:

Оригами өнерінің шығуы туралы көптеген мысалдар бар. Соның біреуі бұл өнер бізге Жапониядан жеткен, сонымен қатар Қытай, Корея, Германия және Испания елдерінде де кеңінен таралған.


Оригами өнері Жапония елінде Хэй-ан басқарған уақыттан бастап көптеген церемонияларында қолданған. Самурайлар бір-бірімен сыйлықтарымен ауысып осы бүктелген қағаздардан істелген заттарды өздерінің жолы болады деп жорыған. Қағаздан жасалған көбелектерді үйлену тойларында сыйлық ретінде берген. 1960 жылдары бұл өнер бүкіл әлемге кеңінен тарап, қазіргі уақытта халықаралық өнерге айналып отыр.

б) Практикалық жұмыс:

Бір түсті қағазды дайындап, қағаздың бетін өлшемі: 7x5 см болатын тіктөртбұрыштарды сызып, бойымен қиып алынады. Қиып алынған тіктөртбұрыштардан үлгі бойынша қағаздар бүгіледі. Құрастыратын ұсақ бөлшектер дайындалады. Бір үшбұрышты бөлшекке екі үшбұрышты бөлшекті кигізу арқылы жалғастырылады. Астыңғы бөлігін шахмат түрінде біріктіре отырып дөңгелектелінеді. Осы тәсілмен келесі қатары тұрғызылады.

**Модульдарды жасау әдісі:**

- Парақ қағаздың бұрыштарын, қабырғаларын теңестіріп ортасынан қос бүктелінеді;
- Үлкен тіктөртбұрышымыз кіші тіктөртбұрыш болады;
- Оны ортасынан тағы қабаттап бүктеп, бүктеу сызығын қолымен сипап сындырса, одан да кіші тіктөртбұрыш болады.
- Енді осы тіктөртбұрышты сызық бойымен қиып алып модульдар жасалады, осы модульдардан қоян, мысық, т.б. заттар жасауға болады.



Модульды жасау жолдары

Осы модульдарды жасау бойынша әр түрлі құстар, жануарларды жасап үйренеді. Мысалы: қоян, мысық, жолбарыс, піл, айдахар, үкі т.б.



### III. Сабақтың қорытындысы:

Балалардың бүгінгі сабақта алған білімдерін тексеріп, жақсы жасаған жұмыстарды мадақтап, басқа балаларға ретінде көрсетіп, сабақты бекітіп, қорытындылау.

## ҚОЛ КҮРЕС ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Әштай Есбол Төлепбергенұлы  
Оқушылар сарайы қосымша білім беру педагогі



**Педагогтың аты-жөні:**

Әштай Есбол Төлепбергенұлы

**Сабақтың мақсаты:**

Балаларға тақырып бойынша түсінік беріліп, қол күрес жайындағы білімдерін арттыру, ұқыптылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу

**Бағалау критерийі:**

Балалар төмендегі критерийлерді орындаса, оқу мақсатына жетеді




- Балалар қол күресі туралы біледі
- Қол күрес жайлы білімдерін және қол күресі ойынында жіберген қателіктерін саралайды және өз – өздеріне баға бере алады.
- Балалар жұпта және топта тиімді жұмыс жасап комбинациялар құрып орындай алады.

**Сабақтың кезеңі/ уақыты**

Сабақтың кезеңі	Педагог әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы	<p>Балалармен сәлемдесу. Жұптасып тұру, бір - біріне тілек тілейді. «Ыстық алақан» тренингі.</p>  <p>1. Жүру жаттығулар: 1. Қол жоғарыда, аяқтың ұшымен жүру. 2. Қол желкеде, өкшемен жүру. 3. Қол белде, аяқтың ішкі, сыртқы қырымен жүру. 4. Спорттық жүріс.</p>	<p>Балалар өз жұбын табады Әдіс арқылы қайталау Сұрақ жауап орындайды</p> <p>Жаттығуларды орындайды</p>	Қол шапалақ	Тренинг жазылған парақшалар

<p>Ортасы</p>	<p>2. Жүгіру жаттығулары: 1. Оң және сол жақ қапталмен, иықтан толық айналдыру. 2. Тізені жоғары көтере секіріп жүру 3. Өкшені алақанға тигізіп, қолды артқа бұру 4. 1,2 адымдап 3 аяқты қосып секіріп, қолды жоғары көтеру. 5. Жылдамдықпен жүгіру. 3. Арнайы жаттығулар: 1. Қолды алға жоғарыға көтеру 2. Екі қолды оңға солға бұру 3. Екі қолды төмен түсіру 4. Бір қолды белге қойып, бір қолды солға бұру 5. Екі қолды белге қойып, бір қолды оңға бұру</p> <p>Қазіргі күнде қол күресі «армрестлинг» деген атаумен белгілі. Бұл сөз ағылшын тілінен «arm» - қол, «wrestling» - күрес деген мағынаны береді. Қол күресі (Армрестлинг) спорты ежелден бері қызық әрі қиын спорт түрі болып табылады. 1952 жылы Калифорнияның Петалума қаласында ең бірінші осы спорт түрі жандана бастаған. Бұл спорт түрінің жандануына үлес қосқан алғашқы адамдардың бірі америкалық журналист Билл Соберанес болып табылады.</p>	<p>Ашық алақандар біріктіріліп, бас бармақтар бір – біріне айқастырылады. Білекті бір қалыпты түзу ұстау қажет. «Білекті түзе!», «Иықты түзе!» деген команда берілісімен спортшылар бос қолдарымен арнайы тіреуден ұстайды. Төрешінің белгісінен кейін ғана күресті бастайды.</p>	<p>Смаликтер арқылы ҚБ өзін өзі бағалау</p> <p>ҚБ «Бағдаршам»</p> <p>ҚБ «От шашу»</p>	<p>Үлкен бос кеңістік. Қол күрес үстелі, ысқырық</p>
---------------	--	---	---	--

	<p>Армрестлинг – бүкіл әлемде кеңінен таралған спорт түрі. Қазақ «қол күрес» деп атайды. Осы спорт түрінің қазақстанда жақсы дамығанын айта кету керек.</p> <p>Армспорт – арнайы үстелде өткізілетін, өзіндік ережесі бар қол жекпе – жегі.</p> <p>Сайысқа қатысушылар бекітілген халықаралық ережеге сай, арнайы үстелдің екі жағында тұрып күш сынасады. Төрешінің бұйрығымен шынтақтары арнайы жұмсақ шынтақшаларға қойылады. Алайда қол күресі кезінде шынтақты көтеруге, қозғауға, жұмсақ шынтақшадан шығаруға болмайды.</p> <p>Ашық алақандар біріктіріліп, бас бармақтар бір – біріне айқастырылады.</p> <p>Білекті бір қалыпты түзу ұстау қажет. «Білекті түзе!», «Иықты түзе!» деген команда берілісімен, спортшылар бос қолдарымен арнайы тіреуден ұстайды.</p> <p>Төрешінің белгісінен кейін ғана күресті бастайды. Балаларды топқа бөліп, ереже бойынша ойнау.</p> <p>Ойын барысында ережелерді дұрыс колдана білуге мән беру.</p>	<p>Ереже ні дұрыс қолдануға икемделеді</p> <p>Үстелде дұрыс отырып, ойынды бастайды</p> <p>Балалар қауіпсіздік ережелерін сақтайды</p> <p>ынтымақтастықта қиындықтар болған жоқ</p>		
--	--	---	--	--

	<p>Қол күрес</p>    <p>А: қол күресін еркін меңгереді. Шапшаңдылықты ойын барысында көрсете біледі. Қарсыласымен толық жұмыс жасай алады.</p> <p>В: үстелде дұрыс отыра алады. Қауіпсіздік ережесін толық сақтайды. Ережелерді дұрыс қолданады.</p> <p>С: Балалар бекітілген халықаралық ережеге сай, арнайы үстелдің екі жағында тұрып күш сынасады. Ойын барысында өзін жақсы көрсетеді. Қол күресі жайында біледі.</p>	<p>Ереже ні дұрыс қолда нуға икемделеді</p> <p>Үстелде дұрыс отырып, ойынды бастайды</p> <p>Балалар қауіпсіздік ережелерін сақтайды</p> <p>ынтымақтастықта қиындықтар болған жоқ</p>		
--	--	--	--	--

	<p>1. Қол күресі кезінде шынтақты көтеруге, қозғауға, жұмсақ шынтақшадан шығаруға болмайтындығын біледі. Алақандар мен бос қолдар және білекті дұрыс қоя алады. Ойын кезінде шынтақ пен бос қолды дұрыс қолдана алады.</p> <p>2. Қол күресі туралы түсінігі бар. Ережелерді жақсы меңгерген. Қимыл-қозғалысы дамыған.</p> <p>3. Қауіпсіздік ережесін сақтайды. Ойын кезінде шынтақты дұрыс қоя алады. Ойынға қызығушылығы жоғары.</p>			
Сабақтың соңы	<p>Рефлексия «Таңдау мен себеп»</p> <p>1. Мен сабақ қызықты, қызықсыз болды деп ойлаймын, себебі...</p> <p>2. Мен сабақта: көп нәрсені, үйрендім, үйренгенім аз болды, себебі....</p> <p>3. Мен басқаларды мұқият зейінсіз тыңдадым, себебі....</p> <p>5. Мен сабақтағы өз жетістіктеріме ризамын риза емеспін, себебі ....</p>	Бүгінгі сабақтан түйген ойлары мен жырымдарына байланысты кері байланыс жасайды		Рефлексия парағы
Сабақтың қорытындысы	Сабақты қорытындылай келе сабаққа жақсы қатысып, ойын ережелерін дұрыс қолдана білген шапшаң қимылдап белсенділік көрсеткен балаларды басқа үйірмешілерге үлгі етіп көрсетіп ойын мен ережелерді үнемі дұрыс қолдана білуді ескертіп сабақты қорытындылау			





## ЗУЛПИБЕКОВ МЕДЕТ АХМЕТУЛЫ

Оқушылар сарайы  
қосымша білім беру педагогі

### Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары

6.1.3.1 – арнайы спорттық техниканы орындау кезіндегі қозғалыс кезектілігі мен дағдыларды жалпылау және жетілдіру

#### Сабақтың мақсаты

**Барлық балалар орындай алады:**

Допты тебе біледі

ЖДЖ орындайды.

**Балалардың көпшілігі орындай алады:**


Допты бір орында тұрып тебе алады





Қақпаға тебе алады




**Балалардың кейбірі орындай алады**



Допты әр түрлі тәсілмен әріптесіне бере алады




Әр түрлі қашықтықта допты қақпаға тебе алады


Сабақтың кезеңі	Педагог әрекеті	Баланың әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 15 мин	1. Балаларды сапқа тұрғызу, сәлемдесу, рапорт беру. Сабақтың мақсатын түсіндіру. Бір орында: Оңға, солға, кері бұрылу.	Дерек көзі: <a href="https://erketai.kz/bala-densauligi/balalarga-arnalghan-dene-jattigulari/">https://erketai.kz/bala-densauligi/balalarga-arnalghan-dene-jattigulari/</a>	Смайлик арқылы бір-бірін бағалау 	Дерек көзі: <a href="https://erketai.kz/bala-densauligi/balalarga-arnalghan-dene-jattigulari/">https://erketai.kz/bala-densauligi/balalarga-arnalghan-dene-jattigulari/</a>

<p>2. Жүру: Қолды жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен жүру. Қолды жанға созып өкшемен жүру. Жартылай отырып, толық отырып жүру.</p> <p>3. Жүгіру: Еркін жүгіру, түзу аяқты көтеріп жүгіру, аяқты артқа түзу жүгіру, екі жаққа аяқты көтеріп жүгіру.. Жүріске ауысып, тыныс алу жаттығуларын орындау.</p>  <p>Бір орында жалпы дене шынықтыру жаттығуларын орындау.</p> 				 <p>Ысқырғыш</p> 
--	--	--	--	---

<p>Ортасы 25 мин</p>	<p>Жаңа сабақты түсіндіру Допты әріптесіне беру әдістері – «аяқтың ішкі жағымен», «допты аяқтың сыртқы жағымен» беру. Балаларды доп арқылы 4 топқа бөлу:</p>   <p>I топ II топ III топ IV топ</p> <p>Балалар жұптасып бір – біріне доп беру жаттығуларды орындау.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бірінші бала допты оң аяқпен беріп, екінші бала сол аяқпен қайтарып береді.</li> <li>2. Бірінші бала допты аяқтың ішкі жағымен беріп, екінші бала сыртқы жағымен қайтарып береді.</li> <li>4. Бір – біріне допты қосғалыста тұрған қалыпта аяқтың сыртқы жағымен береді.</li> </ol>	<p>Берілген сұраққа жауап беріп, тапсырмаларды талапқа сай орындайды. Белсенді оқу тапсырмалар</p>	<p>Форматив ті бағалау. ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау.</p>	<p>Оқылым, жазылым тапсырмалары.</p>    
--------------------------	---	--	--	---

<p>Ортасы 25 мин</p>	<p>5. Ара қашықтықты алшақтата отырып, қозғалыс жылдамдығын күшейте отырып осы тапсырмаларды орындайды.</p> <p>6. Бір – біріне допты бері арқылы қозғалыста отырып қақпаға соққы жасау.</p> <p>7. Командаға бөлініп шағын қысқартылған ережемен футбол ойнау 5x5</p>   <p>Допты аяқтың ішкі жағымен және сыртқы жағымен беру</p>	<p>Берілген сұраққа жауап беріп, тапсырмаларды талапқа сай орындайды. Белсенді оқу тапсырмалар</p>	<p>Формативті бағалау. ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау.</p>	<p>Оқылым, жазылым тапсырмалары.</p>
--------------------------	---	--	---	--------------------------------------

	<p>Допты аяқтың ішкі жағымен және сыртқы жағымен беру</p>  			
<p>Соңы 5 мин</p>	<p>Жұптасып бір – біріне доп беру әдістері Балаларды 2 топқа бөлу, ойын түрлерімен танысу. 1. «Күн мен түн» ойының ойнау. 1 - ші топ - күн, 2 - ші топ түн болады. Жетекші жүргізуші болады. Жетекшінің айтуымен балалар жаттығу орындайды, күн деген кезде күндер қашып түндер қуады, түн деген кезде түндер қашып күндер қуады, қай топ көп оқушы ұстайды сол жеңіске жетеді.</p>	<p>Оқулықтағы қосымша тапсырмалар.</p>	<p>Бағдаршам көздері арқылы бір-бірін бағалау.</p> 	<p>Дерек көзі: <a href="https://erketai.kz/bala-densauligi/balalarga-arnalghan-dene-jattigulari/">https://erketai.kz/bala-densauligi/balalarga-arnalghan-dene-jattigulari/</a></p>

<p>Кері байланыс</p>	<p>2. «Допты тез бер» ойыны Балалар шеңбермен тұрып музыкамен бір біріне допты береді, жетекші музыканы тоқтатқан кезде доп қай ойыншыда болады сол ойыннан шығады</p> <p>«Бағдаршам» кері байланыс.</p>  <p>Сабақты қорытындысы: Бүгінгі сабаққа белсене қатысқан балаларды басқа үйірмешілерге үлгі етіп айтып, бүгінгі сабақтан алған білімдерін бекітіп сабақты қорытындылау.</p>	<p>Оқулықтағы қосымша тапсырмалар.</p> <p>Сабақтан алған әсерлерін стикерге жазып, суретін жібереді.</p>		<p>Кері байланыс тақтайшасы</p>
----------------------	--	--	--	---------------------------------

## MY HOBBY

### Кокубаева Эльмира Абдираимовна Оқушылар сарайы қосымша білім беру педагогі



Ағылшын тілі – халықаралық тіл. Әлемдегі ең көп тараған, әрі қытай тілінен кейінгі халық саны бойынша ең көп пайдаланатын тіл. Ағылшын тілі – Ұлыбритания, Америка Құрама Штаттары, Жаңа Зеландия, Аустралия және басқа елдерде ана тілі болып есептеледі. Одан басқа көптеген мемлекеттерде ресми тілі болып саналады. Ағылшын тілі – дүние жүзіне ең кең таралған тіл. «Қазақстан бүкіл әлемде үш тілді пайдаланып жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі». Ағылшын тілі – қазіргі заманда жаһандық тіл. Тіл – халықпен бірге өмір сүріп дамиды. Шет тілін білу сән емес, заман талабы екені белгілі. Туған тілді жетік меңгеруді, қастерлей білуді мақсат етіп қою керек. Бірақ бір тілмен ғана шектеліп қоймай, жан-жақты болуға, тіл үйренуге талпыну керек. Бұл жастардың болашағы ғана емес, тұтастай ұлтының болашағының жарқын болуының

кепілі.

#### Мақсаты мен міндеттері:

а) Балалардың ағылшын тіліне деген қызығушылығын арттырып, үйірмешілерге ағылшын тілінің грамматикасы және әдебиеті жөнінде мәлімет беру;

б) Балалардың ағылшын тілінде сөйлеу қабілетін дамытып, өзіндік шығармашылық қабілетінің дамуына жағдай жасау;

в) Балаларға қарым-қатынас жасауға, ойын жеткізе білуге үйрету, оларды ағылшын тілі арқылы өзге ұлтты құрметтеуге, өзара сыйластыққа тәрбиелеу.

Бүгінгі таңда ағылшын тілін оқыту үлкен шығармашылық ізденіс пен біліктілікті талап етеді.

Сабақтың тақырыбы: MY HOBBY

Сабақтың мақсаты:

Үйретушілігі: Тақырып бойынша оқып аударуды үйрету.

Дамытушылығы: Жаңа сөздерді жаттату, ауызша сөйлеуге және сөздерді дұрыс айту дағдысын дамыту.

Тәрбиелілігі: Адамгершілікке, әдептілікке, сауатты жазуға тәрбиелеу.

Сабақтың көрнекілігі: Плакаттар, карточкалар, тақта.

I. Ұйымдастыру кезеңі

Good morning, children! I'm glad to see you! How are you?

Who is on duty? Who is absent? What date is it today? What day is it today?

-OK. Let's begin our lesson.

-What was the last theme? Let's check yourself. Look at the interactive board and do task. Үй жұмысын сұрады. Cinderella (Золушка) ертегісіндегі жаңа сөздерді сұрады.

II. Негізгі бөлім:

а) Теориялық бөлім:

Hobby is a special interest that people do in their free time. Everybody has his/her own hobby.

As for me I prefer reading poems and short stories. I believe that fiction literature is one of the best ways of expressing feelings and thoughts. They usually mean more if they are raised to the level of art.

I am fond of piano playing and guitar playing too. I finished musical school two years ago. I am extremely fond of all kinds of dancing: from hip-hop to classical ballet. That is why I often attend different theaters and rap-discos.

Sports play an important part in my life. I am an amateur roller-skater. Once a week I take aerobic classes just to keep fit. Diving is the kind of sports I like best.

I belong to such kind of people who always need changes and new impressions. From this fact it follows that the range of my hobbies is wide. In the nearest future I want to take up horse-riding, parachute-jumping, and mountain skiing.

Хобби - адамдардың бос уақытында айналысатын қызығушылығы. Әркімнің өз хоббиі бар. Маған келсек, мен поэмаларды қысқа әңгімелерді оқығанды ұнатамын. Мен фантастикалық (ойдан шығарылған) жанрды сезім мен ойларыңды жеткізудің ең үздік жолы деп ойлаймын. Олар егер арнайы өнер деңгейіне көтерілсе, маңызы артар еді. Сондай-ақ пианино, гитара ойнағанды ұнатамын. Екі жыл бұрын музыка мектебін аяқтадым. Мен бидің барлық түрлерін де ерекше жақсы көремін. Хип хоптан классикалық балетке дейін. Сол үшін әртүрлі театрларға қалмай барамын.

Спорт түрлері менің өмірімде маңызды орын алады. Ролик тебуді жақсы көремін. Мықты болу үшін аптасына бір рет аэробикалық сабақтарына барып тұрамын.

Дивинг (су спорты) ең жақсы көретін спортым. Өзімде үнемі өзгеріс болғанды, жаңа ерекше сезімдер тудырушы жағдайлардың болып тұрғанын қалайтын адамдар қатарына жатқызамын. Осылардан менің хоббиімнің шеңбері кең екенін көруге болады. Болашақта жылақы, парашюттен секіру, тауға өрмелеуді қолға алғым келеді.

Мәтіндегі жаңа сөздерді жаттау

believe-сену

fiction- ойдан шығарылған

amateur - әуесқой

roller-skater - конькимен сырғанаушы

belong- тиесілі

Exercise :1

1. Өз елім, ..... төсегім (өлең, песня, song)
2. Сағынған елін аңсайды, Сары ала қаз ..... аңсайды (көл, озеро, lake)
3. .... елінде көгерер, Қоға көлінде көгерер (адам, человек, man)
4. Туған жердің күні де ыстық, түні де ..... (ыстық, жаркий, hot)
5. .... елдің анасы, Ел ердің анасы (Отан, Родина, Motherland)
6. Отанды ..... отбасынан басталады (сүю, любовь, love)
7. Пәлен жерде ..... бар, өз еліндей қайда бар
8. Жері байдың елі .....(бай, богатство, rich)
9. Ел жасымен көрікті, тау тасымен ..... (көрікті, красивый, beautiful)
10. .... іздесең көлге бар, Береке іздесең елге бар (балық, рыба, fish)

б) Практикалық бөлімі: (сергіту сәті) Балаларға айтқанда бірінші (педагог) өзіміз қолымызбен түсіндіріп көрсетіп аламыз, содан кейін, оларға команда бергенде балалар іс-әрекетімен көрсетеді:

One, two, three, four.

Look at the window, look at the door,

Look at the ceiling, look at the floor.

One, two, three, four.

«Кірпі» саусақ ойыны

Ойынның барысы: Бірінші ойыншық кірпіні көрсетіп: «It's a hedgehog ... hedgehog ... hedgehog» деп айтамыз. Кірпінің тікенінен ұстаймыз да: «these are prickles, these are prickles» деп қолымызға кірпінің тікені кіргені туралы айтамыз. Балалардың да осы сәтті бірге қайталауына мүмкіндік береміз: «these are prickles, these are prickles». Ойынды бастаймыз: «It's a hedgehog ... hedgehog ... hedgehog». (қолымызға кірпінің тікендері кіргендей сезінеміз). Roll yourself into a ball! (қолымызды кірпі сияқты етіп бүгіп ойнаймыз.)

«Өрмекші» саусақ ойыны



Ойынды сергіту сәтінде қолдануға болады.

Ойынның барысы: Бірінші ойыншық өрмекшіні көрсетіп: «It's a spider ... spider... spider. It has got many legs. These are legs ... legs» деп айтамыз. Балалардың да осы сәтті бірге қайталауына мүмкіндік береміз: «Legs, spider». Show me your hand. This is a spider. Spider is climbing, climbing, climbing (өрмекшінің қолдары өрмелеп жоғары шығады деп көрсетеміз) and falling down! (төменге қарай құлайды!) Ойын кезінде өрмекшінің жақсы өрмелейтінін және оқыста құлап кеткенде ол өлмейтінін айта кету керек.

«Кім жоқ?» ойыны

Ойынның барысы: Балалардың қолымен көздерін жауып-ашу арқылы топта кімнің жоғы туралы анықтаймыз, ол үшін көзді жұмып-ашу үшін команданы ағылшынша береміз: «Close your eyes! Open your eyes!». Баланы жасырып болғанша, яғни көздерін ашпас үшін ағылшынша 5-ке дейін санайтындығын ескерту керек: «One, two, three, four, five». Ойынды бір-екі рет қайталауға болады.

«Rain, rain, go away» - ойыны

Тақпақты саусақтарымызбен, мимика арқылы көрсете отырып айтамыз, балалар қайталап отырады:

Windy, windy,  
Rainy, rainy,  
Sunny, sunny,  
Cloudy.

Қолымызға балаларды қызықтыру үшін сиқырлы таяқшаны алып сиқырлы сөз айтамыз:

Rain, rain, go away.  
Come again another day.  
Little Kate wants to play.  
In a lovely, sunny day!

III. Сабақты қорытындылау: Бүгінгі сабақта не үйрендік. Сендерге не қызықты болды? Қандай жаңа сөздермен таныстық? Сабаққа белсене қатысқан балаларды басқа балаларға үлгі етіп, келесі сабаққа да жаңа сөздерді жаттап келу. Сабақты қорытындылау.

## САҰЫС САБАҚ

Кубекова Нуржамал Амантаевна  
Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі



Сабақтың мақсаты:

Үйретушілігі:

- Қазақтың ұлттық аспабы домбыра жайлы мағлұмат беріп, домбыра аспабындағы әнді дұрыс орындап, домбырада еркін ойнай білуге үйрету;

Дамытушылығы:

- Балалардың өнерге деген қызығушылықтарын және музыкалық мәдениетін қалыптастырып, дамыту;

Тәрбиелігі:

- Музыка арқылы рухани бай, адамгершілігі мол, шығармашыл, дарынды, талантты тұлғаны тәрбиелеу.

Сабақтың көрнекілігі: домбыра аспабы, ұрмалы, сілкімелі аспаптар

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

- Балаларды түгелдеу
- Балалардың сабаққа дайындығын қадағалау
- Домбыраның құлағын саз әуенге келтіріп туралау

## II. Негізгі бөлім:

Сайыс түрінде өтетін сабақтың шарты түсіндіріліп, балалар екі топқа бөліп сабақ басталады.

Бүгінгі сайысты бағалап отыратын әділ қазы алқаларымен таныстыру

Әр топ өз топтарымен, эмблемасымен, топтың атын таныстырады

I. Топ ішекті аспаптар тобы

II. Ұрмалы аспаптар тобы

Сайыстың шарттары:

I – айналым: Топпен ән орындалады

Алғашқы айналым әр топ өзіне ұнаған бір әнін тобымен бірге орындап шығады

I- топ Халық әні: «Күміс құмған – ай»

II - топ ұрмалы аспаптар тобы: Халық әні: «Еркем-ай»

II- айналым: Әуенді тап?

Домбыра аспабымен өтілген әндерден үзінді ойналады

III – айналым: Әнді жалғастыр

Балалар жетекші айтқан кез-келген әнді I топ орындаса, II топ жалғастыруы қажет.

IV- айналым: Әуенді іс-қимыл арқылы тап

Қарсылас топ бір әннің үзіндісін орындайды, келесі топ сол әнді іс-қимыл арқылы көрсетеді.

Шығармашылық жұмыс. Балалардың саусақ қойылымдарына, қағыстарына, дауыс ырғақтарына, орындау шеберліктеріне назар аудару қажет.

Соңында екі топ бірігіп халық әні «Үкілім- ай» әнін орындайды.

Биылғы жылғы үйренген әндерден үзінділер орындады.

«Үкілім- ай», «Еркем-ай», «Уғай-уғай» «Күміс құмған –ай», «Кеш жарық», «Қуанышым қазынам» әндері.

**Қорытындылау:** Әділ қазылар алқасы балалардың жан-жақты өнерлеріне назар аударып, әр сайысына баға беріп жеңімпазды белгілеп шығарып, сайыс соңында бағалары қорытындыланып, жеңімпаз топты марапаттайды.

Жетекші сабақты қалай өтілгені туралы балаларға ескертпелерін айтып өтеді.

Сабақты қорытындылап балалармен қоштасады.

## ЭТНО-ФОЛЬКЛОРЛЫҚ АСПАПТАРДЫҢ АНСАМБЛЬД ОРЫНДАЛУЫ



### Кувандыков Галым Темиргалиевич Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі

#### Сабақтың мақсаты:

- Көне аспаптардың шығу тарихымен, ансамбль құрамымен таныстыру.

- Көне аспаптардың дауыс серекшеліктерін, орындаушылық әдіс-тәсілдерін, техникасын ансамбльде пайдалану.

Көрнекілігі: Қазақ халқының ұлттық киіз үйі, қазақ халқының ұлттық музыка аспаптары.

#### Сабақтың жоспары:

1. Қазақ ұлттық аспаптарының шығу тарихы.

2. Н.Тілендиев «Ата толғауы» күйі.

3. Хассак тобы «Тарту».

#### I. Ұйымдастыру кезеңі:

- Балаларды түгелдеу;

- Сабаққа керекті заттарды тексеру;
- Өткен сабақты қайталап еске түсіру.

а) Теориялық бөлім:

Домбыра - қазақты ұлттық аспап домбырасыз елестету мүмкін емес. Біз білетін 7 мектеп бар. 10000 нан аса күйлері дамыған, бүгінгі күні сол күйлердің көпшілігі оқу құрал ретінде қолданыста. Домбыраның негізгі түрлері өңірге байланысты бөлінген. Қазір ойнап жүрген домбыра, өткен ғасырдың ортасында А. Жұбановтың оркестр құруына байланысты классикалық шығармаларды домбыра аспабында ойнау үшін, аспапты 19 пернелі домбыра тенор етіп өңдеген. Негізгі домбыралардың түрі дәстүрлі деп аталады. Мысалы, Құрманғазының домбырасы қалақ домбыра болса, Динаның домбырасы шанақты болып саналады. Яғни әр домбыраның пішіні мен пернелері, ладтары әртүрлі болған. Қылқобыз, қобыз түрлері.

Ысқышты аспап қобыз. Көне аспаптардың бірі қылқобыз. Қылқобыздан алдын дамыған нарқобыз. Жалпы ысқышты аспаптардың атасы деп айтсақта болады. Қылқобызды ертеректе Қорқыт атамен байланыстырады. Қылқобыз ағаштан ойылып жасалатын, түйенің, не сиырдың терісімен қапталып, жылқының жалынынан немесе қылынан ішек жасап оны ысып ойнаған кезде адамның дауысына ұқсас дыбыстар шыққан.

А.Жұбановтың қазақ ұлт аспаптары оркестр құруына байланысты қобыз аспабы да өңдеуден өтті. Нәтижесінде 4 ішекті жезқобыз шықты. Қазір таңда жезқобыздың екі түрі бар прима қобыз және альт қобыз.

Шертер

Шертер қазақтың көне ішекті шертпелі музыкалық аспабы. Кей деректерге сүйенсек бұл аспап домбыра мен қобыздың арғы тегі болып саналады. Сырт келбеті қобызға жақын, көлемі жағынан домбырадан кіші. Ағаштан ойылып жасалады, шанағы ешкі терісімен қапталған. Ішегі аттың қылы тағылған. Ойнау тәсілі домбыра тартуға ұқсайды. Дыбыс күші қапталған тері мен ішектің қалыңдығына байланысты. Бастапқы кезде аспапта перне болмаған. Көп ұзамай перне орналастырып, аспаптың беткі жағы біраз өзгеріске ұшыраған.

Жетіген

Жалпы көне аспаптардың барлығы түркі тілдес халықтарына ортақ десекте болады.

Солардың бірі жетіген. Шығу тарихына келетін бір кісінің 7 ұлының бірінен соң бірі қайтуына байланысты ішек саны ұлғайып отырған деген аңыз бар. Бізде жетіген деп атаса, тува мен якут халықтарында ятаган деп атайды. Қытай, Жапон, Корей халықтарында да кездеседі. Б. Сарыбаевтың зерттеуінің нәтижесінде бүгінгі күні жетіген аспабы қарқынды дамып келе жатыр. Қазір жетіген аспабы фольклорлық ансамбль де кеңінен қолдалып жатыр.

Ұрмалы аспаптар

Келесі аспаптар ұрмалы аспаптар. Негізінде бұл аспаптарды аңшылық пен жауынгершілік заманда қолданған деседі. Ислам діні келгенде дейін тәңіршілдік заманда бақсылар көп қолданған. Атап айтсақ дабыл, даңғыра, дауылпаз шыңдауыл. Шыңдауыл қазіргі кезде дарбука деген аспап ұқсас. Бұл аспаптардың барлығы теріден жасалған. Жауынгершілік кезде кеңінен қолданылған. Мысалы дабыл аспабы, жауға шыққанда қандай да бір белгі бергенге қолданған. Қазіргі кезде ансамбльде шыңдауыл мен даңғыраны қолданады. Оркестрде дауылпаз бен дабыл ойналады.

Үрмелі аспаптар

Көне үрмелі аспаптың бірі сыбызғы. Алтайдан бері қарай Оңтүстікке дейін, Орталық аймақтар да дамыған. Қытайдың Шыңжаң аймағында қария ақсақалдардан Құрманғазы ұлттық консерватория түлектері, Талғат Мұқышев деген ұстаз сыбызғыға арналған күйлерді алып қалып жатыр. Ертеректе қамыс пен қурайдан жасалған аспап қазіргі кезде 7 ойықты, мажор мен минор ойнайтын, хроматизмдерді ойнайтын кәсіби аспап болып дамып жатыр.

Сазсырнай

Көне қала Отырар маңынан жұмыртқа тәріздес аспап табылып, Б.Сарыбаевтың зерттеуінен кейін ол аспап сазсырнай деп жарыққа шықты. Осы күнге дейін аспап диапазоны 1 октава болса, қазір аспаптың 6 түрі бар. Әр түрінде диапазоны 1,5 октавадан

асуда. Өкінішке орай сазсырнайға арналған күй шығармалар бізге жеткен жоқ. Дегенмен қазір композиторлар осы аспапқа шығармалар жазуда. Сондай шығармалардың бірі С. Бәйтерековтың «Кішкентай» шығармасы. Сабақ барысында талдайтын боламыз.

#### Шаңқобыз

Шаңқобыз - қазақтың көне музыкалық аспабы. Ағаштан, темірден кейде күмістен жасалады. Ағаштан жасалған шаңқобызға жіп байланып, сол жіпті серпіп тарту арқылы ортасындағы тілше тербеліп, дыбыс шығарады. Ол ашалы сым темірден немесе күмістен жасалған. Белгілі бір музыкалық әуен шаңқобыз арасында бекітілген тілін саусақпен шалып тарту арқылы орындалады. Негізгі дыбысы тілдің мөлшеріне байланысты. Дыбыс көлемі бір октава шаңқобыз тартушы тіл қимылы арқылы да түрлі дыбыстар шығарып отырады. Кейде орындаушылар саусақтарына қоңырау іліп алып та ойнайды.

#### Шіңкілдек

Шіңкілдек немесе балақай домбыра деп аталатын аспап, яғни мектеп жасына дейінгі оқушыларға арналған, фольклорлық ансамбльде домбыраны диапазоны жетпеген жерде қолданады. Жоғары ноталарды алу кезінде.

#### Ұра мен керней

Келесі аспап ұра деген аспабы, кейбір деректерде керней деп атайды. Айырмашылығы ұра үлкенірек пішінде. Өзбек ұлтында кәрней деп аталады мыстан, жезден жасалса қазақта керней деп аталады, ағаштан жасалады.

Қазақ халқының барлық аспаптары қолданыстағы табиғи өнімдерден жасалған ағаштан, қурайдан, қамыстан. Теріден, қылдан т. б.

#### Қамыс сырнай

Тағы бір аспап қамыс сырнай деп аталады. Аты айтып тұрғандай қамыстан жасалады. Дауысы саксафонға ұқсас.

#### Гамма

1. Тілендиев «Ата толғауы» күйі.

2. Хассак тобы «Тарту».

#### «Ата толғауы»

Ырғаққа мән беру. Ансамбльді бірнеше топқа бөлу.

1. Солистік топ. I-II тенор.

2. Ырғақты топ. Ұрмалы-соқпалы аспаптар.

3. Әрлеуші топ (өңдеуші топ). Прима қобыз, қыл қобыз, сырнай, шертер, сазсырнай, жетіген, сыбызғы, суағаш, құс даусы, дауылпаз.

4. Бас тобы. Бас домбыра.

«Ата толғауы» ( ) күйін цифрға назар салу.

Сабақ барысында әр топпен жеке дара жұмыс жүргізу. Белгіленген цифрға дейін. Солистік пен ырғақты, бас топтарын бірге ойнату. Ансамбль болып жатыр ма, қадағалау. Әрлеуші топпен жұмыс. Динамикалық бояуын орындалуын талап ету

«Тарту» 2/2 өлшемі заманауи ырғақ.

Ансамбльді топтарға бөлу.

1) Солистік топ: Прима қобыз, қыл қобыз, аккордеон, шертер, жетіген.

2) Ырғақты топ: Ұрмалы-соқпалы аспаптар, I-II тенор.

3) Бас тобы: Күшті үлеске (сильная доля) назар салу.

4) Әрлеуші топ: Суағаш, құс дауысы, шаңқобыз, дауылпаз, желдің дауысы.

«Тарту» талдау.

1) Солистік топпен ( ) цифрға дейін жұмыс.

2) Ырғақты топпен жұмыс. I-II тенор, 8/8 ырғағына мән беру.

3) Бас тобы мен әрлеуші топтармен жұмыс. Кіріспе (вступление) ойнау.

• Шығарманың мінезіне қарай суағаш, құс даусы, желдің дауысын, ұрмалы-соқпалы, шаңқобыз, жетіген аспаптарының орындалу техникасын, мүмкіндігін пайдалана отырып шығарманы әсерлеу мақсатында экзотикалық дыбыстарды орындау.

Динамикалық бояуларын қосу.

Нюанстарын дұрыс орындау. Сағаға түскенде суб. пианоға өткенде «Хоп» деп дауыстау арқылы ансамбльді шабыттандыру.

Толық ансамбль құрамымен орындау.

Үйге тапсырма беру.

«Ортеке» – қазақ қуыршақ қойылымының бастауы

Қазақ халқына тән қуыршақ ойнату мәдениетінің тамыры тереңде жатыр және ол музыкамен тығыз байланысты.

Баяғы заманда дала музыканттары ағаштан жан-жануарлардың мүсінін жонып алып, оларды жіпшен өзінің саусағына байлап, домбыра тартатын. Сонда әлгі мүсін - бойына жан біткендей болып, билей жөнелетін. Бұл көшпенділердің алғашқы мобильді қуыршақ театры еді.

Мұндай жылжымалы қуыршақ театры «Ортеке» деп аталады. Мұндай қойылымда пайдалану үшін, ағаштан көбіне таутекенің мүсінін жонатын болған. Ағаш текені кез келген ішекті аспаптың көмегімен билетуге болады. Қазақстандық орындаушылар, негізінен, домбыра мен шертерді пайдаланады. Ортекенің тарихы туралы нақты ғылыми деректер кездесе қоймағанымен бүкіл түркі халықтарына тән. Мәселен, туысқан қырғыздарда ортеке «тақ-теке» деген атпен кең тараған.

Бір қызығы, «Ортекені» тек домбырада ғана емес, ішекті аспаптардың бәрінде ойнатуға болады. «Ортеке – қазақтың көне қуыршақ театры. Ерте заманда балаларға домбыра үйретуде оларды қызықтыру үшін «Ортеке қуыршағы» қолданылған. Қазір күнде де ортекеге деген қызушылық жоғары. Әуелде ортекені домбырада ойнатқан, ал кейіннен жетігенге қосып билеткен. Ортекені бүгінгі қоғам ыстық ықыласпен қабылдап жатыр. Ортеке әртүрлі көлемде жасала береді. Шебердің ой-қиялына байланысты түрлі атаулар қойылып, аспапта ойнатылады. Күйші Абдулхамит Райымбергенов: «Бұрын мезетте үш ортекені – «ата ортеке», «әке ортеке», «бала ортекені» ойнатқан. Бір адам ең көп дегенде төрт ортекені саусағына ілінген жіптер арқылы басқарып, күй ырғағына билете алады», – дейді. Ал атақты күйші, домбырашы Мұрат Өскенбаев «Сегіз лақ» күйін тартқанда, сегіз текені тұғырға орнатпай-ақ жерге қойып ойнатқан екен.

Сырт көзге қарапайым көрінгенімен, ортеке ойнатудың өзіндік техникасы бар. Ортекенің бірнешеуін ойнатқанда олар бір-біріне кедергі келтірмей, бір-біріне ұқсамайтын «би» қимылдарын жасауы керек. Бұл құрастырушының логикасына тікелей байланысты болып келетін ереже.

Ортеке қойылатын тұғыр ағаштан құрастырылады. Беткі жағына түрлі ою-өрнектер ойылады. Әшекейленген тұғыр ішіне ортасынан темір сым өткізілген таяқша қойылады. Темір сымның екі шеті иіліп, біріне қуыршақ бекітіліп, біріне домбырашының саусақтарына ілінетін жіп жалғанады. Тұғырды тесіп, жіп сыртына шығарылады. Жіпті тартқан кезде темір сым қозғалып, ортеке қуыршағы билей бастайды. Ортеке қуыршағы тепе-теңдігін сақтау үшін, бауырынан ілінген сым темір қуыршақ жан-жаққа ауытқымайтындай өлшемде қақ ортасына орналасуы керек.

Қуыршақты құрастыру жағына келетін болсақ, оның кеудесі мен басын бір бөлек, сирақтарын бір бөлек ағаштан қиып алады. Материалдың мейлінше қатты, жеңіл әрі иілгіш болғаны дұрыс. Оны жасауға қайың, терек, шетен, жеміс ағаштарын қолдануға болады. Түрлі-түсті бояулармен бояп, сәндеп, көрермен алдына алып шығады. Ортеке үлкен сахналарға арналмағандықтан, көбіне шағын көрермен аудиториясына ұсынылатын қызықты сауықтың түріне айналған.

Ортеке ойыны сирек орындалатын жанрлық қойылым болып саналады. Оны алғаш рет «Мұрагер» республикалық фольклор сазды ансамблі 1984 жылдан бастап ел арасында насихаттай бастады. Қазіргі күні ұлттық музыканы дәріптеп жүрген «Тұран» ансамблі 2010 жылдан бастап ортекені сахнаға алып шығып, билетіп жүр. Сондай-ақ, ансамбль ортекені Венгрия, Қытай, АҚШ, Ресей, Франция, Испания, Түркия елдеріне таныстырып келді. «Шетелдік көрермендердің ортекеге қызығушылығы басым, жұмбағын шешкісі кеп, сұрақтар қояды. Ал жас балалар ортеке биінің қызығына батып, мәз болады», – дейді ансамблдің мүшесі Абзал Арықбаев.

Елімізде 2007 жылдан бастап қуыршақ тетрлары аясында Халықаралық фестивальдар ұйымдастырылып келеді. Атап айтсақ, алғашқы «Ортеке» Халықаралық қуыршақ театрларының фестивалі Ақтау қаласында өтті. 2010-12 жылдары Алматыда (Ұлттық қуыршақ өнерінің Халықаралық фестивалі), 2013 жылы Астанада, 2015 жылы

Қостанайда ұйымдастырылды.

«Ортеке – қазақ қуыршақ өнерінің бастауы», – деген белгілі ғалым Ахмет Жұбанов. Ерте кезден қалыптасқан мәдениет бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келе жатқаны қуантады. Алайда ортеке билету өнерін үйрету мен оны жетілдіруді музыка зерттеушілері, қолөнершілер мен қуыршақ театрының мамандары шыңдап қолға алса. Сонда ғана, қазақ қуыршақ өнері алдағы замандарда да жұртты қуанышқа бөлей беретіні сөзсіз.

### Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі

1. Уикипедия ашық энциклопедия.
2. «Қазақтың музыкалық аспаптары» Нағыз қазақ – домбыра: қос ішекті аспап жайлы қызықты деректер - Sputnik Қазақстан, 1920, 05.11.2021



## БАЛАЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ БАСТАУЫ

Күзембаева Гүлнұр Амантаевна  
Оқушылар сарайының қосымша білім беру  
педагогы

Балалар шығармашылығы қалай басталады деп ойлайсыздар? Мүмкін, баланың шығармашылығы қызығушылықтан немесе бас тартудан басталады. Ең бастысы, жақсы материалсыз шығармашылық болуы мүмкін емес: қаламсап, бояулар, қарындаштар, қылқалам т.б. Мектепке барғанымызды есте сақтаңыз, пластилин деген не? Бұл бәріне бірдей болды және бірдей түсті – қараңғы, ал бөліктер бірнеше есе көп болды. Бүгінгі күні шығармашылыққа арналған балалар тауарларын таңдау кез – келген түс, дәм мен әмиян үшін бізді молынан

қуантады.

Балаларды шығармашылыққа, өнерге үйретудің маңызы жайлы айтып көрейік. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және оны тәрбиелеу – бүгінгі таңдағы көкейтесті мәселелердің бірі. Шығармашылық – бүкіл тіршілік көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі.

Бұған бүкіл халықтық, жалпы және жеке адамның шығармалары арқылы келдік. Әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс – әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді. Баланың шығармашылығын дамытатын жетекші өзі шығармашылықпен жұмыс жасауы тиіс. Баланың шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында өткізілетін ұйымдастырылған оқу іс – әрекеті барысында жаңа технология элементтерін пайдалану тиімді. Бұл орайда баланы жалықтырып алмаудың жолдарын қарастырып, төмендегі тәсілдерді тиімді қолдану қажет:

- Бала қабілетін ашуда тіл шеберлігіне көңіл бөлу;
- Білімін қосымша әдебиеттермен толықтыру;
- Жылы сөздер арқылы «сенің қолыңнан келеді», «сенің болашағың зор», - деп, үнемі балаға шабыт беріп отыру.

Әр жетекшінің алдындағы сәулелі мұрат шәкіртіне білім, тәрбие беріп қана қоймай баланың «менін» ашу. Сол «менді» шығармашылық тұлғаға айналдыру. Күллі ғажайыптың ішіндегі ең тамашасы – жақсы тәрбиеленген адам. Бала қабілетінің ашылуы үшін жетекші

жаңашыл, білімді, іскер, қабілетті, жауапкершілік сезімді, жаңа технологияны толық меңгерген, өз ісінің шебері болу керек.

Бала қабілетінің ашылуы үшін:

1. Жетекші білімін ұдайы жетілдіріп, кәсіби шеберлігін шыңдауы тиіс.
2. Бала білімі мен қабілетіне сеніммен қарау керек.
3. Баланы ақпарат, жаңалықпен қамтамасыз етіп отыру қажет.
4. Ата – анамен тығыз байланыс орнағаны жөн.
5. Баланы өмірге бейімдеуде дәл, дұрыс бағыт беріп, жеке ерекшелігіне көңілбөлінуі керек.

Баланың ойында не бар, ол не істей алады, жасы өскен сайын ол қалай өзгеріп, нені үйреніп келеді дегенді анықтау, оған әсер ететін себептерді іздестіру балалар психологиясының маңызды міндеті. Балалар психологиясын зерттеудің негізгі әдістері: бақылау және эксперимент. Бағдарламаның ерекшелігі баланың жалпы тәрбиесіне, дамуына әсері зор. Бала шығармашылық қабілеттері арқылы өсіп көптеген ойындарға таратылады (сюжетті – рөлдік, драматизация ойындары, сахналау, көріністер).

Блок арқылы құралған бағдарлама:

- 1 блок – толтырынды кезең (кіріспе)
- 2 блок – моделдендірілген

Толтырынды кезінде кіріспе шығармашылыққа илікші көп әсер келтіреді. Бұл кезде бала бойына илікшілік және уайымшылдық қабілетіне бітеді. Бұл жерде бас рөлде жетекшінің өзі болады.

Екінші кезең баланың өз еркіндігімен және тапқырлығымен байланысты. Моделдік қасиеттер – айналадағы араластықтан және әр түрлі еліктеуден пайда болады. Блок арқылы жұмыс реттік бойынша, жеңілден ауырға немесе біртіндеп жеке өткізіледі. Бұл бағдарлама баланың шығармашылық қабілетін дамытады. Шығармашылық қабілеттерін дамыту кезінде тағы да басқа тәсілдер және тәсілден тыс әрекеттерді қолдануға да болады. Балалардың өздері шығарған шығармалар, негізінен мұндай шығармалар ересек балалардың арасында туып, орындалады. Олардың ішінде ғұрыптық та, ойындық та фольклор бар. Демек, мұнда әрі тұрмыстық, әрі эстетикалық мақсат қатар жүреді. Бір топ шығарма маусымға байланысты болса, екінші топты балалардың арнау – тілек, сондай – ақ күнделікті тіршілікке, табиғатқа, жан – жануарға қатысты жай өлеңдерді құрайды. Ендігі бір топқа балалардың бірін – бірі сынау, білу, тану үшін айтылатын, сондай – ақ өнер сайысын көрсететін шығармалар жатады. (тақпақ, сұрамақ, қызықтама, мазақтама, санамақ, өтірік өлең, жұмбақ т.б.). Бұларда біршама көркемдік сипат бар, олардың ұйқасы, ырғағы, шумағы тағы басқа бейнелеу құралдары – тегіс фольклор дәстүріне сай. Әрине, балалар фольклоры тек осы аталған үлкен екі топпен шектелмейді. Мұнда үлкендердің де кейбір дәлірек айтқанда, үлкен адамдарға арналып, бірақ бірте – бірте балалар қауымына ойысқан шығармалар да бар.

Бұлар – балалар репертуарынан мықтап орын алып, өздерінің алғашқы мән – мағынасын, ежелгі функциясын жолғалтқан, сөйтіп басқа мақсатта орындалатын шығармалар (этиологиялық мифтер мен ертегілер, жұмбақтар, мақал – мәтелдер, жаңылтпаштар). Олар көркемдік қасиеті жағынан да ерекшеленіп тұрады.

«Қиял қанатында» деп алып балалар шығармашылығына үңілсек әр бала әр түрлі етіп өз ойын қағаз бетіне түсіреді. Әр баланың ойлауы, өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы: Әли қыс мезгілін ұнатады. Қыс мезгілі жайында өз ойын әңгімелеп қағаз бетіне түсіргеніне зер салып қарайық:

Қыс мезгілі қызықты. Көбінде далада жүргенді ұнатамын. Біз қыста сырғанақ тебеміз. Бірақ анам маған «Суықта көп жүрме « дейді. Қыстың жапалақтап жауған қары әдемі. Қардан аққала жасағанды ұнатамын...

Нұрбол болса Отанын қатты жақсы көреді. Менің Отаным – Қазақстан. Әрбір адамның туып- өскен жері – Отаны. Адамдар Отанын қорғау керек, жақсы көру керек. Астана қаласы – еліміздің бас қаласы. Менің арманым – Астана қаласында тұру. Мен әрқашан Отанымды жақсы көремін...

Осылайша әр баланың қиялы, ойы сан қырлы. Балаларды шығармашылыққа баулып, үнемі ізденіс үстінде жүрейік. Қарап тұрсақ жер бетінде қаншама адамдар мен

балалар болса соншама туынды шығармалар көптен көп -ақ. Қазіргі дамыған заманда жаңашыл білімді шығармашыл балалар мен тәжірибесі мол аянбай, талмай еңбек ететін ұстаздар мен жетекшілер көбейе берсін. Қазақстанымыздың болашағы жарқын болып, жасөспірімдеріміз үнемі ізденісте бола берсін.

Педагогикалық ұжымның талмай ізденуі, аянбай еткен еңбегінің бір өтеуі болғандай балалармен өткізген шығармашылық жұмыстары қазір жас кездерінде көзге көрінбесе де, түбінде кім біледі, бәлкім жылдар жылжып өткеннен кейін, есейген шақтарында үлкен өмір төрінде төбе көрсетіп қалар, әрбір шәкіртіміз еліміздің өнерлі азаттарының бірі болады деп сенемін.

**Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі**

Bilimdiler.kz Білімділер порталы

ULAGAT www.ulagat.com

2023.kk.inditics.com

## ҚАҒАЗДАН ТАҚИЯ, СӘУКЕЛЕ ЖАСАУДЫ ҮЙРЕНУ (ШЕБЕРЛІК СЫНЫБЫ)

**Махамбетова Айгуль Елесбаевна**  
Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі



### Сабақтың мақсаты:

- үйретушілігі: балалардың қағаздан тақия, сәукеле жасау арқылы көркемдік шығармашылық ойын қалыптастыру, жасау жолдарын үйрету;
- тәрбиелілігі: өнер арқылы өз халқының мәдени мұрасына, салт-дәстүріне тәрбиелеу;
- дамытушылығы: балалардың жалпы іскерлігі мен жоспарлы ойлау іс-әрекетін дамыту.

Сабақтың көрнекілігі: дайын үлгілер, шаблондар, түрлі-түсті қағаздар, мата, ою-өрнектер.

### Сабақтың барысы:

#### I. Ұйымдастыру кезеңі:

- балаларды түгелдеу;
- сабаққа керекті заттарды тексеру;
- өткен сабақты еске түсіріп қайталау.

#### II. Негізгі бөлім:

##### а) Теориялық бөлімі:

«Өнерім жақсылардың жан азығы» – деп өнердің рухани нәрлігін халқымыз ерекше атаған.

«Асыл мұра атаның өсиеті,

Ананың әлдиі»

«Атаның өсиеті» – дәстүрге, адалдыққа, еңбексүйгіштікке, ерлікке, төрт түліктің қадірін түсінуге үйретеді.

Атаның сөзінің түйіні: «Өнерді бағалай білмеген өрге шықпас».

«Ананың әлдиі» – пәктілікке – пәрмен,  
әдептілікке – дәрмен,  
шеберлікке жол ашады.

Халқымыздың ежелден келе жатқан осы бір тәлім тәрбиені біз де осы болашақ ұрпаққа берумен келеміз. Бүгінгі сабағымызда біз қағаздан қазақ халқының ұлттық бас киімдері тақия мен сәукеле жасауды үйренеміз.







б) Практикалық жұмыс:


Балалардың алдына тақия мен сәукеленің үлгісі және ою-өрнектің үлгісі беріледі.

Балалар сол үлгіге қарап қағаздан тақия мен сәукеле жасайды, ою-өрнекті ойып алып тақия мен сәукелеге жабыстырады.

Жұмыс жасау барысында балалардан ұқыптылықты талап етемін.

Ш. Сабақтың қорытындысы:

Балалардың жасаған жұмыстарын бағалап, сабақты бекітіп қорытындылау.



## АШЫҚ САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: «ҒАЖАҰЫП САНДАР»

Молданова Багинур Уалихановна  
Оқушылар сарайының қосымша білім  
беру педагогі

Мақсаты:

Үйретушілігі:

- Балаларға логикалық есептер шығаруды, математикалық қызықты тапсырмалар орындауды үйрету;

- Балалардың ой өрісін, сана сезімін, логикалық қабілеттерін, сөйлеу мәнерлерін, математикаға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру;

- Балаларды өздігінен ойлана білуге, өз бетінше еңбек ете білуге, байқағыштыққа, тапқырлыққа, шапшаңдылыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: суреттер, сандар, геометриялық фигуралар, нақыл сөздер.

1) Ұйымдастыру кезеңі. Сайысқа 3 топ қатысады

1 топ «Білім» тобы.

2 топ «Еңбек» тобы.

3 топ «Мектеп» тобы.

Сайыс сабақтың кезеңдері.

1 кезең - Таныстыру. Әр топ өз аттарын таныстырып, қорғап шығуы керек.

2 кезең - Мың бір мақал айту (Саны бар мақалдар айтып жарысу)

Бір тал кесең, он тал ек.

Бірлік болмай, тірлік болмас.

Алтау ала болса, ауыздағы кетеді,

Төртеу түгел болса, төбедегі келеді.

3 кезең - «Ойлы болсаң, тауып көр» әр топқа геометриялық фигуралар беріледі

1 топ Неше үшбұрыш бар? ( 20 )

2 топ Неше шаршы бар? ( 30 )

3 топ Неше тіктөртбұрыш бар? ( 36 )

4 кезең - Ойлап, тап

Мына әріптерден математикаға байланысты сөздерді тап.

Ғ,а,з,ы,а,й,ш. (азайғыш)

Ш,ө,б,е,й,к,т,і,к. ( көбейткіш )

О,ы,с,қ,ы,ш,д,ғ.( қосылғыш )

Қ,с,о,ы,д,н,ы.( қосынды )

И,а,р,а,м,ы. ( айырма )

5 кезең - Жүзден жүйрік Әр топқа математикалық сұрақтар беріледі, қанша дұрыс жауап болғаны саналады.

- Шаршы деген не?

- Көбейту деген не?

- Фигураның периметрін қалай табады?

- Ауданды қалай табады?

- 1 м – де қанша см бар?

- 1 сағатта қанша минут бар?

6 кезең - Құрастыру. Қима қағаздан геометриялық фигуралар құрастырады.

1 – топ. Үшбұрыш фигурасын құрастырады.

2 – топ. Шаршы фигурасын құрастырады.

3 – топ. Тіктөртбұрыш құрастырады.

7 кезең - «Ойымды жалғастыр» сайысы. Әр топқа жеке-жеке математикаға байланысты мақал- мәтелдер беріледі, жалғасын табады.

Жеті жұрттың тілін біл,..... ( жеті түрлі білім біл.)

Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар.

Екі жақсы қас болмас, екі жаман дос болмас.

Досыңды үш күн сынама, үш жыл сына.

Бір елі ауызға, екі елі қақпақ.

Жүз сомың болғанша, жүз досың болсын.

Отыз тістен шыққан сөз, отыз руды елге тарайды.

Бір кісі қазған құдықтан, мың кісі су ішеді.

8 кезең - «Логика» сайысы. Әр топ балаларына логикалық есептер беріледі, есептердің шешуін шығарады.

Егер тырна бір аяғымен тұрса 3 кг болады, ал екі аяғымен тұрса неше кг болады?

Үстел беті төрт бұрыш, оның бір бұрышын арамен кесіп алып тастаса, неше бұрыш қалады?

Төрт қойдың неше аяғы бар?

Бір жұмыртқа үш минутта піседі, төрт жұмыртқа неше минутта піседі?

Бір жанұяның бес ер баласы және олардың әрқайсысының қарындастары бар.

Жанұяда неше бала?( 6 )

Асханаға жүз кг пияз және одан үш есе артық картоп әкелінді. Асханаға неше кг картоп әкелінді?

Қорытынды: Математикалық сайыстың нәтижесін шығару, балалардың үлгеріміне, жауаптарын, іс-әрекеттеріне, белсенділіктеріне назар салып, жауап парағында баллдарын санап, жеңімпаз топты, баланы анықтау, мадақтау.

## БАЛАЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Молдашбекова Бактыгул Серикбаевна  
Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі



Шығармашылық тұлға негізі 6-11 жас аралықта қалыптасатыны анық. Осы жастағы балалар бойында шығармашылық қабілеттің бастаулары жатыр. Тек өмір тәжірибесінің, дара-дүниетаным, дара эстетикалық көзқарастың жетімсіздігінен ал олардың бойларындағы шығармашылық қабілетті ашып көрсете алмайды. «Бұлақ көрсең, көзін аш» деген халқымыз. Жалпы шығармашылық туынды өмірге келгенге дейін жетекші баланың өнеге тұтар ақылшысы, пікірлес досы, бапкері болуға тиіс. Бала шығармашылығы үнемі жетекші ата-аналар тарапынан қолдау тауып отыруы керек. Шығармашылық жұмыс істеуге үйренген бала шығармашылық жұмыстың қай түріне болсын бейім болады. Олар жаңа идеяға проблемаларды шешуге тырысады.

Баланың жастайынан шығармашылық қабілетін қалай қалыптастыру керек? Оның жолдары, әдіс-тәсілдері, мазмұны қандай? Қазіргі таңдағы өзекті мәселенің бірі - осы. Зерттеу бойынша, әрбір жаста шығармашылық баулуға өзек болардай өзіндік ерекше қабілет, бейімділік бар екен. Балалардың дамуын бағыттап, бағдарламаса, онда өсе келе көбінің шығармашылық мүмкіндігі шектеліп, тоқырап қалады.

Сонымен балаларды шығармашылыққа баулып, үйрету үшін қажетті жағдайлардың мазмұнына тоқталсақ:

Жетекші ең алдымен сабақта шығармашылық көңіл-күй тудыру үшін баланың назарын бір нәрсеге бағыттауы керек. Яғни балалардың назарын шығармашылық арнаға бұру үшін үнемі шығармашылық тапсырма - міндеттер, жаттығу, ойын түрлерін ұсынған жөн;

- әрбір шығармашылық тапсырманы балаға ұсынудың жолын, әдіс-тәсілін білу керек;

- шығармашылық жаттығу ойын тапсырмалардың мазмұны жеткіншектердің жас ерекшеліктеріне, қызығушылығына үйлесуі керек;

- тапсырма-міндетпен танысқаннан кейін бала жұмысқа кіріседі. Жетекшінің ең үлкен міндеті: бала белгілі бір көркемдік шешім тауып, өз туындысын ұтымды аяқтап шыққанға дейін оны назарынан тыс қалдырмау, шығармашылық бағыт-бағдар беріп отыруы керек;

- шығармашылықпен жеке дара бала емес, топтың барлық топтың бүкіл балалары ойлауы үшін жағдай, мүмкіндік туғызу керек. Топта, ұжымда өзара шығармашылық қарым-қатынас, шығармашылық ахуал орнату;

Ал егер ол оқиға, сюжет құруға, образ жасауда жазушылық шеберлік танытса, балалар ерекше естиді. Өздерінің күшіне деген сенімі қалыптасады. Сондықтан жетекшінің шығармашылықпен айналысуы және өзінің жазған дүниелері жөнінде балалармен пікір алмасуы заңды;

- Шығармашылық үшін психологиялық қауіпсіздік, еркіндік, ашықтық, бостандықты қамтамасыз ету;

Шығармашылықты тежейтін үш нәрсе бар:

біреуі-сәтсіздікке ұшыраймын, қолымнан ешнәрсе келмейді деген тыс қорқыныш сезімі, екінші - өзіне-өзі тым риза болмаушылық сезімі (не жазса да өзі ұнатпайды, кейде өзін-өзі жек көріп кетеді), үшіншісі - жалқаулық. Ондай жағдайда баланы құтқарудың жолдарын

табу;

- Баланың шығармашылықпен айналысуына сабақта, оқу кезінде, үйде қолайлы жағдай туғызу қажет;  
- Жетекші көркем шығармашылық түрлеріне үйретіп, баулу үшін көркемдік өлшемдермен өзі де қарулануы керек.

Көркем шығарманың, әдеби процестің механизмін түсінбейтін жетекші баланы әдеби шығармашылыққа үйретіп баулымақ түгілі, бала жасаған дүниеге нақты, әділ бағасын беріп, көркемдік дәрежесін тани да алмайды.

Жетекші бала шығармашылығын дамыту, бағыт-бағдар беру ісінде мыналарды ескеруі керек деп ойлаймын:

- шығармашылық тапсырмалардың мазмұн-түрін ойлап табу;  
- шығармашылық міндеттерді балаға ұсынудың әдіс-тәсілін меңгеру;  
- көркемдік шешім табу, оқиға құру, образ жасау үшін кілт боларлық жағдайларды тудыра білу;

- шығармашылық процесті фактілер мен мәліметтерге педагогикалық, әдістемелік тұрғыдан баға, қорытынды бере білу, теориялық, практикалық тұжырымдар жасау. Бұның өзі шығармашылық қабілетті жетілдіре түсуге мүмкіндік береді. Енді осы қабілет, шығармашылық деген сөздердің мағынасын ашсақ. Қабілет дегеніміз не?

Қабілеттер - бір немесе бірнеше іс-әрекеттерді нәтижелі орындаудың шарты болып табылатын адамның жеке ерекшеліктері. Адамға кез-келген іс-әрекеттерді нәтижелі орындауға мүмкіндік беретін қабілеттердің өзінше сапалық үйлесуді дарындылық деп аталады. Дарындылықтың жоғарғы дәрежесі - талант. Қабілеттерді балаларды бұған дейінгі алған білімі мен дағдылармен шектеуге болмайды. Білім, білік, дағдылардың жеңіл тез игеру қабілеттерге тәуелді болады. Екінші жағынан бұлардың игерілуі қабілеттердің дамуына ықпал жасайды. Білім мен біліктің болмауы, қабілеттердің дамуын тежейді. Қабілеттер балаға дайын түрінде берілмек емес, бұлар тәрбиелеу мен оқыту барысында әрдайым жүзеге асатын дамудың нәтижесі. Туа бітті тек нысандар, яғни айтқанда қабілеттер негізінде жататын анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктер болуы мүмкін. Оқу білім алу қабілеттерінің өзі баланың нақты іс-әрекетінсіз пайда болуы мүмкін емес. Адамдардың барлық қабілеттері - азаматтық қатынастардың жемісі. Қатынастар деңгейі әр балада әр түрлі болғандықтан қабілеттердің деңгейі әр түрлі болады. Қабілет деген қасиеттің терең түбінде талант нышаны жатыр. Қасиеттің тиімділігін дамыту тәрбие жұмысына және жас ерекшелігінің өзгеруіне де байланысты.

Шығармашылық деген не? Шығармашылық сөзінің төркіні, этимологиясы шығаруын ойлап табуын дегенге келіп тоқталады. Демек, жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізу деп түсіну керек. Философиялық сөздікте: шығармашылық қайталанбайтын, тарихи-қоғамдық мәні бар, жоғары сападағы жаңалық ашатын іс-әрекет деп түсіндіріледі. Көрнекті психолог Л.С.Выготский шығармашылық деп жаңалық ашатын әрекетті атаған. Ал осы мәселені терең зерттеген психологтардың бірі Я.А.Пономарев оның дамуын ұғымымен қатар қояды. Өйткені әрбір жаңалық, әсіресе интеллектуалдық тұрғыдағы болса, ол баланың психикасын жаңа сапалық деңгейге көтереді деп есептейді. Бұл пікір бүгінгі күнгі педагогиканың талаптарына сәйкес келуімен көңілге қонымды. Шығармашылық - өте күрделі психикалық процесс.

Ол іс-әрекеттің түрі болғандықтан, тек адамға ғана тән. Шығармашылық - қоғамның материалдық және рухани өмірін жетілдіруде бұрын болмаған жаңа, шығармалар және т.б. өндіретін адамның танысқа және шындықты түрлендіруге бағытталған саналы, мақсатты, белсенді іс-әрекеті. Әртүрлі іс-әрекеттің өзіне тән ерекшеліктеріне сай, шығармашылық барысы да сан-қилы болады.

Қорыта келе айтатын болсақ, бала қабілетін анықтап алып содан кейін бала шығармашылығын әрдайым алға тартып, қолдау көрсетіп, көмектесіп, демеп отыру қажет. Әр баланың шығармашылығы әртүрлі. Яғни әр баланың қызығушылығы, талғамы әртүрлі деген сияқты. Баланы еркін ұстап, жасаймын деген нәрсесіне, жазамын деген шығармашылығына оң көзқараспен қарап, жылудық танытсақ шығармашылық талантты балалар көп болмақ. Балалар жастайынан шығармашылықпен айналысып, өз шығармашылықтарын дамытатын болса, өскенде нағыз оқымысты, білімді, болашағы

жарқын, талантты, жазушы, жұлдыз азамат пен азаматшалар болып шығуы әбден мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі  
Email: info@stud.kz  
Әлеуметтік желілер  
balapan.tv



## «ҚЫЗЫҚҚА ТОЛЫ ЖАЗҒЫ ӘЛЕМ»

### Мусабекова Шолпан Алтынбекқызы Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі

Мақсаты: Қуаныш сезімінің адам өміріндегі мәнін түсіндіру. Әлемді жақсы жағынан сезіне білу құндылықтарын кеңейту. Өзара жағымды қарым-қатынас жасау. Іскерліктерін дамыту, мейірімділікке тәрбиелеу. Түрлі ойындарды құрастыру арқылы балалардың ойлау қабілетін дамыту.

Көрнекілігі: Суреттер, қағаздан жасалған күн шуақтары.

Шаттық шеңбері:

Сәрсенбіміз сәтті болсын!

Күніміз тек жақсы болсын!

Жақсы білім алайық,

Үлкендерді тыңдайық!

Сұрақ-жауап:

Балалар, айтыңдаршы, біз кіміз?

Балалар:

- Адамбыз, баламыз, ұлмыз, қызбыз, немереміз, ағамыз, ініміз, қарындаспыз.

- Жақсы. Біз – адамбыз, олай болса біздің түріміз қандай?

- Біздің екі көзіміз, екі аяғымыз, екі қолымыз, бір мұрнымыз, бір аузымыз бар.

- Ал жер шарында бізден басқа қандай тірі табиғат иелері бар?

- Жануарлар, құстар, жәндіктер, ағаштар, шөптер, т.с.с.

- Ал қандай өлі табиғат бар?

- Таулар, сулар, аспан, күн, т.с.с.

- Жақсы, біздер барлығымыз бір жер шарында мекен етеді екенбіз. Балалар, сендер

менің сұрақтарыма жақсы жауап бердіңдер. Енді мен сендермен ойын ойнағым келіп тұр. Ойнайсыңдар ма?

Құрастыру. Екі топқа бөліп, жарыс түрінде ойналады.

- Балалар, мен сендердің алған білімдеріңді тағы да сынағым келіп тұр. Олай болса, мен айтқан түсті, гүлді, көбелекті, санды, пішінді мына арадан тауып беріңдерші.

- Жақсы, балалар, сендер бәрін біледі екенсіңдер. Күлімдеу - адамға қуаныш сыйлай білу, өзіңнің де, өзгенің де өмір жасын ұзартады, денсаулығын жақсартады. Барлық адамдармен күліп амандасу, үнемі ақжарқын жүру, мүмкіндігінше айналаңа қуаныш сыйлау – асыл қасиет.

- Балалар, енді күніміздің шуағын әрқайсымыз өз тілегімізбен құрайық (Балалар үйлерінен алақан пішінін жасап, жазып әкелген тілектерін, мұғалімнің тақтаға дайындап қойған күнінің айналасына жабыстырды. Ән: «Біз – өмірдің гүліміз».

I кезең.

Таныстыру: әр топ эмблемасын топ атың, ұранын таныстырады

Өз білімдеріңіз бен ақылдарыңызға сене отырып, даяр болсаңыздар, сайысымызды бастайық. Сайысты бастар алдында оның өту тәртібімен таныстырып өтейік.

II кезең

«Қас қағым сәт» (Бұл кезеңде топ басшылары қатысады). Әр топқа 5 сұрақтан сұрақтар қойылады. Әр дұрыс жауапқа 5 ұпайдан беріледі.

I топқа:

1. Алматыдан Астанаға дейін ұшақ 1 сағат 30 минут ұшты, ал қайтарда сол жылдамдықпен 90 минут ұшты. Бұл қалай? (1 сағат 30 минут – 90 минут)

2. 62 - 6 неге тең? 30

3. 7 санымен аяқталатын сан берілген. Ол 300-ден артық та, 310-нан кем. Берілген санды тап? 307

4. Ең үлкен үш таңбалы сан? 999

5. Бір жылда неше тәулік бар? 365

II топқа:

1. Үш ат жегілген күйме 1 сағатта 15 км шауып өтті. Әрбір ат қандай жылдамдықпен шапты? (15 км/сағат)

2. 52 - 5 неге тең? 20

3. Қосудың теңдігі? қосынды

4. Ең кіші үш таңбалы сан? 100

5. Бір минутта қанша секунд бар? 60

III топқа:

1. Торғайлар ұшып келіп бұтаққа қонды. Егер торғайлар бұтаққа бір - бірден қонса, бір торғай артық, ал екіден қонса бір бұтақ қалады. Торғай қанша, бұтақ қанша? (4 торғай, 3 бұтақ)

2. Қай санды бөлуге болмайды? 0

3. Ең үлкен екі таңбалы сан? 99

4. 6 санымен аяқталатын сан берілген. Ол 500 – ден артық та, 510 – нан кем. Берілген санды тап? 506

5. Барлық қабырғалары тең төртбұрыш? шаршы

Ең қиыны жарыстың «Жорға» келді

Мықтылары келіпті, жеңсін енді.

Тез жауап бер, ойланып тұрып қалмай

Осы ойыннан көрейік ерен ерді.

Келді кезек жұмбақтарды шешуге,

Жақсы баға, шәкірт саған несібе.

III кезең «Жорға» - математикалық жұмбақтар шешу. Дұрыс жауапқа - 5 ұпай беріледі.

№1 Алпыс төрт тең бөлмеде

Отыз екі тұрғын бар.

Ақ, қара қып бөлгенде,

Бірін-бірі қуғандар Жауабы: Шахмат

№2 Қос құлақты, жүз тісті,

Жүзінен бір-ақ із түсті. Жауабы: Ара

№3 Бес бұтақты теректе

Бұтақ сайын 5 алма

Біреуін бер Берікке

Қалады сонда қанша алма? Жауабы: Теректе алма өспейді

№4 Көлден ұшты 50 қаз,

Қайтып қонды 20 қаз

Қонбады оның нешеуі,

Қане кім тез шешеді?

Жауабы: 30 қаз

№5 Санның бөлінген

Есептеледі бізбенен

Жасалған істің өнімі,

Өнім артық 100 болса,

Істің алға басқаны.

Өнімі кіші 100 болса,

Берекеңнің қашқаны.

Босқа кетіп төккен тер,

Жамағаттың сасқаны

Жауабы: процент

№6 Айқасқан екі таяқ,

Тұрады жоқты сұрап

Жауабы: x

№7 Жоқ өзінде баста, қаста, мойында.

Ұзындығы жазулы тұр бойында. Жауабы: сызғыш

№8 Шекер жейтін ақ құтан

Бір қазыққа байланды

Аузына тістеп шекерін

Оң қазықты айналды.

Жауабы: циркуль

№9 Атаңдан 10 баламыз

Бір – бір жастан арамыз

Қосылып кейде басымыз

Азайып кейде қаламыз

Бөлініп кейде арамыз

Көбейіп те аламыз

Жауабы: сандар

№10 Он бір түйе, 5 жылқы,

2 сиыр, 5 ешкі

2 қоян, 3 түлкі

Таба алмасаң бос күлкі. Жауабы: 28

Білім деген биік шың,

Бақытқа сені жеткізер,

Білім деген ақылшың,

Қиындықтан өткізер, - дегендей, өз білімдеріңіз бен ақылдарыңызға сене отырып,

сайысымыздың келесі кезегі

IV кезең. «Математика және ...» –

Жүргізуші: Ұлттық ойын көкпар!

Білекті жігіт, белді ат,

Жекпе-жек, тартысты сәт,

Тақымы тастай, батыр ұлдар мен сәйгүліктер додасы.

V кезең. «Көкпар»

Ойынның шарты:

Әр дұрыс орындалған тапсырмаға 2 ұпай беріледі. Адасқан әріптерді орнына қой

АНС САН

ЗҮУТ ТҮЗУ

УБК КУБ

ЛЕСУӘ СӘУЛЕ

ҰРШЫБ БҰРЫШ

ӨЛКЕШБ БӨЛШЕК

КИРЬЛУЦ ЦИРКУЛЬ

ЦИПОРЯРОП ПРОПОРЦИЯ

ЕШБЕҢР ШЕҢБЕР

ӘРЕДЕЖ ДӘРЕЖЕ

СШТАБМ МАСШТАБ

Білім деген биік шың ,

Бақытқа сені жеткізер.

Білім деген ақылшың ,

Қиындықтан өткізер, деп интеллектуалды сайысымызды аяқтаймыз. Математика

– адам үшін, адам – математика үшін жаралған!

Математиканы білмейсің, дұрыс өмір сүрмейсің!

Қазылар алқасы жарысты бағалайды, қорытады, марапаттайды.

Қорытынды.

## ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДЕ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ РӨЛІ

Мусина Багила Асеновна  
Оқушылар сарайының қосымша  
білім беру педагогі



Балалар әдебиеті – терең тарихы бар әдебиет саласының бастау бұлағы. Оны қосымша білім беру саласында да балаларға оқытудың мәні тереңде. Жылдан жылға идеялық сапасы жағынан даму үстіндегі бұл саланың қоғамдық маңызы ірі. Өзге әдебиет салалары іспетті балалар әдебиетінің де өсу, өркендеу жолдары бар. Әуел баста әдеби мұралармен бірге танылып келген бұл бағыт бертін келе өз алдына дараланып, жеке сала болып шыққандығы мәлім. Оның негізгі себебі, баланың психологиялық

жас ерекшелігі назарға алынып, сол арқылы тәлім мен тәрбиенің, білімнің қалай дұрыс берілуінде.

Балалар әдебиеті – өскелең ұрпақты патриотизм рухына тәрбиелеп, озық идеялармен қаруландыра отыра, дамыған мемлекеттің лайықты ұрпағы болуға жетелейді. Атауы айтып тұрғандай шығарма тілі балаға жеңіл әрі ойлы болып келеді. Оқыған шығарма баланың түсінуіне, арман қиялына, ойлауы мен талғамына әсер етіп, ақыл-ой дамуы мен сана-сезімін оятады.


Қосымша білім беру арқылы балаға балалар әдебиетін оқытып ізгі мұраттарға баули аламыз. Жоғарыда аталған ерекшеліктерді бала санасына құю үшін де бірнеше кезеңдерді өтіп, озық үлгілі технологияларды қолданамыз. Жаңа дамыған заманның жаңа ойлы ұстазы ретінде қосымша білім беруде болсын түрлі интерактивті әдістерді қолданып, балалар әдебиетін жас ұрпақтың санасына мейлінше сіңіруге тырысамыз. Дәстүрлі білім беруге қарағанда интерактивті әдістерді қолданып, бата тілектерден үзінді бейне жазба, аудио нұсқалар тыңдатқанда ғана балалардың сабаққа деген қызығушылығының, даму бағытының жылдам өскендігін байқаймыз.

1 – сурет. Білім берудегі өсу процесі

Балалар әдебиетінің жасалу жолы да ерекше. Ол турасында ақын, ойшыл Ілияс Жансүгіров атамыз: «Бізде балалар әдебиеті – жасалмаған әдебиет. Сондықтан менің бір ойым осы әдебиеттің бізде жасалуына көмектесу еді», - десе, ұлы ағартушымыз Мұхтар Әуезов: «Балалар әдебиетінің арғы төркіні халықтық шығармалардан туады [1,7]», - деген болатын.

Осылайша қазақ ойшылдарының алаңдаушылығынан туған бұл әдебиеттің тарихы тым тереңде жатқанына тағы бір көз жеткіздік.

Халық – балалар әдебиетін жасаушы. Себебі, балалар әдебиетінің бастау бұлағы ауыз әдебиетінен негіз алады. Оның алтын дінгегі де сол. Бұл сөзімізге дәлел ретінде ұлы ойшыл М. Горькийдің: «Балаларды өмірмен таныстырғанда, бұрынғы өткен заман туралы, еңбек процестерінің және ой - пікірдің ұйымдастырғыш





жұмысының бастапқы кезеңдері туралы әңгімеден бастау керек[2,13]»,- деген нақұлын келтіруімізге болады.

Жалпы өмір тәжірибесінен алып қарасақ та, халық ауыз әдебиетін балапандарымыз сүйіп оқиды. Неге десеңіз, ерте жастан-ақ, ата-әжесінен, әке-анасынан ертегі, аңыз тыңдау арқылы әдебиет саласының бұл сарынына машықтанады. Әсіресе ертегі – баланы қызықтырып, ой қиялының тым алысқа сапар шегуіне мол мүмкіндік сыйлайды. Мұның бәрін сайып келгенде – балалар фольклоры деп атауымызға әбден болады.

Балалар фольклорының екінші сатысы – «Тұсау кесу» жырымен жалғасын табады. Мұнда жылы сөздер, әуезді де әсем ырғақты әуендер балаларды еріксіз қиялға бөлейді. Алға талпынуына көмектеседі. Үшінші кезең, балаларды айналамен таныстыруға бағытталады. Мысал: «ақ тоқтым, ботам, құлыным» сынды сөздер арқылы төрт түлік малдың да жақсы қасиеттерін бағалайды. Төртінші кезең, қоршаған ортамен, жыл мезгілдерімен таныстыру арқылы өлкетануға баулу. Бесінші кезең, ойын-сауық арқылы анық сөйлеуге дағдыландыру – жаңылтпаштардың түр-түрін айтып жаттықтыру. Алтыншы кезең, ой-қиялын дамыту үшін жұмбақтар шешкізуге баулу. Бала жасының өсуіне, ақыл-ойы мен шама-шарқының кемелденуіне байланысты тәрбие мақсаттарының да бірден-бірге көбейе һәм күрделене түсуінде.

Бесік жыры, бата салттың өзі айтылу сазы мен сөзіне мән берсек мағынасының тым тереңде екеніне көз жеткіземіз. Бесік жырында да бата салтта да тілекші болған адамның шын, ізгі ниеті айқын көрініп тұрады.

Әлди-әлди ақ бөпем,  
Ақ бесікке жат бөпем.  
Қонақ келсе, қой бөпем,  
Қой тоқтысын сой бөпем.

Құйрығына той, бөпем,- деген қатарлардан-ақ қазақ салтының тым әдемі екенін әрі орындаушының балаға жастайынан нақыл айтқанын көруге болады. Бұл турасында ойшы М.Ғабдуллин: «Бесік жырында айтылатын тілек, ақыл-өсиеттерден халықтың нені аңсап, нені көксегендігі көрінеді[3]»,- деген сөзін негізге алсақ болады.

Қорыта айтқанда, қосымша білім беруде балалар әдебиетін оқытудың маңызы зор. Балалар әдебиеті өскелең ұрпақтың ойшы әрі ақылды болып өсуіне кепіл бола алады. Білім беру саласында да оның маңызы ерекше екенін ескерсек, балалар әдебиетінің одан әрі дамуына өз үлесімізді қосқанымыз абзал.

### Пайдаланған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі

1. Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті тарихының очеркі [Электрондық ресурс] / Ш. Ахметов.- 8, 36 МБ.- Алматы: Мектеп, 1965.- 328 б. [http://lib.kazmkpu.kz/res/Kazak\\_balalar\\_adebieti\\_tarihynyn\\_ocherki\\_Ahmetov.pdf](http://lib.kazmkpu.kz/res/Kazak_balalar_adebieti_tarihynyn_ocherki_Ahmetov.pdf) ;
2. М. Г о р ь к и й, «Әдебиет туралы», Қазақтың көркем әдебиет баспасы, 1954 ж. 100-бет.
3. М. Ғабдуллин, «Қазақ халқының ауыз әдебиеті», Алматы, 1958 ж ., 42-бет.

## САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: «ГҮЛДЕР» ҚАЛДЫҚ МАТЕРИАЛДАН БҰЙЫМ ЖАСАУ.

Надинова Нуржамал Кенжебековна - «Үйренейік өнерді» үйірмесінің жетекшісі, Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі



**Үйретушілігі:** Қалдық материалдармен гүлдер жасаудың әдіс-тәсілдерін үйрету.

**Дамытушылығы:**

Балалардың жұмыс барысында шеберлігін арттырып, дағдысын қалыптастыру, шығармашылық ойлау қабілетін дамыту.

**Тәрбиелілігі:** Балаларды өз бетінше жұмыс жасауға, ептілікке, ұқыптылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.

Сабақтың көрнекілігі мен керекті құрал-жабдықтар: Дайын бұйым – гүлдер, суреттер, жасалу кестесі, түрлі-түсті целлофан пакеттер, сым, жіп, қайшы, желім.

**I. Ұйымдастыру кезеңі:**

Балаларды түгелдеу. Сабаққа дайындығын тексеру. Өткен сабаққа тоқталып өту. «Қалдық материалдар» талдау – жинақтау.

**II. Негізгі бөлім**

а) Теориялық бөлім: Бұл кезеңде INSERT жүйесін

қолдану. Кестені толтыру.

Ү-білемін	?-білгім келеді	+ жаңа ақпарат
-----------	-----------------	----------------

А) Қалдық материал туралы не білемін?

Ә) Не білгім келеді?

Б) Жаңа ақпаратпен таныстыру.

Қалдық материалдары дегеніміз – бұйымды шығару және тұтынудан қалған материал не шикізат. Шыққан көздеріне байланысты өндірістік қалдықтар екі топқа бөлінеді: өндірістік және тұтыну қалдықтары.

Өндірістік қалдықтар бұйымды алу процесінен тұтыну сапасын жоғалтқан материалдар.

Тұтыну қалдықтарына пайдаланудан болған үшін тозып немесе тұтыну қасиетін жоғалтқан материалдар. Олар өндіріс жағдайында белгілі тәртіппен шығынға шығарылады, ал тұрмыста тасталынады.

Өндіріс және тұтыну қалдық материалдары пайдаға асатын және пайдаға аспайтын болып бөлінеді. Олар қатты және сұйық, жанатын және жанбайтын топтарға бөлінеді. Пайдаға аспайтын қатты қалдықтар жерге көміледі. Жанатын пайдаға асылатын қалдықтар қайта өңделеді. Тұтыну қалдықтары: қағаз, металл, пластик т.б. қайта өңделеді. Соның ішіндегі қағаздан, пластик ыдыстардан, целлофан пакеттерден үй тұрмысында пайдалануға болатын сәндік – қолданбалы бұйымдар жасауға болады. Ол бұйымдар үй ішіне ерекше сән береді.

б) Практикалық бөлім:

Жұмыс орнын ұйымдастыру: Жұмыс тез жүруі үшін керекті материалдар мен құралдарыңғайлы орналасуы керек. Жұмыста қолданылатын материалдар стол үстінде сол жағында, ал қолданылатын құралдар оң жағында қорапта тұруы керек.

«Гүлдер» - қалдық материалдан бұйым жасау.

Бұйымды жасауға түрлі-түсті целлофан пакет: 3 ақ, 1 жасыл түсті, 30см сым, қайшы, жіп, желім қажет. Қолданылатын жасау әдістері: қырку, бұғу, орау. Ең алдымен бұйым бөліктері керекті өлшемдермен қырқылады. Дайын болған бұйым бөліктері ретімен сымға

бекітіледі, оралады.

Сарамандық жұмыс:

1. Үнемі қауіпсіздік ережесін сақтау.
2. Жұмыс орнын ұйымдастыру.
3. Бұйымды жасалу реті бойынша жасау.

«Гүлдер» бұйымының жасалу реті



Сабақты бекіту: Ой толғау.

1. Қалдық материалдар дегеніміз не?
2. Қалдық материалдардың қандай түрлері бар?
3. Қалдық материалдардан қандай бұйымдар жасауға болады?

Қорытынды:

Рефлексия. Бүгінгі сабақ ұнады ма? Балалар өз тілектерін стикерге жазып жабыстырады.

Қорыта келгенде, жұмыстың жасалуында біліктілікті, білімділікті, әдемілікті, қиял мен шеберлікті талап етілуін қадағалау.

Балалардың жұмысын бағалау.

## ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТАРЛАНЫ - КӨМЕК ҚҰРАЛБЕК

Оразалиева Салтанат Диллабайқызы  
Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі



«Өнер алды – қызыл тіл». Бұл жәй айтыла салған сөз емес. Мұны сөз қадірін, сөз өнерінің қасиетін ұғынатын кез-келген адам жақсы біледі. Иә, қазақ үшін қара өлеңнен асқан құдірет жоқ. Абайша айтсақ, «Туғанда дүние есігін ашады өлең, Өлеңменен жер қойнына кірер денең». Расында, ұлтымыз ұлы өнер деп бағалайтын поэзиямен бар ғұмырын үндестіріп қойған. Сол киелі өнердің соқпағына ілесіп, ақындар салған сара жолды жалғастырушы жас таланттарымыздың өлеңдерінің тақырыптық идеясы, ұрпаққа берер тәрбиесі орасан зор. Сол жазушыларымыздың бірі, Физули атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты – Көмек Құралбек.

Ол «Ай туып келесі», «Бөрілерге гипотеза», «Бағдаршам» балалар кітабының, сондай - ақ «Мен - даланың ұлымын» поэмасының авторы. Бұл ретте «Бөрілерге гипотеза» шығармалар жинағы араб тіліне аударылған, ал «Мен – даланың ұлымын» поэмасын ағылшын, түркі және орыс тілді оқырмандар оқи алады.

Құралбек Көмек 1958 жылы 23 қазанда Шымкент қаласында (Оңтүстік Қазақстан облысы) дүниеге келген. Қостанай ауыл шаруашылығы институтын, одан кейін Яссауи атындағы Қазақ-Түрік университетін бітірген. Мамандығы бойынша ол зоотехник. Ежелгі уақытта Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағы Шымкент арқылы өткен, ал ХІХ ғасырдың ортасында ол Ресейдің еуропалық бөлігі мен Батыс Сібірді Орталық Азиямен байланыстыратын маңызды транзиттік пункт болған. 2011 жылы Шымкент ТМД елдері арасында үздік қала болып танылды.

Осындай әдемі Оңтүстік қалада «Дүниежүзілік түрік достық шеруінің» авторы Құрал Көмек өз туындыларын жасайды. Оның поэзиясын қазақ тілінде оқи отырып, бұл шығармалардың рухы бізге соншалықты жақын екенін сезінбеу мүмкін емес.

Оларда автор кішіпейілділікті жеткізеді, егер адам осы кең әлемде өзін құм түйірі сияқты сезінсе және барлық орынсыз әрекеттер үшін Алладан кешірім сұраса барлығы басқаша болар еді дейді. Бұл өлеңдерде өмір философиясы да айтылады: Койрип турман досларды. Сесип турман кастлардтар.

Аня тосте емкорлық, Мина тосте куйншилик. (Мен достарды көремін, олардың көзқарастарын сезінемін. Онда-ашкөздік, мұнда-қызғаныш.) «Жердегі ойлар» өлеңінде – «барма билеті, қарындас, үшқұм келе қайтадан» («билет бар, қарындасым бар, аспанға үшқым келеді») - автор, өкінішке орай, санауға болмайтын және ақын тыныш қарай алмайтын адам жамандықтары мәселесін көтереді. Ия, ақындар сатқындықты, екіжүзділікті сезінеді. Осы таңғажайып автордың бір өлеңін оқи отырып, сіз түсінесіз: халық оны ақын деп бекер айтпағанын. Құрал Көмек – «Физули» атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты, Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің құрметті қызметкері, 2013 жылғы номинациядағы үздік ақын. Биыл Құрал Көмекке 65 жыл толады.

Айта кетейік, биылғы 20 қазанда Шымкент қаласында (Қазақстан) «Түркі әлемінің рухани интеграциясы» халықаралық медиафорумы ашылады. Форумға қатысу үшін жиырма екі елдің, соның ішінде Түркия, Әзірбайжан, Түрікменстан, Франция, Молдова, Моңғолия, Румыния, Болгария, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Швейцария, Үндістан, Иран, Голландия және басқалардың өкілдері шақырылды. Форумға ақындар, журналистер, әдебиеттанушы ғалымдар келді. Бұл орасан зор мәдени іс-шараны ақын Құрал Көмек (форум идеясының авторы), Шымкент қаласының жазушыларын ұйымдастыру және т.б. ұйымдастырушылар атап өткендей, форумның мақсаты-әлемнің түкпір-түкпірінен

келген түркі халықтарының өкілдері арасындағы шығармашылық байланыстар, түрлі елдердің мәдени қауымдастықтары арасында достық байланыстар орнату, бейбітшілік пен келісімді насихаттау.

Қорытындылай келе, мен Көмек Құралбек секілді жазушыларымыздың өлеңдерін оқи келе, өз мақаламның соңында мен ешқашан берілмеуге, өмірдің кез келген қиындығынан қашанда жол табуға, ең бастысы өмірді бағалауға, өзін-өзі дамытуға және өз халқына және Отанға қызмет етуіміз керек деп айтқым келеді!

Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі:

1. Жолдасбекұлы М. Елтұтқа: Ел тарихының әйгілі тұлғалары.- Астана: KUL TEGIN, 2001.- 356 б.

## ӨЛЕҢ – СӨЗДІҢ ПАТШАСЫ

### Қосымша білім беру педагогі Оразалиева Салтанат Диллабайқызы

Қосымша білім беру – балалардың бос уақытын тиімді пайдаланумен қатар, өмірлік бағытын айқындауға үлкен септігін тигізетін білім саласы. Оқушының мектептен тыс уақыттағы әрекеттерін ұйымдастыру, тілге, ұлтқа, білімге деген қызығушылықтарын қалыптастыру оңай дүние емес. Балалардың бос уақыттарын тиімді пайдаланып әдебиет әлеміне дендей енуіне мол септігін тигізетін «Мұрагер» үйірмесінің әсері мол. Мұрагер үйіресі – балаларды көркем, мәнерлі оқуға, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруге мол үлес қосады. Аталған үйірмені өту барысында түрлі инновациялық техникаларды пайдалануға болады. Әдебиет сүйер ойлы оқырман мен жалыны жігер сыйлайтын отты тұлғаларымыздың туындылары барында жас ұрпақтың мәнерлеп оқуға деген ынтасы артпаса кемімесі анық.

Өлең – тыңдаушыларын өзіне еріксіз баурайтын, сазды, әуенді, нақышты, бояуы, үні, дыбысы, әуені, бітім табиғаты бөлек өнер түрі. Сондықтан да болар Абай атамыз: «Өлең – сөздің патшасы, сөз - сарасы», - деп бекер айтпаса керек-ті. Өлеңнің құдіреті де, күші де ерекше. Қазақ өлеңдерін нақышына келтіре орынауда өлең құрылысына, тіл дыбысына, үндетік заңына, дыбысталу сазына, аллитерация мен ассонанс ерекшеліктеріне мән беру керек. Айтылар жерінде дауысты төмендету, көтерер тұста шарықтау шегіне жеткізе білу бәрі-бәрі тұнған өнер. Демек, мәнерлеп оқу – ұлы өнер түрі. Осы ұлы өнердің

Бала бойна оның ой-өрісінің дамуы, жан-жақтылық қабілетінің қалыптасуы, тілге шешен сөйлей алуымен қатар дауыс ырғағының бір ретке келуі мәнерлеп оқу үйірмесінде қалыптасады. Қайта-қайта мәнерлеп оқыту арқылы баланы өлеңге машқтандыру, сөз құдіретін бойына сіңіру, астарлы мағынасын жан-тәнімен сезіну эстетикалық талғамның жоғарылығына жетелейді.

Балалардың ой-қиялын дамытуда халықтық поэзияны оқытудың мәні ерекше. Халқымыздың өзі өлең жырға жақындығын «Бесік жыры» айтуынан-ақ аңғарсақ болады. баланың туылуынан бастап, жер анаға табысталар сәтіне дейінгі көріністердің бәрі де халықтық дәстүрімізде қара өлеңмен беріліп отырған.

Көркем өлеңдердің құндылығы – баланың жан-жақты дамуына, өзін қоршаған тіршілік дүниесін танып білуіне, зердесінің кемелденуіне жетелейді. Ұлы ғалым В.Г.Белинский әдебиет турасында: «Балалар әдебиеті – тәрбие беру үшін жазылады. Ал тәрбие – ұлағатты іс. Ол адам тағдырын шешеді[1]», - деген болатын. Аталған тақырыпта мәнерлеп оқуға арналған түрлі ақындарымыздың шығармалары бар. Сонымен қатар, балалар әдебиетінің мәнерлеп оқу саласына өз еңбектерін сіңіріп, жас жеткіншектердің өмір оқулықтарын жазып қалдырған тұлғаларымыздың есімдерін айрықша атап өпеске болмас. Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Сапарғали Бегали, Өтебай Тұрманжанов, Берідбек Соқпақбаев, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев. Аталған тұлғалар балалар әдебиетін көркейтумен қатар, өлең сөздің дамуына үлес қосып әр өлең,

жазба, жырларында Отанды сүю, патриотизм, батырлық, адалдық, достық, ынтымақтастық пен ілтипат турасында насихаттайды.

Мәнерлеп оқуға дағдылану үшін балаға тапсырманы мейлінше молырақ берген жөн. Мәнерлеп оқудың маңызын түсіндіріп, өлеңді бала бойына сіңірудің де қажеттігі басым. Мұнда дұрыс дем алу, дикция, дауыс, саз, үн, сөйлеу техникасы өте маңызды. Оқушының жаттайтын өлеңі жас мөлшеріне лайықты берілгені абзал. Сондықтан да «Мұрагер» үйірмесі баланың жас ерекшелігін ескере отырып, төрт бағытта жұмыс жасайды.

Көркем сөз оқу түрі – искусствоның қиын да күрделі түрі [2, 44 бет]. Осындай күрделі де мағыналы өнерді бала бойына сіңіру барысында педагог маман қыруар еңбек етері анық.

Қортыныдылай келе, сөз дегеніміз – педагог мамандардың еңбек құралы. Осы сөз арқылы баланы жұбатып та, шынықтырып та алуға болады. Мәнерлеп сөйлеу алушылықтың өзі тұлға болып қалыптасудың, ортада өзін еркін ұстаудың бірден-бір негізі. Сондықтан да, мектеп жасынан бастап бала бойына қажетті құзіреттіліктерді оқушыға мәнерлеп оқу үйірмесі арқылы қалыптастыру, өскелең ұрпақты тұлға болуға дағдыландыру, қазақы нақышымыз бен әдеби дәстүрімізді ұлықтау біздің басты міндетіміз.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. В. Г. Белинский. Поли. собр. соч., М., Изд-во АН. СССР 1954. 79-бет;
2. Кожаметова. Мәнерлеп оқу. Болашақ педагог кітапханасы. [http://lib.kazmkpu.kz/res/Manerlep\\_oku\\_Kozhahmetova.pdf](http://lib.kazmkpu.kz/res/Manerlep_oku_Kozhahmetova.pdf).

## «ТАБИҒАТЫМ-ТАҒДЫРЫМ» (ТАПҚЫРЛАР САҒЫСЫ)

Оразова Лязат Балтақарақызы  
Оқушылар сарайының қосымша білім беру педагогі



Мақсаты: Балаларға өлке табиғатына деген ерекше ықыласын ояту, қызықтыру, қоршаған ортаның тазалығын сақтауға үйрету;

Тәрбиелілігі: табиғатты сүйе білуге, оны қорғауға, ұйымшылдыққа өзара сыйластыққа тәрбиелеу.

Дамытушылығы: Балалардың табиғат жөнінде ой-өрісін кеңейтіп, білімге құштарлығын, логикалық ойлау қабілетін, сөйлеу тілін дамыту;

Көрнекіліктер: Табиғат туралы даналық сөздер, суреттер, слайд, бейнефильм.

Бағыттау сөз: Адамзат неше мыңдаған жылдардан бері бір-біріне соғыс өртін жариялап, қоршаған ортаның ластануына, жануарлар мен өсімдік жамылғысының азаюына және адамдардың өліміне әсер етуде. Табиғатты қорғау мемлекетаралық, мемлекеттік, аймақтың заңдармен – іс-шаралардың табиғатты қорғауға, сақтауға

және тиімді пайдалану мен қалпына келтіруге арналған кешенді жұмыс.

Табиғатты қорғау дегеніміз – тек қана өсімдік пен жануарларды ғана емес, топырақты, суды, атмосфераны, жалпы табиғи кешенді сақтап қорғап қалу. Оны тиімді

жүргізу үшін ғаламшарымыздағы барлық елдер біріге отырып жұмыс жасауы қажет. Қазіргі кезде көптеген өнеркәсіп орындары пайдаланған суды арнайы сүзгіден өткізіп, тазалап қайтадан іске қосуда. Осындай жолмен ресурс қорын сақтап қалуға болады.

1. Команданың сәлемдесуі (әр команда атын, ұранын, таңбасын қорғайды).

2. Капитандар сайысы Капитандар қағаз, қалам алып шығады, карточкада жазылған сөздерден өлең құрастырады.

1-ші карточка: қайырымды, әдемі, сүйю, сақтау.

2-ші карточка: достар, болмайды, ренжіспеу, жүлу.

3. Экологиялық зияткерлік сайыс

Әр командаға танымдық сұрақтар қойылады:

Шөлейт өсімдіктерінің жапырағы неге тікенекті? (суды үнемдеуге бейімделген).

Неліктен ағаштың жоғарыдағы жапырағы кешірек түседі? (олар жасырақ)

Қай жануар қыс бойы басын төмен салып ұйықтайды? (жарқанат)

Балықтың жасын қалай анықтауға болады? (қабыршақтарындағы жылдық сақина арқылы)

Суға түскен құстың қауырсыны неге суланбайды? (құйымшақ безінен бөлінген сұйықтықпен майлайды)

· Озон қабаты неліктен жұқарып тесілуде?

· Гарбология ғылыми нені зерттейді?

· Күзде түскен жапырақты жағу дұрыс па? Неліктен?

· Қандай атом станциясының апаты экологиялық зардап әкелді?

4. Мақал сайысы. (Табиғат қорғау туралы)

«Күте білсең жер - жомарт», «Судың да сұрауы бар», «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын», «Бір тал кессең, он тал ек», «Суын ішкен құдығына түкірме», «Тозған жерде тоқшылық болмайды», «Қарағай кессең, қаңғырып қал».

5. Тапқыр болсаң шешіп көр.

«Елді мекендер мен бөлмелерді көгалдандыру» тақырыбындағы биологиялық есептерді математикалық жолмен шешу.

1 - есеп. Қалада 150 мың адам тұрады. Биіктігі орташа 1 ағаш 3 адамды оттегімен қамтамасыз етеді. Ағаштың қоректену ауданы 12 шаршы метр. Қала халқын толық оттегімен қамтамасыз ету үшін қанша ағаш отырғызылуы керек және ол ағаштар қандай ауданға егілмек?

Жауабы:  $150000 : 3 = 50000$  ағаш

$50000 \times 12 = 600000 \text{ м}^2 = 60 \text{ га}$

2 - есеп. Жүз пәтерлік үйде орта есеппен 400 адам тұрады. Биіктігі орташа 1 ағаш 3 адамды оттегімен қамтамасыз етеді. Осы үйдегі барлық тұрғындарды қамтамасыз ету үшін қанша ағаш егілуі қажет.

Жауабы:  $400 : 3 = 133,3$  немесе 133 ағаш

3 - есеп. Әрбір ұяның ауданы ( $35 \times 20$ ) см<sup>2</sup> болған кезде, 1 га жерге қанша өсімдік отырғызуға болады.

Жауабы:  $35 \times 20 = 700 \text{ см}^2 = 0,07 \text{ м}^2$

$10000 : 0,07 = 142857$  түп ағаш

4 - есеп. Көп пәтерлік үйде 201 адам тұрады. 3 адам 1 ағаштан отырғызғанда үй жанында қанша ағаш өседі?

Жауабы:  $201 : 3 = 67$  ағаш

6. «Ойлан тап» Бүлдіршін тілімен. . .

1. Оны сиыр өндіреді /көң/

2. Одан ойыншық жасалады /пластмасса/

3. Оны құмнан жасайды./шыны/

4. Ол ескі: жарамсыз транспорттан пайда болады.../металлолом/

5. Ол көзге көрінбейді, зиянды.../зиянды газ/

6. Бұл қалада көп, ауылда аз.../шу/

7. Оны қытайлар ойлап тапқан .../қағаз/

8. Бұл балықтарды өлтіреді .../мұнай қалдықтары/
7. Ойды жалғастыр
1. Шыны ыдыстағы азық-түлікті сатып алуға тырыс, себебі . . .
2. Қажет мөлшерден артық алма . . .
3. Өзің кимейтін киімді . . .
4. Консерві қалбырын лақтырмас бұрын . . .
5. Қағаздың екі жағына да жаз . . .
6. Сусыннан босаған шөлмекті лақтырма . . .
8. Қоқыста жатқан пластмассаның зияны .....
9. Сіз жолдастарыңызбен табиғат аясына саяхатқа бардыңыз. Сіздерден кейін не қалған .....

Қорытынды сөз. (музыка ойнап тұрады)  
Көз алдымда жатты қайран сұлулар,  
Қайта оларды тірілтетін кімің бар.  
О, адамдар тағыларға жем етпей,  
Сұлулықтың күзетінде тұрыңдар!

## ТІЛ – ТІРЛІГІМНІҢ АЙҒАҒЫ

Садықова Гүлмира Ерісқызы  
Оқушылар сарайы қосымша білім беру педагогі



«Асыл мұра» үйірмесі балалардың бос уақытында шығармашылық ізденістерін, өзіндік қабілеттерін және қоғамдық қарым-қатынасын қалыптастырып, өзіндік талдау, жинақтау, жұмыста шапшаңдық таныту, өз ойын әдеби тілмен өрнектей білуге машықтандырып, балалардың қазақ тілі, әдебиет сабақтарына қызығушылықтарын арттырады. Үйірмеге тілге шешен, өз беттерімен шығарма жазуға, өлең шығаруға икемдері бар, шығармадағы көркем бейнелердің ерекшеліктерін сезініп аша білетін балалар тартылады. Үйірменің оқу материалына халық ауыз әдебиеті үлгілерін (аңыз-әңгімелер, өлең-жыр, шешендік сөздер, мысал, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтелдер, ертегі т.б) сабақ мазмұнына сай енгізу баланың алған білімін толықтырып, байытып жан-жақты дамуына дәйекті ықпал етеді.

Тіл тірлігімнің айғағы

Ел Тәуелсіздігінің ең басты белгісі – оның ана тілі.

Ұлттық мәдениеті жоқ ел ешқашан да егеменді ел бола

алмайды. Ұлы Абайдың заманын айтпағанда, Алаш зиялылары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсыновтар бастаған алыптар тобы тіл мәселесіне ерекше мән беріп, оның шексіз байлығын, суреткерлік қуатын, бейнелігі мен саздығын көркемдік сапаға жеткізді. Қазақ тілінің тағдыры үшін күрес тоқтамақ емес.

Қазақ тіліндей мол сөздік қоры бар, бай тіл әлемде аз. Қазақ тілі – елімізде азаматтық және мәдени біртектілік жасауға тікелей үлес қоса алатын аса зор рухани құбылыс. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген қанатты сөзі өзінің құндылығын бүгін де жоймақ емес. Мемлекеттік тіл Қазақстан халқының рухани негізі болса, Қазақстанның болашағы қазақ тілінде екені айтпаса да түсінікті.

Қазақ тілін меңгеруге ең алдымен өз қандастарымыз қызығушылық таныту керек.



Ана тілің – арың бұл  
Ана тілің біліп қой,  
Еркіндігің, теңдігің.  
Ана тілің біліп қой,  
Мақтанышың, елдігің.  
Ана тілің – арың бұл,  
Ұятың боп тұр бетте.  
Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тіліңді құрметте – деп Қадыр Мырза Әли жырлағандай ана тілі – еркіндік, ана тілі – мақтаныш, ана тілі – қашанда бірінші орында.

Мақал – нақыл сөз. Ол өмірдегі түрлі құбылысты жинақтап, түйіп, ықшамдап беріп, бір не екі тармақтан тұратын, алдыңғы жолдарында пайымдап, соңғы жолдарында қорытылған ой айтатын халықтық бейнелі поэтикалық жанрдың бір түрі. Мәтел – өзінің негізгі түйіндеуін кесіп айтпайтын, бір –бірімен кереғар шендестіруі жоқ, қорытындысы тұспалды, қысқа да нұсқа нақыл сөз. Үйірме сабағында балалардың қызығушылығын арттыру барысында топтар арасында мақал – мәтелдерден сайыстар өткізіліп тұрады.

Тілге қатысты мақал - мәтелдер

1. Ана тілің алпыс тілге татиды.
2. Тілін білмейтіндер емес, тілін білгісі келмейтіндер – мәңгүрт.
3. Тіл мәртебесі – ел мәртебесі.
4. Тіл – достықтың алтын көпірі.
5. Тіл – ұлттың сүйенетін тамыры, сыйынатын тәңірі.
6. Халық үшін өзге тілде сөйлеу қауіпті емес, өзге тілде ойлау қауіпті.
7. Тілі өлген ел – тірі өлген ел.
8. Тіл – өлшеусіз қазына, өрісі кең әлем. Тілден тілдің кеңдігі болмағанымен, кемдігі жоқ.
9. Өз тілің – бірлік үшін, өзге тілің – тірлік үшін.
10. Тіл сүйексіз болса да, сүйектен өтеді.



Жұмбақ – адамның ой-өрісін, алғырлығын, білімін сынау мақсатында нақты бір зат немесе құбылыс тұспалдап сипатталатын шағын әдеби жанр. Жұмбақ арқылы балалардың тапқырлықтары артып, ой-өрістері дамиды. Жұмбақтар:

1. Үйретіп әрбір әріпті,  
Сені білімге сүйреткен.  
Өз тіліңді меңгертіп,  
Сөз сөйлеуді үйреткен.  
Ол не? (Ана тілі кітабы)
2. Сөйлесе де қозғалады, сөйлемесе де қозғалады. (тіл)
3. Күміс қасықтың асты алтын (тіл мен сөз)
4. Шұқшитқан кеп әуелі  
Сені әрбір әріпке.  
Суреттері әдемі,  
Бұл қай кітап? (Ана тілі)
5. Қабат – қабат қаттама,

Ақылың болса аттама,  
Қолыңа ал да оқи бер,  
Санаңа жиып тоқи бер.  
Бұл не? (Ана тілі)

Жаңылтпаш – қазақ ауыз әдебиетінің шағын жанры. Жаңылтпаш ойын – сауыққа жиналған жұртты күлдіру, жас ұрпақтың тілін ұстартып, әр түрлі сөзді шапшаң айтуға үйрету мақсатымен пайда болған. Жаңылтпаштың сөздері адамды жаңылдыратындай қиын, көбінесе, ұяң және қатаң дауыссыз дыбыстардан құралады, қара сөз немесе өлең түрінде болады. Жаңылтпаш ойын – сауықтарда ән білмейтін, жатқа тақпақ айта алмайтын жастарға жаза ретінде де қолданылған. Мұндай ұятты жағдайға қалмас үшін әр жас жігіт пен қыз ән – жыр үйренуге талпынған. Қазіргі кезде жаңылтпаш жаңа мазмұнға ие болып, түрі мен мазмұны жағынан молыға түсті. Жас ұрпақты достыққа, бірлікке, адамгершілікке, ізгі қасиеттерге тәрбиелеудің маңызды құралына айналды.

Жаңылтпаштар:

- Түрің түрленіп, кідірмей оқы, Тілің күрмеліп, мүдірмей оқы.
- Ортаңбай, орқаштанбай ортақ тіл таба аласың ба, ортақтасса, ортада қаласың ба?
- Іске тіл ілесе алады, Тілге іс ілесе алмайды.
- Ықылас пен Ыбырай

Ыдыстарын тасымай,  
Ырыскүлден үлгі алмай,  
Ынтасыз жүр тілді алмай.  
Тіл, піл, тіл, піл  
Піл, тіл, піл, тіл

**Қорытынды:** Бүгінгі сабақ ерекше сабақтардың бірі. Балалар тілге қатысты білімдерін арттырып, шапшаң қимылдап, өз ойларын еркін жеткізіп, сабаққа белсене қатысты.

## ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

«Қосымша білім және тәрбие» педагогтерге арналған республикалық оқу-әдістемелік журналы бүгінгі таңда еліміздегі балаларға арналған қосымша білім беру жүйесінде жалғыз республикалық басылым болып табылады.

«Қосымша білім және тәрбие» журналының мерзімдік шығарылымы: 1 жылда 4 рет қазақ және орыс тілдерінде.

Журналда оқу-тәрбие үдерісіндегі инновациялар мен инновациялық технологиялар жөнінде мақалалар және тағы басқа материалдар жарияланады. Біздің журналымыздың оқырмандары – жалпы орта, қосымша (оқушылар үйі, сарайы, балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығы; жас натуралистер, туристер, техниктер станциялары; балалар өнер мектебі, балалар музыка мектебі, балалар көркемөнер мектебі; балалар аула клубы және т.б.), кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарының, балалардың қоғамдық ұйымдарының педагогикалық қызметкерлері.

Журнал редакциясының келісімі бойынша Сіз ұйымның қызметі туралы және мерейтойлық материалдарды жариялай аласыз.

Сіз толық ақпаратты 8 (7172) 64-75-87 телефоны немесе e-mail: kosymsha20@bk.ru арқылы біле аласыз

## УВАЖАЕМЫЕ КОЛЛЕГИ!

Республиканский учебно-методический журнал «Қосымша білім және тәрбие» для педагогов на сегодняшний день является единственным республиканским изданием в системе дополнительного образования детей в Казахстане.

Периодический выпуск «Қосымша білім және тәрбие»: 4 раза в год на казахском и русском языках.

В журнале публикуются статьи об инновациях и инновационных технологиях в учебно-воспитательном процессе и другие материалы.

Читатели нашего журнала – педагогические работники организаций общего среднего, дополнительного образования детей (дворец, дом школьников, центр детского и юношеского творчества; станции юных натуралистов, туристов, техников; детская школа искусств, детская музыкальная школа, детская художественная школа; детский дворовый клуб и др.), технического и профессионального образования, детских общественных организаций.

По согласованию с редакцией журнала Вы можете опубликовать юбилейные материалы и о деятельности организации.

Более подробную информацию Вы можете получить по телефону: 8 (7172) 64-75-87 или e-mail: kosymsha20@bk.ru